


Ү Э Т В М Ә Г Ғ Н Ы Р < X P H + I J C Y Э Т В М Ә Г

12016  
3078 к



# XXI - ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ

Ү Э Т В М Ә Г Ғ Н Ы Р < X P H + I J C Y Э Т В М Ә Г

**АСТАНА - 2014**

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ «АҚ ЖОЛ» ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАРТИЯСЫ**

# **XXI-ғасырдағы Алаштың Ақ жолы**

**Астана – 2014 ж.**

УДК 94 (574)<sup>1917/2014</sup>  
ББК 63.3 (5 Қаз)  
Ж 66

## Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы

**Ақылдастар алқасы:** Перуашев Азат – «Ақ жол» ҚДП төрағасы, Мәжіліс депутаты, «Ақ жол» партиясының Парламенттік фракциясының жетекшісі; **Иса Қазыбек** – «Ақ жол» ҚДП төрағасының орынбасары; **Қамзабекұлы Дихан** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің проректоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор; **Шәріп Амантай** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің өлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы; **Сақ Қайрат** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің журналистика және саясаттану факультетінің деканы, профессор; **Қойгелдиев Мәмбет** – Қазақстан тарихшылары қауымдастығының төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Қабылдинов Зиябек** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Еуразия» гуманитарлық зерттеулер институтының директоры, Тарихшылардың Ұлттық Конгресінің ғылыми хатшысы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Жүсіп Сұлтанхан** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры, PhD.

**Жоба авторы және бас редактор:** Байдалы Сәбит – «Ақ жол» ҚДП Орталық Кеңесінің идеологиялық жұмыс жөніндегі хатшысы;

**Құрастырған:** Ырысбекұлы Айдын – «Ақ жол» ҚДП Орталық аппаратының идеология бөлімінің директоры, Алаштанушы

Ж 64 **XXI-ғасырдағы Алаштың Ақ жолы.** Алматы: Экономика, 2014. – 440 бет.

ISBN 978-601-225-675-8

Бұл кітапқа, 2013 жылы 13 желтоқсанда «Алаш» қозғалысының 96 жылдығына орай, «Ақ жол» Демократиялық партиясының ұйымдастыруымен және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің қолдауымен өткізілген «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» атты Жалпыұлттық байқауының қорытындысын шығаруға арналған ұлттық ғылыми-практикалық конференциясында, байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің баяндамалары және сынға түскен өзге де назар аударуға тұрарлық жекелеген ғылыми - публицистикалық еңбектер, сондай-ақ Алаш тақырыбына қатысты әртүрлі басылымдарда жарияланған сұхбаттар мен мақалалар да енген.

Кітап мамандарға, оқытушылар мен студенттерге және Отанымыздың төл тарихына қызығушылық танытқан көпшілік қауымға арналған.

УДК 94 (574)(063)  
ББК 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-225-675-8

© Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы, 2014 ж.  
© «Экономика» баспасы ЖШС, 2014 ж.

## АЛҒЫ СӨЗ

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН! «Ақ жол» демократиялық партиясы 2012 жылдың 23 қарашасында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің қолдауымен Алаш қозғалысының 95 жылдығына арналған «XXI ғасырда Қазақстан қоғамын жаңғыртудағы «Алаш» қозғалысы идеяларының өзектілігі» атты ғылыми-практикалық конференциясында дәстүрлі түрде өткізілетін «XXI-ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» атты Жалпыұлттық байқауын жариялаған еді. Байқаудың мақсаты - Алаш қозғалысының, Алаш қайраткерлерінің мемлекет құрылысына, әлеуметтік-экономикалық мәселелерге, ұлттық құндылықтарға қатысты көзқарастарын жаңа заманның талаптарына сай зерделеу және Алаш идеяларының жүзеге асырылуының қазіргі Қазақстандағы өзектілігіне байланысты қоғамдық пікір туғызу болып белгіленді.

Байқаудың шарттарына сәйкес, 4 номинация бойынша келіп түскен жұмыстарды арнайы құрылған Қазылар алқасы алдын-ала іріктегеннен кейін, байқаудың екінші кезеңі былтыр қараша айының ішінде, Семей және Алматы қалаларында өткізіліп, оның алғашқы жүлдегерлері де анықталған болатын.

Енді, екінші кезеңнен жүлдегер атанғандар 2013 жылдың 13 желтоқсанында - Алашорда үкіметінің құрылғанына 96 жыл толған күні Астанада өткен «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» Жалпыұлттық ғылыми-практикалық конференциясында баяндамалар жасап, бас бәйгелерді сарапқа салды. Байқауға республикамыздың әр жерінен келген үміткерлермен қатар, «Ақ жол» партиясының кезекті съезіне жиналған делегаттар, Парламент Мәжілісінің депутаттары, зиялы қауым мен қоғамдық ұйымдардың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де қатысты.

«Ақ жол» ҚДП төрағасы, Партияның Парламенттік фракциясының жетекшісі, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев Астанадағы жалпыұлттық байқаудың қорытындысын шығаратын конференцияның жұмысын кіріспе сөзбен ашты. Жиналғандарды ұлы мереке – Қазақстан Тәуелсіздігінің 22 жылдығымен және қазақ елінің азаттығы үшін күрескен Алашорда үкіметінің құрылған күнімен құттықтап, Жалпыұлттық байқауға қатысушылардың жұмыстарына сәттілік

тіледі. Сонымен қатар, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің елімізге танымал Алаштанушы ғалымдарынан құрылған Қазылар алқасының мүшелерімен таныстырды. Атап айтқанда: ЕҰУ проректоры, ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Дихан Қамзабекұлы (Қазылар алқасының төрағасы), әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы Амантай Шәріп, журналистика және саясаттану факультетінің деканы, профессор Қайрат Сақ, экономика ғылымдарының докторы Мырзагелді Кемел, саясаттану ғылымының докторы Нәубет Қалиев.

Өз кезегінде, Дихан Қамзабекұлы «Ақ жол» демократиялық партиясының Жалпыұлттық байқауының қорытындысын шығаруға арналған «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» ғылыми-практикалық конференциясының және партияның осы тақырыптағы өзге де маңызды шараларына Еуразия Ұлттық университетінің әрдайым қолдау білдіретінін жеткізді. Ол байқаудың бұдан бұрынғы екі кезеңінен өтіп, төрт номинация бойынша финалға шыққан әл-Фарсби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тарих факультетінің 3-ші курс студенті Талғатбек Манап әл-Машанитегін, тарих ғылымдарының докторы Зада Дүкенбаеваны, ҚР БҒМ мемлекет тарихы институты директорының бірінші орынбасары, тарих ғылымдарының докторы Жанна Қыдыралинаны, Семей мемлекеттік университетінің «Экономика және бизнес» кафедрасының аға оқытушысы, экономика магистрі Арайлым Әлімжанованы, Алматы қаласындағы Халықаралық Бизнес академиясының 4-курс студенті Мұқағали Қайымовты, Қостанай Мемлекеттік университетінің Медиа-орталығының директоры, ақын, жазушы, филология ғылымдарының кандидаты Ақылбек Шаяхметті, Оңтүстік Қазақстан облысы, Төле би ауданының Құрметті азаматы Көшкінбай Елікбаевты, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің 2-ші курс студенті Маралбек Базылбековті, Семей қаласындағы республикалық «Абай» журналының бөлім меңгерушісі Мұратбек Кенемолдинді, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-перзиденті, филология ғылымдарының докторы, халелтанушы Ғарифолла Әнес пен саясаттанушы, ҚР Мәдениет қайраткері, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Атырау облыстық ұйымының төрағасы Әбілхан Төлеуішевті жұртшылыққа таныстырды.

Әрі қарай, конференцияға қатысушыларға өз баяндамаларын жасау үшін, кезекпен сөз беріле бастады. Нәтижесінде, Қазылар алқасының шешімімен «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» Жалпыұлттық байқауының 1-ші: «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің мемлекет құрылысына және демократиялық құндылықтарға көзқарастары, олардың қазіргі заманғы Қазақстан үшін өзектілігі» номинациясы бойынша Жанна Қыдыралинаның «От Алаш к независимости Казахстана: преемственность идей» атты еңбегі; 2-ші: «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің экономикалық көзқарастары және олардың қазіргі заманғы Қазақстан үшін өзектілігі» номинациясы бойынша Мұқағали Қайымовтың номинация тақырыбына сәйкес эссесі; 3-ші: «Алаш» көшбасшылары жұмыстарындағы Қазақстандық қоғамның әлеуметтік жаңғыруы, Еуропалық жолмен дамуы мәселелері және олардың қазіргі заманғы Қазақстан үшін өзектілігі» номинациясы бойынша Ақылбек Шаяхметтің “Елім деп еңіреп өткен” атты ғылыми-танымдық очеркі; 4-ші: «Бұқаралық ақпарат құралдарында ағымдағы жылда жарияланған белгіленген тақырыптар бойынша үздік публицистикалық материал» номинациясы бойынша финалдық сатыға жіберілген екі жұмыс та: Мұратбек Кенемолдиннің республикалық «Абай» журналында жарияланған «Архивтен алынған айғақтар» циклімен үш Алаш ардақтысы туралы: 1. Тұрағұл Абайұлы және Алашорда үкіметі, 2. «Бияш» деп елі еркелеткен, 3. Алаштың Ахметжаны атты мақалалар топтамасы және Ғарифолла Әнес пен Әбілхан Сейтімұлы Төлеуішевтің «Халел тұғыры» атты еңбегі бас бәйгелерге лайық деп танылды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев 250 мың теңгеден сыйақы тапсырды. Сонымен қатар, байқауға қатысушылардың барлығын «Ақ жол» демократиялық партиясының грамоталарымен марапаттады. Бұдан бұрын хабарланғанындай, бұл шараның дәстүрлі түрде өте беретінін және 2014 жылғы Алаш қозғалысының 97 жылдығына арналған «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» Жалпыұлттық байқауының шарттары жаңа жылдың басында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатынын хабарлады.

Жалпы, Ақ жол партиясының «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» атты 2013 жылғы алғашқы Жалпыұлттық байқауы Алаш

зиялыларының мұрасын және олардың принциптік көзқарастарын зерделеумен оны қазіргі заманғы Қазақстан қоғамына тарату болып табылатын өзінің негізгі мақсатын орындады. Білім, ой жарысына қатысқандардың және аудиторияларға жиналғандардың көпшілігі жастар болғандығы, олардың Алаш мұрасына қызығушылығы осы шараны ұйымдастырушыларды қуантып, Алаш арыстарының идеяларын керек ететін жоқтаушылар, оны одан әрі тарататындар келешекте де табыла беретініне сенім ұялатты.

Сондықтан да, дәстүрлі түрде өткізіліп тұратын Жалпыұлттық байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің баяндамаларын уәде еткендей жинақ етіп шығарып, сіздердің назарларыңызға ұсынып отырмыз. Аталмыш жинаққа ақылдастар алқасының ұйғарымымен, байқауға түскен өзге де назар аударуға тұрарлық жекелеген ғылыми-публицистикалық еңбектер мен Алаш тақырыбына қатысты әртүрлі мерзімдік басылымдарда жарияланған мақалалар мен сұхбаттар да енгізілді. Сондай-ақ, біздің ойымызша, биылғы кітабымызды байытпа түсетін «Ақ жолдың» олжалары мен жаңа жобалары» деген бөлім енгізіп отырмыз. Ол қандай олжалар? Ең алдымен Алашорда өмірінен 1935 жылы жазыла бастап, 1936 жылдың 29 ақпанында аяқталған «Мұрат үшін майдан» атты 4 перделі, 6 суретті драма-пьеса табылды. Оның авторы Мұқтызар Титаққұлы – біздің еліміздегі 1937 жылғы саяси қуғын-сүргіннің құрбаны. Тәуелсіздігіміздің 23 жылдығы тарихында Алаш мұраты тақырыбына ешқандай пьеса жазылмапты. Пьеса мәтінін «Қазақ үні» газеті ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Дихан Қамзабектің алғысөзімен қосып жариялады. Ол пьесаны қазақ драматургиясы үшін тосын жаңалық, аса сәтті шыққан туынды деп бағалап отыр. Пьесаны тауып, әдеби қауымға жеткізген ақжолдық алаштанушы Айдын Ырысбекұлы. Қазіргі таңда Әлихан Бөкейханның 150 жылдығына орай 2016 жылы осы пьесаның сахналық қойылымын жасауға ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Чехов атындағы (Ресей Федерациясы) медальдің иегері, белгілі режиссер Тәпенев Ерсайын Қадержанұлы және танымал жазушы, сыншы-аудармашы, әмбе драматург Өтен Ахмет сынды өнер майталмандары партия төрағасы Азат Перуашевтың арнайы қабылдауында болып, өз келісімдерін берді.

Біз үшін пьесаның табылуы бір жаңалық болса, екіншіден пьеса авторы Алаш қозғалысындағы тың есім. Пьеса авторы туралы аз ғана деректер, алаш идеяларын насихаттағаны үшін саяси қуғын-сүргін жылдарының құрбаны болған Перуаш Кәрімұлының тағдырына қатысты құжаттар секілді, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің мұрағатынан табылып отыр. «Ақ жол» партиясы көпшілікке белгісіз болып келген Алаштың ардақты азаматтарының есімдерін елге оралту бағытындағы жұмыстарға серпін беру үшін биылғы «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» Жалпыұлттық байқауының шарттарына «Алаш қозғалысы тарихындағы белгісіз оқиғалар мен жаңа есімдер» деген жаңа номинация енгізді.

Алаш қозғалысы кезінде бірнеше әнұран болған. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Алаш ұранын», Міржақып Дулатов «Алаш гимнін» (қосарлы аты «Кер заман») жазған. Жүсіпбек Аймауытов «Ұран» және Алаш маршын («Ғаскер өлеңі»), Ғұмар Қараш «Алашқа» және «Алаш азаматтарына», Нұржан Наушабайұлы «Алашордаға» деген арнау өлеңдер жазған. Редакциялық алқа осы өлеңдердің мәтіндерін, біреуінің нотасымен кітапқа қосуды жөн деп шешті. Қалғандарының ноталары іздестірілуде. Болашақта орындаушыларын тауып, Қазақ радиосының Алтын қорына жазып алудың қажеттілігін айтып, «Қазақстан» телерадиокорпорациясының басшылығына тиісті ұсыныспен шығатын боламыз.

«Ақ жол» демократиялық партиясы биылғы 25 ақпаннан «Алаш тағылымдары» дәрістерін бастады және оны тыңдармандар жылы қабылдауда. Ай сайын бүкіл республикаға он-лайн режімінде таратылатын бұл дәрістерді елімізге белгілі алаштанушы ғалымдар мен зерттеушілер жүргізді. Үлкен жауапкершілікпен дайындалған материалдардың мәтіндерін кітапқа енгіздік, олардың оқырмандар тарапынан да лайықты бағасын алатына шүбәміз жоқ.

Басталған жұмыстар жалғасын табатын болады. Сонымен қатар биылдан бастап, «Ақ жол» партиясы Орынбордағы 1917 жылғы II-ші Жалпықазақ съезінің өткен күндері: 5-13 желтоқсанның аралығын дәстүрлі түрде атап өтілетін - «Алаш апталығына» айналдыруды көздеп отыр. Бұдан бұрын партияның Семей қаласындағы белсенділері кезінде Алаш қаласы атанған шаһарда қалалық әкімдікпен бірлесе отырып, республикада тұңғыш рет «Алаш апталығын»



ойдағыдай өткізген болатын. Енді осы жобаны республика көлемінде іске асырмақшымыз. Сол себепті де ақылдастар алқасы Семейде өткен иманды, ғибраты мол іс-шараның бағдарламасын, жөн-жосықтарын үлгі-нұсқа ретінде жинаққа енгізді. Алашты ұлықтап, құрметтеу үдерісіне тың сүрлеулер салынып кетіп жатса, тіпті ғанибет болар еді. Біздің мақсатымыз - Алаш арыстарының құнын қайтаруға жасалған қадамдарымызды көбейтіп, оған бұқаралық сипат беру.

2016 жылы Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейханның туғанына 150 жыл толса, 2017 жылы Алаш қозғалысының, Алашорда ұлттық үкіметінің құрылғанына 100 жыл болады. Яғни, алдағы 2-3 жыл көлемінде Алаш идеясын Тәуелсіз Қазақстанның басты идеяларының біріне айналдыруға батыл қадамдар жасап, аталған мерейтойларды елімізде және халықаралық деңгейде танымдық, тағылымдық тұрғыдан алғанда қоғамдық санаға сілкініс туғызатындай етіп өткізу керек. Кітаптың жауапты шығарушылары осыған аз да болса ықпалын тигізіп жатса, алға қойған мақсатының орындалғаны деп санайды.

**Байдалы Сәбит**

«Ақ жол» ҚДП Орталық Кеңесінің  
идеологиялық жұмыс жөніндегі хатшысы



**А.Т.Перуашевтің  
2013 жылдың 13 желтоқсанында  
Астанада өткен Қазақстанның  
«Ақ жол» демократиялық  
партиясының «XXI ғасырдағы  
Алаштың Ақ жолы» атты  
Жалпыұлттық байқауының  
қорытындысын шығаруға  
арналған ғылыми-практикалық  
конференциясының  
ашылуындағы алғы сөзі**

### **Құрметті әріптестер және конференцияға қатысушы қауым!**

Бүгін - Қазақ елі тарихындағы айрықша күн! Алашорданың құрылғанына тура 96 жыл толған – Алашорда үкіметінің туған күні! Осыдан бір ғасыр жуық бұрынғы Алаш арманының іске асқанының көрінісі – ол бүгінгі Егемен Қазақстан. (Ал, біздің «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» Жалпыұлттық байқауының қорытындысын шығаруға арналған ғылыми-практикалық конференциямыз Қазақстан Тәуелсіздігінің 22 жылдығының қарсаңында өтіп отыр!

Мен, Сіздерді бүгінгі Алашорда күнімен және алда аталып өтетін ұлы мейрамымыз - Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларыңызға шаттық, береке-бақыт тілеймін!

«Ақ жол» демократиялық партиясы өзін «Алаш» қозғалысының рухани ізбасарларының бірі деп жариялағаны мәлім. Бұл тұжырым сайлауалды Тұғырнамамызда да, Партияның өзге де құжаттарында көрінісін тапқан. Біз, Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің идеялық мұраларын тарату және оны бүгінгі күннің кәдесіне жаратуды маңызы зор мәртебелі іс деп санаймыз.

Сондықтан да, былтыр - 2012 жылдың 23 қарашасында «Ақ жол» демократиялық партиясы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің қолдауымен Алаш қозғалысының 95 жылдығына арнап, **«XXI ғасырда Қазақстан қоғамын жаңғыртудағы «Алаш» қозғалысы идеяларының өзектілігі»** атты ұлттық ғылыми-практикалық конференция өткізген болатын. Конференция өзінің көздеген мақсатына жетті. «Алаш» көшбасшылары ұстанымдарының ұлтпен бірге өмір сүретін концепциялық мағынасы бар екендігін конференцияға қатысушыларға сезіндіре алдық.

Содан да болса керек, конференцияның жаңғырығы жер-жерге тарап, Алматыда, Семейде республиканың басқа да өңірлерінде «Ақ жол» партиясының филиалдарының қатысуымен Алаш тақырыбына қатысты бірқатар іс-шаралар өткізілді. Аталған конференцияның, одан кейінгі Алматыдағы Халықаралық Бизнес академиясымен бірге өткізген «Алаш мұрасы – ұлттық бизнестің негізі» атты «Дөңгелек үстелдің» материалдарын ғылыми жинақ етіп шығардық. Жинақтан Ақ жолдық депутаттардың Алашқа қатысты Үкіметке жолдаған сауалдары мен оларға берілген жауаптар да орын алды.

Кітап барлық облыстық және қалалық филиалдарға 50-100 данадан үлестіріліп, ал өзіміздің сенімді серіктесіміз Еуразия Ұлттық университетіне тікелей 100 данасы таратылды. Жалпы, конференцияда жасалған ғылыми-зерттеу баяндамаларының түгелі дерлік еніп отырған бұл кітап - тарихшылардың, саясаттанушылардың, әлеумет, қоғамтанушылардың, жас ғалымдар мен студенттердің тағы басқалардың назарына ілігіп, келешек тың зерттеулерге, жаңа ғылыми ізденістерге даңғыл жол ашса екен, көмегі тисе деп ойлаймыз!

Сондай-ақ, бұл қадамды «Ақ жол» партиясының алда келе жатқан «Алаш» қозғалысының 2017 жылғы 100 жылдық мерейтойына арналған жүйелі шараларының беташары деп те санауға болады. Біз, Алаштың 100 жылдығына дайындыққа Үкіметті уақытты созбай, бірден кірісуге шақырғанбыз!

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Абылай аңсаған азаттық» атты мақаласында: «Өткенінен сабақ алмаған ел табысқа

жете алмайды» деп атап көрсетті. Біз, Алаш аманатына адалдық танытып, Алаш идеяларының іске асырылуының тәуелсіздігімізді нығайта түсуге қызмет ететініне қоғамдық пікір туғыза беруіміз керек. Мен әрдайым айтып жүргенімдей, бұл біз үшін теориялық ғана емес, ең алдымен, қоғамымыздың жаңғыруына, ұлт игілігіне қызмет етуі тиіс практикалық та мәселе.

Алаш қозғалысының тәуелсіздік мұраттары үшін күрестегі рөлі мен маңызын, оның көшбасшыларының саяси-құқықтық, демократиялық, ұлттық құндылықтарға қатысты көзқарастарын, тұжырымдарын, жаңа заманның талаптарына сай зерделеп, зерттеуді жаңа серпінмен жалғастыру қажет. Оның бүгініміз үшін де, ертеңіміз үшін де қажеттілігі еш күмән тудырмайды.

Сол себепті де, біз конференцияда Алаш тақырыбындағы ғылыми еңбектерге, тарихи, журналистік зерттеулерге студенттер, жас ғалымдар және журналистер арасында бәйге жариялайтынымызды, оның қорытындысын жыл сайын шығарып тұратынымызды мәлімдегенбіз!

Содан кейін, көп ұзатпай «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» атты Жалпыұлттық байқаудың шарттарын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияладық. Сонымен қатар, байқауды дәстүрлі түрде өткізіп тұрамыз деген ниетпен, оның шарттарын аталған кітапқа да қостық.

Біз, байқаудың екінші кезеңін, кезінде Алаш қаласы атанған, Алашорданың алғашқы астанасы десек те болады – Семей қаласында аштық. Аталмыш қаладағы байқау 1-ші және 2-ші номинациялар бойынша жүргізілсе, 3-ші және 4-ші номинациялары бойынша Алматы қаласында өтті.

Енді міне, бүгін Астанада «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» ғылыми-практикалық конференциясында, Жалпыұлттық байқаудың екінші кезеңінің жеңімпаздары баяндамалар жасап, «**Бас бәйге**» үшін бақтарын сынайды.

Байқауға түскен жұмыстардың әділ бағалануын қамтамасыз ету үшін, Қазылар алқасын құрдық. Оған, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің елімізге танымал, белгілі Алаштанушы ғалымдарын тарттық. Олар бүгін, байқауымыздың жеңімпаздарын анықтау үшін, осында келіп отыр.

Атап айтқанда, осы университеттің проректоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Дихан Қамзабекұлы (Қазылар алқасының төрағасы), әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы Амантай Шәріп, журналистика және саясаттану факультетінің деканы, профессор Қайрат Сақ, экономика ғылымдарының докторы Мырзагелді Кемел ағамыз және саясаттану ғылымының докторы Нәубет Қалиев ағамыз!

Сондай-ақ, біз Еуразия Ұлттық университетінің ректоры Ерлан Батташұлы Сыдықовқа және біздің осы Жалпыұлттық байқауымыздың бүкіл процесінде, Қазылар алқасының жұмысын басқарып, тікелей көмектескен Дихан Қамзабекұлына шексіз ризашылығымызды жеткізе отырып, шын жүректен зор алғысымызды білдіреміз!

Мен бүгін, өте тығыз кестемен жұмыс істейтінімізді ескеріп, іске қошу үшін сөзімді аяқтағым келеді. Оның үстіне, бүгін түстен кейін «Ақ жол» партиясы дәл осы залда өзінің кезекті съезін өткізіп, Партияның жаңа Бағдарламасының жобасы талқыға түседі. Бағдарламада, біздің Партиямыздың Алаш партиясының ізбасары екендігі айқын жазылатын болады. «Ақ жол» тарихында тұңғыш рет біздің партияның Парламенттік фракциясы атқарған жұмыстары туралы Партия съезі алдында есеп береді.

Сонымен бірге, мен Сіздерге «Ақ жол» партиясы ұсынған 5 адамның Елбасының Тәуелсіздік күнінің қарсаңындағы Жарлығымен мемлекетіміздің жоғары наградаларымен марапатталғанынан хабардар еткім келеді. Оның ішінде, партиямыздың жетекші қызметкерлерімен қатар, біздің партия наградаға ұсынған, белгілі Алаштанушы, тарихшы-ғалым Мәмбет Қойгелдиев те бар. Ол «Парасат» орденінің иегері. Ал, «Құрмет» орденімен байқау барысында өздеріңіз жақсы біліп қалған, осы Жалпыұлттық байқауды ұйымдастырушылардың бірі - Сәбит Байдалы да марапатталды. Сондай-ақ, біздің қазылар алқасының мүшесі, Парламент Мәжілісінің екі шақырылымының депутаты болған, белгілі қоғам қайраткері Мырзагелді Кемел ағамызды да «Құрмет» орденімен марапатталды деп естіп жатырмыз.

Қуаныштымын, ағалар! Наградаларыңыз құтты болсын, өмір жастарыңыз ұзақ болсын, биіктерден көріне беріңіздер!

Жиналған қауымға, осы өткізіліп отырған іс-шараның мән-мақсатын түсініп, қызығушылық танытып, азаматтық белсенділік көрсетіп отырғандарыңыз үшін көп рахмет айтамын!

Ал, байқауға қатысушыларға сәттілік, шығармашылық табыстар тілеймін!

«Ақ жол» партиясының «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» Жалпыұлттық байқауының қорытындыларын шығаруға арналған ғылыми-практикалық конференцияның жұмысын ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!



**Қамзабекұлы Дихан**  
Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия Ұлттық  
университетінің проректоры,  
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,  
филология ғылымдарының  
докторы, профессор

## **АЛАШ ЖОЛЫ – МӘҢГІ ЕЛДІҢ МАҢЫЗДЫ ЖОЛЫ**

Соңғы жылдарда Қазақстан қоғамы, әсіресе оның ғылыми-шығармашылық күші, дәстүр һәм тарихқа ықыласты азаматтар Алаш мұраты мен мұрасына адал екенін тағы да дәлелдеді. Зиялы қауым ұсынысын ескерген ел үкіметі 2008 жылы 26 маусымда «Алаш қозғалысы туралы» арнайы қаулы шығарды. Бұл – тарих алдындағы қарыз бен парызды анықтаған айрықша құжат еді.

2007 жылдан (Алаштың 90 жылдығынан) бері Отанымыздың іргелі қалаларында біршама семинар, дөңгелек үстел, конференция өтті. Мұның басында Астана қаласы жүргені елдің абыройын асырды, рухын көтерді. Елорда бір жылы Алашты М.Әуезовтің мерейтойымен үйлестірсе, екінші жылы оны әлем қазақтарының рухани сұхбаты форматында ұлықтай алды. Елбасы негізін қалаған Еуразия ұлттық университетінде аталған тақырыпқа қатысты екі конференция өтті. Осы ЕҰУ мен Астана қаласы Тілдерді дамыту басқармасы «Елордада әрбір жоғары, орта-арнаулы оқу орны және мектеп бір-бір Алаш тұлғасын ұлықтасын!» деген бастамамен бірігіп өткізген шара да тиісті нәтиже берді.

XX ғасырдағы аса ірі мемлекетшіл қозғалыс – Алашты тану мен ұлықтаудың бір биік межесі Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ мен «Ақжол» партиясы бірігіп 2012 жылы 23 қарашада өткізген «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» атты ғылыми-практикалық конференция дер едік. Бұл Алаш орданың 95 жылдығына арналды. 2013 жылы «Ақжол» партиясы дәл конференция атауымен жалпыұлттық байқау өткізді. Тәуелсіздік күні байқау жеңімпаздары арнайы сыйлықтармен марапатталды. Біз, алаштанушылар, отандық тарихымыздың аса жемісті кезеңі мен оның батыл тұлғаларына ерекше көңіл бөліп отырған партияға және оның басшысы А.Перуашевке ризашылық көңілімізді жеткіземіз!

Рас, Алаш тоқтаусыз зерттелуі керек және үзіліссіз зерделенуі қажет. 2013 жылы Алаш зиялыларының мұрасын әзірлеп, жариялауға мұрындық болған ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне де алғысымыз шексіз.

Алашты биік өреде зерделеуден Керекудегі мемлекеттік университет те шет қалмады. Осы оқу орнының дана Мәшһүр Жүсіпке деген құрметі айрықша көрінді (20 том мұрасын шығарып үлгерді).

Батыс Қазақстанда (М.Өтемісұлы атындағы мемлекеттік университетте және Жымпитыда), Шығыс Қазақстанда (Семейдің мемлекеттік университеті мен педагогика институтында), Астана мен Алматыда Алаштану мен Алашты насихаттауға байланысты елдік деңгейдегі ғылыми жиындар болды. Зиялылықтың әзиз бесігі Семейде Алаш серкесі Әлихан Бөкейханға ескерткіш қойылды. Ал, Астанада асқақтауы тиіс монумент мерзім-межесі жағынан сәл кешіккенімен, түбі орнатылады деп сенеміз. Өйткені, бұл туралы Елбасының арнайы тапсырмасы бар.

Бір есептен елімізде танымдық дәлдігі мен эстетикалық үйлесімділігі тұрғысынан сапасыз ескерткіштер азаймай тұрған тұста бұл кешігуді жақсылыққа да жоримыз...

Отандық баспасөзде Алаш тарихы мен тағылымына қатысты мыңдаған мақала, сұхбат жарияланды. Ғалымдар мұнымен шектелмей осы тақырыпты қаузап, жинақтар мен монографиялар әзірледі. Бұл ретте Семей мемлекеттік педагогика институты даярлаған «Шәкәрім» энциклопедиясы мен Павлодар мемлекет-



тік университеті әзірлеген «Машһүр Жүсіп» энциклопедиясының шоқтығы биік. Астанадағы «Руханият» орталығы мен «Алаш» институты бірігіп жазған «Алаш қозғалысы» анықтамалығы да оқырманын тапты. Теле-радио құралдары да аянып қалмады. Шетелдік отандастарымыз арнаулы электрондық сайттарының бір бөлігін осы тарихи Алашқа арнап қайта жасақтады.

Тағы бір жағымды жаңалық, орталық қалалар мен Алашқа тікелей қатысы бар өңірлерде **Алаштану орталықтары ашыла бастады**. Астанада – ЕҰУ «Отырар кітапханасы» ғылыми-зерттеу орталығы мен «Алаш» мәдениет және рухани даму институты, Алматыда – бірнеше жылдан бері практикалық мәнде жемісті жұмыс істеп келе жатқан «Арыс», «Алаш», «Ел-Шежіре» баспа-зерттеу орталықтары, Семейде – таяуда «Алаштану» аталған Шәкәрімтану орталығы, Павлодарда – «Мәшһүртану» орталығы жоғарыдағы сөзіміздің дәлелі болмақ. **Әлбетте, осылардың бәрі де «жоғары жақтың» қаулы-қарарыңыз-ақ елшіл, бастамашыл азаматтардың табанды еңбегімен ашылып, лайықты қызмет атқарып отыр. «Елдік іс» немесе Ахметше айқындасақ «ұлт жұмысы», Міржақыпша айтсақ «ұлт үмесі» дегеніміз – осы!**

Ел сүйіспеншілігі екі жылға созылған «Алаш жылдарының» (халық атауы) қорытынды жиыны Алматыда, Алаш зиялылары негізін қалаған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университетінде өтті. Бір қызығы, мұнда сонау зұлматты репрессия жылдарынан бері тұңғыш рет ресми «осы университеттің 1926 жылы Ташкентте ашылғаны» туралы айтылды. Бұған дейін «1928 жылы ашылды» деген жансақтықпен Алаш тарихы, елдік күрес рабайсыз бұрмаланып келгені мәлім... Алаш жылы қателік түзетілді. ҚазПИ-де қалған А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлының ізі хәм ісі жаңғырып, Ақаңның атында ғылыми-зерттеу орталығы ашылды.

Қорытынды конференцияға жіберілген Елбасы Н.Ә.Назарбаев құттықтауында былай делінген: **«Алаш үкіметі жаңа тұрпатты қазақ мемлекеттігінің бастауына айналды. 1991 жылы құрылған тәуелсіз Қазақ мемлекеті – сол арыстардың асыл арманының жүзеге асуы. Біз Қазақстанның тәуелсіздігі мен тұтастығы үшін күрескен азаматтарды ерекше қадірлей**

білуіміз керек. Осы ретте Алаш арыстарының аманатына адалдық танытып, мемлекетімізді нығайтып, тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтауға тиіспіз».

Сонымен, бүгінгі жұртшылық Алаш идеясы - XX ғасыр басындағы қазақтың мемлекетшілдік идеясы болғанын, Алаш қозғалысы - жаңашыл жасампаздықтың, түп негізден ажырамай Еуропалық бағдарда дамудың көшбасшы бағыты ретінде қалыптасқанын байыптап келеді.

**Елімізде Алаш ұғымы құндылық ретінде қайта орнығып келеді.** Ол тұтастық, бірлік, айбарлық деген бірнеше мәнге ие. Қазақ ішінде «алаш алаш болып, Алаша хан болғанда», «алты алаш», «алты сан алаш», «алаш мыңы» секілді тұрақты тіркестер ежелден айтылатын. Сондай-ақ «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» деген елдік ұстаным да бар-тын. Бұдан шығатын қорытынды, Алаш – бұрын қазақ этнонимінің синонимі болса, бүгін де сол деңгейде ұғынылып отыр.

Жалпы тек-тамырына үңілсек, алаш түбіріндегі «ал» - от, қызыл, арай мәніндегі ежелгі түркі сөзі. Мысалы, Алтай, алау, алқызыл, албырт, аластау, албар, аламан, алөкпе, алаң, алқап т.б. сөздердің арғы түбі осыған (қуат, күш, жігер, шапшаңдық, қызбалық, тегеурін, зор деген мағынадағы) барып тіреледі. Отандық зерттеушілер ішінде **Шоқан Уәлиханнан** бастап Алаш ұғымын зерделегенін байқаймыз. Ол қазақ пен алаш ұғымдарын қатар қоя отырып («начало народа казахов или алач ...»), былай деп жазады: **«У киргиз разные роды имеют свою тамгу и уран. Уран у всех киргиз есть алач».**

XX ғасыр басында **Ә.Бөкейхан** бастаған ұлт қайраткерлерінің Алаш атын партияға да, үкіметке (ұлт кеңесі) де беруі – тарихқа адалдықтың, сол күнгі және болашақ бағдарды анықтаудың жолы еді.

Кез-келген сауаты бар адам тарихты бүгіннің шындығымен байыптап түсінеді. Сондықтан, мың сөзді бірер ұғымға сыйдырып бергенді қалап тұрады. Міне, осы тұста **«Алаш құндылықтары»** деген ұғым аузымызға түседі. Оны жүйелесек, былайша айқындалады:

1. Ұлт тарихындағы сапалы, жарқын, мемлекетшіл істердің жиынтығы;

2. Ұлт пен қоғамды, мемлекет пен елдікті дамытқан жеке және дара тұлғалардың еңбегі мен мұрасы;

3. Тарихқа және қоғамның қазіргі жағдайына принципті көзқарас ұстану;

4. Елшілдікке суарылған білімді, ғылымды, мәдениетті қоғам мен оны үйлестіретін саясаттың тетігіне, құралына айналдыру.

«Алаш жылдары» біршама материалдарда «Алаш қозғалысына – 90 жыл» деген қате дерек айтылып, жазылып жүрді. Шынтуайтында, Алаш қозғалысы тек 1917 жылы пайда болған нәрсе емес. Ол – Ресей империясындағы қазақтың саяси-демократиялық бағдардағы қозғалысының жалпы атауы. Ғалымдар арасында мұның басталуы туралы қилы пікір бар. Бірі 1902-1903 жылғы шоқындыруға қарсы қозғалыстан, екіншісі 1905 жылғы Қарқаралы петициясынан, үшіншісі 1917 жылғы ақпан төңкерісінен бастауды ұсынады. Біздіңше, оның тарихи негізі Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі аса асқынған кезеңінен басталады. Мұны кешенді түрде қарау қажет. 1903-1905 жылдардан ақ ұлттық саяси партия құруды ойлаған және түркі-мұсылман жұртына ортақ «Иттифак вэ таракки» (Бірлік және ілгерілеу) партиясына, ресейлік әлеуметшіл демократиялық партияларға кірген Алаш қайраткерлерінің қызметін де аталған қозғалыстан бөлек қарай алмаймыз. 1917 жылы Алаш партиясының құрылуы мен Алаш Орданың жариялануы бұл қозғалысты рәсімдеді.

Алашты асқақтатқан соңғы екі жылда біз Ташкентте емес, амалсыз Қоқанда жарияланған (1917 жыл 27 қараша) **Түркістан автономиясының (мұхтарият) тағылымын ұлт тарихы мен тәуелсіздік мүддесі контекстінде қарай алмадық.** Біле-білсек, Елбасымыз көтеріп жүрген жаңа «Орталық Азия мемлекеттерінің одағы» идеясының нақ тарихи бастауы – осы мұхтарият. 64 күн өмір сүріп, большевиктер тарапынан аяусыз жанышталып, жойылған Түркістан автономиясы – бүгінгі тәуелсіз Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қырғызстан республикаларының азат демократиялық мемлекет қалыптастыру жолындағы алғашқы тәжірибесі. Сондай-ақ, ол – даңқты Алаш қозғалысының бір

бағыты һәм құрамдас бөлігі. Сол себепті, Алаш партиясына кірген және «Түркістан бірлігі» идеясы арқылы қазақ бостандығы үшін күрескен қайраткерлердің еңбегін тиісінше бағалағанмыз жөн. Мұстафа Шоқайдың бір мезгілде Алаш үкіметінің де, Түркістан үкіметінің де мүшесі болғаны біраз жайды аңғартса керек. Жалпы түбі Түркістан мұхтариятына қатысты елімізде халықаралық форум немесе конференция өткізу Қазақстанның беделін өсіреді деп есептейміз.

**Санасына большевизм рухы сіңіп кеткен зерттеушілер соңғы жылдары «Алаш бөлінген» сыңайлы еш негізі жоқ сөздерді де айтып, жазып жүр.** Қызық, қазір «Батыс Қазақстан», «Шығыс Қазақстан» ныспылы облыстарымыз бар, соны 90 жылдан кейін «ел осылай бөлінген» деп түсіндіруге бола ма? Бұлай деу – ақылдағы патология салдары. Енді тарихқа қарайық: ІІ жалпықазақ съезінде (1917 жыл, 5-13 желтоқсан) Алаш автономиясын тездетіп жариялау-жарияламау мәселесі дауысқа салынғаны рас. Дауыстың екіге жарылғаны да – табиғи нәрсе әрі демократияның мысалы. Нәтижесінде, Түркістан қазағын қосып алып, автономия жариялауға 1 ай мерзім берілді. Бір ай ішінде қосылу үдерісі жүрмесе де автономия жарияланатын болып шешілді. Осы үшін 1918 жылы 5 қаңтарда шақырылған Сырдария съезіне «бірігу мәселесін айқындау үшін» Бақтыгерей, Міржақып, Тұрағұл арнайы жіберілді. Бұл жиында табиғи талас-тартыстан кейін Түркістан оқығандары қосылуға ықылас танытты. Бірақ жағдай ауыр еді. Көзделген бір айда қосылу жайы сол күйінде өзгеріссіз қалды. Түркістан автономиясын большевиктер қырып тынды. Ұлт қайраткерлері ортақ автономия жариялау үшін қайта жинала алмады. ІІ съездің қаулысы күшінде қалып, енді ресми қағаздарда «Алаш автономиясы» деп жазылды. Осындай мөр табаны да құжаттарда сақталып қалған. Ал, Батыс Алаш Орда мен Шығыс Алаш Ордаға келсек, ол – биліктің жүйелі аумақтық атауы ғана.

Қазір біз - азат елміз. Қазақта бір сөз бар «Тегін білмеген - тексіз» деген. Мемлекет басшымыздың өзі Алаш қайраткерлерін - «Абайдан кейінгі титандар», Алаш қозғалысын – «мемлекетшілдіктің бастауы» деп отырса, билік буынындағы жауапты қызметкерлер,

білім мен мәдениет жүйесіндегі мамандар зиялы, зайырлы іс пен демократия жолында «күндіз отырмаған, түнде ұйықтамаған» ұлт тұлғаларының еңбегін лайықты зерделеп, байыптап, насихаттауы тиіс. Ұлттың алдағы жолын осы таным өрістетпек.

**Қалай дегенде, Алашты тайлы-таяғымыз қалмай насихаттауға көшуміз – оның келешектегі 100 жылдық мезесін байыптауға даярлық деп есептейміз. Бүгінгі «Мәңгілік ел» мұратымыз Алаш жолын зерделей түссек, баянды болмақ.**

**«XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ  
АҚ ЖОЛЫ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ  
БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ  
МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ**

білім мен мәдениет жүйесіндегі мамандар тияны, зайырлы іс пен демократия жолында «күндіз отырмаған, түнде ұйықтамаған» ұлт тұлғаларының есігін лайықты зерделеп, байыптап, насихаттауы тиіс. Ұлттың елдегі қолын осы табым ерістетпек.

Қалай дегенде, Алашты танып-тайғанымыз қалмай насихаттауға көңүліміз – оның келешектегі 100 жылдық мерекесін байыптауға даярлық деп есептейміз. Бүгінгі «Мәңгілік ел» мұратымыз Алаш жолын зерделей түссек, баянды болмақ.

**1-ші номинация: «АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ  
ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРЫЛЫСЫНА  
ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА  
КӨЗҚАРАСЫ, ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ  
ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ӨЗЕКТІЛІГІ»**

**«ВЗГЛЯДЫ ДЕЯТЕЛЕЙ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ  
НА ГОСУДАРСТВЕННОЕ СТРОИТЕЛЬСТВО И  
ДЕМОКРАТИЧЕСКИЕ ЦЕННОСТИ, ИХ АКТУАЛЬНОСТЬ  
ДЛЯ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА»**



**Қыдыралина Жанна  
Үркімбайқызы**

первый заместитель директора  
Института истории государства  
МОН РК, доктор исторических  
наук,

победитель общенациональ-  
ного конкурса «**XXI ғасырдағы  
Алаштың Ақ жолы**» (Светлый  
путь Алаша в XXI веке),  
объявленного ДПК «Ақ жол»

**ОТ АЛАШ ОРДЫ К НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА:  
ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ИДЕЙ**

Эссе

*«История – свидетель прошлого, свет истины,  
живая память, учитель жизни, вестник старины».*

**Цицерон**

*«...уроки истории надо осваивать  
постоянно, из поколения в поколение».*

**Н.А.Назарбаев**

Сегодня идет целенаправленная работа по возрождению исторического сознания общества. Любовь к Отечеству, чувство причастности к истории и судьбе своей страны, понимание ценностей материального и духовного наследия, созданного народом в прошлом, начинаются с уважения памяти предшественников. Только зная историю своего народа и страны, начинаешь понимать особую ценность обретенной в конце прошлого столетия Независимости. Независимость предоставила нам колоссальные, прежде невиданные возможности, сегодня казахстанцы являются хозяевами своей судьбы.



Каждая земля, как известно, рождает своих великих сынов. Казахская степь также гордится славными героями, такими как Кенесары хан, батыры Срым, Исатай, Махамбет и многие другие. История казахского народа показывает, что борьба за свободу и независимость страны никогда не прекращалась. Не последнюю роль в этой многовековой борьбе сыграли и представители национальной интеллигенции рубежа XIX и XX столетий. Появление движения и первой политической партии Алаш, правительства Алаш Орда свидетельствовало о возросшей гражданской зрелости и высоком потенциале казахской политической элиты, заявившей в условиях острых социальных коллизий в начале XX века о своем стремлении решать судьбоносные вопросы будущего развития родного народа.

Деятели Алаш и представители казахской управленческой элиты, научной и творческой интеллигенции заложили фундамент казахской государственности. Сегодня мы, сами того не подозревая, живем в том государстве, границы которого в начале 1920-х годов были примерно очерчены участниками Алаш Орды. Образование в 1920 году Киргизской (*Казахской*) АССР в составе РСФСР являлось результатом компромисса между Алаш Ордой и Советской властью. Алашские лидеры приняли активное участие в процессе национально-территориального размежевания Средней Азии и воссоединения казахских земель. Представители алашской интеллигенции А. Букейханов, А. Байтурсинов, М. Дулатов, А. Беремжанов, М. Шокай, Ж. Акпаев, М. Тынышпаев, А. Ермаков, а также национал-коммунисты С. Ходжанов, Т. Рыскулов, С. Мендешев, С. Сейфуллин, С. Асфендияров, С. Садвокасов, Н. Нурмаков и другие прилагали все усилия для обеспечения целостности казахской территории.

Для нынешних поколений чрезвычайно поучительны уроки и образцы высоких устремлений и гражданского духа, патриотизма и ответственности перед обществом национальной интеллигенции начала XX века. Казахские интеллигенты того поколения были людьми высокого порыва и самопожертвования, формировавшими мировоззрение своей эпохи. Они являются для нас, современников, поистине безусловным образцом нравственности, бескорыстия и преданности национальному и гражданскому долгу.

Еще при поступлении в Санкт-Петербургский Императорский Лесной институт весной 1890 г. абитуриент Алихан Букейханов так рассуждал в своем сочинении: «Желать другим зло – значит делать себе, потому что мы с другими составляем то, что называется человечеством, что царит над природой в силу своего ума и без чего нет у нас одних жизни. Самое трудное, что невозможно достигнуть ни умом, ни богатством, спокойствие душевное, доступное только высшей нравственности, присущей только всестороннему образованию, мы почувствуем только тогда, когда ни душой, ни телом не сделаем никому зла».

Позже лидер Алаш Орды Алихан Букейханов проникновенно писал: «Я живу, дышу, существую внутренними делами своей родины, для меня судьба ее превыше всех благ... Я не могу спать спокойно, если не знаю, в каком положении она находится». Деятели движения Алаш стояли на пути духовного и национального пробуждения народа и боролись за обретение государственности казахов. Они мечтали видеть свой родной народ свободным и независимым. «Наша цель – предоставить возможность самому народу решать свою судьбу. Только добившись автономии, народ возьмет судьбу в свои руки, - подчеркивал Жанша Досмухамедов. - Свергнуто самодержавие. Теперь управлять народом должны те, кто знает его хозяйство и быт, язык, нравы, обычаи и традиции. Как бы то ни было, мы должны получить автономию».

«Основная цель, которой руководствовались при создании партии Алаш, была судьба казахского народа, создание независимого государства наравне с другими развитыми высококультурными народами, обладающими богатством территории и государственностью», - отмечал Алимхан Ермеков.

Казахские интеллектуалы стремились поднять уровень развития народа в ряд с передовыми странами Азии, такими, как Япония. Поэтому их впоследствии обвиняли в японском шпионаже, объявив «японскими агентами». Ещё 23 октября 1904 года, будучи студентом Санкт-Петербургской Военно-Медицинской Академии Халел Досмухамедов писал своему земляку, уроженцу Гурьевского уезда, студенту Казанского ветеринарного института Губайдолле Бердиеву: «После долгой городской душной жизни степь про-

извела на меня чарующее впечатление. Вид знакомых кибиток, приезд в свой дорогой аул, встреча родных, почтение посторонних – всё это производит неотразимое впечатление и свидетельствует о превосходстве степняков над цивилизованными. Когда подумаешь, что кроме тебя, десятки или даже сотни киргизов получают высшее образование, то приходишь к заключению, что и этот народ способен к труду, к прогрессу, что и он, может быть, когда-нибудь займет в мировом господстве одно из почетных мест, что и он может сделаться второй Японией...». Представители казахской интеллигенции мечтали видеть народ и страну развитыми и цивилизованными и призывали соплеменников избавляться от пагубных привычек и пороков, как курение, пьянство, воровство, обман.

Через газету «Казах» Ахмет Байтурсынов призывал народ к просвещению, труду, освобождению от вековой спячки, пробуждая в каждом киргизе чувство гражданина. В одной из своих статей он подчеркивал, что только в равной мере культурные нации способны развиваться самостоятельно, существуя на одинаковых правах и сохраняя свой национальный облик.

Алашские деятели подняли национальное самосознание народа на государственный уровень. Партия Алаш стала первой политической организацией казахов, разработавшей комплекс мер для решения проблем общества того времени. Основной идеей алашординцев было единство народа, и этот лозунг актуален и по сей день. В сфере социальных отношений программой предусматривалось объединение казахского общества не по классовому принципу, а на основе общенационального единства. В чрезвычайно экстремальных условиях того времени алашординцы проявляли исключительную гибкость, в то же время они были принципиальными политиками. Основными целями движения Алаш являлись создание системы государственного самоуправления, отстаивание права народа на национальное самоопределение, остановка процесса переселения крестьян из внутренних губерний России на казахские земли, модернизация казахского общества с использованием передового мирового опыта.

Программа партии Алаш, авторами которой были Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсынов, Миржакып Дулатов, Ельдес Гума-

ров, Есенгали Турмухамедов, Габдолхамит Жундибаев, Газымбек Биримжанов, носила демократический характер, стала попыткой определения оптимального варианта развития Казахстана в условиях капиталистической России. Так, первым пунктом в программе было включено положение о том, что Россия должна стать «демократической федеративной республикой, в которой каждое отдельное государство автономно». Программа партии предусматривала пост президента, управляющего через совет министров и ответственного перед Учредительным собранием и Госдумой. Законодательная власть отдавалась в руки только Государственной думы, которой принадлежало право контроля над правительством. Право участия в выборах предполагалось предоставить всем гражданам без различия происхождения, вероисповедания и пола, провозглашались законодательное закрепление равноправия, неприкосновенности личности, свободы слова, печати и союзов, отделение религии от государства, независимость суда.

Даже теперь, спустя многие десятки лет, поражает многоплановость повестки дня областных собраний казахов и Всеказахских съездов. В постановлениях народных собраний содержались требования навечно закрепить за казахами исконные национальные земли и их недра, создать милицию и казахское земство, организовать начальный всеобщий на казахском языке.

В своей книге «В потоке истории» Президент Казахстана Н.А. Назарбаев так охарактеризовал заслуги деятелей Алаш Орды: «В начале XX века задачу выработки казахской национальной идеи взяла на себя духовно-интеллектуальная элита, выдвинувшая идею национальной консолидации. ... Сам факт создания национальной политической организации в нашей отечественной истории не до конца осознается. Тем более, что многие положения, в свое время выдвинутые руководителями партии Алаш, сохраняют свое значение и поныне. Это была не националистическая, а патриотическая организация, которая ставила своей целью постепенную трансформацию казахского общества и ее адаптацию к современным реалиям».

Как известно, история не дала партии Алаш, Алашской автономии и ее правительству Алаш Орде возможности осуществить

свою программу создания и укрепления казахской государственности на основе единства всех слоев народа. Отвергая насилие, отрицая классовую природу государства, алашские деятели выступали против диктатуры одного класса в обществе. Непросвещенность масс, оторванность от центра политической борьбы, разрозненность и отсутствие четкой программы политической борьбы явились причиной поражения Алаш в политическом противостоянии большевикам. Вынужденные в сложившихся обстоятельствах победы советской власти признать ее, и приняв предложение большевиков о работе в государственном аппарате, бывшие деятели Алаш Орды стремились придать советской власти национальное содержание, приблизить к интересам коренного населения. Национальные деятели наиболее чувствительно воспринимали коллизии и проблемы, всплывавшие по мере роста масштабов и темпов социалистических преобразований.

Деятели Алаш были высокообразованными людьми, истинными эрудитами, обладавшими глубокими познаниями в социально-гуманитарном и естественно-научном знании. Многие лидеры движения Алаш были не только правозащитниками, политическими и общественными деятелями, но и крупными просветителями, публицистами, издателями газет и журналов, мыслителями, поэтами, педагогами, авторами научных исследований, книг и учебников. Алашордынцы и близкие к ним по духу казахские интеллектуалы и творческие деятели, не были ограничены в своих национальных рамках, как раз, наоборот, - все они были людьми глубоко просвещенными и многогранно талантливыми, открытыми, чуждыми любой замкнутости. Ведь многие из них окончили передовые учебные заведения России, а также ряд из них – и зарубежные учебные заведения (*Германии, Польши, Турции и др.*). Они были непревзойденными публицистами, организовали выпуск ярких газет и журналов - печатных органов правительства Алаш Орды. Деятели Алаш были феноменами, рождающимися раз в столетие. Каждый из них был маяком, светочем для народа.

Основатель партии Алаш, премьер-министр правительства Алаш Орды А. Букейханов являлся членом Западно-Сибирского отделения РГО, участвовал в экспедициях под руководством

Швецова. занимался исследованием хозяйственно-экономического положения Казахстана в составе экспедиции Щербинны по изучению степных областей, написал исследовательские работы о скотоводстве.

Ахмет Байтурсынов был поэтом, реформатором казахского алфавита на основе арабской графики, написал учебник по прикладной грамматике казахского языка, первый труд по теории национальной литературы, собирал и публиковал устные памятники древнего эпоса.

Широта интересов Миржакыпа Дулатова не знала границ и поражала современников: ведь он был журналистом, историком, тюркологом, географом, педагогом, поэтом, композитором. Им подготовлен ряд школьных учебников по казахскому языку, а также учебник по математике. В годы ссылки в Карелии он освоил и профессию врача.

Мухамеджан Тынышпаев был первым казахским инженером-путейцем, занимался также наукой, являлся членом Туркестанского отдела Русского географического общества, издал «Материалы к истории киргиз-казахского народа».

Халел Досмухамедов - врач, ученый, был одним из руководителей Казахского пединститута и организаторов Казахского государственного университета, написал учебники по природоведению, анатомии человека, зоологии, исследования по языкознанию, издавал произведения национального эпоса.

Этот список лидеров и участников движения и их заслуг можно продолжить. Вместе с тем, к сожалению, до сего времени остается еще неизвестным ряд имен и судеб десятков деятелей Алашских организаций. Необходимо открывать эти имена и шире изучать малоизвестные страницы истории борьбы алашординцев за национальное самоопределение казахского народа. Одним из ярких, энергичных и молодых алашских лидеров был Алимхан Абеуович Ермеков. В то бурное, переломное время, на перепутье эпох Алимхану Ермекову выпал исторический шанс выступить от имени партии Алаш, народного совета и правительства Алаш Орда в переговорах с разными правительствами: Временным Сибирским правительством, Комучем, правительством Колчака, Советским

правительством. Особая заслуга А. Ермекова состоит в том, что, будучи на приеме у председателя СНК В.И. Ленина в 1920 г., он сделал содержательный доклад на расширенном заседании о положении в Казахстане и о его границах. В ходе острых дискуссий по определению границ территории республики Алимхан Ермеков добился возвращения Казахстану важных стратегических территорий: Акмолинской и Семипалатинской областей, северного побережья Каспийского моря. А.А. Ермеков был не только одним из видных общественных и государственных деятелей, внесших большой вклад в создание Казахской советской автономной республики, но и талантливым ученым, первым казахским профессором математики. Он разработал учебные пособия по высшей математике, создал математическую научную терминологию на казахском языке. По клеветническим наветам Алимхан Абеуович трижды подвергался арестам и провел в тюрьмах в общей сложности около 18 лет; пережив весь ужас ГУЛАГовских лагерей в Канске, Воркуте и Тайшете, он выжил и остался несломленным: он был единственным чудом сохранившемся из лидеров Алаш Орды. Эти немеркнущие примеры призваны напоминать нам о том, что даже в самые трудные и жестокие времена не стоит терять надежды и чувство собственного достоинства.

Оценивая недавнюю историю, нужно обязательно учитывать все противоречия советской эпохи с ее неоспоримыми завоеваниями и достижениями, победами и трагедиями, бесчеловечным попранием индивидуальных и коллективных прав. Борьба за социальное единство общества и утверждение новой идеологии сопровождалась подавлением национального самосознания и нивелированием самобытности национальной культуры. Партия жестко контролировала все стороны жизни и деятельности национальной интеллигенции. Советской властью осуществлялась масштабная политика искоренения традиционной культуры и духовного наследия казахского народа, глубокой переделки его сознания, навязывания идеологических моделей системы. Казахские интеллектуалы оказывали сопротивление такому курсу и многое сделали в изучении и пропаганде национальной истории, культуры и традиций народа. Всякие попытки использования естественного права ранее

угнетенных народов на защиту национальных интересов воспринимались тоталитарным режимом как проявления буржуазного или местного национализма. Национальным лидерам приходилось постоянно давать отпор на нападки Центра.

Советская власть подвергла репрессиям цвет казахской интеллигенции: это блестящая плеяда деятелей Алаш Орды – Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсынов, Мыржакып Дулатов, Мухамеджан Тынышпаев, Халел Досмухамедов, Алимхан Ермеков; видные государственные деятели – Турар Рыскулов, Сакен Сейфуллин, Смагул Садвокасов, Жанайдар Садвокасов, Нигмет Нурмаков, Жалау Мынбаев и другие. Вынужден был эмигрировать лидер туркестанского национального движения, в одно время являвшийся одним из членов правительства Алаш Орды Мустафа Шокай. Все они были выходцами разных социальных слоев, представителями различных вариантов общественно-политического выбора в эпоху революционных бурь, но все они видели свое предназначение – в служении коренным интересам родного народа. Был арестован в 1930 г. и два года находился под следствием в числе других 44-х алашординцев и Мухтар Ауэзов. Сталинский режим критиковал литературную деятельность и творчество А. Байтурсынова, М. Дулатова, М. Жумабаева, М. Ауэзова и других, называя их буржуазно-национальными писателями. В ходе беспрецедентной группировочной борьбы, навязанной большевистским Центром, коммунистов С. Ходжанова, С. Сейфуллина, С. Садвокасова, С. Мендешева режим причислял к проводникам алашординской идеологии.

На самом деле, лидеры казахской интеллигенции не злоумышляли против своего народа, как это трактовалось сталинской идеологией, а стремились облегчить положение простых людей. О главной благородной цели алашской интеллигенции – служении народу – отчетливо излагал в своем письме, известном в истории - «Ұрпаққа хат» (*Письмо поколению*), из Бутырской тюрьмы в январе 1929 года Миржакып Дулатов: «Я считал своим долгом помочь своему поработанному, угнетенному народу вырваться из этого рабского положения... Не думаю, что смог вовремя предвидеть события в политической сфере; то, что преподносят сейчас, как



доруку, пролив советской власти, зелье лишь все желание видеть Казахстан какне равноместоительной, независимой, участливой»

«Смотря на гедонное существование, движение Алаш оказало на историю Казахстана громадное значение. «Зарю свободы увидят наши потомки», – мечтали Алашские лидеры. Выпускная в эмиграции юбилейный, сотый, номер «Яш Туркестан». Мустафа Шокай в 1938 году, веря в свою мечту, призывал родной народ к единству и независимости: «...Взойдет солнце освобождения и независимости, и мы, скромные борцы, ... будем на родной земле, среди родного народа. ...Туркестанцы должны помнить, что единство национальное там – на родине и единство в работе: здесь – в эмиграции, единство в целях и верность обязанностям – единственно правильный путь к освобождению и утверждению независимости родины». Сегодня, в условиях Независимости, с особым смыслом воспринимаются гениальные слова Мустафы Шокая: «Национальная свобода есть следствие национального духа. А национальный дух растет и приносит свои плоды при наличии национальной свободы и независимости».

Мечты алашских лидеров сбылись. Идеи и идеалы, положения и принципы, выдвигавшиеся поколением казахской интеллигенции начала XX века, сохраняют свое значение и поныне. И хотя каждое время ставит новые задачи, но идеи Алаш продолжают жить и вновь напоминают о себе в период кардинальных изменений в стране. Это: равноправие, общественное согласие и мир, культурный прогресс нации, меритократия, государственный язык, привлечение не только элиты, но и широких масс к делам управления государством. Алашскими лидерами на уровне передовых требований своей эпохи, европейских либерально-демократических ценностей выдвинуты принципы демократического, правового, светского, социального государства, идеи системы государственного управления и самоуправления, институтов президентства, парламентаризма, экономической, социальной и политической модернизации общества. В контексте своего времени они призывали к качественному обновлению нации, рывку к прогрессу. И сегодня востребованы известные честь и отвага поколения интеллигенции 20-30-х гг. прошлого века. Современное общество

нуждается в новаторских идеях и мировоззренческих ориентирах, в лидерах, которые способны мыслить оригинально и действовать нестандартно.

Ныне, в условиях Независимости, мы наблюдаем преемственную взаимосвязь между идеями первых казахских интеллектуалов прошлого века и современностью. Стратегия национального прорыва продолжается в инициативах, идеях и деятельности Первого Президента независимого Казахстана и затрагивает все сферы общественной жизни, внутренней и внешней политики государства. В одном из своих выступлений Президент Н.А. Назарбаев, с начала 1990-х годов предложивший идею создания Центрально-азиатского союза, упомянул, что идею единства центрально-азиатских государств впервые выдвигал Мустафа Шокай. Идея предков о единстве тюркских народов воплощается сегодня в деятельности Совета тюркоязычных государств, созданного в 2009 году.

Алашские деятели мечтали об образованной нации. Сегодня эти идеи вот уже на протяжении двадцати лет находят отражение в реализации Президентской программы «Болашак».

Казахские интеллигенты всегда проявляли заботу о судьбе национального, родного языка, как не только культурном, но и политическом атрибуте нации. Вопрос развития государственного и других языков сегодня, как и век назад, является актуальным для суверенного Казахстана. А в то время Ахмет Байтурсинов подчеркивал, что в условиях нарастающего притока в Казахстан других народностей «перед нами во всем величии вырастает вопрос, вопрос о самостоятельном существовании киргизского (*казахского – Ж.К.*) народа. Для того чтобы сохранить свою самостоятельность, нам необходимо всеми силами и средствами стремиться к просвещению и общей культуре: для этого мы первым делом должны заняться развитием литературы на родном языке. Никогда не нужно забывать, что на самостоятельную жизнь вправе претендовать только тот народ, который говорит на своем языке и имеет свою литературу». А. Байтурсинов был обеспокоен тем, что «современная киргизская интеллигенция, получившая образование в русских школах и татарских медресе, уже начинает пренебрегать киргизским языком, разговаривать и переписываться между собой

на русском и татарском языках. Это уже плохой признак. Если это будет продолжаться и в дальнейшем, ...то нам придется навсегда проститься с киргизским языком, а вместе с тем и киргизским народом, как с особой нацией. Если этого мы не хотим, то необходимо разрешить этот вопрос в корне и отныне приступить к усовершенствованию киргизского языка и литературы». От этой идеи он никогда не отступал ни на шаг.

Критические замечания Ахмета Байтурсынова возымели побудительное действие. Об этом свидетельствует следующее упоминание Мыржакыпа Дулатова в одноименном биографическом очерке, посвященном 50-летию Ахмета Байтурсынова: «Благодаря А. Байтурсынову, хотя бессознательно, но на самом деле поддавшаяся обрусению и отатариванию часть киргизской интеллигенции, живо опомнилась и стала осознавать и исправлять свои ошибки. Даже бывали такие курьезные случаи: учащаяся молодежь в некоторых русских учебных заведениях в целях сохранения чистоты киргизского языка условилась разговаривать между собой обязательно по-киргизски, в случае нарушения кем-либо этого правила виновный за каждое случайно вылетевшее некиргизское слово платил 35 копеек штрафа в пользу ученических кружков».

Казахские интеллектуалы рубежа XIX-XX вв. были полиязычны. По словам внука Алимхана Ермакова - Олега Ермакова, его дед знал пять языков. Мустафа Шокай свободно владел наряду с русским еще и английским, французским, немецким, польским и турецким языками.

И сегодня востребованы выдвигавшиеся алашской интеллигенцией по отношению к кадрам государственного управления принципы чести и долга. Столь жизненны и поныне мысли Шокая о работнике аппарата, чиновнике: «**Национальный кадр**» для нас – это, прежде всего, **слуга нации**, выполняющий свой национальный долг ни по чьим бы то ни было приказам, а **по долгу совести**». Одной из актуальных задач нынешней казахстанской государственной службы является утверждение принципов меритократии (*системы заслуг*). Как не вспомнить сегодня как назидательный пример нынешним поколениям управленцев еще об одном факте из истории алашской интеллигенции.

В уже упоминавшемся письме Х. Досмухамедова Г. Бердиеву отмечаются сведения о социальной несправедливости и беззакониях, царящих в Степном крае. Студент Х. Досмухамедов с болью в сердце писал своему другу о развивающихся в степи злоупотреблениях, грязных поступках обирателей, взяточников и аферистов разных мастей, нечистых на руку чиновниках, сеющих раздор и разногласия, их бесчеловечности, бессердечном и безжалостном отношении к народу, произволе, чинимом ими всюду. Автор письма осуждал действия таких администраторов, которые «по приказу», «под видом благотворительности организовали для Красного Креста сбор с баев по 1 барану, с бедняков по 1 рублю и с поступившей суммы оставили начальству 100 рублей». Х. Досмухамедов отмечал, что такая же картина наблюдается и на выборах. Он советовался с другом по поводу кандидатур в волостные правители в родном для обоих округе, предлагая альтернативные кандидатуры вместо кандидатуры Жумакула, «проводника политики ненавистной народу компании Гадучева». Жумакул приходился родственником Халелу. Этот пример также убеждает, что и в студенческие годы Халел Досмухамедов проявлял зрелую гражданскую позицию защитника прав и интересов простого народа, что никогда не поступался принципами правды и справедливости, невзирая на родство.

О наличии в истории такого опыта истинного служения народу непрестанно следует говорить молодому поколению. Чем дольше мы будем помнить об алашских деятелях, тем реже будем испытывать горечь разочарования в испытаниях на приверженность справедливости, состраданию и милосердию, способности каждого из нас проявлять личную ответственность за происходящее вокруг, противостоять лжи, мздоимству, не поддаваться соблазну корыстного и алчного обогащения за счет окружающих. Постигание поучительной истории Алашского движения и его деятелей одухотворяет и переполняет нас самыми высокими, благородными чувствами.

Успешно противостоять новым вызовам времени, в условиях внутренних и внешних угроз, кризиса ценностей цивилизации, отстаивать интересы нации – обязанность нынешних поколений.

Строительство сильного суверенного Казахстана невозможно без возрождения интеллигенции, потому ныне роль интеллигенции еще более возрастает. Это вопрос о роли интеллектуального, сознательного фактора в ходе строительства демократического правового государства, о развитии духовности, о повышении социальной активности и ответственности каждого человека.

Таким образом, алашская идея, рожденная в начале XX в., продолжает служить интересам независимого Казахстана. Пройдет время, придут новые поколения, но и в последующие десятилетия и столетия достойное наследие общественной мысли и духовного опыта Алашской интеллигенции будет поддерживать казахстанский народ в потоке истории.

Немеркнущий путь Алаша и светлые образы его деятелей навсегда останутся в памяти поколений...



**Дукенбаева Зада Оразғалиқызы**  
Мемлекет тарихы институтының  
деректану, тарихнама және Отан  
тарихы бөлімінің бас ғылыми  
қызметкері, тарих ғылымдарының  
докторы, профессор.

**Талғатбек Манаш  
әл-Машанитегі**  
Әл-Фараби атындағы Қазақ  
Ұлттық университетінің  
3 курс студенті



## **XXI - ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ**

Қазақстан Республикасының дамуы ұлттық, жалпыадамзаттық және демократиялық құндылықтар мен ұстанымдар негізінде биік мұраттарға бағыт түзеп келеді. Тәуелсіздік жағдайында әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық реформалардың іске асырылуы еліміздің мәдени-рухани өміріне жаңа сипат, тың мазмұн беруде. Осындай реформалық өзгерістер отандық тарих ғылымының

мазмұнымен, құрылымымен бірге, оның әлеуметтік қызметіне де, жаңартушылық ықпал жасады. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Тарих дегеніміз өткеннің ғана сабағы емес, ол едәуір дәрежеде болашақтың да көрінісі. Қазақ тарихы фактілердің өлі қоймасы емес, бұл өзі орасан зор дәйектеуші және дәлелдеуші күш» [1] - деген тұжырымы теориялық және әдіснамалық тұрғыда тарихи сананың жаңару үдерісіндегі кешенді міндеттерімізді айқындайды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей тапсыруы бойынша, 2009 жылы Қазақстан үкіметінің қаулысымен егеменді еліміздің бір топ белгілі тұлғаларының, елеулі мәдени-тарихи оқиғалардың мерейтойлары аталып өткені белгілі. Соның бірі – Алашорда үкіметінің 90 жылдық мерейтойына байланысты өткізілген мемлекеттік кешенді іс-шаралар, сонау ХХ ғасыр басындағы айтулы ғалым Ахмет Байтұрсыновтың: «Ұлым деген ел болмаса, елім деген ұл қайдан тусын» деген даналық сөзінің бір жарқын дәлеліндей болды. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жастарын отансүйгіштікке баулып, тәрбиелеуде мұндай мәдени-рухани шаралардың маңызы ерекше екені сөзсіз.

***Кешегі Алаш идеясы – бүгінгі тәуелсіз Қазақстан!*** Алашорда басшысы Әлихан Бөкейханов бастаған ұлт зиялыларының ХХ ғасыр басында қазақ автономиясын құрмақ болған алғашқы ұмтылыстарын, саяси күресін, жалпы Алаш қозғалысын зерделеу, тәуелсіздіктің арқасында ғана жүзеге асқаны ақиқат! Алаш қозғалысы – Отандық тарихымыздың негізгі құрамдас бөлігі ретінде қайта қаралып, зерттелуде. [2] Қоғамдық ғылымдардың мазмұны тоталитарлық жүйенің идеологиялық ықпалынан арылып, тарихи дамудың ақиқат болмысын қалпына келтіру бағытында түбірлі жұмыстар атқаруда. Мемлекеттік маңыз алған тәуелсіз тарихи сана қалыптастыру бағытында концептуалдық тұрғыда қайта қарауы тиіс мәселелер мен тақырыптар жеткілікті. Ұлт тарихы тек қана саяси, әлеуметтік-қоғамдық оқиғалардан ғана емес, сонымен қатар ұрпақ жалғастығынан, өміршең дәстүрлерден құралатыны да белгілі. Сол игі дәстүрлерден тағылым ала отырып, мемлекет, әлеумет, жеке адам күшін түзейді, бағытын айқындайды. Халқымыз жүріп өткен ұзақ жолдың шежірелі күндеріне көз салсақ, тарих

ата жадына тоқыған талай тағылымды істерді көрер едік. Қазақ тарихының ақтаңдақ беттеріндегі ұлттық құндылықтарымызды жаңа қозқарастар тұрғысынан зерделеу бүгінгі күн талабы. Елбасымыздың «Қазақстан-2050» Стратегиялық бағдарламасы бойынша бірнеше басым бағыттарды айқындап берді. Соның бірінде, бүгінгі таңда елімізге білімді, білікті азаматтар тәрбиелеу керектігі айтылған. Бүгінгі ұрпақ – ертеңгі ұлт болашағы, сондықтан даналардың даналық сөздерінен ғибрат, тағлым алып өссе, еліміздің ертеңі айқын болары даусыз. Қазақ тарихының осындай белесті асуларының бірі – Алаш қозғалысы. Бүкіл қазақ даласын азаттық идеясына жұмылдырған бұл ұлы қозғалыстың тарихы мен тағылымы уақыт өткен сайын айқындалып келеді. Алаш қайраткерлері ұлтты ұлт ететін талай-талай шаруаны бастағаны, жолға салғаны белгілі. Сол Алаштың өткен тарихын халқына қайтаратын ақтаңдақ оқиғалардың айқындалатын уақыты жетті. Ұлттық-мемлекеттік межелеуге дейінгі Алаш тарихы Отан тарихында белгілі деңгейде зерттелгенімен концептуалды тұрғыда қарастыруды, ғылыми зерттеу бағыттары алдыңғы қатарға шығарып отырған күрделі тарихи үдерістердің себеп - салдарлы байланыстарын, ортақ заңдылықтары мен ерекшеліктерін айқындау, ғылыми-зерттеу жұмыстарында тың әдіснамалық тәсілдерді қолданып, жаңа концептуалдық бағыттарды игеруді қажет етеді. XX ғасыр қойнауындағы қазақ интеллигенциясы тарихына қатысты кезеңінің деректік негізі бай. Алайда, бұл бай деректік қазына осы уақытқа дейін ғылым жолымен игерілмей келеді. Оның үстіне, бертінгі заманның деректері салыстырмалы түрде молырақ болғанымен, әрірек уақыттың, әсіресе ғасырлар қойнауына енген сайын деректер тапшылығы айқын сезіледі. Осы орайда, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының қолдауымен «XXI-ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» Жалпыұлттық байқауының да басты мақсаты «Алаш» қозғалысының мұраларына қатысты тың ойларды ортаға салып насихаттаулары өте құптарлық жағдай.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізді, оңы мен солын таныды. Халықаралық деңгейде бай тарихы бар, іргелі мемлекет ретінде таныла бастады десек, артық айтпаған болармыз. Сондықтан,



бүгінде еліміздің мемлекеттілігі туралы тарихын қозғау қажеттілік болып табылады. Бүгінгі егемендігіміздің, тәуелсіздігіміздің тарихында Алаш атын аспандатқан арыстарымыздың үлесі орасан зор екендігі дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Олар келер ұрпаққа қиыннан қиып жол салып, еркіндіктің отын өшпестей етіп тұтатып кетті. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің іргетасы, бастауы – осы Алаш арыстары: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жаһанша, Халел Досмұхамедовтер, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаевтың т.б. Ақ Тумен көтерген тегеурінге бергісіз батыл, мемлекетшіл және отандық идеясы болатын. Алаш қайраткерлері атқарған тарихи міндеттің де зор маңыздылығы осында. Елдігіміздің тұғырын көтеруде Елбасымыздың игілікті мақсаттарымен Алаш азаматтарының ниеттері арасында үлкен сабақтастық жатыр. Мемлекет Басшысы өзінің Жолдауында «Бабаларымыз тірі болу үшін бір болса, біз әрдайым ірі болу үшін бір болуымыз керек» деп тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат ететінімізді жариялады. Және оның ең басты шартын да атады: «Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз деуінің өзінде үлкен астар жатқандығын байқаймыз. Бұл ретте атқаруға тиіс міндетіміз – жасампаз және өміршең ұлт қалыптастыру жолында еңбек ету, осы мұратқа жеткізетін заңдық негізі қуатты, қоғамдық тетіктер (механизм) жасау. Соның бірі - Алаш қайраткерлерін ардақтаудың деңгейін биікке көтеруді бұдан әрі кешіктірмеу. Алаш арыстарының рухын жас ұрпаққа сіңіру үшін, бұған үкімет кешенді түрде келіп, баса назар аударуы тиіс.

Тарихқа тағзым, өткенге, елге, жерге, Отанға деген құрмет болып табылады. Осы мақсатта Семейде, Батыс Қазақстандағы Жымпиты елді мекендерінде Алаш қозғалысының 90 жылдығына арналған саябақ, сонымен қатар Алаш арыстарына арналған ескерткіш-монументтің ашылуы ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздік мұратына қол жеткізу бақыты біздің ұрпақтың маңдайына бұйырды. Алашордалықтардың ұлы жолдағы арқалаған аманат жүгінің, халқына жасаған қайырымды ісінің жалғастырушысы бүгінгі елдің азаматтары мына – Сіздер мен біздер. Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев: «Алаштың» басты

мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Бұл біздің жедел жаңғыру, яғни модернизация бағытымызға да сай келеді... Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті... [3]. Өткеннің мұрасына мұқият қарауды Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов, сынды арыстар өсиет етіп қалдырды. Алаштың асыл аманаты бізге тарихи-мәдени бірегейлігімізді, қарапайым тілмен айтсақ, қазақы қалпымызды қасиеттеп сақтауға міндеттейді. Алаш қайраткерлерінің асыл аманаты біздің ауызбірлігімізді күшейтуге шақырады», – десе, бүгінде біздер тағдыр сыйлаған тәуелсіздік таңының атқанына жиырма екі жылдық қарсаңында тұрмыз. Өшкенімізді жағып, жоғалтқанымызды тауып, ұмытқанымызды жаңғыртып, тарихымызды түгендеп жатқан жаңару кезеңдерінде кешегі күні тіпті есімдерін еске алуға, аттарын атауға болмайтын Алаштың арыстары ортамызға оралып отыр. Тәуелсіздікті құрметтеу, тәуелсіз елдің азаматы бола білу – оның қасиеті мен қадірін түсінудің айқын жолы өз халқының жүріп-өткенін білуге, құрметтеуге барып тірелетініне сөз жоқ. Қаншама бабаларымыз бостандық жолында күреске шығып, «ұлтшыл, халық жауы» атанды. XX ғасыр басындағы ұлтымыздың алыптар шоғыры қазақ әлеміне шоқ жұлдыздардай жарқырап шығуы – елдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен тығыз байланысты болатын. Олардың көксеген армандары XX ғасырдың басында бой көтерсе, ғасырдың аяғында орындалды. Еркіндікті, бостандықты аңсаған ата-бабаларымыз «Алаш» деп бар қазаққа ұран тастады. Сол тайғанақты тар жол, тайғақ кешуде өз өмірлерін, қасиетті жолда бастарын құрбандыққа шалды. Еліміздің болашағы жарқын, келешегі кемелді болуы үшін Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының ұйтқы болуымен «XXI - ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» тақырыбында Жалпыұлттық байқауының өткізілуі Алаш зиялыларына деген үлкен Азаматтық парыздары мен тағзымдары деп түсінеміз. Болашаққа үлкен сеніммен қадам басу – өткенді саралап, сабақ алудан басталады. Тарих тағылымы – дамуымыздың басты факторларының бірі. Дамуымыздың барысының өзі бізді бабаларымыздың өмірі мен ісіне байыппен үңіліп, олардың жетістіктерін бағалап, жеңілістерінен сабақ алу.

даналығын бағамдап, олар ашқан ақиқатты пайымдау қажеттігіне әкеліп тірейді. Еліміздің өткенінен сабақ ала отырып, біз бүгінгі жаңаруларда жаңылыспауға тиіспіз.

Еліміз тәуелсіздік алып, жариялылық самалы ескеннен бері, төл тарихимызда да жабық тақырыптарға жол ашылып, бұрынғы тоталитарлық жүйенің кейде айла-шарғысымен, кейде күштеп таңуымен мызғымастай орнығып келген қатаң тарихи әдіснаманың көбесі сөгілді. Қиғаш пікір, оғаш ойлардың бұрыстығы дәлелденіп, бір саусағын ішіне бүккен зымиян саясаттың бет пердесі сыпырылды. Тарихымыз үшін бір ауыз сөз айту қиынға соққан бір дәуірдің тарихы қайта қаралып, бірте-бірте ақтаңдақтардың да орны толтырылуда. Қазақ зиялылары туралы алыс-жақын шетелдік ғалымдарының зерттеулерінде орын алуы, «Алаш» қайраткерлері мұрасының өміршеңдігінде. 1992 жылы Түркия ғалымы Фирьет-бей Тамыр Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы жөнінен докторлық диссертация қорғаса, /4/ 1993 жылы жапон тарихшысы Уяма Томохиконың «XX ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының дүниетанымы. Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» кітабы туралы» атты диссертациясының пайда болуы үлкен жаңалық болды. М. Дулатовтың мәдени және қоғамдық-саяси қызметін саралау арқылы XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында интеллигенцияның атқаратын рөлін анықтауды мұрат тұтқан Уяма Томохиконың зерттеуі Жапония тарихнамасында қазақ тіліндегі деректер негізінде жазылған тұңғыш ғылыми жұмыс болды /5/. Біздіңше, бұл ғылыми диссертациялық зерттеу қазақ мәдениеті, тіпті жалпы Қазақстан тарихы туралы жапондар жазған алғашқы ғылыми туындылардың бірі болып табылады. Жапон тілінде жазылып, Токио университетінде қорғалған Уяма Томохиконың түйінді пікірі: «М. Дулатов орыс патшасының жауы болды, орыс халқына жаулық еткен жоқ. Дулатов орыс мәдениетінен үйренуге шақырғанда, ол мұны орыс мәдениетін жақсы көргендіктен жасаған жоқ, реалист және прагматик ретінде өз халқының адамзат өркениеті көшіне ілесуі үшін, орыс мәдениеті мен тілінің оң әсерінің қажеттігін айқын сезінді. М. Дулатов өнер мен білімнің, ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдалануға өз жұртын үгіттей отырып, халықты алға тартуда интеллигенттердің

рөлінің маңызын жете түсінген аса ірі мәдени қайраткер болды» - деп түйіндеді У. Томохико. [6]

Алаш арыстарының ұлттық мемлекет құруды көздеп, елді бірлікке шақыруы, ең басты құндылық – егемендікке деген ұмтылыс болатын. Халқының азаттығы мен бақыты жолында жан сала күрескен, сол жолда құрбан болған Алаш ардақтыларының сан - салалы асыл идеялары бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан жағдайында бірте-бірте жүзеге асуда. Кезінде, Алаштың арыстары атанған ұлтымыздың ұлы перзенттерінің халқына жасаған ұшан-теңіз еңбектері, рухани мұралары қазақ өз елінің иесі болып тұрғанда мәңгі жасай бермек. Тарих тағылымына терең бойлаған сайын. бүгінгі тәуелсіз, бейбіт күннің қаншалықты ауырлықпен келгенін түсінеміз. Еліміздегі еркіндік пен сөз, ой, ар-ождан бостандығының қоғамдағы тыныштық пен ұлттар арасындағы ынтымақтастықтың, береке мен бірліктің бағасына жетіп қоймай, өскелең ұрпақтың ойына азық, бойына қазық етіп сіндіру қажет. Тарихқа тағзым, өткенге ғибадат – Отанға, туған жерге деген құрмет ел ертеңі жастарымызды ұлтжандылыққа тәрбиелейді. Бұл өмір заңдылығы. Қазақстанның Ресейге бодан болғаннан бергі тарихындағы ХХ ғасырдың алғашқы ширегін «Саяси күрестермен рухани жаңару кезеңі» деп айтуға әбден болады. Бұл кезеңде саяси күрес сахнасына Ресейдің аса үлкен ғылыми, саяси орталықтарында білім алған, сол кезеңдегі Еуропадағы саяси күрестің беталыс, бағдарларынан әбден хабардар, экономика, құқық тарихы мен теориясын терең меңгерген қазақ зиялыларының үркердей озық ойлы тобы шықты. Олар қазақ елінің Еуропа мемлекеттерімен салыстырғанда, экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени тұрғысынан өте артта қалғандығы патша үкіметінің отарлық саясатының кесірінен екенін толық түсінді. Сондықтан, қазақ халқын өзге дамыған мемлекеттердің қатарына қосу үшін білім ала отырып, өзге мемлекеттердің саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық дамуына ықылас қойып, қазақ халқын бүгінгі деңгейге жеткізу үшін саяси-күрес аренасына шықты. Олар саяси күрестің бірінші кезеңін Еуропаша білім алу деп түсінді. Қазақ халқының ел билігін ұстаған басшылары оқимын деген жастарды барынша оқуға жұмылдыра білді. Сырым батырдың шөбересі - Салық Омарұлы Өлеңті болысының управли-

телі болып тұрған кезінде, Жаһанша Досмұхамедовты оқытуға көп қаражат жұмсаған. Сондай-ақ, Қуанай Хазіреттің баласы - Ғабдол-Ғалымның Бағдатта діни оқу орнын бітіруіне де көп көмегін тигізген. Тағы сол сияқты өлкеміздегі жастардың білім алуына көмек қолын созған, қаражатпен қамтамасыз еткен озық ойлы адамдар көп болған. Ғасыр басындағы Алаш арыстарының ой-болжамдары мен мақсат-мүдделері бүгінгі ХХІ - ғасыр тоғысымен астарласып жатқандығын көруге болады. Алаштың бір тума азаматы М. Дулатов: «Қазағым менің, елім менің» деген мақаласында: Россияға тәуелді қазақ халқының «ешқандай правосының жоқтығы ыза мен кекті тудырады», ...олар біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға ауыз салуда, ...қазақтардың суы мен шұрайлы жерлерін тартып алуда..., - деп ашына жазды. [7] Кейіннен М.Дулатовтың «Жастарға» және «Біздің мақсатымыз» деген мақалалары жарық көрді. Қазақ зиялыларының басылымдары «Қазақстан», «Қазақ» газеттері, «Айқап» журналы және т.б. басылымдарда дүниеге келді. 1923 жылы А.Байтұрсыновтың 50 жылдық тойына арнап жазған мақаласында М.Әуезов былай деген: «1905 жылы Қарқаралыда Ақаңмен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік хүкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер: *бірінші* – жер мәселесі, *екінші* – қазақ жұртына земство беруді сұраған, *үшінші* – отаршылардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, барлық мұсылман жұртының қосылуын және қазақ жұртын муфтиге қаратуды сұраған. Ақаңдар бастаған іске қыр қазағының ішінен тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған».[8] Ойымызды мақамдай келе, қазақ зиялылары І және ІІ Мемлекеттік Думаның мәжілістерінде де көтерген ойларын ашық қоябілгендігін тарихтың өзі дәлелдеді. ХХ ғасырдың басында біздің өлкеміз сауда жолының негізгі торабына айналды. Патша үкіметі Жайық өзенінің бойында бірнеше әскери бекіністер орнатып, Ресеймен аралықта темір жолдар салып, қазақ жерінің шикізаттарын өз елдеріне тасып, пайда тауып жатты. Орал қаласы және Батыс Қазақстанның шекаралық белдеулері Ресей мемлекетімен саудасаттық байланыстарын орнатты. Бұл сауда-саттық қазақ халқына байлық қаражатын әкелмесе де, алдағы уақытта қазақ жастарының

білім алуы қажеттігін көзі қарақты, озық ойлы адамдары түсіне бастады. Қорғансыз елінің қамын ойлап, бастарын қауіп-қатерге тігіп, бес облыстан жиналған қазақтың зиялылары Әлихан Бөкейханов, Бақытжан Қаратаев, Жетісулық Барлыбек Сыртанұлы, Торғайлық Міржақып Дулатов 1905 жылы желтоқсанда Оралға келіп, саяси ұйым құруға байланысты мәселені талқылауға қатынасады. Осылайша, Орал қаласында саяси ұйым құруға әрекет жасаған, «Қазақ конституциялық демократиялық» партиясын құру жөніндегі әрекеттері мен қажырлы еңбектері ізсіз кеткен жоқ. Бұл 1917 жылғы құрылған Алаш партиясының бастау көзінде тұрған оқиға болды. Қазақ халқы үшін XX ғасыр - «тар жол, тайғақ кешулерден», «соқтықпалы, соқпақсыз жерлерден» тұратын және 30-шы жылдардан басталып, 50-ші жылдарға дейін жалғасқан Сталиндік геноцид ғасыры болды. Қаншама қиындықты бастан өткерсе де, еліміздің бар мақсаты халық болып бірігіп, тәуелсіздікке қол жеткізу болатын. Сан түрлі ұлт пен ұлыстан біріккен еліміз азаттыққа XX ғасырдың соңында ғана әрең қолын жеткізді.

Тәуелсіздік туралы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: **«1991 жылдың 16 желтоқсаны – Қазақ халқының, жалпы қазақстандықтардың жұлдызды сәті. Осы сәттен бастап біздің халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманы орындалды. Қазақ халқы өзінің ата-бабасынан қалған ұлан-ғайыр жерінде өзінің тәуелсіздігін жариялап, оны барша әлемге жария етті»** деп мәлімдеді. Бүгінгі ұрпақ қол жеткізген ұлы жеңісті XX ғасыр басындағы «Алаш» арыстары да мақсат тұтқан. «Алаш» қозғалысының да түпкі мақсаты - біртұтас қазақ мемлекетін құру еді. Бұған Х.Досмұхамедовтың түрмедегі тергеушіге берген мына жауабы дәйек бола алады: «Қазақстан жағырапиялық жағынан біртұтас мемлекет ретінде басқарылуы тиіс. Барлық жоғарғы лауазымдар сайланып қойылуы керек. Егерде, Кеңес өкіметі саяси еркіндік жариялап, еркін партия құруға мүмкіндік берсе, оларға да осы талапты қою керек. Бұл бағдарламаға М.Тынышбаев екеуміз қандай үлес қоссақ, Жаһанша Досмұхамедов те сондай дәрежеде белсене қатысты» - делінген.[9] *Алашорда үкіметінің құрылуына тікелей түрткі болған, 1917 жылғы 5-13 желтоқсан аралығында Орын-*

*борда откен Қазақ мемлекеттілігі туралы мәселе қаралған II Жалпықазақ – қырғыз съезінің ұйымдастырушылары: Ә.Бокейханов, А.Байтұрсынов, М. Дулатов болған. Съездге қазақ сахарасының әр аймақтарынан, Самарқан облысы мен Алтай губерниясындағы қазақтардың атынан – 58 делегат, әр түрлі қазақ ұйымдарының атынан – 8 делегат және арнайы шақырумен – 15 адам, ұйымдастыру комитеті съездге келген делегаттардың тізімінде барлық жиын-терісі 81 делегат тіркелінген. Көп дауыс алған Ә.Бокейханов Алаш автономиясының өкіметі – Алаш орданың торағасы болып сайланды. Алғашқы баяндаманы Ә.Бокейханов жасап, ол жөнінде: «Алашорда бүгіннен бастап қазақ – қырғыз халқының билігін өз қолына алады» - деп қаулы қабылдады.[10]*

Алаш қозғалысы 1917-1919 жылдары халықтың ықыласына ие болған, қазақ қоғамын дүр сілкіндірген, Қазақ автономиясы мәселесін тұңғыш көтеріп, оны іске асырған. Бүкіл мағыналы өмірлерін халқының азаттық алуына, еркін ел болуына арнаған аяулы азаматтар соңғы демдері біткенше сол мақсат жолында күресті. Кеңестік үлгідегі Қазақ автономиясы құрылған кезде, Әлихан Бөкейхановтың тікелей кеңесімен Әлімхан Ермеков Қазақ автономиясының территориясы туралы баяндама жасап, онда әр сөз бен сөз тіркесіне саяси, тарихи, ұлттық, экономикалық, мемлекеттік мағына мен астар берді. Әсіресе, қоныстанушылар қордалана орналасқан, қара топырақты солтүстік облыстардың шекарасын анықтауға және оларды қазақ жерінің құрамында қалдыруға жанкешті дәлелдер іздестірілді. Ал, жер жөнінде, соның ішінде солтүстік облыстардың жер, экономика, шаруашылық, этникалық құрамы мен мәдени шоғырлануына баға беруде сол кездегі кеңес өкіметі ғалымдарының ішінде Әлихан Бөкейхановпен теңдесетін маман да, ғалым да, саясаткер де жоқтың қасы болатын. Одақтас республикалардың ғалымдары мен саясаткерлері Жер туралы заң мен қаулы-қарар қабылдар алдында Ә.Бөкейхановтың пікіріне жүгініп отырған.[11] Баяндамашы Әлімхан Ермеков Қазақ ревкомы мен Ұлттар жөніндегі халық комиссариатының ұсынысына сүйене отырып: Астрахань, Урал, Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Закаспий, Самарқан, Ферғана облысы мен губернияларын

қамтитын жалпы көлемі 3 467 922 шаршы шақырым жерді Қазақ республикасының құрамына беруді ұсынды. Көрсетілген жердің 81%-ын жан саны 5,5 миллион болатын қазақтар пайдаланатынын, бұл бүкіл тұрғындардың 54% - екенін атап өтті. Сөйтіп, 10 тамыз күні комиссия төрағасы А.З.Каменский барлық ескертулер мен ұсыныстарды қорыта келе: «Қазақ республикасын құру - шешілген мәселе, қорытындысы дайындалып, тиісті мекемелер өкімет билігін республиканың басқаруына берудің жолдарын қарастырсын», - деп жариялады. Бұл үлкен жеңіс еді. Алайда, бұл жеңісті тиянақты ету үшін автономияның территориясы мен тұрғындары туралы ұсыныстарды Лениннің алдында қорғап шығуы тиіс болды. Ленин мен Әлімхан Ермековтың көзбе-көз тілдесуінің нәтижесінде, бүгінгі бүкіл қазақ жері Қазақстанның құрамына мәңгілікке қосылды. Автономия мен территория мәселесі 14, 16-17 тамызда талқыланып, 24 тамызда тағы да Лениннің қатысуымен өткен ең соңғы шешуші мәжілісте түбегейлі бекітілді.[12] Қараңғыда қан жылап, айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін бастарын құрбан қылған Алаш азаматтарының ұлтжанды пікірлері, әрекеттері кейінгі буын жас ұрпақтарымызға үлгі өнеге.

Міне, қазақ даласының киелі топырағы асау желмен бір аунап, үлкен қозғалысқа түскен сияқты. Дүбірмен өткен өмір асулары арайлап таңмен таласып, дүниені дүр сілкіндірді. Ел тілегі - егемендік, халық арманының салтанатты шағы туды. Еліміздің тәуелсіздігі – ата-бабамыздың асқақ арманынан туындаған, бүгінгі ұрпақ қол жеткізген ұлы жеңіске терең бойлап, тебірене толғансақ, халқымыздың бастан кешкен телегей – теңіз тарихын көз алдыңнан тізбектеп өткізесің. Әрбір тізбектің өзіндік бір тарихы, күресі бар. Тәуелсіздік үшін сан ұрпақ атқа мінді, айбалта ұстады, «аттан қазақ» деп жар салды. Ол жатса түсінен, тұрса есінен бір сәт кетпеген, ғасырларға созылған ата-бабамыздың қанды жорығының дабылды да, дауылды күресінің заңды жалғасы еді. Кеңес одағы кезеңінде ұлттық тарих мәселелерін зерттеуге шектеу қойылу себебінен, қазақ тарихының көптеген тұстары, шындық сыры ашылмаған күйінде қалып немесе бұрмаланып беріліп, саяси тұлғаларға, батырларға, жалпы қоғамның игі жақсыларына арналған зерттеулер қатаң цензурадан өткізіліп, іріктеліп отыр-



ды. Қазақ тарихының ұлттық мәселелерін алаңсыз зерттеу, соның ішінде айтылмай немесе бұрмаланып келген тарихи оқиғаларды объективті түрде қайта қарастыру мүмкіндігі, тек 90-шы жылдардан, Қазақстанның тәуелсіздік жолына бет бұрған уақытынан кейін ғана туындады.

Қазақтың сан ғасырлық тарихының ең жарқын беттерін жазған Алаш қозғалысы - тарихи-саяси, айрықша құбылыс ретінде ұлтымыздың мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бұрғаны сөзсіз. Өйткені, ол қазақ баласының саясат, мәдениет сатысына көтерілгендігін айғақтай отырып, ендігі жерде ұлт ретінде дербес өмір сүруге, өзге елдермен терезесі тең халық ретінде азат күн кешуге болатындығына әлеуметті сендіре алған жаңашыл қозғалыс еді. Қозғалыстың қарқындылығы мен жаңашылдығы - қазақ қоғамы үшін қиын-қыстау сол бір дүбірлі шақта азаттық ұранын салып, іс жүзінде бытыраңқылық пен мемлекеттік институттар қалыптаспаған сахара төсінде дербес мемлекет идеясын құруға бел шешіп кірісуінде еді. Алмағайып кезеңде амал тауып, халқының басын қосып, ертеңіне сендірген осындай ұлы топ бұған дейін болмағаны тарихтан белгілі. Олар сол тұста кездескен қиындықтардың барлығын жеңе білді, түпкі мақсатқа жету үшін, қандай да болмасын, замана сауалының оңтайлы шешімдерін таба білді. Алаш қозғалысы кеңес өкіметі тарапынан терістелгенімен, оның идеялары ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүріп келді. Оның жарқын әрі бұлтартпас мысалы - тәуелсіздіктің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруы.

Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарапынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» - деп көрсеткен болатын [13]. Тәуелсіздік алған жылдардан бері қазақ қоғамында ұлттық идея жөнінде әңгіме басталып, ол бір толаластар емес. Бұл заңды құбылыс та. Заңды болатын себебі, ұзақ

уақыт отарлық езгі құрсауында қамалған, егемендігін енді орнықтырған, жаһанданудың алдында тұрған халықтың есті ұрпағына ұлтын ұйыстырар идея керек болды. Осы қиын да күрделі, жолда қазақ халқының талай марқасқа ұландары «елім» деп еңіреп, басын бәйгеге тіккен талай арыстарымыз осы жолда опат болғаны тарихтан белгілі. Әрісін айтпағанда, сонау XX ғасырдың басында Алаш көсемдерінің басты мақсаты – туған халқын терезесі тең, тәуелсіз жұртқа айналдыру болған. Бірақ, оның сәті түсе қоймады. Аузын айға білеп, әлемнің алтыдан бір бөлігін иемденген большевиктік империя адымын аштырмай, қан құстырды. Ес жиып, етек жапқан бүгінгі күнде *Алаштық идея* саналы қазақ баласын, елжанды қазақ азаматын қайтадан баурап алу үстінде. Мұның басты себебі. Алаш қозғалысының ең ұлы мақсаты – ұлттық тәуелсіз мемлекет құру идеясымен сабақтасып жатқандығында. XX ғасырдың басында ұлтының теңдігі үшін қауымдасумен де, қаламмен де, қарумен де күреске түскен Алаш қайраткерлерінің пәрменді еңбегі Алаш баласының есінен еш кетпек емес. Оның дәлелі - тәуелсіз Қазақстанның барлық түкпіріндегі қазақ зиялы қауымының ісіндегі, ойындағы Алашшылдық сана. Бұл Алашшылдық сана уақыт жылжыған сайын қазіргі қазақ қоғамында тереңдей түссе, халқымыздың ұлттық өресі де биіктей бермек. Алаш зиялыларының қазақ даласында ұлттық идеяның ұйытқысы болғандығын тарихтың өзі растайды. Бұл жөнінде қазіргі қоғамда әрқилы көзқарастар өріс алып отырғаны мәлім. Осы орайда, бұл мәселеге қатысты көрнекті Алаштанушы М.Қойгелдиев: «Бізге бүгін жалпыұлттық деңгейде қорытындылап, жалпыұлттық деңгейде игерілген, яғни ұлттық дүниетаным мен ұстанымның іргетасы міндетін атқара алатын тарих қажет. Ал, Алаш қозғалысы сол дүниетанымдық тарихтың өзегі. Өйткені, Алаш - халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш - ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни территория ретінде сезінуі. Алаш - ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау харакеті».[14] Әлбетте, Алаш қозғалысы кезеңі мен бүгінгі кезеңнің өзіндік ерекшеліктері бар екендігін жақсы түсінеміз.

Айтпағымыз, Алаш қайраткерлері ту еткен ұлттық сананы көтеру, одан туындайтын қазақтың тілі мен тарихын, өнері мен мәдениетін қазақ ұрпағының бойына сіңіру сияқты іргелі мәселеде Алаш зиялыларының сан-салалы мұрасынан, олардың ерен іс-қимылдарынан алар тағылым мол. Сондықтан да, Алаш қозғалысына өткен дәуірдің тарихы ретінде ғана қарамай, оны бүгінгі заманымызбен үндес өміршең көзқарастар жиынтығы ретінде бағалап, яғни бүгінгі тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатқандығына мән беріп, одан өрісті өнеге, ғұмырлы гибрат алғанымыз ләзім. Еліміздің тәуелсіздігі тарихымызды түгендеуге, рухани болмысымызды бүтіндеуге кең мүмкіндік ашып отырған қазіргі кезеңде ұлт ретінде қалыптасу жолында бедерлене байқалған тарихи белестердің сыр-сипатын зерделеу барынша терең ғылыми ізденістерді қажет етуде. Әлбетте, бұл Алаш қозғалысын зерттеуге де тікелей қатысты. Айтулы қозғалысқа тек саяси-қоғамдық тұрғыдан ғана баға беру тарлық етеді. Қозғалыстың өз дәуіріндегі тарихи мәні айқындалып келеді дей отырып, оның рухани жаңғырығының дәйектей түсер тұстары мол. Мәселен, оны аса ірі рухани-мәдени құбылыс ретінде кешенді түрде қарастырып, осы құбылыстың әлеуметке, жеке тұлғаға ықпалын анықтаудың концептуальды жолдарын қарастырғанымыз абзал. *Ең алдымен*, Алаш қозғалысының қазақ баласына, адамға, тұлғаға, содан шығып, әлеуметке деген көзқарасын дәйектеуіміз керек. Алаш қайраткерлерінің, еңбектерімен танысқанда, олардың ой-пікірлеріндегі гуманистік аңсарды аңғармау мүмкін емес. Әрбірден соң, қозғалыстың өзі - адамға, ұлтқа деген жанашырлықтан туған гуманистік әрекет. Ұлттың еркіндігі мен азаттығы, оны құрайтын жеке адамдардың бақыты мен теңдігі ұранын көтерген қозғалыс - білімі кемел, ой-өрісі кең, мәдениеті жоғары, адам мен қоғамның мәселелерін жетік білетін ұлтшыл ғана емес, гуманист азаматтардың белсенділігінен туғанына күмән келтірмесек, онда бұл тарихи-саяси құбылыстың діңгегі - елжандылық пен адам сүйгіштік екендігіне шүбә келтірмегеніміз жөн. Қандай да болмасын, халықтың ұзына бойғы тарихында гуманизм идеялары бір кезеңде алдыңғы қатарға шығып, ұлттың жаңғыру дәуірін жасайды. Бұл - батыстық ғылымда әлдеқашан дәйектелген, мойындалған

құбылыс. Оны Еуропада «Ренессанс» деп атап, азаматтық тарихта да, әдебиет, өнер, мәдениет тарихында да арнайы тарау ретінде зерттеудің тұрақты нысанына айналған. Қазақ Ренессансының басы - ең данышпан қазақ Абайдан кейін, ұлы гуманистік аңсарды дамытқан, нағыз ренессанстық деңгейге жеткізген - *Алаш қайраткерлері еді*. Елі мен жерінің тәуелсіздігі жолында күресте шыңдала, іздене отырып, Алаш зиялылары өздерін де, өз замандастарын да, өздерінен кейінгілерді де қайраткерлік және қаламгерлік жағынан дайындады, жетілдірді деуге болады. *Алаштың ренессанстық* сипаты Ұлы ұлтшылдық дәуір ғана туғыза алатын Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мұстафа, Халел, Мұхаметжан, Жанша, Ғалел, Әлімхан т.б. қайраткерлерді, Жүсіпбек, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Мұхтар сияқты алып талантиелерін қалыптастырды. Бұл ұлтшылдық - адамсүйгіштік, отансүйгіштік сезімдерінен ой мен іске айналған табиғи талпыныс болатын. Яғни, Алаш қайраткерлерінің ұлтшылдығы өз дәуірі туғызған, қазақ ұлтының алдына сол дәуірдің өзі қойған сауалдарға пікір жүзінде де, әрекет барысында да берген жауабы еді. Бұл жөнінде Мәннан Тұрғанбайұлы: «...Қазақ қатарға кіріп жұрт болсын деген кісі тәрбиенің жолынан айрылмасқа керек, әуелі қазаққа өзінің кім екенін, адамшылық құқығын білдіруге, онан соң жақын ағайын, туғандарын сүйгізіп, міндетсіз қызмет қылдыруға, онан соң Отанын танытып, жақсы көргізуге, ұлт жұмысы, жұрт намысы деген сөзді тоқып көңіліне кіргізуге, сонан соң дүниедегі барлық адам баласы бауыр екенін білдіріп, көпшіл адамды сүйгіш қылуға тырысу керек. Ұлтшылдықты, кісішілдікті айыра білмеген, бас пайдасынан басқаны ойына алмаған, дін хұкімі шарифатқа бас иіп іске асырмаған, әдебиеттен жырақ жатқан қазақ секілді жұртты салғаннан көпшіл қылам демей, әуелі ұлтшыл қылу керек» - деуінде де үлкен мағына бар. Алаш зиялыларының гуманизмі - олардың қайраткерлік әрекеттерінің де өзегі еді. Мұндай гуманизм болмаса, олар ұлт тағдыры жолындағы жанкештілік әрекеттерге де бармас еді. Алаш қозғалысының - қазақтың «Жаңғыру дәуірі» болғандығын, оның елім деген, жұртым деген азаматтардың басын қосқандығымен де дәлелдеуге болады. Абылай заманында сыртқы жаудың қауіп-қатерінен басы қосылған қазақ, Кенесары, Махам-

бет, Абай дәуірінде «Бас-басына би болған» қазақ, Алаш тұсында бас біріктірді, ой біріктірді, қимыл біріктірді. Оның негізінде Отанына, ұрпағына деген ұлы жанашырлық жатты. Бұл нағыз Ренессанстың тамыры боларлық гуманизм. Алаш қозғалысына, одан туындаған Алаш партиясына, Алашорда үкіметіне баға бергенде патшалық Ресейдің 3 генерал-губернаторлығына, қазақтың үш жүзіне бөлініп өмір сүріп жатқан алып даланың оқыған азаматтары ұлт тарихында тұңғыш рет тізе қосып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, туған жұртының азаттығы үшін саяси жолда бас біріктірді. Батысы - Бөкей Ордасынан, шығысы - Жайсаңға дейінгі, солтүстігі – Омбыдан, оңтүстігі - Ташкенге дейінгі аралықтағы ұлтын ерекше сүйетін, оған шын жаны ашитын қазақтар Алаш ұранының астынан табылды. Мұндай саяси-қоғамдық мәндегі ұлы істе ұйысу - ілгерідегі ғасырларды қоспағанда, тіпті берідегі Шоқан мен Абай заманында да болған емес. Яғни, Алаш қозғалысы дәуірі - қазақтың ұлт ретінде бірігу, тұтасу, етене араласу дәуірі болды. Алаш қайраткерлері осы үлкен сынды абыроймен орындай алды. Елді бірлікке шақырды, халықты еркіндікке сендіре алды. Бұл нағыз ұлттық жаңғыруды туғызған ұлы істер толқыны болатын. Алаш қозғалысының тарихы отандық ғылым үшін қазақпен бірге жасайтын мәңгілік тарих. Ұлтының мәңгілігін ойлаған ұлы азаматтардың жүріп өткен жолын, ерлікке татырлық еңбектерін бағалау – бүгінгі ұрпақ үшін, ұлтымыз үшін ең қымбатты құндылық.

Дәстүрлі қазақ қоғамында жас ұрпаққа тәрбие беру үдерісінде оларға тарихи білім беру негізгі міндет болып есептелді. «Жеті атасын білмеген жетесіз», деген қанатты сөз осы уақытта туса керек. Ұлтты ұлт ретінде қалыптастырушы маңызды факторлардың бірі тарихи сана мен таным екені сөзсіз. Демек, ұлттық тарихымызды санаға сіңірмей, дұрыс көзқарас қалыптаспайтыны белгілі. Бұл екі егіз ұғым бірігіп, тұтастай бір ұлттың бойында адамгершілік, отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталады. Жаһандану мен әлемдік бәсекелестік ғылым мен білім саласының сапасына да бұрын-соңды болмаған міндеттер қоюда. «Қазақстан қандай бағытта дамуда немесе біз қандай қоғам құрдық ??» - деген мәселелер күн тәртібінде тұр. Оны талқылауға

экономистер, саясаттанушылар, әлеуметтанушылармен қатар тарихшылар да өз үлестерін қосуы тиіс. 22 жыл ішінде көптеген мұрағат қорлары ашылды. Халықаралық байланыстар нығайды. Қазақ тарихнамасында көптеген істер жүзеге асты. Дегенмен, зерттеушілердің алдында үлкен міндеттер тұр: **Бірінші кезекте**, ұлт тарихының зерттелу методологиясын жетілдіру, алдағы уақытта өтетін Алаш қозғалысының 100 жылдық мерейтойын мемлекеттік және жалпыұлттық дәрежеде аталып өтуіне тарихшылар қауымы белсенді түрде ат салысу; **Келесі іргелі мәселе** – Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу кезеңдерін дәйектеуде жас ұрпақты Алаш идеясымен кең ауқымда жүйелі түрде таныстыру, отаншылдық рухта тәрбиелеу мақсатында Алаш қозғалысына, Алаш қайраткерлеріне қатысты құжаттар Алаштанушы ғалымдарымыздың еңбектерінде көрініс тапса. Кәсіби тарихшылар қауымы осы деректер негізінде ортақ тұжырым қалыптастыру бағытында еңбектенсе. Мұндай қадамның болашақ үшін маңызы өте зор болар еді. **Үшінші өзекті мәселе** – ұлттық тарихты оқытуда жоғары оқу орындарында, колледждерде, мектептерде еліміздің ертеңі жастарды отансүйгіштік рухта тәрбиелеуде Алаштану пәнінің рөлі зор болмақ. Бұған ғылыми потенциал да, материалдық мүмкіндіктер де жеткілікті.

Ойымызды қорытындылай келе, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының қолдауымен «XXI-ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» Жалпыұлттық байқауын өткізуі өте өзекті. Бұл жалпы қазақ елінің «бір жеңнен қол, бір жағадан бас» шығара қолдауға тұрарлық идеясы. Алаштың көкірегі ояу, көзі ашық ұлдары өз өмірін елінің еркіндігі, келер ұрпақтың жарқын болашағы үшін құрбан етті. Әр қазақ өзінің тарихын білуге міндетті, ал Алаштың 100 жылдығын тойлау - дегеніміз тарихқа терең үңілу, олай болса Ақжолдықтардың бұл бастамасын мемлекеттік деңгейде өткіздіртсе, нұр үстіне нұр болар еді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев *Ғасырлар тоғысында*. Алматы, 2008. 256 б.
2. Н.О. Назарбаев *Тарих толқынында*. Алматы, 1997. 435 б.

3. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанның болашағы қоғамдық идеялық бірлігінде. Алматы: «Қазақстан», 1993.
4. Қазақстан республикасының конституциясы, 2005. 3-б.
5. Ә.Бөкейхан Таңдамалы, Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 1995. 31-б.
6. Н. Әшкеев Ә.Бөкейхановтың ұлттық мемлекет құрудағы ұстанған негізгі принциптері // Ақиқат . 2002 , №3, 50 -55 б.
7. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, Санат, 1995. 23-28 б.
8. Нұрпейісов К. Алаш Ғәм Алашорда. Алматы , Ататек, 1995. 156 б.
9. Марат Ескендірұлы Әбдешев «Алаш Орда министрлері». Алматы, Раритет, 2008. 3-6 б.
10. Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алматы, Қазақ Университеті 1992. 68-71 б.
11. Т.Жұртбай Алаш идеясы. Астана. 2008. 65-70 б.
12. Дүкенбаева З.О. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы. Алматы. 2003. 330 б.
13. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995. 366 б.
14. Алаш-Орда: Сборник документов. Алматы: Айқап, 1992. 191 с.

**2-ші номинация: «АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ  
ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
КӨЗҚАРАСТАРЫ, ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ  
ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ӨЗЕКТІЛІГІ»**





**Қайымов Мұқағали  
Джамбайұлы**  
Халықаралық Бизнес  
Академиясының  
4-ші курс студенті

## **АЛАШТЫҢ МҰРАТЫ**

*Эссе*

Қалың бұқара қазақ елі кез-келген тақырыпқа сипат бергенде, неше түрлі теңеулерді үйлестіріп, сөздің төркінін анықтап, оны дәлелдермен қазықтап таба білген. Алайда, жетпіс жыл отар болып, біз үшін басқалардың ойлағанына көніп, өзгелердің көзқарасын білуден бұрын өзіміздің көзқарасымызды білмей қалатынымыз тағы бар. Өйткені, халықты жойғысы келгендер ең алдымен сол халықтың тарихын жоятынын белгілі. «Менің елім – Қазақстанның» тарихын жойғысы келгендер зиялы тұлғаларымыздың мінез-құлқын теріс бағалағанын көп байқадым. Ең жаманы - сол идеологияны біздің жастардың санасына енгізгісі келгендігінде. Осы себептен де, байқауды ұйымдастырушыларға алғыс білдіре келе, мен азат қазақ халқына үлгі болар қандастарымыздың экономикалық көзқарастарын, Кеңестік заманның кітаптарыменен емес, шынайы құжаттың, хаттардың түп-нұсқасы бойынша жиналған кітаптарды қолдана отырып, Егемен елдің жастарының нарық заманындағы экономикалық көзқарасымен бағдарлауды жөн көрдім.

Жазылған ЭССЕ-нің экономикалық тақырыбы кең ұғымды түсінік беруі үшін, тарихи деректерді хронология бойынша баяндамай, экономикалық-менеджмент, экономикалық-саясат, экономикалық-қаржылық түрлерде сипаттадым. Жазылған еңбекте, өзімнен бір жаңалық енгізейін деп, бір ғасыр бұрын болған оқиғаларды қазіргі замандағы экономикалық көзқарастармен бағамдауға тырысып, әрі тақырыпта көрсетілгендей, Қазақстанның қазіргі жағдайы үшін, өзектілігіне тоқталдым. Әр көзқарасты нақтылай түсу үшін, ЭССЕ-ні реттік сандар бойынша бөлуге мәжбүр болдым. Ал, енді олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып өтер болсақ:

1. Алашорда үкіметінің экономикалық менеджмент тұрғысынан жапондық «кайзен» секілді жүйелерден гөрі американдық модельді дұрыс көргендігі. Яғни, басқаруда ұлтшылдық емес, ұлтжандылық принциптің болуы. Дәлел ретінде, Ә. Бөкейханов ұлттық автономияны жариялау барысында үкіметтегі 25 орынның 10 қазақтармен бірдей Қазақстанда мекендейтін басқа ұлт өкілдеріне беру туралы ұсынысын ала аламыз. Ә. Бөкейхановтың бұл істі экономикалық тұрғыдан тиімді деп бағалағанына еш күмән жоқ. Себебі:

а) Адам капиталының шектеулігімен байланысты мәселе шешіледі;

ә) Өндірістік факторларды игерген шетелдік мамандардың мотивациялануына күш береді;

б) Әлемдік буржуазиялық күштерден инвестициялық салымдар алуға үлкен қолдау болады;

в) Экономикалық тұйықталу жүйесінен ажыраудың ұтымды жағдайларына алып келеді;

Осындай зор стратегиялық маңызды ой-түйіндерді байқай келе, бізге тек осы азаматтарды мақтан тұту ғана қалды. Ойымды тағы да нақтылар болсам, большевиктер ымырасыз қарсылықта идеологиялық артықшылықтарын байқатты. Қалай? Большевиктер ең алдымен элеуметтік мәселелерді шешуге уәде беру арқылы қалың көпшілікті өз жағына тарта бастады. Ал, «тақыр жерге тары шықпасын» ұғынған қандастарымыз экономиканың тамырына алдымен қан жүргізу қажет екенін түсініп, жоғарыдағы нәтижелерге жетуге мүдделі болды. Ағымдағы жылдары Қазақстанның осыған

ұқсас, жаһандандық инвестициялану үдерісінен үмітті екенін білгеніміз жөн.

2. «Ауруын жасырған өледі» демекші, жалпы жер бетіндегі әрбір халықта бар, ал қазақ жерінде ерекше дамыған экономикалық дерт жемқорлықты атап өтуді парыз көрдім. Өлгі осы күнге дейін шешімін таппай жүрген бұл дертпен Алашордашылардың қалай күрескенін 2 желтоқсан 1917 жылы шыққан «АЛАШ» партиясының Семей облыстық комитетінің ашылуы мен құрылтай жиналысына депутат сайлау барысы туралы редакциялық «Алаш партиясы» атты мақаладан көре аламыз. Онда: *«Алаш программасынан таймайтын, отірік айтпайтын, шыннан қайтпайтын, жақындық, туыстыққа бүйрегі бұрмайтын, дүниелікке қызығып сатылмайтын, шыншыл, адал, тура кісі кіреді.»*- деп жазылған. Әрине, резюмеде адам өзінің мінез-құлқын мақтап жаза алатындай, бұл партияға кіргісі келгендер жоғарыда аталған қасиеттерге лайықты болмаса да, өзін соған балап келуі мүмкін деп ойларсыздар. Алайда, мақаладағы жазылған түйін – партияға қабылданудың өзінде көрініс табатын жемқорлықтың болмауы. Яғни, азаматтарды партияға қабылдауда ешқандай дүние талап етілмейді деген сөзі деп түсінемін. Дулат Бабатайұлы жырлап кеткендей: «Келелі биде кезек жоқ, Қу тиын болыс сайлауы...» - атты сөздерін санаға түйіп, «балық басынан шіритіндігін» түсінген зиялы қауым, алдымен өздерінен бастап осы дерттен құтылғанын баяндайды. Экономикалық жағынан тиімділікті тағы да нақтылай түсер болсам:

а) Американдық үлгідегі атқарушы билікке сайланудағы демократияның дамуына алып келеді;

ә) Қазақ өлкесіндегі бытыраңқы партиялардың интеграциясы есебінде ортақ үкімет құруға алып келеді. Бұл өз есебінде сол кездегі Әнияр Молдабаев жауапты болған қазынаға оң әсерін береді;

3. 1917 жылы 2 желтоқсанда Торғай уезі Земствосының қарарларымен таныса келе, Алашордашылардың экономиканы жақсарту үшін атқаруға бел буған негізгі іс-әрекеттерді байқаймыз. Құжат бойынша: *«Торғай уезінің земский собраниесі 16-21 октябрьде болып өткен собраниеде қаралған мәселелер мынау:*

### *10) Ярмарка жэяйі.*

*11) Шаруашылық ісін алға бастыру қамы: суларды жсаю, су-сыз жерлерді суландыру, жердің ағашын молайту, егін, шабын, қорықтарды қорғау шарасы, шаруаға керек машиналар складын ашу.*

### *12) Мал саулығы*

### *13) Малды асылдандыру*

Бұл жайт бойынша, Алашордашылар қазақ нарығындағы тау-ар айналысын жақсарту арқылы оның дефицитін шешудің жолын іздестірді. Меркантилистердің пікірі де, физиократтардың пікірі де ескерусіз қалмады. Өйткені, жәрмеңкеде негізгі тауар - жеміс-жидектер нарықта сатылу үстінде. Экономикалық көзқарас бойынша, А. Смиттің «көрінбейтін қол» теориясы негізінде тұтынушылардың мүддесін қорғай отырып, саудагерлердің, жер баптаушылардың, малшылардың өнертапқыштығын молайту деп түсінсек болады. Сонымен қатар, шаруашылықта қолданылатын машиналар складын ашу арқылы автоматтандыруды да мақсат тұтқанын атап өту арқылы экономика тұрғысынан, Қазақстанның 2050 жылға бағытталған стратегиясының кейбір пунктерімен қабысатын дүниеге тап боламыз. Алашордалықтар көздеген экономикалық тиімділікті нұсқалай өтейін:

а) Тауар **дефициті**нің мәселесі тауар ұсынысы мен сұранысының артуымен шешіледі;

ә) Суларды жаю арқылы егістіктің мәселелері шешіледі, малдарды асылдандыру арқылы олардың санын көбейтеді. Себебі, **астық пен мал** қараңғы қазақтардың жәрмеңкеде ұсына алатын тауарлары екенін білді. Өйткені бізде, техника тапшы, тұрмыста қажетті құралдарды өндірмейміз. Яғни, қандастарымыз осы екі саладағы нарықта басымдылыққа ие болуға тырысты. Және де машиналар складына салынатын техниканың өзін де, осы жәрмеңке есебінен толтыруды көздегені анық.

б) Жердің ағашын молайту арқылы егістікке де, мал шаруашылығына да жәрдем бере алады. Қалай? Егістікті топырақ эрозиясынан сақтаса, ағаш түбіне паналайтын жануарлар қалдықтары арқылы грунт қабатын құнарлатуды көздейді. Сонымен қатар, қандай да егіс болмасын, қазіргі орылып болған жерде,

малдардың жайылуы, сол малдың етті, сүтті болуына оң әсерін тигізеді;

в) Машиналар складын салу арқылы техниканы диверсификациялайды және де шаруашылықтың барлық түрлерін автоматтандыруға мүмкін алады. Бұл өз кезегінде шаруашылықтардың экстенсивті ғана емес, **интенсивті** де дамуына алып келеді;

4. Әрине, жаңадан құрылып келе жатқан автономияның қазынасы шектеулі бола тұра, әлеуметтік шараларға қалай ақша бөлгендігін кішкене қарастырып өтейік. 5-13 желтоқсан 1917 жылы болған, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Сағындық Досжанұлы, Міржақып Дулатов шақырған «Жалпы Қазақ-қырғыз съезінің кейбір қаулыларына» назар аударсақ:

2) *Бүліншілікке, ашаршылыққа ұшыраған Жетісу Қырғыз-қазағына нәм түрікпенен талан-тараж көрген қазақтарға да бүкіл қазақ облыстары болып жан басы бір сомнан жәрдем берсін. Бұл ақша байға байша, жарлығы жарлығы әділдікпен бөлініп жиналсын. Бұл ақшаны тез жиюып тапсыру жергілікті управаларға міндет.* Халықтың жағдайы экономикалық тұрғысынан шведтік салықтық модельге ұқсас төлем жинауға мәжбүр етті. Мұны біз байға байша, жарлығы жарлығы әділдікпен жиналған төлемнен көре аламыз. Алайда, Алашордашылардың көзқарасы шведтік модельден әлдеқайда жоғары болды деп ауыз толтыра аламын. Себебі, шведтерде бұл салық ретінде болып, тапқан табысына байланысты төлесен және аз табыс табуына байланысты, мемлекеттен жәрдем алуың халықтың әрдайым тоқ болуына алып келеді. Ал, егер адам жұмыс істемей де тоқ болатын болса, халықтың жалқаулығына алып келеді. экономикалық бейберекетсіздік пайда болады. Ал, бізде бұл модель зардап шеккен аумақтарға ғана қолданылды. Міне, ата-бабамыздың көрегенділігінің белгісі. Құжат бойынша:

*Сиез Міржақып Дулатовтың докладын бап-бабымен тексеріп, ұлт мектебін қоркейтуге ешкімнің таласы жоқ екенін еске алып, алдымен қазақ тілінде бастауыш нәм орта мектепте оқытатын оқу құралдарының жетіспеуін атады.*

*Әрбір жазылып даяр болған кітап тоқтаусыз басылып отырсын. Жазылған кітаптардың неше дана басылатынын*

*һәм оларды бастыру үшін қанша ақша керек болатынын комиссия мәлшерлесін. Кітап басу үшін комиссия керек қылған мәлшердегі ақшаны облыстық земстволар тоқтаусыз жинап тапсыруға міндетті болсын. Яки бұл ақша халық қазынасынан алынатын болсын.* Бұл жерде, адам капиталының өте жоғарғы құнды актив екенін ескере отырып, мамандардың білімді болуы үшін, Алашордашылардың қанша шығын болса да өтеуге даяр екендігін көрсетті. Яғни, біз мұны ұзақ мерзімді инвестиция ретінде қарастырамыз. Экономикалық тұрғыдан қарапайым көзбен кітапқа көп шығын кететіндей болып көрінер, алайда білімсіздіктің өзі үлкен шығын екенін білгеніміз абзал. Білімсіз ұрпақ – тамырсыз ағаш. Осындай терең, озық ойлы ата-бабамызға алғысымыз шексіз. Құжат бойынша:

*9) Алашордасына сиез тапсырды:*

*а) ұлт қазынасына қарыз ақша алуға.*

*б) өзге автономиялы көрші халықтармен одақтасу жайына сөйлесуге, мұның шарттарын бекітуші Алаш құрылтайы.* делінген. Осы құжатта көрсетілген мәліметтерге сүйене мен Алашорда қайраткерлерінің экономикалық көзқарасын екі бағыт бойынша түсіндім. Біріншісі, қазынаға қарыз ақша алу деген сұрақ туындағанда, қазіргі таңда АҚШ-тың федеральді резервтік қоры ойға түседі. Өйткені, «Бреттон-Вудс конференциясының жемісі» ретінде, барлығымыздың «Currency board» жүйесіне кіріп қалғанымызда болып тұр. Өкінішті. Ал, ХХ ғасыр басында қарыз ақшаны қайдан алады? Міне, осы жерден бастап, Алашорда қайраткерлерінің сол кезде Каспий жағалауында жүрген ағылшындармен емес, көрші автономиялы мемлекеттермен одақтасу арқылы мәселені шешу жолы болып есептеледі. Олар алпауыт мемлекеттерден қарыз алдым дегенінше сол алпауытқа құл болдың деген экономикалық заңдылықты білді. Қарызды қарыз қылып алу соңғы қарыз алушыға тиімді деген принцип орындаларына кәміл сенім болғандығы білінеді. Екіншісі, жоғарыда аталған қазынаға ақша қайдан түседі деген сұрақтан туындайды. Еш күдіксіз, егемендікке үмітті болған автономияның өз қаражатын айналысқа енгізуге де мүдделі болғанын, біз білеміз. Сонда біз не істейміз? Өзіміз-өзімізге қаражатпен қарыз беру арқылы өзімізді-

өзіміз қамтамасыз етеміз. Иә, күлкілі көрінер. Алайда, әлемдегі бір мемлекетті мысал келтірейін. Ол – АҚШ.

Федеральді резервтік жүйе туралы википедиядағы анықтамаға келсек, Федеральді резервтік жүйе – АҚШтың орталық банкінің қызметін атқаратын ұйым жүйесі. Жеке меншік компоненттері бар мемлекеттік құрылым ретінде қарастырылған. Оның құрамына кіретіндер: АҚШ президенті қана тағайындайтын басқарушылар кеңесі, ашық нарық бойынша федеральді нарық, көптеген жеке меншік банктер және де консультациялық кеңес. Сонымен қатар, ФРЖ-нің басқару ерекшелігі акционерлік формада екендігін атап өту керек. Түйін. Орталық банк есебінде болған ФРЖ-нің АҚШ мемлекетіне бағынбайтындығы. Дәл осы жағдай біздің ұлттық банкте де көрінеді. **Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы 2006 ж. 30 наурыздағы N 2155 Қазақстан Республикасының Заңы** бойынша Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Президентіне бағынышты, бірақ өз қызметін жүзеге асыруда оған заңнамада берілген өкілеттіктер шегінде тәуелсіз. Ал енді, айырмашылықтары мен проблемаларға келетін болсақ:

1) ҚР Ұлттық банкі Қазақстан Республикасының аумағында банкноталар мен монеталардың эмиссиясын жүзеге асырады. Бірақ, ҚР-на неснелік ақшалар бере алмайды. Яғни, Ұлттық банк өзі орналасқан мемлекеттен басқа мемлекеттерге несие ақшаларын бере алатын болса, «Currency board» жүйесі бойынша өз мемлекетіне мұндай іс-шараны атқаруға тиым салынған. Осы жүйемен қазір көптеген мемлекеттер қызмет атқаруда. ФРЖ-нің мұндағы ерекшелігі- қарыздық облигация бойынша, АҚШ мемлекетіне несие бере алуында болып отыр. Алашорда қайраткерлерінің осы саясаты да қолданғысы келгені көп «мүмкін» деген сөздердің тізімінен алынбайды. Өйткені, 31 желтоқсан 1917 жылы жарық көрген автономия болудың маңыздылығын түсіндірген редакциялық «Алаш бірлігі» атты мақалада:

*«Автономия ешкімнен жәрдем сұрамайтын һәм ешкімге жалтаң болмайтын өз алдына бір патшалық болады. Бәлек патшалық болатын әр жұртқа алдымен үш таяныш болмақ: қазына, дөкер һәм үкімет.»* - делінген. Міне- дәлел.

Қазір барлығымыз байқағандай, АҚШ мемлекеті сыртқы қарыз бойынша әлемде бірінші орын алып, 9,133 трлн доллардан асып кеткені байқалады. Бұл қарыздың көп бөлігі ФРЖ тиесілі. Сонда байқайтын жайт, АҚШ-қа қанша ақша керек болса, ФРЖ жүйесі сол шығындарды басу үшін несие бере алады. Міне, АҚШ-тың әлемнен жинастырған және оны экономистері құрастырған осы қиын жүйені өзіміздің Алашорда қайраткерлерінің білгендігіне дәлел. ҚР-нің сыртқы қарызы 135 млрд доллар ғана. Соның кейбіреулері:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік борышы

Банктер:	АҚШ доллары
Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі	1 634 362
Азия Даму Банкі	713 463
Еуропа Қайтақұру және Даму Банкі	112 828
Ислам Даму Банкі	95 641
Сауд Даму қоры	6 169

Көңіл аударатын мәлімет, мұндағы ҚР Ұлттық банкінің болмағаны. Жоғарыда аталған жағдайларды ескере, түсінгеніміз Алашорда қайраткерлерінің сол кездегі экономикалық көзқарасы қазіргі уақыттағы Қазақстан Үкіметіне үйренуіне қажетті өзекті тақырып болып тұр.

5. Жалпы мемлекеттердің көпшілігінде биліктің үш түрі болатыны бәрімізге мәлім. Олар: атқарушы билік, Сот билігі, қателеспесем, Парламент билігі. Осы тізімге жақында елбасымыз Н. Ә. Назарбаев бұқаралық ақпарат билігін қосуға болады деген ой айтты. Бұл экономикалық тиімді, сөзсіз, бірақ осы тізімге тәуелсіз билік ретінде тағы бір пункт қосу керектігі туралы Әлиқасан Бөкейхановтың кадет партиясынан шығу себептерін түсіндірген 23 желтоқсан 1917 жылғы «Мен кадет партиясынан нәле шықтымын» атты мақаласында атап өтті: *Француз, орыс нәм өзге жұрттың тарихынан көрінеді: молла үкіметтен ақша ала, сатылып кетебі. Рухани іс аяқ асты болабы. Жалование алған моллалар үкіметке жетекші болып еріп кетебі. Біздің қазақ-қырғыздың ісін көркейтер болсақ, үкіметтің ісінен бөліп қойсақ он бола-*



**ды.** Яғни, бұл биліктің тағы бір өзге түрі – Діндік басқарма. Себебі, Діндік іс пен Дүниелік іс қатар жүретін, бір-біріне анда-санда қарап қоятын паралельді үдеріс болғандықтап, оларды бір-бірімен жабыстырып қойғаннан, ниеті түзу еместердің көлеңкелі бизнеске қосар үлесі артып кетеді.

Кейде, «Алаш қайраткерлері қазіргі таңдағы еліміздің егемендігін көрсе не дер екен?» деген ойлар келіп жатады. Елім деп жанын пида еткен бұл қандастарымыздың әрбір көзқарастары, ойлары, өлең жолдары, әрбір сөздері ағымдағы Қазақстан елі үшін әрдайым өзекті бола бермек. Осындай ұлттың ұлдарының қазақ елінің жалпы тарихындағы өшпес орнын әрқашанда мен өнеге тұтам. Жалпыұлттық байқау ұйымдастырушыларына жалынды қазақ жастарының атынан үлкен алғысымды білдіремін! Жүлдеден үмітті болмасам да, жүлдеге лайықты болған, елінің тарихына, қазігі жағдайына көңіл бөлетін, елдің болашағына алаңдайтын қазағымның қасында бір сәт болсын бірге болуға, ой бөлісуге, мұнымды шертуге, олардың пікірлерін ұғынуғы үміттімін. Бәлкім, олар менің «Алаш» атты партия құрып, елдің жоғын жоқтайтын, туын бірге ұстайтын партиялар санын толықтыруға деген үмітіме қолдауменен қанат бітірер.



**Әлімжанова Арайлым  
Мағашқызы**

Семейдің Шәкәрім атындағы  
мемлекеттік университетінің  
«Экономика және бизнес»  
кафедрасының аға оқытушысы,  
экономика магистрі

**АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕ  
КӨТЕРГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Шаруашылық, экономика мәселелерінің адам мен қоғам өмірінде қаншалықты орын алатындығы, маңыздылығы жайлы «Айқап» (1911-1915ж.) журналының редакторы М.Сералин былай деп жазыпты: «Ғалымдар дүние тіршілігін бір соғыс майданына ұқсатады. Ол соғыс майданын шаруашылық соғысы (экономическая война) деп атайды. Бұл соғыстан қан төгілмейді, ләкин қан төгілген соғыстан да сипаты жаманырақ, шаруашылық соғысында кәсіп, өнер басқасы қанды соғыстағы зеңбірек, мылтықтан да бетер адам баласын қырады. Бұл соғыста адамы көп жеңбейді. Білігі, ғылымы, өнері артық жұрт жеңеді. Соның үшін мейлі көшелі бай бол, енді келешек балаларымызды ғылым құралымен құралдандыруымыз тиіс. Егер де, балаларымыз шаруашылық соғысында бөтен халықпенен бәсекелесуге жарай алмай, құл болып қалмасын десек... Шаруашылық бабындағы құлдық – ешбір емі табылмайтын құлдық».

Қазақ халқы өмірінде шаруашылық, экономикалық мәселелердің қаншалықты маңызды екендігін Алаш қайраткерлері де

жақсы түсінді. Олардың алдыңғы қатарында А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Шоқай, Т. Шонанов, Ә. Лекеров, Р. Мәрсеков, М. Ермеков, М. Әуезов және т. б . тұлғалар бар. Соның ішінде, ұлтымыздың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, үлкен ғалымы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов Қазақстанның әлеуметтік - экономикалық және мәдени өркендеуінің қат-қабат мәселелерін түсіндіруде баспасөздің қызметіне аса маңыз берді. Ол сонау жас жігіт кезінің өзінде-ақ газеттерде мақалалар жариялады.

Әлиханның қаламынан шыққан мақалалардың көпшілігі «Қазақ» (1913-1918 ж.) газетінде жарияланды. Газет аптасына бір рет (1915 жылдан бастап аптасына екі рет) төрт бет болып шығып тұрған. Басылым қоғамдық – саяси және т. б . мәселелермен қатар әлеуметтік – экономикалық жағдаяттарды да ұдайы жазып тұрған. Осы тақырыпты да үзбей жазатынын газеттің алғашқы нөміріндегі «қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту, сауда, кәсіп, жер – су, егін – таран, мал шаруасы жайынан кеңесу» деген жолдар да айғақтайды. Міне, осы тақырыпқа Әлиханның «Қазақта» жарияланған 250 - дей мақаласының бірталайы арналды. Соның кейбіреуіне шолу жасайық.

Ә. Бөкейхановтың қазақ даласына Ресейдің Еуропалық бөлігінен қоныстандырушылар легін реттеу, жалпы қоныс аудару саясатына байланысты жазған «Жер жалдау жайынан», «Уақытта», «Қазақ жігітіне», «Үшінші дума және қазақ», «Төртінші дума және қазақ», «Дума және қазақ», «Сусағанның түсіне су кіреді» атты мақалалары газеттің 1913 жылғы сандарында басылып шықты. Аталған мақалаларда Әлихан думаның қазақтарға байланысты саясатын сынға алады. Бірінші және екінші Думада қазақ халқы әр облыстан бір депутат сайлағанын, ал кейінгі үшінші және төртінші думаларға өкімет шығарған заңға сәйкес қазақ халқының депутат сайлау құқығынан айырылуы, әсіресе, қазақ жерінің талапайға түсіп кетуіне ықпал етуі мүмкін деп қауіптенеді. Соның бір дәлелі ретінде «7 декабрьде 1911 жылда Дума әлгі законды екінші рет қарастырды. ... Көптігіне сеніп, сөз тындаған 3-ші Дума емес....

Осылайша, Түркістан қазағына да Жетісу, Семей, Ақмола, Торғай және Орал қазағының кебі келді. Енді Түркстанда қазақ жерін алғанда «закон» деп алады.

«Әлі жеткен алып та жығады, шалып та жығады» деген осы – дағы», - деп наразылығын білдіреді.

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті беттерінде қазақ даласында жерге орналастыру, отырықшы норма төңірегінде қызу пікірталас өрбіген еді. Бұл мәселеде, Әлихан ымыраға келмейтін ұстанымда болды. Отырықшылыққа байланысты «Қазақ» газетінде оның: «Жауап хат», «Екі жол», «Он төрт тоғыз бола ма?», «Башқұрт жері» сияқты мақалалары жарық көрді. Осы еңбектерді қарап отырып, басы ашық бір нәрсені айту керек. Әлихан отырықшылыққа қарсы болмаған, тек соны қалыптасқан жағдайға қарай дұрыс жүргізілуін талап еткен. Оны қалай жүргізуге болатынын ашып, көрсетіп отырған.

Мысалы, «Жауап хат» деген еңбегінде «Қазақ надан, қазақ көшпелі, қазақ мәдениетсіз, қазақ жоғалып кетеді. Бұған жер неге керек» деп оттаған дұшман да бар. Жоғалатын халық өспейді....

...Мемлекет қазақты өзінің баласының бірі қылса, қазақты осы тұрған шаруасын бұзбай орналастырар еді. Сонда, қазақ неше жылда эволюция жолымен бірте – бірте отырықшы болар еді», - деп жазыпты. Бұдан біз, Ә. Бөкейхановтың шаруашылық түрін революциялық жолмен емес, эволюциялық жолмен жүргізуді жақтаған прагматикалық, экономикалық көзқарасын анық көреміз.

Әлихан, қазақ шаруашылығында өнеркәсіптің маңыздылығына да мән беріп, басқа салалармен салыстырғанда оның алатын орнының қаншалықты екенін бағамдай білген тұлға. Оның шет жағасын Әлекеңнің 1915 жылы «Қазақта» жарық көрген «Жауап хат» мақаласынан байқауға болады. Ол Хасен деген адамның газетте жарияланған хатына орай жазылыпты. Әлихан әңгімені алыстан қозғап, «Завод ісі жұрттың жалпы шебер, көнбіс, ұста болуына байлаулы. Қазақ білетін атақты Зингер киім машинасы Америкадан келеді. Мұны біздің Россияда істеуге қызмет атқаратын жұрт шеберлігі кем. Завод ісі мәдениет дәрежесіне байлаулы. ...Біздің Россияда мәдениеті төмен. Жақсы нәрсе шығаратын завод, фабрика жоқ. Істеген ісі сарт шегесі, сарт бөзі сияқты. Жақсы киім, жақсы нәрсе ұстайтын адам бұларды Англия, Бельгия, Франция, Германиядан алғызады» – деп жазыпты.

Бағамдап қарасақ, осы аздаған жолдарда көптеген мағыналы ой жатыр. Соның ең бастысы, Әлихан айтып кеткен ой-пікірдің бүгінгі заманмен үндесіп жатқандығында. Жоғарыда аталған Еуропа елдерінің өнеркәсібі осыдан жүз жылдай бұрын Ресейден алда болса, бүгінде де алда. Техника мен технологиясы болсын, сапа жағынан болсын, ілгерілеушілік басым. Экология, қалдықсыз өнім өндіру мәселелерінде де жағдай осылай. Сондықтан, өткен ғасыр басында айтылған сөздің бүгінгі Ресейге ғана емес, Қазақстанға да қатысы бар.

Бұл сын, ескерту әлі де болса ескіре қойған жоқ. Еліміз егемендік алып, өз экономикамызды, өз қолымызбен өрге сүйрейтіндей заман туып, өнеркәсібімізді заман талабына орай дамыта бастағанымыз белгілі. Осы 20 жыл ішінде қыруар жұмыстар атқарылды. Экономикасы өркендеген АҚШ, Батыс Еуропа, Жапония және т. б. елдерден мол инвестиция тартылып, қазіргі заманғы жаңа үлгідегі техника мен технология, қаржы - қаражат келді. Бұлар негізінен мұнай - газ, металлургия секілді салаларға салынды. Бірлескен кәсіпорындар жұмыс істей бастады. Сөйтіп, өнеркәсіп ел экономикасының локомотивіне айналып, қалған салалардың дамуына ықпал етті. Дегенмен осы үрдісте шешімін табатын келелі мәселелер әлі бар. Соның бірі өнеркәсіптегі ұлт мүддесіне, ұлттық кадрларды дайындау мәселесіне де байланысты. Шетелдік менеджерлердің еліміздегі өндіріс орындарына тек білікті мамандарды ғана емес, қаптатып жұмысшы күшін де әкеліп жатқаны белгілі. Әрине, мұндай жағдайдың орын алуына белгілі бір мөлшерде өз жастарымыздың өнеркәсіп саласына, техникалық мамандықтарға деген енжарлығы, шенеуніктердің салғырттығы да әсер етуде. Әлихан айтқандай, әлі де болса жалқаулық, бойкүйездік, олақтық халқымыздың бойынан келмекке кетті деп айтуға келмес. Осы олқылықты реттеу мақсатында кейінгі жылдары Қазақстан үкіметі техникалық мамандықтар бойынша оқитын студенттерге арналған гранттар санын көбейтуде. Шетелдік компаниялар басшыларымен жасалған шарттарға ең алдымен жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту, біліктілігін арттыру үшін оқыту, әлеуметтік жобаларды қаржыландыру, экологиялық шараларды жүзеге асыру сияқты баптар енгізілуде

Жалпы, жоғарыдағы Әлихан жазған мақала тек өнеркәсіп қана емес, ауыл шаруашылығы, мал тұқымын асылдандыру, сауда жасау мәселелерін де қамтыған. Сол жазғандары да әлі күнге маңызын жоғалтқан жоқ. Әсіресе, одан Әлекеңнің мал шаруашылығына айрықша назар аударғанын аңғаруға болады. Ол ойын жәй ғана айта салмайды. Экономикалық тұрғыдан негіздейді. Әлихан былай деп жазады: «Әр нәрсені амалын біліп, өз орнына жұмсаса, іс көркейеді. Мал бағуға жұрт шебер болған соң, осы малды қазақ айналдырғаны жөн.

... Мал тәрбиелеп өсіріп, қызмет атқарса, байлық тапқан деген сол болады. Қазақ осынша жерде шалқып жатып, мал басын қосып шаруа қыла алмай отыр».

Бұл сөзді, қазіргі күнге қаратып айтсақта артық болмас. Өйткені, бүгінгі күнгі қазақтың мал шаруашылығы экономикамыздың жетекші саласына жатпайды, тіпті жалпы ауыл шаруашылығының үлес салмағы да төмен. Бұл саланың өнімдері негізінен ішкі қажеттіліктерімізді ғана өтеп, экспорттық басымдылыққа жете алмай отыр. Ал әлемдік нарықта, мал өнімдеріне деген сұраныс ешқашан толастаған емес. Бұл саланы ілгері дамытып, мол табыс көзіне айналдырудың басты бір жолы, мал тұқымдарын асылдандыру екенін Әлихан жақсы түсінген. Оны аталған мақалада, жылқы, сиыр, қой шаруашылығы тәжірибесінен алынған мысалдармен, мәселен ағылшындардың араб атын жетілдіру арқылы, әлемдегі ең жүрісті ат тұқымын шығарған, алысқа бармай – ақ, орыс мұжығы жергілікті қазақ сиырына асыл тұқымды бұқа салып, өте етті қалмақы ірі қара тұқымын шығарған, ал профессор Кулешов қазақ қойының етіндей жер үстінде ет жоқ екенін жазған дей келе Әлихан былай дейді: «Бұрын ақша болмаған. Өмір керегі жалғыз малмен орнына келетін.

...Енді заман өзгерді. Базарда бағаланғаны пұл болады. Қазына басы көпке байлаулы емес, базарда ақша болатынға байлаулы. Енді жарыстан қалмайын десең, мал сүйегін асылда». Ә. Бөкейханның тағылымды осы тұжырымына алып қосарымыз жоқ.

Жалпы, жоғарыда аталған еңбектерінен – ақ, Әлихан Бөкейханның қазақ шаруашылығының жағдайы, экономикалық ерекшеліктері, тұрмыс – салт, дәстүрі мен байланысын жақсы

білген, оның мықты жақтары мен қатар осал тұстарын да терең сезінген, оның даму келешегін де болжай білген, теориялық біліктілігі мен қоса тәжірибесі де толысқан экономист ғалым деп білеміз. Соның арқасында, ғылыми ізденістерге толы, көптеген дерек, фактілері мол тамаша мақалалар жазып, өзінің ой – пікір, көзқарасын халыққа жеткізудің ең бір қолайлы жолы қазақ баспасөзі деп түсінген, ұлтжанды азамат. Сонымен қатар, 19 ғасырдың соңы – 20 ғасырдың басындағы жаңа қалыптасқан қазақ баспасөзіндегі экономикалық тақырыпқа алғаш түрен салған, оның сан – салалы түрі бойынша, замана талабына орай талай құнды мақалалар жазған, бірегей тұлға, қарымды қаламгер деп есептейміз.

Көрнекті қоғам қайраткері, үлкен тілші ғалым, түрколог, ағартушы, дарынды аудармашы, публицист, педагог, ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсыновтың (1873 – 1938) экономикалық ой – сана, көзқарасына да қайран боласың. Оған жарқын дәлел болатыны - артында жазып қалдырған еңбектері.

Соның бірі, әрі бірегейі 1915 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Шаруалық өзгерісі» атты мақала. Бұл көлемді еңбек басылымның сегіз санында редакциялық бағанда жарияланыпты. Ал әділін айтқанда, оның негізгі авторы газет редакторы А. Байтұрсынов деген дұрыс болар. Бұл пікірді жақтайтын адамның бірі академик К. Сағадиев. Ол кісі аталған еңбекке «В восьми номерах газеты «Казах» за 1915 г. был помещен цикл статей под общим заголовком «Изменение хозяйства». Статьи эти были редакционными и справедливо полагать, что автором и редактором их был Ахмет Байтұрсынов. По глубине и принципиальности поднятых в них проблем их можно было бы назвать экономическим манифестом Ахмета Байтұрсынова и всего движения «Алаш», - деген жоғары баға беріпті. Сонымен қоса мақаланың басты авторы Ахмет екенін «... Осы айтылған облыстардың ішінде әсіресе жақсы білетінім туған, тұрған, көбірек оралып көрген облысым Торғай облысы» - деген жолдар да белгілі бір мөлшерде айғақтайды.

Бір атап кетерлігі, бұл мақала газетте шыққанымен, кез келген ғылыми журналда басуға болатын зерттеу еңбек деп санаймыз. Өйткені, ғылыми сипаты басым. Енді соған тоқталып, алдымен мақаланың атауына назар аударайық. Шаруалық өзгерісі

деп экономикалық өзгерістерді айтып отырғаны түсінікті. Бұл тұрғыдан келгенде өз тілімізге өте сәтті аударылған. Автор шаруалық өзгерісін шаруалық тарихы деп алсақ теріс емес дей келе, соның тарихына тоқталады. Оның қалай басталып, қалай дамығанына шолу жасайды.

А. Байтұрсыновтың өзі айтқандай шаруалық жайына арналған «Қазақ пайдасындағы жерді алу турасындағы низамдар, бұйрықтар», «Тағы да жер жайынан» деген мақалалары «Айқап» журналында, ал «Қазақ» газетінде «5 мың десетина жер», «Көшпелі һәм отырықшы норма», «Уақ қарыз», «Егін егу», «Шаруа жайынан» деген еңбектері жарияланды.

Келесі сан қырлы тұлға Міржақып Дулатов (1885-1935) – ақын, ағартушы, педагог, журналист, жазушы, қоғам қайраткері. Сонымен қатар, қазақ қауымының сан алуан әлеуметтік – шаруашылық жағдайы, тұрмыс – салты, қоғамдық тіршілігін терең сезініп, соның өзекті мәселелерін мақалаларына арқау еткен азамат. Басқа да Алаш қайраткерлері секілді оны қазақтың ең зор мәселесі – жер қатынастарының қалай өрбу жағдайы аса толғандырды. Оны көрнекті әдебиет сыншысы, академик Р. Нұрғалиевтің «Тіршіліктің шешуші тұтқасы, адам баласының байлығының кіндігі – жер мәселесін Әлихан Бөкейхановтан бастап алаштың көзі қарақты қайраткерлері ерекше көңіл бөліп, көптеген еңбектер, зерттеулер, мақалалар жазған. Бұлардың бел ортасында Міржақып Дулатов тұр», - деп жазған пікірінен де аңдауға болады.

Өткен ғасырдың бастапқы жылдарында халық арасында жер төңірегінде екі түрлі пікір қалыптасқаны белгілі. Біреулері елді жеткілікті мөлшерде жер алып, мал мен егін шаруашылығын өркендетіп, отырықшылыққа шақырса, екіншілері – жаппай отырықшы болуға қарсы шықты. Осы мәселе жөнінде «Айқап» журналының бетінде өрбіген пікірталасқа М. Дулатов та қатысты. 1911 жылы жарияланған «Жер мәселесі» атты еңбегінде Міржақып: «Рас, қазақ халқының жер – суға ие болып, жаз – жайлау, күз күзеу, қыс қыстауда тарлық көрмей төрт түлігі сай болып, тай құлындай, тоқты қоздап, қосты жылқы, желілі түйе, отарлы қой, қайғы жоқ, еріккеннен бірінің малын бірі қуып, кең далада құлан – киікше сайран етіп жүрген күні болған, ол күндер енді қоздерінде ғана



елестейді. Мұның себебі не, халықтың өсіп, жердің өспеуі һәм тозуы, қазақ жері патша мүлкі саналып, сол себепті миллиондап жерсіз мұжықты хүкіметтің қазақ жеріне қондыруы, бұл тілеусіз қонақтар келе бастағаннан бері жер тарылып, ата – мекеннен ірге қозғалып қазақтың шаруасының күйзелуі, 15 – 20 жылдан бері бұл көшпелі мұжықтардың келіп бітуінің ұшы көрінбей, бұлай болғанда енді аз жылда қазақ халқы ең жаман жерге сорлап қалып ақырында пақырлыққа жетуі ықтимал....- деп жазады.

Бұдан басқа қарымды қаламгер «Біздің мақсатымыз» («Серке», 1907) және өзі редактор болған «Қазақ» газетінде «Қазақ ауылында ашылған «Уақ қарыз серіктігі» (1914), «Қостанай уезінен» (1915), «Кооперация яғни бірігіп іс жүргізу» (1914), «Земство не нәрсе» деген еңбектерінде патша үкіметінің отаршылдық саясатын айыптап, қазақ халқының иелігіндегі жерлердің тартып алынып, дворяндар мен помещиктердің, генералдар мен байлардың меншігіне айналғанын, қазақ арасындағы мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы, сауда кәсібі даму жағдайын сөз етеді.

Алаштың әйгілі қайраткері **Мұстафа Шоқай** да саясатпен қатар, өндіріс пен ауыл шаруашылығы мәселелеріне назар аударып, мақалалар жазыпты. Оның осы қыры туралы зерттеуші С. Смайыл былай деп жазыпты: «Өз басым Мұстафа Шоқай мен «Яш Түркістан» қазақ баспасөзіне қазіргі заманғы немесе халықаралық журналистиканың қағидасы (элемент) мен үнсырын алып келді деп есептеймін. Бір ғана мысал. Сонау 30 – шы жылдары жарық көрген мақташылық туралы мақалада дерек те, дәйек те, мағлұмат көзі де, ең бастысы, салмақты сараптама бар. Қаламгер Әмудария мен Сырдың суын сұраусыз егіс алқабына бұрып, алып аймақты мақта плантациясына айналдыру түптің түбінде Арал теңізінің тартылуына әкеп соғатынын батыл болжаммен ескертеді...» [3].

Мұстафа қазақ жеріндегі көші-қон қозғалысы мен отарлау саясатына да ашық та батыл көзқарасын білдірген қайраткерлердің бірі. Мәселен, оның пікірінше, Қазақстанды советтік отарлау шаруашылық өмірді ұйымдастырудың бір жақтылық және шикізаттық ұстанымын қалыптастыру арқылы Ресейге барынша тәуелді етудің жолы. М.Шоқай советтік жер саясатының «Құлаған

патшалықтың ескі саясатын еске түсіреді» деп сынағаны белгілі. Осы жолда ойларын, пікірлерін ашық айтты [4].

Қазақтың шаруашылық мәселелеріне көңіл бөліп, құнды еңбектер жазған келесі бір көрнекті ғалым – **Телжан Шонанұлы (1894 – 1938)**. Ол экономикалық мәселелерге арналған кітап бастырып, мақалалар жазып қалдырған адам. Мысалы, оның қаламынан «Қазақ жер мәселесінің тарихы» (1923)», «Отчет общества киргизского края за 1924 год» (1925) секілді еңбектер шықты. Аудармашылықпен айналысып, орыс тіліндегі экономикалық әдебиеттерді ана тілімізде сөйлетті. Ол Богдановтың «Курс полит-экономии» оқулығын «Тұрмыс жүйесі ғылымының қысқаша курсы» (Орынбор, 1925) деген атпен қазақшаға аударып, оқушыларға түсінікті болу үшін пән бойынша негізгі терминдер мен ұғымдарды да қазақшалап, тұңғыш орысша – қазақша сөздігін қоса берді. Телжанның қазақ экономика ғылымының дамуына қосқан үлкен еңбегінің бірі осы деп есептейміз. Бұдан басқа Каминскийдің «Ауылдағы кооперация туралы» (1924ж.) кітабын тәржімалады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан соң ұлттық тарихымызды қайта қарауға, әсіресе, қоғамдық – саяси өмірдегі ұлт зиялыларының ескерусіз қалған ерен еңбегін пайымдауға мүмкіндік алдық. Солардың бірі – ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақстанның қоғамдық – саяси өмірінде ерекше орын алған, мемлекеттік қызметкер, ірі экономист – **Смағұл Садуақасов (1900-1933)** болды.

С. Садуақасовтың «Қазаққа не керек?» мақаласы «Өртең» газетінде 1922 жылы басылған. Бұл мақала қаламгердің туған ұлты туралы ой-толғамдарының заңды жалғасы деуге болады. Қаламгер «Ой тұрмысты жетектейді, тұрмыс ойды жетектейді» деген ежелден келе жатқан тұжырымның мәніне үңіледі. Қазақ тұрмысы құлдырауының объективті себептерін көрсетіп, оны түзеу жөніндегі ойларын ортаға салады. Қаламгердің пікірінше, шикізатты сыртқа шығармай, қазақ жерінде өңдеген абзал. Бұл мақсатқа тезірек фабрик-зауыт, шойын жол салып қана жетуге болады. Оқуды дұрыс жолға қоймайынша, шаруа жақсармайды. «Оқусыз адам уықсыз тігілген үй секілді»- дейді ол. Автордың пайымынша, қазақ ұлты түгел еңсесін көтермесе, онда оның теңдікке жетпегені. Бұл ойын ол: «Қазақтың теңдігі бес-алты жігіттің төре болғанымен табыл-

майды, осындай жұрттың тіршілігін көркейтетін жұмыстармен табылады»- деп қорытындылайды. Оның мақалалары ұлт ертеңіне қатысты өзекті мәселелерді бүгежектемей, халыққа әрқашан ашық жеткізіп отырғандығымен де бағалы.

Ол әсіресе кооперацияға аса маңыз берген. Өйткені, деректерге қарағанда Смағұл Омбының ауыл шаруашылығы институтының кооперация факультетінде білім алып, 1918-1920 жылдары «Центросибирь» кооперативтер бірлестігінде қызмет етеді. Сондықтан да болар кооперацияға қатысты әжептәуір еңбектер жазды. Соның ішінде «Кооперация һәм қазақ шаруасы» (1924) атты жеке кітапша болып басылған еңбегін Д.Қамзабекұлы: «Қазақстанның экономикасын өркендету жөніндегі ғылыми-көпшілік еңбек деп бағалады».

Алаштықтар Қазақстанның сол тұстағы шаруашылық жайын саралай отырып, соған орай тәуелсіздік кепілі болатын бірнеше басты қағидаттарды атап көрсетіп, экономикалық дамудың бірқатар жолдарын да мегзеді. Соның басты бірі - **жер мәселесі**. Алаш тұжырымдамасының бес ұстанымының бастысы: «Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз Отан жоқ. Әлихан Бөкейхановтың үйғарымы бойынша: «Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игермейінше, жер жекеменшікке де, қоныстанушыларға да берілмейді».

Осы ұстаным бүгінгі егемен елімізде де маңызын жойған жоқ. Өйткені, жер көлемі жағынан ҚР әлемде 9-шы орын алғанымен, елімізде жер пайдалану, оны құқықтық тұрғыдан шешу, заңдастыру нарықтық қатынастар жағдайында өте күрделі жағдайда шешілгені белгілі. Талай дау-дамайдан соң, Парламенттік тыңдаулардан кейін жерді жеке меншікке иелік етуге, оның ішінде ауыл шаруашылығы жерлері жекеменшікке берілетіні туралы заң қабылданды. Алайда бұл шешім дұрыс па әлде бұрыс па ол уақыттың еншісіндегі жағдай деп білеміз. Өйткені, қазіргі заманда жерді талапайға салу фактілері бар екені жасырын емес. Әсіресе, астық мол алынатын құнарлы жерлерден молынан қарпып алған қолы жеткендердің, тіпті келімсектердің барын халық біліп отыр. Қаншама жер учаскесін меншігіне алып, пайдаланбай жатқан «пысықайларда» жеткілікті көрінеді. Бұл жағдай елбасының құлағына да жеткенінен хабардармыз.

Мысалы, 26 қараша 2013 жылы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Астананың бас жоспарын талқылаған кезде пайдаланылмай жатқан жер телімдерін мемлекетке қайтаруды талап етіп:

“Бүгінде елорданы кеңейтіп, халқының санын 2-3 миллионға жеткізу жобасы жоқ. Сондықтан, бірнеше мәселені шешетін кез келді. Мысалы, қала сыртында жеке тұлғалар арзан бағамен сатып алған алаңдар көп. Қазір ол жерлерді кейін құрылыс салу кезінде сатып жіберіп, мемлекет есебінен “жеңіл жолмен” ақша табу үшін пайдаланбай отыр. Жер телімдерін мемлекеттік мақсатта пайдалану үшін тексеруді жалғастыруды прокуратураға арнайы тапсырамын. Біз олардың иелері кім екенін білетін боламыз және дәрежесіне, лауазымына қарамастан, жер телімдері мемлекетке қайтарылатын болады”, – деді Президент.

Жоғарыда Смағұл Садуақасов Голощекиннің өлкені шикізат базасы ету бағытына қарсы шығу саясаты бүгінгі Қазақстан жағдайында әлі де маңызды. Өйткені, Қазақстанда жұмыс істеп жатқан көптеген шетелдік компанияларды еркіне жіберсең әлі де болса бізді тек шикізат базасы ретінде пайдаланғысы келетіні жасырын емес. Оған дәлел болатын деректер толып жатыр.

Ә.Н.Бөкейханов, М. Дулатов, С.Садуақасовтар үміт артып насихаттаған кооперация мәселесі де қазіргі нарықтық экономика заманында көкейкестілігін жоғалтқан жоқ. Алайда оның нәтижесі қандай? Бұл жөнінде профессор М.Кемел былай деп жазыпты: «Смағұл Садуақасов кооперацияны елге қарапайым тілмен түсіндіруге тырысып, арнайы көркем шығарма да жазғанын айттық. Сол еңбекте кейіпкерінің аузына мынадай сөз салады: «Біз, міне, бәріміз де жаспыз! Бір-екі ауылдың арасында қыдыруды білеміз!.. Баяғыдан бері қыдырумен келеміз... қыдырумен ата-бабамыз өтті. Қыдырумен әке-ағамыз өтті! Бәрі де әуелде біздей бозбала еді! Осы күні қартайып шал болды. Ертең өледі... Біз де бүгін бозбала! Ертең біз де шал. Бізге де өлім! Біз осы күні не істеп жүрміз! Ертең неге жарамақпыз? Біз неге оянбаймыз? Біз неге ұйқыдамыз?» – депті. Осы сөз бүгін де өзекті емес пе?! Бүгін де осылайша ағысқа ерумен болмаса ата-анасының байлығымен тоқтықтан есіріп жүргендеріміз аз ба?! Смағұл Садуақасовтың экономикалық тұжырымдары біздердің әрбірімізді, біздерді қоршаған ортадағы адамдарымызды ойландыра жүруі тиіс» - дейді.

Қорыта келгенде айтарым, Алаш қайраткерлерінің экономикалық мәселелер жөніндегі ұстанымы, шығармашылық мұрасы әлі де көкейкестілігін жоғалтқан жоқ, сондықтан да олардың еңбектерін зерттеп, зерделеу уақыт талабы. Ал одан тағылым алып, оны бүгінгі жас ұрпақ санасына сіңіруге ат салысу біздің оқытушылар, ғалымдар қауымы үшін де ардақты міндет, абыройлы іс деп түсінемін.

***Қолданылған әдебиеттер тізімі:***

1. Р.Нұрғали. 7 томдық шығармалар жинағы. Астана: «Фолиант» баспасы, 2005. 3 том, 102 б.
2. Энциклопедия «Айқап» / Бас редактор Р. Нұрғалиев, Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. 83 – 85 б.
3. С.Смайыл. Қазақ әдебиеті, 2009. 26 маусым, 5 б.
4. Шоқайұлы М. Таңдамалы шығармалар жинағы. 2 том. Алматы, Жазушы, 1999. 387 б.
5. Т.Шонанұлы. Жер тағдыры – ел тағдыры. 2 – басылуы (Көмекші оқу құралы). Алматы, «Санат», 1995. 6 б.

**3-ші номинация: «АЛАШ» КӨШБАСШЫЛАРЫ  
ЖҰМЫСТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРУЫ, ЕУРОПАЛЫҚ ЖОЛМЕН  
ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ  
ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ӨЗЕКТІЛІГІ»**



**Шаяхмет Ақылбек Қожаұлы**  
Ахмет Байтұрсынов атындағы  
ҚМУ Медиа-орталығының  
директоры, жазушы,  
филология ғылымдарының  
кандидаты

### **ЕЛІМ ДЕП ЕҢІРЕП ӨТКЕН...**

Қазақ елінің тәуелсіздік жолындағы азапты сапарында «Қазағым» деп тәні өртке шарпылған, «Алашым» деп жаны дерттен алқынған перзенттердің бірі - көрнекті ғалым, білікті аудармашы, ұлағатты ұстаз, белгілі қоғам қайраткері Елдес Омарұлы әділетсіздікпен арыстандай алысқан, жолбарыстай жұлысқан біртуар тұлға еді.

Елдес Омарұлы Қостанай өңірінің Тобыл болысында, қазіргі Таран ауданына қарасты Қожай ауылында 1892 жылы туған. Әкесі Омар ерте хат таныған, ауылдағы сауатты кісілердің бірі болған. Елдес әуелі Ыбырай Алтынсарин ашқан Қостанайдағы екі жылдық қазақ-орыс мектебінде білім алып, кейін Орынбордағы мұғалімдер институтын үздік бітіріп шығады.

Қарт мұғалім Қапаш Шуақиевтың айтуына қарағанда, Елдестің арғы аталары Орта жүздің Қыпшақ руының ішіндегі Қарабалықтың белгілі билері болған. Қоржынкөл ауылының маңайында ертеректе Қаракөз деген елді мекен болыпты. Кейінгі жылдарға дейін сол жерде диқандар бригадасы тұрған. Қаракөз Омардың туған ше-

шесі екен. Жаугершілік жылдары қалмақтан тұтқынға келген қыз екен деген де әңгіме бар.

Елдес аға өзі қызмет атқарған жылдары елдегі балаларды да оқуға алдырып, адам қылуды көздеген, талаптанған жастарға қолдау жасап, қолқабыс беріп отырған. Осы кісінің жәрдемімен оқып шыққан, кейін оқуларын Орынборда жалғастырған қостанайлық жастардың өзі бір төбе. Олардың ішінде Ахмет Тәшбаев, Жүсіпбек Жақаев, Қайдар Ибрашев секілді кезінде ел басқарған азаматтармен бірге Рақатқызы Күләй, Күлқадиша, Күләйім, Қатира есімді қостанайлық қыздар да болған.

Елдестің туған шешесі Шолпан жастай қайтыс болады. Ал Омар атайдың екінші әйелі Ғалия бертінде, 1953 ж. қайтқан. Қаратомарға жерленген. Омардың үш ұл, бір қызы болған. Елдестің інісі Ескендір сұм заманның құрбаны болып кетсе, Ғалиядан туған Әбдеш аурудан 1948 жылы көз жұмған. Бүгінде жасы тоқсанға келген Биғанша Райысқызы Елдесті көзі көрген кісі. Омарқызы Мәруаш болса Қайыңдықөл ауылында (қазіргі Белинский атындағы АҚ) тұрып, тоқсаныншы жылдары қайтыс болды. Ұлы Отан соғысы басталған жылдары Омар ақсақал жетпістен асқан екен. Сол жылдардың өзінде көнекөз қария ауыл адамдарына майданнан келген хаттарды, газеттерді оқып беріп отырған. Кіші баласы Әбдешті ағаларының ауыр жолын кумасын деп әдейі оқытпайды. Өмірінің соңғы күні жайнамаз үстінде өтіп, намаз оқып жатқан кезінде өмірмен қоштасады.

Андаған адамға ағаның өмір жолы да тар жол, тайғақ кешуден құралғанын байқау қиын емес. Елдестің сүйіп алған жары Эльза Адамовна Берте Ташкенттегі неміс елшісінің қызы екен. Олар тұңғыш ұлдарының атын Кенехан қояды. Сол тұстағы достары оны еркелетіп Генрих десе, орыс жолдастары Андрей деп атаған, сүйтіп батыр атасының атын еншілеген жігіттің үш бірдей есімі болыпты. Кенехан Ұлы Отан соғысы жылдарында әскери ұшқыш болып, фашистерге қарсы шайқасады. Ал әкесі тағдыр азабы балаға тимесін деп сақтық жасады ма екен, кім білсін, әйтеуір, оның туу туралы куәлігінде баланың аты-жөнін Генрих Берте деп жаздырады. Асыл ағаның артта қалған жалғыз ұрпағының одан кейінгі тағдыры белгісіз.



Елдес ағаның қазақ тарихында алтын әріптермен жазылып қалуға тиісті үлкен еңбегі оның Ахмет Байтұрсыновпен бірге 1926 жылы Әзірбайжанның астанасы Бакуда өткен тюркологтардың, яғни, түркітанушылардың бірінші құрылтайына (съезіне) қатысуы. Мұнда ол қызықты баяндама жасайды, баяндамасы мамандар тарапынан жақсы бағаға ие болады. Елдес аға Оқу комиссиясының мүшесі болған жылдарда да өнімді еңбек етеді, қазақ мектептері үшін арнаулы оқулықтар жазып, бірқатар кітаптарды орыс тілінен қазақ тіліне аударды. Ғалымның көптеген кітаптары Орынбор, Ташкент, Қызылорда қалаларында жарық көреді. Бұл кітаптардың біразы тілтануға, қазақ тілінің грамматикасына арналса, енді біразы хрестоматиялық негізде құрастырылған. Қалай болған күнде де ғалым қазақ мектебі үшін ауадай қажет оқулықпен қамтамасыз етуге өзі де жан аямай кірісіп, өзге кісілерді де осы мақсатқа жұмылдыра білген. Қазіргі уақытта кейбір тілші-ғалымдарымыз бен аудармашылар орыс тіліндегі көптеген сөздердің баламалары мен қазақша атауын дәл таба алмай, бас қатырып жүрсе, әрі ұстазы, әрі досы болған Ахмет секілді Елдес аға да көптеген қазақ сөздерін ұтымды әрі шебер қолданады. Мәселен, Ақаң публицистиканы көсем сөз, афоризмді ділмар сөз деп атаса, Елдес аға ана тілінде жарық көрген геометрия оқулығын пішіндеме, тригонометрияны кескіндеме деп аударған. Ал математиканы есеп-қисап деп атаған.

Евней Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университетінің профессоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты Сәрсенғали Әбдіманапов: «Ана тілі» газетінде (доңыз жылы, шілденің 20-ы) жарық көрген «Математика қазақшалауға көне ме?» деген мақаласында кезінде математикадан алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарын жасаған Елдес Омарұлы еңбегіне үлкен баға беріп, оның «Пішіндеме» оқулығында теорема – түйін, биссектриса – жарма, радиус – өре, хорда – керме, параллелограмм – қиықша, пропорционал – құрылымдас, фигура – пішін, трапеция – қостабан деп аталып, қазаққа өте түсінікті тілде жазылғанын атап көрсетеді.

Елдес ағаның тағы бір інісі, бұл күндері Қазақ техникалық университетінде қызмет атқаратын ғылым докторы, академик

Марат Қапашұлы Шуақаев өзінің монографиялық еңбегін атақты атасына арнады. Марат Мәскеудегі Орталық кітапханадан Елдес ағаның бірнеше кітабының көшірмесін де алып келді. Сол тұста Қазақ Мемлекеттік баспасының заказы бойынша басылған бұл кітаптар таңдай қақтырмай қоймайды. Мәселен, 1923 жылы Орынборда жарық көрген «Физика» кітабы (бірінші басылым) 400 беттен тұрады. Ал 1928 жылы Қызылордада шыққан «Пішіндеме» (геометрия) кітабының бірінші және екінші бөлімдері (екі кітап) 6000 дана таралыммен жарияланған. Кітаптағы гравюраларды А. Иванов деген орыс суретшісі орындапты.

Елдес ағаның өз қолымен жасаған «Әліпесі» баспадан кітап болып шығып үлгірмеген. Оны кезінде ауыл ақсақалы Асылбек Тәшбаев оқып көріп, «бұл кітапта қазақтың біріңғай байлары мен билерінің сөздері мысалға келтірілген екен, мына күйінде кітап болып шығуы екіталай ғой!» дегенінде, ғалым: «Болашақта бізге осындай кітаптар қажет болады, жата берсін, керек тастың ауырлығы жоқ!» деп жауап беріпті. Қолжазба күйінде қалған тағы бір оқулық әдебиет танытуға арналған. Онда ғалым Өтебайдың «Ақ алтын», Қалқаманның «Сырдария», Илиястың «Құлагер», Сәбит Мұқановтың «Өмір ертегісі» және «Теміртас», Бейімбеттің «Бекберген мектебі» секілді шығармаларынан үзінділер келтіреді.

Ғалымның шешендік үрдісі де, оның сөйлеген сөздері мен жазған мақалаларында анық байқалады. Мәселен, «Араб таңбасы» туралы еңбегінде «ескішілдік деген не?» деген сауал қойып алып, іле-шала: «Ескішілдік деген бұрыннан үйреншікті болып, бойына сіңіп қалған әдет. Үйренген әдеттен бұрылып шығуға болмайды. Бұрын орысша оқып, үйреніп қалған қазақ жігіттері қазақша жаза алмайды. Пішіндемеде кездесетін түрлі атауларды қазақ әрпімен белгілесек, олар бұрын түйе көрмеген жылқының түйеден үріккеніндей осқырынып қарайды... Міне, ескішілдік деген осы. Өзінің үйреніп қалғанынан басқаға осқыра қарайтындық», – дейді. Осынау сөздер күні бүгін де мағынасын жоймаған, біздің қазақ қауымына арнап айтылған сөз секілді әсер етеді. Кезінде қазақ зиялылары осындай сөздерге құлақ қоймағаны өкінішті, әрине!

Елдес Омарұлының Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің мұрағатындағы (3626 іс, 61-ші бума) 1935 жылдың 10 маусы-

мында өз қолымен толтырған жеке парақшада (личный листок по учету кадров) 1892 жылы 29 ақпанда шаруа отбасында туғанын, Орынбордағы Қырғыз мұғалімдер мектебіне 1907 жылы түсіп, оны 1911 жылы бітіріп шыққанын, ал 1918-19 жылдары Алашордада қызмет атқарғанын атап жазған. Осы құжаттағы арнаулы сауалдарға Елдес аға орыс тілінде: «работал председателем Кустанайского отделения Алаш-Орды и комиссаром Алаш-Орды по Кустанайскому уезду в 1918-19 г.г. Постановлением коллегии ОГПУ осужден по ст. 58, пар 10 и 11, заключением в концлагере 10 лет. Находился в заключении с 1929 г. по 1933 г. В июле 1933 г. освобожден досрочно», – деп жауап берген. Ал еңбек тізімінде негізгі мамандығын оқытушы және әдеби қызметкер деп қосарлап көрсеткен. Осыдан-ақ Елдес Омарұлының Қазақстанның оқу-ағарту ісіне қыруар еңбек сіңіргенін көреміз.

Қазақша жазу туралы жаңа ережелерді де Елдес аға дайындап, оған Қазақстан Республикасының сол тұстағы оқу комиссары Нұғыман Балаұлы, қазақ комиссиясының бастығы Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ комиссиясының жаршысы (секретарь) Елдес Омарұлы қолдарын қойған. Ғалымның орыс тілінде жазған «О сочетании звуков казахского языка» деп аталатын еңбегінде қазақ тіліндегі 43 дыбысқа, соның ішіндегі 9 дауысты және 34 дауыссыз дыбысқа терең талдау жасалған.

Жиырмамыншы жылдардың аяғында Елдес Омарұлы қазақтар араб жазуын қолданғаны дұрыс па, әлде латын әрпіне көшуі қажет пе деген пікірталаста сөйлеген сөзінде араб таңбасының артықшылығын ғылыми деңгейде дәлелдейді.

«Тағы да жазуға келгенде, біздің оңнан солға жазуымыз әбден дұрыс, өйткені, адамның табиғаты жаратылысында солай. Мәселен, жіп иіргенде қазақтың әйелдері оңнан солға қарай иіреді. Солдан оңға қарай иіруге олардың табиғаттары көнбейді, ыңғайлары келмейді. Жазу да осы сияқты. Тек біздің орысша жазып үйреніп қалғандарымыз ғана оңнан жаза алмайды. Сонан соң, солдан жазуды мақтап, жорта жылдам жазылады деп, тәжірибесіз демагогтікке салынады» – деп жазады.

Елдес Омарұлы: «Мәскеуге барған қазақтың жігіттері мен әйелдерінен қай ұлттан боласың деп сұрасаң, қазақпын деуге ар-

ланып, жапонмын дейді», – дей келіп: «Бұл не?! Қазақтан жиренгендік. Ақылы соған өлшенгендік. Латын әрпін аламыз деушілер де қазақтың қазіргі әрпінен жиренеді. Ол олардың орысша үйреніп қалған әдеттерінен шыға алмай, сырты сұлуға еліктегенінен шыққан әдет» – деген қорытынды жасайды.

«Еңбекші қазақ» газетінің 1931 ж. 24 шілдедегі санында Бахтияр деген ақын «Жаңа әліп жолында» деген өлеңінде:

«Арабшы, жаңа әліпші

Екі жақ боп тартысты.

Ахмет, Елдес, Мұхтарлар

Арабқа жұмсап бар күшті» – деп жазғанында да сол кездегі саясат пен уақыттың табы бар.

Елдес: «Біз латынның әрпін аламыз дегенше, Иауропаның (Европа дегені) мәдениетін қалай аламыз деп кеңесуіміз керек. Мәдениетсіз біреудің іші қуыс тонын киюден пайда шамалы. Біз, не нәрсенің де сәніне қызықпай, дәніне қызығуымыз керек... Орынсыз латыншаны ортаға салғанша өз әріптеріміздің кемшілігін толықтыралық, соны қолданалық. Бізді мәдениетке жеткізбей жүрген түрік әліпбиі емес, сондықтан оны жазықсыз құрбан қылудың орны жоқ» (Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. Бірінші қырғыз ғылыми съезінің еңбектері. Қазақ мемлекеттік баспасы. Орынбор, 1925 ж.) – деп пайдасыз айтысты тоқтатуға шақырған.

Елдес Омарұлының қазақ және орыс қарым-қатынастарына байланысты пікірі де турашылдығымен ерекшеленеді. Орынборда 1922 жылы «Қазақ календарында» жарық көрген «Қазақ тарихынан» деген мақаласында («Қазақ тарихы» №1, 2008 ж): «Кенесары, Наурызбай, Есет, Сырым әрқайсысы әр жерде болып, жалпы қазақтың басын қоса алмаған соң, істері берекелі болмаған. Амалсыз Арқадағы ел орысқа қарап қалған. Ол кездегі Сыр елі Қоқанға бағынған. Ұлы жүз бен қырғыздар шекарасы шектес Қытайға қосылып кетуге ыңғайланған. Сөйтіп, қазақ баласы бұрынғыдай өз алдына ел болмақ түгіл әрқайсысы әр патшалыққа тозып кете жаздады. Осыдан шошынып және Кенесары, Сырымдардың тәжірибесінен жалпақ далада жайылып жатқан қазақтың баласын бір жерге жиып, әскер түзеп, іс қылуға болмайтынын түсініп, Сырдағы Досбол би Арқадағы қазақтың хандарына, билеріне хат

жазып, бұларды Сырға шақырған. Досболдың есебі, қазақ өз алдына ел бола алмағанымен, әр патшалыққа тозып кетпей, қайда болса да бір жерде болуы еді. Бұған Арқаның орысқа бағынған хандары түсінбей, Досболдың сөзін аяқсыз қалдырды. Бірақ, онымен Досболдың тілегі болмай қалған жоқ. Көп ұзамай Сыр елі де орысқа қарады, қазақ Қытайдан өз алдына ел бола алмағанымен, тозбай, түгелімен бәрі бір патшалыққа қарады. Қазақ бытырамай түгел бір жерде болса, түбінде өз алдына ел болмасқа мүмкін емес. Арқаның қазағын Сырға шақырған Досбол, соны біліп шақырып еді. Досбол болашақты сәуегейлікпен емес, қырағылықпен болжаған» – деген пікірін білдіреді.

Асыл ағаның бірбеткейлігі, ел үшін қоң етін кесіп беруге дайын мінезі, әрине, сол тұстағы жағымпаздар мен «шолақ белсенділерге» ұнай қоймағаны анық. Журналист Шәрбану Бегімқұлова «Қазақстан әйелдері» журналында жарық көрген арыстарымыздың бірі Телжан Шонановқа арналған мақаласында Елдес ағаның Телжанмен достығын баяндап, оның осы достығы үшін күйгенін де ашып жазады:

«ҚазМУ-нің сол кездегі директоры Ошков Елдес Омарұлын да әшкерелеуге асығады. Оны Университеттің тілдер кафедрасы 1937 жылғы 13 қазанында өткен мәжіліске салады. Кафедра мәжілісінде әрі директор, әрі тілдер кафедрасының меңгерушісі Ф.Т. Ошков, биология факультетінің деканы Митрофанов, оқытушылар И. О. Байков, М. Б. Байкова, И. О. Папоротная, Рат және Омаров қатысады. Мәжілісте биология факультетінің екінші курс студенттерінің оқытушысы Омаров «халық жауы» Шонановты ерекше қорғаштағаны жайлы арыз тыңдалыпты. Осы арыздың негізінде кафедра мәжілісі болған күнгі бұйрықпен Омаров «контрреволюционер Шонановтың ашық қорғаушысы» деп қызметінен босатылған. Мұнымен де тынбай, Е. Омаровтың отбасын ҚазМУ-дың ғылыми қызметкерлері тұратын жатақханадан да «Шонановтың ашық қорғаушысы» болғаны үшін қуып шығады».

Шынында да, Елдес аға қазақ тілінің, қазақ әрпінің ғана емес, жүрегі қазақ деп соққан, елім деп еңіреген талай ердің қорғаушысы болған, ажал алдында да қаймықпай, тура сөзін айта білген.

Ел басына қара бұлт үйірілген ауыр жылдарды Елдес Омарұлы өзінің жан аямас достары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаевтармен бірге өткізеді. Осы бесеуіне ашылған № 6 іс бойынша, 1929 жылғы 16 тамызда Біріккен саяси басқарманың Шығыс бөлімі бастығының көмекшісі Саенко Қылмыстық кодекстің 207 статьясын басшылыққа алып, қаулы шығарады. Мәскеудің атышулы Бутырь түрмесіне де, Елдес аға өз әріптестерімен бірге түседі. Ал 1929 жылы 24 қарашада Біріккен саяси басқарманың Шығыс бөлімінің бастығы Міржақыпты 14-ші камераға алып кеткеннен кейін бұған дейін бір камерада отырып келген Ахмет, Мағжан, Жүсіпбек, Елдес және тағы бірнеше адамды бір-бірінен бөлектеп, жеке камераға отырғызуды сұраған құжат та архив деректерінде сақталған.

Елдес Омарұлы қызық күндерді де достарымен бірге көріп, қысылтаяң заман қияметін туған даланың аяулы перзенттерімен, Алаштың ардақты ұлдарымен бірге тартады. Елдестің Мағжанмен, Ахметпен және басқа қазақтың біртуар ұлдарымен түскен суреттері де табылды.

Дүкенбай Досжановтың 1992 жылы Қазақстан баспасынан жарық көрген «Абақты» деп аталған кітабында ғалым туралы нақты деректер келтірілген. Жазушы архивтен тапқан деректерге қарағанда, 1930 жылы 4 көкекте Біріккен саяси Бас басқарманың алқасы Ахмет, Міржақып, Жүсіпбекке қоса барлығы он үш кісіге ату жазасын қолдану туралы қаулы қабылдайды. Кейінірек Мағжан, Елдес және Дамулла Битілеуовке ұйғарылған ату жазасы концлагерьде он жыл отыруға алмастырылады. Елдес бұл мерзімді Мағжан және Міржақыппен бірге Қиыр солтүстікте, Карелия орманының ішінде өткізеді.

Тағдыр тәлкегі ме, мақсат бірлігі ме, әйтеуір, Алаш асылдары қайда да бірге жүргенге, өмір тауқыметін бірдей көргенге ұқсайды. Орынборда бас қосқан қазақ зиялылары ұлтты аман сақтау үшін, жалпықазақ съезін шақырайық деген пәтуаға келгенде, Алашорда мүддесі үшін құрылған ұйымдастыру алқасындағы бес адамның бірі Елдес Омарұлы.

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сағындық Досжановтардың жанынан табылған Елдес 1918-

19 жылдары Алашорданың Қостанай уезіндегі комиссары болғанын жоғарыда айтқанбыз.

Қазақтың Ломоносовы атанған ағаның «Ломоносов» деген бүркеншік аты да болған. Ал, «Тайбағар» деген атпен «Жас қазақ» журналына (1924 жыл № 5-7) «Қазақ салты» және «Дағдылы жол мен айлалы жол» деген мақалаларын бастырған. Бірқатар шығармаларын «Әділ» деген бүркеншік атпен жариялаған.

Керекуде шығып тұратын «Дауа» газетінің 1994 ж. №1 (наурыз) санында жазушы Рамазан Тоқтаровтың «Күні бардың күншілдігі жоқ» деп аталған мақаласы басылды. Онда оқу-ағарту жұмысында жүрген ірі мемлекет қайраткерлері мен қазақ зиялыларының іргелері ажырамай, үнемі бірге бас қосқаны айтылады. Жазушы осы мақаласында арыстарымыз өздерінің оңаша отырыс-мәжілістерінде бірін бірі қосалқы аттарымен атағанын жазады. Мысалы: Міржақып – Қоңқақ, Мендешев – Шұбар, Сәкен – Долан, Елдес – Жорғақ.

«Жұлдыз» журналының 1996 жылғы маусым айындағы санында Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнар апайдың «Ардақтап өтем әкемді» деп аталған естелігі жарық көрді. Осы естелігінде апай Елдес ағасын ерекше ыстық сезіммен еске алады:

«... Бұл кісіні Елдес аға дейтін едім. Папам екеуі қатты қалжындасатын, қуақы сөйлейтін, өзі күлмей, жұртты күлдіретін қасиеті болатын. Кейін дәрігерлік институтта оқып жүргенімде Елдес аға мен Ісмет Кеңесбаев сонда орыстарға қазақ тілінен сабақ берді. 1935 жылдары жиі көріп тұрдым. Папамның ең жақын жолдасымен ұшырасқанымда көз алдымнан бұлдырлап, алыстағы сағымдай, тілесен де оралмайтын бақытты бала кезім елестеп өтетін. Әкемді бір көруге зар болған сағынышым одан сайын күшейіп, жүрегімді сыздататын.

Елдес аға өзінің досы Міржақып қайтыс болғанын естігенде Кеңесбаевқа: «Ісмет, бүгін мен үшін қаралы күн, аза тұтамын, аяулы Міржақып Дулатов, жан жолдасым дүние салғанын естідім, менің сабағымды өзің жүргізе сал», – депті. Мұны маған алпысыншы жылы Ісмет ағаның өзі айтты. Елдес аға, папам және басқа он төрт кісімен бірге 1988 жылы ноябрьде, алпыс жылдан соң ақталып шықты», – деп жазады Гүлнар апай.

Гүлнар апай Елдес ағаның зайыбы Эльзаны және Міржақыптың үзеңгілес серіктерінің бірі, қазіргі Қостанай облысының Қарабалық өңірінде туып-өскен Ғаббас Нұрымовтың үйінде болғанында те-бірене жазады. Ғаббас тұңғыш рет Алаш маршын орындаған. Кейін Совнаркомда жауапты қызмет атқарған, білікті аудармашы болған ардагер ағаларымыздың бірі.

Елдес ағаның інілері Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімдерінің бірі - Қапаш Шуақаев пен Қостанай облысының тұрғыны Абай Қошаловтың айтуына қарағанда, алғаш сотталған жылдары Елдес аға тозақта болғандай күй кешкенін, кейін елге оралғанда айтқан көрінеді. «Адам ит жанды деген өтірік екен, адам иттен де төзімді болады екен. Іш ауруынан адамдар шыбындай қырылғанда да аман қалғандар болды. Егер жүз тал кендір талдасаң, бір күрешке быламық береді, жұтқан жұтамайды дегендей, жүруге шамам келмесе де, жатып, кендір талдап, быламық ішіп, ес жидым» – дейді екен.

Ел адамдарының сөзіне қарағанда, 1921 жылғы аштықта Елдес сол тұстағы қазақ зиялыларымен тізе қосып, Торғай облысы қазақтарын аштықтан аман алып қалу үшін көп күш-жігер жұмсаған. Семей байларынан үйір-үйір жылқы алғызып, көп адамды аштықтың аранынан арашалап қалған.

Елдес Әлихан мен Аханды қазақ ұлтының көсемдері деп таныса, олар да Елдес десе ішкен асын жерге қоятын. Елдес «Пішіндеме» мен «Кескіндеме» жарық көргеннен кейін ең алғашқы бағаны да солардың аузынан естіген. Геометрия мен тригонометрияны тәржімалауға болады деген үш ұйықтасақ ойымызға келмепті, сен қазақ ұғымына сай балама тапқан екенсің, – деп екеуі бірдей балаша мәз болған. Сондықтан да, Елдес математиканы қазақшалау барысында тағы да арқа тұтар екі ағасын алға салып, солармен ақылдасып алуды жөн көрген. Біреуіне арнайы хат жазып, ақыл қосуын сұраса, екіншісімен көзбе-көз кездесіп, пікірлескен. Ахмет Елдестің аудармаларын және жаңа баламаларын қуана құптаған болатын. Сол жолы Елдеске Әлиханның өзіне жазғанындай ғылымның түрлі саласында жаңа сөздер жасауда өзіңнен асқан ешкім жоқ болып тұр, Елдес! – деп арқасынан қаққан.



Әлихан Ахмет Байтұрсыновқа жазған хатында: «Елдесім жақсы жігіт. Бұрын да жақсы еді. Енді онан да сүйікті болып кетті. Бір күні Шәңгерей маған: «Мен сені жақсы көрем. Білесің бе? – деді. Мен: «Жоқ!» – дедім. Шәңгерей маған: «Сен шын қазақсың ба? Сені қазақ деп жақсы көрем!» – деді. Физиканы оқып қарасам, Елдесім де қазақ екен», – деп жазыпты.

Мұхтар Әуезовтің жан достарының бірі болған Елдес Омарұлы Мұхтардың алғашқы әйелі Райханнан туған қызы Мұғамила апайды жас кезінде Мұханның өтініші бойынша Семейден ертіп әкеліп, жазушының отбасына тапсырған екен. Ұлы жазушы Валентина Николаевнадан туған тұңғыш ұлдарының есімін Елдес Омарұлының құрметіне Елдес деп қойған. Өкінішке орай, нәресте бір жасқа толмай шетінеп кеткен.

Көлемі үш жүз беттен құралған қазақ әдебиеті туралы жазушы еңбегінің алғаш орыс тілінде пікір жазған да Елдес Омарұлы. Онда Елдес аға жазушының еңбектеріне жақсы баға береді. Сол пікірге назар аударайық:

«ОТЗЫВ о научных работах М. О. Ауэзова («История казахской литературы», редактирование полного собрания сочинений Абая с критическим очерком и др.)

История литературы М. О. Ауэзова (около 300 стр. Казгосиздат, 1927, Ташкент) представляет собой первый опыт систематизации и научного анализа образцов устного творчества казахского народа, не только на казахском языке.

Автор в этой книге разбирает образцы народной поэзии, классифицируя их по жанрам, причем им охвачены также и периоды индивидуального творчества вплоть до Абая, т.е. до начала новой казахской литературы.

Историко-литературный анализ материалов произведен на основе культурно-методического метода.

Данный труд М. О. Ауэзова является весьма ценным не только в отношении тюркологии вообще.

М. О. Ауэзовым же проредактировано научно полное собрание сочинений Абая в размере около 600 стр., и снабжено биографическими и критическим очерками, и соответствующими примечаниями и комментариями. Этот труд М. О. Ауэзова одобрен научно-методическим Советом Казнаркомпроса.

Оба эти труда М. О. Ауэзова, а также и ряд журнальных статей по вопросам литературы рекомендуют автора, как серьезного научного работника по казахской литературе и тюркологии вообще.

Помимо научно-исследовательской работы М. О. Ауэзов известен как писатель-драматург и беллетрист. Все его драматические произведения включены в репертуар Казгостеатра и являются самыми популярными среди соответствующих произведений на казахском языке. Одна из его пьес «Каракоз» удостоена первой премией на всеказахском конкурсе художественных пьес. О другой его пьесе «Энлик и Кебек» имеется критическая статья Т. И. Седельникова на русском языке, напечатанная в журнале «Жизнь национальностей» за 1923 г. в №№ 3-4.

М. О. Ауэзов кроме того имеет ряд художественных новелл, напечатанных в различных периодических изданиях Казагыстана. (түпнұсқада осылай жазылған) Один из его ранних рассказов «Беззащитная» переведен и на русский язык и включен в сборник издательства «Огонька». Недавно вышла в свет историческая повесть «Кыйлы Заман». Преподаватель Востфака САГУ по казахскому языку Омаров»

Жазушы Бейбіт Сапаралы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Арыстар өмірінің асыл үзігі» деген мақаласында (20 мамыр, 1997 жыл): «1934-1937 жылдар аралығында Алматыда Қазақтың Ұлт мәдениеті ғылыми-зерттеу институты (КНИ-ИНК) жұмыс істеп, әдебиет пен фольклор, тіл, тарих, сурет сызу мәселелері бойынша қомақты-қомақты еңбектер тындырғаны белгілі. Тап осы ғылыми-зерттеу ордасы аясында Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы ауқымды арнада келісім-шарт бойынша жұмыс істегенін институттың сақталып қалған (көрнекті ғалым, тіл маманы – тюрколог Сәрсен Аманжоловтың жеке архивінен табылған болатын – Б. С.) ресми кіріс-шығыс қағазы арқылы анықталған болса, жаңадан табылған Әлихан ақсақал хатының мазмұны сол деректерді үсті-үстіне айғақтап, бекітіп беріп тұр», – дейді.

Жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбай «Жұлдыз» журналында (№1, 2010 жыл) жарық көрген «Ұраным – Алаш» атты эссесінде тергеуші Логачевтің Елдестен алған жауабын келтіреді: «Ала-

шорда» көсемдерінің арасындағы «сүйкімді сері» атанған Елдес Омаровтың еріксіз жазылған жоғарыдағы «естелігі» Әлиханнның көзқарасы мен жан дүниесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді... «Өзінің шыққан әлеуметтік-таптық тегіне қарамастан, қазақ халқының барлық түтін иесі өз жерін емін-еркін пайдалануы тиіс» деген талаптың түпкі астарында: қазақ жері – қазақтардың ұлттық байлығы деген үлкен мағына бар еді» – деп жазады.

Елдес өз жауабында: «Ал ауылдағы таптық жіктеуге келсек, оны мен – Омаров, қазақ халқының көпшілік бөлігі – байларға байлаулы болғандықтан да, онымен ашық күресе алмайды, байдың ықпалындағы кедей өзінің үкімін ауқаттыларға қарсы жүргізе алмады деп ойладық» – деген түсініктеме берген.

Елдес ұлт мүддесін көздеп: «Қазақстанда ешқандай басы артық жер жоқ, сондықтан да еліміздің Еуропалық бөлігіндегі губернияларынан қоныс аударушыларды көшіріп әкелу туралы әңгіме болуы мүмкін емес. Төңкеріске дейін де, төңкерістен кейін де, Қазақстанға қоныстанған орыс тұрғындары, жергілікті халыққа жер бөлініп берілгеннен кейін, оның ыңғайына қарап, ең соңынан барып жерге орналастырылуы керек. Егер де жергілікті қазақ халқының талабын қанағаттандыру үшін, қажет болса, онда орыс тұрғындарын Қазақстаннан көшіріп жіберу қажет» – деп кесіп айтқан. Яғни, Алаш арыстарының жерге деген көзқарасы бірдей болғаны Елдестің осы сөзінен-ақ айқын аңғарылады.

Алаш арысы туралы мұрағатта сақталған құжаттар сыр шертеді: Қазақ ССР-інің Жоғарғы соты 1989 жылы 22 тамызда берген анықтамада: «Дело по обвинению Омарова Елдеса, 1892 года рождения, уроженца Кустанайского округа Тобольской волости, казаха, беспартийного, до ареста работавшего преподавателем Казпедвуза, пересмотрено. Определением судебной коллегии по делам Верховного суда Каз.ССР № 11 от 4 ноября 1988 года Постановлением коллегии ОГПУ при СНК СССР от 4 апреля 1930 года и 13 января 1931 года в отношении Омарова Елдеса отменены и дело производством прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления. Омаров Елдес реабилитирован», – деп жазылған.

Асыл ағаға «жаптым жала, жақтым күйеден» құтылу үшін алпыс жыл, бір адамның тұтас ғұмыры қажет болған.

Азаттық аңсаған есіл ер абақтыға сан қамалып, азап тартып жүріп, соңғы рет 1937 жылдың 22 қарашасында тұтқынға алынады. Ол кезде Елдес аға өзінің отбасымен Алматы қаласындағы Виноградов көшесіндегі 95-ші үйде тұратын. 37 жылдың 1 желтоқсанында Алматы облыстық НКВД бөлімінің үштігі тергеп-тексермей-ақ, оны ату жазасына кеседі.

Ия, қатарластары «қазақтың Ломоносовы» деп атаған Елдес ағаның екінші ғұмыры енді басталды. Оны соңғы тұтқындағанда жендеттер Елдес ағаның үйінен 72 кітап пен қолжазба алған. Алматыда «Арыс» қорын ұйымдастырып, ғалым еңбектерін іздестіріп жүрген жас ғалымдар Амаңқос Мектептегі мен Бейсенбай Байғалиев келешекте ғалым шығармаларын бастырып шығаруды мақсат етіп отыр.

Сәкен Сейфуллин көзі тірісінде Елдес Омарұлына үлкен баға берген. Ол өзінің естелігінде: «Бұл туралы маған, қысты күні Ахмет Байтұрсыновтан қай жағынан болса да кем емес деп жүрген Елдес Омарұлы келіп, біраз сөз айтты. Оған да мен мәселені газет бетіне, көптің талқысына сал деген едім. Ол ауырып қалды...» – деп жазған.

Елдес Омарұлының орыс тілінде жазған негізгі мақалаларының бірі -Ахмет Байтұрсыновтың еңбектерін талдауға арналған. Онда, Ахметтің қазақ әліппесін жасаудағы, қазақ жазуын жаңғыртудағы төл еңбегіне жан-жақты тоқтала келіп, ақын, аудармашы, көркем сөз бен көсем сөз шебері, педагог және қоғам қайраткері есебіндегі талантына шынайы баға береді.

«Ахмета Байтурсыновича знает вся киргизская степь, его все уважают, любят, и как будто высоко ценят его талант. Но его недооценивают. Его мы знаем и ценим как поэта, публициста, общественного деятеля, педагога, но он почему-то не укладывается в нашем мозгу как ученый, сделавший весьма ценные открытия в области киргизской грамматики» – дейді.

«Ахметті барлық қазақ даласы біледі, оны сыйлайды, сүйеді, бірақ, ол әлі өз бағасын алып біткен жоқ», – деген сөздерді Елдес ағаның өзіне байланысты айтуға да болар еді. Қас талант жылдар өткен сайын саф алтындай жарқырай бермек.



**Елікбаев Көшкінбай  
Елікбайұлы**

«Құрмет» орденінің иегері,  
Төле би ауданының құрметті  
азаматы, Қазақстанның еңбек  
сіңірген қызметкері,  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі

## **АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ КӨРЕГЕНДІГІ**

Патша өкіметінің отарлау саясаты XX ғасырдың басында ең шырқау биігіне жетті. Қазақстанды бөлшектеп билеп, жергілікті жерде орыстандыру саясаты қарқынды жүргізілді. Орталық Ресейден орыс шаруаларын қазақ даласына қоныстандыру арқылы қазақ даласын емін-еркін билеу кеңінен өріс алды. XX ғасыр қазақ даласы табалдырығын, міне, осындай ауыр жағдайда түнере аттады. Қазақ халқының тарихи тағдыры қыл үстінде тұрды. Жерінен, тілінен, ділінен айырылу қаупі төнді.

Міне, қазақ елінің мүшкіл хал-ахуалы ұлттық сана-сезімдері оянған, көздері ашылған, туған халқының қамын ойлаған қазақтың зиялы азаматтарына қозғау салды. Олар адамзаттың тарихи көшінен көп кейін қалып қойған, марғау жатқан елді тығырықтан шығарудың жолын қарастырды. Сол қапастан құтылудың бірден – бір жолы – дамыған Еуропа елдерінің қатарына қосылып, өнер-білімге ұмтылу деп білген олар өздерінен бұрын өткен ағартушылардың дәстүрін одан әрі жалғастырып, халық арасында осы бағытта жұмыс жүргізді.

Қазақ оқығандарының саяси көзқарасының мүлдем жаңа сапаға көтерілуіне тұңғыш орыс революциясы ерекше ықпалын тигізді. Сол кезде қазақ зиялылары елде жаңа сипат, жаңа өрлеу ала бастаған ұлттық қозғалысқа саналылықпен ұйымдасқан түрде кірісті.

Осы бағытта газет шығару, күреске шақыратын кітаптар бастырып тарату, қоғамдық-саяси талаптар қоятын петициялар ұйымдастыру сияқты қазақ тарихында болмаған саяси күрес құралдарын игере бастады.

Алаш көшбасшыларының басында тұрған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, т.б. 1905 жылы маусымда Қоянды жәрмеңкесі кезінде жазылған Қарқаралы петициясында қазақ қоғамының негізгі ұлттық мүддесі есебінде мынадай талаптар қойды: діни сенімдерді атқаруда, оқу-ағарту жүйесін ұйымдастыруда жергілікті халықтың еркіне қайшы келетін шектеулерді жою; ауылдарда орыс тілімен бірге қазақ тілінде де жүргізілетін мектептер ашу; қазақ халқының мұң-мұқтажын талқылауға қажет құрал-цензурасыз газет шығаруға және баспахана ашуға рұқсат беру; жаппай қоныстанушыларға өтуіне байланысты қазақтар орналасқан жерлерді олардың заңды меншігі екендігін мойындау; мемлекеттік аппаратта, сот орындарында іс қағаздарын қазақ тілінде де жүргізу, олардың жұмысында қос тілділікті жолға қою т.б. Мұндай талаптар қазақ қоғамының сол кезеңдегі әлеуметтік-саяси жағдайынан туындаған еді. Осының бәрі қазақ даласының оянуына алып келді. Қараңғы, қамсыз ұйқыда жатқан халқын ояту үшін «Маса» болып шағып, «Оян қазақ!» деп жар салды. Олар ескішілдікке қарсы күресті. Жоғарыдағы арыз - тілекте патша үкіметінің алдына қойылған талаптардың қатарында «ағымдағы қажеттіліктерін айқындау үшін қазақ тілінде газет шығару керектігі» алға тартылған болатын. Өйткені, сол амалға жұртқа мұрындық болатын нәрсенің бірі-газет» (А.Байтұрсынов) деп біліп, жалпыұлттық басылым шығару идеясын жүзеге асыруға ұмтылды. 1913 жылдың басында қазақ қоғамы үшін саяси күресте мүлдем жаңа құрал жалпы ұлттық саяси басылым шығару идеясы жүзеге асты. «Шын мәнінде, ұлттық сананың ұйытқысы бола білген, сөйтіп, өз ісімен өзіне мәңгілік ескерткіш тұрғызған» (М.Әуезов). «Қазақ» газеті

осылайша дүниеге келді. Газет қазақ даласында болған тарихи оқиғалардың шынайы шежіресіне айналып, ұлттық азат ойдың ұясы бола білді.

Осы жылдары алғашқы бейресми басылымдар жарық көрді. Соның ішінде «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті ұзақ өмір сүрді. Алаш зиялылары осы екі басылым төңірегінде топтасып, болашақта қазақ халқына көшбасшылық жасап, жол-жоба көрсетіп отырды.

Бірінші орыс революциясынан кейінгі кезеңде қазақ оқығандарының алғашқы ізденісі нәтижесінде мынадай тұжырымға келді. Қазақ қоғамын орта ғасырлық мешеуліктен алып шығатын жол Ресей арқылы жеткен дамудың батыстық нұсқасы, басқаша айтқанда, буржуазиялық қатынастарға жол ашу еді. 1910 жылы жарық көрген мақаласында Ә.Бөкейханов ол туралы былай деп жазды: «Таяу болашақта далада қырғыз арасында қалыптасып келе жатқан екі саяси бағытқа сай екі партия құрылуы ықтимал. Олардың бірі ұлттық – діни атанып, мақсаты қазақтарды басқа мұсылман елдерімен біріктіру болмақ. Екіншісі – батыстық бағытта. Алғашқысы үлгі ретінде мұсылман, татар партияларын алса, соңғысы – орыс оппозициялық, мәселен, «Халық еркіндігі» партиясын алуы мүмкін». (7,16).

Ә.Бөкейхановтың серіктестері қазақ жұртын батыстың озық мәдениетінен үйренуге шақыруын бұдан кейінгі жылдарда да тоқтатқан жоқ. Олар ел мен елді, ұлт пен ұлысты теңгеретін ғылым, өнер екенін айтып, оқуға, ағартушылыққа ден қойды.

Қоғамдық күрес жолына түскен жас қазақ зиялыларының алдына көлденең тартылған өзекті жайлардың бірі-ел тағдырына қатысты жер мәселесі еді.

Қазақ елі патша қол астына қарағаннан кейін қазақты билеп – төстеу үшін 1891 жылы «Дала ережесін» қабылдап, ол бойынша «көшпелі қазақ отырған жер қазынанікі» деп белгілеп, 120-бабында «бұл жер еріксіз көшпелі қазақ пайдасында болып тұратындығы» атап өтілгендігіне қарамастан, сол баптың қосымшасында баяндалғандай, қазақ пайдасынан артық жер қазына керегіне алынып, Ресейден келген қоныс аударушыларына берілді. Сондай-ақ, отырықшы болуға ниеттенушілерге әр отбасына 15 десятинадан

жер бөліп бере бастайды. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов және басқалар «Қазақ» газетінде және қазақ зиялылары бас қосқан жиындарда халықтың патша үкіметінің мұндай саясатына еріп, арандап қалмауын ескертті. Олар қазақ ауылдарын жедел, жаппай отырықшы болудан сақтандырды.

Қазақ зиялылары ежелден мал шаруашылығымен айналысатын қазақ 15 десятина жерге таңылып қалса, мал жаятын өрісі тарылып, түбі қонысынан айырылып, күн көрісі қиындайтынын, оның ақыры үлкен зауалға апарып соғатынын айтып, халық арасында үгіт-насихат жұмысын өрістетті.

«Алаш» партиясы бағдарламасында: «Қазақ автономиясында жерсіз қазақ бұқарасы жер еншісін алып болғанша орыс қоныстанушыларының келуі тоқтатылуы тиіс. Жер үлесін алдымен патша заманында ата қонысынан айырылған жергілікті халық алуы керек», – делінген.

Ә.Бөкейханов және оның жақтастары қазақ халқының отырықшылыққа емес (кезіндегілер солай түсіндірілді), отырықшы норманың отаршыл мазмұнын аңқау елді алдауды көздеген астарына қарсы тұрды. (8,20).

Расында, кешегі Кеңес өкіметі дәуірінде ғасырлар бойы көшпенділікпен айналысқан қазақты күштеп, зорлықпен отырықшылыққа айналдырды. Бұл үшін қолындағы малын сыпырып алды. Соның салдарынан қазақ халқы отырықшылыққа ұрынып, үлкен нәубетке ұшырады. Қазақтың аштық қасіретін тартуы сол кездегі үкіметтің Алаш азаматтарының айтқан ұсыныстарына құлақ аспауынан, яғни, шаруашылықты эволюциялық жолмен емес, секірмелі (революциялық) реформамен өзгеріске ұшырауынан туындаған зобалаң еді. Ендеше, Алаш зиялыларының ұстанған бағыт-бағдары бүгінде қоғамдық мәнін жойған жоқ.

Сондай-ақ, «Ақыл да, ұсталық та оқумен, істеумен жүре ұлғаяды. Дүниедегі жер билігі күннен күнге ақылды, ұста жұрт қолына ауып барады. Еуропада ұлығ патша атанған жұрт, халықтың ақылды ұсталығына сүйеніп ұлығ патша болып отыр. Бұрын қазақ «Аху-уху» деп неше мың жыл босқа өзімен өзі өсіп өнетін мал айдап, көшіп жүрген жерден мұжық келе сала қазына суырып алып



байып отыр. Күні – түні қызметке жанын жалдағанның рақатын көріп отыр» (9,128), - деп Ә.Бөкейханов жермен жұмыс істеуді, орыс мұжықтарынан үйреніп жеріне ие болуды, қазақ халқын егін және мал шаруашылығын қатар алып жүруді, тауарлы өндіріспен айналысып, туған жердің байлығын өркендету үшін өнер мен білімді меңгеруге үндеді.

Алаш зиялылары «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» (А.Байтұрсынов) деп шырылдап, тілімізге төнген қауіпті алдын ала болжап, оның таза сақталуы үшін күресті. Олар араб әрпінен қазақтың тіліне, дыбыс жүйесіне негіздеп әріп алу, соған сүйеніп оқу құралдарын жазып, мектеп тілін қазақыландыру мәселелерін көтерді. А.Байтұрсынов сол күнге дейін өзге түрік халықтары сияқты қазақтар да пайдаланып отырған араб таңбалары қазақ тілі үшін қолайлы еместігін, оны қазақтың ұлттық жазуына икемдеп қайта түзуді қолға алды. Осылайша ол араб әріпті қазақ жазуының жаңа реформаланған үлгісін жасады. Бұл қазақтың мәдени өмірінде үлкен рөл атқарып, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына қызмет еткен прогресивті құбылыс болды.

А. Байтұрсынов оны одан әрі жетілдірді. 1929 жылға дейін бұл әліпби елімізде қолданыста жүрді (12,23).

Қазақ емлесін оңайлату турасында Ж.Аймауытов «Қазақ емлесі орыс емлесіне жақын болуы керек. Қазақ баласы орысша хат танымай тұрмайды. Өнер-білімді, мәдениетті ұрымтал орыстан үйренбекпіз... Қазақшаны таныған адам орысшаны, орысшаны таныған адам қазақшаны тану қиын болмайды. Латын әрпін қолданса, еліміз орыс тілімен тіпті жақын болуы керек. Өйткені, латын жазуы, әрпі орысшаға өте ұқсас», -деп өткен ғасырдың 20-жылдарында –ақ қазақ әліпбиін ауыстыру мәселесі көтерілгенде, латын әліпбиіне ауыстыру жөнінде ой тастаған болатын (13,112-6).

Міне, өмір талабына сәйкес «Қазақстан 2050» стратегиялық бағдарламасында әліпбиімізді латын әріптеріне 2025 жылға қарай көшіру міндеттелінді.

1917 жылы «Алаш» партиясы, Алашорда үкіметі құрылып (5-13 желтоқсан), партияның бағдарламасында халыққа білім беру

мәселесі қаралды. А.Байтұрсынов оқулықтар жөніндегі комиссияны басқарды. Алаш оқығандары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ғ.Қарашев, С.Асфендияров, Х.Ж.Досмұхамедовтер, Ә.Ермеков, М.Әуезов, М.Тынышбаев т.б. ағартушылыққа байланысты ойлар айтып қойған жоқ, қазақ мектептерінің жай-күйін, бала оқытудың амал-тәсілдерін газет-журнал беттерінде сөз етеді. Оқу құралдарын жазып, қазақ тілінде сауат ашуға жағдай жасады.

Алаш көшбасшылары «Қазақ» газеті арқылы тіл мәселесін бірінші орынға қойып, қазақ тілін сақтап, ары қарай дамыту керектігін ол үшін қазақ балаларының сауаттылығын ана тілінде ашып, ана тілінде оқулары қажет деп жазды. Ол кезде мектептерде сабақ оқыту татар, орыс тілдерінде жүргізілетін. Ә.Бөкейханов тағы да басқа қазақ зиялылары 1905 жылы 26 маусымда патша үкіметіне жазған петициясының бір пунктінде: «Қазақ даласында оқу-ағарту ісі дұрыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептеріндегі балалар қазақша сауат ашатын болсын, оқу ана тілінде жүргізілсін» (8-13), - деп талап қойған болатын.

Алаш зиялыларының тіл жөніндегі саясаты тәуелсіздік жылдарында жүзеге асты. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебесін алды. Бүгінде қазақ тілінің жауапкершілігі артты. Ол Қазақстан халқын біріктіруші күшке айналды. 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қолданыс тіліне айналады, қазақстандықтардың барлық 95 пайызы қазақ тілін білетін болады (18,8).

А.Байтұрсынов қазақша оқу жайының сол кездегі ахуалына тоқтала келіп: «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көріктеніп келеді, тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу бағдарламасы жоқ, белгілі оқу жүйесі жоқ, салған мектеп жоқ, мұғалімдерге арналған айлық жоқ, қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті егерлік жасалған өрнек жоқ, оның ғылымын үйрететін даримұғалимин (педоку орындары) жоқ» (3,255), - деп атап көрсетіп, үкіметке қол жаймай, ол қазақтың қазақша оқуын тілейтінін, сондықтан, мектептерді ашуды жолға қою, қазақша оқуды ел ішіне тарату -өз міндетіміз деп ел қамын ойлайтын азаматтарға ой

тастады. Тағы бір Алаш азаматы М.Жұмабаев: «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылғанына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай серттесуге болады. Сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт» (11,313),-деп қазақ мектебінің келешегіне алаңдап, қазақ мектебі қандай болуы керектігі жөнінде ой айтады.

«Білім жарысы» деген мақаласында А.Байтұрсынов білімді жұрттарда білім жарысы болатынын, оған бай адамдар бәйге тігіп сол дарындылардын: «Дүниеде күн көріп тіршілік етудің ауырын жеңілдету үшін, жеңілін рақатқа айналдыру үшін» (2,256) ғылымда, өнерде жаңалық ашуға жағдай қарастыратынын, ал бұл мәселе қазақ елінде мүлде қолға алынбағанын айта келіп, қазақ елі экономикасын дамыту үшін дәулеттілердің дарынды жастарды оқытуға қамқорлық жасауы керектігін алға тартады. Бұл іс-шара, сайып келгенде, елімізді мешеу елден дамыған елге айналдыратынын сол кезде—ақ Алаш азаматтары біліп, мәселе етіп көтерген болатын. Бүгінде олардың аңсаған арманы тәуелсіз ел болған кезде ғана орындалды. Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасымен «Болашақ» бағдарламасы жасалып, білімді жастарды, ғалымдарды шет елдерге оқуға жіберіп, ғылым-білімі, өнері өркендеген елдердің озық технологиялары мен жетістіктерін меңгеріп, өз еліміздің экономикасын дамытуға аталық қамқорлығын жасап отыр. Сондай-ақ, елімізде жаңадан ашылған «Назарбаев университеті», «Назарбаев зияткерлік мектептері» жастарды әлемдегі ең озық біліммен қаруландыруға мүмкіндік жасайды. Осы іс-шараның бәрі Алаш зиялылары нұсқаған жолдың жалғасы емес пе?

А.Байтұрсынов «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 9 мамырдағы нөмірінде болашақ қазақ мектебі қандай болуы керектігін, миссионерлік ниеттен аулақ болуын, ана тілінде сабақ оқытуды, бастауыш мектепте қандай пәндер оқытылу керектігі жөніндегі ұсыныстарын жасап, бала оқытуды жақсы білетін, арнайы ғылымын оқып шыққан маман беруі керектігін тілге тиек етеді.

Сонымен бірге, Алаш зиялылары мектепте баланы ана тілінде ғана оқытып қана қоймай: «Орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, керек болғанда, қазақша оқығанның үстіне

керек» (7,140),-дейді. Өйткені, орыс оқуы батыс ғылымы мен өнерін игеруге көмектесетінін айта келіп, қос тілділікті ұсынады. Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаев бүгінгі жастарға үш тұғырлы тілді (қазақша, орысша және ағылшынша) білуді міндеттеп отыр. Себебі, әлемнің ғылымын, өнерін үйрену үшін әлем халықтарымен қарым-қатынас, байланыс жасау үшін ағылшын тілін білуді өмірдің өзі қажет етуде. Сондықтан, үстіміздегі оқу жылынан бастап, мектептерде 1-сыныпта ағылшын тілі оқытыла бастайды.

Еліміз егемендік алған тұста білім саласы бір жүйеге түсті. Соңғы мәліметке қарағанда, республикамыздағы мектептердің 60 пайызында оқу ана тілінде оқытылады. Орта білім саласында 12 жылдық оқытуға көшуге дайындық жұмыстары аяқталып келеді. Педагогтердің біліктілігін арттырудың ұлттық жүйесі құрылды. Электронды оқыту енгізіле бастады. Мектеп мұғалімдерінің біліктілігін көтеру жөнінде нақтылы жұмыстар жүргізілуде. Апатты және үш ауысымды мектептерді жою, орын тапшылығын азайту жұмыстары атқарылуда. 2011 жылы 21 мектеп, 2012 жылы 56 мектеп жаңадан салынды. Мектепке дейінгі білім беру үшін «Балапан» бағдарламасы жұмыс істеп, 3956 балабақша, шағын орталық іске қосылды. Осылайша, Президент Н.Назарбаевтың: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» (16,4),-деп білім саласына қойған талаптары біртіндеп жүзеге асырылу үстінде.

Алаш зиялылары денсаулық саласына да айрықша көңіл бөлді. «Тәні саудың-жаны сау» (А.Байтұрсынов) мақаласында әркімнің өз денсаулығын сақтап күтінуге, тән саулығына, таза жүруге үндейді. «Қай заманда болса да, адам баласы еңбегімен күнелтіп, жан сақтаған» дей келе,- «Мал табу үшін еңбек ету керек, еңбек ету үшін ден сау болуы керек» (5,320),- деп денсаулық сақтаудың, тазалық мәдениетін сақтаудың амал-тәсілдерін айта келе, адам тәрбиелеудің жан-жақты тәсілдерін, жеке тұлға қалыптастырудың жайларына тоқталады. Алаш зиялыларының осынау пікірі бүгін Елбасы саясатымен үндеседі. «Әрбір қазақстандық үшін басты құндылық-өзінің денсаулығы»,-дейді ол. Адамдардың денсаулығын сақтап, саламаттық өмір салтын қалыптастыру үшін мемлекет қамқорлық жасап келеді. Бүгінде, 700-ге жуық жаңа

денсаулық нысандары тұрғызылды, медициналық жабдықтар жаңартылды, т.б. іргелі жұмыстар атқарылуда. «Өзінің жеке басының денсаулығын алдымен адамның өзі ойлануы керек» (15,5),- деп Н.Назарбаев Алаш зиялыларының ойларын одан әрі жаңғырту үстінде.

Алаш көшбасшылары сот ісін қазақша жүргізуге, оның қазақ қалпына сай болуына да аса мән берді. Қазақ елі Ресейге қарағаннан кейін сот ісі орыс қалпына сай жүргізілді. Қазақтың дала заңы мен «Жеті жарғысындағы» билік жүргізу ісі ескерілмеді. Сондықтан қазақ зиялылары сот ісін қазақ қалпында, қазақ тілінде жүргізуді талап етіп, өз ұсыныс-пікірлерін білдірді. Сондай-ақ, олар мемлекет аппаратында, сот ісінде қос тілділікті жақтады. 1905 жылы патша үкіметіне жазған арыз-тілегінде қазақ оқығандары осы мәселені қозғады. «Алашорда » үкіметін құрған соң да сот ісіндегі іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді, халық сотына ана тілін білетін қазақтарды, тілмаштарды тарту жөнінде бағдарлама қабылдады. Ә.Бөкейханов сол кездегі сот жүйесін: «Біз орыстың судьясына қарасақ, бұл судья рәсіммен билік, айтпас болар, заман жолымен айтар. Мұның да бұл заңы қайда? Қазаққа әкеліп мұжық киімін кигізе салса, бұл бір түске кірмеген қиыншылық. Мұнан қазақ безу керек. Не бұл судья қазақ рәсімін, араластырып қазаққа ыңғайлы закон жасап берсе, сонда бұл орыс судьясын мойындау керек. Біз бұл орыс судьясына құл болсақ, судья біздің жұрттың тілін білмейді» (10,167-168), -деп сынап, сотқа қазақ тілін, қазақ салт-дәстүрін, қалпын білетін адам болуы жөніндегі ойларын білдіреді. Сондай-ақ, қазақ арасында сот жұмысын қазақ әкімдері мен бастықтары жүргізіп, заң ұйымдарын құруды жақтады. Алаш зиялыларының сот жүйесі жөніндегі ұсыныс-ойлары тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қолға алына бастады.

Еліміздегі сот жүйесі қазақ қалпына жақындатылды. Іс қағаздары қазақ тілінде жүргізіледі. Сот орындарында ана тілін білетін мамандар қызмет етеді. Сонымен бірге, алдағы уақытта ұлттық құқықтық жүйесі жаңартыла бермек. Заңнамалар тек ұлттық мүдделерді ғана қорғап қана қоймай, халықаралық құқықтық ортамен үйлестірілмек.

Сот ісі жариялы түрде, құқық жүйесінің бәсекелестігін арттыру туралы шараларға баса назар аударылады. Сөйтіп, құқықтық

саясаттың маңызды мәселесі азаматтардың Конституция кепілдік беретін сот арқылы қорғану құқын жүзеге асырады (17,7).

«Қазақ» газетінде А.Байтұрсыновтың «Оқу жайы» (1913,26 сәуір) мақаласы жарияланды. Сонда, оқу-білімнің қажеттілігін халықтың экономикалық тұрмыс тіршілігімен байланыстырады: «Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізат сатады, екі-үш есе қымбат түрде сатып алады. Бұл надандықтан келген кемістік, бұл қазақ халқының білім-ғылымнан қалыс қалуы. Бұл қалыс қалуға себеп –қазақ жерінде мектептер аз» (14,5),-дейді. Ә.Бөкейханов келешекте «Қазақтың қойының күні тоқылып, үстіне киім, әрбір темірі өзіне түйме болуы тиіс» (14,5),-деп сол заманның өзінде нарықтық экономиканы меңгеруге, ұлттық бизнестің қалыптасуына бағыт сілтеп, кәсіпкерлікпен айналысуға қандастарын үгіттеді. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынов «Біз бай, білімді һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек»,-деген еді. Сонымен, Алаш зиялылары қазақ елін шикізат өндіріп қоймай, өзі тауар, өнім шығаратын индустриялы ел болуды армандады.

Алаш зиялылары сол кездегі жағдайға байланысты қазақ халқын нарықтық қатынасқа көшудің, шаруашылықты тиімді жүргізудің жолдарын қарастырады. Мәселен, «Уақ қарыз» деген мақаласында (А.Байтұрсынов) қазақ шаруасын түзету үшін, тұрмысқа қажетті тіршілікпен айналысу үшін қазынадан қарыз алу, оны қажетіне жарату, оның пайдасы жайлы мәселе көтереді. Уақ қарызды алған соң, оны тиімді, белгілі бір кәсіппен айналысудың жолдарын нұсқайды.

Еліміз егемендік алған тұста Үкімет тарапынан шағын және орта бизнеспен айналысам деген кәсіпкерлерге қолдау көрсетіліп, банктен несие, субсидия, т.б. беріп, тауар өнім молшылығын жасау үшін айрықша қамқорлық жасалуда. Мемлекет басшысы: «Отандық кәсіпкерлік жаңа экономикалық бағыттың қозғаушы күші болып табылады. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 2030 жылға қарай, ең аз дегенде екі есе өсуі тиіс» (17,8),-деп санайды.

Алаш зиялылары қазақ елінің артта қалу себебі, ғылым-білімнен қалыс қалғандықтан, қазақ жерінде мектептер аз,

мұғалімдер дайындайтын оқу орындарына қазақ балалары қаржысы болмағандықтан, түсе алмайды. Сол себепті де, қолжетімді мектептер, оқу орындарын ашып, түрлі мамандар даярлау жөнінде бағыт-бағдар жасады. Сонда ғана, қазақ елі шикізат өндіріп қана қоймай, өзі тауар, өнім өндіретін іргелі елге айналатындығына сенім білдірді. Бұл идея бүгінгі таңда Елбасы саясатымен үндесіп жатыр. Ұлт көшбасшысы Н.Назарбаевтың тікелей бастамасымен елімізде үдемелі индустриялық-инновациялық бағдарлама қабылданып, экспортқа сапалы, бәсекеге қабілетті өнім шығаратын елге айналдыруды мақсат етіп қойып отыр. Сондықтан да: «Отандық тауарлар бәсекеге қабілетті болуы тиіс» (18,4), –делінген стратегияда.

Мақсатты, жоспарлы экономикалық бағдарламалардың нәтижесінде Қазақстан 20 жылдың көлемінде экономикасы дамыған елдердің қатарына қосылды. Еліміздегі ауқымды іс-шаралардың бәрі еліміздің экономикалық әлеуетін онан әрі арттыра береді.

Сонымен бірге, Алаш зиялылары елімізде егіншілік пен мал шаруашылығын дамытудың жолдарын қарастырды. «Егін егу», «Шаруа жайынан» (1913) мақалаларында (А.Байтұрсынов) қазақ егіншілік пен мал шаруашылығының өнімділігі мен сапасын арттыру үшін ғылым мен білімнің озық, әлемдік жетістігін пайдаланып, егіншіліктен мол өнім алуға, мал шаруашылығын асылдандыруға қазақ жұртының назарын аударады: «Малдың асылын ұстау үшін қазақ қолындағы малын асылдандыру керек, асыл малдың ішінде қазақ жерін жерсінетін, жерсінбейтіндер болады. Оны да білу керек.

Аз жерді аздырмай, көп жер орнына тұтыну үшін асыл малға керек білімнен де көбірек білім қажет» (4,238). «Қазақстан-2050» стратегиясында ауылшаруашылығы, өнімі өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында ауқымды жаңартуды талап етіп отыр делінген. «Ол үшін әлемдік азық-түлік нарығының көшбасшысы болу және ауыл шаруашылығы өндірісін арттыру үшін егістік алаңын ұлғайту. Егістік түсіміне жаңа технологияларды енгізу арқылы көтеру. Әлемдік деңгейдегі мал шаруашылығы таза өнім шығару»,–міндеттелінді. Әсіресе, астық өнімдерін экспортқа шығаруда әлемде ондыққа кіруді және жылына 60 мың тонна ет

шығаруды күн тәртібіне қойып отыр. Оған жетуге Қазақстанның толық әлеуеттік мүмкіндігі мол. Бұл үшін 25 миллион га егістік алқапты, 180 миллион га мал жайылымын тиімді пайдалану керек. Сондықтан, бүгінде елімізде егіншілік мәдениетін арттырып, мал тұқымын асылдандыруға басым бағыт берілуде (18,8).

Міне, Алаш зиялыларының аңсаған армандары тәуелсіз ел болған соң жүзеге асырылуда. Қазақстан 20 жыл ішінде қиыншылықтарды артқа тастап, ауған жүгін түзеп, әлемге танылып, экономикасы дамыған 50 елдің қатарына қосылды. Таяуда Мемлекет басшысы жариялаған «Қазақстан - 2050» стратегиясында 30 елдің қатарына жету межеленді. Бұның да орындалары хақ.

Бүгінгі Қазақстан Республикасы-Алаш арманының іске асқан көрінісі.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. А.Байтұрсынов Ақ жол «Жалын», 1991. 255 б.
2. Сонда 256-б.
3. Сонда 320-б.
4. Сонда 238 б.
5. Сонда 10 б.
6. Бөкейханов А. Шығармалары, Қазақстан, 1994. 13 б.
7. Сонда 16 б.
8. Сонда 20 б.
9. Сонда 128 б.
10. Сонда 167-168 б. 11. Жұмабаев М. «Жазушы», шығармалар, 1989. 313 б.
12. Сақ Қ.«Ұлттық сананың ұйытқысы», «Қазақ университеті»,2000.23б.
13. Сағынбекұлы Р. Жүсіпбек, «Санат» 1997. 112 б.
14. Перуашев А. «Егемен Қазақстан», 21.11.2012. 5 б.
15. «Айғақ» 10.07.2012, Н.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам».
16. «Егемен Қазақстан» 15.12.2012, «Қазақстан-2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, 4 б.
17. Сонда 8 б.
18. Сонда 7 б.





**Базылбеков Маралбек  
Құрманғалиұлы**

Абай атындағы Қазақ Ұлттық  
педагогикалық университетінің  
2-курс студенті

### **БІЗГЕ ҚҰМЫРСҚАША ӘРЕКЕТ ЕТУ КЕРЕК.....**

Алаштың көсемсөз шебері Ахмет Байтұрсынұлы: «Бізге құмырсқаша әрекет ету керек, олардың ішінде біреуінің де қарап тұрғанын таппайсың», - депті бір мақаласында. Соңғы жылдары БАҚ құралында «Құмырсқа пәлсапасы» атты мақала шыққан болатын. Онда құмырсқалар ерекшелігі анықталып мынадай түйін жасалған:

1) Барынша еңбектенеді («жеткілікті», «осы ғана жетеді» деген нәрсе болмайды);

2) Қыстың қамын жазда, жаз жағдайын қыста ойлауы. Қыстың қамын жазда ойлауы түсінікті, ал жаз жағдайын қыста ойлауын жақсылық нәрсеге көп ұмтылуынан деп айтамыз.

3) Кедергілерге тоқтамау. Құмырсқа атаулыға кедергі деген жоқ, жолын бөгесең, я айналып өтеді, я секіріп өтеді. Әйтеуір өтеді.

Міне, дәл осы қасиеттерді де ХХ ғасыр басында ғұмыр кешкен Алаш арыстарының бойынан табуға болады. Олардың еңбек етуде, құмырсқа секілді «жеткілікті» дегенді білмеген, бар күштерін сарқа жұмсаған, әсіресе қазақтан маман, кадр дайындаудағы сіңірген еңбектерінің ерекшелігіне, олардың жолында кездескен қиындықтардан жол тауып, шыға алу қасиеттеріне және оны қазіргі Тәуелсіз Қазақ Елінде қолданудың өзектілігіне тоқталмақпыз.

## XX ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік жағдай

XX ғасырдың басындағы қазақ халқының хал-ахуалы көңіл көншітерліктей болмады. Оны біз, көтерілістердің қазақ даласында жиі-жиі болуынан, I дүние жүзілік соғыстың кесірінен, көшпелі мал шаруашылығының қолайсыздығынан, егемендіктің болмауынан, халықтың сауатсыздық деңгейінің 98%-ға жетуінен және де әлеуметтік шиеленістердің болуы, жер дауы, жесір дауы, жайылымдардың тартып алынуы, переселендердің көшіп келуі сияқты, тағы да басқа толып жатқан қазақ халқы үшін қолайсыз әмбе жайсыз жағдайлардан анық байқауға болады. Осы мәселелердің барлығы дерлік «Алаштықтардың» мойнына артылды деуге толық негіз бар. Сол кездегі, қазақ зиялылары бас біріктіріп, тізе қоса отырып «ел мүдесін қорғау» мәселесін қолға алды. Мұны жүзеге асыру үшін, оларда мынадай екі құрал болған еді. Ол - ақша және баспасөз. «Ақша» – қазақтың қолындағы малы еді. Әр қазақта «кіші қазанға дейін» барынша малы болатын және керек кезінде ел зиялылары үшін, бөліп беруге тартынбайтын да еді. Оған А.Байтұрсынұлын абақтыдан құнын төлеп босатып алғанын мысал етсек те жеткілікті.

Келесі бір құрал баспасөз еді. Баспасөзден әйгілі журнал «Айқаппен» халықтың көзі һәм құлағы (А.Байтұрсынұлы) болған «Қазақ» газетінен басқа көптеген баспасөз құралдары болды. Олар: «Ертіс», «Өміш», «Голос степи» «1906-1907» администрациямен жабылған, Омскіде шығып тұрған «Степной край», «Киргизская степная газета», «Туркестанские ведомости» (Ташкент), «Семипалатинские областные ведомости», «Семипалатинский листок», Санкт-Петербургте «Речь», «Слова», «Сын отечества», «Мусульманская газета», «В мире мусульманства» т.б. Аталған баспасөздерде Алаш зиялылары өз мақалаларын жариялай алды. [7: 75 бет]

Осы керектен басқа, үшінші керек нәрсе бұл - кадр болатын. Кадр атаулыларды екі түрге бөлуге болады. «Маман кадр» және «ұлттық кадр». Маман кадр, бұл – өз ісінің маманы. Ал «ұлттық кадр» болса, әрі маман кадр, әрі ұлттың жоқ жітігі мен мұң-мұқтажын түгелдей білетін, ұлтқа жаны ашитын, ұлттың ілгері дамуына өзіндік үлес қоса алатын білікті кадр. Алаш зиялылары дәл осы екіншісіне жататын.

Ресей патшалығының отарлау жолының бірі –жергілікті халықтың өз ішінен адам алып, өздеріне басқартып қою және

басқаратын адамы айтқанды екі етпеуге тиіс болуы керек еді. Оған байланысты белгілі Алаштанушы М.Қойгелдиев былай дейді: «Қазақ қоғамын басқару ісін жаңа кәсіби сатыға көтеру мақсатында, отаршыл - әкімшіл жүйе қазақтардың өздерінің арасынан басқару аппаратына қажет мамандарды даярлауға кірісе бастады. Орысша білім және тәрбие алған қазақ жастары өз жұртының арасында орыс мемлекеті мен мәдениетінің мүддесін өткізуші құралға айналуға тиіс болады...

Бірақ, оқудағы қазақ жастары бұл идеяны сол күйінде қабылдай қоймады. Үкіметтің аграрлық саясаты бойынша жарамды қазақ жерлерін жаппай қоныс аударушылардың пайдасына алып беру, соның нәтижесінде кедейленген жатақтардың көбейе түсуі, жаңа қалыптасып келе жатқан ұлттық зиялылар тобын саясатпен шұғылдануды кәсіпке айналдыруға, ұлт-азаттық қозғалысы идеялогиясын қалыптастыруға, саяси партияға бірігуге мәжбүр етті [3: 202бет]. Ол -Алаш партиясы еді. Ол партияның құрамында: Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов т.б. сол заманның алдыңғы қатарлы, озық ойлы қазақ интеллигенттері болды..

Алаш партиясы құрылған сәтінен бастап, ұлттық мүддені қорғауға кірісті. Жер, оқу-ағарту, сот, дін мәселесі барлығы дерлік қарастырылды. Өкінішке орай, бұл кеңестік өкіметке жақпады. «Кеңестік билікке ұлттық мүддені тура бағалап, ол үшін күресе алатын ұлттық элитасының қажеті жоқ-тын. Оған керегі—«Орталықтың түрлі директиваларын уақытында бұлжытпай орындап отыратын басқарушы кадрлар» ғана еді. Ф.Голощекин: «Қазақ өлкелік партия комитетінің 3-ші Пленумында «Жаңа типті» қызметкерлер қалыптасып келеді, Қазақстанның болашағын анықтайтын осылар болады», - деп мәлімдеді. Мәскеу тағайындаған Қазақстанның бірінші басшысы тез арада «ұлтшыл-уклонист» С.Сәдуақасов, С.Қожанов, Ж.Мыңбаев, Н.Нұрмақов және басқаларды биліктен ысырып, олардың орнына «жаңа типтегі» кадрлардың алдыңғы легіндегі О.Исаев, І.Құрамысов, Е.Ерназаров және басқаларды тартты. Соның нәтижесінде, қысқа мерзім ішінде 1932-1933 жылдардағы жалпыұлттық трагедияларға алып барған байлар мүлкін тәркілеу, көшпелі қожалықтарды отырықшылықтандыру, ұжымдастыру сияқты күрделі әлеуметтік —экономикалық және саяси реформалар іске асырылды. [3: 206 бет]

## Кадр қалай дайындалады?

Сол кездегі төңкеріске дейінгі 1914-1915 жылдардағы деректерге жүгінсек, Р.Сүлейменов деректері бойынша, өлкеде 1914-1915 жылы 240 дәрігер, 3300 мұғалім, 500 ауыл шаруашылық маманы (олардың 200-і жоғары білімді), 311 техниктер мен мал дәрігерлері, 66 жерге орналастырушылар, 45 гидротехниктер, 18 орман шаруашылық мамандары болған. [ 4: 729 бет] Аз болсын, көп болсын мамандар сол кезде де бар болатын, оларға Ахметтің де қояр талабы бар. Ол: «Осы күні қазаққа керек нәрсенің көбі әркімге-ақ мағлұм. Қазаққа не керек екенін білмегеннен істей алмай тұрған адам жоқ. Қазаққа керегі айтылып жатыр хәм айтылар да. Жұртқа керегін білетіндер көп, істейтіндер аз. Білушілеріміз білгенімен қоймай, істеуге кіріссе екен. Білушілеріміз істеуші болса, оларды көріп өзгелерде істер еді. Сөйтіп, көсемдер көбейсе, ерушілер де көбейер еді», - дейді [5:242 бет]. Мұнан ұғарымыз мамандар болды, бірақ оларды дұрыс ұйымдастыра алатындар аз болды немесе мүлдем болмады.

Яғни, кадр даярлау туралы екі өзекті ой айтылған.

Біріншісі, білетіндер істеуші болуы, теориясы барлар практикада қолдана алуы тиіс.

Екіншіден: лидер болу, жетекші бола білу, ұйымдастыра алатын болу. Қазіргі тілмен айтар болса, локомотив болуы тиіс.

Маман дайындауда «Қазақ» газетінің де рөлі зор болды. Бұл газет сол тұстағы ең танымал баспасөз құралының бірі болатын. Араб графикасында шығып тұрғандықтан, мұны көп қазақтар түсіне алатын еді. Тіпті, Газетке Қазан, Санкт-Петербург, Москва, Варшава, Киевтегі студенттер де жазылып алдыртатынды. Осы газет арқылы Алаштықтар қандай сала маманы керек екенін – дәрігер, мал дәрігері, инженер, әскери адам керек пе, соны біле алатын.[7] Қазіргі кезде қарайтын болсақ, елімізде де белгілі түрде керек емес мамандықтарға түсушілер саны артып кеткен. Ал, қажет болатын мамандықтарға адамдар аз болуы себепті, кейде маман тапшылығы да болып жатады. Егер, БАҚ құралдары арқылы қандай мамандық қажет болатынын, қандай маман жетіспеушілігі болып жатқанын болашақ мамандар біліп отырса онда кадрлық саясатты да дұрыс жүргізіп отыруға мүмкіншілік болар еді. Мүмкін, сонда біз шет елден маман алдыртуды тоқтататын болармыз.

Алаштықтардың бойындағы ең бір керемет қасиет те, олардың ауызбіршілікте, біріккен түрде жұмыс істеуі еді. Бұл жағын ашу үшін, Алаштықтардың өзін маман ретінде қарастыру керек. Жоғарыда айтылған 98% сауатсыз деп саналса, қалған 2% сауатты болғаны дәл осы Ресейде оқып (қызылға) бітірген ұлт зиялылары еді. Олар – М.Тынышбаев, А.Бірімжанов (Қазан университетін алтын медальға бітірген), Ә.Ермеков т.б. барлығы дерлік бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай қызмет етті. Шынында да, Ахаң айтпақшы «қарап тұрған ешкім жоқ» деуі сол кез зиялыларына тән. Мәселен, Т.Рысқұлов 1927 жылы Түркістан темір жолы салынуда жәрдемдесу комиссиясын құрған болатын. Сол кезде, Ф.Голощекиннің қарсылығына қарамастан М. Тынышбайұлын комиссия құрамына ендірі. Сол жұмыста кәсіби шеберлігін көрсеткен М.Тынышбайұлы магистральдің әйгілі шоқпар вариантын жасап, ол мемлекетке үлкен пайда әкеліп, миллиондаған қаржы үнемделді. Сонымен қатар, бүкіл Түркісіб басындағы бекеттердің, көпірлердің ежелгі жер атауларымен қалдырылуы да М.Тынышбайұлының арқасы деп білуіміз керек [2/94]. Осы жерде қазіргі жағдаймен ескерсек, қанша жерден топонимикалық жер атаулар өзгергенмен, тәуелсіздік алғалы ешбір темір жол станциясының атауы (жаңа салынғаннан басқа) өзгертуге ұшырамады. Мысалы: «Жамбыл» - «Джамбул», «Шиелі»- «Чийли» деген секілді өзгертілмеген, себебі оны ауыстырудың өзі үлкен қаржыны, үлкен құжаттық өзгерістерді талап етеді. Бірақ, бір қуанатыны «Чийли» атауының қазіргі күнде «Перовск» аталмағандығы. Бұл жерде, М.Тынышбайұлының сіңірген еңбегінің қаншалықты маңызды екендігі байқалады.

Ал, Т.Рысқұлов, О. Жандосовтар қазақ балаларын барынша оқуға тарта білді. Яғни, маман атануына күш салды. Т.Рысқұлов «Түркісіб» темір жолы салынуы кезінде ел арасында оқуға ынтасы бар балалар табылса, Алматыдағы Ораз Жандосовқа жіберіп отырған. Ол өз кезегінде керек университетке, оқу орнына түсіріп оқыта білген. Мәселен, Қ. Ахметжановтың естелігінде осы жайттар сипатталады, яғни Т.Рысқұлов оған келіп «Оқу оқисың ба?» дегенде, «Оқимын» деп жауап бергенін, кейіннен қолына қағаз алып, Алматыға О.Жандосовқа барғанын айтады. [1].

Алаштықтардан үйренетін тағы бір дүние, қандай бір жұмысты алмасын, «халықтың табиғатына» икемдей алған. Мәселен, ұлт

көсемі Ә.Бөкейханов: «Көшпелі мал шаруашылығын тоқтатпаған жөн», - деген еді. Бірақ, кеңестік өкімет «ұжымдастыру саясатын» жасап, көшпелі мал шаруашылығын бірден жойды. Соның кесірінен қазақтың негізгі шарушылығы - малынан айырды. Оның соңы, ашаршылыққа айналғаны да бәрімізге белгілі.

Егер, Алаштың Әлиханы солай десе, О.Жандосов сол көшпелі халықтың өзінен маман дайындауды қолға алып, халықтың тұрмыс-тіршілігіне икемдей алды. Ол көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын ауылдарда арнайы курстар өткізуді ұсынды және бұл курстар қыс уақытында өткізілетін болған [1]. Қазіргі біздің тілмен айтқанда, «Жылжымалы дәрігерлік автобус секілді» болды. Бұл – маман дайындауда ескеретін негізгі жайттардың бірі. Осыған тағы бір алып қосары, дәл осы арнайы курстарды өткізген соң, оны өткізгендерден есебін сұрап отырған. Яғни, істелінген істің нәтижелілігін талап еткен. Бүгінгі күні, бұл біздің бюрократияға, қағаз бастылыққа жұмыс істеуді емес, түпкі нәтижеге жұмыс істеу керек екенін дәлелдейді.

Тағы бір Алаш ардақтыларының «жұмыла көтерген жүгі» - қазақ жерінде тұңғыш «мемлекеттік университеттің» ашылуы еді. 1928 жылы Қазақ мемлекеттік университеті» ашыларда С.Асфендияров Мәскеуден 12 ғылым қызметкерін алдырған.[1] С.Асфендияровтың бұл ісін қазіргі біздің шет елден оқытушылар алдырумен салыстырса болады. Біздің білім беру саласында, осы әдіс қазіргі кезде де тиімді қолданылуда. Себебі, шет елге барып оқитын болса, үлкен шығындарға әкеледі. Салыстыра қарасақ; шет елге он адам оқуға барар болса, он есе шығын, ал, шет елден 1 маман алдырса, кемі 10 адамды әшейін-ақ оқытуға болады.

Сонымен қатар, университет жабдығына Фрунзеден құрал жабдық алдыртқан, Ленинградтан лабораториялық құрылғылар алдыртқан да осы Санжар Асфендияров пен Ораз Жандосов болатын. Дәл осы Ораз Жандосов Алаш ардагерлерін бірыңғай жұмысқа тартқан, оқу ағартуға шақырған, жинаған да болатын. Оқытушыларға, дәріс беретіндерге жағдай жасауды, жатын орынмен қамтамасыз етуді де мойындарына алған. [1] Сол себепті де, жаңа ашылған университетте Санжар Асфендияров, Әлімхан Ермеков, Ахмет Байтұрсынов секілді тұлғалар еңбек етті. Ахмет Байтұрсынұлы аталған университеттің ашылуында: «Қазақтың

мәдениеті мен экономикасы үшін университеттердің ашылуының қаншалықты зор маңызы бар екенін дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймас», - деген Алаш зиялысының осы бір ісінде үлкен жетістік жатыр еді. Өйткені, Алаштықтардың жұмылуымен техникалық университет, қазақ ауыл шаруашылығы институтының негізі салынды. Осылардың барлығында дерлік, Алаштықтардың іздері сайрап жатыр. Мәселен, бір ғана Ә.Ермеков қазақтан шыққан тұңғыш профессор болып өзінің өшпес еңбегін жазып кетті. 1935 жылы қазақ тілінде техникалық және педагогикалық ЖОО-да «Ұлы математикалық курсы» еңбегін жазды. Ол 1917-1938 жж., 1947-48 жж., 1955-1958 жылдары жұмыс істеген. Ташкенттегі жоғары педагогикалық институтында, Қазақ мемлекеттік университетінде, Қазақ педагогикалық институтында Ветеринарлық зоотехникалық, тау-кен металлургиялық Алматыдағы университеттерінде, Шымкент техникалық құрылыс институтында, соңғы жылы Қарағандыдағы тау-кен (политехникалық) институтында жұмыс істеген. [6] Бұл тек, бір адамның ғана істеген жұмысы. Дәл осылай маман дайындауда, ұлттық кадр дайындауда Алаштықтар маңдай терлерін аямай төкті. Алаш арыстары тек өздері ғана жұмыла жұмыс істемей, басқаларды да осыған шақырды. Мәселен, әлі «Қазақ» газеті шығып тұрған шақта Ахмет Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлы өкіметке қол жайып отыра бермей, Халық ағарту ісіндегі кедергілері мен қиыншылықтарды (оқу ақысын төлеу, оқу орындарын ашу, құрал-жабдықпен қамтамасыз ету т.б.) жеңуде жұрт болып жұмылуға шақырады. [ 1;399].

Дегенмен де, сол кезеңде Алаш партиясы таратылғанымен олардың ғылым-білім мәселесі туралы айтқандары, жазылғаны орындалды. Ол Алаш партиясы бағдарламасының тоғызыншы пунктінде айтылған еді. Онда:

- Оқу орындарының есігі кімге болса да ашық және ақшасыз болады;
- жұртқа жалпы оқу жайылу;
- бастауыш мектептерде ана тілінде оқу;
- қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу;
- мұғалімдер өзара сайлаумен қойылу;
- ел ішінде кітапханалар ашу;

Кеңес үкіметі тура осы айтылғандарды орындады, тек бір нәрсені ұмыт қалдырды. Ол қазақ баласын ана тілінде жоғары

оқу орнында (педагогикалық оқу орнынан басқа) оқытпауы, қазақтарды кәсіби мамандық алып шығуынан айыру еді. Бұл тың игеру кезіндегі, индустрияландыру шағындағы «мамандар легін» көрсетеді.[1:401б]

Сонымен қатар, «ұлттық кадрдың» жойылуына Голощекин ойлаған Қазақстанды басқарушыларды дайындау еді. «Жеткілікті» дегенді білмеген Алаштықтар «жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенше істеп кетейік» деп, өз мамандығы болмаса да, біраз құнды дүние тастап кетті, өздерін үлгі етті.

Қайбірін алсақ та, мәселен, Әлихан Бөкейханов неге «Орман шаруашылығын» бітірді, неге техникалық немесе басқа институтқа түспеді. Себебі, елін, жерін шын жүректен сүйді. Сол арқылы, орыс географиялық қоғамында болып, бүкіл зерттеу экспедициясына қатысты. Елін одан әрмен зерттей түсіп, территорияны анықтауға көмектесті. Міне, дәл осындай қасиетті әрбір Алаштықтан байқауға болады. Себебі, олардың әрқайсысы жыртыққа жамау болды, қазақтың «жалғызы» болды. Бұл Алаштықтар еді. Сөз соңында, Алаш партиясы құрамында қандай адам болу керек дегенге байланысты, «Қазақ» газетінде 1917 жылдың 253-інші санында: «Алаш» бағатынан таймайтын, өтірік айтпайтын, жақындық, туысқа бүйрек бұрмайтын, дүниеге қызығып сатылмайтын, шыншыл, әділ, тура кісі осы партияға кіреді. Сыртын берсе, іші басқа, тілін берсе жүрегі басқа болатын, ауырлық келсе бұлт беретін қорқақ, айнымалы мінезі бар кісі мүшелікке қабылданбайды». Қазіргі кадр дайындауда бұған алып қосар ештеме жоқ. Енді түйіндер болсақ:

- 1. Маман адам «ұлттық кадр» болуы, яки патриот азамат болуы;**
- 2. Білетіндер істеуші болуы, теориясы барлар практикада қолдана алуы;**
- 3. Өз ісінің шебері болуы; (М.Тынышбаев секілді)**
- 4. Лидер болу, жетекші бола білу, ұйымдастыра алатын болу. Қазіргі тілмен айтар болса, «локаматив» болуы;**
- 5. Керек мамандықтарды, болашақта қажеттілігі болатын мамандықтарды БАҚ арқылы хабарлап отыру;**
- 6. Бірлікте болу. Керек кезде бір-біріне көмектесе алатындай жұмыс істеу;**
- 7. Ұлттық құндылықтарды кәсіпте пайдалану;**




8. Маман дайындауда ана тілінде дайындау;
9. Халықтың табиғатына сай кадрлар дайындау, тұрмыс тіршілігін ескеру.
10. Санға емес, сапаға (кадрға) жұмыс істеу;
11. Шет елден білікті оқытушылар, жаңа техникалар, құрал-жабдықтар алдыру;
12. Оқушылар мен оқытушыларға жағдай жасау;
13. Оқытушылықпен, ғылыммен айналысу;
14. Маман дайындауда қиыншылықтар болса, ел-жұрт болып көмектесу;
15. Жергілікті халыққа маман дайындайтын жердегі тілі бейтаныс болмау;
16. Өз ісін, мамандығын сүйюі.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Жинақ . «Алаш және тәуелсіз Қазақстан: идеялар мен ұстанымдар 2.сабақтастығы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Абай атындағы ҚазҰПУ. 21 қараша 2008.
3. Жинақ. «Жоғары оқу жүйесін реформалау жағдайында жоғары оқу орындарының даму мәселелері мен келешегі». Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Алматы 2008.
4. «Ұлттық рухтың ұлы тіні» Ғылыми мақалалар жинағы. Алматы. 1999. Қазақстан тарихы. 5 томдық. 3 том.
5. А.Байтұрсынов «Ақ жол».
6. Мысль. Журнал №5 май. 2013.
7. Мысль. Журнал №1, 74 б.
8. ҚР ҰҚК № 03942 мұрағат құжаты.
9. Жағыпар Әділеттің Махмет Темірұлымен сұхбаты. 07.05.2011 ж. (жеке мұрағаттан)
10. Темірұлы М. Арман мен азап. Естелік. / Алматы. «Санат»,1998.160 б.
11. «Тұғырлы тәуелсіздік – ғұмырлы ұрпақ кепілі» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. / Жезқазған. 2011 – 111 б.
12. Әбдәкімұлы Ә. Қазақстан тарихы (ерте дәуірден бүгінге дейін). Оқу құралы. Өңделіп толықтырылып екінші басылуы. / Алматы: ЖШС «Қазақстан» баспа үйі, 2005. 608 б.
13. Жағыпар Әділеттің Жаппар Өмірбекұлы қызымен сұхбаты. 07.05.2012 . (жеке мұрағаттан)
14. «XX ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақстандағы саяси-әлеуметтік ахуал: ашаршылық пен қуғын-сүргін тарихы». Мақалалар жинағы. / – Астана. «Алсем-Астана» баспасы, 2012. 240 б. Қазақша, орысша.
15. Назарбаев Н. Тарих толқынында. / Алматы: Атамұра, 1999. 296 б.

**4-ші номинация: БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ  
ҚҰРАЛДАРЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН ҮЗДІК  
ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР**



**Кенемолдин Мұратбек  
Республикалық «Абай»  
журналының бөлім  
меңгерушісі, Алаштанушы**

## **АРХИВТЕН АЛЫНҒАН АЙҒАҚТАР**

### **1. ТУРАҒҰЛ АБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ АЛАШОРДА ҮКІМЕТІ**

Еліміз тәуелсіздік алғанға дейінгі Кеңестік замандағы әдеби-ғылыми ортада Абайдың сүйікті ұлы, дарынды ақын-жазушы, шебер аудармашы, Алаштың ардагер асыл азаматы Турағұл Құнанбаев туралы ашық айтылмай келді. Оған басты бір себеп, оның тек әлеуметтік шыққан тегі жағынан атақты бай-феодалдың тұқымынан тарайтындығы ғана емес, әйгілі Алашорда үкіметіне қатысты екендігінде болды. Ашығын айтсақ, Турағұл Абайұлының Сталиндік аяусыз қуғын-сүргінге ұшырауы, тікелей осы Алаш қозғалысының басшылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтармен арадағы достық қарым-қатынасқа байланысты туындаған еді.

Әлиханның ақылы бойынша, сонау 1905 жылы Турағұл мен Кәкітай жинастырған Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы араға төрт жыл салып барып Петорбордағы И.Бораганский баспасынан шыққаны мәлім. Сондай-ақ, ұлы ақын өмірден өткенде алғаш азанамасын жазып, баспасөзде жариялаған да осы Ә.Бөкейханов

еді. Бүгінде зерттеушілер Абай мен Әлихан арасындағы рухани байланысқа қоса, олардың арасында: «Нұрмұхамед 1901 жылы алпыс бір жасында опат болған. Желтаудағы Бөкейхановтар зиратына жерленген. Нұрмұхамедтің әйелі тобықты Мамай батырдан тарайтын Дулат батырдың қызы Бекжан ханым. Ел арасындағы аты – Бежекем. Дулаттың екінші қызы – Ботантай Құдайберді әйелі, Құнанбай келіні» [1] дегендей туысқандық қатынас та болғанын айтады. Қысқасы, Абай балалары, аға сұлтан Құнанбай ұрпақтарының Әлихан Нұрмұхамедұлымен арада осындай туысқандық әрі рухани байланыстар болған. Мәселен, ол туралы Ә.Бөкейханов «Кәкітай» атты мақаласында «1908 жылы Семейде абақты борышымды күтіп жүргенімде Шәкәрім, Кәкітай, Турағұл іздеп келіп, біраз күн көңіл көтеріп, әңгіме-дүкен құрған едік» деп айтатыны бар.[2] Сонымен бірге мұнда Медеу, Омарбек, Хасен, Қаражан тәрізді елге танымал азаматтардың аттары аталуына қарағанда, Әлекеңнің Абай ауылы адамдарымен де жақсы таныстығы байқалады. Кейінде олардың ішіндегі Оразбайдың Медеуі, Қаражан Үкібаев деген атақты байлар Алашорда үкіметіне көрсеткен көмегі үшін жергілікті ГПУ-дің үкімімен «халық жауы» болып айыпталып, атылып кетті.

Алаш қайраткерлері 1916 жылдың 25 маусымындағы ақ патшаның майдандағы тыл жұмыстарына қазақтан солдат алу жөніндегі жарлығына бұқара халық қарсы шығып, босқа қырылып қалмасын деп қатты алаңдаушылық білдіреді. Осыған орай, Әлихан, Ахмет, Міржақып үшеуі «Қазақ» газетіндегі «Алаштың азаматына» мақаласында «қазақ шын қарсылық қылатын болса, ел-елге отряд шығады, отряд шықса, бас пен малға әлегі бірдей тиіп, елдің іргесі бұзылады» дегенді айтып, елді бейбіт келісімге үгіттейді. Шынында солай болды да. Мысалы, академик Манаш Қозыбаев «Национально-освободительная война 1916 г. в Казахстане: концептуальные проблемы» атты зерттеу еңбегінде: «Феномен 1916 г. характеризуется обострением национального вопроса. В период освободительной войны 1916 г. возникла опасность поголовного истребления казахского народа. Вновь история, как в период борьбы с джунгарами, поставила вопрос: быть или не быть казахскому народу, вопрос о выживании нации. В карательных экс-

педичиях по уничтожению коренного населения участвовали армейские части, казачество. Так, для подавления Тургайского очага восстания была снаряжена целая карательная экспедиция генерала Лаврентьева в составе Кустанайского отряда под командованием подполковника Кислова, Актюбинского отряда (подполковник Клопов), Тургайского отряда (подполковник Котомин), Иргизского отряда, отряд есаула Шепихина, вооруженного 14 орудиями и 17 пулеметами. 13 ноября 1916 г. были дополнительно отправлены в район боевых действий части 95-го полка из Казани, 92-го полка из Перми, 2 роты 104 и 238 запасных полков из Оренбурга. Генерал Добрынин просил генеральский штаб снабдить экспедиционный корпус генерала Лаврентьева не менее 10-ю грузовыми автомашинами, тремя станциями телеграфа, 2 или 3 аэропланами.

Для подавления восстания в Семиречье, было направлено 35 рот в 8750 штыков, 24 сотн в 3900 сабель, 16 орудий и 47 пулеметов. Против восставших в Акмолинской и Семипалатинской областях было направлено 12 кавалерийских сотен, 11 усиленных пехотных рот во главе с генералом Ягодкиным» дейді.[3] Осылайша отарлық езгіге қарсы күрестің соңы үлкен қантөгістерге барып ұласқан болатын.

Ұлт тағдыры таразыға түскен осындай қысылтаяң шақта, Турағұл Абайұлы Алаш қайраткерлерін белсене қолдап шығады. Елдің игі жақсыларын майданға солдат беруге үндеп, үгіт-насихат жүргізеді. 1916 жылдың маусым айының соңында Семей уезіне қарасты Шыңғыс, Шаған, Мұқыр, Қызыладыр, Беген, Семейтау, Бұғылы тәрізді 7 болыс елдің ақсақалдары Семей қаласында бас қосып жиын өткізеді. Онда сол уақтағы қазақтан соғыс майданына кісі жіберу жайы әңгіме болады. Міне, осы мәжіліске Турағұл Абайұлы Құнанбаев төрағалық етіп, хатшылық міндетін Сыдық Дүйсенбин орындайды. Мәжілістегілер тегіс патша жарлығына елдің қарсылығы жоқтығын жария етеді.[4] Ол кезде Шыңғыс болысын Әлихан Бөкейхановтың досы Кәкітайдың баласы Біләл Құнанбаев басқарса, ал оның кандидаты және халық соты болып Турағұл Құнанбаев қызмет атқарған еді.[5] Өз кезегінде, Семей губернаторынан Қарқаралы уезі болыстарының бір топ игі жақсылары да, яғни, Берікқарадан: Ыбырай Ақпай баласы,

Құсайынхан Сырлыбай баласы; Тоқырауыннан: Смахан Бөкейхан; Балқаштан: Нармамбет Орманбет баласы; Едірейден: Камал Жайсақ баласы; Ақшатаудан: Амантай Адамбай баласы, Ғайса Тоқтарбек баласы; Шұбартаудан Ғайсағұл Мыңаяқ баласы һәм Қотанбұлақтан Құсайын Бижан баласы әскерлік мәселесіне байланысты төтенше съез өткізуге рұқсат сұрап өтініш білдірген.[6]

Бірінші дүниежүзілік соғыста тыл жұмыстарына алынған қазақтар қару ұстап, соғыс өнерін үйреніп қайтты. Тіпті, олардың арасында Нұғыман Сарбөпеұлы, Сабыр Сарығожин, Молданияз Бегімов, Хамит Тоқтамышев тәрізді штабс-капитан шеніндегі әскери атақ-лауазымдарға ие болғандар да аз болмады. Бұл әскери қазақтар кейінде Алашорда әскерінің негізін құрады. Азамат соғысы жылдарында осы жауынгер қазақтар елді талай қантөгістерден қорғап қалды.

Сондай-ақ, Турағұл Абайұлы 1917 жылғы ақпан және қазан төңкерістері кезінде де Алаш қайраткерлерімен бірге ұлт мүддесіне қатысты істердің бел ортасында жүреді. Бұл негізінен бүкіл билік Ресейде Уақытша Үкіметке тиіп, Учредительное собраниеге депутат сайлау мәселесі қызу көтеріліп жатқан уақыт еді. Осыған байланысты Ә.Бөкейханов бастаған ұлт зиялылары жер-жерде облыстық қазақ съездерін өткізіп, онда болашақ қазақ автономиясын құру, земстволық басқару жүйесін енгізу, Бүкілресейлік Құрылтай жиынына депутаттар сайлау, жалпы қазақ съездерін шақыру тәрізді т.б. шешімдер қабылданып жатқан болатын. Мәселен, 1917 жылдың 27 сәуірі мен 7 мамыры аралығында өткен Семей облысы қазақтарының съезінде де осындай өмірлік маңызы зор мәселелер қаралып, жаңадан облыстық қазақ комитетіне мүшелікке Жақып Ақбаев, Райымжан Мәрсеков, Халел Ғаббасов, Мұқыш Боштаев, Биахмет Сәрсенов, Әлімхан Ермеков, Ахметжан Қозыбағаров, ерлі-зайыпты Нұрғали және Нәзипа Құлжановтар, Иманбек Тарабаев, Дәлел Сәрсенов, Әнияр Молдабаев, Мұстақым Малдыбаев, Мәннан Тұрғанбаев, Турағұл Ибрагимов, Боштаев, Сатылған Сабатаев, Ыдырыс Оразалин, А.Абылайханов, оларға кандидаттыққа Жүсіпбек Аймауытов, Құрман Есенғұлов, Шынжы Керейбаев, Кәрім Дүйсебаев, М.Молдабаев, Жанай Баиров, Даниял Ысқақов, Хайретдин Болғанбаев, Ж.Қияқов, Әбдікәрімов.

тексеру комиссиясына мүшелікке Құрманбай Мұздыбаев, Мұқан Тоқтабаев, Әбдірахман Жүсіпов (Юсупов) сайланады.[7]

Ал енді, Әлихан Бөкейхановтың 1917 жылғы «Қазақ» газетіндегі «Қазақ депутаттары» мақаласында Бүкілресейлік учредительное собраниеге депутаттыққа 43 адамның, соның ішінде Семей облысынан Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев, Халел Ғаббасов, Райымжан Мәрсеков, Биәхмет Сәрсенов, Әлімхан Ермеков, Ахметжан Қозыбағаров, Сатылған Сабатаев, Турағұл Құнанбаев кандидатурасы ұсынылғаны туралы айтылады. [8]

1917 жылдың күзінде Семейде алғаш Алаш партиясының облыстық комитеті құрылған кезде Турағұл Абайұлы оған мүше болып енеді. Ол Әлихан Бөкейханов, Халел Ғаббасовтармен бірге Семей облысының уездері мен ауылдарында аталмыш партияның бастауыш ұйымдарын құрысуға, сондай-ақ облыстық және жалпы қазақ съездері жұмыстарына, ел өміріндегі тағы басқадай қоғамдық-саяси істерге қызу атсалысады.

Осы кезеңде, Семей уездік және облыстық Земство жиындары депутаттарын сайлау науқаны қала тұрғындары, соның ішінде қазақ жұртшылығының жаппай қатысуымен шиеленісті әрі тартысты өтеді. Бір есептен оның солай болатын да жөні бар еді. Яғни, бұл негізінен Семейде түрлі саяси күштер билікке таласқан кез болатын. Алаш қозғалысы басшыларының елдегі билік тізгінінен айырылып қалмайық деген үндеуіне орай қазақ оқығандары білек сыбана араласады. Семей уездік Земствосы басқармасының төрағалығына Ахметжан Қозыбағаров тағайындалып, Семей облыстық Земствосын Райымжан Мәрсеков басқарады.

Жалпы, Земстволық басқармалар қарапайым халықтың элеуметтік-тұрмыстық, өнеркәсіп және шаруашылық-қаржы мәселелерімен қатар сот, милиция құру ісімен де айналысқан жергілікті өзін-өзі басқару органы болды. 1917 жылдың 10 желтоқсанында өткен Семей уездік Земствосының бірінші төтенше жиынында облыстық Земствоға Турағұл Құнанбаев, Биәхмет Сәрсенов, Константин Павлович Ляшкевич, Әнияр Молдабаев, Имам Әлімбеков, Құрман Есенғұлов, Михайл Степанович Проськов депутат болып, ал депутаттыққа кандидат ретінде Ермұхамет Аймұхаметов, Құрманбай Мұздыбаев, Мұхамеджан

Мұхамедуәлиев, Толымхан Өтепов, Иманбазар Қазанғапов, Дмитрий Семенович Шахворстов сайланады. Және де ол осы жиында Земстволық банк пен уақытша құрылған уездік қазақ сотына мүше болып енеді.[9] Сөйтіп, Турағұл Абайұлы Алаш идеясының Семейдегі белсенді жақтастарының біріне айналады.

Реті келгенде айта кетейік, Семей уездік Земствосына депутаттыққа сайланған ғұлама ақын Шәкерім Құдайбердиев те өз замандастары, Абайдың ақын шәкірттері Көкбай Жанатаев, Иманбазар Қазанғаповтар секілді ұлт мүддесіне қатысты істерден шет қалмайды. Мәселен, Семей облыстық Земствосының бірінші төтенше жиынында облыстық соттың төрағасы болып Мұқыш Боштаев, ал оның орынбасарлығына Иманбек Тарабаев, мүшелігіне Шәкерім Құдайбердиев пен Смахан Бөкейханов сайланып, бекиді. [10]

1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндері аралығында Орынборда өткен екінші жалпықазақ съезіне Турағұл Абайұлы делегат болып қатысып, онда Алашорда басшылары тарапынан Бақыткерей Құлманов, Міржақып Дулатовпен бірге Түркістан қазақтарын Алаш автономиясына қосу жайын сөйлесуге тағайындалады. Мұның саяси мәнісін «Алашорда» басшысы Әлихан Бөкейханов пен Түркістан автономиясының министрі Мұстафа Шоқаев: «Алаш орда Сырдария қазақтарына мынадай телеграмма берді: Екінші жалпы қазақ-қырғыз съезі бүкіл Алаш баласын біріктіріп өз алдына автономия етуге қаулы қылды. Бұл туралы Түркістан қазағымен келісу үшін. Алаш ордасы 5-інші ғинуарда Түркістан шаһарына Сырдария облысының съезін шақырады. Съезге болыс басы бір өкіл келсін. Мұстафа хәм жолдастары бұл съезді 10-ыншы ғинуарға шақырған еді. Оны өзгертіп, 5-інде болсын делінді. Бақыткерей Құлмановты, Мирякуб Дулатовты хәм Тұрағұл Құнанбаевты жібереді. Уақыт шұғыл, мәселе зор болғандықтан. шақырылған өкілдер съезге айтылған күннен қалмай келулері керек еді.

Бұл съезге болыс басы бір кісінің үстіне мына кісілер арналып шақырылады: Байсын ақсақал Көлдей ұлы, Исуфбек Басығара ұлы, Ибраһим Қасым ұлы Иманберді ақсақал, Сабырқұл Аллабергенов, Мәуленқұл Байзақов, Алдиярбек Рахымқұлов, Әзімхан



тексеру комиссиясына мүшелікке Құрманбай Мұздыбаев, Мұқан Тоқтабаев, Әбдірахман Жүсіпов (Юсупов) сайланады.[7]

Ал енді, Әлихан Бөкейхановтың 1917 жылғы «Қазақ» газетіндегі «Қазақ депутаттары» мақаласында Бүкілресейлік учредительное собраниеге депутаттыққа 43 адамның, соның ішінде Семей облысынан Міржақып Дулатов, Жақып Ақбаев, Халел Ғаббасов, Райымжан Мәрсеков, Биәхмет Сәрсенов, Әлімхан Ермеков, Ахметжан Қозыбағаров, Сатылған Сабатаев, Турағұл Құнанбаев кандидатурасы ұсынылғаны туралы айтылады. [8]

1917 жылдың күзінде Семейде алғаш Алаш партиясының облыстық комитеті құрылған кезде Турағұл Абайұлы оған мүше болып енеді. Ол Әлихан Бөкейханов, Халел Ғаббасовтармен бірге Семей облысының уездері мен ауылдарында аталмыш партияның бастауыш ұйымдарын құрысуға, сондай-ақ облыстық және жалпы қазақ съездері жұмыстарына, ел өміріндегі тағы басқадай қоғамдық-саяси істерге қызу атсалысады.

Осы кезеңде, Семей уездік және облыстық Земство жиындары депутаттарын сайлау науқаны қала тұрғындары, соның ішінде қазақ жұртшылығының жаппай қатысуымен шиеленісті әрі тартысты өтеді. Бір есептен оның солай болатын да жөні бар еді. Яғни, бұл негізінен Семейде түрлі саяси күштер билікке таласқан кез болатын. Алаш қозғалысы басшыларының елдегі билік тізгінінен айырылып қалмайық деген үндеуіне орай қазақ оқығандары білек сыбана араласады. Семей уездік Земствосы басқармасының төрағалығына Ахметжан Қозыбағаров тағайындалып, Семей облыстық Земствосын Райымжан Мәрсеков басқарады.

Жалпы, Земстволық басқармалар қарапайым халықтың элеуметтік-тұрмыстық, өнеркәсіп және шаруашылық-қаржы мәселелерімен қатар сот, милиция құру ісімен де айналысқан жергілікті өзін-өзі басқару органы болды. 1917 жылдың 10 желтоқсанында өткен Семей уездік Земствосының бірінші төтенше жиынында облыстық Земствоға Турағұл Құнанбаев, Биәхмет Сәрсенов, Константин Павлович Ляшкевич, Әнияр Молдабаев, Имам Әлімбеков, Құрман Есенғұлов, Михайл Степанович Проськов депутат болып, ал депутаттыққа кандидат ретінде Ермұхамет Аймұхаметов, Құрманбай Мұздыбаев, Мұхамеджан

Мұхамедуәлиев, Толымхан Өтепов, Иманбазар Қазанғапов, Дмитрий Семенович Шахворстов сайланады. Және де ол осы жиында Земстволық банк пен уақытша құрылған уездік қазақ сотына мүше болып енеді.[9] Сөйтіп, Турағұл Абайұлы Алаш идеясының Семейдегі белсенді жақтастарының біріне айналады.

Реті келгенде айта кетейік, Семей уездік Земствосына депутаттыққа сайланған ғұлама ақын Шәкерім Құдайбердиев те өз замандастары, Абайдың ақын шәкірттері Көкбай Жанатаев, Иманбазар Қазанғаповтар секілді ұлт мүддесіне қатысты істерден шет қалмайды. Мәселен, Семей облыстық Земствосының бірінші төтенше жиынында облыстық соттың төрағасы болып Мұқыш Боштаев, ал оның орынбасарлығына Иманбек Тарабаев, мүшелігіне Шәкерім Құдайбердиев пен Смахан Бөкейханов сайланып, бекиді. [10]

1917 жылдың 5-13 желтоқсан күндері аралығында Орынборда өткен екінші жалпықазақ съезіне Турағұл Абайұлы делегат болып қатысып, онда Алашорда басшылары тарапынан Бақыткерей Құлманов, Міржақып Дулатовпен бірге Түркістан қазақтарын Алаш автономиясына қосу жайын сөйлесуге тағайындалады. Мұның саяси мәнісін «Алашорда» басшысы Әлихан Бөкейханов пен Түркістан автономиясының министрі Мұстафа Шоқаев: «Алаш орда Сырдария қазақтарына мынадай телеграмма берді: Екінші жалпы қазақ-қырғыз съезі бүкіл Алаш баласын біріктіріп өз алдына автономия етуге қаулы қылды. Бұл туралы Түркістан қазағымен келісу үшін, Алаш ордасы 5-інші ғинуарда Түркістан шаһарына Сырдария облысының съезін шақырады. Съезге болыс басы бір өкіл келсін. Мұстафа һәм жолдастары бұл съезді 10-ыншы ғинуарға шақырған еді. Оны өзгертіп, 5-інде болсын делінді. Бақыткерей Құлмановты, Мирякуб Дулатовты һәм Тұрағұл Құнанбаевты жібереді. Уақыт шұғыл, мәселе зор болғандықтан. шақырылған өкілдер съезге айтылған күннен қалмай келулері керек еді.

Бұл съезге болыс басы бір кісінің үстіне мына кісілер арналып шақырылады: Байсын ақсақал Көлдей ұлы, Исуфбек Басығара ұлы, Ибраһим Қасым ұлы Иманберді ақсақал, Сабырқұл Аллабергенов, Мәуленқұл Байзақов, Алдиярбек Рахымқұлов, Әзімхан

Кенесарин, Мұхамеджан Тынышбай ұлы, Ерғали Қасым ұлы, Әлмұхамед Көтібар ұлы, Санжар Асфендияров, Қоңырқожа Қожабеков, Серікбай Ақаев, Ғабдалрахманбек Оразасев, Сейітжапар Байсейіт ұлы, Қожа Ахмет һәм Ахмет Оразай балалары, Садық Өтсгенов, Зұлқырнай Сейдалин, Алдабек Мангелдин, Мұстафа Шоқаев, Әуез Досбол ұлы, Қалжан Қоңыратбай ұлы, Тәшім Айпен ұлы» деп түсіндіреді.[11] Ал «Қазақ» газетінің кезекті бір санында олардың желтоқсан айы соңында Орынбордан Түркістан шаһарында болатын Сырдария қазақтарының облыстық съезіне шұғыл аттанып кеткені туралы хабарланған.

Турағұл Абайұлы Алашорда үкіметінің өміріндегі бұдан басқа да саяси маңызы зор істерге үнемі араласып отырған. Соның бірі - Алаш атты әскеріне қатысты айғақтар. Бұрынғы облыстық, бүгінгі Семей қалалық жаңа тарихи құжаттама орталығындағы «Список организаторов Алашского конного партизанского полка, участников организации против Советской власти в 1918 года правительства Восточной Алаш-Орды»[12] деген ресми құжатта оның есімі Әлихан Бөкейханов бастаған қырыққа жуық адаммен бірге аталады.

1918 жылдың жазында Алтай губерниясы бағытында қызылдарға қарсы болған қанды шайқастарға Алаш атты әскері полкының құрамында Халел Ғаббасов, Биахмет Сәрсенов, Қаражан Үкібасев, Тоқар Бегімбетов, Ғабдолла Қоскеевтармен бірге Турағұл Құнанбаев та қатысып, Семейде большевиктер қолынан қапыда оққа ұшқан Алаш милициясының тұңғыш командирі Қазы Нұрмұхамедұлының кегін қайтарады.[13]

Өкінішке орай, Турағұлдың осы Алаш әскеріне қатысы Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі кезеңде түрлі айыптауларға негіз болған. 1920 жылы Семей губерниялық революциялық комитетіне Шаған болысынан әлдекімдер Т.Құнанбаев туралы:

«Как только началось революция у нас в России мы делались во вражде с нижеследующими лицами - киргизы Чаганской волости: 1) Бейсенбай Ержигитов, 2) Турагул и Мекаил Ибрагимовы, 3) Билял Кунанбаев, 4) Омиртай Акбердин, 5) Ракымжан Макышев, 6) Сулеймен Джиренчин, 7) Аубакир Оспанов, 8) Нурпеис Акылпеисов, 9) Сатыбалды Аллабердынов, 10) Тлеугабыл Орманов.

Выше названные киргизы, все 10 человек при белых служили на властных должностях и страшно сочувствовали белым, так что в прошлом году отбирали бедняков, рогатый скот и верховых лошадей, бесплатно жертвовали белым.

Кроме того из числа этих 10 человек Турагул Ибрагимов и Тлеугабыл Орманов с киргизскими войсками долго были на станции Рубцовске и дрались с красными... Теперь же вышеуказанные киргизы забрались с лисьим хвостом в Советскую власть и сейчас их выбрали опять должностными лицами в Чингизскую волость, представителями волостного ревкома и помощниками, так как кроме наших родственников почти все киргизы Чингизской и Чаганской волости сочувствуют белым, даже некоторые служат в Губревкоме. Теперь же вышеназванные лица стараются нас обобрать и ложно обвинить. По этому в виду вышеизложенного обстоятельство мы покорнейше и усерднейше просим отстранить хотя бы вышеназванных киргиз от должности, а на месте их назначить более благонадежных людей...» - деп арызданган.[14]

Сол сиякты «Степная правда» газетінің редакциясына белгісіз біреудің атынан жолданған тағы бір мынадай домалақ арызда:

«Товарищу Редактору!

Просим поместить в газете «Степная правда» следующее:

В статье «Степная правда» от 13 мая №101 опубликован список к выборам в Советы, Губернской избирательной комиссии, членом этой комиссии состоит Габбасов Халиль (местный Алашский кулачек), деятельность Габбасова при власти Колчака была такова:

Габбасов Халиль с прочими своими сослуживцами с начала 1918 года был помощником Главнокомандующего и организатором Алашского киргизского добровольческого белогвардейского конного полка, как было опубликовано в газете «Сары Арка» от 18 мая 1918 г. №45. Этот же Габбасов участвовал со своей Киргизской белогвардейской добровольческой бандой и Семиреченской и Рубцовской фронтах, против Кр. Армии.

Габбасову Халилу в газете «Сары Арка» №43, 44, 45 и 83 совместно с его соучастниками полковником Караевым была выражена благодарность за доблестные успехи на фронтах против Кр. Ар-

мии, а так же за деятельность в тылу по выловливанию большевика, избивая и насилуя и предавал на военно-полевому суду. В честь его Габбасова победы на фронтах в Городском саду был устроен обед, прежде чем поехать на фронт. Габбасову и его соучастникам (была дано) Духовные молитвы дабы победить Кр. Армию» - деп жазып, ақ бандыны ұйымдастырушылардың Қаражан Үкібаев, Би-ахмет Сәрсенов, Халел Ғаббасов, Ике Әділов, Мәннан Тұрғанбаев, Мұстақым Малдыбаев, Имам Әлімбаев, Ахметжан Қозыбағаров, Райымжан Мәрсеков, Әнияр Молдабаев, Иманбек Тарабаев, Та-станбеков, Әмзе Торайғыров, Смағұл Әділов, Жұмжұма Үкібаев, Құлсүлеймен Жиреншин (старшын, бұрынғы 7 ауыл, Шаған болысы), Нығмет Үйсінбаев, Кәрім Дүйсембин, Әмзе Наримжанов екенін ерекше атап көрсетеді.[15]

Алашорда үкіметі өмір сүруін тоқтатқанымен, Алаш қайраткерлері осы жылдары ел басқару ісінде немесе оқу-ағарту, мәдениет, шаруашылық салаларында болмасын өздерінің қызметін тоқтатпады. 1920-1922 жылдары Әлихан Бөкейханов пен Халел Ғаббасов Семей губерниялық атқару комитетінде, Міржақып Дулатов губерниялық сотта жауапты қызметтер атқарды. Ал, Турағұл Абайұлы Шыңғыс болысында халық соты болып істеді. Мәселен, 1919 жылы Шыңғыс елінің болысы Біләл Құнанбаев Семей уездік Земство басқармасына ұсынған бір топ ауылдық халық соттары тізімінде Абай балалары - Турағұл, Мекайыл, Ізқайыл Құнанбаевтармен қатар Шәкәрім Құдайбердиев туралы - «присяжный заседатель, Шакарим Худайбердин, 62 лет, грамотный, № 2 аул» деген.[16]

Алаш қайраткерлеріне Кеңес өкіметі тарапынан кешірім жасалғанымен, бірақ та бұл уақытша елді алдау болды. 1922 жылы Семейде Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатов тұтқынға алынғанда, Турағұл да түрмеге жабылып, төрт айдай отырып шығады.[17] Ол туралы Гүлнәр Міржақыпқызы Дулатова: “...Әкем 1921-1922 жылдары Семей губсотында жұмыс істеді де, біз Комиссарская көшесіндегі Әнияр Молдабаевтың екі қабатты жекеменшік үйінде тұрдық (кейін Абай музейі болды). Үстіңгі қабатында біз – Дулатовтар, біріншісінде Әлихан атекемнің (Бөкейханов) үйші жайғасқан еді... Әкем мен Әлихан Бөкейханов атекемді Совет

өкіметі Семей түрмесіне қамайтын кезі-сол 1922 жыл. Қамауға алған кезде біз Шыңғыстауда жатқамыз. Бір күні, қыстың орта шені болу керек, Семейден базарлап келген қалашы бізге көңілсіз хабар жеткізді: Әлихан атам мен әкемді Семей түрмесіне қамапты. Үрпип қалдық. Хабарды ести сала Өміртай ағаның ауылынан шықтық. Абай атамның ауылына бір түнеп, сый-құрметтерін көріп, асығыс Семейге жеттік. Келесі күні шешем түрмеге тамақ тасуға рұқсат алып келді. Жұрт – әкемнің қаладағы бай таныстары, оқушы жастар кезектесіп тамақ, темекі жеткізіп тұрды. Кішкентай болсам да, түрмеге баратын күні шешемнен қалмаймын. Осы уақытқа шейін Семей түрмесі көз алдымнан кетпейді...” дейді.[18] Бұл арада олардың тар қапастан аман-есен босап шығуына тікелей сол кездегі Семей губерниялық атқару комитетінің мүшесі Мұхтар Әуезов [19] пен Түркістан республикасының басшылары Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожановтардың [20] көмегі тиген еді.

Алайда, Әлихан Бөкейханов 1922 жылдың күзінде айдауылмен күштеп Мәскеуге жер аударылады. Содан, 1927 жылы екінші рет қамауға алынғанға дейін үш әріптің бақылауында жүріп КСРО Халықтары Орталық баспасының Қазақ секциясында әдеби қызметкер болып істейді. Бірақ та, елде қалған бұрынғы Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Абдолла Байтасов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Смағұл Сәдуақасов, Халел Досмұхамедов, Сұлтанбек Қожанов, Даниял Ысқақов тәрізді т.б. талай тар жол, тайғақ кешуде сыналған үзенгілестерінен қол үзбейді. Алаштың бір ардагер ұлы - А.Байтасов өзінің жақсы сыйлас досы, атақты жазушы Жүсіпбек Аймауытовқа жазған хатында: «Мағжан, Әлекең «Восиздаттың» нау.сотрудниктері. Мүмкін бұлар арқылы жазуға кітап та аларсың. Мектеп балалары оқитын әдебиет кітаптарын қазақшаға аудару керек дейді, оларды осы күннен сұрауың керек сықылды» дейді.[21] Бұл кезеңде, Алаш арыстары саяси аренадан кеткенімен де, әдебиет пен мәдениет майданында ұлт мүддесін қорғап қалу мақсатында күреседі. Мәселен, сондай үлкен жұмыстың бірі Мәскеудегі Әлихан Бөкейхановтың басшылық жасауымен Қазақстанда құрылған «Алқа» ұйымы болды. Міне, осы беделді ұйымға Турағұл Абайұлының да белгілі бір дәрежеде қатысы болған секілді. Өйткені, ол 1925 жылы

А.М. Горькийдің «Челкаш» әңгімесін алғаш рет қазақ тіліне аударып, Мұхтар Әуезовтың редакторлығымен Семейде шығып тұрған «Таң» журналының №3,4 сандарында жариялайды. Ал, 1927 жылы Әлихан Бөкейханов қызмет істейтін Мәскеудегі КСРО Халықтары Орталық баспасынан Турағұл Абайұлының қазақшаға аударуындағы А.Неверовтың «Ортақшыл Мария» және «Мен өмірге жерікпін», Джек Лондонның «Баланың ерлігі», Болеслап Прусұлының «Антеқ қыран» әңгімелері өз алдына жеке-жеке кітап болып басылып шығады. Сонымен бірге 1926 жылы Семей губерниялық баспасынан «Қолдағы малдардың, құстардың құрт ауруы болмағы жайы» (авторы А.Бельцер), 1927 жылы КСРО Халықтары Орталық баспасынан «Балалы әйел не білу керек?» (авторы Г.Сперанский) деген аудармалары жарық көреді. Осы фактілердің өзі-ақ Әлихан, Мұхтар, Турағұл арасындағы достық әрі туысқандық байланыстың ешқашан үзілмегендігін көрсетеді.

Әлекең секілді, 1927 жылы Турағұл Абайұлы да екінші рет қамауға алынып, 1928 жылдың көктеміне шейін Семей түрмесінде жатады. Түрмеден шыққан соң көп ұзамай мал-мүлкі кәмпескеленіп, Шымкентке жер аударылады.[22] Мысалы, Турағұл Абайұлын қудалауға байланысты Семейдегі Шығыс Қазақстан облысының қазіргі заман құжатнама орталығында «Дело Ибрагимова Турагула о выселении и конфискации скота» [23] деген құжат сақталған. Сондай-ақ, мұндай құжаттарды Алматыдағы Республикалық Мемлекеттік Орталық мұрағаттағы Т.Құнанбаевқа қатысты қозғалған қылмыстық қылмыстық іс қағаздарынан да кездестіреміз.[24] Бұл құжаттардың бірінде, яғни Бай-кулактардың мал-мүлкін тәркілеу жөніндегі Семей округтік комиссиясының 1928 жылдың 19 қарашасындағы қаулысында [25] облыс көлеміндегі бір топ ауқатты адамдармен бірге Турағұл Абайұлының да істі болып, бүкіл отбасымен жер аударылғаны айтылады. Аталмыш қаулыда оның отбасы құрамы туралы төмендегідей деректер берілген:

Зайыбы Миса – 58 жаста.

Екінші зайыбы Сақыпжамал – 53 жаста.

Ұлы Жебрәйіл (Том политехникалық институтында оқуда) – 25 жаста.

Ұлы Зүбайыр – 23 жаста.

Келіні Қанағат – 23 жаста.

Келіні Рахия – 18 жаста.

Ұлы Алыпарыстан (дұрысын айтсақ немересі – Е.С.) – 5 жаста.

Немересі Кенесары – 3 жаста.

1928 жылдың күзіндегі Т.Құнанбаевты айыптау кезінде одан 36 бас ірі қара малымен, 7 бөлмелі үйі, алты қанат киіз үй мен кілемі тәркіленіп алынады, ал өзі отбасымен бірге Шу өңіріне жер аударылады. Сол бір аласапыран жылдардағы өмірдің ауыр азабы туралы Турағұлдың кенже қызы Мәкен апайдың аузынан естіген әңгімесін журналист Тоқтархан Шәріпжанов «Абай» журналындағы «Әкеге лайық қыз туған» көркем очеркінде:

«Турағұл Абайұлы «Бейнет те, дәулет те Алладан» деп, отбасымен Шу өңіріне айдалып кете барды. Голощекиннің қолдан әдейі жасаған аштығынан қалың ел қырылып жатқанда қырғызға өтіп жандары қалды. Сақыпжамал екеуі Тоқпақта жүргенде балаларын жетелеп Ақила жетті арып-шаршап. Күйеуін, қайынатасы мен қайнағасын ГПУ түгел атып тастаған екен. (1931 жылы Ақлияның қайынатасы Медеу мен күйеуі Санияз, қайынағасы Мәукіл оққа ұшты – Е.С.). Өрттен қашқан балапандай тізіліп, әкешесін қырғыздан іздеп табуының өзі ерлік еді.

Кіші қызы Мәкен (Мағрипа) сол әкесі кәмпескеге ілінген 1928 жылы өз ауылының оқыған жігіті Мұқаметжанның Ұлықбегіне тұрмысқа шығып кеткен болатын. Заң қызметкері болып істейтін күйеуі Үржарға прокурор болып барғаннан біраз уақыт өткенде, «байдың қызын алған» деген айыппен тергеуге жабылады. Бірақ, өз шыққан тегі кедей болғандықтан әрі өзі аса сауатты, шешен жігіт екі-үш айдан кейін ақталып, босап шықты. Содан соң, оны 1932 жылдың соңын ала Жамбыл облысындағы Меркіге ауыстырып жіберген. Осында келіп орналаса сала Құнанбайдың кенже ұлы Оспаннан қалған гауһар жүзікті базарлап алып, соның пұлымен Мәкен қырғыздан әке-шешесін іздеп тауып алған. Ақиланың балашағасын қоса бағып, қалт-құлт етіп отырған әкесіне Алпашты аман апарып, документін жөндеп тапсырып берген-ді» деп жазады. Және де ол жүрегі жаралы ақынның өмірден өтер алдындағы қызына айтқан аманатын «...Қажы ағаң мен Мекайылды қай жазығы үшін атыпты? Зият пен Бердеш Қытай кетті тентіреп. Ахат



ағаң айдауда жүр. Жебрайыл Ташкенде өлді. Сонда, бұлардың жазығы не? Сен мұны қазір түсінбегеніңмен, артынан ұғасың. Жылама, балам. Азды-көпті болсын 59 жас жасадым, жақсы-жаманды көрдім. Жалғыз тұяқ Алпашым, екеуің аман болыңдар. Дүние жолдас болмайтынына көз жетті ғой, бірақ өлмейтін қазына - өнер мен білім. Алпашты оқытыңдар. Өзіңе аманатым - әкеңнің, Абайдың бүкіл әндерін, жалғыз ол кісінікін ғана емес, атылып кеткен қажы ағаңның, Мұқаметжан ағаңның, Ағашаяқтың әндерін, бүкіл Сарыарқа – Шыңғыс өңірінің өз құлағыңа сіңген өнерін сақта. Нағыз өнер заманға бағынбайды, түптің түбінде қазаққа қазына болып қайта оралады. Сол күн туа қалғанда іздеп таппай қалмасын мына қалың елің... Мұхтарға да осыны айтқайсың. Енді мен армансыз өлемін. Мен десең – жылама, қайта «әкемді қолымнан жөнелттірген Аллаға ризамын» де» дей келіп, «... Осыдан екі күн өткенде, 1934 жылғы наурыздың 6 жұлдызында Абайдың Әйгерімнен көрген тұңғышы Турағұл Ибрагимұлы Құнанбаев өзінің кенже қызы Мәкеннің көз алдында, соның күтімін көріп дүние салды. Осыдан екі жыл өткенде Турағұлдың достары Сыздық Байысов, Ахметжан Қозыбағаровтар қолға алынып, атылып кетті. Осыдан екі жыл өткенде Мәкен Турағұлқызы радиокомитетке әнші болып орналасты. Осыған қол ұшын беріп көмектескен Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың өзі болатын. Ол кісі Мәкеннің әншілігін жоғары бағалайтын» деп түйіндейді. [26]

Турағұл Абайұлының ұрпақтарына келсек, әйелдері Миса мен Сақыпжамалдан Ақылия, Жебрәйіл, Зүбайыр, Мәкен есімді перзенттер сүйгені белгілі. Үлкен қызы Ақылия (Ақыш) жастайынан ақын атасы Абайдың бауырында өсіп, бойжеткен. Бесіктегі кезінде Шыңғыс елінің атақты бай-шонжары Оразбайдың Медеу деген баласынан туған Санияз атты немересіне атастырылып, тұрмыс құрған. Мұхтар Әуезовке Абай төңірегіндегі ұлағатты адамдар туралы мол құнды деректер берген. Ұзақ жылдар республикалық опера және балет театрында Абай заманының сахналық киім үлгілерін тігетін шебер болып істеді. 1990 жылы Алматы қаласында 90 жасына қараған шағында өмірден өтті. Соңына өмірден көрген-білгені туралы естелік жазып қалдырған.

Ал, Турағұлдың ұлдарының өмірі де оның өз тағдыры секілді өте қайғылы болды. Абай әндерін ел ішінде таратушы домбыра-

шы, әнші баласы Жебрәйіл Томск политехникалық институтында оқып жүргенде қудалауға ұшырап, оқудан шығарылды. Одан соң, 1928-1929 жылдары мал-мүлкі тәркіге түсіп, жер аударылды. Келесі ұлы Зұбайыр да соның кебін құшады. Жебрәйіл 1930 жылы Шымкентте 27 жасында, Зұбайыр 1933 жылы Бішкекте 26 жасында атажұрттан алыста көз жұмды. Турағұлдың Кенесары деген немересінен ешқандай дерек жоқ. Алыпарыстан атты немересі туралы «Абай» энциклопедиясында: «Алпаш Оспанұлы (1922-1990) Абайдың баласы Турағұлдың немересі. Өз әкесі Жебрәйіл, Абайдың інісі Оспанның атына жазылған. Ұлы Отан соғысына қатысып, мүгедек болып оралған. Алматы қаласында тұрып дүние салған» деп берілген. [27]

Кенже қызы Мәкен «жастайынан өнерге ықыласты, әкесі Турағұлдан ақын атасы туралы естелік-әңгімелерді көп естіп, Абай әндерін ыждаһаттылықпен үйреніп өскен» дарынды жас болды. Абайдың ән мұрасын осы заманға жеткізушілердің бірі саналады. М.Әуезов оның бұл еңбегін жоғары бағалап құрметтеген. Оның орындауындағы Абай әндерін А.Жұбанов, Б.Ерзакович, А.Серікбаев, Қ.Жүзбасов тәрізді белгілі музыка зерттеушілері нотаға түсіріп, ұнтаспаға жазып алған. 1986 жылы «Өнер» баспасынан жарық көрген «Айттым сәлем, қалам қас» жинағына Мәкен Турағұлқызының орындауындағы Абайдың 19 әні енген. Ол артына әкесі Турағұл туралы естелік жазып қалдырған. Ақылия Турағұлқызы секілді Мәкен апай да Алматы қаласында 2002 жылы 90 жасында өмірден қайтты.

Ұлы Абайдың сүйікті баласы, әрі ақындық мектебінің дарынды шәкірті, Алаш ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткері -Турағұл Құнанбаевтың қоғамдық-саяси қызметі, сондай-ақ оның ұрпақтарының кешегі Кеңестік тоталитарлық заманда бастан кешкен өмір тарихы осындай...

#### *Пайдаланған әдебиеттер:*

1. Абай, №3, 2009.
2. Бөкейханов Ә. Шығармалар. - Алматы: «Қазақстан», 1994. 263 б.
3. Козыбаев М.К. Проблемы методологии, историографии и источниковедения истории Казахстана (Избранные труды): Алматы: «Ғылым», 2006. Стр.152.

4. Қазақ, 1916. №194.
5. ЦДНИ ВКО, ф.48, оп.2, д.1.
6. Қазақ, 1916. №179.
7. РК ЦГА, ф.15, оп.2, д.422.
8. Қазақ, 1917. №235.
9. ЦДНИ ВКО, ф.37, оп.1, д.98. л.2, 13.
10. ЦДНИ ВКО, ф.37, оп.1, д.26, л.5-5 об, 6-6 об.
11. Қазақ, 1917. №255.
12. ЦДНИ ВКО, ф.1п, оп.1, д.21, л.7.
13. Сарыарқа, 1918. №44.
14. ЦДНИ ВКО, ф.1, оп.1, д.21, л.5.
15. ЦДНИ ВКО, ф.1, оп.1, д.21, л.3.
16. ЦДНИ ВКО, ф.37, оп.1, д.7.
17. Мұхамедханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. 1-кітап. Алматы: РГЖИ «Дәуір», 1993. 175 б.
18. Дулатова Г. «Әкемді ГПУ әкеткенде он екіде едім...». Ақжол, 2000. №6.
19. Движение Алаш. Апрель 1920-1928 г.г. Алматы: «Ел-шежіре», 2007. Т. 3. Кн. 1. Стр.131.
20. Россия и Центральная Азия. 1905-1925 г.г. Сборник документов. - Караганды: Изд-во КарГУ, 2005. Стр.373.
21. Жұртбай Т. Алаш ақиықтары. Мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар. Алматы: «Алаш», 2006. 18 б.
22. Мұхамедханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері. 1-кітап. Алматы: РГЖИ «Дәуір», 1993. 175 б.
23. ЦДНИ ВКО, ф.74, оп.4, д.40.
24. РГА, ф.135, оп.1, д.374.
25. ЦДНИ ВКО, ф.74, оп.4, д.40, стр.6.
26. Шәріпжанұлы Т. Әкеге лайық қыз туған. «Абай» журналы, №11, 1994.
27. Абай энциклопедиясы. Алматы: «Атамұра», 1995. 70, 82, 402-б.

## 2. БИЯШ ДЕП ЕЛІ ЕРКЕЛЕТКЕН

Алаш қозғалысы тарихында Ахмет Байтұрсынов пен Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен ұлт мүддесі жолында қалтқысыз қызмет еткен қазақ зиялыларының бірі - Биыхмет Сәрсенов болды. Ол өзінің қысқа ғұмырындағы өлшеусіз еңбегімен ел жадына өшпестей із қалдырды. Алаш қайраткері Б.Сәрсеновтың 1885 жылы бұрынғы Семей облысының Зайсан уезіне қарасты Нарын болысында (қазіргі Ақсуат селосы жерінде) дәулетті отбасында дүниеге келіп, жастайынан білім-өнерге бейім өскені, 1905-1909 жылдары, бастапқыда Семейдегі мұғалімдер семинариясының

даярлық бөлімін, одан соң толық курсын үздік бағаға бітіріп шыққан жалғыз қазақ екені, ауыл мектебінде бес жыл сабақ беріп бала оқытқаны, үш жылдай болыс болып ел басқарып, бастауыш мектептер ашқаны, 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде Алашорда үкіметінің құрамында, ал Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары халық-ағарту саласында басшылық қызметтер атқарғаны, 1921 жылы жаз айында Орынборда 36 жасында оба ауруынан қаза болғаны туралы деректерді сол өңірдегі қарт шешіріші Қарпық Егізбаев “Тағылым” атты кітабында да келтіреді.

1917 жылы ақпан төңкерісінен соң ақ патша тақтан түсіп, Уақытша үкімет орнаған тұста қазақ сахарасының шығысындағы Семей қаласы ұлт-азаттық қозғалыстың ең қуатты орталығына айналған еді. Бұл өзі Уақытша үкімет органдарымен қатар бір мезгілде жер-жерде жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары кеңестері, қазақ комитеттері, Земстволық басқармалары тәрізді тағы басқадай жаңа билік тармақтары өмірге келе бастаған кез болатын. Мәселен, Қазақ комитеттерінің құрылу себебі сол кезеңдегі тарихи қажеттіліктен келіп туындағанын белгілі Алаштанушы ғалым Мәмбет Қойгелдиев: “...қазақ комитеттері ұлт-азаттық қозғалыстың ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі даму нәтижесі, оның өзінің түпкі, негізгі мақсаты - мемлекеттік еркіндікке ұмтылысының көрінісі, ұлттық мемлекет болуға жасалған алғашқы қадамы-тын” деп түсіндіреді. [Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы, 219-бет]

1917 жылдың көктемінде елімізде жаппай облыстық, уездік және болыстық деңгейде қазақ комитеттерінің құрыла бастауына байланысты Алаш қайраткерлерінің шақыруымен Биахмет Сәрсенов Семейге келеді. Ол алғашқы күннен бастап осы облыстық комитеттің мүшесі ретінде қызмет атқарады. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағатындағы ресми құжаттарда 1917 жылдың 7 наурызында Семей облыстық қазақ комитеті ел өмірінде қалыптасқан саяси жағдайға байланысты шұғыл түрде құрылып, жергілікті билік ісіне араласу мүмкіндігінен құр қалмас үшін өзінің ұйымдық-шаруашылық шараларын өткізгені, сондай-ақ облыстық комитеттің төрағалығына Р.Мәрсеков, төрағаның орынбасарлары болып Х.Ғаббасов пен И.Тарабаев, хатшылыққа

Ә.Ермеков және қазынашылыққа Ә.Молдабаев бекігені, комитет басқармасына мүшелікке С.Сабатаев, Н.Құлжанов, А.Қозыбағаров, Б.Сәрсенов, С.Дүйсенбин, М.Малдыбаев, Д.Қияқов, С.Молдабаев, С.Торайғыров, Ш.Керейбаев енгені туралы деректер жазылады. 1917 жылдың 28-наурызда бұрынғы Алаш, қазіргі Жаңасемей қаласында Семей уездік қазақ комитетін құруға қатысты өткен жалпы жиында, оның төрағалығына Жанғали Алдаоңғаров сайланды.[Семей қаласындағы Қазіргі заман тарихы құжаттама орталығы. 15-қор, 02-тізбе, 423-іс, 19 және 25-папкалар] Ал дәл осы мезгілде Нарманбет Орманбетовтың басшылығымен Қарқаралы уездік қазақ комитеті құрылды.[“Қазақ” газеті./Құрастырған Ү.Суханбердина. – Алматы: “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998. 384-бет]

Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде, елімізде билікке белсене кіріскен қазақ комитеттері Орынборда жалпықазақ съездерінің өтуіне, “Алаш” партиясының құрылуына, облыстарда Земстволық басқару жүйесінің енгізілуіне, қысқасы ұлттық саяси қозғалыстың өрлеуіне ерекше ықпалын тигізді. Семейде де, қазақ комитеттері облыс өміріндегі күнделікті қоғамдық істерге қызу араласып, өз баспаханасынан аптасына бір рет “Сарыарқа” газетін шығарып тұрды. Алайда, Семей қалалық Думасы, жұмысшы, шаруа және солдат депутаттары кеңестері, кооперативтер одағы, әскери-өнеркәсіптік комитет, сауда қызметкерлері қоғамы секілді басқадай қоғамдық ұйымдардың атсалысуымен Семей облыстық атқару комитеті құрылған кезде қазақ комитеті бұл істен шеттетіліп қалған еді. Енді, осы жергілікті жоғары билік органының құрамын жаңадан қайта сайлау кезінде қазақ комитеттері ел ішіндегі саяси күштермен бірлесе қимылдап, ұйымшылдық көрсете білді. Семей облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасарлары болып қазақ комитеті атынан ұсынылған Х.Ғаббасов пен Ә.Ермеков тағайындалса, ал төралқаның мүшелігіне Б.Сәрсенов, А.Қозыбағаров, Р.Мәрсеков сынды жалпы саны жиырмадай ұлт зиялылары енді.[ҚР ОММ. 15-қор, 02-тізбе, 422-іс, 62-папка]

1917 жылдың шілде айының соңында, Орынборда өткен бірінші жалпықазақ съезінде Ресей Құрылтай жиынына депутаттыққа ұсынылғандар тізімінде Семей облысы атынан Ә.Бөкейханов,

Ә.Ермеков, Х.Ғаббасовтармен бірге Биахмет Сәрсенов те болды. Осы съезде алғаш рет болашақ “Алаш” партиясын құру туралы мәселе көтеріледі. 1917 жылы қазан айында Томск қаласында өткен Сібір автономистерінің съезіне қатысып қайтқан Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов жергілікті қазақ комитеттері, мұсылман мұғалімдер одағы, «Жанар», «Талап» атты жастар ұйымдары секілді бірнеше қоғамдық-саяси ұйымдардың көмегімен Семейде “Алаш” партиясының облыстық комитетін құрды. Тағы да осы “Алаш” партиясының облыстық комитеті атынан Ресей Құрылтай жиынына депутаттыққа ұсынылғандар арасынан Б.Сәрсеновтың есімін көреміз. Бұл жолы Ә.Бөкейханов аталмыш жиынға депутаттыққа Орынбордағы “Алаш” партиясының тізімі бойынша ұсынылған.

Семей облыстық қазақ комитеті (төрағасы Р.Мәрсеков, кейінде Ә.Ермеков), “Алаш” партиясы (құрметті төрағасы Ә.Бөкейханов, төрағасы Х.Ғаббасов), Мұсылман мұғалімдер Одағы (төрағасы М.Тұрғанбаев) тәрізді саяси-қоғамдық ұйымдардың ел өміріндегі оқиғаларға белсене араласып, ерекше табандылық танытуының нәтижесінде 1917 жылдың қараша айында уездік Земстволық жиынға депутат сайлау науқаны өте сәтті өтеді. Семей уездік Земстволық жиынына депутаттыққа өзге ұлт өкілдеріне қарағанда қазақтар көбірек сайланды, олардың арасында ұлт зиялылары Ш.Құдайбердиев, Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов, Б.Сәрсенов, Ә.Молдабаев, А.Қозыбағаров, Р.Мәрсеков, Н.Құлжанова, К.Жанатаев, И.Қазанғапов, М.Малдыбаев және тағы басқалар болды. Сол кезеңдегі Семей облыстық комиссариатының органы “Дело” газетінде жарияланған “О выборах гласных в Семипалатинское уездное Земство” атты мақалада (авторы С.Возмитель): “...Киргизское население совершенно отнеслось иначе. Они отложили всякая домашняя обстоятельства, даже организовали транспорты для перевозки лиц, имеющих право участвовать в выборах. И в проведении Земства оказались у них самые лучшие результаты. Прошли все образованные лучшие работники и даже на славу провели одну женщину” деп жазды. [Дело, N 145 от 30 ноября 1917 года]. Мұның өзі Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялыларының елдігіміз танылар сын кезеңде Семейде билік тіз-

гінін басқаларға беріп қоймай, ұлттық мемлекет құру жолында қыруар істер атқарғанын көрсетеді.

Семей уездік Земствосының бірінші төтенше жиынында басқарма төрағалығына А.Қозыбағаров, төрағаның орынбасарлығына Н.Воробьев, басқарма мүшелері болып А.Булатов, С.Дүйсенбин, Н.Богатырев тағайындалады. Ал енді Б.Сәрсенов, К.Ляшкевич, Ә.Молдабаев, И.Әлімбаев, Т.Ибрагимов, М.Просековтер Семей уездік Земствосы атынан облыстық Земствоның депутаттығына сайланады. Дәл осы мезгілде Семейдің Алаш деп аталатын бөлігіндегі қалалық Думаға депутаттар сайлау науқаны өткізіледі. Алаш қалалық Думасының мәжілісінде, оның төрағалығына Б.Сәрсенов, орынбасарлығына М.Малдыбаев, қала басшылығына П.Шевченко, оның орынбасарлығына А.Ерыкалов, хатшылығына К.Грязев, ал басқарма мүшелері болып А.Бейсекеев, Н.Үйсінбаев сайланды. [Свободная речь, N 102, 1917 год]

Әлихан Бөкейханов “Земство қолға алып қылатын істің бір зоры - бала оқыту” деп айтқандай, Семей облыстық Земство басқармасы “Алаш” партиясы, облыстық және уездік қазақ комитеттері, мұсылман мұғалімдер Одағы көмегімен ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырумен қатар жер-жерде дәрігерлік көмек көрсету, сот, милиция құру, шаруашылық жұмыстарын жүргізу шараларын жүзеге асыра бастайды. Алаш қайраткерлері М.Тұрғанбаев, Ә.Сәтбаев, Б.Сәрсенов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Мұстафин, Қ.Ибрагимов, А.Жиенбаев және тағы басқалардың күш-жігері арқасында Семейдің Алаш қаласы бөлігінде тұңғыш бастауыш қазақ мектептері ашылып, жұмыс істейді. Семей облысына қарасты уездерде де мектеп саны өсіп көбейеді. Алаш қаласында ауыл мектептеріне арнайы бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын қысқа мерзімді педагогикалық курстардың ашылуы, сауатсыздық жою ісіне айтарлықтай үлес қосты. Мысалы, 1917-1921 жылдары аралығында Семей қаласы бойынша орыс мектептерін айтпағанда, 13 мұсылман (қазақ-татар) мектептері, соның ішінде Алаш қаласында таза 3 бастауыш қазақ мектебі мен 1 қазақ қыздар гимназия мектебі жұмыс істеді, оларда 37 мұғалім сабақ берді. Сол уақыттағы педагогикалық курстардан бірнеше ондаған бастауыш мектеп мұғалімдері даярланып шығарылды.

Семей өңірінде ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру ісінде, сондай-ақ 1918 жылы желтоқсан айында Орынборда өткен екінші жалпы қазақ съезінде қабылданған мәдени-ұлттық бағдарламаны жүзеге асыру кезінде Алаш зиялыларымен бірге Биахмет Сәрсенов те бел ортасында жүрді. Осы екінші жалпықазақ съезінің қаулысына сай Алашорда үкіметі құрылып, оның уақытша тұратын жері - Семей қаласы болып бекігені белгілі. Сонымен қатар съезде оқу мәселесі де қаралып, Ахмет Байтұрсынов басқарған арнайы оқу комиссиясы құрылды, оған М.Жұмабаев, Е.Омаров, Б.Сәрсенов, Т.Шонанов мүше болып енді.

Азаматтық қарсыласу жылдары Шығыс Алашорда үкіметі құрамында қызмет етіп, облыстық Земство басқармасында халық ағарту бөлімінің қазақ бөлімшесін басқарған Биахмет Сәрсенов ұлттық мектептерді ашу және оларды қаржыландыру, қазақ балаларын оқуға орналастыру, қажетті оқулықтармен қамтамасыз ету сияқты толып жатқан жұмыстармен айналысты. Әрі Семейдегі мұғалімдер семинариясында, Алаш қаласындағы қысқа мерзімді педагогикалық курстарда сабақ берді. Сондай-ақ, “Қазақ”, “Сарыарқа” газеттеріне үзбей мақала жазып тұрды. Мысалы, Биахмет Сәрсеновтың “Автономия кеңесі”, “Біріккен елде - береке”, “Азық-түлік”, “Россияда осы күнде зор мәселе азық-түлік” атты т.б. мақалалары ұлт мүддесімен үндес әрі дер кезінде жазылуымен құнды болып есептелді.[Қ.Егізбаев. Тағылым, Семей-2001. 250-бет] Жалпы, сол бір ел тағдыры таразыға түскен сын кезеңде Алаш көсемі Ә.Бөкейханов бастаған Семей зиялылары халыққа білім беру, мәдениетке үйрету, шаруашылық жұмыстарын жүргізу және әділ сот жүйесін енгізу, Алаш милициясы мен атты әскерін құру секілді маңызды істерде диірменнің тасындай шырқ үйіріліп, күндіз-түні тыным таппай қызмет еткенін көреміз.

Алаштың ақиық ақыны - Сұлтанмахмұт Торайғыров, Әлихан, Халел, Әлімхан сынды бір топ Алашорда үкіметі басшыларын халыққа таныстыру өлеңінде Биахмет Сәрсенов туралы:

Біреуі Биахмет Сәрсенұлы,  
Ыңғайлы, қырғыйға ұқсар көрсең түрі.  
Түрінен де, сөзінен, жүрісінен,  
Екенін біле алмайсың қандай қыры.



Ақылы да оның көп, айласы да,  
Көңілінің жылдам сезгіш айнасы да.  
Бар дейді бұрынырақ ұмытылатын,  
Түлкідей жалт ететін таймасы да.

Ісі де, таланты да қалыспайды,  
Жұмсаса тегіс халық пайдасына.  
Жастардың біреуінен кейін емес,  
Қазақ деп жүрегiнiң қайнасы да.  
Халел мен Әлімханды ай деп айтсақ,  
Шолпандыққа жарайды ай қасында.

Әуелден қатарынан туысы артық,  
Сондықтан күн-күн сайын барады артып.  
Ілімнің аймағында жоқты дағы,  
Еріксіз тумысымен алар тартып, -

деген өлең шумақтарын арнаған екен. Өкінішке қарай, жібектей мінезіне қарап бүкіл қазақ Бияш деп еркелеткен Биахмет Сәрсенов өмірден ерте кетті. Ол 1921 жылы Орынборда Ахаңмен бірге, яғни Қазақ АСР-інің Оқу министрі Ахмет Байтұрсыновтың орынбасары қызметін атқарып жүргенде небәрі 36 жасында оба ауруынан қайтыс болды.

Семейдегі губерниялық “Қазақ тілі” (қазіргі “Семей таңы”) газетіне жарияланған Алаш арыстары Мәннан Тұрғанбаев пен Жүсіпбек Аймауытовтың “Бияш” атты қазанамасында, шын мәнінде Биахметтің ұлт мүддесі жолындағы еңбегіне үлкен баға берілді. Бұл қазанаманы алғаш белгілі ғалым-филолог Арап Еспенбетов төтежазудан аударып, жұртшылыққа таныс етті. Онда: “өткен шілденің 17-де Орынбор қаласында Қазақстан оқу комиссариатының мүшесі Биахмет Шегедекұлы (Сәрсенов) оба ауруынан қайтыс болды.

...Ол Семейде учительская семинарияны бітіріп, алғашқы кезде ел ішінде «аульная школада» бала оқытып, соңынан әкімшілік ісіне кіріскен. 17-ші жылы революциядан кейін қазақ азаматтары әлеумет жұмысына араласып кетті. Бияш та солардың ішінде областной қазақ комитетіне мүше болып, Павлодар уезінде ко-

митеттер сайлады. Соңғы Алашорда. Земство болған замандарда Бияш көрнекті орында қызмет етті. Семейге 1920-шы жылы Кеңес өкіметі орнаған соң, Бияш Орынборға кетті. Онда алғашқы уақытта, соғыс комиссариатының білім беретін жұмысын басқарып жүріп, артынан оқу комиссариатына шығып еді. Ол басқа қызметтермен қатар, Семейде ашылған мұғалімдер курсына, қазақ семинариясында, Орынбор курстарында оқытушы болып жүрді. Әлеумет ісіне қатысқандықтан айыпталып, Колчак тұсында, соңғы, Кеңес өкіметі тұсында абақтыға да жатып шықты.

Бияш қазақша айтқанда, сегіз қырлы, өнерлі жігіт еді. Алған орысша біліміне қарағанда шын мағынасымен педагог (тәрбиеші) еді...

Төңкеріс заманға душар болып, әлеумет ісіне оқығаны аздықтан қазақтың ана жұмысы да, мына жұмысы да Бияшты керек қылды, сүйреді. Оның араласпаған қызметі болмады. Қандай жұмысқа кіріссе де, тереңінен біліп, тез бітіретін Бияш болатын...

Ол әкімшілік іске өте жетік, тағанды, құнтақты болатын... Ол орны толмайтын дипломат (елші) еді... Ол ақылды еді... Оның тағы бір қасиеті: нашарға, мұқтаж шәкіртке, жолдас арасында жүрегі қайырымды, қолы ашық болатын... Ол досшыл, жолдасшыл, еркөңіл еді. Жолдасы үшін, елі үшін қатерлі жерде жалғыз қалуға жарайтын, жанын қиюға шыдайтын ер еді.

Еш нәрседен тауы шағылып, тез қайтпайтын, қажымайтын қуатты, пысық еді. Бияш қысқаша айтқанда, алмас қылыштай өткір, қаршығадай қырағы жігіт еді.

...Оқу комиссариатының қандай ісі болсын, бір өзі басқарып бара жатыр еді. Хакімшілік жұмыстан арқасы босағандай Ахан (Ахмет Байтұрсынов) Бияшқа сеніп отырушы еді. Енді...

Төңкеріс заманында талай жігіттер шығын болды. Тағы талайлар шығындалар. Бірақ, Бияш сықылды жігіттен айырыла беру аса шымбайға батарлық қайғы, өкінішті қаза. Марқұмның арттағыларына сабырлық берсін”, - деп жазылды.

Ал, сол жылдары Ташкентте шығып тұрған Алаш қайраткерлерінің “Ақжол” газеті редакциясының басқармасы Бидахметтің мезгілсіз қазасы туралы: “Қазақ елінің көгіндегі үркердей азғана жұлдыздарының бірі сөнді. Бидахмет сол санаулы

жұлдыздардың арасындағы ең жарық, нұрлы көрінгендердің біреуі еді. Оның өлімі қазақ жұрты үшін орны толмайтын қаза, қаруы қайтпайтын шығын”, - деп көңіл айту білдіреді.

Биахмет Сәрсенов өмірден ерте кеткенімен, өкінішке қарай 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің зобалаңы оның әкесі Шегедек байдың әулетін сырт айналып өтпеді. Жалпы Шегедектің екі әйелінен жеті ұл, жеті қыз тарайды. Осы жеті ұлдың ішінде Биахмет, Жанахмет, Қалел және Дәлел, Салық орысша-қазақша оқыған, саяси сауатты азаматтар болды. Мәселен, солардың бірі - Дәлел Сәрсенов те Алаш қозғалысына белсене қатысқан қайраткер болды. Айталық, “Список организаторов Алашского конного партизанского полка, участников организации против Советской власти в 1918 г. правительства Алаш-Орды” атты ресми құжатта Биахмет Сәрсеновқа қоса “Д.Сәрсенов (брат Бииахмета)” деп оның інісі Дәлелдің де есімі аталады. [Б.Нәсенов. Абыралы-қанды жылдарда, 1905-1945 ж.ж. Новосибирск. 2002. 286 б.]

Ал, Биахметтің жалғыз Ұлы Ғалихан да кешегі Кеңес өкіметі кезінде “Алашордашыл, халық жауының баласы” деген талай түртпекті, қысымды көрді. Бияш ағамыз 1918 жылы дүниеге келген жалғыз перзентінің есімін Алаштың ардақтысы Әлекеңнің, Әлихан Бөкейхановтың құрметіне Ғалихан (бірақ кейінде төлқұжатқа Қалихан болып жазылып кеткен) деп қойыпты.

- Әкеден ерте айырылып, қиындық көріп өскен Қалихан Биахметұлы Ұлы Отан соғысының алдында Тамбовтағы ұшқыштар даярлайтын училищені бітіріп шығады, - дейді семейлік ғалым-тарихшы Мұхтарбек Кәрімов. – Алайда, әкесі кешегі Алашорда үкіметі басшыларының бірі болған соң, оған сенімсіздік білдіріп, ұшуға рұқсат берілмейді. Сол себепті, Мәскеудегі шет тілдер институтына оқуға түсіп, жаңа мамандық алады. Өзі ағылшын, француз және неміс тілдерінде еркін сөйлеген. Ұлы Отан соғысы кезінде әскер қатарына алынып, жаяу әскер құрамында талай қанды шайқастарды бастан өткереді.

Соғыс біткен соң, Батыс Европадағы бір мемлекетте тұтқындарды елдеріне қайтаратын халықаралық комиссиялардың бірінің құрамында тілмаштық қызмет етеді. Сол кезде, бұл кісі Голландия мемлекетінің аумағында көбірек болса керек. Кездейсоқ

бір жағдайда әлгі Голландия (бұл ел Нидерландия деп те айтылады) Королінің ортаншы қызы -Июкемен танысады. Олардың осы таныстығы үлкен махаббатқа ұласады. Қалихан аға өзінің 1980 жылдары толтырған анкеталық өмірбаянында (КГБ органдарының талап етуімен жазылса керек) “Біз үйленген едік. 1947 жылы Херот деген ұлымыз дүниеге келді” деп жазады.

Әрине, ол уақытта бұл үлкен жүрек жұтқан батырлық болды. Мысалы, Қалихан ағамыз нағыз Кеңес өкіметіне қарсы байдың тұқымы, Алашорда қайраткерінің баласы болса, әрі өзі Голландия королінің қызы Июкеге үйленіп, «социалистік салт-санаға» жат қылық істесе, шынында да бұл кешірілмейтін ауыр қылмыстық іс еді. 1948 жылы Қалихан Биахметұлы елге әйелі мен баласын алып қайтқан кезде, оларды Польшамен шекарада ұзақ тексеріп ұстайды. Ақыры жас нәрестелі Июке шетел азаматы болғандықтан, шекарадан өте алмай жылап кері қайтады. Ал, Қалихан ағамыз болса, бергі шекара бетінде іші қан жылап, өзегі өртеніп қала береді.

Туған отбасымен арадағы осы үзіліске тура он жылдай уақыт өткен болуы керек. Енді қайта табысудан әбден күдерін үзген Қалихан Биахметұлы Шымкент жақта Анна Дубова деген орыс қызымен танысып, үйленеді. Одан екі ұл өмірге келеді.

1957 жылдың жаз айында Қалихан ағамыз жаңа үй салмақшы болып, іргетасын көтеріп жатады. Мәскеудегі бір шетелдік елшіліктен оның атына арнайы шақырту қағазы келеді. Сөйтсе, оны шақыртушылар - Мәскеуге халықаралық делегация құрамында келген әлгі шетелдік отбасы - Июке мен Херот екен. Бірақ та өкіметтен ресми рұқсат болмаған соң олардың жүзін көре алмайды. Ол кезде заман солай болды. Ғалым-тарихшы Мұхтарбек Каримовтен естуімізше, осы Қалихан ағамыз бен оның шетелдік отбасы арасындағы байланыстың жарқын белгісіндей болып Голландия королдігінен жазылып келген бір жапырақ хат қана қалған...

Ал, Биахмет Сәрсеновтың туған інісі Салық ақсақалдың баласы, бүгінде Семей қалалық санэпидемиологиялық департаменті басқармасының бастығы Бағлан Салықұлы Шегедековтың айтуынша, шетелдегі Июкесі мен Херотың бір көруді арман еткен Қалихан ағамыз 2000 жылдары қайтыс болып кетіпті. Алаш қайраткері Би-

ахмет Сәрсеновтың тек қана жалғыз фотосуреті жаңағы Салық ақсақал мен оның зайыбы Бижамал әжейдің ұзақ жылдар бойы жасырып сақтауымен бүгінге аман-есен жетсе, ал оның жалғыз ұлы Қалиханның артында қатігез өмірдің белгісіндей болып сарғайған бір жапырақ хат қалып отыр..

### 3. АЛАШТЫҢ АХМЕТЖАНЫ

Алаш қайраткері Ахметжан Қозыбағаров 1918-1920 жылдары Семей уездік Земствосы басқармасы (кейінде Семей уездік шаруа, қазақ және жұмысшы депутаттары Кеңесі) басшылық қызметтер атқарды. Ол 1879 жылы бұрынғы Семей облысының Шыңғыстау ауданына қарасты Әтей ауылында ауқатты шаруаның отбасында дүниеге келген. ХХ ғасыр басында Омбы фельдшерлік мектебін бітіріп, Семейдің Затон жақ бөлігіндегі госпитальда фельдшер болып жұмыс істеді. Сауатты жас студенттік кезінде-ақ қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласады. Омбыда оқыған жылдары қазақ жастарының «Бірлік» атты ұйымына қатысып, Әбілқайыр Досов, Жанайдар Сәдуақасов, Хамза Жүсіпбеков тәрізді т.б. саяси қайраткерлермен танысқаны сөзсіз. Өйткені, сол студенттік шағындағы Алаштық тұрғыда қалыптасқан саяси көзқарасы одан кейінгі төңкерістер кезеңінде де еш өзгермеді. Ол, шын мәнінде, ұлт мүддесіне адал қызмет еткен Алаштың нағыз ардагер азаматы болды. Сондай-ақ, оның сүйікті жары Тұрар Қозыбағарованың есімі де Семей жұртшылығына жақсы мәлім-тін. 1914 жылдың күзінде Ұлы Абайдың өмірден қайтқанына 10 жыл толуына арналған Семейдегі әдеби кешті ұйымдастырып, өткізуші тамаша педагог-ағартушы - Нәзипа Құлжанованың жақын дос, құрбысы ғана емес, сондағы «Біржан-Сара» спектакліндегі ақын Сараның ролін ойнаған өнерлі жан еді. Жалпы, олардың жұбайлары Нұрғали мен Ахметжан да бір-бірімен сыйлас, пікірлес адамдар болған. Осынау қазақтың екі марғасқа азаматы отбасыларының дәм-тұзы жарастығы туралы, кеңестік заманда тұспалдап болса да біраз жайларды жазушы Сапарғали Бегалин «Замана белестері» кітабында айтады. Себебі, ол бір Алаш қайраткерлерінің атын атауға болмайтын қиын уақыт еді. Ал енді Гүлнар Міржақыпқызы

Дулатова «Алаштың сөнбес жұлдыздары» кітабында «...Семейге келгелі бері Атекем (Әлихан) мен папамның (Міржақып) жоралары, жақын таныстары үйлеріне шақыра бастады. Ең алдымен дәм татқызып, қонақ еткен – педтехникумның директоры Әбікей Зейінұлы Сәтбаевтың үйі болды. Бұл үйде кімдер болмады дейсіздер. Әбікей ағаның өзімен бірге қызмет істейтін Мәннан Тұрғанбаев, Біләл Сүлеев, Баянауылдан келіп жатқан Жұмат Шанин, Шыңғыстаудан дәм бұйырып Турағұл (Абайдың баласы) – Тұраш атам келіпті. Орынборда бізге келіп-кетіп жүретін Боқаш ағам (фамилиясын білмеймін), Дәку ағам (Даниял Ысқақов) әйелі Мүкәраммен, Ахмеджан ағам (Қозыбағаров) Тұрар тәтеммен, Сұлтан Оспанов, тағы мен танымайтын екі кісі бізбен бірге қонақта болды...» деп еске алуына қарағанда, бұл айтылған жай шамамен 1920 жылдардан кейін болса да, қазақ зиялыларының бір-бірімен жақын араластығы ешуақытта үзілмегенге ұқсайды. Алаш қозғалысы басшыларының, тіпті тәуелсіздік жолындағы күресте әу бастан-ақ тығыз қарым-қатынаста болғандығы туралы Алаштанушы ғалым Мәмбет Қойгелдиев «Алаш қозғалысы» зерттеу еңбегінде Ахметжан Қозыбағаровтың Халел Ғаббасов және Жақып Ақбаевпен тығыз байланыста жүріп, Семейде жастар үйірмесін құрғаны туралы деректер келтіреді. Бұл арада оның меңзеп отырғаны «Жанар» ұйымы болса керек. Мысалы, жас семинаристер Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтің осы ұйымның жұмысына қызу атсалысқандары белгілі. Кейінде, «Семейдегі «Жанар», Қызылжардағы «Талап», Омбыдағы «Бірлік» ұйымдары негізінен «Алаш» партиясы ықпалында болып, әлеуметтік-таптық тартыста соның саяси бағытын қолдады».[Нұрпейісов К., Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995. 112-бет]

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен алғаш «Алаш» партиясының Семей облыстық комитеті құрылғанда, Ахметжан Қозыбағаров оның басшылық құрамына еніп, қоғамдағы саяси жұмыстарға білек сыбана араласады. Облыста қазақ съездерін ұйымдастырып өткізуге қатысып, облыстық қазақ комитетіне мүшелікке сайланады. Сол тұстағы қазақ комитеттерінің тарихи ролін, қазіргі таңда Алаштанушылар «болашақ ұлттық мемлекеттің негізі, бастау көздері еді» деп бағалайды. Шынында

да, аталмыш облыстық комитеттің ұсынысы бойынша ұлттық автономия құру мәселесі, ең бірінші болып Семейдегі қазақ съезінде көтеріледі. Ол туралы академик Кеңес Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» атты зерттеу еңбегінде «Семей съезінің өзіне тән басты ерекшелігі, онда мемлекеттік басқару мен қазақ халқының автономиясы туралы мәселелер бойынша қабылдаған шешімдер болды» дейді. Міне, осы қазақ қоғамындағы мемлекеттік билік түрі, ұлттық автономия, жер, халық милициясы, земство, оқу, сот, дін және тағы басқадай саяси-әлеуметтік маңызы зор мәселелерді шешуге байланысты 1917 жылдың 21-26 шілдесі аралығында Орынборда өткен жалпықазақ съезіне Семей облысынан Ә.Бөкейханов, Г.Потанин, Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов, М.Поштаев, Ж.Ақбаев, Б.Сәрсеновтармен қатар Ахметжан Қозыбағаров та қатысады. Сондай-ақ, ол «Алаш» партиясы атынан Бүкілресейлік Құрылтай жиынына депутат болып сайланады. Мысалы, сол кездің өзінде-ақ «Қазақ» газетінде «Ахметжан Қозыбағаров – фельдшер. Пікірлі, ұлтшыл жастарымыздың бірі» деп атап жазылып, үлкен үміт артылған еді.

1917 жылдың күзінде Семей облысында Земстволық басқару органдарының сайлауы жаппай өткізіле бастаған кезде, Алаш қайраткерлері де халықтық биліктен шет қалмау мақсатында оған бір кісідей жұмыла кіріседі. Осындай саяси науқан барысында А.Қозыбағаров бұрынғы Алаш қаласы тұрғындары атынан, алғашқыда Семей уездік Земствосына депутат ретінде сайланып, одан кейін оның басқарма төрағасы болып тағайындалады. Мысалы, Семей уездік Земствосына жеті сайлау округі бойынша 40 депутат және бұған қоса 42 кандидат сайланады. Бір атап айтарлығы, осы 40 депутаттың 37-сі қазақ, ал 3-уі орыс ұлтынан болды. Яғни, қазақ қауымының ұйымшылдығы мен саяси белсенділігі күшті болғандығы айқын байқалады. Сол уақытта, осы жоғары билік органына депутаттыққа Семей қаласынан Халел Ғаббасов, Әлімхан Ермеков, Райымжан Мәрсеков, Мұстақым Малдыбаев, Иманбек Тарабаев, Нәзипа Құлжанова, жаңағы Алаш қаласынан Жұмжұма Үкібаев, Ахметжан Аңдамасов, Құрман Мұздыбаев, Шыңғыстау болысынан Шәкерім Құдайбердиев, Мұқыр болысынан Көкбай Жанатаев, Қызылмола болысынан Иманбазар Қазанғалов сын-

ды елге танымал көптеген қазақ зиялылары сайланды. Алғашқы Семей уездік Земствосы депутаттарының төтенше жиынында облыстық Земство басқармасының мүшелері сайланып, оның төрағасы болып Р.Мәрсеков бекиді. Одан кейінгі уақыттарда басқарма төрағасы қызметтерін Әлімхан Ермеков, Халел Ғаббасов атқарды. Бұл халықтық билік органының кеңсесі бұрынғы Алаш, қазіргі Жаңасемей қаласындағы қазақтың атақты бай-саудагері, меценат Қаражан Үкібаевтың мектепке жалға берген үлкен ағаш үйінде орналасты.

Азаматтық қарсыласу жылдары Семейдегі земстволық басқару органдары, Алашорда үкіметінің және қара халықтың сенім артқан мықты тірегі де болды. Олар негізінен милиция, сот органдарын құру, жер бөлу, несие-қаржы беру, шаруашылықты дамыту, азық-түлікпен жабдықтау, денсаулық сақтау, білім беру, ұлттық мектептерді ашу тәрізді тағы басқа саяси, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдағы мәселелермен айналысты. Мұндай қатқабат жұмыстардың бір парасы тез арада Алаш милициясы мен атты әскерін құрып, облыстық қазақ соты мүшелерін тағайындауға қатысты атқарылса, ал келесі парасы сол кездегі орын алған Сібір революциялық комитетімен арадағы жер дауларын шешуге, Алаш қаласында мұғалімдер даярлайтын арнайы қысқа мерзімді курстар мен ұлттық мектептерді ашып, оқу құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етуге, дәрігерлік емдеу, банк, қаржы-несие және шаруашылық мекемелері жұмысын жандандыруға тағы-тағысын толып жатқан күрделі әрі төтенше жағдайларға бағытталды. Осындай аласапыран өмірдегі қадау-қадау өзекті мәселелердің шешіміне қатысты ресми деректерді Семей қаласының Қазіргі заман тарихы құжаттамасы орталығындағы (бұрынғы облыстық архив мекемесі) Семей уездік Земствосы (37 қор), Бүкілресейлік Уақытша Үкіметтің Семей уездік басқарушысы (48 қор), Семей губерниялық соты (266 қор), Алаш жұмысшы, шаруа және қырғыз (қазақ) депутаттары кеңесі (134 қор), Алаш қалалық қоғамдық басқармасы (133 қор) туралы т.б. іс қағаздарынан кездестіре аласыз. Мысалы, сондай іс қағаздардың бірінде Семей уездік Земство басқармасының төрағасы Ахметжан Қозыбағаровтың Омбыдағы Әлихан Бөкейхановқа уездік қазақ соты құрамын сайлауға байланысты жіберген жеделхатының көшірмесі сақталған. Онда:



«Омск.ул. Учебная, 86. Букейханову

Каком положений [находится]вопрос [о]киргизских судах. Если состав суда выборный, [то] желательно использовать происходящее Уездное Чрезвычайное Земское Собрание. Ждем [от Вас] официального телеграфного сообщения.

**Уземуправа Козбагаров.5/IV»** - дейді.

Демек, мұның өзі Семей земстволық басқару органдарының Алашорда үкіметімен әрдайым тығыз қарым-қатынаста қызмет атқарғанын аңғартады. 1918 жылдың ақпан айында өткен облыстық Земствоның төтенше бір жиынында Алашорда соты болып ғұлама ақын Шәкерім Құдайбердіұлы сайланғанын білеміз. Әсіресе, Семей Земстволары мен Сібір революциялық комитеті (ресми құжаттарда Советтік Сібір үкіметі деп жазылады) арасындағы жер дауына қатысты мәселелер өте күрделі жағдайда шешілді. Мысалы, оны Алтай губерниясының Змеиногорск уездік Земствосына бағынудан бас тартқан Белағаш және Қайыңды елді мекендері тұрғындарының «бізді өз қоластыларыңа алыңдар» деген өтінішінен көреміз. Өз кезегінде Семей земстволық басқару органдары бірден қолдап, келісім білдірген. Бірақ та оған Советтік Сібір қырсығып көнбеді. Оның соңы бірін-бірі жазғырып айыптаған хат жазысулар мен ресми құжаттар алмасуларға, даулы үлкен жиындарға ұласты. Мысалы, 1917 жылдың күзінде басталған бұл текетірес тек 1921 жылдың көктемінде ғана барып нақты шешімін тапты. Ол туралы тарихшы ғалымдар Е.Сыдықов пен М.Малышеваның «Сибирь и Казахстан» кітабында: «Так, для достижения перехода казахи Бельгагачской волости добивались ее изъятия из Змеиногорского уезда Алтайской губернии и причисления к Семипалатинскому уезду одноименной губернии, что и было удовлетворено Сибревкомом в апреле 1921 году» - деген деректер беріледі. Өкінішке орай, осындай қысылтаяң шақта Семей губерниясына қарасты Бұқтырма және Павлодар уездеріндегі бірқаншама жерлерді сақтай алғанымызбен де, Қосағаш ауылы мен Ертіс ауданы тәрізді т.б. елді мекендерімізден айырылып қалдық. Алайда, Сібір ревкомының басшылары И.Смирнов, М.Фрумкин, В.Косарев, В.Соколовтың осындай жанұшырған қарсылығы мен Мәскеудегі жақтастарының жанашырлық қолдауына қарамастан, үлкен ай-

тыс-тартыстарда Алаш қайраткерлері Ә.Ермеков, Р.Мәрсеков, Х.Ғаббасов, А.Қозыбағаров т.б. шығыстағы қазақ жерлерін қорғап қалды. Ол ол ма, өзін нағыз Сібірдің қожайыны сезінген революциялық комитет Лениннің нұсқауымен 1920 жылы Қазақ АССР-ы құрылса да, солтүстіктегі бес бірдей облысымыздың жерлерін ұзақ уақыт әкімшілік-територриялық жағынан мәжбүрлеп ұстап, уысынан шығарғысы келмеді. Мәскеулік тарихшы ғалым Дина Аманжолова «Россия и Центральная Азия. 1905-1925 гг.» атты зерттеу еңбегінде бір ресми құжатқа берген түсініктемесінде: «Вопрос о фактическом подчинении органам власти КАССР Семипалатинской и Акмолинской губерний, до революции входивших в Степной край с центром в Омске, решался вплоть до 1923 года» - деп жазады. Жалпы, бұл арада шығыстағы қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалған Әлихан Бөкейханов бастаған Ә.Ермеков, Х. Ғаббасов, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Ы.Мұстамбаев, Р.Мәрсеков, А.Қозыбағаров тәрізді ұлт зиялыларының еңбегі тыңғылықты зерттеліп, түпкілікті бағасын алған жоқ.

Алаш Қозыбағаровтың тағы бір баса назар аударалық қоғамдық қызметі - Алаш қаласында ұлттық педагог кадрларды даярлау мен қазақ мектептерін ашу мәселелерімен тығыз байланысты болды. Осы сала бойынша, Мәннан Тұрғанбаев, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Әбікей және Қаныш Сәтбаевтар және тағы басқалармен бірлесіп жұмыс жасады. Сол уақытта Алаш қаласында үш қазақ, бір мұсылман (қазақ және татар балалары оқитын), арнаулы білім беретін қыздар мектептері ашылып, қызмет көрсетті. [Сарыарқа, 1919, №11] Ал, 1920 жылдары Семей уезіндегі бастауыш мектептер саны жетпіске жетті. Әрине, бұл бастауыш оқу орындарында білім беретін ұстаздар жағы үнемі жетіспеді, сондай-ақ оқу-құралдарының тапшылығы да қатты сезіліп отырды. Мысалы, осындай өзекті мәселелер жайында Ахметжан Қозыбағаров 1918 жылдың 16 қыркүйегіндегі «Қазақ» газетінің №265 санында жарияланған «Оқу құралдары» атты мақаласында айтады. Дегенмен, Семей Земстволық басқару органдары бұл кедергілерді асқан қажырлылықпен шеше білді.

Семейде Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі кезеңде де, А.Қозыбағаров біраз уақыт жергілікті әкімшілік орындарын-

да басшылық қызметтер атқарды. Алғашқыда, Алашорда қайраткерлеріне кешірім жасалғанымен, оларға ГПУ органдары қысым жасауын тоқтатпаған еді. 1920 жылдың 21 шілдесіндегі Семей губерниялық төтенше комиссиясының ресми құжатында «А» тізімі бойынша 1483, ал «Б» тізімі бойынша 462, жалпы жиыны 1945 адамды тұтқындауға шұғыл шешім шығарылған. Сондағы бірінші тізім бойынша Әлімхан Ермеков, Ике Әділов, Турағұл Ибрагимов, Ахметжан Қозыбағаров, Мәннан Тұрғанбаев, Райымжан Мәрсеков, Қаражан Үкібаев, Мұхамеджан Тыншбаев және тағы басқалардың есімдері аталған. [Семипалатинский ЦДНИ. Фонд-692, опись-01, дело-01. «Список розыскиваемых лиц, подлежащих задерживанию»] Содан, ол басқа жаққа еріксіз кетуге мәжбүр болады. Бірақ та, 1929 және 1932 жылдары екі рет тұтқынға алынып, кінәсі дәлелденбегендіктен қамаудан босатылған.

Ахметжан Қозыбағаровқа қатысты 1937 жылдың 26 тамызында толтырылған НКВД органдарының тергеу құжаттарында оның 1921 жылдан бастап Алматы қаласында тұрып, №3 кірпіш зауытында амбулатория меңгерушісі болып істегені, сондай-ақ отбасы мүшелері туралы айтылады. Соның ішінде, А.Қозыбағаровтың – 58, ал әйелі Тұрардың – 43, үлкен ұлы Алаштың – 19 жаста екені көрсетіледі. Сірә, ол 1918 жылы туған тұңғышының есімін Алаш деп ырымдап қойған болуы керек. 1937 жылдың 9 қыркүйегінде Шығыс Қазақстан облыстық НКВД басқармасы жанындағы үштіктің Қаулысымен Ахметжан Қозыбағаров Кеңес өкіметіне қарсы күрескен астыртын контрреволюциялық ұйымның басшысы ретінде айыпталып, өзімен қатар қамауға алынған Жағыпар Қуанов, Баймұхамбет Бигелдин, Жағыпар Хакимов, Мұқатай Имамбаев, Зұлпарыстан Әзімбаев, Қайырлыхан Еркебаев, Мәжит Диханбаевтармен бірге ату жазасына кесілді. Алайда, оның жазықсыз екені анықталып, 1947 жылдың 28 қарашасында Түркістан әскери округының Әскери трибуналы А.Қозыбағаровтың ісінде ешқандай қылмыстық әрекет жоқ деп тауып ақтады.



**Әнес Ғарифолла**  
филология ғылымдарының  
докторы,  
Халелтанушы.

**Төлеуішов Әбілхан Сейтімұлы**  
ҚР Мәдениет Қайраткері,  
саясаттанушы



### **ХАЛЕЛ ТҰҒЫРЫ**

Тыңға түрен салған тұңғыш ғалымдар деген тұста, екі адамның аты-жөні қашанда көкейде жаңғырып тұрады. Бірі – ұлттың ұлы ұстазы, һәм рухани көсемі, ғұлама тілші-ғалым, күллі қазақ қоғамдық ғылымдарының бастау-көзінде тұрған түркітанушы (қазақтанушы) Ахмет Байтұрсынұлы болса, екіншісі – жаратылыстанудың сан саласынан қазақ тілінде тұңғыш оқулықтар жазған оқымысты дәрі-



гер, энциклопедист ғалым Халел Досмұхамедұлы.

1903-1909 жылдары Академия қабырғасында студенттік жылдарын өткізген Халел тек адамның тән жарасына шипа іздейтін дәрігер болып қана қоймай, өз замандастары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы сынды халқының жан дертіне үңілген қайраткер, ескінің көзі, жаңаның басы бола білді. Халел Досмұхамедұлы Петербургтегі Императорлық жол қатынастары институтында оқыған В.В.Бартольд, В.В.Радлов, Бодуэн де Куртене сияқты

атақ-даңқы айшылық жерге жайылған бірегей ғалымдардың дәрісін тындады, олардың қырағы көздеріне шалынды.

Осы орайда, энциклопедист Халелдің көп тіл білген полиглот екенін де жастардың біле жүргені жөн. Оның жеті жұрттың тілін меңгеруге күш салғаны, оған мұрша-мүмкіндігі болғаны да осы Петербургте оқыған студенттік кезі еді. Ол алдымен ана тілін сүйді, қадірледі. «Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел ел болмайды. Мәдениетке ұмтылған жұрттың алдымен тілі өзгермекші. ...Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт», дейді ғалым-дәрігер. Ал оның мына бір тарихи жазбасы тура бүгінгінің жастарына бағышталғандай әсер қалдырады: «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш. Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – күйініш. Ана тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру зор қате. Бұл – оқығандардың хәм оқушылардың есінен шықпау керек».

Біз ғұламаның аттан түспей, Алаштың көсемі болған күрес жылдары мен айдаудағы азапты айларын аттап өтіп, оның ғылыми-шығармашылық хәм қоғамдық-педагогикалық қызметпен шындап айналысуға мүмкіндігі туған «Ташкент кезеңіне» және осы 1921-1928 жылдары атқарған ұлан-ғайыр тындырымды істеріне ғана тоқталмақпыз.

1920 жылдың соңына таман Х.Досмұхамедұлы көптеген «Алашшыл» қазақ оқығандары қатарында Түркістан Автономиялық

Республикасының орталығы - Ташкент қаласына келеді. Осы жылы тамыздың 21-і күні Түркістан Республикасының Халық ағарту комиссариаты жанынан туыстас түркі халықтарының оқу-ағарту, мәдени һәм ғылыми мұқтаждарын өтеу үшін арнайы Білім комиссиясы құрылады. Ол алдымен осы комиссияның мүшесі (төрағасы – И.Тоқтыбайұлы), кешікпей төрағасы (1921-1923) болады. Оның органы есепті «Сана» журналын шығарады, «Талап» атты әдеби-мәдени бірлестік ұйымдастырады... Осы жылдардағы архив деректеріндегі Х.Досмұхамедұлының өз қолымен жазылған ғылыми есептер қазақ мектептері үшін алғашқы оқулықтардың жазылу тарихы мен баспа ісінің жолға қойылуы, жалпы Түркістан Республикасы мен Қазақ өлкесіндегі оқу-ағарту мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының жай-күйі туралы көп мағлұмат береді.

Біздің айтпағымыз: осы жылдардағы Х.Досмұхамедұлының ұйымдастырушылық жұмысының арқасында кейін сан салаға жіктеліп өрістеген қазақ ғылымының іргетасы қаланды, ол ғылым-білімнің, оның ішінде түркітанудың (қазақтанудың) алғашқы дәнін себуші, көшетін көктетуші ретінде бағалануы қажет. Ғалым бірінші кезекте қоғамдық ғылымдарды дамытуға күш салды. Әсіресе, Ә.Диваевтың ел арасынан 35 жыл жинаған ауыз әдебиеті үлгілеріне ерекше назар аударып, экономикалық жағдайдың ауырлығына қарамай, оны сатып алуға қаржы тапты. Сырдария мен Жетісу облыстарына тұрақты түрде кешенді этнографиялық экспедициялар ұйымдастырды. Қазақ тілінің (түсіндірме) сөздігін түзуге мұрындық болды.

Х.Досмұхамедұлының биология мен зоология, медицина мен жаратылыстану саласындағы алғашқы оқулықтарының тілі, осы салалар бойынша оның қазақ терминологиясына қосқан үлесі әлі күнге арнайы зерттеу объектісі болған емес. Оған бір жағынан біздің де «кінәміз» бар. Өйткені, кезінде Халекеннің мұрасын жинастырып, оны араб қарпінен қазіргі жазу үлгісіне көшірген жылдары біз аталған оқулықтардың алғашқы 10-15 бетін ғана қайталап жариялаған болатынбыз. Кезінде уақыт жетімсіздігі мен кітап көлемін белгілеген баспа талабына құлақ асқанымыздың үстіне, ол оқулықтар заманауилық тұрғыдан ескірді, мәнін жоғалтты деген ой-пікірде болғанымыз да жасырын емес. Әйтсе де, соңғы жылдары қазақ ғылыми терминологиясына ерекше сұраныс туған кезеңде ғалымның еңбектерін тұтастай оқып-

көргісі келушілер, оның төл терминдік жүйесіне қызығушылар көбейді. Бірақ, өкінішке қарай, оны қазіргі жазу үлгісіне көшірем деп ешкім белсеніп суырылып шыға қоймады. Сондықтан, ғалымның биология мен зоология, медицина мен жаратылыстану саласындағы ғылыми терминологиясын зерделеу, талқылап талдау ісі де айналысқа түспегендіктен тоқталып тұр.

Ал, ағартушы-ғалымның қазақ ғылыми терминологиясына қосқан үлесін арнайы сөз етудің әбден қажеттілігінің тағы бір басты себебі бар. Өйткені, Х.Досмұхамедұлы – білгір түркітанушы, тілші-ғалым. Сондықтан да оның термин түзушілік қызметін жай сала маманының ділгірлігінен ғана туған құбылыс деп емес, ерекше жауапкершілік жүктеген, тіл қамы мен қамытын қоса сүйреген лингвист еңбегі деп бағалаған орынды.

Х.Досмұхамедұлы түркітанушы дегенде біз алдымен оның «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты кітапшасы мен «Диуани лұғат ат-түрк» мақаласын ауызға аламыз. Оның сыртында әлі қолымызға түспеген мұралары мен «Түркі тілдері туралы» сынды авторлығы толық анықталмаған және әліпби ауыстыру мен термин (пән) атауларын қалыптастыру хақындағы талас-тартыстарда айтылған пікірлерін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Мамандығы дәрігер ғалым ең алдымен қазақ (түркі) тілінің құрылымы мен жүйесін, оның фонетикасы мен грамматикасын терең меңгеруімен таңғалдырады.

«Түрік тілі – жалғамалы тіл. Жалғамалы тілдегі сөздердің түбірі өзгермейді. Сөз аяғына жалғанған қосымшалар арқылы өзгереді. Қазақ-қырғыз тілі – түрік тілінің бір тарауы. Сондықтан қазақ-қырғыз сөздері де түбірін өзгертпей, аяғына қосылған жалғаумен өзгереді, – дейді де, бұл тілдік заңдылыққа анықтама береді. – Қазақтың негізгі жалқы сөзінің түбірінде жуан дыбыстар мен жіңішке дыбыстар бәрінің бірдей дауыспен (не жуан, не жіңішке) ұйқасып айтылуын білім тілінде «сингармонизм» дейді. Сингармонизм деген сөз, қазақша айтқанда, үндестік, ұйқастық деген мағынада». Оның өзге де түрік тілдерінің жүйе-құрылымымен таныстығына мына жолдар дәлел: «Сингармонизм түрік тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті. Түрік тілдерінің көбі (Ыстамбұл түріктері, Қазан ноғайы, сарт-өзбек, тағы талайлар) түрік емес халықтардың сөзін көп алғандықтан, жат жұрттарға көп араласқандықтан осы айрықша қасиетінен айырылып қалып

отыр. Осы күндерде қазақ-қырғыз секілді шет жұрттармен жарытып араласпай, нағыз түріктікті сақтаған елдердің тілдерінде ғана сингармонизм заңы өзгерместен қалып отыр» . Одан әрі тілімізге ертеректе араб-парсыдан, орыс тілінен енген кірме сөздердің (Халекен «жат сөздер» дейді) үндестік заңына бағынғандығын дәлелдейді. Одан әрі ғалым түрлі-түрлі тілдердің жіктеліс, классификациясына тоқталады. «...Әр топтың бір-бірінен айырмасы түрік тілінің маңғұл иә фин тілінен айырмасындай», – деген полиглот-ғалымның пікірі оның өз дәуірінің барша ғылыми жаңалығымен таныстығын, әсіресе, түркітанудың заманауи білім-біліктерін, ақпарат-мәліметтерін игергендігін танытады.

Кітапшаның соңында ғалым әрбір жастың ана тілінде сауат ашып, ұлттық білім алуының маңыздылығына ерекше назар аударады. «Жасында ұлт мектебінде дұрыстап оқыған адам ана тілінің заңын ұмытпайды... Әксент туады, бөтенше сөйлеуге, бөтен елдің адамынан айырылмастай болып сөйлеу бұларға өте қиын болады»; «Орыс мектептеріне кіргендердің есі-дерті орыс тілін жақсы білу, орысша жақсы сөйлеу болатын еді. Орыс мектептеріндегі оқытулардың да бар тілегі жасөспірімге орыс тілін жақсы білдіріп, орыс тілін ана тіліндей қылып жіберу еді», – деген ескертпесін 70 жыл білмей, бойымызға сіңірмей келгеніміз қандай өкінішті!?

Ғалымның «Диуани лұғат ат-түрк» мақаласы да дәл осындай заманауи өзектілігімен, ғылыми тереңдігімен және тарихи-рухани мұраға деген үлкен жанашырлығымен ерекшеленеді. Түркияда А.Рифат әфәнді бастырған үш томдық М.Қашқари сөздігін жаһандық соғысқа байланысты алдырта алмағандығын, енді ғана қолына тигеніне риза бола отырып: «Түрік азаматтарының білімге, түрік ұлтының тілі мен әдебиетіне мынадай назар салғандықтарына қуанышымыз қойнымызға сыймай отыр», – дейді ғалым. Одан әрі: «Бірақ сонда-дағы бұл кітаптың басылуы өзінің жақсылығымен осы күнге дейін Түркияда басылған бұрынғы кітаптардан айырылып тұр. Қатасын түзетуге артықша назар салғандық, жете қарап бастырғандық, қолдан келгенше түп (оригинал) кітаптың суретін сақтауға ыждаһат қылғандық... Түркияда кітап басуға осындай артық назар салуды көріп, біздің қуанышымыз екі есе болып отыр», – деген жолдардан оның мұраға деген махаббат-ыждағаты, баспагер-редакторлық тәжірибесінің молдығы сезіліп тұрады. Осы сын-рецензия есепті көрінетін, ал шындығында толымды зерттеу



еңбегінде Х.Досмұхамедұлы түркі тілінің тарихын сөз ете отырып, өзін диапазоны кең тарихшы ғалым ретінде көрсетеді. Шағын шолуынан біз оның Йусуф Хас Хажиб жазған «Құдатғу білікпен» де жан-жақты таныстығын аңғарамыз. Сонымен бірге, ол арабша «Түрк-мағол-парсы тәржіманы» (Хоутсма һәм Мелиоранский нәшрі), Абу Хайан әл-Гарнатидің «Китаб әл-идрақы», Мысырдан табылған «Гүлстан» тәржімесі, «Құман һежесі – Кодекс Куманикус» сияқты түркологияның әлемдік жауһарларының тек атын емес, сын-сипаттарын да ерекшелеп атап, бүгінгі жоғары білімді филологтардың өзін таңғалдырады. Тіптен ол осы мақаласында әл-Фараби есімін де ауызға алып (мүмкін қазақ баспасөзінде тұңғыш рет!), кемел білімдарлығымен бізді айрықша қайран қалдырды: «Ислам дүниесінде иктисадий ғылымдарды Сырдария жағасынан барған бір түрік ғалымы (Фараби) бастап жазған болса, М.Қашқаридың да таза бір диуани (светский) ғалым, дүнияуи жағрафия һәм тіл ғалымы болып, кітабын мынадай бір жолға қойды». Одан әрі 1923 жылы Тәшкенде жарық көріп, кейін тыйым салынған мақаламен танысқан жан 1970-1980 жылдары ҚазМУ-дің филология факультетінің аудиториясында отырып, профессор Б.Кенжебаев сынды жаңашыл ғалымның енді-енді жария бола бастаған тың да даулы ой-пікірлерімен танысқандай әсерде болады: «Түрік қауымының тіл, әдебиет һәм мәдениет тарихы үшін 1889-жылы Орхон жағаларында Ядринцев тапқан, Томсен, Радлов һәм басқа ғалымдар тарапынан үйреніліп, нәшр етілген, барлық мәдениет, хан дүниесінің назарын өзіне қаратқан, хан ерлерінің фікірін алыстырған ескі түрік, Орхон «бітік-тастары» қандай аһамиаты болса, Махмұд Қашқари кітабының да аһамиаты сондай. Махмұд Қашқаридің түрік қауымына, өз ұлтына мунасабаты Күлтегін. Білге хандардың мунасабатындай һәм түрік руларың, түрік тілін білуі, әсіресе, білімі олардан артық болған».

Х.Досмұхамедұлының рухани-мәдени өміріміздегі тағы бір шыңы, өшпес тарихи ізі – қазақ поэзиясының классигі, жыраудың соңы, ақынның басы-Махамбеттің алдаспан жыр-толғауларын жинап, хаттап, арнайы кітап етіп құрастырып, бүгінгі ұрпаққа мирас қылуы. Өткенін қастерлеген халықтар үрдісіне ден қойсақ, ол осынау жалғыз-дара ерлік-еңбегімен – махамбеттанушы ретінде, оның бастау-көзінде тұруымен ғана өз-өзіне мәңгілік ескерткіш орнатып, ұлттың ұлы көшті шежіресіне атын алтын әріппен жазып қалдырды.

**БАЙҚАУДА  
ЖҮЛДЕГЕ ІЛІНБЕГЕНІМЕН,  
НАЗАР АУДАРУҒА ТҰРАРЛЫҚ  
МАҚАЛАЛАР**



**Сұлтанов Өмірзақ Сембайұлы**  
Шәкәрім атындағы Семей  
мемлекеттік университетінің  
«Экономика және бизнес»  
кафедрасының доценты, ауыл  
шаруашылығы ғылымдарының  
кандидаты

## **ЭКОНОМИКАДАҒЫ ҰЛТ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ Ә. БӨКЕЙХАН ЕҢБЕКТЕРІНДЕ**

Экономика мен ұлт саясаты арасында сырт көзге соншалықты байқала бермейтін күрделі байланыс бар. Оның себебі, өндіріске, қызмет ету саласына керегі, адамның ұлттық қасиетінен гөрі, іскерлігі, кәсіби қабілеті. Яғни, адамның ұлтына экономика саласынан бұрын, саясат сахнасында аса зор мән беріліп, көптеген қайшылықтар тудырып, күрмеуі қиын жағдайлар туындатып жататын мысалдардың көп екені тарихтан белгілі. Бұл мәселенің мемлекет басшылығына, яғни отырған орынтағына байланысты болған кезде тіпті қиындап кетеді. Оның айқын айғағы, көптеген елдердің конституциясында: «мемлекет басшысы болып мемлекет құрушы ұлттың өкілі ғана болуы тиіс» деген қағидатты айтсақ та жеткілікті болар. Ал, экономика тәжірибесіне үңілсек, қалай айтсақ та, өндіріс пен экономиканың этностық үдерістермен байланысын жоққа шығару мүмкін емес. Осы жағдай туралы белгілі философ, қоғам қайраткері А.Айталы: «Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ұлттық тілі, мәдениеті, дәстүрі мен басқа да ерекшеліктеріне дем беретін, қолдайтын өмірдің өзі, әсіресе, өндіріс. Ол адамдардың қоян-қолтық тәжірибе алмасатын, еңбекке жұмылдыратын, мүдделердің түйісетін жері. Сонымен бірге, өндіріс – тілдік, мәдени, психологиялық орта. Ал, көпұлттық ортада ұлтаралық

теңдік, сыйластық өте өткір қойылып, қайшылықтар жиі көрініс алады» [1].

Бүгінгі заманда бұл шиеленісті мәселені тіпті өркениетті, экономикасы қуатты, дамыған Еуропа елдерінің тәжірибесінен де байқауға болады. Мәселен, өткен ғасырдың 60-шы жылдарында Батыс Германия өнеркәсібі қарқынды өркендеу кезеңін бастан кешіргенде, жұмысшы күшінің күрт жетіспеушілігі байқалды. Бұл тығырықтан шығу үшін ел үкіметі шетелдерден жұмысшыларды тартуға мәжбүр болды. Кейінгі деректерге қарағанда, қазіргі Германияда бірнеше миллион шетел азаматтары жұмыс істеуде, соның ішінде 2 миллионға жуығы Түркия елінің өкілдері. Ал, осылардың көпшілігі қара жұмыста, денсаулыққа зиянды, экологиялық, гигиеналық тұрғыдан тартымсыз, жалақысы да басқа жұмыстағылардан төмен қызмет түрлерімен айналысуда. Оның себебі, негізінен этностық фактормен байланысты екені ешкімге де құпия емес болатын.

Сонымен, өзгені қойып өзімізге, Қазақстанның жағдайына келейік. Кеңес заманында қазақ ұлты ауылдық жерде, негізінен мал шаруашылығында, өнеркәсіпте, қара қызметте болса, орыстар өнеркәсіпте, ғылыми-техникалық, инженерлік қызмет атқарды. А.Айталының пікірінше: «Қазақтардың өнеркәсіптен алшақ болуы, кеңсе жұмысы, мал шаруашылығымен айналысуы ұлттың психологиясына әсер етіп, тіпті қазақтар табиғатынан ғылыми-техникалық мамандықтарға бейім емес деген пікір қалыптасты. Сонымен бірге, өндірістегі ұлттық алалық қазақтардың қоныстануына, денсаулығына, материалдық және рухани игіліктерге қол жеткізуіне, түгелдей ұлттық болмысына жағымсыз ықпалын тигізді» [2].

Осындайда, бұл мәселе, Кеңес заманынан бұрын, яғни 1917 жылғы Қазан революциясына дейін қалай болып еді деген ойға жетелейді. Ол кезде, қазақ елі патшалық Ресейдің боданы болғаны белгілі. Сондықтан да, саяси тәуелсіздік пен қатар экономикалық тәуелсіздік те қазақ халқы жағында болмады. Патша үкіметі қазақ жерінің байлығын Ресейдің орталық губернияларында орналасқан қалалардағы өнеркәсіп орындарының шикізат базасы ретінде санады. Қазақ халқы кең далада негізінен мал шаруашылығымен айналасқанымен одан алынған өнімдерді көбінесе таза не жар-

тылай шикізат күйінде пайдаланып, оны өңдеп дайын өнімдер шығаруға өнеркәсіп орындары болмаған соң, ішкі Ресейден, көршілес Орта Азия елдерінен келетін саудагерлерге арзанға беруге мәжбүр болды. Ал, этностық тұрғыдан кемсітушілік, әсіресе қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандыру кезеңінде анық байқалды. Империялық билік нулы-сулы, шұрайлы жерлерден байырғы тұрғындары - қазақтарды тықсырып, шөл және шөлейт жерлерге ығыстыру саясатын жүзеге асырды.

Қазақ ұлты резервацияда тұратын шеттетілген халық секілді болмағанымен, XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басындағы кезеңде кең-байтақ даланың әсіресе орталық және шығыс аймақтарындағы қазба байлықтарын игеріп, кен өндіретін өндіріс ошақтарын ашқан шетел алпауыттарының тапқан табысынан жергілікті халық үлесін ала алмады. Өнеркәсіп өндірісінде істейтін қазақ жұмысшыларының үлес салмағы өте мардымсыз болды. Ал, қазақ байларына ата-баба жеріндегі қазба байлықтарын игеріп, кен орындарын ашып іске қосуына мүмкіншілік берілмеді. Алайда, қазақ жерінің байлықтарын игеруде шетелдік кәсіпкерлер көптеген қиындықтарға кездесті. Өйткені, оларға қазақ жерінің табиғаты, жер жағдайы, климаты ауа-райы ерекшеліктері бейтаныс еді. Оны зерттеп, қанығуға біраз уақыт қажет болатын. Сондықтан, кен іздеушілер еріксіз жергілікті халықтың кеңесіне, көмегіне тәуелді болды. Халық арасында кен барлаушылық қабілеті бар қандастарымыз да аз емес - тін. Қазақ жеріндегі бүгінгі әйгілі көмір кен орны Қарағандыны 1833 жылы жергілікті қойшы Аппак Байжанов тапса, сол жердің иесі Өтепов деген бай көмір шыққан атырапты Никон Ушаков деген орыс кәсіпкеріне 250 сомға сатады [3].

Ал, қазіргі Павлодар облысындағы Екібастұзда қоңыр көмір бар екенін 1876 жылы жергілікті зергер Қосым Пішенбаев ашқан [4]. Ол бүгінде, көмір қоры жөнінен Қазақстанда Қарағандыдан кейін екінші орын алады.

Қазақ жігіттері қандай қазба байлықты тапқаны, оның қасиеті, маңызы, пайдасы қаншалықты екенін сезгенмен, білгенмен оны игеріп, өндірістік түрде игілікке жаратуға қауқарсыз болатын. Оған себеп, бір жағынан қаржының жетіспеушілігі, техникалық құрал – жабдықтың жоқтығы болса, екінші жағынан патша үкіметінің рұқсаты керек еді. Оны алу, яғни куәлік, лицензияға қол жеткізу

қиямет – қайым шаруа болатын. Сондықтан, ондай адамдар еріксіз қолында тұрған байлықты келімсек кәсіпкерлерге арзан бағаға сата салатын.

1841 жылдың 16 желтоқсанында сұлтан Шыңғыс Уәлиханов кен орнын ашып, қазба байлықтарын өңдеумен айналысуға рұқсат сұрап, өтініш жазады. Шыңғыс Омбыдағы әскери училищені бітірген, патша әкімшілігімен жақсы қарым – қатынаста болған, подполковник шенін алған белгілі тұлға. Міне, осындай адамға да патша үкіметі сенімсіздік білдірген, яғни кен қазуға рұқсат бермеген [5].

Осы жағдайдан 15 жыл өткеннен соң, дәлірек айтсақ, 1856 жылдың 6 маусымында Қарқаралы округі Нұрбике – Шаншар болысының басқарушысы (20.01.1842 - 25.01.1854ж.) болған Тәттімбет Қазанғапұлы алтын өңдеу, кен барлау жұмыстарымен айналысу үшін Батыс Сібір генерал – губернаторы Г. Х. Гасфордтың атына өтініш жібереді. Ол өз кезегінде Петербургке қаржы министрінің атына хат жазады. 1856 жылдың 13-тамызында сол кездегі Сібірдің астанасы Омбыға, Батыс Сібір бас басқармасына қаржы министрінің орынбасарынан Тәттімбеттің өтінішіне қарсы еместігін білдірген жауап хат келеді. Бұдан кейін бұл мәселені облыс губернаторы генерал – майор фон Фридрихс қарап, ең аяғында 1857 жылдың 28-ақпанында Алтай кен зауыттарының бастығы Тәттімбет Қазанғаповқа «алтын кәсібімен» айналысуға рұқсат беретін №89 куәлік беруге шешім шығарады [6].

Жалпы, осы жерде өзі асқан күйші – домбырашы, оның үстіне болыс болған Тәттімбеттің алтын өндірісіне неге аңсары ауды деген сұрақ туындауы әбден мүмкін. Белгілі мөлшерде бұл сұрақтың жауабын Қарағандылық танымал өлкетанушы Ю. Г. Поповтың зерттеулерінен байқауға болады. Оның жазуына қарағанда, Тәттімбет Томск губерниясынан шыққан ірі көпес - өндіріс иесі С. И. Поповпен жақсы таныс болған. Сол кезеңде кен өндіруші ағайынды Поповтар аты қазақ даласына кеңінен тараған екен. Әр түрлі кезеңде олардың иелігінде 6 зауыт, 42 мыс рудниктер, 27 көмір ошақтары және зерттелген 42 полиметалл кен орындары болыпты [7].

«... Осылардың ішінде, қазақ даласындағы ең алғашқы металлургия зауыты болып есептелетін Благодатно – Стефановский

зауыты Түндік өзенінің бойындағы Тәттімбет ауылының үстінен салынған. Бұл завод 1844-1861 жылдар аралығында 78,3 мың пұт қорғасын, 394 мың пұт қарамыс, 32 пұт алтын аралас күміс өндірген» [8].

Өлкетанушы Юрий Григорьевич Попов өзінің кітабында Қарағанды облысы Егіндібұлақ ауданында тұратын Түсіпбек Кенжетев, Ықаш Жүкежанов, Мәндер Сәрсенбаевтардан, Тәттімбеттің кезінде Благодатно – Стефановский зауытын салған Поповтарға әр түрлі көмектер көрсеткенін жазып алыпты. Жергілікті тұрғындардың ата – бабаларынан естіген бұл сөздерінің жаны бар секілді. Өйткені, Поповтардың алтын шығарған зауыты да, біраз кен орындары да Тәттімбет билігіндегі болыстық аумағына кірген. Ал, кен қазу, оны тасымалдау ауыр қара жұмыстарды атқару үшін жүздеген жұмысшылар қажет еді. Міне, осы жағынан кен өндірушілерге Тәттімбеттің көмектесуі әбден мүмкін болатын. Сондықтан, Поповтар өздерімен жақсы қарым - қатынаста болған Тәттімбетті кен өндірумен айналысуға үгіттеуі әбден мүмкін екендігін жоққа шығаруға болмайды [9].

Алайда, өзінің ата – бабасының жерінде алғашқы қазақтардың бірі болып патша үкіметінен кен өндіруге рұқсат алған Тәттімбет, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе алмаған секілді. Өйткені, атақты күйші – композитор әрі билік тұтқасының бірін ұстап болыс болған тұлғаның зауыт салып, түсті металдар өндірумен айналысқаны туралы деректер осы мәселемен айналысқан ғалымдарға кездеспеді. Сонымен бірге, көнекөз қариялардан жеткен дәйектемелер жоқ. Бұндай жағдайға байланысты айтарымыз, яғни оған себеп болған империялық патшалық биліктің саясаты. Жоғарыда атап кеткеніміздей, Ресейлік патшалық үкіметтің саясаты – жергілікті тұрғындардың өндіріспен айналысып, алтын және тағы басқадай бағалы металдар алумен шұғылдандуын қолдамады. Сондықтан да, топты жарып жаңа іске, жаңалыққа ұмтылған Тәттімбет сияқты бірлі – жарым адамдарға қаржылай демеушілік, арнайы техникалық құрал – жабдықтар және технологиялық тұрғыдан көмек, ақыл – кеңес берілмеді. Ал, бұларсыз өндіріспен айналысу ол заманда инемен құдық қазғандай қиын шаруа еді.

Сөйткен патша үкіметі орыс кәсіпкерлерін жан – жақты қолдап, өндіріске өте қажет бағалы және түсті металдарды Ресейдің шет

аймақтарынан іздеп, барлау, өндіруге қолайлы жағдай тудырды. Сол үшін 1812 жылы орыс азаматтарына пайдалы қазбалары бар кен орындарын іздеп әрі өндіруге рұқсат ететін арнайы қаулы қабылдады [10].

Ресей үкіметі Наполеон бастаған Француз армиясымен болған соғыстан кейінгі таусылған экономикалық ресурстарын тез арада толықтыру мақсатымен жан - жаққа экспедициялар жасақтады. Соның ішінде, қазақ даласының байлықтарына деген қызығушылық бұрыннан бар болатын. Биліктің ондай үміті ақталды да. Қазақ жеріндегі алғаш ашылған кен орындарын маңызды оқиға ретінде атау үшін Александр I патшаның қаулысымен ескерткіш медаль құйылды. Онда таудың тасасынан шығып келе жатқан күннің шапағы, триумфалдық бағаналар, алтын тиындар бейнеленген. Адамдар шығып келе жатқан күн нұрына қарап тұр. Суреттің айналасына, яғни медальдің жиегіне «Европа венчает Россию славой. Азия отверзает ей сокровища» деп, ал астына «Благославенный рудник в Киргизской (қазақ - Ө. С.) степи открыт в 1814 году», деген жазу жазылыпты [11].

XIX ғасырдың ортасында қазақ жеріндегі кен орындарының саны 85-ке жетіпті. Алайда, ол кезде кен өндірумен тек Царица – Мариинский (Бесшоқы), Михайловский (Күзеуадыр), Вознесенский (Қалмақтас) және Берікқара баурайындағы Самбет, Лазарев, Семенов – Вознесенский кен орындары ғана айналысыпты [12].

1895 жылы Қазақстанда ашылған кен орындарының саны 491-ге жетті. Оның ішінде, тек Қарқаралы округінде ашылғаны 311 болса, қалғандары Павлодар, Ақмола, Атбасар, Көкшетау және Семей өңірлеріндегі жерлер табылды. Олардың 190-ы Поповтар әулетінің қолында болса, ал 28-і Н. А. Ушаков, А. Т. Рязанов, Т. Т. Зотов, Н. И. Севастьянов секілді кәсіпкер, көпестердің иелігінде болды. Қалған 273 кен орындары Деров, Перфильев, фон Рибен, Бродский, Максимов, Кузнецов, Маляхинский, Карла – Кан, Железнов, Сурин, Вахтов, Бурдаков және т. б. кәсіпкерлердің билігінде болыпты.

Көптеген уақыт олар Қарқаралы және Баянауыл ішкі округтерінің билеуші қазақтарымен және беделді ақсақалдарымен жақсы қарым- қатынаста болған, яғни олардан алтын, күміс сонымен бірге қорғасын және мыс рудаларын өндіруге рұқсат алып отырған. Ал, қабілеті күшті, кен барлаушылық қасиеттері бар жер-



гілікті қазақтар (Жимаев, Зарипов, Арғынбаев, Пішенбаев және т. б.) аздаған төлемге оларға қызмет көрсеткен: бұрынғы кен орындарын көрсеткен, әр түсті бағалы тастарды жинаған [13].

Осы кен орындарының негізінде 22 шағын зауыт жұмыс істепті. Олардың қатарында Түндік өзенінің бойындағы Благодатно – Стефановский (1844-1861 жылдары аралығында жұмыс істеген - Ә. С.), Александровский (1851-1872 ж.ж.) Қанды – Қарасу жағасында, Николаевский – Богославский (1859-1877) Берікқара тауында, Иоанно – Предтеченский (1859-1880 ж.ж.) Қызылтау тауында, Степановский (1888-1917 ж.ж.) Балқашқа таяу Қызылеспе тауында, Козьмо – Демьянский (1888-1913 ж.ж.) Қарқаралыға та таяу Жалғыз – Қарағай жерінде және т. б. бар [15].

Осы зауыт қожайындарына жұмысшы күші мен көлік құралдары өте арзанға түсті. Өйткені, жергілікті кедей қазақтар оларға түкке тұрмайтын тиын – тебен үшін жалданып жұмыс істеді әрі олар ең ауыр, қолмен орындалатын еңбекті атқарды. Олардың ауыр тұрмысы, аянышты халі Ә. Бөкейхановтың еңбектерінен де көрініс тапты. Әлихан жас жігіт кезінде «Дала уалаяты» газетінде (1899) жазған «Ахмет» атты әңгімесінде кен қазатын приискіде еңбек еткен қазақтардың ауыр жұмыс жағдайы туралы былай деп жазыпты: «Шалбар - дамбалдан басқа киімі жоқ, көбі жалаңаш, күнге күйген, қолдарында қайла, лом, күрек. Дамыл көрмей тас аударып жатыр... Әуелі бізге орысша боқтасқан дауыс шықты. Боқтап тұрған надсмотрщик (жұмысшылардың үстінен қарайтын) екен.

... Заводта жұмыс қиын. Күнінде 16 сағат жұмысты қылатын. Ыстық, суық, қар, дауыл, жанбыр демей ашық далада, сазда тұрып ауыр тастарды аударып, сондай қатты жұмысты қылғанда күніне 20 тиын ақысы. Азғантай нан, қай уақытта ет беретін.

Мұнда жұмыс қатты, ұрады, алдайды» [15].

Әлихан Батыс – Сібір жағрафиялық қоғамының мәжілістерінде де қазақ ұлтына байланысты мемлекет тарапынан болып жатқан қысымшылық, келіспеушілік әрекеттерді қалт жібермеді. Мысалы қоғамның 1903 жылдың 27 қарашасында өткен мәжілісінде В. В. Фон – Рибен қазақ даласындағы тау –кен өнеркәсібі жөніндегі баяндамасын талқылағанда, Ә. Бөкейханов сөз сөйлеп, тау – кен өнеркәсібімен айналысатын кәсіпкерлердің жергілікті тұрғындармен отырған келісім – шарттарының мәтініне сілтеме

жасай отырып, кен өндірушілердің пайдалы қазбаларды қалай болса солай, жыртқыштар секілді талан – таражға салып жатқан еңбек әдістерін қатты сынға алады. Әлиханды қолдап сөйлеген В. Ф. Королев, мемлекеттік мүліктер басқармасының басқа құрылым, яғни Ішкі істер министрлігінің жұмысына араласуда сауатсыздық танытып отырғанын айтады [16].

Ә. Бөкейханов әсіресе патша үкіметінің орыс шаруаларын қазақ даласына қоныстандыру саясатындағы келеңсіздіктерге, қазақтарды шұрайлы жерінен ығыстыру саясатына наразылық білдіріп, оның қаншалықты келеңсіздік әкелгенін бұлтартпас дәлелдермен көрсетіп, мақалалар жазды. 1913 жылы Орынборда «Қазақ» газеті баспадан шыға бастағаннан - ақ Әлихан алғашқы жылғы сандарында «Төртінші Дума һәм қазақ», «Көшпелі һәм отырықшы норма», «Дума һәм қазақ», «Жауап хат», «Жер жалдау жайынан» деген мақалалар жазып, қазақ даласына Ресейдің Еуропалық бөлігінен дендеп еніп жатқан қоныстандыру қозғалысын ретке келтіруге үндейді.

Әлихан «Көшпелі һәм отырықшы норма» деген мақаласында империялық Ресей үкіметінің қазақ даласындағы «артық жерлерді» алып, орыс губернияларынан көшіп келген келімсектерді орналастырудағы басты мақсаты не болғанын ашып көрсетеді. Ондай пікірді айтып отырған да патша шенеуніктері, нақтылап айтсақ переселен управлениясының бастығы Глинканың 1913 жылғы 11 маусымда депутаттар алдында Думада сөйлеген сөзі екендігін мысал ретінде келтіреді. Глинка ашықтан ашық ешқандай қымсынбай былай дейді: «Қазаққа істеп отырған жолсыздық емес ебіміз, әдісіміз бар: қазаққа тиісті жер беріп орналастыру турасында думаға закон жобасын кіргізбей отырмыз. Кіргізбей отырғанымыздың мәнісі мынау: Көшпелі қалпында жер беріп орналастырсақ қазаққа көп жер тиеді; артылатын жер аз болмақшы. Оны дума арқылы законмен бекітіп қазаққа берген соң ала алмаймыз. Қазақ жері қазақтан көп артылып қалу үшін, яғни переселендерге қазақтан жерді көбірек алу үшін біз әдіс істеп отырмыз. Әдіс қылу жолсыздық емес, ептілік. Біз министр советінен ептілік етуге рұқсат алып, қазақты ебімізге түсіруге қайырмалап едік, топ тобымен топырлап түсіп жатыр. Ол істеген ебіміз мынау еді. Қазаққа отырықшы болып жер алуға ырза болсаңдар, сендер-

ге де мұжықпен қатар 15 десятинадан еркек басына жер береміз деді. Айтуымыз – ақ мұң екен қазақтар отырықшы нормамен жер бер деп жабыла сұрап жатыр. Өткен жылда отырықшы нормамен қазақтарға 700 мың десятина жер бердік...» [17].

Міне, Әлихан қоныстандыру басқармасы бастығының құпия хаты не досына жасырын айтқан сөзін емес, мемлекеттік думада бүкіл депутаттардың алдында ашық айтқан сөзін тайға таңба басқандай етіп көрсеткен. «Қазақ» газеті арқылы оқырмандарға жеткізуге тырысқан, түсінсе деген мақсат ұстанған. Мақаласының соңында: «Қазақтан отырықшы нормамен жер алушы неғұрлым көбірек болса, соғұрлым жер көбірек артылмақшы һәм переселендерге көбірек артылмақшы. Отырықшы норманы қазаққа не үшін шығарғандығын, отырықшы нормамен қазақтар жер алғанын переселен чиновниктері не үшін қуаттайтындығын, қазақтарға түсіну енді қиын болмас шығар. «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас» деп көрсетеді. Тісі шыққан адамдарға айтылып отырған сөз ғой», - деп жазыпты [18]. Сөйтіп, Әлихан қазаққа патша үкіметінің экономикада жүргізген ұлттық саясатының мән – мағынасын ашып, яғни жергілікті тұрғындардың мүддесін аяққа таптаушылық, құнарлы жерлерін ептілікпен алудың қандай айла – тәсілдерін қолданып отырғанын түсіндіріп берген.

Ресей жағрафиялық қоғамның қызметіне араласу барысында Әлихан өзінің дарынды зерттеушілік қабілеттерімен көзге түсті. Патша үкіметінің аграрлық саладағы және қоныстандыруға байланысты жүргізген саясатын жіті қадағалап, оның жағдайын және нәтижелерін бақылап отырды. Мәселен, 1907 жылдың жазында өз еркімен Тобыл губерниясының Тара үйезіндегі қоныстанушылар орналасқан 27 поселкаларды аралап, статистикалық зерттеулер жүргізді. Осы жерде қоныстанған тұрғындардың құрылымы, материалдық жағдайы, және шаруашылық құрылысына толықтай сипаттама беріп, ондағы келенсіздік, шешілмеген мәселелерді де қамтып, арнайы мақала жазды [19].

Ә. Бөкейхановты ұлт патриоты ретінде әсіресе толғандырған мәселе – ХХ ғасырдың басында аса қарқын алған орыс шаруаларының қазақ даласына шегірткедей қаптап қоныстануға бет алысы еді. Әлихан патша үкіметінің Ресейдің орталық губернияларында және тағы басқа Еуропалық аймақтарында жерге орналастыруға байла-

нысты қалыптасқан күрмеулі мәселелерді қазақ даласына көшіру барысында шешпекші болған саясатын жақсы түсінді. Өйткені, XIX ғасырдыңсоңғыонжылдығындатөртжылбойыРесейимпериясының астанасы Санкт – Петербургтегі жоғары оқу орнында білім алды. Сол кездегі орыстың бас қаласында жолдары тоғысып, саясаттың қара қазанда қайнап жатқан әр түрлі партиялар мен қозғалыстардың көздеген идея, мақсаттары, революциялық пиғылдың белең алуы, патша үкіметінің жүргізіп отырған саясаты және т. б. мәселелердің қалай бет алғанын ол көзімен көріп, ортасында болды. Ал, 1894 жылы елге оралып, қызметке тұрғанда, қоныстандыруға байланысты іс – шаралардың басы – қасында жүрді. Оған дәлел - Әлиханның Щербина, Швецовтар басқарған экспедицияларға қатысып, Омбыдағы қоныстандыру басқармасының қызметкері болып жұмыс істеуі демекпіз.

Сондықтан да болар, қоныстандыру саясатының қазақ халқының болашақ тағдырына, саяси және экономикалық тәуелсіздігіне қандай қауіп төндіргенін Әлихан жақсы түсінді. Оған қарсы тұрудың бір жолы ретінде қолға қалам алып, патша үкіметінің саясатын барынша жіліктеп, барша халыққа жеткізу екенін Әлекең уақытында сезіне де білді. Осы мақсатты өзінің кредосына айналдырған ол қоныстандырудың қазақ халқына қандай қиыншылық әкелетінін, оның қалай жүріп жатқанын айтып, баспасөз арқылы жазған мақалаларымен жеткізуден жалықпады. Бұл мәселе, оның қайраткерлік, шығармашылық жолындағы өзекті тақырыпқа айналды. Осы жолда Әлихан ешнәрседен тайынбады да, қорықпады. Оған дәлел оның орыс газеттерінде жарияланған мақалалары. 1908-1910 жылдар аралығында Ә. Бөкейханов Санкт – Петербургтен шығатын «Сибирские вопросы» журналында төмендегідей мақалалар жариялады: «Киргизы на совещании Степного генерал губернатора», «Переселенческие наделы в Акмолинской области», «Бюрократическая утопия», «Киргиз канцелярского переселения», «Русские поселения в глубине Степного края», «Ничьи деньги», «Долой с дороги: идет овцевод!», «Переселенцы в Тарских урманах», «Ненужное генерал - губернаторство».

Жоғарыдағы мақалаларында Ә. Бөкейханов сол кезеңдегі қоғамда қалыптасқан күрделі әлеуметтік мәселелерді қарапайым әрі түсінікті және әрбір адамның жүрегіне жол тартатындай

әсерлі сөзбен айта білген. Ол оқырманның назарына өз халқының әлеуметтік мәселелерінің шиеленісіп, қазақтардың қалыптасқан өмір сүру дағдысының негізі шайқала бастағанын сөз етеді. Онысы орыс билігіне жету үшін, Ресейлік саяси және әлеуметтік – экономикалық ортада пікір қалыптасу үшін, мақалаларды әдейі орыс тілінде жазады. Ондағы тағы бір мақсаты, өз пікірін түсінушілер мен қолдаушылар көбейсе деген ниеті болған деп жорамалдаймыз.

Жоғарыда келтірген сүбелі мақалалар тізбегі Далалық өлкенің генерал – губернаторы болған Иван Надаровтың жергілікті тұрғындар өкілдерімен өткізген жиналысқа байланысты жазылған «Киргизы на совещании Степного генерал - губернатора» деген еңбегімен басталады. Онда, 1905-1907 жылдардағы революция кезіндегі қоғамдық – саяси қатынастардың тұрақсыздануына орай, жергілікті жерлерде земство енгізу жөніндегі сұрақты талқылау жәйі сөз болады. Әлихан алдымен бұл мәжілістің қандай оймен өткізілу сырын ашады. Оның ойынша, бұл іс басынан – ақ қазақтардың билікке деген өкпе – назын, наразылығын басқа жаққа бұрып, генерал – губернатор өлкені мекендеген жергілікті тұрғындардың қажеттіліктері, талап – тілектерін ескеруші тұлға дейтін пікір қалыптастыру үшін ұйымдастырылған мәжіліс деп жазады [20].

Ә. Бөкейханов сол кездегі шешілмеген көптеген мәселелердің түйіні жер иелену және жерге орналастыруға келіп тірелетінін айтып, соны дұрыс шешудің жауабын іздейді. Осы мәселеге байланысты көптеген қосымша статистикалық материалдарды негізге ала отырып, губернатор Надаров және оның қарамағындағы істейтін шенеуніктердің осы келеңсіздіктерді әділ және тең шешуге дайынбыз деген пиғылдарынан нәтиже шығарына сенбейді. Ол нақтылы мысалдармен қазыналық жер өлшеушілердің ойына келгенін істеп, мал шаруашылығына қолайлы қысқы жайылымдар, шабындықтар, егістіктер мен жақсы су көздерін жаңа қоныстанушыларға кесіп беріп, қазақтарды тастақ, құм, сортаң, батпақ, сусыз шөл далаға шеттетіп тастағанын жазады. Әлихан қазақтардан, су көздерін алып қоюдың астарында олардан кіріс түсіреміз деген ниет жатқанына сенімді екенін білдіреді. Сөйтіп, қоныстандыруды ұйымдастыру түрінің өзі жергілікті халықтың онсызда шектеулі қорларын шамадан тыс қанауға бағытталған деген қорытындыға келеміз.

*Пайдаланган әдебиеттер тізімі:*

1. А. Айталы. Ұлт саясаты: басымдықтар мен мақсаттар. Ұлт саясатының мәні. - Егемен Қазақстан, №3, 2008. 4 б.
2. Бұл да сонда, 4 б.
3. Қазақ совет энциклопедиясы, т. 6, Алматы. 1975. 468-469 б.
4. Бұл да сонда, том 4, 110 б.
5. Ю. Г. Попов. Свидание с Сары – аркой. Алматы. Казахстан, 1980. с. 45
6. Бұл да сонда, 45 б.
7. Бұл да сонда 46 б.
8. В.А.Пазухин. Металлургия в Киргизской степи. М-Л., 1926.с.16.
9. Бұл да сонда, Ю. Г. Попов, 48 б.
10. Полное собрание законов Российской империи за 1819 г. XXXII, № 25119.
11. Известия о рудниках в Киргизской степи. – Вестник Европы, 1816. ч. 87, кн. 11, с. 327-328.
12. Бекмухаметов Е. Б. Цветная металлургия и горное дело дореволюционного Казахстана. Алматы. 1964. с. 29-30.
13. А. Азиев. Сокровища Сарыарки. Алматы. Казахстан, 1986. 13-с.
14. Бұл да сонда, Бекмухаметов Е. Б., 21 б; Дильмухамедов Е. Из истории горной промышленности Казахстана. Алматы. 1976. с. 8-108.
15. «Дала уалаятының газеті». Алмата: Ғылым, 1992. 89-94 б.
16. Отчеты о деятельности Западно –Сибирского отдела РГО за 1903. г. Омск, 1905. с. 12-13.
17. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә. Нысанбаев. Алматы. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. 44-45 б.
18. Бұл да сонда, 45 б.
19. А. Букейханов. Переселенцы в Тарских урманах / Из записной книжки статистика / Сибирские вопросы. № 11, 1908. 23 марта, с. 1-9; № 12, 1908. 31 марта, с. 7-12.
20. Ә. Бөкейхан. Киргизы на совещании Степного генерал – губернатора. Тандамалы (избранное) / Гл. ред. Р. Нургалиев. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. с. 249.



**Совет Аяулым Әділетқызы**  
Е.А.Бөкетов атындағы  
Қарағанды мемлекеттік  
университетінің 3 курс студенті

### **ҚЫР БАЛАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ҚАҢҒЫП ҚАЛМАСҚА ҚЫЛҒАН ҚЫРУАР ҚЫЗМЕТІ**

«Жаз болса қыдыртып қымыз ішкен, көрші ауылдың түтінін түзеткен біздің қазақ жігіті. Бізге бұл жұрт тіршілігі мысал бола ма? 15 те отырып тамақ асырайтын болсаң, 15 –тен жер ал! 15 –ке мал бақпақ болсаң, адасқаның, қаңғырғаның». Қыр баласының қазақ баласына ашыған жаны әр жазбасынан анық көрініп тұратын.

Қыр баласының қазаққа қылған қыруар қызметі «Қазақ» газетінде тереңінен танылды. Ұлт өзегі жойылмас үшін барын салып бақты Алаштықтар. Берік бағдарламаның жолында ұстанған сындарлы саясат пен қыруар қызметтің нәтижесі қазақты көзі ашық, көкірегі ояу ел дәрежесіне жеткізді. Жазықсыз жаланың құрбаны атанып, жандары үзілсе де жүректері «Алаш» деп соқты.

Исі қазақтың маңдайына біткен Алашшыл ұлдардың бірі және бірегейі- Әлихан Бөкейханов болатын. Бүтіндей бір ұлттың тарихи сахнадан жоғалып, босып кетпесі үшін, тұңғыш реформатордың «Жер мәселесі» төңірегінде экономикалы-индустриялды мақсаттағы статистикаға құрылған еңбектері мол. Алаш ақтаңгерінің сол шақтағы салиқалы көзқарастары қазіргі таңға дейін маңызын жоймаған. Қазақ өлкесін жан-жақты зерттей келе, Шербина экспедициясы құрамында қызмет қылған «ормантанушы-ғалым, статистик, эмбе этнограф» еді. Ел экономикасын ауыл-шаруашылық тұрғысынан дамытуда жер бағалаушы да бола білді. Экономикада шебер, статистикалық сандық мәліметті сөзбен ойната білген ғалым «Қазақ газетінің» бетінде

жарияланған мақалаларында «земство» мәселелерін ескере отырып, жергілікті басқару жүйесін енгізуді дұрыс көрген.

Жалпы, Алаш қозғалысының тууына бірден-бір себеп -қазақ экономикасына Ресейшілдердің көз алартуы ғана емес, Еуропа елдерінің қазақ жеріне деген ашкөзділігінен де туған еді. Қазаққа өз арасындағы байшонжардың қысымы аз болғандай, енді отаршылдардың озбырлығы, солақай саясаттың салдары әсер етпей қоймады. Жерін тартып алып, казачествоны (орыс-казак әскері) орналастыру, қоныстандыру жұмыстары ашық жүргізілді. Жер экономикасы тұралап, сол жылдары Ресейшілдер қазақтардың 45 млн десятина жеріне емін-еркін иелік етті. К.Нұрпейісов деректерінде, орыс ұлтынан қоныстанушылардың саны есеппен- 23,1% құраған көрінеді. Хрущевтің тың көтеру бастамасымен 25 миллион гектар жер басқаға кетті. 70 миллион гектар құнарлы жерден, көп бөлігін шөл және шөлейт аймақтар құраған аймақтарға қазақ шаруалары күшпен ығыстырылды. «Топырағы сор, қызғылт, құмдау біздің қазақтың жерінің көбіндей жерде жүрген мұжық жерлерін жаман-жақсысына қарай 6-ға, 8-ге, 10-ға бөліп осы бөліктердің 2,3,4, -і ғана егін астында болады. Біздің қазақ жақсы жерін 6 бөліп, 4-іне егін салып, 2-сіне пішен шауып, мал бақса онысын көтерер жылда басқа көзге төпелеп, жаңа келген хохолша жыртса қазақ қаңғып қалар» деген қыр баласы. Қазақстанның оңтүстік аймақтары егін шаруашылығына бейім. Жыл сайын астықты өндіріп, молынан алатыны егін егуді жақсы игерген дикандардың еңбегі.«Темірқазықта -Жайық хәм Тобыл, Күншығыста- Ертіс, Оңтүстікте -Түркістан таулары, ең биігі -Хантәңірі, Күнбатыста -Амудария, 9 облыс, 1 губернияда 260 миллион десятина шамасында жер, бұдан 10-20 жыл бұрын қазақ пайдасында еді. 1908 жылға дейін мұжыққа қазақтан алып берген жер 4 миллион десятина артық болатын. 1913 жылғы есепте, 1910-1912 жылдары қазақтан мұжыққа алынған жер – 6 миллион десятинадан артық» болған. Жалпы, Еуропалықтардың өмірінен мысал келтіргенде, жер көлемі жағынан Германия-120, Италия-121, Англия-109, Голландия-185, Белгия -254, Россия-25. Осындай тар жерде отырып бұл жұрттардың күн көргенін Әлекең адамның небір көрсеткен шеберлігіне теңейді. Мәдениеті неғұрлым жоғары дамыған жұрттарда қала саны көбейеді. Мал өсіруде жер жайлы болса, мал өсімді болады. Мұндай шаруа жақсы жылы бала да көп туылады. Елдің демократиялық өсімі ұлғайып, қазақ саны артады. Тарихта демографиялық өсім мөлшері Тәуелсіздік жылдарында жоғары болған.



«Алаш» партиясын құрған Алаштықтардың реформасы ұлттың болашағы үшін жасалған жоба еді. «Жер мәселесі» бағдарламасы бүгінде маңызын жоймай, өміршеңдігін көрсетуде.

*-Сыбаға өлшеу – норма, жердің топырағы мен шаруашылық түріне қарай жасалуы.* Сыбағадан артылған жер земство қолында болуы. Артық тұрған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбаға кесіліп берілуі. Сол сияқты реформатордың есебінше, 1896 жылдары бір шаңыраққа 18-24 аралығында ірі-қара ұстауы қажет екенін, 5-8 десятина жер қажет. Бір ауылға 192 десятина жер қажеттігін ашық айтты. Бір дәлелі, болашақта жақсы ғұмыр кешудің айрықша үлгісін құрған. Алаш Реформаторы болашаққа өсімнің анық деңгейін ұсынған. Елімізде 2011 жылы Қазақстанда жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 11 300 АҚШ долларын құраған.

*-Жердің кені, астығы, байлығы қазынанікі болып, биігі земство қолында болу. Аса зор ағаш, зор өзендер мемлекеттікі болып, аз ағаш хәм кол байлықтары земство мүлкіне салыну.* Қазірде игерілген алқапты қоспағанда жердің көп пайызы қазынада сақталады. Экономиканың негізгі бағыты отын-энергетика саласындағы шикізат өндіру, ауылшаруашылығы (егіншілік). Экспорттың 75% – минералды ресурстар, ең үлкен бөлігі мұнай, газ, көмір, уран сияқты пайдалы қазбаларға тиесілі. Қалған 13% - металлдар және 3,4% - ауылшаруашылық өнімдері құрайды. Мұның негізгісі бидай өнімі болып отыр.

*-Салық салғанда мал-ауқат, табысқа қарай байға-байша, кедейге-кедейше гаділ жолмен таратылса.* Қазірде елімізде меншік салығында: кейде бұл салықтар кедей отбасылары үшін ауыр болады, ал жалпы алғанда бай, табысы жоғары топтардан түсетін салықтың мөлшеріне шаққанда жағдайы төмен отбасылардан алынатын салық әлде қайда төмен болады» делінген. Сол шақтағы Алаштықтардың реформасындағы идеяның сарқыншақтары қазірге дейін сақталған. Өндіріс ошақтары кен-желеп, мал шаруашылығын өсіретін адамдар 12-14 сағат қызмет қылды сол шақта. Жұмыскердің ахуалының нашарлығын ескерсек, өндірістің дамуына жол ашар деу екіталай еді. Отарлық саясаттың басты нысанасы - Қазақстанды Азияға шығатын тікелей қақпа мен кілт етіп, тауар мен пайданың орталығына айналдырды. XX ғасырдағы Ресейдің капиталистік кезеңге аяқ басып, ондағы индустриалды ошақтың көбеюі Қазақстанға жаңаша өзгерістер

әкелген еді. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске дейін, Семей өңіріне қарасты қазақ шаруаларының меншігіндегі егіндік көлемі 57600 десятинаға тең болса, 1916 жылы 111 мың десятина, 1917 жылы 119 мың 858 десятинаға жеткен. Мұның өзі егінді өндіріске салып, пайда қылудың жаңаша жолы еді. «Малым – жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы» деген қазақ нақылы. 1905-1907 жылдары қазақ өзінің шұрайлы жерлерінен айырылды. 1913 жылы қазаққа берілген жердің мөлшері 400 мың десятина. Осы орайда А.Байтұрсыновтың Айқаптағы «Қазақ жерінің қазыналық болғанына өкіну бекер. Қазыналық етемін десе көну қажет. Қазақтың жерге ие болып отырғаны қазынанікі болғандықтан» деген ұтымды пікір айтқан. Мұның баршасына «Қазақ һәм жер мәселесі», «Земство», «Қазақ ерін алу турасындағы низам» мақалалары куә. Ұлт берекесін сақтауда жердің көп бөлігін қазынада сақтау тиімді. Бұл орайда, экономиканы терең зертеген журналист К.Смайловтың 2003 жылғы жазбаларында «Шабындықпен жайылым көлемі 162 миллион болса, миллиард халқы бар Қытайда 234 миллион гектар екен. Егіс көлемі жағынан Қазақстан – Үндістан, Ресей, АҚШ, Қытай, Канададан соң алтыншы орында. Құнарлы жер 50 млн га, бір жылда 250 млн га астық алса, сонда жиналған астық бір миллиард қазақстандықты асырайды» деп зерделеген.

Қазақ газетіндегі жазбаларда «Профессор Верпер: «Шұрайлы түйе, жабағылы қойдың жері» деген баға берді қазақ даласына. Тыңайған жерлерді игеру жұмыстары жүргенде, жердің көбі сор болып қалғанымен, қазақ даласында тұнып тұрған жер көп болатын. Қазіргі мәлімет бойынша, 272 млн гектар жерінің орманды дала және дала зоналарында 24% ауыл шаруашылығына қолайлы, 70% шөлейт және шөлді жерлер екені белгілі. Софы Сматаевтың “Елімай” романында «Астраханың — Хажытархан, Саратов — Сарытау, Челябинск — Селебе, Курган — Қорған, Тюмень — Төмен, Барнаул — Баранауыл, Усть-куть — Үстіқұт, Ачинск — Ащылы, Байкал — Байкөл, Енисей — Енесай, Ангара — Аңғар емес пе еді?!» делінген. Деректерге сүйенсек, жеріміздің әлдеқайда көп бөлігі жаттың қолында кеткен. Ә. Бөкейханов пен А.Байтұрсыновтың тікелей қатысуымен Әлімхан Ермековтің жасаған баяндамасында жаңадан құрылатын қазақ автономиясының территориясына Астрахань, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Сырдария, Закаспий, Самарқанд, Ферғана облыстары және Алтай аймағы да кіруі тиіс

деген. Аталған аумақтың жалпы территориялық көлемі 3 миллион 467 мың 922 шаршы шақырым. Осы жердің 81 пайыз аумағында 5 жарым миллион қазақ өмір сүрген. Т.Жұртбайдың айтуынша, ол - жалпы халықтың 54 пайызы еді дейді

Ә.Бөкейханов жазбаларындағы жер жұмысы деп «Новая время» газетінің 643 номерінде жазылады: «Біздің миссионерлердің шоқындыратындары қазақтың сорлылары, жарлылары, өз жұртының ішінде теңдікке қолы жетпей, жарық сәуле көрмегендер, жаңа дінге кіріп, жаңа қарындас тауып жақсылыққа қолымыз жетер ме деп дәмелі болатындар». Сол қоғамда айтылған пікірлер бүгінде қайталануда. Мұны ұлт зиялылары әріден сезген. Бір діннің жетегіне біраз қазақ енсе, ел қазынасына да қол салынады, экономика тегіс құлдырайды. Қазақ елі ұлттық экономикасының табиғи даму мүмкіндіктерін әлі толық игеру үшін ауыл шаруашылығы, егістік мәселелеріне терең көңіл бөлуі тиіс. Сонда, еліміздегі жері шұрайлы аудан орталықтарын, сол төңіректегі елді-мекен тұрғындарының ғылыми-технократтық мұқтаждықтарын өтеу үшін өндірген ауыл шаруашылық өнімдерін кешенді түрде ұқсатып, бірден экспортқа шығара алатындай мүмкіндіктер туар еді.

2012 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 27%-ға ұлғайды және 2 трлн теңгеден асып түсті. Фермерлікті, ауылдардағы шағын және орта бизнесті, ауыл шаруашылығын, Қазақстанның азық-түлік өнімдерін негізгі экспорттық өнімдер ретінде сыртқа шығаратындай деңгейге жеткізу басты назарда ұсталды. Бүкіләлемдік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілігінің бағамы бойынша, «Аграрлық саясаттың ауыртпалығы» көрсеткіші жөнінен 2011 жылы Қазақстан 13 пунктке көтеріліп, 49-шы орын алуға мүмкіншілік бар» -деген еді мемлекет басшысы Н.Назарбаев.

Жерді жат елге бұйымтайлап әуреленбесек, шіркін! Ұлттың қамы үшін жазықсыз жаланың құрбаны болған арыстарымыз тәуелсіздіктен соң, қазіргі таңда біз табан тіреп тік тұрған жер үшін күресіп бақты емес пе. Тарихи сахнадан жойылудың аз-ақ алдында тұрған ұлт - қазірде іргесі нығайып, тәуелсіз елге айналды. Миллиард доллар ұсынар шетелдік инвесторлардың қаражатына қызығып, халықты ұлттық байлығынан айырмайық! Сайып келгенде, АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫНА ақ ниетпен жеткеніміз Алаштықтардың арқасы еді...

**БАЙҚАУДЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ  
МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН  
МАРАПАТТАУ РӘСІМІ:**



Қыдыралина Жанна Үркімбайқызы



Қайымов Мұқағали Джамбайұлы



Шаяхмет Ақылбек Қожаұлы



Кенемолдин Мұратбек



**Әнес Ғарифолла мен Төлеуішов Әбілхан Сейтімұлы**



**Талғатбек Манаш әл-Машанитегі**



Дүкенбаева Зада Оразғалиқызы



Әлімжанова Арайлым Мағашқызы





Базылбеков Маралбек Құрманғалиұлы



Елікбаев Көшкінбай Елікбайұлы



2013 жылғы байқаудан естелік

## ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫ

Байқаудың **басты мақсаты** – Қазақстан қоғамын жаңғыртуда «Алаш» қозғалысының шығармашылық мұрасын және принциптік көзқарастарын тарату.

Байқауға қатысуға Алаш мұрасына қызығушылық танытып, осы тақырыпта ғылыми зерттеулермен және публицистикамен айналысып жүрген *18-35 жас аралығындағы* барлық ізденушілер шақырылады.

Байқау үш кезеңнен, төрт номинация бойынша өткізіледі.

### ***Номинациялар:***

1. «Алаш» қозғалысы идеяларының мемлекет құрылысындағы, демократиялық құндылықтардағы және қазіргі Қазақстан қоғамының еуропалық жолды таңдаудағы сабақтастығы;

2. «Алаш» қозғалысы көшбасшыларының еңбектеріндегі экономикалық көзқарастарының өзектілігі, қоғамды әлеуметтік жаңғыртудың мәселелері және осы идеяларды қазіргі заманғы Қазақстанда дамыту;

3. Алаш қозғалысы тарихындағы белгісіз оқиғалар мен жаңа есімдер;

### ***Арнайы номинация:***

4. Жоғарыда аталған кез келген тақырыптар бойынша орыс тіліндегі және басқа Қазақстан этностарының тілдеріндегі үздік зерттеу немесе жарияланымдар.

### ***Кезеңдер:***

*1 кезең:* жазбаша жұмыстарды (эссе, шығармалар) сырттай іріктеу. Байқау жұмыстары ағымдағы жылдың 1-ші қазанына дейін қабылданады. Ұсынылатын жұмыстардың көлемі 12 беттен аспауы тиіс

Жұмыстарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін, байқаудың арнайы қазылар алқасы екі аптаның ішінде әрбір номинация

бойынша 10 үміткерден іріктеп алады, олар екінші, бетпе-бет кездесетін пікірсайыс кезеңіне қатысуға шақырылады.

*2 кезең:* 1-інші кезең жеңімпаздарының бетпе-бет пікірталастары. 1-ші кезеңнің қорытындылары шығарылғаннан кейін 1 (бір) айдың ішінде өткізіледі. Бетпе-бет кездесетін пікірсайыстар барысында үміткерлер әр номинация бойынша өзінің байқау жұмысын қорғайды, одан кейін сұрақтарға жауап береді, басқа баяндамаларды талқылауға қатысады. Пікірталастар әрбір номинация бойынша бөлек өтеді.

Пікірталастар қорытындылары бойынша әр номинациядан 2 үміткерден финалдық сатыға – байқаудың 3 кезеңіне қатысу үшін іріктеліп алынады.

*3 кезең:* Алаш Орданың («Алаш» үкіметінің) құрылуының жылдығы (**13 желтоқсан**) қарсаңында «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» Жалпыұлттық конференциясы аясында өткізіледі. 2-ші кезеңнің жеңімпаздары баяндамалармен сөйлейді және сұрақтарға жауап береді. Талқылаудың қорытындылары бойынша байқаудың басты марапаттарының иегерлерін арнайы қазылар алқасы анықтайды.

Конкурс материалдары жеке басылыммен жарияланатын болады.

**Байқаудың жүлделік қоры 3 млн. теңгені құрайды.** Жалпыұлттық пікірсайыстардың жеңімпаздары мен лауреаттары үшін **келесі сыйақылар** белгіленеді:

- 1-ші кезеңнің лауреаттары (әр номинация бойынша 10 үздік жазбаша жұмыстар) – **25 мың** теңгеден;
- 2-ші кезеңнің жеңімпаздары үшін (әр номинация бойынша 2 үздік үміткер) – **100 мың** теңгеден;
- 3-ші кезеңнің әр номинация бойынша жеңімпаздары үшін – **250 мың** теңгеден.

*Байқаудың бетпе-бет пікірсайыстар кезеңдерінің (2; 3 кезеңдер) қатысушыларының іссапар шығындарын «Ақ жол» ҚДП төлейді.*

1-ші кезеңге қатысу үшін байқау жұмыстары «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» белгісімен 010000 Астана қаласы, Сарыайшық көшесі, 11-үй, №5 кеңсесіне «Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы Орталық аппаратының мекен-жайына немесе [alash\\_akzhol@mail.ru](mailto:alash_akzhol@mail.ru); [uganym-alah@mail.ru](mailto:uganym-alah@mail.ru) электрондық поштамен жіберілісін.

# ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНЫЙ КОНКУРС

## «XXI-ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» (Светлый путь Алаша в XXI-ом веке).

Главная цель конкурса - популяризация творческого наследия и принципиальных взглядов движения «Алаш» на модернизацию казахстанского общества.

К участию в конкурсе приглашаются соискатели в возрасте от 18 до 35 лет, проявляющие интерес к наследиям Алаша, занимающиеся научными исследованиями и публицистикой по указанной теме.

Конкурс проводится по четырем номинациям в три этапа.

### **Номинации:**

1. Преемственность идей движения «Алаш» в государственном строительстве, демократических ценностях и выборе европейского вектора в развития современного Казахстана;

2. Актуальность экономических воззрений и проблем социальной модернизации общества в работах лидеров движения «Алаш» и развитие этих идей современном Казахстане;

3. Неизвестные события и новые имена в истории движения «Алаш»;

### **Специальная номинация:**

4. За лучшее исследование или публикацию по любой из перечисленных тем на русском языке и языках других этносов Казахстана.

### **Этапы:**

*1 этап:* заочный отбор письменных работ (эссе, сочинений). Конкурсные работы принимаются до 1 октября текущего года. Объем представляемых работ – не более 12 стр.

После окончания срока приема работ, специальное жюри конкурса в течение двух недель отбирает по 10 претендентов в каждой номинации для участия во втором, очном этапе.

**2 этап: очные дебаты победителей 1-го этапа.** Проводится в течение одного месяца после подведения итогов 1-го этапа. В ходе очных дебатов, претенденты по каждой номинации выступают с защитой своей конкурсной работы, отвечают на вопросы, участвуют в обсуждении других докладов. Дебаты проходят раздельно по каждой номинации.

По итогам дебатов по каждой номинации отбираются по 2 претендента для участия в финальной стадии – 3 этапе конкурса.

**3 этап:** Проводится накануне годовщины создания «Алаш Орды» (правительства «Алаш») (13 декабря), в рамках Общенациональной конференции «**XXI-ғасырдағы Алаштың Ақ жолы**». Победители 2 этапа выступают с докладами и отвечают на вопросы. По итогам обсуждения специальным жюри определяются обладатели главных наград конкурса.

Материалы конкурса будут опубликованы отдельным изданием.

**Призовой фонд конкурса составляет 3 млн. тенге.** Для победителей и лауреатов Общенациональной конкурса устанавливаются следующие премии:

- для лауреатов 1 этапа (10 лучших письменных работ по каждой номинации) – по **25 тысяч тенге**;

- для победителей 2 этапа (2 лучших претендента по каждой номинации) – по **100 тысяч тенге**;

- для победителей 3 этапа по каждой номинации – по **250 тысяч тенге**.

*Командировочные расходы участников очных этапов конкурса (2; 3 этапы) оплачиваются ДПК «Ақ жол».*

Конкурсные работы для участия в 1 этапе, с пометкой «XXI-ғасырдағы Алаштың Ақ жолы»/ «Светлый путь Алаша в XXI веке» - направлять по адресу: 010000 г. Астана, ул. Сарыайшык д.11, офис №5, Центральный аппарат Демократической партии Казахстана «Ақ жол» или по электронной почте: [alash\\_akzhol@mail.ru](mailto:alash_akzhol@mail.ru);

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АСТАНА ҚАЛАСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ТӘУЕЛДІК МӘДЕНІЕТ АКАДЕМИЯСЫ

## «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ХІ СЪЕЗІНДЕГІ АЛАШ ТАҚЫРЫБЫ (13 желтоқсан 2013 жыл)



ХІ-ші съездің ашылу сәті



**Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларын  
тапсыру туралы**

**ХАТТАМА**

Астана қаласы

2013 жылғы 16 желтоқсан

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 05 желтоқсандағы № 444 Жарлығы бойынша

Мен, Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының Төрағасы А.Т.Перуашев марапатталғандарға Қазақстан Республикасы Президентінің атынан мемлекеттік наградаларды табыс еттім:

**«Құрмет» ордені**

- |                                |   |  |
|--------------------------------|---|--|
| БАЙДАЛЫ Сәбит<br>Жүнісбекұлы   | - | Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының Хатшысы, Астана қаласы             |
| БАРЛЫБАЕВ Ерлан<br>Хайланұлы   | - | Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы Төрағасының орынбасары, Астана қаласы |
| СМАҒҰЛОВ Асқар<br>Сайлаубекұлы | - | «Ақмола вагон жөндеу зауыты» АҚ қаржы директоры, Астана қаласы                     |

**«Ерен еңбегі үшін» медалі**

- |                              |   |  |
|------------------------------|---|--|
| НҰҒМАНОВ Тимур<br>Ерсайынұлы | - | Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының заң департаментінің директоры, Астана қаласы |
|------------------------------|---|--|

М.О.

---

табыс етушінің қолы



**Байдалы Сәбит Жүнісбекұлы**



**БАРЛЫБАЕВ Ерлан Хайланұлы**



**СМАҒҰЛОВ Асқар Сайлаубекұлы**



**НҰҒМАНОВ Тимур Ерсайынұлы**



Еңбектеріңіз жана берсін.....



**Иса Қазыбек Жарылғасынұлы**  
«Ақ жол» ҚДП төрағасының  
орынбасары

## **ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ЖОЛЫНДАҒЫ ІСТЕРІМІЗДІ АРТТЫРУ ҚАЖЕТ**

*«Қазақ үні» газеті, № 51-52 (609), 28.12. 2013 жыл.*

**Ассалаумағалайкум, ағайын!** Бәріңізді осыдан 96 жыл бұрын Алашорда үкіметінің құрылған күнімен, алдағы Желтоқсан көтерілісі мен Тәуелсіздік мерекесі күндерімен және осындай қазақ үшін маңызы орасан күндерге сәйкес келген бүгінгі «Ақ жол» партиясының ХІ съезінің ашылуымен құттықтаймын!

«Ақ жол» партиясының Мәжілістің қазіргі сессиясына дейінгі жұмыстарын сараласақ, 2012 жылғы 3 қыркүйек - 2013 жылғы 26 маусым аралығында фракция депутаттары қаралатын заң жобаларына 714-тен астам елеулі ұсыныстар мен толықтырулар енгізді. 44 жұмыс тобының құрамына кірді, 42 қорытынды әзірледі. 50 депутаттық сауал жариялады. 69 елдімекенде 570 адамды қабылдады.

Алаштың ізбасарымыз дейтін «Ақ жол» партиясының ұлттық мүдде жолындағы қайрат-қарекеті қандай? Біз нақты жасалған шараларға қысқаша тоқталып өтейік.

«Ақ жол» партиясының Мәжілістегі фракциясы 2012 жылы 7 қарашада Алашорданың 95 жылдығы туралы депутаттық сауал жасады.

2012 жылы 23 қарашада - Астанада Еуразия ұлттық университетінің қолдауымен «XXI ғасырдағы «Алаш» қозғалысы идеяларының өзектілігі» атты конференция ұйымдастырылды. Сонымен бірге Алашорданың 95 жылдығына арналған шаралар партияның еліміздегі барлық филиалдарында аталып өтілді.

2013 жылы 23 қаңтарда билік Алашорданың 95 жылдығына мән бермегесін, енді Алашорданың 100 жылдығын лайықты өткізу туралы Үкіметке депутаттық сауал жасалды.

2013 жылғы 30 мамырда Қабанбай батыр мен Наурызбай батыр к.к. қиылысында Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналып салынбақ ескерткіштің 21 жылдан бері әлі салынбағаны туралы депутаттық сауал жолданды. Фракция Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуда патриоттық акция өткізді. Фракция депутаттары жұмысқа Мемлекеттік тудың түсіндей ленталар тағып шықты. 2013 жылы 19 маусымда Кенесары ханның басын іздестіру туралы депутаттық сауал жолданды. ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗ ҮШІН ХАННЫҢ БАСЫ МӘСЕЛЕСІ - ХАЛЫҚТЫҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕСІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Сонымен бірге, ел тарихында ерекше маңызы зор Сарайшық қаласын сақтап қалу туралы және Мемлекеттік тілдің терминологиялық мәселелері жайлы депутаттық сауалдар жасалғанын білеміз.

Ал, 2012 жылы мамырда «Ақ жол» партиясының барлық қоғамдық күштер қосылып жасаған Мемлекеттік тіл туралы заң жобасын Үкімет өткізбей тастады. Бұл туралы біз кезінде «Қазақ үкіметі Мемлекеттік тілге неге қарсы?» деген үлкен мақала да жазып, ол бірнеше БАҚ-та жарияланған болатын.

2013 жылғы 30 қазанда Семейде «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» байқауының екінші кезеңі басталды. 16 қарашада Алматыда «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» байқауының екінші кезеңінің жалғасы өтті.

2013 жылғы 13 желтоқсанда, яғни бүгін Астанада - «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» байқауының қорытындысы

Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің белгілі ғалымдары бастаған еліміздің бүкіл зиялы қауымының қатысуымен өтті.

Бұған дейін 2013 жылғы 7 желтоқсанда Алаштың 96 жылдығы, Желтоқсан көтерілісі мен Тәуелсіздік мерекесіне арналып, «Ақ жол» партиясының миллиардтан кубогы жарысы болып өтті. Оған барлық қалам мен қоғам қайраткерлері қатысып, халық әртісі Асанәлі Әшімов ағамыз ақ батасын беріп, «Ақ жолдың» алашқа сіңіріп келе жатқан еңбегін жоғары бағалады.

Көріп отырсыздар, ұлт мүддесіне орай істеліп жатқан шаруалар бар, бірақ, бұл бағытты біз бұдан да зор көлемде ұлғайтуымыз керек. Әсіресе, алда Алаштың 100 жылдығы мен Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығы жақындап келе жатыр, біз де қарқын ала түсуге тиіспіз. Ал Алаш ізбасары аталатын партияның Мәжілістегі фракциясының ұлт мүддесіне орай жасалған депутаттық сауалдары санаулы болмай, күрт артуы қажет.

Бүгінгі съезде «Ақ жол» партиясы Президиумы мүшесі, елімізге белгілі саясаттанушы Бөріхан Нұрмұхамедовтың жетекшілігімен жасалған жаңа саяси бағдарлама сауатты да, жауапты жасалғаны көрініп тұр. Әсіресе, ел Тәуелсіздігі жолындағы бүгінгі Кеден одағы келтіріп отырған нұқсандар, элеуметтік әлсіздіктер, мемлекеттік билік пен басқарудағы ретсіздік, Парламент өкілеттігін кеңейту, президенттік-парламенттік басқару мәселесі, өнім өндірушілер мүддесін қорғау, т.б. мәселелер нақты көрсетілген.

Бірақ, тағы да сол ұлттық мүдделеріміздің қамтылуы жағынан кемшіндік бар. Біздің сайлауалды бағдарламамызда ұлттық мәселелер нақты, жеткілікті көрсетілген еді. Енді соны кемітпей, қайта одан әрі дамытуымыз керек. Ал кезінде белгілі қоғам қайраткері Амангелді Айталының жетекшілігімен жасалған партиямыздың Ұлттық тұжырымдамасын қоғам да, саясаттанушылар да қуана қолдаған болатын. Оның үстіне ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы жолдауында ұлттық мәселелерге батыл бет бұру бар. Онда 2025 жылы қазақстандықтардың 95 пайызы мемлекеттік тілді білуі тиіс делінген. 2025 жылы 95 пайызға жетуі керек ел қазір жылына 2 пайызы қазақ тілін үйренгенде, ке-

мінде 75 пайыз болуы керек. Ал жағдай мүлде керісінше. Ендеше, Ел талабы мен Елбасы жолдауы орындалуы үшін Мемлекеттік тілдің деңгейін арттыратын баламасыз бір ғана мәселе - оның үстемдігін орнататын заң қабылдап, Атазаңның 7 бабының орыс тілі туралы 2-ші тармағын алып тастау керектігі Бағдарламада айқын жазылуы тиіс! 2011 жылы осы мәселені талап еткен 138-дің хаты жарияланғанда «Қазақ үні» газетіне 17 мыңнан аса қол қойылған қолдаулар келген болатын. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының азаматтығын қазақ тілін, ҚР Конституциясын және Қазақстан тарихын білуі жөнінен емтихан тапсырғаннан кейін беруді заңнамалық тұрғыдан бекіту керек.

1. Алаштың ізбасарымыз дейміз де, ол үшін не істеу керек екені айтылмай қалған. Оның үстіне «Ақ жол» партиясы төрағасы Азат Тұрлыбекұлының атасы Перуаш Кәрімовтың 1933 жылғы саяси репрессия кезінде АЛАШ ИДЕЯСЫ ҮШІН ҚҰРБАН БОЛҒАНЫ ТУРАЛЫ ҚР ҰҚК Мұрағаттық құжатына қол жеткізіп, еңсеміз бір көтеріліп қалды. Бұл тарихи жаңалық партия жетекшісінің біз «Алаш партиясының ізбасарымыз» деп мәлімдеуінде ұрпақтар бойындағы қанмен келген тарихи жалғастық пен саяси сабақтастық барын байқатады.

Ендеше, біз Алашқа енді айқын да, нақты басымдықтар беріп, басты бағытымыз етіп алуымыз керек деп білемін.

2. Оның үстіне қазір ұлттық мәселеге барлық партиялар ұмтылып, халықты өздеріне тарту тартыстары басталуда. Саяси-әлеуметтік зерттеулер бойынша, жастардың өте үлкен бөлігі ұлттық мәселеге ұмтылуда екенін кешегі бір ғана партия «Нұр Отанның» мүддесі үшін ғана қызмет істейтін, біздің дәлелді де, дәйекті сындарымыздың 80 пайызын қиып тастаған «Қазақстан» ұлттық арнасының «Алаң» хабарында ұлттық құндылықтарға үрке қарап келген «Нұр Отанның» қоғамдық-саяси институты директоры Саясат Нұрбектің өзі мәлімдеді.

Ендеше, алдымен Қазақ ұлтын отарсыздандыру мәселесін мемлекет басты бағыты етуі тиіс. Бұл «Ақ жол» партиясының Ұлттық тұжырымдамасында да айтылған. XX ғасыр Қазақтар үшін қайғылы қасап жасаған қанды репрессиялар ғасыры болды, қазақтар өз отанында азшылыққа айналып, ана тілі, дәстүрлері мен тарихы-



нан айрыла жаздады. Бүгін сол жарақаттың, ұлттық-мемлекеттік теңсіздіктің орнын толтыруымыз, өз мемлекеттілігімізді, мәдениет пен тілімізді, дәстүріміз бен тарихи мұрамызды жаңғыртуымыз тарихи заңдылық. Тәуелсіздік алған елдердің барлығында да ең басты саяси басымдық - отарсыздандыру болатыны белгілі. Сондықтан отарсыздану - мемлекеттік саясат ретінде кеш те болса, қолға алынуы тиіс және бұл тарихи әділеттілік.

«Қолдан жасалған ашаршылық пен зобалаңдар және зұлмат репрессиялар үшін Коммунистік партия жауап беруі тиіс» деп, елімізде ең бірінші болып «Ақ жол» партиясы төрағасы А.Перуашевтың Қызылордада мәлімдеме жасауы да бізге отарсыздану мәселесін алғаш болып көтеруге моральдық құқық береді.

Қазір шетелде алты ай оқып келе салып, елдің бәрін ақымақ санап, сан ғасыр даналарымыз-бабаларымыздың рухани негізі болып келе жатқан ата дініміздің сақалына жабысқан, ел бірлігіне үлкен қауіп тудырып отырған жат бағыттағы діншілдердің келтіріп жатқан кесірі соғысыңнан артық деуге болады. Әйтеуір соңғы кезде ғана мемлекеттің қолға алуымен тосқауылдар қойыла бастады. Сондықтан Қазақстан халқының дәстүрлі діндерін қолдау, қоғамның рухани саласын жат секталардың және ағымдардың ықпалынан қорғау керек.

Қорыта айтқанда, мемлекетте Ұлттық мүдде болмай - ұлт болмайды!



**Байдалы Сәбит Жүнісбекұлы**  
«Ақ жол» ҚДП Орталық  
Кеңесінің идеологиялық жұмыс  
жөніндегі хатшысы

## **АЛАШ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ БІРІ – ҚАЗАҚ ЕЛІН ЕУРОПА ЖОЛЫМЕН ЖАҢҒЫРТУ БОЛҒАН**

*«Қазақ үні» газеті, № 51-52 (609), 28.12. 2013 жыл.*

### **Құрметті съезд делегаттары және қонақтар!**

Бөріхан Жолбарысұлы Нұрмұхамедов бастаған жұмысшы тобы Партиямыздың Жаңа Бағдарламасының жобасын жасауда көп еңбек еткені байқалады. Оны атап өту қажет. Сонымен бірге, партия үшін аса маңызды құжатты одан әрі жетілдіре түсудің мүмкіндіктері мен резервтері де жеткілікті.

Біздің **Стратегиялық мақсатымыз** бар – ол: *тәуелсіз, гүлденіп, өсіп-өркендеген, демократиялық жолды ұстанған, еркін, бәсекеге қабілетті Қазақстан және сонда тұратын әрбір азаматтың лайықты өмір сүруі.* Бұл біздің Жарғымызда да жазулы. Сондай-ақ, Жаңа Бағдарламаның жобасынан **Тәуелсіздік, Демократия, Бостандық, Әділеттілік** деп белгіленген біздің **іргелі құндылықтарымыз** өзінің лайықты орнын алуы керек.

Ал, осы құндылықтардан туындайтын қағидалы ұстанымдарымыз менімше, мыналар болуы керек:

**Бірінші.** Біз, өркениетті оппозициямыз! Өркениетті оппозицияны қалыптастыруға Қазақстан қоғамының саяси мәдениеті пісіп жетілгенін іс-әрекеттерімен дәлелдеп отырған партиямыз. Алдағы уақытта да өркениетті жолмен өрге ұмтылатын, алдымызға биік мақсаттар қоятын партиямыз!

**Екінші.** Біз шағын және орта бизнес партиясымыз. Ең алдымен, қалыптасқан немесе қалыптасуы тиіс орта таптың, оның өзегі – отандық кәсіпкерлердің партиясымыз. Көпшілік жаңарған «Ақ жолды» негізінен отандық бизнестің мүддесін қорғайтын партия ретінде қабылдап та үлгерді. Енді біз бұдан танбауымыз керек.

**Үшінші.** Біз нақты істің партиясымыз: ұлттық, өңірлік және жергілікті деңгейде бүкіл қоғамның және әрбір азаматтың мүддесіне орай нақты іс-шаралар мен іс-әрекеттерді жүзеге асыратын партиямыз. Сайлауалды тұғырнамамыздағы алға қойған 10 міндеттің негізгі тезистері Бағдарламадан өз орнын алу керек.

**Төртінші.** Біз ұлттық мүдделерді ілгері жылжытатын және қорғайтын партиямыз. Мұның мағынасы өте кең. Экономика саласында ұлттық мүдделерді қорғау – алдыңғы орынға шығады. Қазақстанның табиғи, экономикалық, әлеуметтік ресурстары, ең алдымен, қазақстандықтардың мүддесіне қызмет етуге тиіс. Бұл кез келген одақта, ұйымдарда Қазақстан өнімінің және Қазақстан кәсіпорындарының басымдығы үшін күресу. Қазақстандықтардың мүддесін ұлттық және халықаралық деңгейде қорғауымыз қажет. Ұлттық мәдени мұраны сақтау және дамыту, мемлекеттік тілдің мәртебесіне сәйкес оның рөлін көтеру, балалар мен жастарды ұлттық құндылықтарды құрметтеу және патриотизм рухында тәрбиелеу бағыттары қысқа да нұсқа тұжырымдалып берілуі керек деп санаймын.

**Бесінші.** *«Ақ жол» - «Алаш» қозғалысы ізбасарларының бірі* екендігі Партияның берік ұстанымы ретінде көрсетілуі тиіс. Мұны Азат Тұрлыбекұлы Перуашев 2011 жылы шілде айында өткен Партиямыздың 8-ші сиезінде жария етті. Ол тұжырым сәл кейінірек Партиямыздың сайлауалды саяси тұғырнамасында да өз көрінісін тапты. Партия көшбасшысының сол кезде алғырлық пен зеректік танытқанына қазір куә болып отырмыз. Алаш тарихы – қазақ халқы тарихының мақтан етуге тұрарлық қасиетті бір бөлшегі. Ал,

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан патшалық империяның тұсында ұлтымыздың жазба тарихын қалыптастыруға баса назар аударған жалғыз қазақ.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Абылай аңсаған азаттық» мақаласында: «Мемлекет тарихын, даңқты бабалары жүріп өткен жолдың бұралаңы мен бұлтарысын, қилы кезеңдері мен тағдырлы шешімдерін, ақтаңдақ беттері мен дара тұлғаларының қайраткерлік өнегесін біліп өскен ұрпақ қана **өзіне тиесілі замана жүгін дiттеген межесiне абыроймен жеткiзе алады**» деп атап көрсеттi. Бiз тарих институттарының жұмысын атқара алмаймыз, әрине, дегенмен ұлттық тарихымыздың қайта зерделенуiне – Алаш тарихына жаңаша көзқараспен заман ағымына, уақыт талабына сай iс-әрекеттер жасау арқылы үлесiмiздi қоса беруiмiз керек. Бiр топ сенаторлар жуырда 2016 жылды - Әлихан Бөкейхан жылы, 2017 жылды -Алашорда мемлекетiнiң жылы деп атау қажет деген депутаттық сауал жолдады. Сенаторлардың ұсыныстары тұтастай алғанда Ақжолдықтардың Алаш бойынша Үкiметке жолдаған сауалдарымен үндесiп жатыр. Бiз бұған қуанбасақ, ренжiмеймiз. Мемлекеттiк деңгейде кешендi бағдарлама жасауды бiз айтқанбыз, олар осы қос мерейтойды ЮНЕСКО аясында атап өту қажет дептi. Халықаралық деңгейдегi қозғалыс пен Халықаралық деңгейдегi ұлы тұлғаны бұлай ұлықтай алсақ, бұл бiздiң партияның да зор жетiстiгi және жеңiсi болар едi. **Тарихи жадыға адалдық және ұрпақ сабақтастығына ниетiмiз** бағдарламада тайға таңба басқандай көрiнуi керек.Бағдарламаның сыртқы саясатқа қатысты бөлiгiне бiр-екi позицияны анық та айқын етiп қосу керек. **Алаш идеяларының бiрi – Қазақ Елiн Еуропа жолымен жаңғырту** болған. Еуропалық Одақпен ынтымақтастық тәуелсiз Қазақстанның сыртқы саясатының негiзгi басымдықтарының бiрi. Президенттiң бастамашылдығымен «Еуропаға жол» бағдарламасы (2009-2011ж.ж.) ойдағыдай iске асты, Еуропаның жетекшi елдерiмен үнқатысудың жоғары деңгейiне қол жеткiзiлдi. Еуропа мемлекеттерi, олардың жоғары деңгейдегi технологиялық дамуын ескерсек, Қазақстанның үдемелi индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын iске асыруда бiздiң басты экономикалық серiктесiмiз болып қала беретiнi анық. Қытай мен Ресей секiлдi екi

алып елдің ортасында отырған бізге Еуроодақпен сенімді серіктес болу өте маңызды. Сонымен қатар, тағы бір маңызды бағыт - Түркі тілдес мемлекеттердің өзара ынтымақтастығын, мәдени, рухани, саяси және экономикалық қарым-қатынасын нығайтудың қажеттілігінен туындайды. Тоныкөк, Күлтегіндерден бастап, кешегі **Алаш қайраткерлері де тегі бір, тілі бір, тарихы ортақ түркі халықтарының тұтастығын аңсаған.** Осы асыл арманды жүзеге асыру үшін Түркі халықтарының атажұрты саналатын Қазақстан Мемлекеті басшысының жұмсап жатқан күш-жігерін «Ақ жол» партиясы қолдауы керек деп есептеймін.

Ерте ме, кеш пе елімізде Конституциялық реформа жасалады. Ол менімше, **Қазақстанды Президенттік республикадан президенттік-парламенттік республикаға іс жүзіндегі түрлендіруімізге (трансформациялауға)** тіреледі. Бұл бағытта айқын да анық көзқарас қажет.

Партияның жуырдағы және орташа мерзімдегі ең басты құжаты – Партиямыздың осы Бағдарламасы. Бұл біздің әрі саяси Доктринамыз, әрі алдағы сайлауда қабылдайтын тұғырнамамыздың негізі, әрі күнделікті басшылыққа алатын бағдаршамымыздың рөлін атқаратын әмбебап құжатымыз. Сондықтан, Партия активіне тағы да уақыт беріп, әлде де жобаны талқылап, нақты ұсыныстар алғанымыз жөн. Әлі де пысықтай түсетін, ойластыратын, ақылдасатын тұстар көп. Оны бүгінгі талқылау да көрсетіп отыр. Пікірталастарды Қазақ үні газетінің беттерінде де өрістетсек тіпті дұрыс болар еді. Жұмысшы тобы түскен ұсыныстарды ескере отырып, жобаны жетілдіріп, тұжырымдап, Бағдарламаның соңғы нұсқасын Партияның Жаңа бағдарламасының Редакциялық комиссиясына тапсыруы керек. Оны тікелей Партия төрағасы басқаруы қажет. Редакциялық комиссия өз тарапынан ең соңғы өзгерістерін жасап, осы құжатты қабылдауға сиезбен арнайы өкілеттілік берілген партияның Орталық кеңесіне шығаруы керек.

# АЛАШ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

*5 наурызда қазақтың көрнекті қоғам  
және мемлекет қайраткері,  
XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық Алаш қозғалысының  
негізін қалаушы әрі саяси жетекшісі,  
Алаш Орда ұлттық үкіметінің төрағасы,  
публицист, энциклопедист-ғалым  
Әлихан Бөкейхан 148 жасқа толды.*



**«Ақ жол» демократиялық  
партиясының төрағасы,  
Мәжіліс депутаты Перуашев  
Азат Тұрлыбекұлының «Әлихан  
Бөкейхан: Марксизмнен  
ұлттық Алаш идеясына дейін-  
гі эволюциялық жол» атты  
республикалық конференцияда  
сөйлеген сөзі**

## **АЛАШТЫҢ БИІК РУХЫ**

*Қазақ үні газеті, № 11 (620), 18 наурыз, 2014 жыл.*

### **Құрметті конференцияға қатысушылар, қадірменді қауым!**

«Ақ жол» демократиялық партиясы өзін «Алаш» қозғалысының рухани ізбасарларының бірі деп жариялағаны мәлім. Бұл тұжырым сайлауалды Тұғырнамамызда да, Партияның өзге де құжаттарында көрінісін тапқан. Біз, Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің идеялық мұраларын тарату және оны бүгінгі күннің кәдесіне жаратуды маңызы зор мәртебелі іс деп санаймыз. Мен бүгін осы бағытта «Ақ жол» партиясының азды-көпті атқарған және атқарылуға тиіс шараларынан Сіздерді қысқаша хабардар етуді жөн көріп отырмын.

2012 жылдың 23 қарашасында Алаш қозғалысының 95 жылдығына арнап, «Ақ жол» партиясы Еуразиялық Ұлттық университетінің қолдауымен «XXI ғасырда Қазақстан қоғамын жаңғыртудағы «Алаш» қозғалысы идеяларының өзектілігі» атты ұлттық ғылыми-практикалық конференция өткізгенін, оның өзінің діттеген мақсатына жеткенін Алашшыл

азаматтардың барлығы біледі. Бастысы, «Алаш» көшбасшылары ұстанымдарының ұлтпен бірге өмір сүретін концепциялық мағынасы бар екендігін конференцияға қатысушыларға сезіндіре алдық. Конференция және одан кейін Алматыда Халықаралық бизнес академиясымен бірлесіп өткізген «Алаш мұрасы – ұлттық бизнестің негізі» тақырыбындағы «Дөңгелек үстелдің» материалдарын ғылыми жинақ етіп шығардық. Жинақтан Ақ жолдық депутаттардың Алашқа қатысты Үкіметке жолдаған сауалдары мен оларға берілген жауаптар да орын алды. Бұл кітаптың таныстырылымы Астанада ғана емес, Алматы, Ақтөбе, Шымкент қалаларында да болып, жұртшылықтың жақсы бағасын алды. «Ақ жол» партиясының филиалдары республиканың басқа да өңірлерінде Алаш тақырыбына бірқатар іс-шараларын өткізді. Алаштың ордасы болған – Семей қаласында 5-13 желтоқсан аралығында «*Алаш апталығы*» өтті. Сөйтіп, «Ақ жол» партиясы Әлихан Бөкейханның 150 және «Алаш» қозғалысының 100 жылдықтарына арналған іс-шараларын жүйелі түрде ұйымдастыруды қолға алды.

Біз, осы мерейтойларға дайындыққа Үкіметті, уақытты созбай, бірден кірісуге шақырдық. Премьер-министрге жолдаған депутаттық сауалымызда Алаш қозғалысының мерейтойларын мемлекеттік және жалпыұлттық дәрежеде атап өту үшін Мемлекеттік комиссия құрып, оған жалпымемлекеттік және аймақтық кешенді бағдарламалар даярлау ісін жүктеудің қажеттілігін айттық. Алашордалықтардың сот процесінің материалдарын көп томдық жинақ етіп шығаруды ұсындық. Сонымен қатар, Қазақстандағы репрессия тарихын ресейліктерді араластырмай-ақ, отандық тарихшы-ғалымдардың күшімен қорытудың маңыздылығын ескерттік. 2013 жылдың 30 мамырында Алматыдағы Қабанбай батыр мен Наурызбай батыр көшелерінің қиылысында Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналып, орнатылуы тиіс ескерткіштің 21 жылдан бері салынбағаны туралы депутаттық сауал жолданды. Парламенттік Фракция Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу бойынша патриоттық акция өткізіп, депутаттарымыз жұмысқа Мемлекеттік тудың түсіндей ленталар тағып шықты. Сондай-ақ, қазақтың соңғы ұлы ханы - Кенесары ханның басын іздестіру туралы және ел тарихында маңызы зор Сарайшық қаласын сақтап қалу



туралы депутаттық сауал жолданды. Өткен жылғы 7 желтоқсанда Алаштың 96 жылдығы, Желтоқсан көтерілісі мен Тәуелсіздік мерекесіне арналып, «Ақ жол» партиясының биллиардтан кубогы жарысы болып өтті. Оған белгілі қаламгерлер мен қоғам қайраткерлері қатысып, Асанәлі Әшімов ағамыз ақ батасын беріп, «Ақ жолдың» алашқа сіңіріп келе жатқан еңбегін жоғары бағалады. 2013 жылғы 13 желтоқсанда, Алашорда үкіметінің құрылғанына тура 96 жыл толған күні, Астанада - «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» байқауының қорытындысы Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің белгілі ғалымдарының қатысуымен өтті.

«Ақжол» демократиялық партиясы биылғы 25 ақпаннан бастап, «Алаш тағылымдары» дәрістерін бастады. «Алаш тағылымдары» дәрісі «Ақ жол» партиясы парламенттік фракциясының апта сайын партия филиалдарының қатысуымен өтетін онлайн бейнеконференциясының аясында, әр айдың соңғы аптасының сейсенбісінде тыңдалады. Республикадағы барлық партия филиалдары қатысатын бейнеконференцияға Ақжолдық Мәжіліс депутаттары, партия активі, орталық аппараттың қызметкерлері, облыс филиалдарының белсенділері қатысады. Басқа да қатысқысы келетіндерге есік ашық. Алғашқы дәрісті белгілі алаштанушы, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан өмірін зерттеуші Сұлтанхан Аққұлы «Ақ жол» партиясының Астанадағы Орталық офисінде өткізді. Оның Әлихан өмірінің басты кезеңдері жайлы дәрісі ықыласпен қабылданды. Алдағы уақытта Алаш тағылымдарын көпшілікке тарату идеясын қызу қолдаған Жабайхан Әбділдин, Сейіт Қасқабасов, Серік Қирабаев, Ғарифолла Есім, Дихан Қамзабекұлы, Мырзагелді Кемел, Амантай Шәріп, Сұлтанхан Аққұлы, Қайрат Сақ және тағы басқа елімізге белгілі алаштанушы ғалым, зерттеушілерді шақыратын боламыз.

Байқап отырсыздар, ұлт мүддесіне орай істеліп жатқан шаруалар бар, бірақ, бұл бағытты біз бұдан да зор көлемде ұлғайтуымыз керек. Өйткені, алда тарихи заманалық аса маңызы бар оқиға ретінде бағалануы тиіс мерейтойлар жақындап келе жатыр. Сондықтан ағымдағы жылдың 5-13 желтоқсаны аралығында Қазақстан көлемінде тұңғыш рет «Алаш апталығын» өткізіп, оны дәстүрге айналдырмақпыз. Бұл шараның пилоттық жобасын

Семей жерінде ойдағыдай іске асырғанымызды атап та өттім. Осындай шаралар арқылы Алаштың мәртебесін асқақтатсақ және Алаш Орда ұлттық үкіметінің өмірге келген күні - 13 желтоқсанды ұлттық мереке ретінде күнтізбеге кіргізуге ұмтылсақ, «Алаш күні құтты болсын!» деп, бір-бірімізден сүйінші сұрайтын шаққа жетсек деген арман бар. Осы күні Әлихан Бөкейхан және басқа Алаш көшбасшылары атындағы төсбелгілер табыс етіліп жатса, Алаштану тарихнамасының зерттелу жағдайына да тың сұрлеу салынар ма еді деп ойлаймыз. Біз де Алаш арыстарының құнын қайтаруға жасалған алғашқы сәтті қадамдарымыздың бірі болса деген ниет бар. Бұқаралық сипат алатын қоғамдық пікірді қалыптастырып, халықты 2016-2017 жылдарға дейін рухани тұрғыда дайындай берсек деген мақсатымыз бар.

Біз, қазіргі таңда дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» атты Жалпыұлттық байқауының 2014 жылғы шығарылымымен жұмыс жасаудамыз. Және биылғы кітабымызды байыта түсетін жаңа бір бөлім енгізбекпіз. Әзірге шартты атауы - «Ақ жолдың» олжалары. Ол қандай олжалар? Ең алдымен Алашорда өмірінен **1935 жылы жазыла бастап, 1936 жылдың 29 ақпанында аяқталған «Мұрат үшін майдан» атты 4 перделі, 6 суретті музыкалық драма-пьеса табылды. Оның авторы Мұқтызар Титаққұлы – біздің еліміздегі 1937 жылғы саяси қуғын-сүргіннің құрбаны.**

Кейінгі 100 жылда және Тәуелсіздігіміздің 22 жылдығы тарихында Алаш мұраты тақырыбына ешқандай пьеса жазылмапты. Пьеса мәтіні «Қазақ үні» газетіне жарияланды. Ол жөнінде, Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Дихан Қамзабекұлы: «Бұл пьеса - қазақ драматургиясы үшін тосын жаңалық, аса сәтті шыққан туынды» деп бағалап отыр. Пьесаны тауып, әдеби қауымға жеткізіп отырған біздің партиямыздың белсенді мүшесі, алаштанушы - Айдын Ырысбекұлы деген азамат. Біріншіден, пьесаның табылуының өзі де үлкен жаңалық, екіншіден пьеса авторы – Мұқтызар Алаш қозғалысының тарихындағы тағы бір тың есім. 2016 жылы осы пьесаның негізгі кейіпкерлерінің бірі - Әлихан Бөкейханның туғанына 150 жыл толуының қарсаңында, пьесаның сахналық қойылымын жасау үшін, ҚР еңбек сіңірген

қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Чехов атындағы (Ресей Федерациясы) медальдің иегері, белгілі режиссер Тәпенев Ерсайын Қадержанұлы және танымал жазушы, сыншы-аудармашы, әмбе драматург Өтен Ахмет сынды өнер майталмандары өз келісімдерін берді.

Сондай-ақ, «Алаш әнұранын», «Алаш маршын» сөздеріне қоса, нотасын да іздестіріп, кітапқа енгізбек ойымыз бар. Болашақта Алашорданың осы әнұрандарын насихаттайтын орындаушыларды тауып, оларды Қазақ радиосының Алтын қорына жазып алу үшін, «Қазақстан» телерадиокорпорациясының, Қазақ радиосының басшылықтарына тиісті деңгейдегі ұсыныспен шығуды көздеп отырмыз.

Биылғы дәстүрге айналған Алаш тақырыбына арналған Жалпыұлттық Байқаудың шарттарының ішінде Алаш қозғалысы тарихындағы **белгісіз оқиғалар мен жаңа есімдер** деген жаңа номинация бар. Жалпы біз Алаш сапында болған, бірақ аты-жөні белгісіз азаматтар туралы білуге міндеттіміз. Мәселен, маған Алашорданың әскер құрылымы жүйелі түрде зерттелмей жатқан сияқты көрінеді. Соларда қызмет еткен абзал азаматтардың есімдерін де елге оралтуға әрекеттер жасалса, қандай ғанибет.

Айта берсек, Алашқа қатысты атқарылатын шаруалар өте көп. Айналыссақ, қайсымызға болса да жеткілікті. Ендеше, көп болып жұмылайық. Алаштың тәуелсіздік мұраттарына құрылған өміршең идеяларын жаңа заманның талаптарына сай зерделеп, көпшілікке, әсіресе, жас ұрпаққа тарата берейік. Конференцияның жұмысына сәттілік, еңбектеріңізге жеміс тілеймін!

**«Әлихан Бөкейхан:  
Марксизмнен ұлттық Алаш  
идеясына дейінгі эволюциялық жол»  
атты республикалық конференцияда  
жасалған баяндамалар**



**Байдалы Сəбит Жүнісбекұлы**  
«Ақ жол» ҚДП Орталық  
Кеңесінің идеологиялық жұмыс  
жөніндегі хатшысы

## **ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ**

**Әлихан Бөкейхан айтқан «...қазақтардың жуық арадағы мұқтажы – «...ана тілін қолданудағы еркіндікке» қол жеткізе алдық па?**

«Мемлекеттігі жоқ халық – жетім халық» деп санаған Алаш қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейханның Алашорда үкіметінің құрылып, қазақ даласында автономиялық биліктің болуына және оны басқару жүйесіндегі мемлекеттік құрылыстың тиімді жұмыс істеуіне ерен күш жұмсағаны жеткілікті дәрежеде айтылып жатыр. Ал мемлекеттік құрылыстың ең өзекті мәселелерінің бірі – мемлекеттік тіл саясаты. Мен Әлихан Бөкейханның, Әлекең баулыған Алаш зиялыларының ұстанған ұстанымдарының бүгінгі қазақ қоғамына тағылымын сөз етпекшімін.

Алаш қайраткерлерінің қайсысы болсын ұлтқа қызмет етуді басты мұрат еткен. Ал өз ұлтыңды сүю – өзіңнің тіліңе құрметтен басталады. Мәселен, жеті жұрттың тілін меңгерген Халел Досмұхамедов елдіктің бірінші шартын «Өз тілін өзі білмеген ел ел болмайды. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт» деп анық атаған.

Алаш арыстарының ана тіліне деген жауапкершілігі мен оның беделін көтеруге жұмсаған күш-жігері, жанкештілігі ғаламат бо-

латын. Сонау 1905 жылы Әлихан Бөкейханның Мәскеуде земство және қала қайраткерлері съезінде сөз сөйлеп, сол кездегі 5 миллион қазақ халқының тең құқығын үзілді-кесілді талап еткенін ұмытуға болмайды. Ол өз сөзінде әлеуметтік мәселелермен қатар тіл, сайлау еркіндігі проблемасын да көтерген: «...қазақтардың жуық арадағы мұқтажы, әсіресе алдағы сайлау үгітіне байланысты қажет болатын ана тілін қолданудағы еркіндік болып табылады және мен съезде жергілікті тілдер құқықтарына орай барлық шектеулерді дереу жоюды жақтап пікір айтылуын өтінген жолдастардың ұсыныстарына қосыламын».

Алаштың саяси көсемінің осыдан 110 жылға жуық уақыт бұрын айтқан «қазақтардың жуық арадағы мұқтажына» - ана тілінің еркіндігіне әлі күнге дейін толықтай қол жеткізе алмай келе жатқанымыз шындық. Тіпті кеңестік биліктің Қазақ үкіметін басқарған Сәкен Сейфуллин Партияның қарсылығына қарамай, төтенше сессия шақырып, Декрет қабылдауға ұйытқы болған. Сонда «Қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын, іс қағаз қазақ тілінде жүргізілсін, ол қазақ аудандары мен болыстарында 1924 жылдың 1-інші қаңтарынан шілдеге дейін жүзеге ассын. Ал 1-інші шілдеден әрі қарай қазақ пен орыс аралас отырған жердің барлығында да іс қағазы қазақ тілінде жүргізілсін» деп жазылған. Бұл сол кезеңнің тұрғысынан алғанда, басты оққа байлаған көзсіз ерлік. Сәкен Сейфуллиннің орнына келген Нығмет Нұрмақов әділет комиссариатының алқа мәжілісіне қатысып, «аралас аймақтағы сот қазылары мен тергеушілері орысша да сауатты болсын. Мұндай аймақтардағы қазақ тілін білмейтін, қызметке жарамсыз барлық іс жүргізушілер жұмыстан босатылып, қазақша жетік білетіндермен алмастырылсын», - деп талап қойған. Сол кездегі үкімет құрамында үш-ақ қазақ болыпты. Ақыры кеңестік империяның жендеттері олардың түбіне жетіп тынды.

Ал енді Тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі қазақ елінің үкіметі Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ зиялыларының тіл мәселесіндегі үлгі-өнегесіне орай қимыл – қарекеттерге бара алып жүр ме? Бұл сұраққа жауапты қазіргі тірлігімізден мысалдар келтіре отырып іздейік. «Ақ жол» партиясының Парламенттік фракциясы Қазақстан Республикасының азаматтығын қазақ тілін, Конституцияны және Қазақстан тарихын білуі жөнінен емтихан тапсырғаннан кейін

беруді заңнамалық тұрғыдан бекітуге күш салып, Парламенттің қарауына заң жобасын ұсынды. Шет елдердің заңнамасын талдау мұндай заңнамалық талаптардың көптеген елдерде бар екенін көрсетті. Біздің алған бағытымыздың дұрыстығын заң ғылымының елге танымал ғалымдарының қатысуымен жасалған ресми ғылыми және құқықтық сараптамалардың нәтижелерінің оң болуы да растады. Алайда, аталған заң жобасы бойынша Үкіметтің теріс қорытындысы шығарылды. Оны ала салысымен Партия төрағасы Азат Перуашев «Партия мемлекеттік тілді өзінің тиісті тұғырына қондыру үшін елімізге, халқымызға аса қажет патриоттық бастамасынан бас тартпайды. Мәселе күн тәртібінен әзірше ғана алып тасталынды» деп мәлімдеді. Мұны айтып отырған себебім: Кеңестің қылышынан қаны тамып тұрған кезеңіндегі қазақ үкіметтерінің қимылы мен біздің тәуелсіздігімізге қол жеткізген кезіміздегі Қазақ үкіметінің тіл мәселесіндегі қимылын салыстыру. Елбасымыз барша қазақстандықтар мемлекеттік тіл аясында бірігуі керек дейді. Ал Мәсімов басқарған үкімет мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге бағытталған заң жобасына қарсы шығады. Одан кейінгі Ахметов басқарған үкімет өзінің отырыстарының бірін қазақша өткізгенде, енді осылай жалғасады деп қуанғанымыз естен кетпейді. Біле білсек, Қазақ үкіметі қазақша сөйледі деп қуануымыздың өзі сорлылық. Ол баяғыдан мемлекеттік тілде сөйлеуі тиіс еді ғой. Оның үстіне Ахметов мырзаның шамасы бір-екі ғана отырысқа жетіп, сосын көрші елдің тіліне көшті. Жарықтық, Әлихан Бөкейхан қалай тауып айтқан десеңізші: *«Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден»* деп. Мінезсіз үкіметтің қазақша айтатын амандығы мен аз ғана қазақша кіріспесі көңіл жұбатып, жұртты алдарқату. Тіл бейқамдық пен салғырттықты көтермейтін феномен екенін Қазақ үкіметінің түсінетін кезі жетті. Осы мысалдар Конституцияда мемлекеттік мәртебе берілген ана тілімізді өз жерінде өгейдің кебін кигізіп отырған кім екенін көрсетіп беріп отыр. Ол біздің орыс тілді, яғни шет тілді үкімет. Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейханның тағы бір қанатты сөзін келтірейін: «Үкімет адамдары қай уақытта көзі байлаулы, адасып жүреді». Сондықтан азаматтық қоғам мемлекеттік тілдің мәселесінің биліктегілердің пенделік, өткінші мүдделерінің тасасында қалып қоймауын қадағалап, Үкіметтен, Парламенттен мемлекеттік тіл-

ді республика аумағына толық енгізу ісін мықтап қолға алуын талап етуі керек. Осы аса маңызды мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асыруды **Үкімет пен Парламент Қазақ елінің заңдарын дайындап, ұсыну, талқылау, қабылдау тетіктерінің бәрін мемлекеттік тілге көшіруден бастауы қажет. Парламент пен Үкімет барлық мәжілістерін мемлекеттік тілде жүргізуі тиіс. 22 жыл бойы мемлекеттік тіліміздің өзінің заңды тұғырына қонбауы - Конституцияны құрметтемеуден, заңдарымызды сыйламаудан, заңды орындамаудан шығады.** Конституцияның, Заңдардың талаптарын орындау салтанат құратын елде өмір сүруге барлығымыз мүдделі болуға тиіспіз. **Орыс тілінен аударып, іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізіп жатырмыз деген кешегі «жетістігіміз», бүгінгі біздің басты кедергіміз.** Бұл өзімізді-өзіміз алдау. Бұл - көзбояушылық. Барлық құжаттар мемлекеттік тілде дайындалып, сосын қажет болып жатса ғана басқа тілге аударылуы тиіс. Үкімет барлық салалық министрліктерге және республиканың барлық облыстарының әкімдеріне іс-қағаздарын мемлекеттік тілде шын мәнінде жүргізілуін ұзаққа созбай қамтамасыз етулерін міндеттеулері керек. Сонда ғана Елбасымыз айтқан «Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болады» деген сөзінің іске асуына нақты қадам жасаймыз.

XX ғасырдың басында Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш зиялылары көтерген тіл мәселесі бүгінгі XXI ғасырда да өзекжарды мәселе болып отыр. Бұл – бір адамның, тіпті бір ғана Парламенттің мәселесі емес, бұл бүкіл ұлттың абыройы, мәртебесі. Ұлт, Мемлекет және Тіл: біртұтас ұғымдар, оның ішінде Тіл - ұлттың күретамыры. Бұл үш ұғым: егемендігін алған қай елдің болмасын саяси-философиялық іргетасы. «Алаш» қозғалысының мемлекеттік тілге, мемлекеттілікке, жалпы ұлттық құндылықтарға көзқарастары біз үшін теориялық қана мәселе емес, бұл ең алдымен, ұлт игілігіне қызмет етуі тиіс практикалық мәселе. Сондықтан Ақжолдықтар Алаш аманатына адалдық танытып, оның мұрасын көпшілікке таратып, Алаш рухын жас ұрпақ бойына сіңіру бағытындағы жұмыстарын жалғастыра береді.

Бүгінгі конференцияның қорытындысымен қабылданатын қарарды толықтыру үшін енгізетін ұсыныстарым 2013 жылдың басындағы «Ақ жол» парламенттік фракциясының Қазақстан



Республикасының Үкіметіне жолдаған депутаттық сауалымен үндес болып келеді. Ол мыналар:

1. Әлихан Бөкейханның 150 және Алаш қозғалысының 100 жылдығы мерейтойларын мемлекеттік және жалпыұлттық дәрежеде атап өту үшін Мемлекеттік комиссия құру, сондай-ақ оған жалпымемлекеттік және аймақтық кешенді бағдарламалар даярлау ісін жүктеу.

2. Жас ұрпақты Алаш идеясымен кең ауқымда және жүйелі түрде таныстырып, оны отаншылдық рухта тәрбиелеу мақсатында Алаш қозғалысына қатысты архив құжаттарын, бірінші кезекте 1928-1932 жылдарға тиесілі ғасыр құжаты аталған «Алаш ісі» сот процестері материалдарын көп томдық түрінде жариялау ісін қолға алу.

3. Осы «Алаш ісі» сот процесімен тікелей байланысы бар келесі мәселе ол ХХ ғасырдың 20-50-ші жылдарында жүргізілген саяси репрессия материалдарын, Қазақстандағы репрессия тарихын, ресейлік ғалымдарды араластырмай-ақ, отандық тарихшы-ғалымдардың күшімен қорытып, көп томдық түрінде жариялау ісін қолға алу.

Сондай-ақ, жалпы тұтастай алғанда мазмұнды жасалған қарардың жекелеген тармақтары нақтыланып, келесі өзгерістер енгізілсін. Мәселен, 3 тармақта «Астана, Алматы, Семей, Қарқаралы, Қарағанды, Атырау, Ақтөбе және Түркістан қалаларының орталық көшелерінің біріне Ә.Н. Бөкейханның есімі беріліп, салтанатты түрде ескерткіш немесе тақта орнатылсын» делінген. Менімше, барлық облыстардың орталықтары, Жезқазған, Арқалық секілді қалалар да қамтылуы тиіс. Өйткені, ол барша қазаққа ортақ Ұлт мақтанышы, қазақ халқының ХХ ғасырдағы көсемі. Оның есімі уақыт өткен сайын қазақ елінің көгінде жарық жұлдыздай жарқырай бермек.

«Ә.Н.Бөкейханның 16 томдық толық шығармалар жинағын құрастырып басып шығарылсын» деген тармақта «жинағын» сөзінен кейін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде деген сөздер қосылсын. Өйткені Әлихан Бөкейхан – халықаралық деңгейдегі ұлы тұлға. Оның атын және еңбектерін ел аумағынан тыс жерлерге де таныстыру керек.



**Жүсіп Сұлтанхан Аққұлы**  
директор Общественного фонда  
«Алашорда»,  
кандидат филологических наук,  
PhD

## **АЛИХАН БУКЕЙХАН: ДАЙТЕ ЖИТЬ НАРОДАМ НЕ ПО МАРКСУ, А ТАК, КАК ОНИ ЗАХОТЯТ!**

*Или о эволюции лидера казахов от марксизма до национальной идеи «Алаш»*

*Қазақ үні газеті, № 10 (619), 11 наурыз, 2014 жыл.*

**«Потомки ханов имеют непреходящий  
долг перед казахами и я, пока жив,  
не перестану служить казахам»**

**А.Н.Букейхан.**

5 марта 2014 года Алихану Букейхану, лидеру казахского национального движения «Алаш» начала XX века, отцу-основателю и главе государства Алаш, исполняется 148 лет. Он, 150-летнему юбилею которого остается ровно 2 года, пришел к национальной идее «Алаш» - вершине своего политического мировоззрения – через увлечение марксизмом.

## «Я СОВЕТСКУЮ ВЛАСТЬ НЕ ЛЮБИЛ, НО ПРИЗНАЛ!»

«Лидер буржуазно-националистического движения казахов» – это одно из основных обвинений, предъявленных Военной Коллегией Верховного суда СССР 27 сентября 1937 года бывшему премьер-министру Автономии Алаш-Орда или государства Алаш Алихану Букейхану, которое дало Советской власти основание приговорить его к высшей мере наказания через расстрел. Приговор был исполнен в тот же день – 27 сентября 1937 года [фото № 1]. Место исполнения наказания – одиночная камера Бутырской тюрьмы в Москве.

СЕКРЕТНО

### С П Р А В К А

Приговор о расстреле Букейханов Алихана  
Алимухамметовича приведен в исполнение в гор.  
Москве " 27 " IX 1937 г. Акт о приведении при-  
говора в исполнение хранится в 1 спецделе МВБ СССР  
том № 2 лист № 283

ДАЧ 12 ОУД-ОБЕ 1 СЛУЖЕБНО-КАБЕЛ. СССР  
М. П. СЕПТЕМБЕР 1937

*Мискин*  
(Подпись)

Был ли Алихан Букейхан буржуазным националистом? Архивные материалы, а еще лучше его собственное богатейшее публицистическое наследие не оставляют сомнений в том, что он, да, был националистом, причем убежденным, и остался им до последнего вздоха в одиночной камере Бутырки. Об этом свидетельствуют его краткая речь, высказанная перед вынесением смертного вердикта после предоставления ему последнего слова, в которой не было даже намека на раскаяние: «Я не любил Советскую власть, но признал!». А клеймо апологета «национальной буржуазии» во-

жди Советской власти приклеили ему лишь из-за его пребывания в рядах Конституционно-демократической партии (партии «Народной свободы» или кадетов) и членом ее Центрального комитета с 1912 года в период самодержавной России и первые месяцы после Февральской революции. Если российская, точнее сказать, русская кадетская партия являлась «буржуазной» в устах большевистских вождей до и после вероломного захвата власти в России в октябре 1917 года, то их обвинение казахской интеллигенции «Алаш» во главе с Алиханом Букейханом в «буржуазном национализме» было не более чем плодом их безпределной фантазии. Казахская буржуазия в начале XX века – это нечто из области научной фантастики.

Между тем А.Н.Букейхан являлся не просто убежденным казахским националистом и остался им навсегда в отечественной истории, а был отцом-основателем, ярким идеологом и лидером одноименных национального движения, партии и идеи - идеи национального единства и возрождения казахского народа, известной под названием «Алаш». Но к этой идее – к вершине своего политического мировоззрения - он подошел пройдя тернистый путь эволюции. Этот путь начался с увлечения экономическим материализмом марксизмом в студенческие годы.

### **«СОЦИАЛИСТ И ЧЛЕН АНТИРУССКОЙ ГРУППЫ «ЗАРЗАМАН»**

В 1890-1894 годах Алихан учился в С.-Петербургском Лесном институте. И его пребывание в С.-Петербурге совпало с периодом, когда поднималась новая, более организованная и потому мощная волна революционного движения и когда над умами прогрессивной российской интеллигенции и студенческой молодежи властвовала идея коренного преобразования колониальной империи. Прибывший из далекой Азиатской колонии России казахский джигит, которому тогда было 24 года от роду, судя по архивным документам, не был безучастным свидетелем происходящих вокруг бурных событий. Например, исследователи Общества изучения Средней Азии Оксфордского университета утверждают, что «в юности

**А.Букейханов** был радикальным революционером, социалистом и членом антирусской литературной группы «Зарзаман» [«Трагическая эпоха»]. Для подобного утверждения имеются все основания, поскольку в 90-х годах XIX века в ведущих ВУЗах одного лишь С.-Петербурга обучались чуть ли не десятки казахских юношей, представлявших разные регионы Казахстана. К примеру, в год поступления в Лесной институт, в 1890 году, Алихан в С.-Петербурге встретил Бахытжана Каратайулы [Каратаев; - фото № 3] из Уральска, Габидоллу Темирулы [Темиров] из Актюбинска и Барлыбека Сырттанулы [Сыртанов; - фото № 4] из Верного Семиреченской области. Бахытжан и Габидолла уже закончили юридический факультет С.-Петербургского университета и остались жить в столице,



[Каратаев; - фото № 3]

Барлыбек только что закончил факультет востоковедения того же ВУЗа по специальности филолога арабско-парсидского и тюр-

ко-татарского языков. В 1892 году ряды казахских студентов в С.-Петербурге пополнился еще одним сородичем из Букеевской Орды Батырхаиром Ниязулы [Ниязов].



[Сыртанов; - фото № 4]

В 1892-1896 годах он тоже учился на юридическом факультете столичного университета. Между тем в 1890-1894 годах среди студентов Лесного института Алихан был тоже не единственным казахом. Вместе с ним все 4 года в одной группе учился Жагыпар Айманулы [Айманов], родной дядя будущего известного казахского киноактера и кинорежиссера Шакена Айманова, имя которого сейчас носит национальная кинокомпания «Қазақфильм» [фото №№ 4, 5].





Мало того в 90-х годах XIX века в столице метрополии учились по крайней мере еще два казаха, имена которых вскольз



упоминается в письме Бахытжана Каратайулы, написанного им 30 сентября 1910 года в Уральске. Отмечу, что оно было адресовано Алихану Букейхану, отбывающему политическую ссылку в Самаре. Это письмо также явно свидетельствует, что казахская молодежь в С.-Петербурге нередко, если нерегулярно, собиралась на квартире у одного из них, арендуемой в период учебы, где, очевидно, проходили если не тайные, но уж явно негласные заседания антирусской группы или землячества, вполне может быть и марксистского (социалистического) толка, сопровождавшиеся горячими дебатами по актуальным политическим вопросам текущего момента. **«Я тебя уважал, когда ты был студентом, за твои убеждения, – напоминает адресату своего письма Б.Каратайулы, - Мне отчасти известны некоторые эпизоды из твоей студенческой жизни. Так, например, однажды в г. Питере на квартире у меня были ты и Базар Саматов (ныне покойник). Я был кандидатом в канцелярию 2-го департамента правительствующего Сената. Возник спор о таком предмете, о котором обсуждали и говорили «Новое время» и «Новости». Саматов стоял за «Новое время», а ты за «Новости». Ты сказал Саматову: «Ты глуп, как сивый мерин». Я от души хохотал. Только я ныне позабыл, о чем была речь. Несомненно лишь то, что я был на твоей стороне. Затем я помню эпизод с Валиханом (Гази), которому ты сказал: «Вы ничего не понимаете и не знаете», на что тот ответил грубыми выходками».**

Как следует из содержания письма, уже в 90-х годах XIX века Алихан выступал организатором казахского землячества в С.-Петербурге, идейным вдохновителем их антирусской группы «Зарзаман» и ее неформальным лидером. Позднее члены этой группы станут известными общественными деятелями, депутатами I и II Государственной думы (А.Букейхан и Б.Каратайулы), пламенными борцами за права и национальные интересы народа. Но из них именно А.Н.Букейхан станет общепризнанным казахским национальным лидером, к которому в цитируемом письме Б.Каратайулы обращается за советом.

Остается добавить, что газета «Новое время», издававшаяся в 1868-1917 годах в С.-Петербурге, в апреле 1872 года первой со-

общившая о выходе на русском языке первого тома «Капитала» Карла Маркса, в русском либеральном обществе имела репутацию сервильной, реакционной и беспринципной газеты, а слово «нововременец» становилось нарицательным. Более уважаемая газета «Новости», позицию которой отстаивал Алихан, также издавалась в С.-Петербурге между 1872-1906 годами.

По архивным данным и материалам периодической печати более позднего периода, Алихан находился в авангарде студенческого движения С.-Петербурга в целом, являясь одним из инициаторов студенческих волнений и «беспорядков» в столице метрополии. Например, как сообщала санктпетербургская газета «Наша жизнь» в декабре 1905 года, накануне избрания в депутаты I-й Государственной думы от казахского населения Семипалатинской области, Алихан **«в бытность студентом Лесного института принимал самое деятельное участие во всех студенческих делах, всегда примыкая к крайней левой. Во время разгара споров о марксизме, очень энергично отстаивал тезисы экономического материализма».**

Центральный государственный архив России располагает документами, касающимися студенческого движения в С.-Петербурге в 1890-х годах, в частности, делом «о волнениях учащейся молодежи» под № 3, состоящее из отчетов и доносов тайного осведомителя столичного департамента полиции. В этом деле особый интерес вызывают следующие строки из отчета доносчика царской охранки: **«Мною получены сведения, что среди учащейся молодежи некоторых высших учебных заведений С.-Петербурга замечается сильное брожение... Брожение это является результатом воздействия на своих товарищей некоторых неблагонадежных лиц, стремящихся организовать беспорядки в учебных заведениях. Такое же брожение происходит в Лесном институте...».** Далее тайный агент полиции перечисляет имена студентов, замечанных **«в подстрекательстве своих товарищей к производству общественных беспорядков от 21 ноября 1893 года»**, в числе которых, видимо, далеко не случайно оказался и Алихан. На пятом листе данного отчета дана более подробная характеристика каждому из перечисленных «подстрекателей», но са-

мая краткая из них относится к Алихану, который в этом черном списке значится одним из первых – под №: «**Букей-Ханов-Нурмухамедов Али-Хан, IV курса – личность сомнительной благонадежности**».

## **ВАСИЛИЙ ШЕЛГУНОВ: «БУКЕЙХАНОВ УЧИЛ НАС МАРКСИЗМУ!»**

Нужно добавить еще один важный штрих к студенческому портрету Алихана. В первые годы пребывания в Петербурге, он параллельно слушает лекции на юридическом факультете столичного императорского университета, которого закончит экстерном в ноябре 1891 года вместе с Володей Ульяновым, будущим отцом-основателем СССР под именем Владимира Ленина, о чем расскажет Алимхан Ермекулы в своем интервью казахскому радио после освобождения из ГУЛАГа.

Выясняется также, что в студенческую пору Алихана Букейхана и Владимира Ульянова свела не только и не столько совместная учеба экстерном в университете, но еще некто Василий Шелгунов – один из старейших участников социал-демократического движения царской России, позже составивший так называемую «ленинскую гвардию большевиков».

В.Шелгунов действительно вступил в компартию еще в 1898 году. Живя в С.-Петербурге с 1873, свою трудовую карьеру он начал с простого рабочего на чугунолитейном заводе Петрова. В 1892 году будучий рабочим Балтийского завода, в социал-демократических кружках для рабочих познакомился со студентами-марксистами, одним из которых оказался Алихан Букейхан. Об этом свидетельствуют слова самого В.Шелгунова о том, что «Букейханов учил их марксизму». Эти слова он произнес осенью 1926 года в Кремле, в кабинете генерального секретаря ЦК ВКП (б) Иосифа Сталина, чтобы убедить его освободить Алихана Букейхана из под ареста из Бутырки.

В 1895 году А.Н.Букейхан возвращается в Омск, где наряду с работой помощника лесничего и преподавателя математики в лесной школе для казахских детей, тесно сотрудничает с местной га-

зетой «Степной край». По воспоминаниям Сергея Швецова, с приходом в редакцию политических ссыльных, а также ряда местных деятелей либеральных взглядов, среди которых выделялся недавний студент А.Н.Букейхан, «Степной край» достигает небывалого влияния, продвинувшись в первые ряды лучшей провинциальной печати». **«А.Н.Букейхан, - свидетельствует далее С.П.Швецов, - представлял собою марксистское направление в газете и был, несомненно, наиболее ярким его выразителем. Я бы сказал даже – единственно ярким».**

Некто Ф.Виноградов, вступивший с ним в полемику на страницах советских журналов «Каторга и ссылка» и «Северная Азия» в 1930-х годах, утверждал, что газета «Степной край» **«сумела обслужить нужды уральских рабочих и дать толчок для развития их классового самосознания».**

Добавлю лишь, что в 1895-1903 годах вокруг «Степного края» сосредоточились сторонники различных, а позднее и непримиримых политических течений дореволюционной России начиная от народолюбцев («Земля и Воля») в лице Якова Севостьянова, социал-революционеров (эсеров) в лице Сергея Швецова и Льва Чермака, социал-демократов и кончая будущими конституционными демократами в лице Алихана Букейхана, также писателями революционной среды. Но после перехода газеты в руки социал-демократов в 1903 году, Алихан Букейхан покидает «Степной край», изредко публикуясь на ее страницах в период первой русской революции 1905-1907 годов. Замечу, что накануне ухода из газеты, в 1903 году, А.Букейхан впервые побывал в царских застенках в составе всей редакции «Степного края», о чем рассказывал С.Швецов в вышеприведенных воспоминаниях.

### **АЛИХАН БУКЕЙХАН: НАЦИОНАЛИЗМ – ЭТО ЛЮБОВЬ К СВОЕЙ НАЦИИ...**

В 1905 году грянула первая русская революция. В конце года та же петербургская «Наша жизнь» констатировала, что политические взгляды А.Букейхана претерпели изменения, иначе говоря, он из увлеченного марксиста превращается в убежденного наци-

оналиста. Радикальная перемена в его политическом мировоззрении произошла после участия в работе сразу двух научных экспедиций под руководством Федора Щербины и Сергея Швецова в 1896-1901 и 1902 годах. Досконально изучив культуру, быт и форму хозяйства своего народа, а также самостоятельно исследовав историю принятия Казахскими ханствами подданства России, он увидел пагубность разделения своего народа на классы богатых и бедных или эксплуататоров и эксплуатируемых, по принадлежности к тому или иному роду жузу или орде, на образованных или безграмотных. Он видел свой народ единой нацией с общей культурой, языком и религией. Пришел к убеждению, что казахи талантливый народ, которому необходимо дать лишь современное образование и привить новые ценности, сохранив при этом самобытную культуру. Свой народ он сравнивал с человеком, находящимся «**в детстве своего духовного развития**». Еще в ранних статьях он писал, что «**Казахская степь... не в дальнем будущем достигнет некоторого успеха на пути цивилизации, как народ, одаренный от природы умом, способностью**». Позднее, в 1910 году, в своем очерке «Казахи», изданном в С.-Петербурге, он написал, что видит «**будущее казахской степи в сознательном претворении западной культуры – в самом широком смысле этого слова**». Но не по Марксу.

К началу же 1905 года он успел прославиться на весь Степной край, прежде всего перед колониальными властями, как бескомпромиссный борец за права и интересы своего народа. И к концу 1905 года в тайной переписке Омского жандармского управления с Департаментом полиции в С.-Петербурге имя А.Букейхана фигурировал как «**главный руководитель, как оказывающий огромное влияние на всю казахскую степь, безусловно есть и будет чиновник переселенческого Управления Букейханов**» или «**известный пропагандист, бывший душой всех митингов и петиций и противоправительственных агитаций и как главный инициатор и руководитель религиозно-политического движения казахов**» [в ориг. «киргиз»].

А.Букейхан стал националистом не внезапно, как может показаться на первый взгляд, а был таковым со студенческих лет и оста-

вался им до конца жизни. Выдвигая национальную идею «Алаш», ее автор и лидер одноименного движения, А.Н.Букейхан, исходил из убеждения, что национализм – это любовь к своей нации и забота о ней, что национализм казахов – это естественное осознание своей генетической, исторической и культурной принадлежности к своему народу и своей отчизне, родо-племенное чувство, скреплённое общностью происхождения, языка, истории, культуры, традиции и стабильной средой обитания конкретной личности и его предков. Он до конца своей жизни настойчиво и последовательно отстаивал священное право казахов, как коренной нации, быть хозяином на собственной земле, земле предков.

Между тем понятие национализм в цивилизованном мире имеет исключительно положительную трактовку, как преданность своему народу, защита национального единства или независимости. К примеру, американский политический словарь, выдерживший к 90-м годам прошлого столетия 9 изданий, гласит: «Национализм отождествляется с социальными и психологическими силами, которые зародились под действием уникальных культурных, исторических факторов, для того чтобы обеспечить единство, воодушевление в среде данного народа посредством культивирования чувства общей принадлежности к этим ценностям. Национализм объединяет народ, который обладает общими культурными, языковыми, расовыми, историческими или географическими чертами или опытом и который обеспечивает верность этой политической общности».

Ему вторит и британская энциклопедия, где национализм рассматривается как «верность и приверженность к нации или стране, когда национальные интересы ставятся выше личных или групповых интересов».

И, наконец, согласно японской энциклопедии - «национализм есть всеобщая приверженность и верность своей нации».

Идея казахского национализма «Алаш», выдвинутая Алиханом Букейханом, в своем проявлении не выходила за рамки вышеприведенного классического национализма. В то же время наблюдается, на первый взгляд, противоречивое действие казахского национального лидера. В частности, в октябре 1905 года Алихан

Букейхан выступает одним из инициаторов организации омской городской и акмолинской областной группы Конституционно-демократической партии, с января 1906 года - партии «Народной свободы», и тут же избирается одним из руководителей этой группы. Более того в конце 1905 – начале 1906 года он успешно создает казахский филиал этой партии среди своих сородичей в Каркаралы и Семипалатинске. И избирается депутатом I Государственной думы от казахской кадетской партии Семипалатинской области.

Партия возникла буквально между манифестами 23 апреля и 17 октября 1905 года, но за короткое время стала самой крупной и популярной в России и в ее колониальных окраинах оппозиционной силой. Программные цели и задачи кадетов в целом отвечали стремлениям и чаяниям казахов. Вот их краткая суть: «...а/ обеспечение законодательными нормами неприкосновенность личности, равенства всех граждан - безъ различия национальности, вероисповеданий, сословий и пола, и свобод»; б/ введение всеобщего, равного, прямого и тайного избирательного права, без различия пола, как в народном представительстве, так и в местном самоуправлении; в/ законодательное разрешение земельной реформы и г/ удовлетворение справедливых национальных требований».

Вступая в русскую политическую партию, лидер интеллигенции Алаш исходил из глубокого осознания того, что бороться против могущественной колониальной империи и добиться восстановления независимости путем вооруженного восстания при самодержавии невозможно. Ни фактически, ни теоретически. И вооруженная борьба, на его взгляд, не найдет массовой поддержки в народе, что ярко продемонстрировало поражение восстания хана Кенесары.

Единственный путь, который мог привести казахов к восстановлению национальной государственности, а затем и полной независимости, по убеждению лидера «Алаш», лежал через радикальное политическое реформирование самой колониальной империи, преобразовав ее из самодержавия в конституционное федеративное демократическое государство.

С этой целью Алихан Букейхан, по одним данным, после избрания в I Думу в 1906 году, по другим – в 1908 году вступает в

русскую масонскую ложу «Полярная звезда», которая после реформирования в 1910 году стала именоваться «Великий Восток народов России». Отец-основатель российского масонства начала XX века, профессор Максим Ковалевский, стратегическую миссию новых вольных каменщиков выразил одной фразой. После возвращения в Россию из эмиграции из Париже в 1906 году, он заявил: **«только масонство может победить самодержавие»**. И оно выполнило свою миссию в феврале 1917 года, добившись отречения Николая II от престола и свержения самодержавия.

## **НУЖНО ПРЕДОСТАВИТЬ НАРОДАМ ПРАВО ЖИТЬ НЕ ПО МАРКСУ, А ТАК, КАК ОНИ ЗАХОТЯТ!**

Своей стратегической цели достиг и Алихан Букейхан, которому теперь предстояло решить следующую не менее сложную задачу – добиться от предстоящего Учредительного собрания предоставления казахам права на национальное самоуправление, под которым он подразумевал восстановления казахской государственности, сперва, хотя бы в составе Российской федеративной республики. Для выхода из ЦК и рядов кадетской партии он «нашел» формальный повод, заявив на внеочередном съезде партии в июле 1917 года о возникновении «принципиальных» разногласий с ЦК, в частности – по вопросам передачи земли в собственность, отделения церкви от государства и, самое главное - предоставления казахам автономии. Гарантию же на автономию он успел получить от братьев-масонов, среди которых были и кадеты. Попрашавшись с кадетами, он немедленно приступил к созданию национальной партии «Алаш» с целью участия в выборах в Учредительное собрание и инициировал созыв I-го Всеказахского съезда, где было принято постановление о требовании предоставления казахскому народу автономии. В октябре же 1917 года он участвует на первом Общесибирском съезде, где от имени всего казахского народа заявил: **«Здесь нам говорят о федерации и об автономии, мы же требуем себе самоопределения, предоставления нам права самим решить, как нам управляться и жить. Нельзя управлять страной из Петербурга... Нужно предоставить народам [право]**



жить не по Марксу, не по готовым формулам, а так, как они захотят».

Алихан Букейхан эти свои слова, помимо руководителей Сибирской автономии и Временного правительства России, адресовал и вождям большевиков, которые в тот момент пока еще отчаянно рвались к власти. Но вероятность захвата ими власти с каждым днем росла, а надежда на то, что Временное правительство во главе с Александром Керенским благополучно доведет бывшую империю до Учредительного собрания, таяла на глазах. Эта надежда стала еще призрачной после четвертого сентябрьского кризиса Временного правительства.

Подобная зыбкая политическая ситуация вынудила А.Букейхана, во-первых, уже в сентябре 1917 года приступить к созданию национальной армии под безобидным названием «народная милиция», во-вторых - заверить I Сибирский областной съезд в том, что казахская автономия временно присоединится к Сибирской. Это заявление лидера Алаш прозвучало за два месяца до созыва II Всеказахского съезда и официального провозглашения Автономии Алаш-Орда. «Мы полагали, - писал он в своей статье «Жалпы Сібір сиезі», посвященной итогам этого съезда, - сперва нужно объединиться с Сибирью, чтобы безболезненно отделиться от мощного государства, а затем, укрепив свою государственность, отсоединиться и от нее».

### АЛИХАН БУКЕЙХАН: «УЛЬЯНОВ-ЛЕНИН, КАК НИКОЛАЙ, СЧИТАЕТ НАРОД ЗА БЕЗСЛОВЕСНОЕ ЖИВОТНОЕ»

После вероломного захвата власти большевиками, 1 декабря 1917 года А.Букейхан, оставаясь комиссаром Временного правительства в Тургайской области и членом комитета по управлению Туркестанским краем, издал и распространил памятку, в которой обвинил вождя Советской власти Владимира Ульянова-Ленина в «самодержавии» и разоблачил черносотенную сущность новой власти. «Безответственность Правителей мы видели при царе Николае, - говорилось в памятке, - Большевикский председатель

Ульянов-Ленин, как Николай, распоряжается самодержавно. Ульянов-Ленин, как Николай, считает народ за безсловесное животное».

«Запомните, крестьяне, рабочие и солдаты, - взывал далее лидер казахов Алихан Букейхан в документе, - большевики считают: 1) Ответственность перед народом Правителей, 2) Свободу слова, свободу печати, свободу собрания, 3) Всеобщее, прямое, тайное голосование, 4) Неприкосновенность граждан депутатов, 5) Власть народа буржуазным предрассудком!.. Большевики освободили из тюрьмы главу «Союза русского народа» Дубровина, черносотенца, слугу Николая, организатора убийства члена первой Государственной Думы М.Я.Герценштейна, павшего в борьбе за землю для народа».

В заключение автор памятки срывает с лица большевиков маску «революционера»: «Запомните, крестьяне, рабочие и солдаты, с лица большевика спала красная маска революционера и обнажила его сущность черносотенца!»

Сам когда-то самозабвенно увлеченный идеями социализма, А.Н.Букейхан увидел между громкими декларациями о социализме и реальными делами Советской власти огромную пропасть. В очередном материале о текущей ситуации в России, опубликованном в номере журнала «Абай» от 19 июня 1918 года под заголовком «Қазіргі саяси хал» («Текущая политическая ситуация»), он обвинил большевиков в «извращении и предательстве идеи социализма».

В отличие от большевистской Советской власти, которая своих политических оппонентов арестовывала и расстреливала без суда и следствия, мало того, развязала против собственного народа кровавую гражданскую войну, противопоставив сына отцу, дочь матери, Народный совет Алаш-Орды во главе с А.Букейханом в августе 1918 года учредил специальный суд и следственную комиссию для разбора дел казахских большевиков. С первых дней своего существования.

## ИДЕЯ «АЛАШ» УМРЕТ ВМЕСТЕ С ПОСЛЕДНИМ КАЗАХОМ

Позже, даже вынужденно признавая и присоединяясь к Советской власти во имя и ради сохранения казахского национального государства, Алихан Букейхан и его соратники по движению «Алаш» не отказались от национальной идеи. Больше того, в свидетельстве своего отказа от вооруженной борьбы против Советской власти и принятия ее условий, он добровольно отказался от претязаний на верховную власть в своей казахской, но уже советской республике, о чем дал письменную клятву. В тоже время, смиренно согласившись на деятельность лишь в сфере образования и науки, Алихан Букейхан и его соратники вплоть до 30-х годов XX века продолжали благоприятно влиять на развитие казахской советской культуры, образования и науки. И эта выдающаяся интеллигенция «Алаш» во главе с Алиханом Букейханом, по мнению ученых-казаховедов Общества изучения Средней Азии Оксфордского университета, до своего исчезновения в кровавых репрессиях 30-х годов, преследовала единственную цель – **«придать казахской советской культуре отчетливо национальный характер».**

После казни Алихана Букейхана 27 сентября 1937 года, в день вынесения смертного приговора, преступный режим СССР вплоть до своего краха в декабре 1991 года тщательно скрывал то место, где был похоронен легендарный сын и вождь казахских степей. Очевидно, Советская власть не была уверена, что навсегда похоронила национальную идею «Алаш» вместе с ее носителем - лидером казахского национализма Алиханом Букейханом. Место его вечного покоя оставалось тайной больше 10 лет даже после краха «империи зла». Лишь более 60 лет спустя стало известно, что его прах похоронен в Донском кладбище в Москве [фото № 6].

Также очевидно, что идея «Алаш» не умерла вместе с интеллигенцией «Алаш», физически уничтоженным в советских ГУЛАГах. Она лишь дремала более полвека в генетической памяти каждого казаха и народа в целом, пробуждаясь в критические моменты истории. Идея Алаш будет жить и дальше в генах, течь в



крови каждого казаха в отдельности и всего народа в целом до тех пор, пока она не будет реализована целиком и полностью, но уже в эпоху независимого государства казахов.



**Дулатбеков Нұрлан**

**Орынбасарұлы**

Қарағанды облыстық мәслихатының  
Хатшысы, ҚР ҰҒА корреспондент-  
мүшесі, заң ғылымдарының докторы,  
профессор

### **БІЛІМПАЗ Ә.БӨКЕЙХАН ХАҚЫНДА**

*Қазақ үні газеті, № 09 (618), 4 наурыз, 2014 жыл.*

Наурыз айының 5 күні ұлтымыздың мақтанышы Әлихан Бөкейханның туған күні. Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған мақалада ұлт көшбасшысының Санкт-Петербургтегі Орман шаруашылығы институтын тәмамдағаннан кейінгі кезеңді соңғы сапарымыз барысында қол жеткізген мұрағат құжаттарына сүйене отырып, әңгімелеп берсек дейміз. Бұл құжаттардың барлығы қазір жаңадан салынған Санкт-Петербург қаласындағы Ресей ұлттық мұрағатында сақталып қалыпты (387-қор. 24 б. 1307-іс). Аталған құнды құжаттармен бұрын-соңды танысқан қазақ оқырмандары туралы мәлімет жоқ екен.

1895 жылғы 15 маусымда басталған Орман департаменті 1-бөлімінің №100 ісі «Дело ученого лесовода Букейханова» деген папкада сақталған.

**1-бетте** Ресей Жер қатынастары және мемлекеттік мүлік министрлігіне қарасты Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының мемлекеттік мүлік басқармасының (Омбы қаласы) 5 маусымда жазылған №2018 қатынас қағазы тігілген. Онда былай деп жазылған:





**2-бетте** Әлекеңнің өз қолымен толтырылған сұранысы бар:

«Орман департаментіне

Ғалым ормантанушы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтан Санкт-Петербург Орман шаруашылығы институтын 1894 жылы бітіріп, сол саладағы ведомстваға қызметке тұру ниетімен, Орман департаментінен мені Орманшылар корпусына тіркеп, Омбы Мемлекеттік Мүліктер Басқармасы жанынан қайтадан ашылып жатқан орман мектебіне, оқытушы лауазымына тағайындауды сұраймын.

Менің құжаттарым Мемлекеттік Жер Мүліктері Департаментінде жатыр, оны осы жылдың 28 ақпанында жоғарыда аталған партиялардың біріне қызметке алу туралы сұраныс жасай отырып жолдаған болатынмын».

**3-бетте** Санкт-Петербург Орман институтының аттестаты тігілген. Онда:






Дендрология – 4 (жақсы),  
Зоология – 5 (өте жақсы),  
Минерология және Геогнозия – 5 (өте жақсы),  
Химия – 5 (өте жақсы),  
Почвоведение (Топырақтану) – 5 (өте жақсы),  
Физика – 5 (өте жақсы),  
Метеорология – 4 (жақсы),  
Математика – 5 (өте жақсы),  
Геодезия – 4 (жақсы),  
Саяси экономия – 5 (өте жақсы),  
Статистика – 3 (қанағаттанарлық),  
Жалпы заңтану – 5 (өте жақсы),  
Полиция құқығы – 5 (өте жақсы),  
Орман және жерді межелеу заңдары – 4 (жақсы),  
Ормантану – 3 (қанағаттанарлық),  
Орман таксациясы және орманды бағалау – 3  
(қанағаттанарлық),  
Орманды орналастыру – 5 (өте жақсы),  
Орман Инженерлік өнері – 5 (өте жақсы),  
Орман технологиясы – 3 (қанағаттанарлық),  
Неміс тілі – 3 (қанағаттанарлық).

1880 жылы 15 сәуірде бекітілген Санкт-Петербург Орман институты туралы Ереженің негізінде, 1894 жылы 12 қыркүйекте өткен Институт Кеңесінің отырысында Әлихан Бөкейхановқа, Ресей университеттері студенттеріне қатысты құқықтар мен артықшылықтармен қоса, екінші дәрежелі ғалым орманшы атағы берілді» - деп жазылған.

Аттестатқа Институт директоры, оның көмекшісі, хатшысы қол қойып, мөрі басылған.

**4-бетте** «Құпиялық» белгісімен Жер қатынастары және Мемлекеттік мүлік министрлігіне қарасты Орман департаментінің Ә.Бөкейхановты қызметке орналастыру туралы Полиция департаментіне жолдаған қатынас қағазы тіркелген. 5-бетте сол хатқа Полиция департаментінің берген жауабы келтірілген. Онда аталған департамент тарапынан Әлихан Бөкейхановтың орман ведомствосы бойынша мемлекеттік қызметке орналасуына кедергі болмайтындығы, қарсылық жоғы жөнінде мәлім етілген.

6-7 беттерде ақырында Әлекеңнің жоғарыда аталған қызметке тағайындалғаны жөніндегі бұйрық берілген. Бұйрық 1895 жылдың 17 шілдесінде шыққан.



Одан кейінгі беттерде Орманшылар корпусы бойынша бұйрықтар, Ә.Бөкейханов еңбек еткен жылдарғы аттестациялардың қорытындылары берілген. Сол аттестация қорытындылары бойынша Ә.Бөкейхановтың қызмет дәрежесі де өсіп отырған. Мәселен, 1-дәрежелі аксессор, т.с.с.

Ең соңғы бетте ғалым орманшы Әлихан Бөкейхановтың тағы бір сұранысы келтірілген. 1915 жылдың 4 қаңтарында жолданған қатынас қағазда былай деп жазылған:

«Орман департаментінен мені Дон жер банкіне жеке орман қызметіне жіберуді сұраймын. Қазіргі кезде осында қызмет етемін, банкке Самара, Симбирск, Қазан, Уфа және Орынбор губернияла-

ры бойынша кепілге қойылған орманды жерлерді бағалаумен айналысамын. Менің қызметіме қатысты шығарылған шешім жөнінде хабардар етуді өтінемін, тұрғылықты жерім: Самара қаласы, Қазан көшесі, №30-үй».

Бір айта кетерлігі, мұрағат материалдары арасында Әлекеңнің фотосуреттері жоқ. **Есесіне дипломының түпнұсқасы бар.** Барлық дерлік мұрағат құжаттарындағы мәліметтер Ә.Бөкейхановтың сауаты зор, қабілеті қарымды маман-қызметші екендігін айғақтайды. Тайға таңба басқандай қолтаңбасының өзі көп нәрседен хабар бергендей. Бір салада ұзақ жылдар бойы табан аудармай еңбек еткен Әлекең жат жерде, үлкен қызметте жүрсе де, өзінің туған жерін, атамекенін бір де бір естен шығармаған. Үнемі ат ізін салып, елдің, жердің жағдайымен жақын танысып отырған. Олардың тұрмыс-тіршілігіндегі кем-кетік, жоқ-жітікке жаны ауырып, халқының өзге мойны озық елдермен жылдам теңеліп, қатарға қосылуына күш салған.

Әлекең жайындағы мақаланың қорытындысын оның інісі Смақан төренің естеліктерімен, (айтушының стилін, сөйлеу мәнерін сақтай отырып) аяқтағанды жөн көріп отырмыз...

\* \* \*

*... Бірде Әлекең оқу оқып, елге кеп жүргенінде жүз қаралы қой айдаған адамға жолығады:*

*- Бұл кімнің қойы? – деп сұрайды.*

*Қойшы айтады:*

*- Төренікі.*

*- Төрең кім?*

*- Косте.*

*- О қайда?*

*- Әне келеді.*

*Келсе стражник Косте пұшық – Қарқаралының казак орысы.*

*• Сен кімсің?*

*• Мен Костя.*

*• Қайдан келесің?*

*• Шеттен – кәрсөн-керней, шұбыртпалыдан...*

*• Қой кімдікі?*

- Менікі.
- Қайдан алдың?
- Елден.
- Не деп алдың?

Үндемейді. Костеге дүрені соғып, қойды алып қоя берген. Мұны Дайыр төре естіп, әкесі Мықанды шақыртып алып: «Балаңды қойғыз» - депті.

\* \* \*

1895 жылы Тоқырауын болысында Николайдың «бүктеме» деген сайлауы өтеді. Бір старшын екі жүз үй болса, бір жағы тоқсан тоғыз болса, бір жағы жүз болса, тоқсан тоғыз үйге түк жоқ. Жүз бір үй төрт елубасы сайлап алады. Сонда байлар елубасы болады. Әбжан Оспан баласы кедей адам, елубасылыққа «сайламаймыз» дегенде, Әлихан күш салып, жазып жіберген – елубасы болды.

Бөлкембай болды болысы, Ахметжан Абдырбай, бір ауылдан би еді. Берекеңнің белгісіз елубасы шықты төреден, азгантай гана үй еді.

Керей Әбжанды қойған Әлихан. Әділ шаригат болғанда көп жағына жүйе еді деген сайлауда қазақтың жиын тобында осындай кедейді сайлады, мына Мықанның баласы депті қазақтар.

\* \* \*

1898 жылы жұт болып, ел жұтап, Әлекең Омбыдан келіп, жұтаған елге Нұра елі Қушоқы табын деген елге сиыр әперген жәрмеңкеден. Жұтаған елге қырық бұзаулы сиыр әперген. Қайта төлеусіз болды, содан малданған адамдар да болды.

\* \* \*

1896-ншы жылы бүкілресейлік санақ жұмысына қатысып, қазақ жерін тегіс аралап шыққан. Бұдан кейін де қазақ жеріне шыққан бірнеше экспедицияға қатысқан.

Ең соңғы қатысқан экспедициясы профессор Руденко басқарып, Адай жерінде болған экспедиция еді, бұл экспедиция материалы жеке кітап болып басылған. Сол кітапта Әлекеңнің да мақаласы бар.

1905 жылғы революция кезінде патша өкіметі «өкіметке қауіпті адам» деп абақтыға жапқан...

Абақтыдан шыққаннан кейін Семейге келіп, біраз уақыт осы қалада тұрады. Бір күні Қарқаралы оязының бастығы Кинницпен кездесіп қалады, сонда Кинниц кекетіп:

• Патшаны құлатамын деп шаршаған боларсыз?! Демалып жүрген боларсыз?! - деп әжуалап сөйлегенде, Әлекең:

• Қазақ халқының бір мақалы бар: « Ер – туған жеріне, ит – тойған жеріне» дейді. Менің жсауабым осы! – деген екен. Сонда фон Кинництің әйелі күйеуіне:

• Саған керегі осы еді. Әлихан Нұрмұхамедович өзінің туған жері үшін зардап көргенін түсінбегенсің, - деп күйеуін одан әрі сөйлетпей, сүйрелеп жүріп кетіпті.

\* \* \*

Әлекең «оқыдым» деп басына пайда қылмаған, мал жсимаған, үй салмаған, үй тігіп, бие байлап, қымыз ішіп, қазақша дәурен сүрмеген. «Қазағым, елім!» - деп кеткен. Пара алмаған, қазақтың елін, жерін аралап көрген. Өмірін «қазақты ел қыламын» деп сарп еткен.

Әлекең байшыл адам емес, жанның бәрін бірдей көреді. Ешкімнен еш нәрсе алайын демейді, пара алмайды. Қазақтың қамын жеген есіл ер, тілеуі қабыл болмай, арманда кетті. Есенгелді, Саржан, Кенесары, Наурызбай бауырларындай жазықсыз жаза шекті!



**Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы**  
директор научного центра  
гуманитарных исследований  
«Евразия», Ученый секретарь  
Национального Конгресса историков,  
д.и.н., профессор

## **АЛИХАН БОКЕЙХАН КАК ИССЛЕДОВАТЕЛЬ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА**

Алихан Бокейхан был поистине многогранной и неординарной личностью, о которых обычно казахи говорят «бір сырлы, көп қырлы». Наряду с активной политической и общественной работой, он рьяно и на весьма обстоятельной основе занимался глубокими историческими исследованиями, несмотря на свое «лесотехническое» образование. Он, как и многие другие казахи, не только просто увлекался историей, а занимался этим делом на вполне профессиональном уровне. Действительно, встав на путь национально-освободительного движения, он не мог поступить иначе. Порой бескомпромиссная и жестокая борьба с национал - шовинистическими группами российского военного и гражданского чиновничества, депутатского корпуса, а то и просто обычных обывателей, относящихся к казахам как к людям «второго сорта», которых надо «облагораживать», «просвещать» и «осваивать» их «пустующие» земли, заставляла и вынуждала его относиться к истории весьма серьезно.

На наш взгляд для того, чтобы вытащить свой народ из - под ситуации незаконного лишения его народа политической незави-

симости он был вынужден детально знать и активно пропагандировать национальную историю среди широких слоев казахского общества. В потере казахами своей независимости он винил и своих родственников - чингизидов, которые не сумели отстоять независимость казахов, которые почти на протяжении 600 лет доверили им свою судьбу.

Более того, он не только изучал его из книг, архивов, но и как всякий представитель алашского движения, собирал историко-этнологические материалы в ходе нескольких статистических экспедиции, а также частных поездок. После себя он оставил замечательные труды по истории. Среди них яркое место занимает его соавторство в замечательном фундаментальном труде, вышедшем в 1903 году в Петербурге восемнадцатого тома собрания под общим названием «Россия. Полное географическое описание нашего края».

В конце XIX - начале XX века А. Бокейхан принимал деятельное участие в составе статистической экспедиции Ф.А.Щербины, С. Швецова, С.Руденко по исследованию степных уездов Степного генерал-губернаторства, район сибирской железной дороги, а также Мангыстау.

Лидер казахского народа сотрудничал в официальных и кадетских изданиях (в газетах и журналах) - «Дала улаятының газеты», «Казах», «Айкап», «Степной пионер», «Степной край», «Иртыш», «Омич», «Голос», Семипалатинские областные ведомости и так далее, где он публиковал историко-этнологические и краеведческие статьи.

Он сам лично собирал ценные ратитеты своих предков и вводил их в широкий научный оборот, за что его можно включить в разряд первых казахских источниковедов.

Алихан был и блестящим рецензентом и редактором многих исторических трудов. К примеру, Кошке Кеменгерулы прежде чем издать свой очерк в 1924 году «Из истории казахов» передал рукопись А.Бокейхану для замечаний и рекомендаций.

Руководитель казахского национально-освободительного движения состоял во многих краеведческих организациях исследовательского характера, к примеру, в работе Западно-Сибирского от-

дела Русского Географического общества. Одинаково писал как на казахском, так и на русском языках. Он был первым исследователем творчества великого Абая. Написал множество исторических и этнографических трудов «Киргизы», «Материалы к истории султана Кенесары Касымова», «Родовые схемы киргиз Каракаралинского уезда», «Абай (Ибрагим) Кунанбаев», «О киргизских поминках», «Из жизни киргиз», «Женщина по киргизской былине «Кобланды» «Из переписки хана Средней Орды Букея и его потомков», «Список обам на реке Слеты в Коржункульской волости Акмолинской уезда» и другие.

В своей серийной статье «Из истории казахов» он призывал общество ценить свое прошлое, литературу и культуру: «мы обязаны на основе прошлой традиции создать (современную) «казакскую культуру» и казакскую литературу. И тогда мы сможем сохранить свое настоящее имя, имя казак».

Он призывал грамотную часть казахского общества верно служить своему народу и родной земле. А без знаний истории сделать это невозможно.

На наш взгляд, то, что сделал один Алихан Бокейхан, сегодня, к сожалению, не делают целые научно-исследовательские институты исторического профиля. Это, к сожалению, факт, который трудно опровергнуть или оспорить.

Сегодня практически никто не проводит историко-этнологические и статистические экспедиции в сельской местности. Никакая организация централизованно и системно не собирает материалы устного народного творчества, которая тает на наших глазах вместе с уходом в мир иной людей старшего поколения, которые являются последними носителями уникальной номадической культуры.

Мы сегодня имеем сотни тысяч студентов, которые в летние время могли бы заняться тем, чем в свое время занимался практически круглогодично и всю свою сознательную жизнь Алихан Бокейхан, по крупицам восстанавливая историческую картину жизни и деятельности казахов и их тюркоязычных предков.

Мы в настоящее время не имеем единого научного Центра, где были бы сосредоточены все ценные исторические источники о



прошлом нашего народа. К примеру, в Армении есть уникальнейший Институт древних рукописей Матендаран им. Маштоца, где собраны почти 18 тысяч документов из истории армян, собранных со всего мира. А у нас они разбросаны и не защищены от пропажи и уничтожения.

Мы не имеем институтов, изучающих проблемы голода и политических репрессии. К примеру, в Украине есть Институт национальной памяти, под руководством которого, к примеру, установлены имена почти 4 миллионов умерших во время голода в начале 30-х годов минувшего века.

Мы не создали институт, призванный детально и системно изучить формирование и героический путь более 70 воинских соединений, сформированных на территории Казахстана в грозные годы Великой Отечественной войны. Поэтому, Великую Победу в Великой Отечественной войне приписывает только одному народу...

Мы не имеем института, изучающего прошлое и настоящее казахов, проживающих за пределами своей исторической родины, хотя при внимательном подходе можно было собрать то, что уже безвозвратно пропало на территории самого Казахстана. Поэтому наша история где-то может оказаться не совсем изученной и осмысленной.

Наша история – уникальная и неповторимая. И наши предки творили уникальную историю. Не случайно и не вдруг наш Президент Н.А. Назарбаев писал, что **«наше созидание должно опираться на богатейший исторический опыт. Мечтая о достойном будущем, давайте помнить исторический опыт. Мечтая о достойном будущем, давайте помнить о достойном прошлом».**

Ведь не секрет, что саки, гунны, тюрки, кыпчаки, а теперь уже и казахи сыграли и продолжают играть самую заметную роль в развитии всемирной истории. Об этом наиболее ярко и беспристрастно написал великий французский мыслитель Ш.Монтескье: **«Ни один народ в мире...не превзошел татар (тюрков) своей славой или величием... Этот народ поистине владыка вселенной; все остальные как будто для того созданы, чтобы ему служить, он также основатель и разрушитель империи; во все времена он проявлял на земле свое могущество...Этому победоносно-**

му народу недостает только историков для прославления его чудесных деяний. Сколько бессмертных подвигов погребено во мраке забвения! Сколько они основали империй, которых происхождения мы даже не знаем!»).

Безусловно, новому поколению отечественных исследователей независимой страны предстоит изучить и написать деяния предков, но и вытащить из «мрака забвения» бессмертные их дела, в том числе и их вклад в мировую цивилизацию. Это в свое время замечательно проделал один из самых достойных и лучших сыновей казахского народа Алихан Бокейхан

## АСТАНАДАҒЫ ШАРА АЛАШ КӨСЕМІНЕ АРНАЛДЫ

*Қазақ үні газеті, № 10 (619), 11 наурыз, 2014 жыл.*

Қазақтың ұлттық мемлекетін қайсарлықпен қайта қалпына келтірген, Кеңес өкіметіне де бізді мойындауға қол жеткізген, «Алаш» ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы Әлихан Бөкейхандай ұлы тұлғамыздың туған күніне орайластырылған аталмыш іс-шара, ағымдағы жылдың 6 наурызы күні «Жастар шағын» ауданының аумағында орналасқан «Бабалар қорымындағы» Кенесары хан сарбаздары мен Смағұл Сәдуақасұлының бейітіне зиярат етуден бастау алды.



«ӨЛІМ ҚАЙДАН БОЛСА, ТОПЫРАҚ СОДАН» демекші, Ата-бабаларымыздың қанымен сақталып қалған қазақ жерінің төсі - Сары Арқада жандары мәңгілік дамыл тапқан осынау есіл ерлердің рухы ұрпағын желеп-жебей жүрсін деп, екі абтобускалық толы адам, тайлы-тұяғымызбен жеткен едік. Жосын бойынша, бұл қабірстанда жатқан күллі мұсылманға арналып құран оқылды

және де Дихан ағамыздың әңгімелеуінде, осы мәңгілік мекеннің тарихына қысқаша шолу жасалды: «Зерттеушілер «Қараөткел» мұсылман зиратының 1609–1962 жылдар аралығын қамтитынын анықтады. Бұл қорымда Тәуке ханның ұлы Сәмеке, Ақмоланың негізін қалаушы аға сұлтан Қоңыркұлжа Құдаймендин, Бөгенбай,



Қабанбай, Кенесары, Амангелді батырлардың сарбаздары, көпес Баймұхамед Қосшығұлов, Балуан Шолақтың Ғалиясының ескерткіш тасы да тұр, Ақмолалық әкелі-балалы көпес Уәли және Ғалиакпар Халфин әулетінен тараған үрім-бұтақтарын, зәуазат-жұрағаттарын қосыңыз. Алаш арыстаны Хайретдин Болғанбай қуғындалған жылдарда панасыз қалып шетінеген үйелмелі-сүйелмелі бөбектері, аға сұлтан Ыбырай Жайықбаев сынды көптеген жақсы-жайсаңдар осы қорымға жерленгенін ұрпақтары тебіреніп еске алады. 1933 жылы Мәскеуде құпия жағдайда өлтірілген Алаш арысы, 20-жылдары голощекиндік саясатқа қарсы тұрған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Смағұл Садуақасұлының сүйегінің күлі 2011 жылы 20 мамырда елге әкелініп, осы тарихи қорымға қойылды. Тіпті, діні мұсылман халыққа белгілі Самарқан, Бұхар, Қазан



қалаларында туған қайраткерлер жерленген деген деректер де бар. Ал, құлпытастардағы жазулардың Араб, парсы тілдерінде және төте жазумен жазылғаны белгілі. Сонымен қатар, осы көне мұсылман зиратын жаңалауға көмек еткен Михаил Саварбекұлы

Гуцариев деген ингуш азаматы. Ақмоланың тумасы, бүгінде Мәскеуде тұрады. Ресейдегі санаулы аса дәулеттілердің бірі».

Зират басынан кері орала салысымен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бас ғимаратындағы «Ғылыми кеңес» залында «Әлихан Бөкейхан. Марксизм қағидасынан ұлттық «Алаш» идеясына дейінгі эволюциялық жол» атты республикалық конференция өтті.

Конференция жұмысына Алаш қайраткерлерінің ұрпақтарынан Қошке Кемеңгерұлының немересі- Ризабек Кемеңгеров, Итбай Ережепұлының немересі - Өтелбек Шынанов, Хайретдин Болғанбаевтың туысы - Достық Кемелов, Сұлтанбек Қожанұлының жиені - Светлана Тыныбекова, Алаштанушы-ғалымдардан ҚР ҰҒА академигі Серік Қирабаев, ҚР ҰҒА академигі Сейіт Қасқабасов, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, ф.ғ.д. профессор Дихан Қамзабекұлы, Қарағанды облыстық мәслихатының хатшысы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, з.ғ.д. профессор Нұрлан Дулатбеков, «Ақ жол» ҚДП Төрағасының орынбасары, белгілі ақын Қазыбек Иса, «Ақ жол» ҚДП Орталық кеңесінің хатшысы, ҚР Құрмет орденінің иегері Сәбит Байдалы, «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының директоры, Әлихантанушы ф.ғ.к. PhD докторы Сұлтанхан Аққұлы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының директоры, ф.ғ.д. профессор Тұрсын Жұртбай, «Еуразия» гуманитарлық зерттеулер орталығының директоры, т.ғ.д. профессор Зиябек Қабылдинов, ф.ғ.д. профессор Қаржаубай Сартқожаұлы, Семейдегі «Алаштану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, ф.ғ.к. Тұрсын Шаңбай және ҚР Парламенті депутаттарынан Азат Перуашев, Нұрлан Жазылбеков, Алдан Смайыл, Мұрат Бақтиярұлы, Жабал Ерғалиев, Талғат Ерғалиев арнайы қатысты. Сонымен қатар, тарих, филология факультеттерінің жоғары курс студенттері де жұмылдырылды. Конференцияның жұмысы барысында Сұлтанхан Аққұлы құрастырған «Әлихан Бөкейхан Шығармаларының 9 томдық» жинағының тұсаукесер рәсімі жасалса, соңына қарай, Алаш қозғалысы және Әлихан Бөкейхан өміріне қатысты маңызды жайттарды ескере келе, **ҚАРАП** қабылдады.

1. ҚР Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атына өтініш жолдап, Алашорда автономиясын - «Алаш (Қазақ) демократиялық республикасы», ал оның төрағасы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханды -«Алаш (Қазақ) демократиялық республикасының президенті» деп тану туралы жарлық шығаруға ықпал етуі және Ә.Н.Бөкейханның 150 жылдығы мен Алаш (Қазақ) демократиялық республикасының 100 жылдығын ЮНЕСКО аясында атап өту туралы ҚР Үкіметіне тапсырма беруі сұралсын.

2. ҚР Үкіметінен «2016 жылдың наурыз-сәуір айының бірінде Ә.Н.Бөкейханның 150-жылдық мерейтойын ЮНЕСКО аясында атап өту туралы» арнайы қаулы қабылдау сұралсын. **Қаулыда төмендегідей шараларды өткізу қарастырылсын:**

а/ Үкімет жанынан мерейтойды жоспарлау және өткізу шараларымен айналысатын Мемлекеттік комиссия құру (үкімет мүшелері, парламент депутаттары, ғалымдар, қоғам қайраткерлері,

б/ Саясат пен экономиканы дамытуға және ғылымға қосқан зор үлесі мен жетістіктері үшін берілетін Әлихан Бөкейхан ұлттық сыйлығы тағайындалсын.

### **3. Зерттеулер, жинақтар және көркем шығармалар:**

а/ Ә.Н.Бөкейханның 16 томдық толық шығармалар жинағын құрастырып қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 50 мың данамен басып шығару Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Мәдениет және рухани даму институтына жүктелсін,

ә/ Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Алаш» институты, БҒМ ҒК Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты және Мемлекет тарихы институты бірлесіп Әлихан Бөкейхан энциклопедиясын құрастырып қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 10 мың данамен басып шығарсын,

б/ Ә.Н.Бөкейханның өміріне және Алаш тақырыбына қатысты зерттеулер мен көркем шығармаларға мемлекеттік гранттар жариялау,

в/ Облыстық және аудандық әкімдіктер ғылыми және қоғамдық мекемелермен бірлесіп Алаш тарихына қатысты жерлерге экспедициялар ұйымдастырсын,

г/ Жас ұрпақты Алаш ұлттық идеясымен кең ауқымда және жүйелі түрде таныстырып, оны отаншылдық рухта тәрбиелеу

мақсатында Алаш қозғалысы мен қайраткерлеріне қатысты мұрағат құжаттарын, бірінші кезекте 1928-1938 жылдарғы ғасыр құжаты аталған «Алаш ісі» сот процестері материалдарын көп томдық жинақ етіп шығарсын,

д/ «Алаш ісімен» байланысы бар ХХ ғасырдың 20-50-інші жылдарындағы саяси қуғын-сүргін материалдарын, Қазақстандағы жаппай қуғын-сүргін тарихын отандық тарихшылардың күшімен саралап, 10 мың данамен көп томдық жинақ шығарсын,

ж/ Ә.Н. Бөкейханның өмірі мен қызметі және оның ұлт-азаттық Алаш қозғалысы мен Алашорда ұлттық-территориялық автономиясы бойынша үзеңгілестері туралы құжатты, фотосуретті альбом құрастырылып, 10 мың данамен басып шығарылсын.

#### **4. Ә.Н. Бөкейханның және оның серіктері туралы:**

а/ телехикая,

ә/ көркем және

б/ деректі фильмдер түсірілсін.

**5. Қапшоштаға Ә.Н.Бөкейханның 150-жылдығына арналған мерейтойлық пошта маркасын шығару, Ұлттық банкке – Алаш көсемі бейнеленген арнайы монета басып шығару жүктелсін.**

**6. 1917 жылдың желтоқсанынан 1920 жылға дейін Алаштың ресми астанасы болған Семей қаласын «Алаш» деп атау Республикалық ономастикалық комиссияға жүктелсін. Қаладағы «Алаш үйіне» тақта орнатылсын.**

**7. Астанадағы Ұлттық мұражайдан Ә.Н.Бөкейханға арналған зал ашылсын.**

**8. Астана қаласының ең көрнекті жеріне «Алашорда» атты монументалды ансамбль ашылсын.**

**9. Семей қаласындағы «Алаш арыстары - Әуезов» мұражай-үйінің негізінде «Алаш» ұлттық мұражайын ашу қолға алынсын.**

**10. Ә.Н.Бөкейханның есімі беріліп, салтанатты түрде ескерткіш немесе тақта орнатылсын:**

а/ Астана, Алматы қалалары мен республиканың облыс және аудан орталықтарының орталық көшелеріне,

ә/ ҚР сыртқы министрлігі арқылы Ресейдің Мәскеу, С.-Петербург, Омбы, Самара, Орынбор қалаларындағы, бауырлас Түркия,



Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан астаналарындағы көшелерге.

**11. Естелік тақталар немесе мүсіндер (бюстер) орнатылсын:**

а) Ә.Н. Бөкейхан 1922-1927 жылдары Мәскеудегі бұрынғы Орталық «Шығыс» баспасының ғимаратына,

ә) С.-Петербургта Ә.Н. Бөкейхан 1890-1894 жылдары білім алған Орман институты мен университетіне, 1926-1927 жылдары Қазақстан бойынша сарапшы болып қызмет атқарған КСРО Ғылым Академиясының ғимаратына және осы жылдары ол профессор лауазымында сабақ берген С.-Петербург университетінің ғимаратына,

б) 1937 жылдың қыркүйегінде Ә.Н. Бөкейхан мәйіті жерленген Мәскеудегі Дон зиратына,

в) Ә.Н. Бөкейханның Самара қаласында 1908-1917 жылдары саяси қуғын кезінде тұрған үйіне (бұрынғы Казанская көшесі, № 30 үй),

г) Орынбор қаласында 1917 жылы тұрған үйіне (бұрынғы Николаевская көшесі, № 10 үй),

д) Семей қаласында тұрған үйіне (бұрынғы Комиссарская көшесі, № ?),

е) Мәскеу қаласында 1922-1937 жылдар аралығында тұрған үйге (бұрынғы Большой Кисловский орамы, 4 үй, 15 пәтер),

ж) Ә.Н. Бөкейхан 1886-1890 жылдары Омбы техникалық училищесінде оқыған және 1895-1908 жылдар аралығында өмір сүріп, қазақтың ұлт-азаттық Алаш қозғалысының көсемі болып танылған Омбыдағы үйіне (?),

з) 1917 жылдың желтоқсанында II жалпықазақ құрылтайының жиіні өтіп, Ұлттық-территориялық «Алашорда» автономиясын құру туралы тарихи шешім қабылданып, Ә.Н.Бөкейхан оның төрағасы болып сайланған бұрынғы генерал-губернатор кеңсесінің ғимаратына,

е) Ақтоғайдағы туған жеріне.

**12. Жетекші жоғарғы оқу мекемелерінің біріне (Еуразия ұлттық университетіне) және бірнеше ғылыми-зерттеу институтына (Мемлекет тарихы институтына, экономикалық зерттеулер, ауылшаруашылығы және мал шаруашылығы)**

Ә.Н. Бөкейханның есімі берілсін. Мысалы, Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық аграрлық университетіне.

13. Бурабай кентіндегі Орман шаруашылығы училищесіне Ә.Н. Бөкейханның есімі берілсін. Училище әлі Омбыдан көшпей тұрған 1895-1897 жылдары Ә.Н. Бөкейхан математика пәнінен сабақ берді.

14. Астана және Алматы қалаларында Ә.Н. Бөкейханның 150-жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырып өткізілсін.

15. ЮНЕСКО-дан 2016 жылды «Әлихан Бөкейхан жылы» деп сұрау жөнінде ұйымдық жұмыстар қазірден қолға алынсын.

**Осы Қарар 2014 жылдың 06 наурызда қабылданды.**

Бақытжан ЕРТАЕВ - ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,  
Халық қаһарманы,

Азат ПЕРУАШЕВ - «Ақ жол» ДП-ның төрағасы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,

Алдан СМАЙЫЛ - ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,

Азамат ӘБІЛДАЕВ – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,

Алмас ТҰРТАЕВ – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,

Нұрлан ЖАЗЫЛБЕКОВ – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,

Талғат ЕРҒАЛИЕВ – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ – ҚР Парламенті Сенатының депутаты,

Жабал ЕРҒАЛИЕВ - ҚР Парламенті Сенатының депутаты,

Нұрлан ДУЛАТБЕКОВ - Қарағанды облыстық маслихатының хатшысы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, профессор (Қарағанды),

Бүркітбай АЯҒАН - БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры, т.ғ.д., профессор,

Серік ҚИРАБАЕВ – ҚР ҰҒА академигі, профессор,

Сейіт ҚАСҚАБАСОВ – ҚР ҰҒА академигі, профессор,

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ – ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,

Тұрсын ЖҰРТБАЙ – жазушы, ф.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Отырар кітапханасы» ҒО директоры,

Жандарбек МӘЛІБЕКОВ – ҚР Мемлекеттік елтаңбасының авторы, профессор,

Қазыбек ИСА -«Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, Сәбит БАЙДАЛЫ -«Ақ жол» партиясы Орталық кеңесінің идеологиялық жұмыстар бойынша хатшысы, Айдын ЫРЫСБЕКҰЛЫ -«Ақ жол» ҚДП Орталық аппаратының идеология бөлімінің аға сарапшысы, Зиябек ҚАБЫЛДИНОВ – «Еуразия» ҒО директоры, т.ғ.д., профессор,

Марат ӘБСЕМЕТОВ - ҚР Ұлттық мұрағатының бас директоры, ф.ғ.к.,

Тұрдығұл ШАҢБАЙ - «Алаштану» ҒЗО директоры, ф.ғ.к., (Семей),

Берік ӘБДІҒАЛИ - қоғам қайраткері, саяси сарапшы,

Сұлтанхан АҚҚҰЛЫ - «Алашорда» қоғамдық қорының директоры, PhD.

**06 наурыз, 2014 жыл.**

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана, Қазақстан Республикасы**

Ал, конференция аяқталғаннан кейін, «Ақ жол» партиясы сол жағалауда орын тепкен «Нұрсая» тұрғын үй кешеніндегі «Хан Ерке» мейрамханасында Әлихан Бөкейхан рухына бағыштап ас берді. Асты партия төрағасының орынбасары, белгілі ақын Қазыбек Иса жүргізіп отырды. Жалпы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен «Ақ жол» демократиялық партиясының арасындағы рухани-шығармашылық байланыс - бірі бастап, бірі қостап дегендей, 2012 жылы Алаштың 95 жылдығын бірлесіп өткізген уақыттан бері жалғасып келеді. Ең бастысы, қазақ бірлігі ұранымен ұлы даламызды Алаш автономиясының құзырына біріктірген, ұлттың өзін-өзі басқару құқығын орнықтыруды дәйекті түрде қорғап алған Әлекеңдей абзал азаматқа күнде құрмет көрсетіп отыруды әдетке айналдырсақ та жарасар еді. Ендеше, бүгінгі Әлихан Бөкейханның туғанына 148 жыл толуына орай өткізілген конференция, Алаш көсемінің ісі мен өнегесін қазақтың

жадында қайта жаңғыртты және ұлт көсемінің 2016 жылы өтетін 150 жылдық мерей тойына дайындық шараларының бастауы болды. Сондықтан да, алдымызда келе жатқан Әлихан Бөкейханның мерейтойын ұлы дала төсінде ұлан-асыр той етіп өткізуге ұйытқы болу бәріміздің ортақ, қасиетті парызымыз!

**Ырысбекұлы Айдын**  
«Ақ жол» ҚДП Орталық аппаратының идеология  
бөлімінің директоры,  
Алаштанушы

## ТІЛ ҚАЙТСЕ ТҰҒЫРЛЫ БОЛАДЫ.....?

Қазақ үні газеті, № 12 (621), 26 наурыз, 2014 жыл.

**Орысша сөйлеген жерде, қазақтың иісі шықпайды.**

**Міржақып Дулатов**

2014 жылы 12 наурыз күні Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Мемлекеттік тіл – рухани жедел жаңарудың негізі» атты Мәдениет және рухани даму институтының ғалымдары дайындаған кітаптардың тұсаукесер рәсімі және «Тілдің мәңгілік тұғыры» атты дөңгелек үстел өтті.



Аталмыш іс-шараға Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, ф.ғ.д. профессор Дихан Қамзабекұлы, ҚР ҰҒА академигі, филос.ғ.д. профессор Жабайхан Әбділдин, ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д. профессор Сейіт Қасқабасов, ҚР ҰҒА академигі, филос.ғ.д. профессор Ғарифолла Есім, ҚР ҰҒА академигі, физ-мат.ғ.д. профессор Мұхтарбай Өтелбаев, «Ақ жол»

ҚДП Орталық кеңесінің хатшысы, ҚР «Құрмет» орденінің иегері Сәбит Байдалы, Халықаралық Шыңғыс хан академиясының академигі, Түркітану және алтайтану орталығының директоры, ф.ғ.д. профессор Қаржаубай Сартқожаұлы, ЕҰУ Мәдениет және рухани даму институтының директоры, ф.ғ.д. Бекжан Әбдуәлиұлы, ф.ғ.д. Жұмағали Әбуұлы, ф.ғ.д. Тілеулес Әбдіғалиқызы сынды зиялы қауым өкілдері мен НКОК компаниясының өкілі Жағыпар Егізбаев қатысты.

ЕҰУ жанындағы Мәдениет және рухани даму институты ашылған күнінен бастап жүргізген ғылыми ізденістерінің нәтижесінде, соңғы 5-6 жылдың көлемінде ғана қазіргі Қазақстан қоғамының сұранысына сай жинақталаған еңбектерді, жасалған баяндамаларды, жарыққа шығарып, оқырман қауымға ұсынды. Туған тіл болашағының кепілі боларлық осы кітаптардың ішінде конференция, дөңгелек үстел материалдары мен түрлі бағыттағы аударма, түсіндірме сөздіктер, шет тілді аудиторияларға арналған оқу құралдары, «Алаш» зиялылары шығармаларының топтамалары бар. Бұл еңбектер тілді дамытудың негізгі тұғыры, тұрақты тетігі ретінде де құнды. Атап айтқанда:

1. Ағылшын аудиториясына арналған қазақ тілі;
2. Астана ономастикасы;
3. Ескі қазақ әдеби тілінің сөздігі 1-том;
4. Ескі қазақ әдеби тілінің сөздігі 2-том;
5. Еуразия мәдениетінің қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздігі 1-том;
6. Еуразия мәдениетінің қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздігі 2-том;
7. Жәдитшілдік және Алаш: ұғымдар мен терминдер сөздігі;
8. Жұрт;
9. Қазақ антропоним жасамы: теориялық және практикалық негіздері;
10. Қазақша-орысша және орысша-қазақша математикалық сөздік;
11. Қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздер мен сөз тіркестерінің сөздігі;
12. Қос тілді сөздіктер: құрылымы, ерекшелігі;

13. Неміс аудиториясына арналған қазақ тілі;
14. Тарих және тағдыр;
15. Тарих терминдерінің түсіндірме сөздігі;
16. Түркі есімдері: қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, татар 1-том;
17. Түркі есімдері: қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, татар 2-том;
18. Француз аудиториясына арналған қазақ тілі;
19. XI-XII ғ.ғ. жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық құрылымы;

*Аталған кітаптар НКОК компаниясының демеушілігімен жарық көрген.*

Бұл еңбектерге қосымша Смағұл Сәдуақасұлының 3 томдық шығармалар жинағы және Әлихан Бөкейханның 9 томдық шығармалар жинағы жарық көрді.



ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында да тіл тағдыры назардан тыс қалмайды. Биылда ол «Мәңгілік ел» идеясының аясында көрініс тапты. Мәңгілік елдің мәңгілік тілі болуы тиіс. Осыған орай, ұйымдастырылып

отырған «Тілдің мәңгілік тұғыры» атты дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты да - Елбасы Жолдауын насихаттау, әрі Жолдау аясында тілді мәңгілік етудің жолдары туралы ғалымдардың және саясаткерлердің пікірлерін ортаға салып, түйінді ойларды жұртшылыққа жариялау болып табылады. Сондықтан да, жоғары деңгейде өткізілген дөңгелек үстелге ұлт руханияты саласында жемісті еңбек етіп жүрген ғылым докторлары мен ұлттық мәселелерде елеулі істер атқарып келе жатқан Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының өкілдері шақырылды.

Тіл жеке бір топтың немесе белгілі бір саланың еншісіне ғана тиесілі емес, барша халыққа ортақ құндылық болғандықтан, оның табиғи дамуына ғасырлар бойы барша қоғам мүшесі мүдделі болып, атсалысып келді. Ал, қазір бізде ше, бізде қалай?

Дөңгелек үстелге жиналғандардың да жан айғайы осы тіл мәселесінің түйткілді тұстарына індетте үңіліп, тәптіштеле түсіндірілуден басталды.

Иә.....тілге келгенде, тілге жасалып жатқан қиянатты көргенде бәріміздің де ішіміз қан жылайды. Ұлтымыздың ең басты рухани құндылығы біздің тіліміз - қазақ тілі бейшара күйде жетімсіреп жүр. Орыс тілі еліміздің басым көпшілігінің ойлау, сөйлеу құралына айналып алды. Оның үстіне, құлдық саналы шенеуніктердің тілге тосқауыл болып отырғаны тағы бар. Олардың сүйегіне сіңіп қалған құлдық психологияның кесірінен, қазаққа қатыстының бәрі кемсітіліп көрсетілуде. Әсіресе, тілде шаруамыз жоқ дейтін, ұлттық белгілері жөнді ажыратылмаған бұл шала-қазақтар - негізінен намыссыздар мен рухсыздардың тобырына тілінің гүл болуы мен құл болуының еш айырмасы жоқ. Бірақ, қанына тартпаған бұлардың қорқаулық іс-әрекетін, құбыжық қылмысын халқымыз да, тарих та ешқашан кешірмейтіні ақиқат! Бұл байғұстардың қай-қайсы болмасын, Абай айтқандай «әркімді заманы сүйрейтінінің» керін келтіріп жүр. Иә, заманның да табиғаттың мезгіліне ұқсайтыны рас, сол мезгілдің бабын таппасаң, оның ауа райына бағынбасаң болмайды. Біздің қоғамда да, сол заманға еріксіз жағыну, жағыну арқылы бүгінгі күнге бағыну ашық белең алды. Бұлар-Қазақстандағы 135 ұлттың тілінің, дінінің сақталуына ғана мүдделі болып, өзінің тілі кетсе-ұлты жойылатынын анық ұқпай, өздерін-өздері қарадай алдап жүр. Ау, мәңгірт-туыстарым, көздеріңді ашындаршы!



Өзге ұлттардан мемлекеттік тілді құрметтеуді қатаң талап ететін уақыт әлдеқашан жеткен! Мемлекеттік тіл мәдениет мәселесі деңгейінің аясынан асып, бүгінде ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналып отырғаны да жасырын емес. Жер жүзінде тілге қатысты майдандардың да жүріп жатқаны соның айғағы. Мысалы, Украинаны айтуға болады. Орыс империализмі мен шовинизмінің соққысы украин халқының етінен өтіп, сүйегіне жетті. Олар қаһарына мініп, тас жарып, тау қопаратын ықпалды әрі қауқарлы екпінмен күллі украин ұлты тіл майданына шықты. Яғни, ұлт болып қалыптасу үшін қауіп керек екен. Осы тұрғыдан алғанда, біздің қоғамды да аса қатерлі үрдіс жайлап барады. “ТҰРЫП ЖАТҚАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТІЛІН ҚОНАҚ, НАҚҰРЫС немесе ӨЗ ТІЛІНІҢ ҮСТЕМДІГІН ОРНАТҚАН БАСҚЫНШЫЛАР БІЛМЕУІ МҮМКІН!...”-деген екен коммунизмнің данышпан көсемі Карл МАРКС. Мемлекеттік тіл қоғамдағы барлық салада үстем және биік болуы керек. Сонда ғана, біздің тіліміз-біріктіруші құралға айналары сөзсіз. Ал, ортақ тілі жоқ Қазақстандай бірде-бір мемлекет бар ма екен....? Бар болса, оның біріншісі - Қазақстан! Көне замандардан айтылып жеткен бір тәмсіл сөз бар: «Мемлекетке ауыз бірлігі жоқ халықты басқарған әлдеқайда оңай». Яғни, осы аяр саясатты ұстанған бірде-бір билік еш уақытта да халықтың сөзін сөйлеп, қамын күйттеген емес. Ол - белгілі бір қоғамда, белгілі бір топтың сойылын соғып, туын көтерушінің ролін ғана атқарған. Яғни, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген....

Тіпті, адамдарды қызу іске жұмылдырудың да, бір-ақ жолы бар емес пе; ол-ортақ тіл табысу. Мысалы, АҚШ тұрғындары өздерін «Американдықтармыз» дейді. Онда тұратын халықтардың саны біздегіден де әлдеқайда көп, жер бетін мекендейтін елдердің барлық өкілдері тұрады деуге болады. Бірақ, оларды ағылшын тілі біріктіреді. Францияда да 100-ден астам этностар тұрады. Оларды да француз тілі біріктіреді. Өйткені, олардың қоғамында француз тілі үстем. Немістерде: «Жергілікті ұлттың тілін, мәдениетін білуге міндеттісің. Егер тілің керек болса, өз жеріңе барып үйреніп кел, болмаса сонда қал!!» деген талап қояды екен. Ал, бізді әлі күнге дейін «тарихи негізін сақтай отырып, туған тілдің мәңгілік өмірін қамтамасыз етудің жолдары бар ма?» - дейтін сұрақтың жауабы толғандырып келеді. Егер, Қазақстанда қазақ тілін білетін

өзге ұлтты азамат болса, ол бірден аз уақыттың ішінде ғана танымалдыққа ие болып атақты жұлдызға айналып шыға келеді. Бұл да, қазақта болмасын, қазақтан басқаның бәрінде болсын дейтін және өзгені зор, өзімізді қор санайтын құлдық сананың нәтижесі. Сонау бір кездері қазақтың белгілі ақыны Әбділдә Тәжібаев атамыз: «Бесіктен басталмаған тіл тіл емес, оны өсе келе ғана үйреніп, күн көру құралына айналдыруға болады» десе де, біз патриотизм мен ұлттық рухтың дамуының шырқау шегіне жетуіміз керек, жедел арада, мемлекеттік тілдің үстемдігі туралы заң қабылдауымыз қажет. Мемлекеттік тілдің өзге тілдерден артық болуы және оның жалпыға бірдей міндеттілігі - әрбір Қазақстандық азамат үшін әліппедей білуге тиісті заңдылық болуы керек. Елімізге сұғанақ иттей жылтындап келіп-кетіп жүріп, сіңіп кеткен жырындылардың көксегендері белгілі. Енді, оларға қанша жерден долы бурадай жындарын шашып, буырқана ұмтылса да, біздің жергілікті халықтың заңымен, салт-дәстүрімен санасуға тиіссің, оның тарихы мен тіліне қарсы шығуға хақың жоқ, «су ішкен құдығына түкірме» дегеннің бар екенін ескертейік!. «Тоқпағы мықты болса, киіз қазық та жерге кіреді» демеуші ме еді атам қазақ.....! Түгін тартсаң майы аққан қазыналы жеріміздің тарихи иесі қазақ екендігін былайғы жұрт түйсінуі керек!

Тіпті, соңғы қазақ жер бетінен жоғалмай ана тіліміз өлмейді десек те, мемлекет құраушы халықтың тілін білмеу сол ұлтқа жасалған опасыздық емес пе? Ұлт Көшбасшысы Н.Назарбаевтың: «Осы уақытқа дейін аю да қазақша үйреніп алар еді, мемлекеттік қызметкерлері мемлекеттік тілді білмеуге құқы бар мемлекет бола ма?!» деп айтқанындай, мемлекеттік құрылымдардың дәлізіне ана тілімізді енгізе алсақ қой, шіркін! Өйткені, мемлекеттік аппарат қазақша сөйлемей, қазақ тілі ешқашанда мемлекеттік тіл мәртебесіне көтеріле алмайды.

Көкірегіме үміт отын жағып, жүрегіме күш-жігер ұйытатын тілім менің.....!

**Ырысбекұлы Айдын** «Ақ жол» ҚДП Орталық аппаратының идеология бөлімінің директоры,  
Алаштанушы

**«Ақ жол» партиясы Орталық Кеңесінің идеологиялық  
жұмыс жөніндегі Хатшысы Сәбит Байдалының  
«Тілдің мәңгілік тұғыры» атты дөңгелек үстелде жасаған  
баяндамасы**

**ТІЛ – МӘҢГІЛІК ТҰҒЫРЫ!**

*Қазақ үні газеті, № 12 (621), 15 наурыз, 2014 жыл.*

Мен тура осы аудиторияда, бір аптада болған жоқ, «Алаш рухы және мемлекеттік тіл» тақырыбында баяндама жасап, қазақ елі тарихындағы үш кезеңнің үкіметтерінің: Алашорда үкіметінің, кеңестік кезеңдегі үкіметтің және тәуелсіздігімізге қол жеткізген кезіміздегі Қазақстан Республикасының үкіметінің мемлекеттік тілге қатысты қам-қарекеттерін салыстыра отырып, тақырыпты тарқатуға тырысқанмын. Бұл салыстыру, менің талдауым бойынша, Тәуелсіздік алған кездегі Үкіметіміздің пайдасына шешілмеді. Тәуелсіздігіміздің ең мықты тұғырларының бірі де бірегейі болуы тиіс мемлекеттің тілді нығайту бағытында аңысын аңдиық, асығып-аптықпайықпен 22 жылымызды өткіздік. Бұл уақыт ішінде біздің тәуелсіз мемлекетімізде тұтас бір ұрпақ туып, өсіп жетілді. Республика азаматтарының мемлекеттік тілді игеру қарқыны біздің күткенімізден әлдеқайда төмен екендігін жасырудың жөні жоқ. Мемлекеттік тілге байланысты Конституцияның, «Қазақстанның тілдер туралы» Заңының талаптары әлі орындалмай отыр. Тілдерді қолдану мен дамытудың талай бағдарламалары жасалды. Бірақ соны жүзеге асыру үшін жасалған іс-шаралардың орындалуына шынайы ниет болмаған секілді. *Оның басты себебі, жұмсартып айтқанда мемлекеттік тілді игеру және дамыту, оған өзінің тиісті мәртебесін беру мәселесі өне бойы «кейінге қалдырылатын», «екінші дәрежелі» міндет деп қаралғандықтан, ал қаттырақ айтсақ: 20 жылдан астам мемлекеттік тіліміздің өзінің заңды тұғырына қонбауы - Конституцияны құрметтемеуден, заңдарымызды сыйламаудан, заңды орындамаудан шығады.* Мүмкін енді Елбасымыз «Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болады» деген қағидалы сөздерін айтқаннан кейін

мемлекеттік тілдің өзінің тұғырына қондыруға нақты қадамдар жасармыз. Ендігі жерде тіл мемлекеттік құрылыстың ең басым мақсаттарының бірі деп қарастырылып, тілге қатысты заң талаптарының орындалмағаны үшін жауапкершілікті күшейтетін кез келді.

Біздің елде мемлекеттік тілдің өз мәртебесіне іс жүзінде ие болмауының басты себебі: **қазақ тілін игеруге қажеттілік туындап отырған жоқ. Қажеттілік болмаса, мың жерден қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздіктерді үйіп тастасаңда, тіл үйренбейсің.** Тілді үйренесің, егер қажеттілік болса және тілдік орта болса. Тілдік ортаны кеңейтудің бір жолы шет елдердегі отандастарымыздың елге оралуы. Жырақта жүрген бауырларымыз өзінің ана тіліне еш нәрсені теңгермейді. Қазақстан – қазақ мемлекеті болған соң, мұнда іс-қағаздарынан бастап, бүкіл тіршіліктің қазақ тілінде жүргізілмеуін түсінбейді. Олардың тарихи отанына, жаңа өмірге еркін араласып кете алмауының бір себебі – орысшаға жетік еместігі, білмеуі. Әділдігіне келсек те, мемлекеттік тілді білген жерде басқа тілдерді үйрену-үйренбеу әркімнің жеке шаруасы емес пе? *Жалпы кеңестік дәуірде орын алған орысша білмеуді ноқай санайтын задеттен арылуымыз керек.* Шала қазақ, дана қазақ деп бөліп, әйтеуір біреуінен ноқай жасағымыз келсе, онда керісінше, маған десе басқа 10 тіл білсін, нағыз ноқайлар қазақша білмейтін қазақтар болып шығады. Ұлтын сүйетін азаматтар қазақтың ешқайсысын да кемсітпейді. Тек күйінгеннен ана тіліңді үйрен, айналайын дейді. Мемлекеттік тілді білмейтіндердің арасында ана тілін білмегеніне қысылатын ұяты барлары бар. Оларға ішің жылиды. Ең масқарасы – солардың ұяттан адалары көшелі көсем болуға тырысып, бірдеңелер айтып, үйретпек болады. Тарихи Отанымызда шетін қалған осы мәселенің түйінін шешуге, шетелден оралған отандастарымыздың жаңа ортаға еркін араласуына, одан кейін тіпті олардың көшін тоқтатып, біздің тілдік ортамызды кеңейтуге үлкен бөгет болып отырғандар да осылар.

*Көптеген елге оралған бауырларымыз ана тілінде еркін сойлеп, ана тілінде Қазақ елінде өмір сүрудің қиындығын сезінуінен артық қорлық жоқ деп санайды.* Бізде орыс тілін қажетсіз, мүлдем керегі жоқ деп отырған ешкім жоқ. Әлемдік тәжірибе

көрсеткендей, ешқандай тілдің дамуы басқа тілдің есебінен жүзеге аспайды. Мұны білеміз. Оның үстіне қазақтар өзіміздің ана тілімізден басқа тағы бір шет тілін - орыс тілін еркін меңгергенбіз деп айтуымызға әбден болады. Бұл біздің ешкім тартып алмайтын игілігіміз. Қазақтар осындай құрметті басқа ұлттардың өкілдерінен, әсіресе орыстардан күтуге адамгершілік тұрғысынан да, заңдық тұрғыдан да қақылы. Бірақ естеріңізде болса зиялы қауымның, осыдан екі-үш жыл бұрын Үндеу жариялап, тіл саясаты туралы қоғамда талқылау жүріп жатқан кезде «босағадан сығалап тұрған тілімізді төрге шығарыңызшы» деген жалынудан артылмай жүрген «ұлтшылдығымыздың» өзіне орыс «достарымыз» қатты шамданды. Ұйымшылдықпен қарсылық көрсетті. Олардың біразы нағыз шовинист екендігін ашықтан-ашық танытты. Пікірсайысты мемлекеттік тілге өшпенділік білдіруге пайдаланды. Олар ана тіліне уызында жарымаған қазақтарды ертіп алып, тасадан тас атқызды. Шынында да мұндай көзқарас еліміздің тарихи дамуының және бізге дейінгі көптеген буындар күресінің, соның ішінде біздің партия жолын жалғастырып отырған «Алаш» қайраткерлерінің күресінің заңды нәтижесінде келген Тәуелсіздіктің маңызын бағаламау болып табылады. Ал біз болсақ, өзімізді ұлтшыл деп айтпасын деп өне бойы бүгежектеп, күмілжіктеп жүреміз. Жалпы, біздің Үкімет мүшелері қоғамда, ел ішінде өткір мәселелер туындағанда жұрт алдына неге шықпайды, неге жауапкершіліктен қашады деген сұрақтар да туындайды. «Ақ жол» партиясы өзінің мәлімдемесінде мемлекеттік тілдің мәртебесі туралы пікір-таласты шыдамсыздықпен бір-біріне тіл тигізуге, қорлауға айналдырып жіберуге тырысқандарды айыптады. Бұл Қазақстанның Тәуелсіздігін және мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ ұлтын құрметтемеу көрсеткіші деп атап айтты.

Біз қазіргі таңда мемлекеттік тіл болып отырған қазақ тілінің күнделікті өмір пен отандастарымыздың өзара қарым-қатынасында кеңінен қолданылуы Алаш арыстарының да аңсаған арманы болғанын және сол үшін күрескендерін ешуақытта естен шығармаймыз. Олардың үлгі-өнегесі өте маңызды. Тек қана білім саласынан бір ғана мысал келтірсек, 1917 жылдың шілде айында Орынборда өткен жалпы қазақ съезінде қабылданған қаулыдағы:

**«Бала қалмай жалпы оқу - міндет. Алғашқы екі жылда бала ана тілімен оқысын...»** деген талап бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Мұнда туған тілдің тағдырына деген алаңдаушылық көрініп тұрған жоқ па? Ал қазіргі таңда елімізде мемлекеттік тілді республика аумағына толық енгізу ісін қолға алмай отырған кім? **Қазақ елінің заңдарын дайындап, ұсыну, талқылау, қабылдау тетіктерінің бәрін мемлекеттік тілге көшірмей отырған кім? Өзінің мәжілістерін мемлекеттік тілде өткізбей қасарысып отырған кім? Ол біздің орыс тілді, яғни шет тілді үкімет. Орыс тілінен аударып, іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізіп жатырмыз деп жұртты алдарқатуды доғару керек. Кешегі «жетістігіміз», бүгінгі біздің басты кедергіміз.** Ендеше өзімізді-өзіміз алдауды доғарып, арымыздың алдында адал болайық. Осы талапты Үкімет барлық салалық министрліктерде және республиканың барлық облыстарында іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізілуін жуыр маңда қамтамасыз етулерін міндеттеулері керек. Қажет болып жатса ғана, Үкімет диаспора өкілдерінің шоғырланып тұрған аймақтары мен елді мекендерін нақты анықтап, соларда қажеттілігіне орай орыс тілі және басқа тілдерді қолданудың жағдайларын жасауды тиянақтап қоюына болады.

Тіл – ұлттың жаны, қаны, күретамыры. Ол жайбарақаттық пен жауапсыздықты көтермейді. Украинада Днепрдің бір бетін мекендеген халық украин тілінде, ал екінші бетін мекендеген халық орысша сөйлейді. Қазіргі Евромайданды мен Тілмайдан деп те атар едім. Теледидардан көріп отырмыз, Украинаның Батысы пен Шығысындағылар бейне бір екі планетада өмір сүріп жатқандар сияқты. Рух алшақтығынан болып жатқан жәйт, бұл. Тіл – адамның рухани болмысын анықтап тұр. Адамзаттың қазіргі даму деңгейінде ұлттық нышансыз, ұлттық мәдени ерекшеліксіз дербес мемлекет болып қалыптасу мүмкін емес. Ал оның ең басты көрсеткіші - тағы да тіл. Тіпті бәріміз білгішсініп айта беретін жаһандану үрдісіне төтеп беруіміз үшін де тілімізді сақтауымыз керек. Жаһандану кезіндегі түп қазығымыз - ана тіліміз бен мәдениетіміз. Ендеше ана тіліміздің болашағын ойлау - мемлекетіміздің басты міндеті. **Мемлекеттік тіл тәуелсіздіктің негізгі белгілері – мемлекеттің**

**туы, елтаңбасы, әнұраны сияқты бағалануы керек және соған сай іс-әрекеттер керек.** «Ақ жол» партиясы мемлекеттік тілдің толыққанды дамуы және оны еліміздің барлық азаматтарының меңгеруі әрбір қазақстандық үшін елді ажыратушы емес, **біріктіруші мақсат** болуы керек деп санайды және осыған қызмет етеді. Ендеше бірге болайық, бірлікте болайық.

## ЕРЕЙМЕНТАУДАҒЫ ЕРЕКШЕ ШАРА

Биылғы жылқы жылының Өз Наурыз мерекесін «Ақ жол» партиясы Ақмола облысы Ерейментау ауданынан бастады.

Наурыздың 20-сы күні «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев атамекені Ерейментауда аудан ақсақалдары мен зиялы қауымына ата-бабасына арнап Құран оқытты. Асқа «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, «Қазақ үні» газетінің президенті, Халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты, белгілі ақын Қазыбек Иса, Мәжіліс депутаттары Нұрлан Жазылбеков, Талғат Ерғалиев, Алмас Тұртаевтар, «Ақ жол» партиясы ОК хатшылары Әбдіразақ Сұлтанов пен Берік Дүйсембинов, партия ОК Президиумы мүшесі Серікбай Тәшенов, елімізге белгілі кәсіпкер азамат Марат Нәбиевтер қатысып, сөз сөйледі.

Аудан имамы ата-бабалар әруағына Құран бағыштаған соң, сөз алған Азат Тұрлыбекұлы Ерейментау өңірі, Бөгенбай батырдан бастап, ата-бабалары, ел тарихы туралы толғана баяндады. Алашордаға қатысы болғаны үшін 37-нің репрессиясында құрбан болған атасы Перуаш Кәрімұлының құжаттары қаншама жыл ізденістерден кейін табылғанын жариялады. «Бұл құжатты көру - әкем Тұрлыбектің арманы болып кетіп еді, енді, міне, Алла қолдап, ұрпақтары, біздің қолымызға тиді. Құдай қаласа, биыл туғанына 100 жыл болатын атамыз Перуаш Кәрімұлына арнап, осы Ерейментауда ас береміз», - деді толғаныспен. Сонымен бірге осы өңір, Малтабар ауылында өткен есте қалған кезеңдері жайында айтып берді. Әрқашан қолдап, қуаттап, тілеулес болып отыратын елге зор ықыласын білдірді.

Ерейментауға алғаш келіп тұрған ақын Қазыбек Иса сөзін бұл өңірдің ел тарихындағы орны, қазақтың бас қолбасшысы Бөгенбай батыр, Ақан сері, паң Нұрмағамбет, Құлагер мерт болған Сағынайдың асы жөнінде бастады. Еліміз үшін маңызы зор Наурыз мерекесінің мәні мен мазмұнына терең тоқталып, Алаш арыстарының Наурыз мейрамына байланысты ой-пікірлерін айтты. Кешегі 37-нің қанқұйлы репрессиясының алапат зардаптарын баяндап, сол зұлматта Алаш идеясын таратқаны үшін құрбан болған Перуаш Кәрімұлы туралы «Мен де аман келермін» деген терең толғанысты жырын оқып берді.



Ел қариясы, Азат Тұрлыбекұлының бабасы Кәрім ақсақалдың көзін көріп, бірге жұмыс істеген Амантай Имағамбетұлы бастаған біраз ақсақалдар, ақ жаулықты аналар Бөгенбай батырдың сегізінші ұрпағы Азат Тұрлыбекұлына Ұлыстың ұлы күні еліне келіп, ата-бабасына Құран оқытуына зор ризашылықтарын білдірді. Сөз сөйлегендердің көбісі әкелері ерте қайтыс болған үш ұл - Азат, Азамат, Досты Ерейментау еліне бала кезінен жиі алып келіп, елмен араластырып, байланысын үзбегені үшін Азат Тұрлыбекұлының анасы Мәриам апайға ақ ниеттерін ықыласпен жеткізді. Өз кезегінде сөз алған Мәриэм Құдайбердиева Ниязқызы да, ауыл ақсақалдарына сәлем салып, асыл жары Тұрлыбек туралы естеліктер айтып, елге разылығын білдірді...

Ерейментау ауданы әкімі Талғат Қойбағарұлы бастаған ел зиялылары да Азат Тұрлыбекұлына өз разылықтарын білдіріп, ауылда мектеп ашып, ұрпақ тәрбиелеген Перуаш Кәрімұлына мектеп атын беруді жоспарлап отырғандарын айтты. «Ақ жол» партиясының Парламенттегі жемісті жұмыстарын атап өтіп, сонымен бірге, біраз ел аманаттарын жеткізді.

## Қ. СЕЙХУНИ

## САПАР ЖАЙЛЫ ҮЗІК СЫР

*Дүниеге келер бір рет,  
Дария- кеуде тау мүсін.  
Құрыштан құйған құдірет,  
Қарттарым, аман- саумысың?*

Сағи Жиенбаев



Уақытпен жарысып, жүйткіген ойдың терезесінен Сарыарқаның кең жазиралы даласына қарап, терең толғаным үстінде келеміз. Бағытымыз - Ақмола облысының Ерейментау ауданына қарайтын Тайбай ауылдық округінің Малтабар ауылы.

«Малтабар» кісі есімі емес, құрттың атауынан шыққан сөз. Жергілікті көнекөз қариялардың айтуынша, «Малтабар» Кенесарының жауынгері беріп кеткен атау көрінеді. Ханның сарбаздары жер шолып жүргенде кейбіреуінің аттары болдырып қалып, осы маңға аялдаса керек. Мынау қырдың астында «Шәді» деген жерге келіп, аттарын тынықтырып, өздері де демалып, бір-

неше күн жатқан. «Апырай, жақында ауыл да жоқ, 2-3 күн болды оразамызды да ашпадық-ау» дегенде, біреуі тұрып, «менде малта бар, малта бар» дейді. Барлығы да жарыса: «онда жақсы болды ғой» деп малтасын жеп, осы арадан аттанған, содан бұл жердің аты «Малтабар» деп аталған деседі.

Малтабар – негізінен Бөгенбай батырдың ауылы, Бөгенбайдың жері. Бөгенбайдың ұрпағының барлығы осында. Бүгінде бізге жеткен тарихи деректер бойынша, **Бөгенбай Ақшаұлы** – Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігі жолындағы айтулы күрескерлердің бірі, жоңғар басқыншыларына қарсы соғыста қол бастаған даңқты батыр, көрнекті мемлекет қайраткері, ұлы қолбасшы. Шыққан тегі – Орта жүздің Арғын тайпасының ішіндегі Қанжығалы руы, есімдері елге танымал батырлар әулеті. Атасы **Әлдеуін батыр** -Еңсегей бойлы Ер Есімнің, әкесі **Ақша батыр** - Әз-Тәуке ханның даңқты қолбасылары болған. Бөгенбай батыр - бала кезінен бастап қазақ даласының шешендік өнерін бойына сіңіріп өскен. Ол жігіт шағында-ақ ауылдарға барып, ру арасындағы дауларды шешіп, билердің құрылтайларына қатысқан. Тіпті, өзіне жақын адамдардан әскер жасақтап, кейін осы сарбаздарын халық арасында **«Қанжығалының қырық батыры»** атандырса, соңынан қазақ жауынгерлерінің ортасында да зор беделге ие болып, **«Қанжығалы Бөгенбай батыр»** атанып, халықтың құрметіне бөленгенді. Батыр 1690 жылы Бөген өзенінің жағасында дүниеге келіпті. *(кейбір деректерде Сырдария өзені)*. 1733 жылы Өлеңті мен Қаратаудың бауырында болған қазақ пен қалмақ арасындағы бір ауыр шайқаста, атышулы қалмақ батырының басына алтын жүген салынған, күміс ертұрманды Наркүрең атын олжалаған көрінеді. «300-500 аттың ішінен шоқтығы асып тұратын және қашсаң құтыласың, қусаң жетесің дейтіндей, тападай талтүсте туған мал екен» деп Наркүреңді өзі мінеді де, атақты Нарқызыл атын Абылай ханға сыйға тартады. Батыр Торғай өзенінің жағасында жасы ұлғайған шағында ауырып қайтыс болған. Мәйітін Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи мешітіне жерлеу үшін батырдың денесін 40 күн бальзамдағаннан кейін таза арулап, былғарыға орап, қыс бойы сөреге қойып сақтаған. Бөгенбай батырдың денесі сөреге қойылған жер бүгінге дейін Ереймен өңірінде «Бөгенбай сөресі» деп аталған, ал қазір «Шахта» деп аталады. 1778 ж. Көктемде баласы Тұраналы мен Қанжығалы Айтбай Аتكелтірұлы басқарған елдің игі жақсылары

батырдың сүйегін нарға теңдеп, 45 күнде Түркістанға жеткізіп, екінші Мекке саналған Қожа Ахмет Иасауи мешітіне жерлеген.

Айтар ойымыз бен негізгі әңгімеміздің асыл өзегі де, түйінді арқауы да батыр бабамыз-Бөгенбайдан өрбіген ұрпақтарының бірі жайында болғандықтан, жоғарыда келтірілген ел-жұрттың бәріне белгілі осы бір қысқаша мәліметтердің тізбегін беруді жөн санадық.

## АРМЫСЫҢ, АТАЖҮРТ!

Қазірде әр өлкеден түлеп ұшқан елшіл, жершіл айтулы азаматтарымыздың біразы туған жерлеріне тағзым етуді өздерінің перзенттік борышы санап, игілікті істерді де атқаруда. Бұны енді туған ауыл алдындағы перзенттік парыздың парасатты бір көрінісінің болғандығында деп түсіну ләзім. Әр ауылдың ту ұстарлары өздерінің өскен өңірінің өркендеуіне сеп боларлық істерді ілгері бастырып жатса, бұл үлгі тұтарлық үлкен шаруа болып саналады. Тіпті, кез келген адам асып-тасқан байлығы болмаса да, туған ауылының тұғырлы, туған елінің ғұмырлы болуын бар ниетімен тілеп, нақты істерімен қолдауға тиіс емес пе? Ұрпақтар тағзымының туған елінің еңсесін бір көтеріп тастағаны қандай ғанибет.

Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Тұрлыбекұлы Перуашевтың атамекеніне ат басын бұрған кезекті сапары да өзгеше болды. Сонау бір сұрапыл кездері жасампаз Алаш идеясын насихаттағаны үшін «1937 жылғы қызыл террордың» нақақ құрбаны болған атасы Перуаш жайлы тың деректерді көптен бері іздестіру үстінде болатынды. Қазіргі күні Перуаш Кәрімұлының қашан тұтқындалып, қайда қамалғаны және қай жылы қайтыс болғаны туралы ақпараттар бар да, қайда жерленгені жайында әзірше ешқандай мәліметтер жоқ. Тым құрмаса, басына барып, құран оқып жүретіндей моласының да болмауы перзенті ретінде Азат Тұрлыбекұлының жанын жай таптырмай жүргені де ақиқат. Осы тұрғыдан алғанда, ата-бабаларының туып-өскен жеріне барып, із-түзсіз кеткен атасына арнап ескерткіш-белгі орнатуды және ол кісінің көзін көрген адамдар болса, оларды тауып сұхбаттасуды өзіне борыш санағанды. Көкейіндегі арман-мақсаты жетелеп, ойына ортақ боларлық бір шоғыр дос-ниеттес азаматтарды ертіп, «Малтабар» ауылына ат басын тіреген еді...

## КӨНЕНІҢ КӨЗІ -ТАРИХТЫҢ ӨЗІ

Қазақ даласының қай пұшпағын араласаң да, қай ауылына барсаң да көреген, сұңғыла, дуалы ауыз, мәмілегер қарттар әр өңірден табылатынды. Шаршы топта аталы сөз, келелі кеңес бастап, ел мен жердің өткен-кеткен тарихынан сыр шертетін, ауызынан шыққан әрбір лебізі кесек-кесек алтынға пара-пар көнелердің жұрнағын біз де көріп қалдық. «Қарты бар елдің қазынасы бар» деп ежелден ақылгөй де батагөй қариясын, ескікөздерін сыйлаған қазақ елі «Ұрының өзіне лайық сойылы бар, көрінің өзіне лайық орыны бар» дегенді де берік ұстанатын-ды. Төр алдында шекпенін желбегей салып, тақиясын шалқайта киген, салалы сақалын уыстай тарамдап, қазықтай шаншылып, қаршығадай қомданған иманжүзді салиқалы қарт отыр. Біздің қол қусыра берген ілтипатты сәлемімізді де мәнерлей, бипаздай алды. Мына жас ұрпақтың алдындағы жауапкершілігін терең сезінетін сыңайлы, өте байсалды кейіпте ойға шомып кеткен. Ертеде бұл жерлерді «Ерейменнің бес төбесі» дейді екен. Осыдан анау дөңнің басындағы «Әулие бұлаққа» дейін жеткенде, қатар-қатар тізілген «Бестөбе» көрінеді деп, дүйім жұртты ауызына қарата бір тыныстап алған Амантай ақсақал ұзақ-сонар әңгімесінің желісін ақырындап ағыта бастады.

«Мен, Қылышбай немересі Имағамбетұлы Амантай 1928 жылы туылғанмын. Қазірде, 87 жасқа қарай аяқ бастым. Осы «Малтабардың» тумасымын. 2-топтағы мүгедекпін. Сендерге айттайын, туғаннан бері жақсылық көргем жоқ, «айналайын» деп те ешкім басымнан сипаған емес. Өйткені, менің әкемді де 1928 жылы байқулак деп кәмпескелеп, итжеккенге айдап кетті. Екі шешем болған, артынша ұзамай, олар да қайтыс болды да, мен жалғыздықтың тауқыметін тартып, жетім болып өстім. Ішер ас, киер киім дегенің ол уақытта өте тапшы. Өгіздің бас терісі қалыңырақ болады ғой, содан аяғыма шәркей жасатып алушы едім. Ол кейде қатып қалады, содан суға салып жібітетінмін де, таспен ұрып жұмсартып алатынмын. Жетім балада қандай өмір болушы еді, ылғи даладағы егін басында жүрдім. Өгіз айдау, жер жырту, бараналау, ондай-мұндай ұсақ-түйек жұмыстарды да қоса атқара беретінмін. Осы қалпыммен 8-9 жасымда 1-сыныпқа бардым. Перуаш есімді мұғалімнен сауатымды аштым. 1, 2 сыныптарды да сол кісіден толық оқыдым. Өзіміздің

ауылдың жігіті, әмбе біздің үймен құдайы көрші болғандықтан, ол кісіні өте жақсы білетін едім. Ал, мен 10 жасқа келгенімде Перуаш мұғалім ұсталып кетті де, одан кейін оқи алмадым. Ол кісінің тұтқындалғанын өз көзіммен көрдім. Өйткені, Кәрімнің отырған үйі менің Дүйсенбай деген атамның үйінің артында болды, ал мен сол кісінің қолында тұратын едім. Әрине, ол уақытта менің аса сондай аңғаратын кезім емес, балалық шағым ғой. Бірақ, көрген-білгенімді шамалап жеткізіп отырмын. 1950 жылы әскерге алынғанымда, метркем де (туу туралы куәлік), паспортым да болған жоқ еді. 54 жыл бойы үзбей жұмыс істесем де, «Еңбек ардагері» деген төсбелгіні де ала алмадым. Бұрын осы ауылдың кішісі мен едім, қазір үлкені мен болып отырмын. Өзіміз кіші жүздің Алты ата Әлімұлының ішіндегі Шөмекей тармағынан тараймыз. Аталарымыз бұл өлкеге 1715 жылдары келген көрінеді. Анау ескі Ерейментау, кейде оны «Каменный карьер» дейді, мына тұстағы Имағамбет бұлағы–менің бабаларымның ата қонысы. Енді бірді айтып, бірге кеткендей болмайын.

Жалпы қарға тамырлы қазақпыз ғой. Біз бұл қанжығалы руымен туыстасып, құдандалы да болғанбыз. Бұрындары кіші жүз Тама Есет батыр Бөгенбайдың қарындасын алса, бертінде менің ағам Өсербай Кәрімнің қызы Құсниға үйленген еді.

Қоңқайұлы Әміре - жершіл адам болған, айсыз қараңғы түнде шөптің басына қарап, қай жерде жүргенін айыратын-ды. Ақ түтек боранда адасып кетіп бара жатқанда да атынан түсе қалып, жердегі шөпті қамшысымен сілтеп қағып-қағып жіберіп, қарын тазартып, түбін ояды да, мына бетеге былай жатыр екен, біздің жолымыз да былай, солай қарай жүруіміз керек деп өз жолын тауып кете баратынды. Қарлы-боранда жолдан жаңылып, ауытқып кетіп бара жатқан талай жанды аман-есен құтқарып, жолдарына салып отырған көрінеді.

Әміреұлы Кәрімнен - Перуаш, Құсни, Гүлшатай, Нұршатай туады. Кәрім ақсақал ақкөңіл, білімпаз, асқан әңгімешіл, ертегі, шежірелерге жүйрік жан еді. Қазірде, кейбір шежірешілер аннан-мұннан қағып алып, сөзін теріп жазып жүр ғой. Жалпы, біздің ауылда Кәріммен қатар, Өмірбай, Дүйсенбай, Асайын, Жүсіп, Есбай сияқты біршама зейінді ақсақалдар болды. Олар сөйлегенде, қысыр әңгіме, жалған сөзді емес, негізінен ханның, бидің, батырдың.

байдың сөзін сөйлейтін. Қандай адам болу керек, қалай өсіп-өну керек, елге қандай жағдай жасау керек деген сияқты ғибратты, тәртіпті сөздерді айтушы еді?! Кәрім ақсақал шаруақор және өте сақ адам еді. «Сөз сөйлесе туады, сөйлемесе қайдан туады» дегендей, Азат, мен тегінде сенің бабаңмен жұмыс істеген жанмын. Қазіргі кейбір жастар үлкен кісілерді кейде тыңдайды, кейде жүре тыңдайды, кейде мүлдем ұмытып кетеді. Ол уақытта техника, трактор, машина деген болмағандықтан, ол кісі бидайды қолмен себетінді, артынан мен қолмен бараналайтынмын. Шөпті де өгізбен шабатынбыз, оны «Лабарике» дейтін. Мен сол кісінің өгізін айдайтынмын, шапқан шөбін жинайтынмын. Әскердің тұсы, соғыс жүріп жатыр, сондай бір қиыншылық кез болды ғой, ауылда қалғанымыз ылғи балашағамыз. Жұрттың бірлі-жарым сауып отырған сиырына дейін, соқаға жегіп, шөпке салады. Оның сыртында, өкіметке өткізетін 8 кг май, 40 кг ет, 70 жұмыртқа және тағы бір малдың терісі бар. Ал сиыр ұстасаң, оған салынатын салық тағы бар. 1942 жылы төменгі ауылға «лабашы-пұшқантайлар» көшіп келе бастады. Сол уақытта оларды жұрт «Мапалар» десе, бізді «Бөгенбайлар» дейтін еді. Өздері малға өте бай болатын. Жер жыртуға, шөп шабуға келгенде, осы көршілерімізден жалға ат, өгіз алып жұмыстарымызды атқарып тастаушы едік. Бұлардың сыртында, біздің ауылдан соғысқа аттанған 60 адамның 30-ы ғана аман-есен оралды-ау, әйтеуір.

Негізінен осы маңайдағы ел біздің ауылды бұрыннан бері «Бөгенбай ауылы» деп атап келсе де, кейіннен оның бірнеше аты болды: Социал, ТОЗ, Бірлік, Крупская, Малтабар деген сияқты. Осындай атаулармен әртүрлі уақытта әрқалай біріктірілген ұжымдарға біздің ауылдың кісілерінің әрқайысысы мәселен, Дүйсенбай құла биесін, Мәкен сары ала биесін, Кәрім сиырын дегендей және т.б. бір-бірден малдарын берген болатын-ды. Ал, «Бірлік» қып құрғанда Ғалымжан Бекежанұлы деген азамат елді де басқарды, есепші де, мұғалім де болды. Артынан мұғалімдікті Оспанов Қайыртайға берді де, өзі басқарма мен есепшілікті қатар жүргізіп жүрді. Ол да ауыр болғаннан кейін, Омбыға оқуға кетіп қалған Әбжанов Жанділдәні шақыртып алды да, оған басқармалықты беріп, өзі біркелкі есепші болып есепшотпен ғана қалды. Кейіннен, Қайырбайдың сауаты нашар болғаннан соң, жаңадан оқу бітіріп келген жас маман Перуашты мұғалімдік қызметке алды.

Кәрімұлы Перуаш - жұқалаң келген әдемі жүзді, қараторы, ұзын бойлы, сымбатты жігіт еді. 1934-36 жылға дейін Малтабарда мұғалім болды. 1937 жылы Благодатьта «заврайона» болып жүргенінде Еркеге үйленіп, әкесі Кәрімнің қолына қайтып келді. Ұлы Тұрлыбек те осы ауылда дүние есігін ашты. Соңынан (1937 жылы) Перуашты «Алашордист» деп тұтқындап әкеткеннен кейін де, Ерке мен Төкен (Тұрлыбек) осында тұрып жатты. Ерке әжең де осында мұғалім болған. Мен ол кісіні келіншек кезінде ғана көрдім ғой, талдырмаш қана аққұбаша келген сұлу өнді, биязы жан еді. Еркені мына Күншалған (совхоз Ленинский) ауылы жағынан бір ағасы келіп, арбаға төсек-орнын, тағы да андай-мұндайын салып, көшіріп әкетті. Ал, Тұрлыбекті ботадай боздап қанша жылап-еңіресе де, Кәрім шал бермеді. Бұдан әрі қарайғы Еркенің тағдыры не болды, ол жағын енді білмедім.

Перуашұлы Тұрлыбек 4-5-ші сыныптарды осы Малтабардан оқыды. Сол оқуын жалғастыруына да болушы еді. Бірақ, Кәрім ақсақал: «Әй балам, заман қандай, заң қандай? Кешегі «байкулактың, бәленшекенің баласы» деп көзге түртіп қуып жүреді ме, сен осы сыртқы жерде оқып, сыртқы жерде жүрсең қайтеді? Өзі алдымыз көріп жатқанымыз мынау ғой, жақсылық емес!» деп ескерту сөз айтқаннан соң, Тұрлыбек сыртта жүріп оқыды, сыртта жүріп еңбек етті. Кейіннен, ауылға ара-тұра келіп те жүрді. Ал, үлкен кісілері қайтыс болғаннан кейін, елге сол беті мүлдем оралмады. Тұрлыбектің өңі әкесіне келуші еді, ұзын бойлы, қараторы жігіт-тін. Қайша апаң да келбетті адам болды. Тұрлыбек мына Жылқыбайдың әкесі Өндіріспен сонау бала жастан тай-құлындай тебісіп қатар өсті. Осы арада орын алған бір оқыс жағдай туралы айта кетейін. Бірде ойын баласы емес пе, ойынның қызығына кіріп кетіп, аңдаусызда дүрбімен қарап отырған Өндіріске садақ атып, оның бір көзі шығып кеткен еді. Дегенменде, Өндіріс марқұм сол бір көзбен-ақ «құралайды көзге атқан» мерген болғанын бүгінде бүкіл республика жұртшылығы біледі.

## АТАДАН БАТА

«Азат қарағым! «Түбіріне қарай бұтағы, тегіне қарай ұрпағы» дегендей, бабаларымның, аталарымның, әкелерімнің атамекені



деп іздеп жиі-жиі келіп жүрсін, ризамыз, рахмет саған!. Мына жерде сенің елің бар, жерің бар» деп айтып, бағыт-бағдар бере білген шешене де рахмет! Сені «бауырым келді» деп бауырына тартып жүрген мына Жылқыбайға да рахмет! Енді, міне, бір кездегі қимас достардың ұлдары бір-бірлеріңмен байланысты үзбей келе жатқандарың қандай жақсы болған, мүмкін «ұрпақтар үндестігі» деген сірә, осы болса керекті. Мына бала сол Өндірістің немересі - Риза Жылқыбайқызы, бұл қызымыздың атасына арнап шығарған бір өлеңі бар екен, соны оқып берсем дейді.

Осыдан 20 жыл бұрын небәрі 55 жасында өмірден өткен атасы Өндіріс Абақайұлына арнаған өлеңін Риза тебірене оқып берді!

### *Бізге үлгі сіздің жолыңыз...*

13 жастан аңшылық, саят құрып,  
Астына екі аяқты тұлпар мініп.  
Қасиетін дарытқан өн бойына,  
Атасы Әбдікәрім нағашы-жұрт.  
Ерен боп мергендік қабілеті,  
Досына құшағы кең, ақ ниеті.  
Аттамай бөгде жанның ала жібін,  
Қарапайым қалыпта өмірі өтті.  
Деген бар жақсы керек Аллаға да,  
Қаратпас алда-артыңа бұл жалғанда.  
Тосыннан арамызды ойсыратты,  
55-аз ба, көп пе, ер адамға.  
Жанжары ардақты ана-Жәмилә әжем,  
Ақылмен қиындықтың бәрін жеңген.  
Өрбіген ұл мен қызын отау етіп,  
Ордалы шаңыраққа шырай берген.  
Жылқыбай-тұңғыш ұлы болған тірек,  
Іні мен қарындасқа саулық тілеп,  
Уақыттың ыңғайымен ерте есейіп,  
Танытқан баршасына адал ниет.  
Жер бесігі атамның нұрлы болсын,  
Мәшһүр күні иманы жұлдыз болсын.  
Ғибадат-ниеті ұрпақтардың,  
Жөнімен өзіңізге тие берсін!

Бәрекелді, рахмет балам! Өмір жасың ұзақ болсын, атаңның атын асқақтата бер, Әумин! - деп қария батасын берді.

Бөгенбайдың дулығасы мен сауыты кіші отау саналатын Кәрімнің қолында болуы керек екен! Ал, қазіргі кезде «Бөгенбайдың шүлемі» деп аталып, мына Батырқожа марқұмның қолында болған дулыға мен сауыт - Жанқұлақұлы Бапан бидің немересі Қоңқай батырға істетіп берген «шүлемі» дейтін еді бұрынғылар (Қоңқай батыр - Кенесарының әскерінде қызмет еткен айтулы тұлғалардың бірі). Сол Батырқожа ағамыз, мынау арадан байқау керек, анау арадан қарау керек деп, тіпті сонау шахтаның да бойын қаздырды. Бірақ, таба алмады. Тегі, Кәрім ақсақал бабасынан қалған асыл мұраны көзінің қарашығындай сақтап келіп, ақыр соңында қызыл өкіметтің нақақтан күйдіретін жаласынан сескеніп, тығып тастағанға ұқсайды. Себебі, ол тұста өз малын өзі бағып-қаққан байдың бәрін қисыққа санаған және білімі бар, зерделі адамдарды «халық жауы» деп атап, сондарына шырақ алып түскен шолақ белсенділердің «шаш ал десе, бас алып» шектен шыға дәуірлеп тұрған кездері еді. Олардың ұраны: халық жауларын соттау керек, қыру керек, тұқымын құрту керек, бұлар бұрынғы өмірін өктейді, кешегі Бөгенбайды, Кенесарыны қолдайды, бұлар-бай-кулақтар, алашордистер және т.с.с. толып жатқан жалған лақап аттары өте көп болды. Кейде біз, білместікпен Сталин дейміз, Голощекин дейміз, енді олар сияқтылар былайша айтқанда, сыртта жүр ғой. Көбінесе, осының бәрін істеген өзіміздің ауылдың адамдары болды. Алысқа бармай-ақ қояйық, Абай айтпақшы «қазақтың жақынынан басқа қасы жоқ» дегендей, ауылымыздың ішіндегі ағайынның бірін-бірі түртпектеп, көре алмаушылығының кесірі тиді Перуашқа. Әйтпесе, «жақсысын асырса, жаманын жасырса», елдің жігіттері де аман болар еді ғой! Бұл азаматтардың жазығы не еді деген заңды сұрақтар да тап осы жерде еріксіз туындайды. Ең өкініштісі, сол бір абзал жандардың өмірлерін қор етудің зардабын олардың ұрпақтары мен туыстары, ниеттес-дос адамдары да тартпады ма? «Сенің балаң Алашшыл Олжабай, Нұрымбайларға саяси жағынан көмектесіп, құпия түрде жұмыс істеп жүр» деп басталатын екі абысынның ұрсысынан ғана шыққан бірауыз сөздің кесапаты-ай десеңші. Болашағынан үміт күттірген жас жігіттің өмірін құртты, бір жас отбасының ошағының отын өшіріп, шаңырағын ортасына

түсірді. «Мың күндік жұмақтан бір күндік жалған артық» демекші, тіпті, сол уақыттағы ел аузында Перуаштың: «Бір мені балаушы еді бір тайпа елге?» - деп айтылып жүретін өлеңі де болған еді. Бұл өлең әлі де ұмытыла қоймаған болуы керек, ауыл ішінде мұны білетіндердің де табылуы ғажап емес!

Шынтуайтына келгенде, бүгінгі күні ауыл түгілі осы маңда Перуашты көргендерден менен басқа ешкім де қалмады ғой деймін. Бірақ, «Ақылсыз басқа адыраңдаған көз бітеді, дұғасыз ауызға сылдыраған сөз бітеді» демекші, сылдырлата бергеннің өзі де жөн болмайды. Ал, кейбіреулер жалған бірдеме айтам десе, айтатын шығар. Әйтпесе, екі жерде екі неше десең, қанша керек дейтіндер бар ғой арамызда.

Перуаш ұсталып кеткеннен бастап, Кәрім мен Қайша қатты уайымдады, артынан екеуін де ауру меңдеп, сырқатқа шалдықты. Соның қайғысынан Кәрім ақсақал алдымен, ал бәйбішесі араға бернеше ай салып барып, соңынан қайтыс болды (біреуінің ажалын екіншісі көтере алмаған сияқты). Екеуін қатар, бір жерге, мына Малтабар зиратына жерледі. Үйлерінде Гүлшатай ғана қалды. Ал, басқа қыздары - Құсни Өсербайға, Нұршатай Ғалымжан дегенге тұрмысқа шығып кеткен болатын.

Ал енді, Азат балам өздерің келіп жүргенге қатты қуанып жатқан жайымыз бар. «Елге Ер келсе құт, Елден Ер кетсе жұт» деген, бүгінде елден Еріміз кетіп әбден жұтап қалған едік». «Атаңнан бота қалмасын, бата қалсын» деген. Сенің бабаңды, атаңды, әкенді көзім көрді. «Батаменен көгерген ұрпақтың өкілі екенінді ешқашан ұмытпашы» деп терең күрсінген Амантай ақсақалымыз да әңгімесін тәмәмдады.

Сағынып талай жыр туар  
Оралар әлі-ақ сан жыршы.  
Даламның иісі бұрқырап,  
Қарттарым, аман-сау жүрші!-

деп ақын жырлағандай, сайын даламыздың қазына қарттары қашанда төрімізден кетпеңіздерші!

**Ырысбекұлы Айдын**

«Ақ жол» ҚДП Орталық аппаратының идеология бөлімінің  
директоры, Алаштанушы

**АҚЖОЛДЫҢ ОЛЖАЛАРЫ  
МЕН  
ЖАҢА ЖОБАЛАРЫ**

## АЛАШ ПЬЕСАСЫ - «Мұрат үшін майдан»

*Қазақ үні газеті № 05 (614), 4 ақпан, 2014 жыл.*

Бұл пьесаның табылуы да, арғы тарихындағы жазылуы да біз үшін өте тосын жаңалық болып тұр.

Пьесаның аты – «Мұрат үшін майдан». Авторы – Титақов Мұхтызар Төлекұлы. Шығарма 1935 жылы жазылған.

Пьесаны бізге жеткізіп отырған азамат – Айдын Ырысбекұлы. Бұл туындының түпнұсқасы ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті Семей қаласы басқармасының мұрағатында сақталған. Аталған басқарама бастығының орынбасары С.Әшімов мырза Семей қаласы Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Қ.Нұрқасымға жолдаған жауап хатында (09.01.2013 жыл) осылай деп жазған.

Біз Мұхтызар туралы көп білмейміз. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы баспасөзде де оның аты көп кездесе бермейді.

ҰҚК мұрағатында сақталған анкета жауабына қарағанда, ол 1904 жылы 22 ақпанда Қарқаралыда туған. НКВД ұстаған уақытта Семей қаласы Хлебная көшесі № 18 үйде тұрыпты. Білімі толық жоғары емес. Новосібір қаласындағы Батыс Сібір халық шаруашылығы институтында оқыпты. Партия қатарында болмаған. Тұтқындаған шамада (25 ақпан 1936 жыл) әкесі Төлек – 63, анасы Жамал – 58, інісі Ескендір – 13 жаста екен. Қаламгер «1917 жылдың ақпанына дейін – Қарқаралыда оқыдым, 1932 жылға дейін ара-тұра болмаса, әрдайым оқуда болдым» деп көрсетеді. Кесілген сатьясы - әйгілі 58/10. ( № 1 - 2 суреттер) «Мұхтызар ісінде» кәсіподақ мүшесінің билеті тіркеліпті. Бұған ол 1924 жылы 6 мамырда кіріпті. Мамандығы - «экономист-плановик» деп жазылған. ( № 3 сурет)

Мұхтызар (фамилиясын сол кездегі дәстүрге сай «Титақұлы» деп жазған) шығармасын «4 перделі, 6 суретті музыкалық драма» дейді. ( № 4 сурет)

Оқиға 1918 жылы Семей қаласындағы Алаш өмірінен алынып жазылған.

Бір көріністе Алаштың бір жылдығын атап өткен салтанат суреттеледі. Оқиғаға қатысушылар: Әлихан, Міржақып, Халел (Ғаббасұлы), Жүсіпбек, Әлімхан, Ике, Жақып, Мағжан, Шәкәрім, Мұхтар, Хамит (Тоқтамысұлы), Сұлтанмахмұт, Мұсатай бай, басқа да шенді-шекпенді зиялылар, әскерилер т.б. Диалогтар – Алаш рухындағы сөздер, ойлар, үндеулер, ұсыныстар...

Екінші бір көріністе Семейде ақтардың жеңіліп, қызылдардың қыспақ бастаған кезі, Алаш полкін Жетісуға аттандыру сәті, қазақ және орыс әскерилерінің бірге жұмылуы суреттеледі. Диалогтар – ел мен сарбаздар рухын көтеретін сөздер, серпілтулер, ағымдағы деректер т.б.

Тарих бұралаң. Бұралаң болса да өз шындығы бар. Мысалы, Халел Ғаббасұлы аузына мынандай сөздер салынған: «Бұрын «Сары Арқа жеріміз бар, Сары Арқада қазақ еліміз бар» деп, теңдікті құрғақ сөзден күтсек, қазірде қару-жарақты, қылышты, мылтықты қалпыңмен қаны бір, жан-тәніңнен жаралған Алаштың ардагерлері Жетісуда атаман Анненковпен тізе қосып, жауыңа қаһарын төгіп, Әлібек, Рүстем, Әлилер жүр. Олар соғыста жалғыз емес. Алашыңның атында Абылайдың ақ туын желбіреткен он полкін бар. Ертеңгі күні қосымша қылып төрт полкінді жіберткелі отырсың. Бұлар кімдер? Еліңнің ерлері! Ел намысын қолына алған, ар-намысын сақтау үшін қан майданда қарсы тұрып, бостандықты күшпен алып, іргелі жұртшылықтың іргесін қалаушылар! Жасайды жұртың, көркейеді елің, өркендейді Алашың!».

Алаш полкін шығарып салу салтанатында полковник Хамит Тоқтамысұлы бүй дейді: «Сендердің міндеттерің айқын: Сары Арқаның даласы үшін, Сары Арқаның халқы үшін. Теңдік үшін күреске шықтыңдар, батырларым! Біз ұлы қазақ халқы үшін, Алаш үшін қанішер балшабайлармен соңғы деміміз қалғанша соғысамыз. Егер ол жолда қаза болса – шәйтпіз. Егер жеңсек, жасасын халқымыз, жасасын Алаш! ... Күрессіз жеңіс жоқ, қан төгіссіз бостандық жоқ. Сендер бабаларымыз – Абылай хан мен Кенесарыны естеріңе түсіріңдер!».

«Теңізді тамшысынан таны» деген, осы жоғарыдағы үзіндіден-ақ Мұхтызар пьесасының тарихи мәні, танымдық маңызы айқындала түседі.

Қазақ драматургия тарихында киіз үйде қойылған «Еңілік-Кебектен» (М.Әуезов) ұлт театры сахнасы шымылдығын ашқан «Алтын сақинаға» (Қ.Кемеңгерұлы) дейінгі драмалар ел тұрмысының кейде күрделі, кейде көлеңкелі жағын халық арманымен сабақтастыра суреттесе, «Мұрат үшін майдан» - отандық драматургиядағы тың серпіліс, идеологиялық темірқазық еді.

Ұлттың қайғы-шері басылмаған кезеңде, халықтың елдік арманы орындалмаған шақта өнер елдің басын қосатын, ұйыстыратын құралға айналса, бұл оның әу бастағы мақсатынан жаңылғаны емес, қайта дйттегенін орындағаны. Өйткені халықсыз - өнер, өнердің сүйемелдеуінсіз халық жоқ.

Сонымен, Мұхтызар Титақұлының «Мұрат үшін майдан» пьесасының тарихи миссиясы мынау еді:

1. Ел үшін аса жауапты кезеңде көркемөнер күшімен тарих тағылымын түсіндіру, ұқтыру;
2. Алаш мұраты мен тұлғалары арқылы жастардың рухын ояту;
3. Жеке адам, тұлға ретінде өткен оқиғаға өз көзқарасын білдіру.

Мұның қай-қайсы да сәтті шыққанын туынды қолжазбасын оқып отырып көз жеткіземіз. Басқасын былай қойғанда, көзқарасы тұрғысынан жалғыз қалса да, Мұхтызар Алаш мұратын осылай түсінгені үшін кінәлі ме еді?..

Тап бүгін, «Мұрат үшін майдан» драмасының жазылғанынан бері 78 жыл уақыт өтіпті. Бұл аз мерзім емес. Тәуелсіздігімізге 22 жыл толғаны тағы да белгілі. Ал, содан бері Алаш мұраты туралы пьеса жазылды ма? Жазылмапты! Жалпы бұл тақырып өзекті ме? Өзекті!..

Осы туралы ойланамыз да, «Мұрат үшін майданның» тарихи орнын тағы да бір рет бағамдаймыз.

Біз ұлт мұратын білуге зәруміз! Меңгеруге мұқтажбыз! «Мәңгілік ел» мұратының бір тетігі осында...

Төменде сол мақсатта А.Ырысбекұлы әзірлеген, аталған драма қолжазбасын оқырманға ұсынамыз.

**Қамзабекұлы Дихан** ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,  
филология ғылымдарының докторы, профессор

# АНКЕТА №

Форма № 71.

На арестованных и задержанных с зачислением за Вост.-Назанст. Облостд. ОГПУ

Лица, давшие неверные показания в анкете, будут подвергнуты строгой ответственности.

В О П Р О С Ы	О Т В Е Т Ы
1. Фамилия	<i>Сидоров</i>
2. Имя и отчество	<i>Семенов Степанович</i>
3. Возраст, год рождения	<i>32 лет, родил 1907 г. 24-е мес. г.</i>
4. Место рождения (приписка)	обл., край район, село <i>Восток город Кокчетавская губ.</i>
5. Социальное происхождение	<i>из крестьян - рабочих</i>
6. Постоянное местожительство	<i>Республиканский Секретарь в М.</i>
7. Гражданин какого государства (подданство)	<i>Гражданин СССР</i>
8. Национальность	<i>Русская</i>
9. Образование (если грамотен, то указать, какую школу или учебное заведение окончил)	<i>В Вост.-Назанст. облостд. ОГПУ в г. Кокчетав. М. В. К. Кокчетав. М. В. К. Кокчетав.</i>
10. Социальное и имущественное положение в момент ареста (перечислить подробно недвижимое имущество: постройки, движимое имущество: количество лошадей, коров, овец, свиней и проч., с.х. орудия, сложные и простые, колч. денга и сумма налога). Если неграмотен, то социальное и имущественное положение до поступления в колхоз	<i>Всего имущества ничего нет</i>
11. До 1929 года	<i>Член</i>
12. До 1917 года	<i>Член</i>
13. Заставляла ли принадлежность: а) в какой партии и с как то времени	а) <i>В Вост.-Назанст. облостд. ОГПУ</i>
б) состояли ли в других партиях, когда и с какого времени	б) <i>В Вост.-Назанст. облостд. ОГПУ</i>
в) если выбыл из партии, то когда и по каким причинам	в) <i>В Вост.-Назанст. облостд. ОГПУ</i>

Семистипография, № 2 3. 856 37

№ 1сурет



15  
КОПИЯ

ПОКАЗАНИИ ОБВИНЯЕМОГО ТИТАКОВА МУХТАЗАРА

29 февраля 1936 года.  
гор. Семипалатинск.

1. Откуда Вы приехали в гор. Семипалатинск в 1933 году и как долго Вы здесь жили?

2. В гор. Семипалатинск, я приехал в июне 1933 году из Карагандинской области где работал в аппарате Обл. конторы Казнабсбыт. Приехал сюда проводить отпуск и остался здесь жить у родственников. У гор. Семипалатинске я пробыл до 10 сентября 33 года, а затем уехал в Алма-Ата. Работал в Облконторе Кавлеа и в Облсоцсемабанке.

3. Перечислите Ваших близких знакомых в гор. Семипалатинске в бытность свою в 1933 году?

4. Моими близкими знакомыми по Семипалатинску были:

1. НУРЖАНОВ - работник Обкома партии.
2. БЕРДЖАНОВ - Управляющий Соцбанк.
3. ХАСЕНОВ Турлыхан - Преподаватель.
4. ИБРАЕВ Басар - Зам. Упр. Банка.
5. КЕНЖАЛИН - Преподаватель.
6. МАЙТАНОВ Камель - Преподаватель.

5. Какие обстоятельства предшествовали Вашему знакомству с ними.

6. БЕРДЖАНОВА и НУРЖАНОВА я знаю давно. Я с ними знаком по Карагандинску, где мы еще в 1924 году работали в сов. учреждениях. С ИБРАЕВЫМ познакомился в гор. Семипалатинске по приезде из Карагандинской области. Меня с ним познакомил БЕРДЖАНОВ. Наше знакомство состоялось в квартире последнего.

7. Мою знакомству с ХАСЕНОВЫМ Турлыханом и МАЙТАНОВЫМ предшествовали следующие обстоятельства:

По приезду из Карагандинской области однажды ночью идя из Торсада на меня напали три неизвестных мужчин и отобрали всю верхнюю мою одежду, это происшествие стало известно многим, в частности моим знакомым. Через пару дней со ст. Аул от БЕРДЖАНОВА, находившегося на курорте я получил телеграмму о сообщении о задержании злоумышленников и обнаружении моих вещей. В связи с этим я ездил на ст. Аул и здесь на станционном базаре я встретил БЕРДЖАНОВА. В это время к нам подошли МАЙТАНОВ и ХАСАНОВ, с ними я и познакомился. После этого мы все были в Отделении Раймилиции, где сняли с меня вопрос и вернули мои вещи. Затем по приглашению МАЙТАНОВА мы обедали у него и вечером поездом я уехал обратно в Семипалатинск, а они остались на месте. По прошествии дней 15 после этого я вновь поехал на станцию Аул, чтобы устроить семью на отдых и самому устроиться на курорте. Приехав я вновь встретился с БЕРДЖАНОВЫМ

№ 2 сурет.



КОOPERАТИВ МЕРКЕЛЕТ САВДА ОБЪЕКТ-  
КЕМЕР КЕСИР ОДАҚЫ  
ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ СОЮЗ  
РАБОТНИКОВ КООПЕРАЦИИ И ГОСТОРГОВЛИ

КУСЕЛІК БЕЛЕТ № 16  
ЧЛЕНСКИЙ БИЛЕТ № 173498

Улкен әкесі *Тилібаев*  
Фамилия  
Озіннің еңсе әкесі *Жұрттаев Түрлібаев*  
Имя и отчество  
Туғанға сәл *1904*  
Год рождения  
Кесіні *Экономист - Пляновик*  
Профессия  
Кесіп ілсағы *3 еуді*  
Промысловый стаж  
Одаққа кірген сәл *9/5-24*  
Год вступления в союз  
Озы одаққа кірген сәл *10/27-99*  
Год вступления в другой союз

Билет қасиңа (өл.) *У. М. Т.* Одақта  
Билетті аға  
М. О.  
М. ІІ.  
Одақ үкілет  
Секретарь СОКІАВ  
*М. М. Т.*

№ 3 сурет.

م. تیتان ولی

I  
" Берка за криво "

" سورات و تنوہ مایہ "

4 پر رده کی کا سوره تہی کو پاک دیر امنا.

جان لانا ستارہ: آ- نو یا بجر - 25 - 26 -

بستی:

سہ

و ایضا آلاشی وردی و حرثہ.

№ 4 cyper

**Мұхтызар Төлекұлы Титақов: «Мұрат үшін майдан».**

*(Пьеса 1935 жылы 1 қарашада жазыла бастап, 1936 жылы 29 ақпанда аяқталған).*

Төте жазудан қазақшаға аударған - **ҚР Халық ағарту ісінің үздігі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Мұхамедқазы Мұхамедиұлы.**

#### **4 перделі 6 суретті күйлі драма**

*Оқиға Семей қаласындағы Алаш Орда өмірінен алынып, жазылған.*

#### **Оқиғаға қатысушылар:**

1. Әлихан /Бөкейханов/; 2. Міржақып /Дулатов/; 3. Халел /Ғаббасов/; 4. Жүсіпбек /Аймауытов/; 5. Әлімхан /Ермеков/; 6. Ике /Әділов/; 7. Жақып /Ақбаев/; 8. Мағжан /Жұмабаев/; 9. Шаһкәрім /Құдайбердиев/; 10. Райымжан /Мәрсеков/; 11. Мұхтар /Әуезов/; 12. Алаш полкінің командирі- полковник Хамит Тоқтамысұлы; 13. Жас ақын – Сұлтанмахмұт /Торыайғыров/; 14. Орыс офицерлері (полковниктер); 15. Алаш Ордашыл жас интеллигенттер; 16. Мұсатай бай /Молдыбаев/.

#### **1-ші сурет (көрініс)**

Семей қаласы, күз мезгілі, 1918 жыл. Қызылдар төңіректің төрт бұрышынан жымқыртып, ақтардың әлсіреуге бет алып бара жатқан шағы. Алаш Орда отауының іргесі құрылып, жылдық мерекесін еске түсіру үшін Алаш Орда азаматтарының жасаған сейіл кеші. Кең зал, көзге көрік бергендей әйнектерде үлкен сүлгі перделер, төрдегі қабырғада кісі бойындай айналар, қараушы халықтың қақ маңдайындағы ұзыннан-ұзақ созылып тартылған үстелдер үстінде толған қызыл, ақ шараптар, көздің жауын алатын түрлі дәмдер. Жағалай тізіліп отырған ақгвардияшыл орыс офицерлері мен олардың ханымдары, бай саудагерлер, Алаш Орданың жас қазақ интеллигенттері, араларында татар көпестерінің гимназист

қыздары да көрінеді. Былайша айтқанда, байманап ақсүйектердің, Алаш Орда азаматтарымен бас қосқан үлкен, зор, думанды кеші.

Қараушы халықтың қақмаңдайындағы ұзыннан-ұзақ құрылған үстелді жағалай отырғандардың тап ортасында, Алаш Орданың үкіметінің төрағасы - Әлихан. Перде ашылғанда, отырған халық жым-жырт күйде. Біраз тым-тырыстан соң, Әлиханның қатарында отырған Халел орнынан тұрып, қоңырауды шылдырлатып, сөзге кіріседі.

### **Халел:**

Құрметті әскер басы төрелер, ақсүйек офицерлер, ардақты халқым, елім, қаның бірге қазағым! Қазақ елі өз алдына Алаш атты партиясын құрып, «Абылайдың ақ туын» қолына алғалы міне, бір жыл толды. Сол күнді, сол сағатты еске түсіру үшін, Алаштың әнұранын айтуды ұсынамын. *(отырған жұрт бір кісідей түрегеліп, Алаш әнұранын шырқайды).*

Алаш туы астында,  
Біз - Алаштың баласы!  
Күніміз туып көгерді,  
Сарыарқаның даласы.  
Құрт аурудай жайлаған,  
Құртпаққа бізді ойлаған,  
Қанымызға тоймаған,  
Қолымызды байлаған,  
Ерімізді айдаған,  
Елімізді лайлаған.  
Жерімізді шимайлаған,  
Өшті залым қарасы.  
Жасасын, Алаш, жасасын!

Алаш туы астында,  
Қолдайтын Алаш бабамыз.  
“Туысқандық”, “теңдік” деп,  
Туын қолға ап шабамыз!  
Берілгенде тілектер,  
Жарылмай ма жүректер?!  
Заң жасайтын орынға,

Жұртпен бірге барамыз,  
Қатардан орын аламыз,  
Жасасын, Алаш, жасасын!

Алаш туы астында,  
Қуә болсын арымыз.  
Көркейтуге Алашты,  
Құрбандық біздің жанымыз!  
Былай тұрсын малымыз,  
Алаш деген ел үшін  
Сарыарқаның жері үшін,  
Бостандық берген Ер үшін,  
Төгілсін біздің қанымыз,  
Аялмасын жанымыз,  
Жасасын, Алаш, жасасын!

Алаш туы астында,  
Өлсек бірге өлдік біз!  
Не жақсылық, не қайғы,  
Көрсек бірге көрдік біз!  
Ішкі жанжал таласты,  
Күншілдікпен қарасты,  
Мына жерге көмдік біз,  
Жасасын, Алаш, жасасын!

Алаш туы астында,  
Күн сөнгенше сөнбейміз.  
Енді ешкімнің алашты,  
Қорлығына бермейміз!  
Адамдықтың жолына,  
Бастаған ерлер соңында,  
Басқаға көңіл бөлмейміз,  
Қандай шайтан келсе де,  
Алдауына көнбейміз.  
Өлер жерден кеттік біз,  
Бұл заманға жеттік біз.

Жасайды Алаш, өлмейміз,  
Жасасын, Алаш, жасасын!

*(Әнұран айтылып болғаннан кейін, жұрттың бәрі орындарына отырады. Халел сөйлей береді).*

**Халел:**

«Жұртым! Әлеумет! *(дауысын көтеріп)* Қазақ сынды еліңнің Алаш партиясы құрылып, міне толық бір жыл толды. Бұл жылдың ішінде, азаматтарың аз міндет атқарған жоқ. Сары Арқаның даласындағы қазақ баласының басын қосуға тырысты. Ел болып бірігу үшін, жұртың көктен шабуыл ұран салып, айтыс- тартысқа түсті. Теңдікті алыстан іздеп, жақыннан күттің. Уақытша үкіметке қол созып, қазіргі күнде жаныңда көршілес Омбы қаласында отырған, Сібір шеңберіне қанатын жайған қаһарман -Адмирал Колчакпен үнді бірге шығарып, қол ұстасып, ортақ жауды қалай құрту шарасына кірісіп отырмыз. Бұрын, «Сары Арқа жеріміз бар, Сары Арқада Қазақ еліміз бар» деп, теңдікті құрғақ сөзден күтсек, қазірде қару- жарақты, қылышты, мылтықты халқыңмен қаны бір, жан-тәніңнен жаралған Алаштың ардагерлері - Әлібек, Рүстем Әлилер Жетісуда, Атаман Анненковпен тізе қосып, жауына қаһарын төгіп жүр. Олар соғыстағы жалғыз емес, Алашыңның атында «Абылайдың ақ туын» желбіреткен он полкің бар. Ертеңгі күні қосымша қылып, төрт полкіңді жіберткелі отырсың. Бұлар кімдер? Еліңнің Ерлері, Ел намысын қолына алған, ар- намысын сақтау үшін қан майданда қарсы тұрып, бостандықты күшпен алып, іргелі жұртшылықтың іргесін қалаушылар! Жасайды жұртың, көркейеді елің, өркендейді Алашың. Жасасын, Алашың, жасасын. *(отырғандар құрмет көрсетіп, қуана қол шапалақтайды )*

**Халел:***(ақырын жәткірініп)*

«Алаш Орда үкіметінің бір жылға толған құрметті мерекесінің ашылуымен қабат, Алаш алдындағы мақсат, қазіргі хал- күйі, Алаш Орда үкіметінің маңызы және алдындағы мақсаттары туралы сөз, ел бастаған көсеміміз, жұрт бастаған данышпан шешеніміз, Алаш Орда үкіметінің басшысы - Әлихан Бөкейханұлына беріледі». *(отырған жұрт ду қол шапалақтайды, біраздан соң, Әлихан сөйлейді).*

**Әлихан:** *(орнынан маңғаздана көтеріліп, жан-жазына қарайды)*

«Ардақты халқым! Қаның бірге, Алашым! «Сары Арқа сары бел үшін, Сары Арқадағы ел үшін» аттылы- жаяулы «Абылайдың ақ туының» астына жиналу керек! Іргелі жұрттың, ерікті Отан боларыңда қорған алу керек! Қаны бірге Елім, Алашым! Сен жалғыз емессің, жәрдемшің, жолбасшың мығым. Адмирал Колчак маған берген уәдесі бойынша, бізді Ел қылмақ. «Алаш» атты тіккен отауыңның тасын өрге домалатпақ, іргесін ұлғайтпақ! «Абылай сынды атаңның ақ туын» Алаш Орданың маңдайында желбіретпек! *(Сөз аяқталғанда, Алаш әнұранының әуені естіліп тұрады).*

## 2-ші сурет *(көрініс)*

Мезгіл 1918 жылдың қазан-қараша айларының шамасы. Алаш Орда үкіметінің кеңсесі. Бірінші бөлме, одан жоғары Алаш Орданың ағасы отыратын кабинет. Кабинет іші көркем. Төрдегі ұзыннан-ұзақ жабылған үстел, қызыл күрең түсті мақпал барқытпен малынған, үстінде әдемі-әдемі жазу саймандары -қоңырау, графин тағы-тағылар, адам кірсе шыққысыз сондай бір таза кабинет. Қабырғада адмирал Колчактың, атаман Анненковтың және Алаш Орда азаматтарының суреттері ілулі тұр. Кабинеттің іші толы Алаш Орданың басшылары және ақсақалдар. Ортаға, Алты бірдей тұтқынды бірнеше сарбаз дедектетіп, сүйретіп әкеледі. *(Әлихан орнынан жайлап қана тұрып, көпшілікке қарата сөйлейді).*

**Әлихан:**

«Құрметті Алаш Орда үкіметінің мүшелері, ардақты әскер басылар, бауырларым, күндерім! Тығыз түрде, құпия ретте бас қосқан кезексіз мәжілісті «ашылды» деп, жариялаймын! Құрметті ағызалар, бауырларым!!!*(аз пауза)* Қилы- қилы заман болып, қарағай басын шортан шалып, азамат басына күн туды. Сондықтан, маған қазіргі қаралатын мәселені жариялауға ұлықсат етіңіздер! Бірінші мәселе: «Қазірде тұтқынға алынып отырған большевик бастықтарына және Совдеп мүшелері араңнан шыққан балшабай қазақтарға не шара қолдану туралы». Екінші мәселе: «Айналамызды жан түршіктіріп, қамаумен қабат, Алаш



Орда үкіметін ажыратып, сақтау қамы». Айтылған күн тәртібіне қосатындарың, қарсылықтарың бар ма? *(жан жағына ойқастап қарайды. Өзгеріссіз, алынсын деген дауыстар естіледі)*. Олай болса, күн тәртібі «алынды» деп, санаймын». Я... *(-деп тамағын кенеп, жан-жағына сабырмен қарайды, аздаған пауза.)* Дүние теңселді, біз әлсіредік, бұзықтық істеп, ойдан-қырдан құралған құлар, жұмыскердің алдына салып, фронттағы хахолдың балаларын оларға серік қылып, бүкіл Ресейге бүліншілік тудырып, Петроград, Мәскеу сықылды қалалардан бастап, Еділ-Жайықты жаншып өтіп, кешегі күні Омбыны алып отыр... Я... *(-деп тамағын кенейді)* Көбің большевиктер партиясының не мақсат көздейтінін жеткілікті түсінбеген де боларсыңдар. Аз сөзбен айтып ұғындырсам, большевик партиясы дегеніміз-коммунистердің партиясы. Былайша айтқанда, бұзақылар партиясы. Олардың программасында меншікті дүние болмасқа керек, жер мен суды, малды, жанды ортаға салуларың керек. *(сәл қатуланып)* Керек десендер, әйелдеріңе де ие бола алмайсыңдар. Е... *(-деп тамағын кенеп, жан-жағына қарап, дауысын көтеріп)* Сонымен, коммунистік партияның не мақсат, қандай мұрат көксейтінін іштей сезген боларсыңдар. Ардақты ағызалар, сол большевик жауыздар өз арамызда да жоқ емес, бар. Алтау- жетеуді тұтқынға алып та отырмыз. Қазіргі тексермек әңгімеміз, солар туралы, соларға қолданатын шара туралы. Иә, олар кімдер дейтін болсаңдар, *(тұтқындарға қарап)* Разумза, Тимошенко, Радлов. Бұлардың ішінде қазақтан да жоқ емес. Араңнан шыққан доңыздарың бар, *(дауысын көтеріп)* Тасболатов, Кедейшин, Қарманов тағы басқалар... Ерін сатқан, елін сатқан міне, бұларға не істеу керек? Қазірде, қарайлайтын шақ емес, идея жолында әкесі баласына, баласы әкесіне бұрылмайды. Мұны бірден біліңдер. Ел қорғау жолында құрбансыз болған емес. Сондықтан, тұтқындағы алтау туралы, осы отырған кеңес қолданатын шарасы, Алаш елі атынан айтатын, үкімін шығару керек. *(Әлиханжан-жағына маңғаздана қарап, тамағын кенеп Е... деп, )* бұл туралы тағы сөйлейтіндер бар ма?».

**Халел:**

«Азамат! Ақсақал, қарасақалдар! *(көзімен көпті шолып өтті)* Менің айтпағым... *(сұқ саусағымен көрсетіп)* мына жауыздар ту-

ралы, Тасболатов, Кедейшин, Қарманов тағы-тағылар, бұлар кімдер? Елін сатып, ерін жаншып, ел намысынан безгендер. Бұлар, қайғыменен шерленген, қара күнде селденген Алаш баласын аздырмаққа ойланғандар. Бұлар, қара басының қамы үшін, рулы елін сатып, ұрпағын құртамын деушілер. Олай болғанда, бұларды аяу жөн бе? Жоқ, орындарына жіберу, дұрыс па? Осы отырған азамат! Бұл сұрақтарға тезінен жауап табуға міндетті. Менімше, сөз қысқа, жауыздардың қылмысы айқын. Олар қылмыстарына қарай, жазасын тартуға тиісті. Сондықтан, *(дауысын көтеріп)* ұсыныс біреу-ақ, тұтқындағы алтау атылуға тиіс. Олармен, қазақ елі жасай алмайды. Олар, мыңды айдаған байыңды, ақсүйек төреңді, көмейсіз шешен биінді құртамын деушілер. Олармен кемтігің толмайды. Олар атылатын болса, алты Алашта алты қатын буаз болар. Алты Алаштың жолында, тұтқындағы алты адам әлпештеген..... байдың садағасы деп атамыз! Тұтқындағы алты адам туралы шығатын үкімнің тез орындалуын қуаттаймын» деп, сөзін бітірді.

**Міржақып:***(ортаға шығып)*

«Азамат! Қазірде тұрмыстың толқыған кезі, дүниенің теңселген шағы, ат басына күн туып, ауыздықпен су ішер, ер басына күн туып, етігімен су кешер шақ. Қазірде, ел күңіреніп, ер қажып, жау жетті дейтін шақ. Қазірде, ел еркіндігі үшін, батыр батылдығына, данышпан ақылдылығына *(дауысын көтеріп)* елім деген азамат, ерік-қайратына сүйенетін шақ. Ел қорғау, отан қорғау ісі-оңай іс емес, жұмылған көптің, қажусыз білектің қайратында болатын іс. Бұл жолда, қан төгіліп, ер кетпекші, ел күңіреніп, не жетпекші. Азамат! Біз, тағдыр шешейік деп отырмыз. Алты адамның орнын жоғалтуды қарап отырмыз. Бұл жұмыс оңай іс емес, тағдырын шешу қиын. Алты бірдей адамды, алты минутта жоғалту тарихта бір із қалдыратын іс. Сондықтан, алты бірдей адам жоқ болғанда, не үшін жоқ болады. Оларды жоқ қылғанда, не үшін жоқ қыламыз. Кеп осында. *(дауысын көтеріп)* Атылатын алты адам, қара бастарының қамы үшін, қаны бірге елін қансыратуға қам еткендер. Алты минутта жоқ болатын алты жан, алты Алаштың баласын алты рулы елге сатушылар. *(дауысты көтеріп)* Азамат! Сондықтан, алты миллион елі бар, Сары Арқа сары белі бар алты Алаштың атынан аластатылған алтауға айтылатын үкім, мынау болу керек.

Қаны бірге қазағын қаралы күнге сатушы, ел бостандығына қарсы тұрып, рулы елін жоғалтамын деуші алтаудың өлімі, еркіндігін көздеп, бостандығын іздеген, Отанын қорғап, іргелі жұрттығын көксеген қазақ елінің қамы үшін деп атамыз. Азамат, ұсынысым біреу- ақ» деп, сөзін бітіреді. *(оның соңынан іле-шала)*

**Полковник Тоқтамысов:**

«Азамат, біз әскерміз, біздер соғыс адамымыз! Біздердің тәрбиеміз- жауды жеңсек, жеңісіміз. Өлсек, өлу біздің жолымызқанды жол. Қазір, тұрмыс бұзылды, дүние теңселді. Біздің жалпы тілектес-серіктер Колчак, Дутов дейтіндер қойдай тозып, бытырай бастады. Үміт күткеніміз тек Жетісу фронты, атаман Анненков. Ол әзір беріле қойған жоқ. Бізбен, көппен бірге қан майдан топырағында ойнақ салып жатқан Алаштың он полкі бар. *(дауысын көтеріп)* Ертеңгі күні ақырғы полкіммен Жетісу фронтына қосылу үшін аттанамын. Алдымдағы жау беттегі кезеңде, кезектесіп жау большевиктер жүр. Олай болса, қолдағы отырған алты большевикті артыма тастап кете алмаймын. Олар алтау емес, он, он емес жүз, қармағыма іліккенін қанды қылмай кетпеймін. Тұтқындағы большевиктер туралы алдағы сөйлеп өткендер үкім шығару туралы пікірлерін айтып еді, мен де сол пікірге қосылып, бүгін түннен қалмай үкімнің орындалуын қуаттаймын» деп, сөзін бітіреді.

**Әлихан:**

«Тағы сөйлейтіндерің бар ма, жоқ болса, дауысқа қоямын». *(жан- жағына қарайды)* Сөйлеуші жоқ. *(сахна жайлап жабыла бастайды)*

3- ші сурет *(көрініс)* .

1918 жылғы Семейдегі аласапыран. Ақтардың әлсіреп, оларды қызылдардың жан-жақтан қыспаққа алып, жеңе бастаған кезі. Қыс уақыты, шамамен қараша айы. Жетісу фронтына «Алаш полкін» аттандырып салуға арналған, Алаш Ордалықтар мен орыс офицерлері ұйымдастырған салтанатты митинг.

Сахнаның ашылар сәті таянғанда, оркестр ақгвардияшылардың маршын ойнайды, офицерлердің дауыстары естіле бастайды: бір, екі, бір, екі аяқ дүбірі. Барлығы тоқтатылады да, сахна ашылады.

Сахна - қаланың ортасындағы үлкен алаң. Жағалай тізіліп тұрған қазақ және ақгвардияшыл орыс офицерлері мен олардың ханымдары, бай көпестер, Алаш Орданың жас интеллигенттері, араларында татар көпестерінің гимназист қыздары да көрінеді. Алаңға қойылған трибунада Алаш Ордалықтар - Әлихан, Міржақып, Халел, Әлімхан, Жақып, Тынышбаев және жастардан Сұлтанмахмұт тұр. Қатарларында орыс полковниктері де бар. Трибунаны «Алаш полкінің» қарулы сарбаздары айнала қоршаған.

**Әлихан:** *(жан-жағына маңғаздана қарап)*

«Құрметті ағызалар, бауырлар! Февраль төңкерісі болды, патша тағынан түсті, бүкіл Ресейдің қол астындағы халықтарға еркіндік тиді. Бостандық болды. Теңдік алды. Бүгінде, Патшаның отаршылдық саясатында езілген елдер теңдікті алуға шабысты. Өз тізгініне өзі ие болып, бөлек Автономия, жұрт болуға қамданып, Құрылтай съезінің даярлықісіне кірісті. Сол езілген елдің бірі-біздің қазақ елі де, өз алдына «Алаш» атты партия құрып, «Абылайдың ақ туын» қолына алып, Отан болуға қалып еді. Қазіргі уақытта, жалпы Ресейді бүліншілік басты, астан-кестен дүние болды. Қызылқырман соғыстан ер күңіреніп, ел күйзелуге айналды. Қазірде, арқа тірерлік дүние қалған жоқ. Керенский шапанын арқалап, граница өтіп, ол кетті. Бүкіл Сібір өлкесіне «Әзіреті Ғалидей үкімін жүргіземін» деген Колчактан да мән шықпады. Атағы шыққан, үміт күткен генерал Дутов болса, бордай тозып, әскеріне ие бола алмай, ол барады. Жалғыз үміттенетініміз-Жетісу фронты, Атаман Анненков. Бұрын, «Сары Арқа жеріміз бар, Сары Арқада қалың Қазақ Еліміз бар» деп, теңдікті құрғақ сөзден күтсек, қазірде қару-жарақты, қылышты, мылтықты халқыңмен қаны бір, жан-тәніңнен жаралған Алаштың ардагерлері - Әлібек, Рүстем Әлилер Жетісуда, Атаман Анненковпен тізе қосып, жауына қаһарын төгіп жүр. Олар соғыстағы жалғыз емес, Алаштың атында «Абылайдың ақ туын» желбіреткен он полкі бар. Ертеңгі күні қосымша қылып, төрт полкіңді жіберткелі отырсың. Бұлар кімдер? Еліңнің Ерлері, Ел намысын қолына алған, ар-намысын сақтау үшін қан майданда қарсы тұрып, бостандықты күшпен алып, іргелі жұртшылықтың іргесін қалаушылар! *(ерекше екпінмен)* Жасайды жұртың, көркейеді елің, өркендейді Алаштың. Жасасын, Алаштың, жасасын. *(шартташұрт шапалақ ұрылады.)*

Трибунаның жанындағы Тоқтамысовтың артында 4-5 қазақ және орыс офицерлері сап түзеп тұр. Штаб бастығы командирлермен ақырын сөйлеседі де, дереу бұйрық береді: «Полк, тік тұр» деп, полковник Тоқтамысовқа тағзым етіп, мәлімдеме жасайды. Тоқтамысов мәлімдемені қабылдап алады.

### **Штаб бастығы:**

«Полковник мырза, полк толық жиналды және майданға аттануға әзір!» *(полковник Тоқтамысов көтеріңкі дауыспен)* «Полк, тік тұр» деп, трибунаға көтеріледі де, Алаш Орданың төрағасы Әлихан Бөкейханұлымен сыпайы түрде сыбырлап қана сөйлеседі. *(жан-жағына қарап, тамағын кенеп, сөзге кіріседі).*

### **Полковник Тоқтамысов:**

«Бауырларым, қаны бірге Алашым, халқым менің, арыстандарым менің, өскелең ұрпағым менің! Бүгін, міне өз еліммен, өз жеріммен және сендердің мейірімді ата-аналарыңмен қоштасып тұрмын. Үлкен-кіші бауырларым, сендер бостандық алу үшін қан майданға аттанып бара жатырсыңдар. *(тамағын кенеп, жан жағына ойқастай қарайды)* Сендер, Алаштың сенімді ұландарысыңдар, менің арыстандарым. Сендердің күшқайраттарың тасып, ерік-жігерлерің жанып тұр. *(көтеріңкі дауыспен)* Сендердің міндеттерің айқын, Сары Арқаның даласы үшін, Сары Арқаның халқы үшін, теңдік үшін күреске шықтыңдар, батырларым. Біз, ұлы қазақ халқы үшін, Алаш үшін, қанішер балшабайлармен (большевиктер) соңғы деміміз қалғанша соғысамыз. Егер, осы жолда қаза болсақ, шейітпіз. Егер, жеңсек жасасын халқымыз, жасасын Алаш! Сендердің ата-аналарың мен сүйікті жарларыңды біз сендердің ағаларың өз қамқорлығымызға аламыз! Сөзімнің соңында айтарым, күрессіз жеңіс жоқ, қан төгіссіз бостандық жоқ. Сендер, бабаларымыз -Абылай мен Кенесарыны естеріңе түсіріңдер. Олар-өз халқы үшін, айқасқа шыққан батырлар. Сендерге, нағыз ер жүрек батырларымызға, Алаш жолында аталарың «Абылайдың ақ туын» көтеруді сеніп тапсырамыз. Егер жауды жеңсеңдер, халқымыздың гүлденген өмірін көресіңдер, егер жеңілсеңдер, сендердің жандарың құдай алдында таза. Біз сендерге ақ жол тілейміз, жасасын біздің батырларымыз, жасасын туған халқымыз, жасасын туған жеріміз, жасасын Алаш, жасасын! *(Сөз аяқталады да, әуен ойналып, Алаштың әнұраны айтылады).*

**(Жалғасы бар)**

*Пьеса туралы ақпарат берген және оны тауып, алып шығуыма бағыт-бағдар сілтеген, 2012 жылғы Семей қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Құсмілия Нұрқасымға және республикалық «Абай» журналының бөлім меңгерушісі Мұрат Кенемолдинге үлкен рахмет айтамын!!*

**Ырысбекұлы Айдын**  
«Ақ жол» ҚДП Орталық  
аппаратының идеология бөлімінің директоры,  
Алаштанушы

## «МЕН ДЕ АМАН КЕЛЕРМІН.....»

«Егемен Қазақстан» газеті, 29.10.2013 жыл.

Алаштың тағы да бір ардақты азаматы – Перуаш Кәрімұлы туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы мұрағатынан НКВД кезіндегі құжаттар табылды.



Перуаш Кәрімовке қатысты қылмыстық іс - Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы мұрағатында сақтаулы. Бұл туралы Перуаш немересі, Мәжіліс депутаты Азат Перуашевтың атына келген мұрағат басшылығының хатында айтылған. Перуаштың немерелері жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы заңға сәйкес, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шақыруымен қылмыстық іс материалдарымен танысып шықты. «Перуаш атамыз туралы оның көзін көрген туған-туыстарының, жақындарының, ел ішіндегі әңгімелердің шындық

екеніне көзіміз жетті», – дейді олар.

Табылған деректер бойынша, Кәрімов Перуаш, ұлты қазақ, КСРО азаматы, 1914 жылы туған, партияда жоқ, комсомол қатарынан шығарылған, 7 кластық білімі бар, бұрын сотталмаған, тұтқынға алынғанша Ақмола облысы, Еркіншілік ауданында мектеп инспекторы болып жұмыс істеген. Әкесі – Кәрім Әмрин болса, әйелі – Ерке, ұлы – бір жастағы Тұрлыбек.

– Аталып отырған Тұрлыбек біздің әкеміз, – деген Азекеңнің сөзінен тебіреніс сезімі байқалып тұрды.

Перуаш Кәрімов 1937 жылдың 14 наурызында НКВД-ның Еркіншілік аудандық бөлімімен «колхоздарда революцияға қарсы

әдебиеттерді тарату және іріткі туғызу жұмысын жүргізді» деген айыппен тұтқынға алынған. Жарты жыл түрмеде ұсталғаннан кейін, 8-9 қыркүйекте Қарағанды облыстық сотының үкімімен ақталып, босатылған. Бірақ, тура бір айдан кейін, Қазақ КСР Жоғарғы сот төрағасының жеке өзінің талабы бойынша, оны қайтадан тұтқынға алып, түрмеге жапқан. Перуаштың қарындасы Күлшат апайдың айтуынша, түн жамылып келіп, баса-көктеп үйге кірген «қызылдар» ағасын есінен танғанша соққыға жығып, денесін арбаға лақтырып тастап, алып кеткен. Мұны Перуаштың жан жары Еркеге түрмеден жазған хатындағы «тамақсыз өлмеймін, уайымнан өлемін. Бойым ауырлап, денем дірілдеп, аяғымды басайын десем – мүмкіндік жоқ тәрізді» деген сөздер де растайды. Бұл жазбаларға әлі қайта ораламыз.

Сөйтіп, ол 1938 жылдың 15 қаңтарындағы Қарағанды облыстық сотының үкімімен РСФСР ҚК 58-10-бабы бойынша (Кеңес өкіметіне қарсы насихат жүргізу) 5 жылға бас бостандығынан айырылған, жазасын қатаң режимдегі мекемеде өтейтін болған. Оның үстіне босағаннан кейін, тағы 3 жыл сыртқы дүниемен байланысуға тыйым салынады. Бір сөзбен айтқанда, барлық құқықтарынан айырылады. Ресей тарихшыларының айтуынша, «бұл ешкім сұрау салып, әуреге түсірмесін, ізсіз-түзсіз кетсін» деп қасақана жасалған. Шын мәнінде, мұндай үкім - өлім жазасымен пара-пар еді. Оған кесілгендер тірі қалмайды деп есептелген.

Қылмыстық істе сақталған құжаттарға қарағанда, «Байшыл элементтермен, революцияға қарсы ұлтшылдық көңіл күйдегі тұлғалармен байланысып, Алаш-Орданың әдебиетін жинағаны және ұлтшылдық насихат жүргізгені» үшін айыпты деп танылған Перуаш сол кезде бірталай жерді, оның ішінде Сталин, Алғабас, 1 май, Соцпуть, Жолбасшы, Мирзоян, Петровск, Коминтерн, Соцма-як, Фрунзе, Ленин, Исай, Красный пахарь, Бірлік, т.б. ауыл-колхоздарды аралап шығып, жергілікті тұрғындармен кездесу-әңгімелер ұйымдастырып, Алаш идеяларын таратқан. Осы жұмыстарды 23 жастағы Перуаш Кәрімов жолдастары – 33 жастағы Шайшық Олжабаевпен, 35 жастағы Ескендір Жиенбаевпен және 37 жастағы Мұсабек Құрмановтармен бірге жүргізген.

Перуаш Кәрімұлы және жолдастары тек 23 жылдан кейін ғана, 1961 жылы Қазақ КСР Жоғарғы соты Президиумының қаулысымен



ақталды. Сол кезде, әділдік іздеген Перуаш баласы Тұрлыбекке әкесінің түрмеде құрбан болғаны хабарланған еді. Енді міне, арада 50 жылдан астам уақыт өткеннен кейін, атасының қылмыстық іс құжаттары Перуаш Кәрімұлы немерелерінің қолына тиіп отыр. Алайда, оның өмірінің соңғы сәттері қалай өтті, жас ғұмыры неден үзілді: қызылдардың оғынан ба, қарақшының пышағынан ба, әлде

ИИВД

→ с. Благодатное, Арктический район

в доку №

### Протокол допроса

1997 ж. маусым айының 14 күні, в ЧАФ Арктического района —  
 с. Благодатное с.б. Ситникова допрашивал в качестве обвиняем, гражда-  
 ланина (ку) Каримова Перуаш

на первоначально предложенные вопросы она(а) показала(а)


1. Фамилия Каримова
2. Имя, отчество Перуаш Каримовна
3. Возраст (год рождения) 1914 года.
4. Происхождение (от куда родом, кто родители, национальность, гражданство или подданство) Национальность татар; подданство СССР
5. Место жительства (постоянное и последнее) с. Благодатное Арктиче-  
 ского р-на КСР
6. Год эмиграции (последнее место службы и должность) Семейский, 1950/56,  
 1957 по 1960 году в Арктике на РОНА Арктического района
7. Семейное положение (бывшие родственники, их имена, фамилии, адреса, род связи  
 с ней до рождения подозреваемого) мужей, жена Токмакбаева, отец  
 Мурат Карим, мать Байра Каримовна, сестра Кусей Каримовна,  
 сестра Бурча Каримовна, сестра Ситникова Каримовна, сестра Туганбаева  
 Каримовна (Бекбаева), мать с. Благодатное Арктического района КСР.

үмітсіздіктен өмірден күдер үзді ме, ауырып жан тапсырды ма, сүйегі қайда қалды, барлығы да ұрпақтарына беймәлім болып келді. Енді осы жұмбақтың түйінін шешіп, атасының сүйегі жатқан жерді табуды ұрпақтары өздеріне жүктелген перзенттік аманат деп санап отыр.

Хаттамалар бойынша, 23 жастағы Перуаш өзінен әжептәуір жасы үлкен жолдастарынан қалмай, жауапкершіліктен бас тартпай, ұлттық ұстанымдарына берік болып, алған бетінен қайтпай ақырына дейін барады. Сол себептен шығар, балаларының айтуын-

ша, 80 жасқа жеткен, Шайшық Олжабаевтың інісі Тобай Барлыбаев атамыз көзі жұмылып бара жатқанда «Перуаш, Перуаш!» деп 40 жыл бұрын өмірден озған айнымас досын шақырып жатыпты.

Бір адамның, бір отбасының басындағы қасіретті тілге тиек еткенде ХХ ғасырдағы қазақ елі тарихындағы жеке адамдардың тағдырларын тәлкек еткен, таптап жаншыған қаралы кезең көз алдыға келеді. Осының өзінен-ақ, Перуаш Кәрімұлы Қазақстанда 1937-1938 жылдары «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер», «әлеуметтік қауіпті элементтер» деген жалалар жабылып, саяси айып тағылған, 105 мыңға жуық елім деп еңіреген боздақтардың бірі екендігі анық көрінеді. Яғни, ол – кеңестік билік жергілікті



тұрғындардың ұлттық ерекшеліктері мен мүдделерін қорғаушыларды аяусыз жазалап жатқан ауыр кезеңнің құрбаны. Дәл осы жылдары қазақ халқы Алаштың аяулы ұлдарынан – ұлт зиялыларынан айырылды. Солардың бірі – Перуаш Кәрімұлы 16 жаста мұғалім болып, ауылда тұңғыш мектеп салып, сол мектепті 1936 жылға дейін басқарды. Сонымен бірге, 1930 жылы Қазақстандағы егіншілік техникумында, 1931 жылы Ақмола педагогикалық техникумында сырттай оқып, сол жылы қазақ мұғалімдерінің курсы үздік бітірді. 1934 жылы Алматыда «аудандық ағарту комитеттері төрағаларының біліктілігін арттыру өлкелік курстарын» тәмамдады, ал 1936 жылдан бастап аудандық білім беру бөлімінің мектептер бойынша инспекторы болды. Мұның бәрін ҰҚК-тің П.Кәрімұлының немерелеріне жолдаған анықтамалар, куәліктер, т.б. құжаттар растап отыр.

Оның 1930 жылы КСРО Егіншілік халық комиссариатының «Зернотрест» кеңестік астық шаруашылықтары мемлекеттік бірлестігі жанындағы Тоғұзақ стансасындағы (қазіргі Қостанай облысында) Қазақстанның социалистік егіншілік техникумына оқуға түсуіне келсек, тек осының өзі 16 жастағы Перуаштың мінезі мен мақсаткерлігін айқындап тұр. Оны түсіну, сезіну үшін сол кезеңде Қазақстанда қандай оқиғалар орын алғанын еске салу қажет. Тура соның қарсаңында, 1927-1929 жылдары голощекиндік «үлкен секіріс» деп аталған солақай саясат көшпелі шаруашылыққа тыйым салуға және шаруашылықтарды, әсіресе, үй малдарының басын, жаппай ұжымдастыруға байланысты қазақ ауылдарын күштеп отырықшыландыру болып өтті. Бұл тарихи даму барысында мал шаруашылығына сүйенген және өзін тамақ өнімімен қамтамасыз ету үшін жеткілікті дәрежеде егіншілік машықтарын меңгермеген қазақ халқының ашаршылықтан жаппай қырылуына әкелді. Аштықтан тұтас ауылдар жойылып кетті, қаныпезер жыртқыштықтың деректері көп, құрбандардың саны миллиондап саналады, сахарадағы тұтастай аудандар қаңырап бос қалды.

Бұл жағдайда ауыл жасөспірімі халқы үшін белгісіз жаңа сәланы – егіншілікті зерттеумен шұғылдануға шешім қабылдайды және туған ауылынан мыңдаған шақырым жерге оқуға кетеді. Оның өз халқын ашаршылықтан құтқаруға, оның болашағын

осындай қайғылы жағдайлардан қорғауға бар ынта-ықыласының ауғанына күмән жоқ. Бүгін біз мұны дамудың инновациялық жолын таңдау деп атаған болар едік, бірақ сол уақытта да бұл сөзсіз батыл және прогресшіл қадам болатын.

Құжаттар көрсетіп тұрғандай, қазақ мұғалімдерінің курстарын 1934 жылы бітіргенде Перуаш орыс тілін еркін меңгерген, математика бойынша, жаратылыстану, география және т.б. пәндерден тек үздік бағалар алған.

Жас болғанына қарамастан, осындай білімге құштар, алған білімін халыққа таратқан мұғалім Перуаш Кәрімұлы – сол жылдары қазақ даласында болған зиялы-ағартушылардың бірі. Олар атылды, әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды, еріксіз жер аударылды. Талай бейбіт отбасыларының оты өшіп, ана жесір, бала жетім қалды. Онымен де қоймай оларды «халық жауының», «отанын сатқандардың» отбасы болғаны үшін абақтыларға жапты. Ал жоғарыда аталған хаттағы Перуаштың жазғандары бұл зобалаңның отбасын айналып өтпейтінін сезгенін байқатады: «Ешкімге дос деп еш пікір айтпа. Сыртыңнан «иә» деп те... өзің алданып қалып жүрме. Онымен жанды аман сақтай алмаспыз». Өкінішке қарай, оның осы қаупі шындыққа айналды. «Әжеміз – Ерке Жиеналина да АЛЖИР лагерінде азап шеккені туралы әңгімелер бар, оның да одан арғы тағдыры біз үшін белгісіз, әлде де анықтай түсу керек», – дейді ұрпақтары.

Оның үстіне Перуаштың құдай қосқан қосағы Ерке Жиеналина ерінің ісін қолдап, мұғалім болғанын оның көзін көргендер айтыпты. Мұның да жаны бар. Еркенің сауатын көтеріп, білімін жетілдіргенін, оның қысқа мерзімді курстағы оқуына байланысты айта келіп, Перуаш жазған келесі жолдар растап тұр емес пе: «... сыртқа сыр білдірмей көңілді оқы, нашар үлгеріп қатарыңнан кем қалма». Байқасаңыз, темір қапаста отырған жап-жас жігіт өзінің жарына тілеуші ғана болмай, қамқоршылық көрсетіп отыр. Қандай қуатты ерік-жігердің иесі болды десеңізші!?! Бұл хаттың Еркенің қолына тимей, оның жүрегін жылытып, көңілін жұбатпағаны қандай аянышты...

ҰҚК-ті ұрпақтарына қайтарып берген құжаттардың әрбірін мұқият қарап отырып, соның ішінен менің назарым Перуаштың

латын қарпімен Еркеге жазған хатының түпнұсқасына түскен еді. Оның тиісті мекенжайға жетпеуінің себебі, бірнеше жерден асты қызыл сиямен сызылған хат жолдарында жатса керек, цензурадан өтпегені анық. Перуаш немерелері мұны ұғынықты болу үшін латын қарпінен қазіргі қолданыстағы әліпби таңбасына түсіріп қойыпты. «Ал жалпы латын қарпімен жазылғандарды түсіну қиын болар деп ойлаушы едік, қазір ондай күдігіміз сейіліп кетті, тіпті, бұл әліпбиді пайдалану қолайлырақ па деп қалдық», – деді олар.

Хаттан 1, 2, 3... деп санамалап, 22-ге дейін жеткізіп, ненің қажеттілігін көрсеткенінен Перуаш Кәрімұлы отбасының күнделікті күнкөрісі үшін аса алаңдамайтыны анық аңғарылады, яғни оны да сол кезеңдегі өзі үшін емес, алашшыл азаматтар секілді, ұлт мүддесі үшін жанқиярлық күреске өз істерінің дұрыстығына, әділдігіне деген сенім жетелеген. Оның хаттағы зайыбы мен жалғыз ұлына деген шексіз сүйіспеншілік сезімдерін білдірген сөздерін тебіренбей оқу мүмкін емес, жүректі шымырлататын, сыздататын тұстар көп. Шимай емес, әдемілігімен көз тартатын жазу-қолтаңбасында кепілдікпен шығару секілді үлкен мәселелермен қатар, түрме түнегінің қолайсыздықтарына қарсы тұратын жылы киімдер, тұрмыстық бұйымдар сұраған: «Кепілге алып кетпесе, әкем ұстарасымен келіп, шашымды алып беріп кетсін»..., «...Жауап беріпті, босатпайды ғой. Бұдан тек құтылу қиын енді».

Түрмеде баскесер қылмыскерлермен бір камераға қамалып, содан қорғану үшін де керек етті ме екен, кім білсін, «Бірігіба (бритва – С.Б.) пышағынан тағы бір-екеуін жәшік (үйден сәлемдеме жәшігі – С.Б.) түбіне жасырып сала сал» деген жері де бар. Мұның өзі оның өте қиын жағдайымен қатар, қайтпас-қайсар ерлік мінезін көрсетіп тұр.

Хаттың өзге де кейбір үзінділерін, сол жылдардың жан тітіретер суық ызғарын көз алдыңызға келтіріп, өз бағаларыңызды беру үшін, осылайша ештеңені өзгертпей қаз-қалпында келтіргенді жөн көріп отырмыз:

– «Қош-қош, бауырым. Бауырыңды елжіретпе... тағы мен жалғзым деп жыладым – сен бар екенсің, Төкенім бар қалатын»...,

– «Сен Төкенімнің исі бар жаңа көрпені сұрағанымна ренжіме... Құлыным ақырғы сүйіскенім деп ойлама. Құдайдан тіле, үміт ет»...

– «Ақмолаға жүргізетін болса, қапы қалмай қоштасып қалыңдар. Төкеніммен қоштасқам жоқ жылар деп»..,

– «Ақмолаға барсам... бос келмендер – бәрі бір онда бұдан да қатаң ұстайды»...

Бірақ осындай қиыншылықтарға қарамастан, Алаштың жас азаматы өз ұстанымдарынан тайған жоқ, тіпті, түрмеден шыққаннан кейін де өз ісін жалғастыруға үміттенді: «Әуелі жаным қалсын. Сосын көрермін»...

Әттең, шіркін-ай, аңсаған арманы елес болып, алдан көрікті өмір белесін көре алмай кетті-ау, жас оғлан. Мұнымен қоса тоталитарлық жүйе өзінің қанды шеңгелін оның өмірлік серігі Еркеге де салып, көп ұзамай ол да өмірден қыршын кетті, сөйтіп, тағы бір отбасының түтіні өшті.

Перуаш Кәрімұлының сотталғаннан кейін олардың тағдыры беймәлім қалпында қалып, артындағы жалғыз тұяғы: Төкені – Тұрлыбегінің есейіп, ат жалын тартып мінгеннен бастап, әкешесін іздеген әрекеттері нәтижесіз аяқталған. Жалпы, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау КСРО-да 1954 жылы басталып, ол 1960 жылдардың басына дейін жалғасқан. Ал П.Кәрімовке қатысты қылмыстық істің 1961 жылы наурыз айында тоқтатылғанын осы жылымық кезеңге ілігуімен түсіндіруге болатын секілді. Өйткені, одан кейін бұл үдеріс тежеліп, тек қайта құру деп аталған кезеңде – 1980-жылдардың соңына қарай қайтадан басталғаны мәлім.

Мәселен, Перуаштың ақталғанына қарамастан, оның ұлы Тұрлыбекке Алматы облысы, Қаскелең ауданы, «Каменский» совхозында машина ауласының меңгерушісі болып жұмыс істеген кезінде 1965 жылы партияға өтуге және қызмет бабымен әрі қарай өсуіне тыйым салынды. Әрине, ешқандай қызметтік өсу ата-анасының адал атымен салыстыруға келмейтін еді.

Орнында бар оңалар. Бабалардан қалған асыл сөздердің даналығы мен ақиқаттылығына олардың артында қалған жоқтай да, іздей де білетін ұрпағы тағы да бір көз жеткізді. Міне Азат Тұрлыбекұлының атасын іздеп, сұрау салып ҰҚК-тен аса құнды дерек табуы әке үмітін ақтағаны емес пе?! Тағы да бір таңғалдырарлығы: 2011 жылы «Ақ жол» партиясы тізгінін қолына алып, біз «Алаш» партиясының ізбасарымыз деп, Алаш рухын

тірілтіп, биікке көтереміз деп жар салып, одан кейін соған сай іс-қимылдар жасап жүрген Перуаштың немересі сол тұста атасының большевиктердің диктатурасына қарсы әрекеттер жасап, Алаш қайраткерлерінің идеяларын көпке таратып, ағартушылықпен айналысқанын білген де жоқ еді. Оның сол кездегі жария еткен ұстанымы тегіне тартқан тектілік пен ұрпақтар сабақтастығына деген кіршіксіз таза сезімнен туындаған екен.

Ал, біз Алаштың тағы бір ардақты азаматының табылғанына қуаныштымыз. Олар әлі де көп, оларды тарихтың қалың қатпарынан аршып алып, бүгінгі ұрпаққа табыстасақ игі. Жандарын шүберекке түйіп Алаш идеялары үшін күрескен Алаш партиясының мыңдаған қатардағы мүшелерін, жақтастарын, Алашорда үкіметі әскерінің сарбаздарын ақтауға болмай ма? Әлде бір баяндамадан бір баяндамаға, бір мақаладан бір мақалаға көшіп жүрген, 30-40-тай ғана ақталған Алаштың жұртқа белгілі көшбасшыларын айтып, қайталай берумен шектелеміз бе? Тек осымен шектелсек, ауыздан-ауызға көшіп айтылып жүрген Алаштың осы арыстарының рухының өзі тыныштала қояр ма екен? Олармен қоян-қолтық жүріп, уағыздарын тыңдап, тапсырмаларын орындап, істерін жалғастырған ұландар бұрынғысынша «бандиттер», «халық жаулары», «шетел барлау қызметінің тыңшылары» т.с.с. болып қала бере ме? Тіпті, Перуаш Кәрімұлының қылмыстық ісімен танысқанда, оның ұрпақтарына бірнеше томдық істен тек жекелеген құжаттарды қайтарып, сонымен бірге Абай мен Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері бар дәптерді көрсетіпті.

Ал, негізгі құжаттар әлі де құпия болып қалуда.

Қазіргі ұлттық тарихымыз қайта зерделеніп жатқан тұста қатты ойланатын жайт, бұл. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев үстіміздегі жылдың 2 қазанында «Абылай аңсаған азаттық» атты мақаласындағы «Мемлекет тарихын, даңқты бабалары жүріп өткен жолдың бұралаңы мен бұлтарысын, қилы кезеңдері мен тағдырлы шешімдерін, ақтандақ беттері мен дара тұлғаларының қайраткерлік өнегесін біліп өскен ұрпақ қана өзіне тиесілі замана жүгін діттеген межесіне абыроймен жеткізе алады» деп атап көрсетті.

Перуаш әулетінің талай жылдардан бері сауал жасап жүріп тындырған ұлағатты ісі ұрпаққа үлгі-өнеге болуға тұрарлық.

Алла тағаланың құдіреті шығар, ҰҚК-нің арнайы мұрағатының П.Кәрімовтің қылмыстық ісін тапқаны туралы хабар немересінің қолына «Ақ жол» партиясы Орталық кеңесі Президиумының кезекті отырысы басталар алдында тиді. Азат Тұрлыбекұлы отбасының тебіреністі сәтіне куә болған достары мен әріптестері оны шын жүректен атасының – Алаштың ардақты азаматының тағдырына қатысты аса маңызды құжат алуымен қызу құттықтады. Бұл тек осы отбасы үшін ғана емес, ұлт үшін құнды құжат. Ақжолдықтар, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы мұрағатының қызметкерлеріне қалың көпшілікке белгісіз батырларды халықтың жадында сақтауға күш салғаны және оларға ұқыпты көңіл бөлгені үшін өздерінің шынайы алғыс сезімдерін білдірді. Иә, ешкім де, ешқашан да ұмытылмауы тиіс.

Барлық адам баласына тән ең қымбаттыларын – отбасын, материалдық игіліктерін, жеке перспективаларын құрбандыққа шалып, қорғансыз жап-жас әйелін және одан да дәрменсіз нәресте – ұлын азапта қалдырып, ажал тырнағында жүрген Перуаш Кәрімұлы өзінің алдына басты мәселені қойды:

«Құдай не жазса – соны көріп шыдаймыз! Мен шыдадым, сен де шыда! Кім озар екен?».

Бүгінгі тәуелсіз, егеменді Қазақстан – оның және басқа да хабарсыз кеткен мыңдаған батырлардың мерт болар сәтінде өздеріне қойған осы сұрағына жауап емес пе?!

Бірақ, адами сүйіспеншілік рухының табандылығы мен қуатының ең керемет аккорды Перуаштың Еркеге жазған хатының соңғы жолдары жастарға, әсіресе, ғашық жұптарға махаббат пен сүйіспеншіліктің шынайы үлгісіндей естіледі: «...Ал, күнім, тағы айтам: шыдамсыздық өлтіреді. Одан да басқадан өлу – шәһіт деген. Бірігіп адам болыңдар. Күн көріп, өмір сүру әрекетіне кірісіңдер. Мен де аман келермін....».

**БАЙДАЛЫ Сәбит**

«Ақ жол» ҚДП Орталық

Кеңесінің идеологиялық жұмыс жөніндегі хатшысы



«МЕН ДЕ АМАН КЕЛЕРМІН.....»

**Биыл Алаш идеясын насихаттағаны үшін құрбан болған Перуаш Кәрімұлының туғанына 100 жыл толады.**

*Қазақ үні газеті, № 02 (611), 15 қаңтар, 2014 жыл.*

«Сен Төкенімнің исі бар жаңа көрпені сұрағаныма ренжіме... Құлыным, ақырғы сүйіскенім деп ойлама. Құдайдан тіле, үміт ет...Ал, күнім, тағы айтамын: шыдамсыздық өлтіреді. Одан да басқадан өлу шәһіт деген. Бірігіп адам болыңдар. Күн көріп, өмір сүру әрекетіне кірісіңдер. Мен де аман келермін».

**Алаш идеясы үшін құрбан болған  
Перуаш Кәрімұлының отбасына жазған  
соңғы хатынан.**

Тұлпарлардың тұсаулап талаптарын,  
Сұңқарлардың қырыққан қанаттарын.  
Көз жасымен сарғайып кеткен сол бір,  
Ақтарамын тарихтың парақтарын....

Бұлағай күн...  
Бұл күнде бұлдыр бәрі...  
Басымыздан бақытты күнді ұрлады...  
Көсемдері мінбеге шыққан сайын,  
Кісендері түрмеде сылдырлады...

Ұлтым деген ұлыға жебе тартып,  
Зұлмат кезең көрсетті неге тарлық?!  
Арыстарын Алаштың атуменен,  
Жесірлер мен жетімдер елі атандық...

Қазақ деген қашаннан халық ұлы,  
Әлихандар айтуда әлі мұны....  
Алаш үшін айдалып кете барды,  
Кәрін төккен заманда Кәрімұлы...

Отты әкенің ойлары демеп мәңгі,  
Күтуменен таңдары көп атқан-ды...  
«Азат болса ұлы елім, бір күндері,  
Мен де аман келермін!» –деп аттанды.

Құрбан болды ұлты үшін тектілерім,  
Көрер күннен, құдай-ау, көп тілерім...  
Жазылған хат ең соңғы болсадағы,  
Үміт соңғы болмайды деп білемін.

Әрбір сөзден сезіліп анық демі,  
Хатта жатыр жиналған халық кегі...  
Махаббат пен ғадауат жырын айтар,  
Соңғы хаттың сом алтын әріптері.

Қанды қасап қазақтың құртып үнін,  
Тажалдың бұл таба алсын кім тығынын....  
Алашым деп аттанған ажалға да,  
Ұлыларды күтуде ұлты бүгін...

Ойлы болса, оңай ма, кім-кімге де,  
Күмістеліп шықпайды күлкім неге?...  
«Мен де аман келермін» –деп ойлаймын,  
Әр күніміз күрес қой бұл күнде де...

Бітпесе де, қазақтың әлі мұңы,  
Жақсылыққа жориды бәрі мұңы.  
76 жылдан соң...  
Өзі айтқандай,  
Келді бүгін еліне Кәрімұлы!....

**Қазыбек Иса**  
**14.01.2014.**

## НЕСЛОМЛЕННЫЙ

Республиканская газета «Central Asia Monitor»

01-07 ноября 2013 года

***«И я вернусь живым...» – писал осужденный за пропаганду идей «Алаша» Перуаш Каримулы из застенков НКВД.***

**Уголовное дело Перуаша Каримова хранится в спецархиве КНБ РК – письмо с этим сообщением получил на днях внук Перуаша – Азат Турлыбекулы, депутат мажилиса парламента РК.**

Сәбит Байдалы

### **ЭТО СЛУЧИЛОСЬ В 1937-м...**

На прошлой неделе по приглашению Комитета национальной безопасности, в соответствии с законом «О реабилитации жертв массовых политических репрессий», внуки Перуаша ознакомились с материалами этого уголовного дела. По их словам, они убедились в достоверности устных рассказов тех людей, которые знали и видели их деда.

Раскрытые документы сообщают, что Перуаш Каримов, по национальности казах, подданный СССР, 1914 года рождения, беспартийный, исключенный из комсомола, имеющий 7 классов образования, ранее несудимый, до ареста работал инспектором школ Еркеншиликского района Акмолинской области. Отец – Карим Амрин, жена – Ерке Жиеналина, сын – годовалый Турлыбек.

14 марта 1937 года П.Каримов был арестован Еркеншиликским райотделом НКВД по обвинению в распространении контрреволюционной литературы и проведении подрывной работы в колхозах. Через полгода, проведенных в тюрьме, решением Карагандинского областного суда он был оправдан и освобожден из-под стражи. Это случилось 8-9 сентября. Однако буквально через месяц, по личному протесту председателя Верховного суда КазССР (!), его повторно арестовали и этапировали в тюрьму.

Как вспоминала Кульшат, сестра Перуаша, поздно ночью в их дом ворвались вооруженные люди. Они связали брата и на глазах у близких долго избивали его до потери сознания. Затем бесчувственное тело бросили на телегу и увезли с собой. Этот факт подтверждается в письме Перуаша жене Ерке: *«Тамақсыз өлмеймін, уайымнан өлемін. Бойым ауырлап, денем дірілдеп, аяғымды басайын десем – мүмкіндік жоқ тәрізді» («Умру не от голода, а от страданий. Все тело болит, трясет, сделать шаг – и то нет никакой возможности»)*. К этому письму мы еще вернемся...

15 января 1938-го решением специальной коллегии Карагандинского облсуда П.Каримов был осужден по ст.58-10 УК РСФСР (антисоветская пропаганда) к тюремному заключению строгого режима сроком на 5 лет, с последующим лишением всех прав на 3 года. Как отмечают российские историки, такое наказание означало запрет на всякие контакты и переписку с близкими, чтобы исключить возможность дальнейшего поиска осужденного. Фактически это подразумевало, что такой заключенный никогда не выйдет на свободу.

П.Каримову вменялось в вину то, что он, «связавшись с байскими элементами, контрреволюционно и националистически настроенными лицами, собирал Алаш-Ординскую литературу и проводил националистическую пропаганду».

Согласно сохранившимся в уголовном деле документам, в тот период Перуаш объездил множество мест – в частности аулы и колхозы Сталин, Алгабас, 1 Мая, Соцпуть, Жолбасшы, Мирзоян, Петровск, Коминтерн, Соцмаяк, Фрунзе, Ленин, Исай, Красный пахарь, Бірлік и другие, где организовывал встречи с местными жителями и распространял идеи Алаш-Орды. Эту работу 23-летний Перуаш Каримов вел вместе с единомышленниками: 33-летним Шайшыком Олжабаевым, 35-летним Ескендиром Жиенбаевым и 37-летним Мусабеком Курмановым...

Только через 23 года, в 1961-м, постановлением президиума Верховного суда КазССР Перуаш Каримов и его товарищи были оправданы. Лишь тогда искавшему справедливости его сыну Турлыбеку стало известно, что отец погиб в тюрьме. А с

документами этого уголовного дела близкие смогли ознакомиться еще через полвека.

Однако то, как прошли последние дни Перуаша, что прервало его молодую жизнь (пуля тюремщика, бандитский нож, болезнь или просто отчаяние), где покоятся его останки – остается для потомков загадкой, раскрыть которую они считают своим сыновним долгом.

Из протоколов допросов видно, что 23-летний Перуаш не сломался, не предал единомышленников, остался верен своим убеждениям и пошел за них до самого конца. Возможно, поэтому, по рассказам родных, аксакал Тобай Барлыбаев, брат выжившего в тюрьме и перешагнувшего 80-летний рубеж Шайшыка Олжабаева, умирая, в смертельном бреду звал ушедшего 40 лет назад верного друга: «Перуаш, Перуаш!»...

### **К СВЕТУ ЗНАНИЙ**

На примере одной безжалостно растоптанной судьбы, одной семьи перед взором предстает трагедия всего казахского народа в XX веке. П.Каримулы – один из тех 105 тысяч предвестников свободы, которых в 1937-38 годах называли «врагами народа», «националистами», «инакомыслящими», «социально-опасными элементами». Все они – жертвы тоталитарной системы, жестоко подавлявшей любые проявления национальных интересов и их защитников. Именно в те годы казахский народ лишился своих лучших представителей в лице национальной интеллигенции.

Став в 16 лет учителем, построив и возглавив первую в ауле школу, Перуаш Каримов параллельно поступил в Казахстанский техникум социалистического земледелия (в 1930-м) и заочно в Акмолинский педагогический техникум (в 1931-м), где также с отличием завершил курсы казахских мугалимов (учителей) Наркомпроса. В 1934-м в Алма-Ате он окончил краевые курсы председателей райкомов просвещения, все это время продолжая работать в сельской школе; а с 1936 года стал инспектором школ Еркеншиликского района Акмолинской области. Как показывают документы, Перуаш свободно владел русским языком, имел только отличные оценки по математике, естествознанию, географии и т.д. Все

эти справки и характеристики, ранее неизвестные семье, передали внукам П.Каримулы в спецархиве КНБ.

Даже один только факт поступления в техникум социалистического земледелия при государственном объединении «Зернотрест» Наркомата земледелия СССР на ст. Тогузак (ныне Костанайской области) многое говорит о характере и целеустремленности 16-летнего Перуаша. Нужно напомнить, сколь трагическая ситуация сложилась на тот момент в Казахстане. Буквально накануне, в 1927-29 гг., совершился так называемый «большой скачок», инициированный Голощекиным, произошло насильственное «оседание» казахских аулов, связанное с запретом на ведение кочевого хозяйства и повальной коллективизацией – прежде всего, поголовья домашнего скота. Это привело к массовой голодной смерти казахского населения, которое исторически опиралось на животноводство и не владело навыками земледелия в достаточной мере, чтобы обеспечить себя продуктами питания. От голода умирали целыми аулами, дети и взрослые, нередкими были факты каннибализма, число жертв исчислялось миллионами, вымерли и опустели многие районы.

В этой ситуации сельский подросток принимает решение заняться изучением земледелия – новой, неизвестной для вчерашних кочевников отрасли – и едет учиться за тысячи километров от родного аула. Важнейшим мотивом при этом, несомненно, было стремление спасти свой народ от угрозы голода, обеспечить его будущее в новых, столь драматических условиях. Сегодня мы назвали бы такой выбор инновационным путем развития, но и в то время это был, безусловно, смелый и прогрессивный шаг.

Перуаш Каримулы, совсем еще юноша, стремящийся к знаниям и настойчиво приобщавший к ним других в качестве учителя, – наглядный пример казахского интеллигента-просветителя, каких в те годы было немало в степи. Их расстреливали, сажали в тюрьмы, выселяли... Сколько светлых семейных очагов погасло, сколько жен стали вдовами, а детей – сиротами... Ярлыки «родственников врагов народа», «предателей родины» навешивались на безвинных женщин и детей, становились их проклятием на всю жизнь.

В уже упоминавшемся письме Перуаша из тюрьмы он, предвидя надвигающуюся на его близких угрозу, советует супруге: «*Ешкімге дос деп іш пікір айтпа. Сыртыңнан «иә» деп те... өзің алданып қалып жүрме. Онымен жанды аман сақтай алмадыңыз*» («Никому не доверяй своих мыслей, пусть даже считаешь их друзьями. Внешне соглашайся, но... не обманывайся сама. Иначе не выживем»).

К сожалению, эти опасения вскоре оправдались. Вот что сообщают потомки П.Каримулы: «По некоторым сведениям, наша аже, Ерке Жиеналина, попала в АЛЖИР (Акмолинский лагерь жен изменников родины – **прим. авт.**), а ее дальнейшая судьба осталась неизвестной. До сегодняшнего дня мы даже не знали наверняка ее фамилию».

Земляки помнят, что обожавший свою жену Перуаш настоял на том, чтобы она тоже пошла по учительской стезе. Подтверждает это и письмо из тюрьмы, в котором П.Каримулы дает наставления Ерке по поводу учебы на курсах учителей: «... *сыртқа сыр білдірмей көңілді оқы, нашар үлгеріп қатарыңнан кем қалма*» («Не показывай вида [о своем горе], учишься увлеченно; не отставай от других»). Подумайте только, безнадежно сидящий в железных тисках тюрьмы парень не просто скучает по юной жене; он ее морально поддерживает из своего заключения, выступает как друг и наставник. Какая внутренняя сила, какие мужество и энергия были в этом человеке! И как жаль, что это письмо так никогда и не дошло до адресата, не согрело сердце Ерке...

## НЕДОШЕДШЕЕ ПИСЬМО

Среди возвращенных потомкам из архивов КНБ документов есть написанное латинским алфавитом письмо, которое привлекает особое внимание тем, что оно целыми кусками исчеркнуто красными чернилами цензора. Для восприятия текста внуки Перуаша за одну ночь переписали его современным казахским шрифтом, отметив при этом, что если раньше с настороженностью относились к переходу на латиницу, то теперь на собственном примере убедились в том, что такой переход требует лишь небольшого привыкания.

В письме даются поручения Ерке, пронумерованные 1), 2), 3) – и так до 22 пунктов. Обращает на себя внимание красивый, ровный почерк, которым наряду с судьбоносными вопросами вроде возможности выйти на поруки, пишется о передаче теплой одежды и разных бытовых вещей в застуженную тюрьму. Их перечисление показывает, что семья была явно небедной по тем временам, а сам инспектор школ следил за своим внешним видом. Иными словами, молодой педагог не искал в идеях «Алаша» личной выгоды, его не толкала к ним безысходность существования. Напротив, как и для большинства представителей интеллигенции, это был его осознанный выбор, ради которого ему пришлось пожертвовать благополучием семьи и собственной жизнью: «...*Жауап беріпті, босатпайды гой. Бұдан тек құтылу қиын енді*» («Дали ответ, что не выпустят. Теперь спастись будет тяжело»).

Вероятно, в заключении Перуаш оказался вместе с уголовниками, которые, как известно, по договоренности с администрацией тюрем третировали и всячески пытались сломать «политических». Только этим можно объяснить следующее поручение: «*Бірімі-ба пышағынан тағы бір-екеуін жәшік түбіне жасырып сала сал*» («[Передачу сделай] в ящике и спрячь в его дно пару ножей от опасной бритвы»). Одно это показывает упорство и смелость учителя, как и отчаянность его положения.

Но самые пронзительные строки этого письма обращены все-таки к любимой жене Ерке и единственному сыну Турлыбеку – Токену. Даже постороннему невозможно читать без волнения и сердечной дрожи эти наполненные безграничным теплом и любовью слова:

– «*Қош-қош бауырым. Бауырыңды елжіретпе... тағы мен жалғызым деп жыладым – сен бар екенсің, Токенім бар қалатын*»..., («Прощай, прощай, родная. Не бери души, снова я плачу, что одинок – но есть ведь у меня ты, и Токен от меня останется...»);

– «*Сені мен Токенімің иісі бар жақа көрпені сұрағаныма іренжіме... Құлыным ақырғы сүйіскенім деп ойлама. Құдайдан тіле, үміт ет*»..., («Не обижайся, что прошу передать мне новое одеяло: с ним запах твой и Токена... И не думай, мой жеребенок, что целовал я вас в последний раз. Верь и надейся»);



– *«Ақмолага жүргізетін болса, қапы қалмай қоштасып қалыңдар. Төкеніммен қоштасқам жоқ, жылар деп»... («Если переведут в Акмолу, прощайте и не обижайтесь. [Как жаль, что] с Токеном я не попрощался [тогда], побоялся, что расплачусь»);*

– *«Ақмолага барсам... бос келмеңдер – бәрі бір онда бұдан да қатаң ұстайды» («Как переведут в Акмолу – не приезжайте зря. Там еще хуже держат, чем даже здесь»).*

Но несмотря на все эти испытания, Перуаш Каримулы не отказался от своих взглядов, больше того – видимо, даже надеялся продолжить начатое: *«Әуелі жаным қалсын. Сосын көрермін»... («Сейчас главное – выжить. А там посмотрим»).*

Но не суждено было сбыться надеждам молодого романтика. А немного спустя тьма неизвестности поглотила и его верную спутницу Ерке. Погас еще один семейный очаг, осиротел еще один уголок человеческого счастья.

## **ВСПОМНИТЬ ВСЕХ**

Все многолетние попытки их сына Турлыбека Перуашева разыскать следы родителей оказались тщетными. Он лишь получил из Верховного суда КазССР справку о посмертной реабилитации отца. А в 1961-м начался пересмотр уголовных дел жертв сталинских репрессий, в том числе и П.Каримова, но вскоре этот процесс был свернут и возобновился только в конце 1980-х.

Несмотря на реабилитацию Перуаша, его сыну Турлыбеку, работавшему заведующим машинным двором совхоза «Каменский» в Каскеленском районе Алматинской области, даже в 1965 году отказали в приеме в партию и дальнейшем росте, как сыну «врага народа». Но никакой служебный рост не сравнится с добрым именем родителей. Поэтому можно смело утверждать, что, обнаружив в архивах КНБ дорогие сердцу документы, Азат Турлыбекулы осуществил мечту своего отца. Удивительно здесь и другое: возглавив в 2011 году партию «Ак жол», объявив ее духовной преемницей «Алаша», обещая высоко держать эту планку и реальными делами выполняя данное обещание, внук Перуаша не подозревал, что идейные традиции движения «Алаш», их просветительские и

демократические ценности были заложены в его собственной семье еще 80 лет назад. И это лишь подчеркивает искренность таких убеждений, их преемственность и закономерность для всех будущих поколений казахстанцев.

Ну а мы просто рады новому имени в истории нашего народа и движения «Алаш». Их еще очень много – безвестных героев, погребенных под глубокой пылью уголовных дел. Горько сознавать, что тысячи рядовых сподвижников, боровшихся за национальную идею, шедших за нее на плаху с высоко поднятой головой, так и остаются забытыми и не оправданными перед законом и своим народом. Неужели вместо благодарности всем им мы ограничимся перечислением из доклада в доклад, из статьи в статью 30-40 имен известных и давно оправданных руководителей Алаша? А остальные – те, кто нес слово и дух «Алаша» в народ, объезжал дальние аулы, разъяснял простым людям смысл национальной идеи и ради этого жертвовал своими жизнями – так и останутся в глазах нации «бандитами», «врагами народа», «агентами иностранных разведок»? Ведь даже в случае с Перуашем Каримулы его потомкам вернули лишь отдельные документы из большого дела в несколько томов да показали сохранившуюся тетрадь со стихами Абая и Магжана Жумабаева.

Остальные бумаги так и остаются под грифом «Секретно».

Сегодня пора серьезно задуматься о переосмыслении национальной истории Казахстана, проведении новых исследований в этом направлении. Президент страны Нурсултан Назарбаев в своей недавней статье «Воплощение мечты Абылая» очень точно сказал: «Только поколение, которое знает о непростой истории государства, поворотах и зигзагах пути, пройденного предками, сложных этапах и судьбоносных решениях, «белых пятнах» и свершениях великих личностей, сможет успешно достичь намеченной цели».

В этом смысле упорные и многолетние поиски двух поколений потомков Перуаша заслуживают искреннего уважения. Так случилось, что сообщение из спецархива КНБ об обнаружении уголовного дела П.Каримова пришло прямо перед очередным заседанием президиума ДПК «Ак жол». Присутствовавшие на нем друзья и коллеги Азата Турлыбекулы стали свидетелями этого не-

простого и волнующего для его семьи события. Они тоже выразили признательность сотрудникам специального архива КНБ РК за бережное отношение к памяти неизвестных широкой публике батыров, чей подвиг от этого ничуть не становится менее трагическим или менее ценным.

На краю гибели, пожертвовав всем самым дорогим, что только может быть у человека в жизни – семьей, благополучием, личными перспективами, оставляя на растерзание беззащитную юную жену и еще более беззащитного сына-младенца, Перуаш Каримулы поставил перед собой главный вопрос.

*«Құдай не жазса – соны көріп шыдаймыз. Мен шыдадым, сен де шыда. Кім озар екен?»* (**«Что богом предписано, то надо выдержать. Я держусь, и ты тоже держись. Кто победит [вот что важно]?»**).

И разве сегодняшний независимый Казахстан не есть ответ на этот вопрос, который, погибая, задавали себе тысячи других неизвестных героев?

Но самым невероятным по твердости духа и силе человеческой любви аккордом звучат последние фразы письма Перуаша к Ерке:

*«...Ал, күнім, тағы айтам: шыдамсыздық өлтіреді. Одан да басқадан өлу – шәһіт деген. Бірігіп адам болыңдар. Күнкөріп, өмір сүру әрекетіне кірісіңдер. Мен де аман келермін».*

**«...Итак, солнце мое, снова говорю: несдержанность, [безверие] убивает. Умирать [нужно] по-другому – идти на жертву [ради того, во что веришь]. Держитесь вместе, становитесь людьми. Надо жить дальше, ищите свет в этой жизни. И я вернусь живым».**

**Алаш идеясы үшін құрбан болған Перуаш Кәрімұлына**

*Қазақ үні газеті. № 05 (614) 4 ақпан, 2014 жыл.*

Жас ұрпақ,  
Өзің түгіл кәрі-құртаң,  
Күндерге аласапыран бәрі бір таң.  
Уақыт жылыстайды-бір кеш батып,  
Атады білінбестен тағы бір таң.

Жылдардың бірі өтіп,  
Бірі келген  
Ретімен көшіп жатыр ұлы керуен.  
Ағысын уақыттың кері бұрмай  
Күндері серік болған тірілермен.

Адамға ардақты ғой  
Өмір деген,  
Өлсе де көзін жұмған сенімменен.  
Алаштың арыстары асыл екен  
Уақыттың тозаңына көмілмеген.

Жанарын жасқанбастан  
Бұра бері,  
Жазығын олар бізден сұрар еді.  
Шындыққа уақыт қана болады айғақ,  
Сол ғана ақиқаттың куәгері.

Тартқандай таразыға  
Ар салмағын,  
Өтті ғой жайсаңдарым, қайсарларым.  
Әлихан, Ахмет, Мағжан, Міржақыбым...  
Қалайша тізіп шығып, тауысам бәрін?

Жарқырап тұрсадағы  
Өмір нұры,  
Тазармас оларды айтсам көңіл кірі.  
Қанаты қайырылған сұңқар сынды  
Перуаш Кәрімұлы-соның бірі.

Жүрегін тебіренгіп  
Мол арманы,  
Тұрса да, осы күнді көре алмады.  
«Мен де аман келермін!» деп сеніп айтса,  
Емес пе қайта еліне оралғаны.

Өтсе де ондаған жыл,  
Ғасыр мейлі,  
Қайсарлар жалғандыққа бас имейді.  
Алтынның асып туған сынығы бар,  
«Тұлпардың тұяғы да асыл!» дейді.

Өткерген күнімізді  
Азаппенен,  
Бүгінде қазақ-ұлы, қазақ –кенен.  
Есімін Перуаштың өлтірмей жүр  
«Ақ жолдың» ақберені Азат деген.

Өмірден ардақты өткен,  
Асыл өткен,  
Ажал жоқ айбындыны жасық еткен.  
Азаты атасының арманы еді-ау  
Аршыған оның басын қасіреттен.

**Зейнолла Әкімжанов**  
21.01.2014.  
Петропавл қаласы

## АЛАШТЫҢ ҚҰНЫН ҚАЛАЙ ҚАЙТАРАМЫЗ?!

*Қазақ үні газеті, № 09 (618), 4 наурыз, 2014 жыл.*

*Тарих – өткен өмірден мағлұмат беретін ғылым ғана емес,  
келешекке сабақ беруге қызмет ететін де ғылым.*

**Мұстафа Шоқай**

1917 жылғы ақпанда Ресейде буржуазиялық – демократиялық революция болып, «Еуропаның жандармы» атанған - патшалық өкімет құрдымға кетіп тынды. Алайда, бұл ескі өкіметті алмастырып оның орнына келген және аярлығы жағынан оны он орайтын Совет өкіметі өзге жұртқа, қазақ халқын ең надан, топас, көрсоқыр етіп көрсеткісі келген орыстың империялық саясатының зымияндық әрекеттерін одан сайын асқындырып жіберді. Отарлық жүйе үстемдік құрып, қазақтың аспанын бұлт шалған осы бір қасаң да, бұрқасынды жылдары халқымыздың болмыс-тіршілігі тығырыққа тірелді. Еліміздің ұлт ретінде жоғалуы немесе өзін-өзі сақтап қалуы керектігі күн тәртібіне ашық қойылды. Осыдан кейін-ақ, Алаш қозғалысы ерекше қарқынмен жанданып, ұлттық-демократияшыл бағыттағы зиялылардың ұлт азаттығы жолындағы табанды күресі басталады. Қазақтың 300 жылдық саяси кегі орыс империализмінде екендігін терең ұққан Алаш қайраткерлері «біздің мәңгілік дос-дұшпанымыз жоқ, мәңгілік мүддеміз бар» дейтін саясаттағы қағиданы ту етіп, ұлттық мүддені қорғау мақсатында 1917 жылы «Алаш Орда» үкіметін құрды. М.Шоқай: «1917 жыл- біздің саяси туған жылымыз еді. Автономия- біздің қалт-құлт басқан алғашқы ұлттық саяси қадамымыз болатын» деп осыдан 19 жыл өткенде еске алады. Иә, түптеп келгенде әлемдегі күллі саяси процестердің барлығының да ұлттың мүддесінен туындайтыны ақиқат. Дәл осы құбылмалы, қолайсыз кезеңде ұлттық эгоизмнің әлемдік саясаттағы маңызын ескере отырып, өз бағытымызды айқындауға тиіс болдық. Яғни, ұлттық идея төңірегінде топтасып, табиғи мүддемізді қорғай алмасақ, «қияметтің қыл көпіріне» таянған едік. Алаштықтар ең негізгі екі егіз ұғымды: «Жер мәселесін және мемлекет Тәуелсіздігін» елдің тағдырынан

бөлмей-жармай қарауға халықты үйретуге тырысты. Әділін айту керек, қарапайым халық шешуші кезеңдегі жауапты сәтте, ұлттық күреске шыққан Алаш алыптарына қолдау көрсетуге теориялық жағынан дайын бола алмай қалды.

Өмірде, ақиқат пен шындық үшін, көп жәйдің басын тиянақтап, ашып көрсететін, күдік пен талас тудырмайтын және дәлелдеуді қажет етпейтін толайым пікірлер болады. Тамыры бірнеше мыңжылдықтардан тартылатын байырғы жылнамалар шежіресіне көз жүгіртпей-ақ, бергі тарихи дереккөздер мен құжаттарға жүгінсек те, халқымыздың аумалы-төкпелі тағдырындағы өз ессесін өзі жіберген әттеген-айлары жетіп артылады. Бір кездері (1837-1847 ж.ж.) қазақтың соңғы ұлы ханы – Кенесары: «Беу дүние-ай!.. Бар қазақтың басын қосып, соңымнан ерте алсам-ау, шіркін!.. Оған шама жете ме?.. Жай жатсаң да тыныштық берер түрі жоқ! Тірі жан емеспіз бе, өлсек те қарсыласып өлейік! Мен осыған бекіндім!» деп атқа қонғанда да, оны сол тұстағы түрлі деңгейде жүргізілген ұлт-азаттық көтерілістерінің көсемдері - Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Есет Көтібарұлы, Исатай мен Махамбет батырлар қолдамаған болса, ел серкелерінен - Ақмола округінің аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендіұлы, Қарқаралы округінің аға сұлтаны Құнанбай Өскенбайұлы, Баянауыл дуанының аға сұлтаны Мұса Шорманов, Көкшетау дуанының аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиханов, Көкпекті дуанының аға сұлтаны Ханқожа Тәтенұлы, Ақмола дуанының аға сұлтаны Ыбырай Жайықұлы, Алатау дуанының аға сұлтаны Әбілез Әділұлы және т.б. сұлтандар мен билер және батырлар орыс патшасынан шен-шекпен алып, оған қарсы күресті де емес пе..?

Сол бір қайран Кенекемнің ізін жалғастырған, ел-жұртымыз үлкен үміт күтіп, тәп-тәуір басталған Алаш идеясы орта жолда тоқырап, неге іске аспай қалды? Бұл сұраққа Мұстафа Шоқай: «Біз орыс демократиясына сеніп, алданып қалдық. Біреуіміз оның солшыл бағытын, біреуіміз оңшыл бағытын қолдадық. Бірақ өмір нені көрсетті, орыс демократиясының даму деңгейінің төмен тұрғанын, бізге Тәуелсіздік беруге даяр еместігін, ең бастысы-«орыстық империялық мүддеде» тұрғанын көрсетті. Яғни, басқа біреудің демократиясына сеніп, оның соңынан еріп, ұлттық тәуелсіздігіңді

ала алмайсың» деп жауап береді. Қара мысықша аңдып, шұбар жыланша жылжып келе жатқан орыс отаршылдығына қарсы қазақ даласында Алаш ұлт-азаттық қозғалысынан да бұрын 455-тен астам ұлт-азаттық көтерілістері болып өткен. Әлем елдері тарихының өмір жолдары парақтарын қалай аударып, ақтарсаң да, жер шарының ешбір елінде дәл біздің халықтай ұлт-азаттық көтерілістерін дүркін-дүркін жасаған бірде-бір ұлт жоқ екен. Не деген өр рух, мұқалмайтын жігер, қайтпас-қайсар батырлық десеңізші. Қайран қаласың да, мақтан тұтасың!

Демек, елім дегенде еңіреп, жерім дегенде жүрегін жұлып бере алған жанкешті аталарымыз, рухы биік халық қана елін, жерін сақтап қалуда ұлы істерді атқара алатынының айқын үлгісін жасап кетті.

Ұлт азаттығын ұлы мақсатқа айналдырған, қазақ ұлтының тұлғалық-интеллектуалдық әлеуетін сомдаған, бүгінгі егемендігімізге ұйытқы болған- Алаш идеясы халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған ең қасиетті де, қастерлі ұғымы—Тәуелсіздік болатын. Тарих куә, оған да қаншама құрбандықтар бере отырып, бүгінде әуірімдеп зорға қол жеткіздік!

Енді, міне, Қазақ Елінің Тәуелсіздік алғанына 22 жыл толды «ел болдық, жаға-жеңді түзедік, азамат жасының толысқан кезіне келдік» деп, бөркімізді аспанға ата бастадық. Алайда, бұл аралық тарих үшін қас қағым сәт қана. Ал, шындықты ғана ұнататын тарих дегеніміздің өзі - бар білімнің атасы, оның тұтас, қалың қатпарларында ұлттардың өмірбаяны, олардың бір-бірімен қарым-қатынасы хаттаулы. Бізге де бүгінгі егемен елдің азат ұрпағы ретінде тарихымызды түгендеп алу міндетінен асқан зор талап жоқ. Егер де, алда-жалда саяси тапсырыспен немесе даяр концепция бойынша тарихты қолдан жасасақ, ол бүгін мақталғанымен, түбінде бір жерден шикілігі шығады. Напалеоннан: «Тарихты ең көп өзгерткен адам кім?» деп сұрапты дейді. Император: «Тарихты ең көп өзгерткен тарихшылар» деген көрінеді. Сол айтқандай, шым-шытырығы онсыз да көп тарихқа әлдекімнен қорғалақтаған саясаттың әсерімен әртүрлі араласулардың болғаны жанымызды қатты қынжылтады. Шын мәніндегі тарих саясатқа бұрмаланбай, керісінше оның жеккөрінішті тұстарынан алшақтап, зиянды за-



пырандарынан арылуы керек. Қадыр Мырза Әлі ағамыз: «Қара бетін тарихтың қызартпаса болмайды» демеп пе еді! Ағайындар-ау, өткенін ұмытатын халықты болашақ та ұмытатынын жадымыздан шығармайықшы. Кейде бір жамыраса мақтаған айтақшысы бар жаңсақ пікірлер де әредік айтылып қалып жүр. Яғни, біздің мемлекет болғанымызға небәрі 22 жыл, барлығы 90 жылдардан басталады деген секілді. Бірақ, бұл мемлекеттің 22 жылдығы емес, Тәуелсіздіктің 22 жылдығы ғой? Ежелгі ата-бабаларымыздың бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бір тудың астына біріге алғандығының арқасында біз мінеки, ұлт болып ұйып, мемлекет болып сақталып, бүгінгі күнге жеттік емес пе? Тіпті, сақ-ғұн-үйсін-түрік-қыпшақ деп тізбектеле аталатын арғы «Ата-Тарихты» айтпағанның өзінде де, бергі тарихқа да қиянат жасауға оны саяси іс-әрекетпен ойдан құрастыруға болмайды ғой. Бір кездері ұлттық мақсат-мүддені қорғап, дербес қазақ мемлекетін құрып, 400 жыл жеке өмір сүрген, Керей мен Жәнібектен басталып, Кенесарымен аяқталатын қазақ хандығы дәуірінде, еліміздің ұлттық территориялық тұтастығы қалыптасқан және қазіргі қазақ жерінің шекарасы да белгіленіп қойған болатынды. Қазақ хандығын жасақтаған кемеңгерлер ұлы дала төсінде судай сапырылысып, мидай араласқан ру-тайпалардың ішкі-сыртқы құрылымын да түгелдей түзеген еді. Кешегі Алаш Орда да – баяғы Қазақ Ордасының тарихи мұрагері емес пе еді?

**Алаш Орда үкіметі** – 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынборда өткен екінші жалпықазақ съезінің шешімімен құрылған қазақтың автономия бағытын ұстанған ұлттық үкіметінің аты. Орда – ежелгі түрік-моңғол тілінде «орталық», «кіндік» деген мағынаны берген атау. Оның аталымы ұлттық тарихымыздың мазмұнында берік орын алған мемлекеттік құрылымдар - Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, Ноғай Ордасы, Қазақ Ордасы, Алаш Ордасы сияқты тарихи атаулар - ұлттық мемлекеттіліктің дәстүрлі атаулары. Яғни, бүгінгі Қазақ мемлекетінің тарихы, осы аталған «Ордалардың» тарихымен тығыз байланыста қарастырылады деген сөз. Сонымен қатар, бір кездері Қазақ Ордасының астанасы болған - Түркістан қаласы, Алаш Ордасының астанасы болған – Семей қаласы да, қазіргі күні қазақтың ұмыт болған астаналарына

айналғаныменен өз уақыттарында ұлтымыздың рухани орталығы болып танылған және тарихи миссиясын толық атқарған еді. Ал, қазіргі қазақ мемлекетінің шуақты да нұрлы Ел Ордасы – Астанамыз асқақ көрінеді.

Ұлттың рухы қашан да жеке тұлғаларды сапалы іріктеп, саналы пайдаланудан көрінеді. Бүгінде, халқымыздың маңдайына біткен ұлы перзенттерінің өнегелі өмірінен құлшына үлгі алатын сәт туды. Бұл әрине, көкірегінде намысы, жүрегінде ары бар қаймана қазақ жұртына үлкен жауапкершілік жүктейді. Дінсіз, тексіз, бөтен, оспадар большевиктердің билігінде болған күннің өзінде де, тоталитарлық жүйеге қарсы саяси күрес тәсілдерін кемел меңгерген және ұлттық құндылықтарды саяси бағыт-бағдар етіп ұстанған Алаш ақиықтарының қай - қайсысы болмасын, сол Қазақ Ордасының мемлекеттілігін қалпына келтіру жолында күрескені айтылып та, жазылып та жүр. Әмбе, сол тұстағы оқу-ағарту саласында жүрген қазақтың ірі мемлекет қайраткерлері мен зиялыларының іргелері ажырамай, үнемі бірге бас қосқаны да, тіпті олардың көпшілігінің бір-бірімен қазақ ғұрпы бойынша туыстасқандығы да жиі айтылады.

1905 жылы С.Сейфуллин И.Сталинге жазған көлемді құпия хатында: «Қырғыздар (*қазақтар*) үшін «қызыл, жасыл, ақ» түстің ешқандай мәні жоқ, ең бастысы - «Орда» сөзі сақталып қалса болды. «Орда» деп бай және ақсүйек адамдардың үйін, ал кедейлер мен кембағалдардың үйін «баспана» және «лашық» деп атаған». Сонымен қатар, большевиктік және Алаштық лагерьге бөлінген ұлттық интеллигенцияның Ақмешітті - қазақтың кіндік қаласы Қызылорда (*Қызыл Орда*) атандырып алғандығын да қан мен сөлін ағыза баяндайды. Сталиннің өзін сөзден тұқыртып жүретін қайсар ұлтшыл, қазақтың біртуар қайраткері Сұлтанбек Қожанұлы: «Қызыл – большевиктерге ұнайды, ал Орда – ұлттық атау. Демек, ол жақ та, бұл жақ та кінә арта алмайды» дейді. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлының: «Ақ болсын, қызыл болсын, маған бәрібір. Мен Қазақ мүддесін көздейтін үкіметті ғана жақтаймын» деген тамаша тағлымы да бұл сөзімізге алтын арқау бола алады. Дегенменде, «Қызыл» атауына жатырқай қараған Алашордашыл қайраткер Ж.Досмұхамедұлы: «Қазақтар коммунизмді түсінбейді. Содан да,

ақ та, қызыл да емес, республикалық биліктің баспасөз органына «Ақ жол» деген атауын ұсынады.

Тоталитарлық биліктің жоғары эшелонында лауазымды қызметтерді атқарып жүрген танымал тұлғаларымыздың бойындағы ең ұлы асыл қасиет те—өзінің туған ұлтын шексіз әрі қалтқысыз сүюде еді. Ұлттық рухтың алдаспанына айналған Алаштықтар жауыз биліктің сұрқия әрекеттерінің ұясы, Совет өкіметінің жүрегі - Мәскеудегі Кремльде де неше рет Ленинмен жүздесіп, қаншама талас-тартыспен дәлелдеп отырып, қазақ жерінің бұрыннан қалыптасқан тұтас геосаяси картасын қайта жасап, бекітірген де еді!..

Демек, Тәуесіздікті айтқан кезде, біз сол қазақ жерін қорғап қалған, қазақ хандығын, қазақ мемлекетін құраған есіл ерлердің ерен еңбектерінен бастауымыз жөн емес пе?

Басқыншылардың жымысқы әрекеттерін іске асыру үшін арнайы жіберілген жансыз-миссионерлердің бірі- Ильминский: «Оқыған бұратаналар-Шыңғыс ханның қарулы жасағынан да қауіпті» деген тұрпайы тұжырым жасаған екен. Соңынан, баскесер Колчактың: «Мен кез келген халықтың бес жүз зиялысының көзін құртсам, сол ұлтты өзіме сөзсіз бағындырған болар едім» деген ойы расқа айналды. Яғни, саяси қуғын-сүргін жылдары мемлекеттік деңгейде ойлай алатын пассионар тұлғалар – Алаштықтар түгелге жуық ажал құшты.

XX ғасырдың бірінші ширегінде-ақ Алаш арыстарының саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген еді, ал кәсіби даярлығы заманының сұранысына сай, адамгершілік, имандылық қасиеттері ұлы даланың сан ғасырлық құндылықтарымен суарылған болатынды.

«Балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен» жала мен налаға толы сонау бір зобалаң кездерде олар жайлы айтуға, жазуға, еңбектерін оқуға қатаң түрде тыйым салынып, азаматтық тағдырлары аса зауалды болған Алаштықтар қазақ халқының рухани қормалына айналды. Өз заманының шындығына, мұрат пен руханият ісінің көкейкесті мәселелеріне арналған мол мұралары туған елімен тәуелсіздіктің арқасында ғана енді қауышып отыр! Дегенменде, Алаштықтар туралы әлі сырын ашпаған мәліметтерді

анықтап, нақтылау-тәуелсіз елдің бүгінгі ұрпағының басты парызы болып қала бермек!

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Алаш Орда» деректі фильміндегі М.Қойгелдиевтің интервьюі;
2. Т.Жұртбай: «Движение Алаш сборник материалов судебных процессов над алашевцами».

**ЫРЫСБЕКҰЛЫ Айдын**  
«Ақ жол» ҚДП Орталық аппаратының идеология  
бөлімінің директоры, Алаштанушы

## АЛАШ ТАҒЫЛЫМДАРЫ

«Ақжол» демократиялық партиясы биылғы 25 ақпаннан бастап, **«Алаш тағылымдары»** дәрістерін бастады. «Алаш тағылымдары» дәрісі «Ақ жол» партиясы парламенттік фракциясының дәстүрлі апталық онлайн бейнеконференциясының аясында, «Ақ жол» партиясының Астанадағы Орталық офисінде, әр айдың соңғы аптасының сейсенбісінде өтеді. Республикадағы барлық партия филиалдары бойынша өтетін бейнеконференцияға партияның активі, Ақжолдық Мәжіліс депутаттары мен Орталық аппарат қызметкерлері, «Ақ жол» ҚДП филиалдарының жауапты қызметкерлері, өңірлердегі партия белсенділері қатысады және тағы басқа да қатысқысы келетіндерге есік ашық.

Алғашқы дәрісті «Алашорда» қоғамдық қорының директоры, Алаштанушы, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан өмірін зерттеуші, филология ғылымдарының кандидаты, PhD докторы Сұлтанхан Аққұлы «Собиратель казахских земель» атты тақырыппен Әлихан Бөкейханға арнады. Сұлтанбек Қожановтың 120 жылдығына орай «Тар мезгілдің тарпаң тұлғасы» тақырыбындағы дәрісті ЕҰУ әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы Амантай Шәріп оқыды. Алаштың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы туралы ЕҰУ проректоры, Қазақстан Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Дихан Қамзабекұлы әңгімеледі. Алаш ұғымы, Алаш сөзінің түп-төркіні туралы Халықаралық Шыңғыс хан академиясының академигі, Түркітану және алтайтану орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Қаржаубай Сартқожа айтып берді. Біз «Алаш тағылымдарымен» тыңдармандарын сусындатқан белгілі алаштанушы ғалымдардың осы дәрістерінің мәтіндерін жариялап отырмыз.

### Бұрысбекұлы Айдын

«Ақ жол» ҚДП Орталық аппаратының идеология бөлімінің директоры, Алаштанушы



**Жүсіп Сұлтанхан Аққұлы**  
директор Общественного фонда  
«Алашорда»,  
кандидат филологических наук,  
PhD.

## СОБИРАТЕЛЬ КАЗАХСКИХ ЗЕМЕЛЬ

*«Время собирать камни».*

**Ветхий Завет (Екклесиаст, 3.)**

*«Ни одна историография ни одного  
советского народа не перенесла таких  
потерь, как историография Казахстана».*

**«The Great Friendship»**

### I.

До Февральской революции 1917 года казахи по численности занимали 6 место среди всех народов колониальной Российской империи. По сведениям автора исторического очерка «Казахи» («Киргизы»), до революции казахи занимали территории 9 областей и одной губернии, «окаймленную с севера рекою Джайк (Урал и Яйк), с запада – Аму-Дарьей (Окс), с востока – Иртысом (Иртыш) и с юга – горными хребтами. Кроме того, они заселяют также и Астраханскую губернию».

В годы существования в составе СССР, Казахстан являлся второй после РСФСР крупной республикой, по официальным сведениям, занимая территорию равной 2 миллионам 717 тысячам 300 км.<sup>2</sup>

После обретения независимости 16 декабря 1991 года, благодаря своей общей площади, правда, равной уже почему-то 2 миллионам 724 тысячам 900-ми км<sup>2</sup> (больше на 7 тысяч 600 км<sup>2</sup>), Казахстан стал занимать 9 место среди государств мира.

Любой любознательный читатель, хоть поверхностно знающий отечественную историю, давно понял, что эта огромная территория современным казахам досталась не столько кровью далеких предков, а жизнью вполне осязаемой и конкретной исторической личности, жившей буквально чуть более 70 лет назад. Поскольку, те бескрайние казахские степи и земли, доставшиеся действительно кровью и жизнью наших далеких славных предков, были утрачены раз и навсегда в результате последствий «добровольного присоединения Казахских ханств к России». Сегодня Казахстан владеет лишь частью этих территорий. И это лишь констатация подлинно исторических фактов.

Чтобы не быть голословными, обратимся к историческим фактам.

Судя по ряду публикаций А. Букейхана и его первой научной монографии по истории казахов, историю присоединения Казахстана к России он начал подробно изучать из первоисточников еще в конце 1890-х годов. Об этом свидетельствует ряд публикаций, как, например, «Изъ переписки хана Средней Киргизской орды Букея и его потомковъ», «Изъ переписки Киргизскихъ хановъ, султановъ и пр. пр.» и «Изъ бумагъ султана Большой Киргизской орды Сюка Аблайханова», а также монография «Историческіе судьбы Киргизскаго края и культурныя его успехи». Из заголовков этих публикаций, а также из его многочисленных статей на страницах газеты «Қазақ» 1913–1917 годов становится очевидным, что А. Букейхан прежде всего интересовался именно историей, условиями вхождения Казахстана в подданство Российской империи и, самое главное, социальными, политико-экономическими последствиями этого процесса для казахов и их независимости. В распоряжении исследователя оказались и копии соглашений между Российской империей и казахскими ханами «о принятіи ихъ въ подданство»,

точнее «грамот», которыми обменялись договаривающиеся стороны. Одну подлинную грамоту А. Букейхан обнаружил в «Семипалатинском Областномъ Правленіи», копии других соглашений разыскал в «Полномъ собраніи законодательства» (ПСЗ, т. XXXIX № 29907. – *Прим. автора*).

И скрупулезно изучив содержание всех этих грамот в части предусмотренных в них условий вхождения казахских ханств в подданство России, А. Букейхан внимательно отслеживает и все последующие действия власти Российской империи. Речь идет о так называемых «уставах о сибирских и оренбургских казах-киргизах» от 1822 и 1824 годов, с которых собственно и началось усиленное внедрение русской колониальной административной системы сначала в Младшем, затем в Среднем жузах.

Напомню, что уставами 1822 и 1824 годов ханская власть в Казахстане была ликвидирована, и введена система территориального управления. Отмена ханской власти и введение новой системы управления были проведены с целью окончательной колонизации Казахстана. Одновременно с ликвидацией политической самостоятельности казахов Младшего и Среднего жузов происходил планомерный захват лучших земель и заселений их русскими казаками.

Дальнейшие реформы, проводившиеся Российской империей в Казахстане, имели конкретную задачу «добиться слияния киргизских степей с прочими частями России». Особый интерес представляет политико-административная реформа, проведенная русскими в Казахстане в 1867–1868 годах, которая привела впоследствии к значительным изменениям в социальной, политической и правовой жизни казахского общества. Новая система управления расшатывала общинно-родовой уклад жизни кочевников, ограничивала власть торе-султанов, родовых вождей и народных биев. Осуществление реформ 1867 и 1868 годов привело к ослаблению влияния степной аристократии, что отразилось на их правовом, экономическом и политическом положении.

Тем временем окончательным оформлением колониального захвата Казахстана явилось «Положение об управлении Туркестанским краем» от 2 июня 1886 года<sup>9</sup> и «Положение об управлении



Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Тургайской областями» от 25 марта 1891 года.

Но все же, самым тяжелым последствием этих реформ явилось то, что все земли казахов были объявлены государственной собственностью Российской империи, то есть собственностью русского самодержца, и передавались казахам в «вечное пользование». Проще говоря, многомиллионный казахский народ одновременно лишился собственных земель и территорий, доставшихся им кровью многих поколений своих предков, на просторах которых находились их могилы. Вот как разъяснял отдельные статьи положения от 25 марта 1891 года, касающиеся казахских земель, «Қыр баласы» («Сын степей») в 1913 году в одной своей статье: «25 марта 1891 года для казахов Семиреченской, Семипалатинской, Акмолинской, Тургайской и Уральской областей как закон вышло «Степное положение»... В 119 статье этого закона (положения) говорится: «Земли, занятые кочевыми казахами, объявляются казенными». В 120 статье сказано, что «эти земли передаются в бессрочное пользование кочевым казахам». В дополнении к 120 статье говорится, что «излишки земель, находящихся в пользовании казахов, будут изъяты в пользу казны»... При изъятии излишков земель у казахов в пользу мужика в вышеупомянутых 5 областях, опираются именно на это дополнение».

По свидетельству того же «Қыр баласы», в положение «Об управлении Туркестанским краем» от 2 июня 1886 года в 1911 годы было внесено такое же дополнение, позволяющее изъятие «излишков» земель у туркестанских казахов: «В 279-й статье этого положения не было ни слова об изъятии у казахов излишков земель. Если бы этот закон остался без изменений, в Туркестане земля казаха не отбиралась бы в пользу мужика. В 1911 году правительство в III Думу внесло законопроект о дополнении в статью 279 («Положения об управлении Туркестанским краем») длиною в две строчки, где сказано: «В Туркестане в случае обнаружения излишков земли у казахов, казна обязана изъять их в свою пользу... Таким образом казахов Туркестана постигла та же участь, что и казахов Семиреченской, Семипалатинской, Акмолинской, Тургайской и Уральской областей. Теперь при изъятии земли у казаха

в Туркестане будут размахивать законом. Это тот самый случай, когда сильный творит произвол над слабым».

Иначе говоря, в результате принятия Российской империей вышеперечисленных уставов и положений в период с 1822 по 1911 годы, Казахстан полностью стал ее колонией, из статуса вассального, протектируемого и подданного государства превратился в ее неотъемлемую часть, а казахи оказались в положении и правах иноземцев на собственных землях. И как показала дальнейшая практика, лишение казахов прав на собственные земли открыло широкие возможности для заселения Казахского края русскими переселенцами, вытесняя кочевников на малопригодные земли. Здесь немаловажную роль сыграла внутренняя реформа в самой России, как отмена крепостного права 1861 в году, в результате чего освобожденные от рабства, но безземельные русские крестьяне начали переселенческую колонизацию территории Казахстана.

В ходе изучения всех этих уставов и положений по управлению Казахстаном, А. Букейхан обнаружил вопиющее и грубое нарушение Российской империей условий вхождения Казахстана «в подданство». Он ни в одном соглашении о присоединении казахских ханств к России не находит даже намека на право вмешательства России во внутренние дела Казахстана, не говоря уже об управлении. Во внутренние дела Казахстана русские стали вмешиваться лишь по праву сильного, чем грубо противоречила своим же обязательствам, согласно подписанным соглашениям.

Снова обратимся к историческим фактам.

Русская императрица Анна Иоанновна грамотой от 12 февраля 1731 года согласилась принять казахов в подданство России на условиях, содержащихся в письме-просьбе хана Младшего жуза Абулхайра. Этот акт юридически закрепил начало добровольного присоединения Казахстана к России.

Россия гарантировала казахам – подчеркну – защиту от вторжения третьих государств, обещала не допускать «обид и разорения» от других подданных России, хан же обязался «служить верно и платить ясак так, как служат башкирцы».

10 октября 1731 года хан Абулхайр принял присягу в верности императрице от имени всех казахов.

Окончательно уточненными условиями соглашения о добровольном подданстве Казахстана являлось следующее: Казахи обязывались сохранять верность императрице и ее наследникам, согласились на ограничение внешнего суверенитета ханства, обязывались нести службу (воинскую! – к этой теме вернусь чуть ниже), не нападать на торговые караваны и на других подданных России, вернуть пленных, платить подати (налоги), выделять аманатами детей ханов и султанов.

В свою очередь, принимающая в свое подданство сторона, в лице России, обязалась... «охранять своих новых подданных от внешнего нашествия и притеснения». Очевидно, что в условиях соглашений не предусматривалось право России вмешиваться во внутреннюю политическую жизнь казахов, не говоря уже о покушении на земли и территории казахов. Переговоры носили добровольно-договорной характер, пусть даже при фактически неравноправном положении договаривающихся сторон. В итоге Казахстан вошел в подданство России, юридическим признанием чего явились торжественные клятвы ханов, султанов, родовых вождей, народных биев и батыров (тарханов) в верности ей.

С государственно-правовой точки зрения, по условиям соглашений формой зависимости Казахстана от России являлся протекторат. Юридическим критерием протектората является ограничение суверенитета протектируемого государства, в частности, Казахские ханства потеряли самостоятельность во внешней политике, перестали быть субъектом международно-правовых отношений. Но, в то же время, протекторат предусматривает сохранение для государства-протектората внутреннего самоуправления, тогда как уставами 1822 и 1824 годов, политико-административными реформами 1867–1868 годов, а также положениями от 1886 и 1891 годов, как об этом утверждал А. Букейхан, Российская империя грубо и безапелляционно нарушила все условия вхождения Казахстана в ее подданство.

Государственно-правовые отношения Казахстана с Россией в 1731–1824 годах можно характеризовать так же, как отношения вассальной зависимости. Критерием вассальной зависимости являлись принятие вассальной присяги и клятвы со стороны казах-

ских правителей и предоставление заложников – аманатов, что и было осуществлено.

Юридически отношения ханств Младшего и Среднего жузов с Россией до 1822–1824 годов именовались «подданством», но в соглашениях нет ни слова о превращении двух казахских ханств и их территорий в неотъемлемую часть России. Казахские ханства стали вассальными государствами, и империя вплоть до 20-х годов XIX века все сношения с казахскими правителями осуществляла через свою коллегия иностранных дел. Об этом свидетельствует переписка хана Среднего жуза Букея с управляющим министерством и присутствующего в государственной коллегии иностранных дел графа Карлом Несельроде от октября 1817 года, опубликованная А. Букейханом в 1901 году.<sup>13</sup> Однако, еще раз подчеркну: с государственно-правовой точки зрения, вассальный статус казахских ханств сохранялся лишь до отмены института ханств, курултая родовых вождей и народных биев, ханских советов.

В 1911 году в санкт-петербургской газете «В мире мусульманства», Алихан с горечью напишет: «Не прошло ста летъ со времени принятія всемъ казахскимъ народомъ подданства Россіи\* (\*Малая Орда вступила въ подданство Россіи въ 1731 году при хане Абулхире; Средняя – въ 1781 году при хане Аблае.), какъ все земли этого полукочечевого народа стали собственностью казны. Въ 1868 году издается законъ, гласящій: «... земли, занимаемая кочевьями, все принадлежности сихъ земель, а въ томъ числе и леса, признаются государственною собственностью»\*\* (\*\*Ст. 119 Степного Положенія, изданнаго въ 1891 году.). Законъ этотъ, несмотря на всю его важность и серьезное значеніе для целой народности, спроектированъ былъ келейнымъ образомъ въ петербургскихъ канцеляріяхъ и получилъ утверженіе не только безъ согласія этого, считавшаго дотолѣ себя полновластнымъ хозяиномъ своихъ земель, народа, но и безъ предварительнаго выслушанія его представителей. Обезземеливъ весь казахскій народъ, законъ этотъ предпринялъ судьбу казахскаго скотоводческаго хозяйства, а вместе съ темъ поставилъ на карту и самое существованіе несколькихъ милліоновъ нашихъ сородичей».

С момента обнаружения этих нарушений Российской империей условий добровольного вхождения Казахских ханств в ее под-

данство, А. Букейхан начнет бескомпромиссную борьбу за возврат своему народу его собственных земель. Поскольку восстановление утраченной без видимой борьбы национальной государственности, по его глубокому убеждению, предполагало прежде всего наличие собственных территорий. Он восстановление казахской государственности с прежним Ханским институтом правления он считал полным анахронизмом. Он мечтал построить современное Казахское демократическое государство западного образца, о чем написал в том же очерке «Казахи».

Здесь необходимо небольшое отступление. Поскольку несколько любопытных эпизодов из жизни А. Букейхана, на которых автор этих строк хотел бы чуть подробнее остановиться, так или иначе связаны с последующими действиями и поступками нашего героя.

В 1890 году, будучи пансионером (студентом, обучающимся живя в пансионе-общежитии учебного заведения) последнего 4 курса Омского технического училища, Алихан обратился к директору ОТУ Н. Доброхотову с заявлением о том, что его настоящая фамилия не Нурмухамедов (имя отца), а Букейханов. Какую цель при этом преследовал Алихан, доподлинно неизвестно. Но вполне закономерно предположение о том, что будущий лидер казахов, еще в 23-летнем возрасте, задумал бороться против произвола колониальной империи в отношении своего народа и его земель от имени хана Среднего жуза Букея, подписавшего одно из соглашений о добровольном присоединении казахов к России. Пусть и не прямым, но все же явным свидетельством подобного предположения может служить публикация Алиханом переписки хана Букея с чиновниками империи, в том числе с управляющим министерством иностранных дел России графом Карлом Несельроде. К тому же, важно заметить, что Алихан являлся прямым потомком хана Букея, сына знаменитого во всей Казахской степи «кокжала» Барак хана. Нельзя не заметить, что при каждом удобном случае Алихан подчеркивал перед имперскими чиновниками свое высокое происхождение из рода торе-султанов (потомков Чингиз хана или чингизидов. – *Прим. автора*).

Не менее любопытно, что несмотря на то, что аттестат об окончании ОТУ был выписан на имя «султана Алихана Нурму-

хамедова», в сентябре 1890 года он зачислен в С.-Петербургский лесной институт под именем «султан Алихан Нурмухамедов Букей Ханов». Например, в письме директора лесного департамента министерства государственных имуществ Г. Писарева к директору лесного инстута от 18 сентября 1890 года, в котором приказывает принять в число слушателей института Алихана «вне конкурса», его фамилия «Букей Ханов» подчеркнута снизу.

В период исследования соглашений Казахских ханств с Российской империей о подданстве, разобраться в содержаниях этих соглашений и юридических хитросплетениях русского законодательства того периода, А. Букейхану позволяло его юридическое образование, полученное параллельно в годы обучения в лесном институте. В 1891 году он экстерном сдал экзамены на юридическом факультете С.-Петербургского университета. Аттестат (диплом) об окончании лесного института в 1894 году был выдан на имя «сына Султана Алихана Нурмухамедова Султана Букей-Ханова».

Осенью 1889 года, когда ему было 23 года, в двух номерах газеты «Особое Прибавленіе къ «Акмолинскимъ областнымъ ведомостямъ» публикуется статья под заголовком «О земледелии въ Токраунской, Котан-Булакской и Западно-Балхашской волостяхъ Каркаралинскаго уезда» за подписью А. Н. (Алихан Нурмухамедов). В этой статье как раз ярко проявилась безграничная любовь Алихана к земле отцов. Его не прельщала предстоящая служба на Сибирской железной дороге, для которой Омское техническое училище готовило технического специалиста в лице Алихана. Он выбрал широкопрофильную профессию ученого-лесоведа, а его вышеупомянутая статья послужила веским основанием для направления его на учебу в Лесной институт. Направление ему написал сам директор ОТУ Н. Доброхотов.

Для возврата своему народу его же исконных земель А. Букейхан избрал ненасильственный, мирный путь борьбы – в рамках существующего законодательства России. В губительности для народа и контрпродуктивности вооруженной борьбы А. Букейхан убедился, изучая историю и причины поражения самого масштабного вооруженного восстания казахов в середине XIX века во главе с ханом Кенесары Касымұлы, к личности которого относился с

искренним почтением и гордостью. В монографии «Историческіе судьбы Киргизскаго края и культурныя его успехи», А. Букейхан, напишет: «Внукъ Аблай-хана Кенесары Касымовъ, затмившій въ народныхъ сказаніяхъ славу своего популярнейшаго деда, собравъ несколько тысячъ наездниковъ изъ представителей недовольныхъ и, объявивъ себя возстановителемъ былого величія киргизскаго народа, пытался поднять подъ свое знамя весь киргизскій народъ. Огромная масса кочевого населенія осталась, однако, равнодушной къ воззванію Кенесары».

Благо, что в тот период в самой колониальной империи росла волна революционно-освободительного движения. Но до первой русской революции 1905–1907 годов было еще время.

С целью как-то сбить волну переселенцев, нахлынувших в казахские степи в конце XIX и начале XX веков, он устроился чиновником, статистиком Акмолинского областного переселенческого управления. По сведениям омской газеты «Иртыш», которую редактировал А. Букейхан в 1906 году, «в нынешнем году (1906) за Урал перевалило переселенцев больше, чем когда-либо. Раньше самый большой наплыв переселенцев был в 1896 году – 202 302, и 1900 году – 215 627 душ обоего пола». И именно в 1896–1901 годах он участвует в работе экспедиции Ф. Щербины по исследованию степных областей (Акмолинской, Семипалатинской и Тургайской), снаряженной министерством земледелия и государственных имуществ.

Позже целям и итогам работы этой экспедиции А. Букейхан даст следующую оценку: «Казахскія (в ориг. «Киргизская». Здесь и далее «казах». – *Прим. автора*) степи въ представлені официальной Россіи въ прежнія времена казались, да и теперь кажутся, такимъ неистощимымъ запасомъ земли, что туда можно переселить значительную часть избытка населенія изъ внутреннихъ губерній Россіи, не стеснивъ въ то же время самихъ казаховъ, которымъ будто не нужны удобныя земли. Однако ошибочность такого взгляда стала ясна, и въ 1896 году была снаряжена экспедиція (Щербины) для статистическаго изслѣдованія казахскихъ степей. Экспедиція эта установила норму земли, которая необходима для того, чтобы не погубить казахское хозяйство и дать казахамъ возможность постепенно перейти къ оседлому образу жизни».

Неудивительно, что после участия в работе «экспедиции Щербины» и в период работы статистиком переселенческого управления, А. Букейхан стал для колониальной администрации степного Казахского края врагом № 1, в чем можно убедиться из секретного доклада «Вр. и. д. Омскаго жандармскаго управленія ротмистра Рутланда», датированного 23 декабря 1905 года: «Главнымъ руководителемъ, какъ оказывающимъ огромное вліяніе на всю Казахскую степь, безусловно, есть и будетъ чиновникъ переселенческаго Управленія Букейхановъ».

В этом утверждении ротмистр Руланд был абсолютно прав, так как инициатором и основным автором знаменитой «Каркаралинской петиции» являлся именно А. Букейхан, где впервые предъявляется требование признать исконные казахские земли их собственностью: «За послѣдніе 15 лѣтъ происходитъ колонизація Степного края. Съ каждымъ годомъ земли, находящіяся въ пользованіи казаховъ, уменьшаются... Подъ переселенческіе участки отнимаются лучшія угодья и пресноводные источники, поэтому необходимо признать земли, занимаемыя казахами, ихъ собственностью. Управленіе государственными имуществами въ Степномъ крае производитъ отмежеваніе дачъ – единственнаго владенія казны, при этомъ казаховъ выселяютъ отъ ихъ прадедовскихъ зимовокъ».

Роль А. Букейхана, как лидера казахов, подтверждает и факт его участия на съезде земских и городских деятелей России, проходившего в ноябре 1905 года в Москве, где, в своем выступлении, воспользовался очередной возможностью напомнить прогрессивной общественности метрополии о наличии у своего народа собственных исконных земель: «Я являюсь представителем 4-х миллионного казахского народа, занимающего огромную территорию от Урала до Алтая, от линии Сибирской железной дороги до Омска».

Здесь лидер казахов упоминает лишь северо-западные, северные и восточные окраины Казахского края по той простой причине, что в тот период именно эти части казахских степей подвергались небывалой переселенческой колонизации.

Между тем, А. Букейхан, как никто другой из казахской национальной элиты, осознавал, что при существующим самодержав-



ном колониальном режиме казахам мирным путем не вернуть отнятые исконные земли и не добиться восстановления национальной государственности. По его убеждению, реальный путь к этой цели лежит лишь и только через политическое реформирование самой колониальной империи: преобразование ее из самодержавия в федеративное демократическое государство. В 1906 в редакторской колонке «Иртыша» он напишет: «Россія нуждается... въ коренныхъ преобразованіяхъ, которыя превратили бы ее въ истинно демократическое государство, единственно соответствующее ея соціальной структуре».

Поэтому он принимает единственное, на его взгляд, прагматичное и политически целесообразное решение объединиться с прогрессивными силами империи. В 1905 году грянула первая русская революция, и А. Букейхан, не без основания, возлагал большие надежды на законодательное восстановление поправленных прав казахов на собственные земли, в связи с рескриптом от 18 февраля 1905 года о созыве «доверием народа обремененных людей» – Государственной Думы.

«Казахи могутъ разсчитывать только на Государственную Думу, – писал он в 1906 году в своей редакторской колонке газеты «Иртыш», – въ которой найдутся силы, сумеющія поставить переселенческое дело на его собственное место. Пока существуетъ право силы, казахскія земли, какъ казенныя оброчныя статьи, удельныя, кабинетскія земли, назначенныя въ продажу крестьянамъ указами 12, 27 августа и 19 сентября, будутъ служить защитой частно-владельческихъ земель».

А. Букейхан шел на выборы, с целью поднять с трибуны Государственной Думы самые насущные проблемы казахов, как возврат изъятых у казахов родовых пастбищ, водопоев, зимовок, посевов, покосов, лесов и признание всех земель, занимаемых казахами, их собственностью, введение во всем Степном крае земства (местного самоуправления) и воинской повинности для казахов и многое другое. А. Букейхан на предвыборных встречах и собраниях со своими избирателями обсуждал именно эти вопросы и принял их как наказ, поскольку считал: «Казахи нуждаются в ограждении своих земельных интересов... Казахам нужно землеустройство при

участии самих казахов и их земства. И это возможно только при... наличии конституции и представительного правления (парламента в лице Государственной Думы. – *Прим. автора*).

Актуальным являлся и вопрос о несении казахами воинской службы, путем отмены закона от 1834 года, согласно 42 статье которого казахи освобождены от службы. Этот закон, принятый по просьбе старшего султана Акмолинского округа Коныркулжы Кудаймендеулы в 1834 году, к началу XX века поставил казахов в бесправное положение по сравнению с казаками и даже крестьянами-переселенцами, которые вели себя в захваченных землях как хозяева.

«Среди множества вопросов, которых коснулась Дума, в качестве «вермишельной» мелочи мелькнул и проект об изменении «Устава о воинской повинности», которому нигде вообще не везет..., – сетовал А. Букейхан на деятельность III Государственной Думы, завершившей свою работу так и не приняв законопроект об изменении «Устава о воинской повинности», где предусматривалось введение воинской повинности не только для казахов, но и для всех мусульманских народов России, – Так, одни мусульманские народности призваны в отбыванию воинской повинности при самых ненормальных условиях, другие вместо отбывания натурой обязаны известным денежным налогом, третьи (Туркестанский край и мусульмане областей Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Закаспийской) вовсе находятся в забытьи; и наконец, мусульманское духовенство, как таковое, абсолютно не пользующееся регламентированными льготами, привлекается, наравне со всеми, к отбыванию рекрутчины...».

С избранием и созывом IV Государственной Думы возникла новая возможность одобрения законопроекта об изменении «Устава о воинской повинности». И в ряде своих статей в газете «Қазақ» за 1913 и 1916 годы, А. Букейхан предлагал народу выбрать службу, причем, добровольную, в кавалерийских войсках на примере казачьих войсковых формирований с самостоятельным управлением. Добровольная казачья служба, по его мнению, имела ряд преимуществ и удобств для кочевых казахов по сравнению с обычной воинской повинностью. Во-первых, верховая езда для казаха на-

циональная традиция и образ повседневной жизни. Во-вторых, достигнув 18 лет, казак лишь после прохождения 3-летней военной подготовки становится казаком и с 21 года несет действительную воинскую службу в течение 12 лет. В мирное время казак все эти 12 лет проводит в своей станице, проводя каждое лето всего 3-4 месяца на военно-учебных сборах в родных краях. Таким образом, объясняет А. Букейхан, из 12 лет действительной воинской повинности казак на этих сборах проводит всего 3-4 года. После 12 лет выслуги казак в 38-летнем возрасте выходит в запас.

В третьих, и самое главное, по утверждению А. Букейхана, заключалось в следующем: «Казак по закону имеет больше прав, нежели мужик (русский крестьянин), и причиной этому была сама история: мужик был рабом (крепостным), казак – вольным, свободным и благодаря своей добровольной 12-летней воинской службе имеет перед мужиком значительное преимущество и льготное право на землепользование. Нам такое право не предоставят, если предоставят – не проиграем», – убеждал своих соплеменников лидер казахов.

Далее. Судя по секретной переписке омского жандармского управления с департаментом полиции в С.-Петербурге от апреля 1906 года, царская администрация арестовала А. Букейхана в самый разгар проведения им своей избирательной кампании. Арест последовал лишь из-за опасения властей его избрания в Государственную Думу: «Ввиду... упорного его желания оказать влияние и принять возможное активное участие в проведении вопросов в Государственной Думе, Командующий Войсками изъявил желание в том случае, если дело о Букейханове будет прекращено Прокурорским надзором в порядке 1035 ст. Уст. Угол. Суд., дать этому делу направление в административном порядке, с безусловной высылкой Букейханова из пределов Степного края, т. к. по общему мнению, не исключая лиц Прокурорского надзора, Букейханов представляется, безусловно, опасным, но умным и ловким агитатором».

Однако все надежды казахского народа и его лидера, возложенные на Государственную Думу, рухнули с принятием нового избирательного закона от 3 июня 1907 года, о чем с горечью вспоминает А. Букейхан в своем историческом очерке: «Закон 3 июня

1907 года лишил  $4\frac{1}{4}$  миллионную казахскую народность избирательных прав. Правительство, очевидно, сочло лишним присутствие в Государственной Думе представителей от этого народа, которого оно столь насильственно лишило его земель».

Казахский народ и его лидер вплотную подошли к основной цели, не будь распущена I и II Государственная Дума или «Думы народного гнева», как их часто называли в обществе, потому что в первых двух Думах большинством голосов обладала фракция партии кадетов, которая поддерживала законопроект, разработанный главноуправляющим землеустройством и земледелием Н. Кутлером, в котором предусматривалось принудительное отчуждение части земель у помещиков с последующей передачей крестьянам.

Замечу, что А. Букейхан был избран депутатом I Думы от казахского комитета кадетской партии «Народная свобода», а все остальные казахские депутаты первых двух созывов, объединившись в мусульманскую фракцию, примкнули к фракции кадетов. И в случае принятия Думой этого законопроекта, давление переселенческой колонизации на Казахстан резко ослабло бы само по себе. Но это противоречило планам русского императора и личным интересам нового премьер-министра П. Столыпина, крупного землевладельца и бывшего предводителя дворянства, политика которого относительно казахских степей состояла «в поощрении переселения на их незаселенные просторы крестьян из европейской части России».

После роспуска I Думы А. Букейхан по этому поводу написал: «На почве разногласія въ разрешеніи аграрнаго вопроса, между прочимъ, не распущена, а закрыта Государственная Дума, такъ какъ она пожелала наделить крестьянъ землями кабинета, удела, помещиковъ, монастырей и казны. Оно (правительство Столыпина), разогнавъ, единственно компетентное въ разрешеніи величайшаго аграрнаго вопроса въ Россіи учреждение, Государственную Думу, смешивая разрешеніе вопроса государственной важности съ интересами частныхъ лицъ, муссируетъ способы разрешенія аграрнаго вопроса и усложняетъ его будущее решеніе».

Тем временем переселенческая колонизация Казахстана являлась частью «аграрной реформы» П. Столыпина. Это послужила

как раз первой и основной причиной досрочного роспуска I, а затем и II Думы и, самое трагичное для А. Букейхана, лишения казахов думской трибуны.

## II.

### СОБИРАТЕЛЬ КАЗАХСКИХ ЗЕМЕЛЬ

«Столыпинская аграрная реформа» в Казахстане берет свое начало с назначения Б. Васильчикова «главноуправляющим землеустройством и земледелием» (министром земледелия. – Прим. автора) вместо Н. Кутлера.

Б. Васильчиков, потомственный князь и крупный землевладелец, как и сам П. Столыпин, оправдал надежды реакционного премьер-министра, приложив максимум усилий для претворения в жизнь «столыпинской земельной реформы». Но скрытый мотив, которым руководствовались инициатор этой реформы и ее главный исполнитель, П. Столыпин и Б. Васильчиков, раскрывает статья, помещенная в редакторской колонке газеты «Иртыш» за 1906 год: «Все эти попытки правительства расширить крестьянское землевладение «домашними средствами» являются замаскированным отводом настоящих требований крестьянской массы от частновладельческих земель наших помещиков, являющихся, в лице крупных землевладельцев князя Васильчикова, графа Воронцова-Дашкова, Дурново-Столыпина, руководителями политики нашего правительства. Требования крестьянской массы будут удовлетворены только экспроприацией частновладельческих земель Европейской России в пользу безземельного и малоземельного трудящегося народа. Обещать крестьянам удельные кабинетские и казенные земли, расположенные за тысячи верст от места острой нужды, как это делает наше правительство, значит посылать нуждающихся от Понтия к Пилату».

По сведениям у автора данной статьи, для полного удовлетворения требований безземельных крестьян, не прибегая при этом

к незаконной колонизации казахских степей, имелось достаточно частных земель в самой Европейской России, где к 1906 году частновладельческие земли составляли «90 миллионъ десятинъ».

Тем временем в Казахстане, в период работы еще I-й Государственной Думы, колониальная администрация продолжает творить грубый произвол и беспредел, сознательно в полное противоречие действующего положения от 1886 года, и «находя» все больше «излишков» уже в родовых землях казахов и выселяя их с насиженных мест на пустынные, горные местности, и предоставляя эти пастбищные земли, потомственные жайлау и кыстау казахов (летовки и зимовки) даже не крестьянам-переселенцам, а князьям и дворянам из Европейской России. Приглянувшиеся русским князьям родовые земли казахов отнимались под предлогом «для неотложныхъ государственныхъ нуждъ». Например, на одно очередное требование представителей казахов, высланных из исконных земель, прекратить этот произвол, от нового генерал-губернатора Степного края И. Надарова последовал подобающий ответ:

*«1) Казахи никогда равноправія не получаютъ, такъ какъ они наравне съ другими не несутъ военную службу;*

*2) составленіе проекта о земстве будетъ дано выборнымъ отъ населенія, но только вашъ народъ малообразованъ;*

*3) Казахская земля не есть собственность казаховъ, а государственная, следовательно, если она нужна будетъ государству, то будетъ отобрана у казаховъ по мере потребности.*

*...И если для неотложныхъ государственныхъ потребностей нарезаются участки для переселенцевъ, то казахи при этомъ обижены не будутъ, такъ какъ въ случае необходимости сноса ихъ зимовокъ, имъ будутъ указаны другія места для зимовокъ и будутъ выдаваемы деньги за переносъ зимовокъ по оценке особыхъ комиссій...».*

Ответ генерала И. Надарова незамедлительно вызвал молниеносно реакцию лидера казахов, который заметил, что «уплата казахамъ, которыхъ лишать невознаградимыхъ ничемъ покоса и пастбища, стоимости сносимыхъ построекъ, является злою насмешкою и свидетельствомъ полного непониманія агентами пра-

вительства поземельныхъ отношеній казаховъ». Его возмущает, что *«возмещая убытки за постройки, правительство признаетъ право собственности только на нихъ, вполне «отрицая на законномъ основаніи» право собственности одного казаха, аула, рода на зимнія пастбища и покосы»*.

И первая поездка князя Б. Васильчикова в Казахстан в статусе «главноуправляющаго землеустройством и земледелием» для коренного населения имела еще более печальные последствия: *«Во время поездки по Сибири кн. Васильчикова, летом 1907 года, степной генерал-губернатор Надаров, по его предложению, отменил закон о предварительном рассмотрении отводимых переселенцамъ участков во временной комисси. Казахи с этого времени лишены права и возможности даже обжаловать несправедливый отвод... В настоящее время упомянутая 25% надбавка к казахским нормам (экспедиции Щербины. – Прим. автора) уже игнорируется, что также является нарушением закона, создавая новые излишки для нарезки переселенческих участков»*.

В этой связи А. Букейхан не скрывал свои опасения по поводу того, что *«норма Щербины a priori признана слишкомъ высокой и потому спустя несколько летъ снаряжается опять новая экспедиція для той же цели и уже эта экспедиція устанавливаетъ другую и весьма низкую земельную норму»*. И он не беретъ предсказывать: что она сулитъ казахамъ? Темъ не менее лидер казахов не сомневался, что новая очередная экспедиція *«установитъ такую норму, при которой казахское хозяйство совершенно падетъ, низведется на нетъ»*.

По сведениям А. Букейхана, после поездки Б. Васильчикова в казахские степи, началась «чрезвычайно интенсивная работа, благодаря которой стало ежегодно проектироваться масса участков для отвода под переселенческие поселки «изъ наилучшихъ казахскихъ земель, не взирая на то, что проектируемые участки необходимы для скотоводческаго хозяйства казаховъ». *«Если проектированные под переселенческие поселки участки по тем или другимъ причинам не будутъ заняты переселенцами, то из них образуются казенные участки, предназначенные для отдачи в аренду»*, – констатирует он.

Но А. Букейхана в «аграрной реформе» Столыпина-Васильчикова особо настораживал основной акцент этой реформы, заключающийся в передаче надельных участков земель, предоставленных русским крестьянам-переселенцам в Казахстане, в их собственность.

Более того, с началом «столыпинской реформы» в ведомстве Васильчикова и даже в Думе заговорили о возможности применения против казахов «опыта» завоевания Америки, о чем свидетельствует опять же А. Букейхан: *«Чтобы устроить в Казахской степи наибольшее количество переселенцев, нельзя не удивляться торопливости депутата Маркова 2-го: в переселенческой комиссии государственной думы он заявил, что казахи – потомки орд Чингисхана и Тамерлана, и что с ними нужно поэтому поступать так, как поступали с краснокожими в Америке».*

А. Букейхан напрочь отвергал навязываемое царскими властями мнение, *«будто заселение степи переселенцами принесло казахамъ неисчислимыя выгоды: они стали во много разъ жилищнее тамъ, где появились переселенцы, которые своимъ примеромъ подають имъ практическіе уроки более культурной жизни»* (Цитата из статьи «За страх» за подписью «Статистика»: *«Туземець сибирскихъ степей на пути къ вымиранію и предоставитъ его самому себе – прямое преступленіе... Надо поддержать его путемъ созданія условій, при которыхъ возможно культурно-экономическое развитіе инородца...»*). По этому поводу он однозначно заявлял: *«Къ горькому сожаленію, обнищавшій русскій крестьянинъ не можетъ ни въ правовомъ, ни въ экономическомъ отношеніи быть примеромъ для казаха!»*.

Лишившись избирательного права и возможности бороться за восстановление нарушенных прав своего народа с высокой трибуны Государственной Думы, А. Букейхан вынужден отстаивать самые насущные интересы нации, взявшись за перо, но уже находясь за пределами родных степей – в политической ссылке в Самаре.

В своей борьбе в ссылке лидер казахов основное свое внимание акцентирует на защите казахских земель от дальнейших посягательств колониальных властей, апеллируя на мнение передовой



и либеральной общественности империи, публикуясь в 1908–1914 годах в основном в санкт-петербургских изданиях, как кадетские газеты «Речь», «Слово», а также журнал «Сибирские вопросы».

В частности, в течение 1908–1910 годов в «Сибирских вопросах» публикуется целая серия очерков, статей и заметок, посвященных исключительно теме переселенческой колонизации Казахстана и ее неотвратимо губительным последствиям как для степей, так и для коренного населения – казахов. Только перечисление этих публикаций займет не одну страницу. И лишь заголовки этих статей и очерков говорят сами за себя: «Будущая пустыня», «Отчуждение казахских орошаемых пашень», «Переселенческие наделы в Акмолинской области», «Русские поселения в глубине Степного края», «Ненужное генераль-губернаторство» и многие другие.

Например, в статье «Будущая пустыня» автор в подробностях описывает историю захвата разношерстными переселенцами Тургайской области, землям которой, из-за варварской эксплуатации последних, грозит опустынивание. *«Казахская степь в настоящее время является настоящей панацеей и Эльдорадо для наших аграриев, тонкорунных овцеводов, безземельных крестьян, для разных хищников из крестьян-кулаков, норвежских снять пенки со свежих земель... На вопрос, что же будет, когда земля истощится, всегда слышишь стереотипный ответ: «дальше уйдем». В переводе это значит: «высоземь землю и бросим». Положим, придут другие, более слабые – и те выжмут остатки, а тогда степь будет представлять настоящую мерзость запустения... С этой перспективой усердные насадители колонизации должны считаться и должны ее предвидеть. Нет надобности форсировать переселение в степь, и нельзя допускать хищничества. Такая экономическая «политика» не может быть в интересах государства».*

По сведениям автора, если 20 лет назад вся Тургайская область была занята исключительно казахами, то к 1908 году в Кустанайском уезде области количество русского и казахского населения уже почти сравнялось: *«Отрезано там и в огромном большинстве случаев заселено русскими и в отдельных случаях немцами свыше 100 участков».* В другом уезде, Актюбинском,

*«дело идет медленнее, но и там отведено и преимущественно заселено около 80 участков».*

Все эти публикации А. Букейхана не только в газетах и журналах С.-Петербурга, а также на страницах казахской газеты «Қазақ», свидетельствуют, что он скрупулезно отслеживал географию, темпы, динамику переселенческой колонизации во всех уголках родного края – начиная от Семипалатинской, Акмолинской, Оренбургской области и кончая Семиреченской и Сыр-Дарьинской областями в Туркестанском крае: в какой области или уезде сколько десятин земли изъято из пользования коренного населения, сколько из них отведено переселенцам или продано богатым «охотникам» на казахские земли, где и сколько переселенческих поселков возникло или сколько из них заброшено и прочее-прочее. Кроме того, лидер казахов следил за политикой имперской России в других колониальных государствах, в чем можно убедиться чуть ниже.

Параллельно, с момента выхода газеты «Қазақ», со 2 февраля 1913 года, А. Букейхан, совместно со своими ближайшими соратниками по движению «Алаш», А. Байтурсынулы, М. Дулатулы, Р. Марсекулы и другими, на страницах первого общенационального издания развернул широкую кампанию, чтобы доступно объяснить простому народу: как не лишиться своих земель, не вызывая карательных мер властей, почему нельзя верить агитациям властей о выгоде и преимуществах перехода к оседлому образу жизни, почему губительно для казаха отказ от ведения традиционного скотоводческого хозяйства и, наоборот, почему нужно категорически отказаться от душевых долей в 15 десятин земли и т. д.

А. Букейхан досконально изучил печальную, если не сказать больше, судьбу исконных земель башкиров, этнически близкого казахам народа по языку, культуре, религии и характеру скотоводческого хозяйства. Об этом свидетельствуют его статьи «Башқұрт жерінің шежіресінен» (букв. «Из истории башкирской земли») и «Башқұрт жері» («Земля башкир»), опубликованные в газете «Қазақ» в 1914 и 1915 годах в назидание своему народу. Краткая суть первой статьи в следующем.

Согласно закону, принятому в 1863 году, в Уфимской губернии каждому члену башкирской семьи мужского пола было выде-

лено по 7 десятинам земли, все остальные земельные угодья временно перешли в собственность казны под благородным предложением «доля будущих потомков башкир». По мнению автора статьи, за этой заботой русских колониальных властей скрывался не больше не меньше наглый и жестокий обман. Всего 13 лет спустя, в 1876 году, 354 899 десятин земли, это более 400 000 кв.км, были проданы с молотка, причем по цене в 7-8 раз дешевле ее реальной рыночной стоимости.

В числе тех 293 «покупателей» дешевой башкирской земли оказались имена 19 тайных советников, 16 действительных статских советников, 25 генералов, 29 полковников, 30 статских советников и еще 102 чиновника более низшего сословия. К 1910 году из купленных ими 354 899 десятин земли 90 процентов были перепроданы, но уже по цене 28 рублей за десятину, что было в 14 раз (!) дороже ее начальной стоимости. Этим царским сановниковладельцами А. Букейхан в этой статье называет *«ловкачами похлеще базарных цыган»*.

Мало того, русский колониальный император еще 34 594 десятин даровал своим 11 высшим сановникам.

В завершение своей статьи, Қыр баласы (Сын степей), в назидание своим казахам, пишет: *«Теперь эти голодные коршуны обратили свои ненасытные взоры на казахские земли. Правительство внесло в Государственную думу законопроект, согласно которому в Сибири и казахских степях, где преподносят земельные угодья этим «цыганам», изъятые для мужиков земельные наделы, теперь, если не будут востребованы мужиками, перейдут в казну, а из казны их получают «цыгане» в обмен»* (Ориг.: *«Енді бұл аш күшегендер қазақ жеріне көзін сүзіп отыр. Г. (Государственная) Думаға үкімет закон жобасын кіргізді – «сыгандарға» жер беретін Сібірде, қазақ жерінде бұрын артық деп мұжыққа алатын қазақ жері енді мұжық алмаса, қазынанікі болып, қазынадан мына «сыгандар» алады айырбасқа»*).

Во второй небольшой статье А. Букейхан приводит не менее поучительный и назидательный для своих казахов пример из жизни тех же башкир, но уже в Самарской губернии, где лидер казахов находился в ссылке уже восьмой год. Заметка вышла в

газете «Қазақ» в 1915 году снова под интригующим заголовком – «Башқұрт жері» («Земля башкир»). Она начинается, в качестве эпиграфа, с казахской пословицы «*Қызым, саған айтамын, келінім, сен тыңда!*» (букв. «*Скажу тебе, дочь, а сноха, ты прислушайся!*»). Ее суть такова.

С момента принятия известного «столыпинского закона» от 9 ноября 1906 года, предоставившего мужикам и башкирам право свободно распоряжаться собственными земельными участками, башкиры, не занимающиеся земледелием, стали продавать свои участки. К 1915 году во всех уездах, волостях и городах Самарской губернии, где компактно проживали башкиры, более 50 процентов их распродали свои участки по цене 13-16 рублей за десятину, тогда как рыночная стоимость ее на тот момент составляла 80-100 рублей.

Приводя этот пример, Сын степей призывает свой народ учиться на печальной ошибке братского народа башкир: «*Опасайсь, что казах, жселающего получить по 15 десятин земли, постигнет печальная участь брата-башкира. Сперва наделив деревень земельными участками, закон от 14 июня 1910 начнет действовать, наш казах последует примеру башкир. Этот закон позволяет, если кто хочет отделиться от деревенской общины. Если казах отделится со своими 45 десятинами, то непременно продаст. Казах, объединившись в деревню, по этому закону попадает в разряд мужика. Закон 14 июня 1910 года предназначен мужику.*».

Читая эту заметку не стоит спешить с выводом о том, что лидер казахов, А. Букейхан, выступал или агитировал против перехода своего народа к оседлому образу жизни и другой форме хозяйствования. Решительно нет. Более того, он, в своих многочисленных публикациях в газете «Қазақ» до революции 1917 года и в казахских периодических изданиях советского периода, пропагандировал наиболее передовые формы, методы и технологии сельского хозяйства, особенно скотоводческого хозяйства, переработки и производства сельскохозяйственных товаров. При этом приводил опыт Швейцарии, Англии, Дании, Австралии и других стран с развитым сельским хозяйством.

Но в то же время Букейхан выступал решительно против насильственного перевода казахов к оседлости, к чему склоняли казахов колониальные власти России и что осуществила Советская власть в конце 20-х и начале 30-х гг. XX века, истребив более половины этнических казахов. Он же, убежденный сторонник экономического материализма – марксизма, был уверен, что переход из одного уклада жизни и формы хозяйствования к совершенно другому укладу и форме – долгий и поэтапный эволюционный процесс.

Поэтому он также решительно выступал против получения казахами 15 десятин душевых долей для перехода к оседлому земледельческому. *«Если уверен, что прокормишь семью на 15 десятинах, то иди и получай 15 десятин земли! Ну если на 15 десятинах намерен пастись свой скот, тогда ты глубоко заблуждаешься, это глупость!»* – восклицал А. Букейхан в одной статье в газете «Қазақ».

Но лидер казахов однозначно и решительно противостоял получению казахами душевой доли в 15 десятин именно в период колониальной зависимости Казахстана и по другой, куда более важной причине, которую увидим в этой же статье: *«Казахов, желающих получить надел по норме мужиков, становится больше. Казах отворачивается от своего же блага. В Кустанайском уезде Тургайской области, после получения надела, земли первого аула Сарысусской волости перешли в волость хохлов. Это ловушка 20 статьи* (Инструкции от 9 июня 1909 года, одобренная Советом министров. – *Прим. автора*), *в которую попадают в случае получения наделов».*

А. Букейхан предостерегал и убеждал свой народ не поддаваться провокациям и агитациям колониальных властей и их агентов в лице ряда известных казахских интеллигентов и не просить наделения душевой долей в 15 десятин по той простой причине, что все освободившиеся после них пастбища, покосы, зимовки и другие лакомые куски казахской земли непременно перешли бы в казну, откуда чаще всего попали бы в частную собственность русских аристократов-цыган, как мы в этом убедились из печальной истории башкирской земли, или, что еще в хуже – перешли бы в

пользование русских крестьян-переселенцев. Это, в свою очередь, привело бы к еще большему увеличению волны переселенцев из Европейской части России.

Между тем, подводя предварительные итоги и последствия политики переселенческой колонизации Казахстана русской империей, А. Букейхан, в своем историческом очерке «Казахи» в 1910 году и в статье «Қазақ» 1913 года, привел ряд важных сведений.

В частности, по его данным, взятым из официальных имперских источников, казахи занимали территории девяти областей и одной губернии. Это Семипалатинская, Акмолинская, Тургайская, Уральская, Закаспийская, Сыр-Дарьинская, Семиреченская, Ферганская, Самаркандская области и Астраханская губерния.

Далее Букейхан, опираясь также на официальные итоги переписи 1897 года, по которым численность народа, назвавшего своим родным языком казахский, равнялась 4 084 тысячам, вычисляет увеличение его численности к 1910 году до 4 696 600 (!). При этом, для большей достоверности своих вычислений и во избежание подозрений в намеренном преувеличении подлинной численности своего народа, он берет за основу самый низкий коэффициент естественного прироста населения в 1,5, даже ниже, чем, в целом, по России, который был равен на тот момент к 1,55, тогда как коэффициент прироста среди кочевых казахов равнялся, например, в Тургайской области, к 2,5.

Из настоящего исследования Алихана представляет безусловный интерес следующие сведения, где в конкретных цифрах представлено соотношение численности казахов и других этнических групп, проживавших на тех же областях и губернии: *«Так, в Акмолинской области казахи составляют 52% (только в 3-х северныхъ уездахъ ее они достигаютъ всего 44%); къ Акмолинской обл. примыкаетъ въ этомъ отношеніи Сыръ-Дарьинская, где казахи образуютъ 69% или менее 2/3; въ Уральской области казахи составляютъ несколько менее 3/4 (72,5%) населенія, а въ Семиреченской и Тургайской несколько более 3/4 (77,6% для первой и – 76,5% для второй). Особенно заметно преобладаніе казаховъ въ Семипалатинской области, где численность ихъ достигаетъ почти 6/7 (86,2%). Во всехъ этихъ областяхъ, взя-*

*тыхъ вместе, казахи достигаютъ въ среднемъ 69%, или более 2/3 всего населенія. На всемъ пространстве отъ Сыръ-Дарьи до Иртыша и отъ Тянь-Шаня до р. Урала казахи составляютъ большинство, превышающее 65%(!)».*

Если в этом очерке Букейхан искусно обошел необходимость указания цифровых сведений относительно земель и территорий, на которых претендуют казахи, в том числе он сам, и считают своей собственностью, доставшуюся кровью многих поколений предков, то в статье, опубликованной в 1913 году в газете «Қазақ», автор уже смело и открыто оперирует конкретными данными. Приведу дословно: *«Территории этих девяти областей и одной губернии составляют примерно 260 миллионов десятин. За последние 10-15 лет в Тургайской и Акмолинской областях из пользования казахов в пользу мужиков (крестьян-переселенцев) передано очень много земли. До 1908 года земель, отобранных у казахов и переданных в пользование мужикам, составило чуть более 4 миллионов десятин. Согласно отчету 1913 года, земли казахов, отведенных в пользу мужиков, превышают 6 миллионов десятин...».*

Забегая вперед замечу, что через некоторое время, все эти сведения и данные послужат основанием для провозглашения Алиханом Букейханом исследованных им и перечисленных 9 областей и ряд других земель – территорией Национально-территориальной автономии «Алаш-Орда». Объявив эти земли в декабре 1917 года исконными или прадедовскими территориями казахов, он, в дальнейшем, будет твердо, целенаправленно и последовательно добиваться юридического оформления прав казахов как на собственность всего народа. В чем мы убедимся ниже.

Тут нагрянула Февральская революция 1917 года, которая застала казахского лидера в тылу Западного фронта под Минском. Но свержение самодержавия и отречение Николая II от престола (как свершившийся факт) лидера движения «Алаш» не застали врасплох. Поскольку он был прекрасно осведомлен о грядущих политических событиях, будучи членом глубоко законспирированной русской масонской организации «Великий Восток народов России». Ее основной целью являлось как раз мирное или насиль-

ственное свержение монархического режима. Исторические документы дореволюционного периода, научные исследования западных ученых о революционных событиях 1905–1917 гг., а также многочисленные воспоминания русской т. н. «белой эмиграции», в том числе А. Керенского, П. Милюкова, И. Гессена и других, ставшие доступными после краха СССР, особенно за последние 10–15 лет, не оставляют никаких сомнений в том, что русское масонство воскресло из небытия или из «вековой спячки» именно с целью свержения самодержавия. Примером тому может служить легендарная реплика М. Ковалевского, отца-основателя русского масонства начала XX века, который после возвращения в 1906 году в Россию из эмиграции во Франции, изрек: *«Только масонство может победить самодержавие»*. Вдобавок могу лишь заметить, что в период первой русской революции 1905–1907 гг., все либерально-демократическое сообщество России, в том числе и Конституционно-демократическая партия «Народная свобода» во главе с П. Милюковым, членом ЦК которой с 1912 года состоял и А. Букейхан, после созыва Государственной Думы не исключали возможность, даже где-то и необходимость превращения России в «конституционную парламентскую монархию» по примеру Соединенного Королевства Великобритании и Северной Ирландии, где король Эдуард VII формально исполнял функции главы государства. Об этом свидетельствует еще и тот факт, что бывшие депутаты насильственно распущенных I и II Думы пользовались широкой поддержкой действующих депутатов Британского парламента, которые, кстати, буквально по следам роспуска I Думы совершили визит в Россию, где встретились с перводумцами во главе с ее бывшим спикером С. Муромцевым. Остается лишь добавить, что эта иллюзия либеральной России была сперва разбита с роспуском I Думы, окончательно развеяна – указом от июня 1907 года, подписанного Николаем II в нарушение своего же Манифеста от 17 октября 1905 года и Основных законов от 23 апреля 1906 года и резко изменившего избирательный закон в Государственную Думу. Не случайно либеральная Россия называла этот указ царя «третьеиюньским переворотом». Но вместе с этим указом Николай II подписал и приговор для себя. Режим самодержавия



был обречен. Революционные силы России, объединенные в тайное масонское движение, стали рассматривать будущее страны уже без признаков монархии. А ее свержение было лишь вопросом времени. Участие России в Первой Мировой войне только ускорило наступление Февральской революции.

В первые недели Февральской революции одним из первых были ликвидированы и упразднены должности и учреждения генерал-губернаторства и были заменены комиссарами Временного правительства (распоряжение главы Временного правительства и одновременно министра внутренних дел князя Г. Львов от 4 марта 1917 года). Вслед за этим распоряжением А. Букейхан назначается комиссаром Временного правительства по Тургайской области. Настало, наконец, долгожданное время «собирать камни». Но прежде чем продолжить эту тему, необходимо кратко остановиться на следующем.

Как известно, что три главные политические партии Кавказа – азербайджанская Мусульманская демократическая партия «Мусават», армянская Дашнакцутюн и грузинская социал-демократическая сразу же после Февральской революции в ответ на признание Временного правительства получили гарантии автономии в рамках будущей федеративной России. Получил ли А. Букейхан подобную гарантию или нет, доподлинно неизвестно. Хотя такую возможность нельзя исключить, если иметь в виду IV пункт постановления Второго всеказахского съезда от 5-13 декабря 1917 года, где речь идет не об утверждении Автономии казахов, а сразу об утверждении «Конституции автономии «Алаш» Всероссийским учредительным собранием». Весьма высока вероятность того, что лидер движения и партии «Алаш» А. Букейхан получил гарантию на признание Казахской автономии у членов первого и всех последующих составов Временного правительства из числа «братьев» по масонскому сообществу. Напомню, что в первом составе Временного правительства масонских братьев А. Букейхана было, по меньшей мере, четыре. Это А. Керенский, Н. Некрасов, М. Терещенко и А. Коновалов. К сегодняшнему дню уже нет никаких сомнений в том, что назначение А. Букейхана комиссаром Временного правительства явилось результатом протекции «бра-

тьев-масонов». Но очевидно, что лидер казахов явно промедлил с организацией казахской политической партии. Он приступил к созданию национальной партии «Алаш» лишь в июле 1917 года, будучи уже комиссаром Временного правительства и почти 4 месяца спустя со дня объявления о выборах в во Всероссийское учредительное собрание, где предполагалось провозглашение России демократическим парламентским федеративным государством. Был также принят новый демократичный закон о выборах в Учредительное собрание: всеобщие, равные, прямые при тайном голосовании, чего казахи были лишены вышеупомянутым «третьеиюньским законом» 1907 года.

Хотя, справедливости ради нужно признать, что «третьеиюньский закон» из всех народов колониальных России лишил избирательных прав именно и только казахов, тогда как все кавказские народы – азербайджане, армяне и грузины, а также татары, башкиры и другие малочисленные мусульманские народы имели своих депутатов во всех четырех созывах Государственной Думы.

Имея к 1917 году численность уже более 5 миллионов человек, и являясь шестой крупной нацией в России, казахи в период с 1907 по 1917 год были напрочь лишены избирательных прав и не имели своих представителей в высшем законодательном собрании колониальной империи вплоть до февраля 1917 года. И организация А. Букейханом национальной партии в этот период была политически нецелесообразной и, более того, рискованной. Наиболее популярные национальные лидеры казахов, начиная с 1908–1910 года, были высланы за пределы Степного края: А. Букейхан в Самарскую губернию, А. Байтурсынулы и М. Дулатулы – в Оренбург и находились под жестким наблюдением колониальных властей. Для пущей убедительности заметим, что собственно срок его ссылки в Самаре закончился лишь с нагрянувшей Февральской революцией и его назначением комиссаром Временного правительства по Тургайской области.

Любопытно, что если под его управление перешли все территории бывшего Степного генерал-губернаторства с Акмолинской, Семипалатинской, Уральской и Тургайской областями, а также Оренбургская область вместе с административным центром – го-

родом Оренбургом, то под управлением Туркестанского комитета во главе с председателем Н. Щепкиным оказались бывшие подвластные Туркестанскому генерал-губернатору области – Самаркандская, Сыр-Дарьинская, Ферганская, Семиреченская, Закаспийская, а также Бухарская и Хивинская ханства.

А. Букейхану, как комиссару Временного правительства, были предоставлены также достаточно широкие полномочия, например, как сохранение общественного порядка и недопущение анархии, создание нового аппарата власти в уездах и волостях: замена полиции милицией, организация комитетов общественной безопасности. Его деятельность главным образом состояла в политическом управлении подвластными областями, воплощении в жизнь земельного законодательства, урегулировании взаимоотношений между коренным населением и русскими переселенцами, соблюдении общественного спокойствия, в противодействии захвату власти советами депутатов (большевиков) и т. д.

### III.

#### СОБИРАТЕЛЬ КАЗАХСКИХ ЗЕМЕЛЬ

Свою первоочередную задачу А. Букейхан видел в восстановлении прав казахов на собственные земли и территории, не допуская при этом жесткого, тем более, кровопролитного сопротивления со стороны русских переселенцев, казаков и других. И образование Временным правительством в апреле 1917 года *Главного земельного комитета* для разрешения земельного вопроса давало ему карт-бланш в этом вопросе. Тургайскому областному комиссару удалось-таки найти тонкое решение сложного узла земельного вопроса в пользу казахов в подвластных ему областях, не вызывая особых нареканий со стороны переселенцев и их представителей. В этом можно убедиться из последующих событий.

По его инициативе и рекомендации, только в апреле 1917 года в ряде областей прошли областные казахские съезды. В частности, 2-8 апреля в Оренбурге, под председательством А. Байтурсы-

нулы состоялся Тургайский областной съезд, где помимо самых актуальных вопросов текущего момента, как требование к учредительному собранию о провозглашении России демократической федеративной республикой, избрание депутатов учредительного собрания от казахского населения области, образование гражданских управленческих комитетов от аула до уровня области, под шестым пунктом были приняты следующие решения:

1. Казахи считают справедливым изъятие земель из их владения на государственные надобности после землеустройства их самих, на основаниях, которые установит учредительное собрание.

2. Незаселенные участки, отрубы, оброчные статьи, скотоводческие, церковные, монастырские, а также незаконно отчужденные на курорты участки должны быть немедленно возвращены их прежним владельцам впредь до разрешения аграрного вопроса в учредительном собрании, а также оставленные за негодностью старожилками-переселенцами участки переходят прежним владельцам. Незаконно сданные в долгосрочную аренду скотоводческие участки должны быть возвращены владельцам.

3. Должны быть приостановлены землеустроительные работы в степных областях и Туркестане. Должно быть приостановлено выселение казахов, усадебные места которых сейчас находятся на незаселенных участках. В дачах единственного владения казны, куда были размежеваны казахские усадебные места, покосы, пашни и пастбища, должно быть новое размежевание, с возвращением казахам незаконно размежеванных казахских усадеб и угодий. В этих дачах должно быть допущено бесплатное сенокосение и пастьба скота зимою. Выращенные казахами лесные насаждения должны быть возвращены старым владельцам. Бедным казахам, живущим вблизи лесных дач, должен быть отпущен лес на домообзаводство.

Еще одним важным решением, принятым Тургайским областным съездом казахов от 2-8 апреля 1917 года, являлся вопрос об образовании «особого организационного бюро» во главе с А. Букейханом, которому поручены выработка программы и определение места и даты созыва Первого всеказахского съезда. Предстоящий съезд был призван «объединить весь казахский народ, выяснить и обсудить его наиболее острые нужды».

Забегая вперед замечу, что Первый всеказахский съезд решение Тургайского съезда по земельному вопросу расширил от трех пунктов до 14, подтвердил требование к учредительному собранию о провозглашении России демократической федеративной парламентской республикой и впервые выдвинул требование о предоставлении казахским областям автономии и необходимость замены постоянных войск народной милицией (национальной армией). Эти постановления Первый всеказахский съезд примет в июле.

Но до него, 20-28 апреля, в Оренбурге состоялся еще один весьма важный, можно сказать, показательный форум – Тургайский областной съезд казаков под председательством агронома Сириуса, с участием представителей казахов. На нем Ахмет Беремжанов избран товарищем (заместителем) председателя съезда, Тургайский областной комиссар Алихан Букейхан – почетным председателем. Показательным является тот факт, что съезд казаков «целиком поддержал постановление областного казахского съезда по земельному вопросу и решил присоединиться к нему». Более того, «на съезде казахи и казаки обменялись рукопожатиями и по-братски обнялись. Взаимно обязались дружить, потенциальные земельные конфликты обсудить и решить на общем гражданском комитете».

По следам этих съездов, на втором заседании от 20 мая 1917 года, Главный земельный комитет принял декларацию с заверениями в том, что при будущей земельной реформе все земли сельскохозяйственного назначения перейдут в пользование земледельческого населения, но откладывал окончательное решение земельного вопроса до Учредительного собрания. Вслед за этой декларацией, Букейхан через газету «Қазақ» обратился к народу с призывом подойти к решению этого вопроса взвешенно и обдуманно: «Относительно земли мы терпели бесчисленный произвол. Когда речь идет о земле, нельзя оставаться равнодушным. Поскольку земля – это самый основной жизненный вопрос. К этому вопросу нужно подойти с умом и взвешенно, без лишних «претензий, конфликтов и суетолоки». Проявление нашим народом сдержанности и мирно-

го сосуществования до Учредительного собрания – гарантия его будущего благополучия».

Для безусловного признания Казахской национальной Автономии «Алаш» и утверждения ее конституции, Алихан готовился к предстоящему учредительному собранию основательно. Основной целью созыва Первого всеказахского съезда было создание самостоятельной политической партии «Алаш», определение и выдвижение списка кандидатов от партии «Алаш» на выборы депутатов учредительного собрания. Выборы были назначены на 17 сентября, выдвижение партийных списков намечено за месяц вперед – 17 августа.

В июле 1917 года он предварительно простился с кадетской партией. Как сам он объяснял причину своего выхода из партии кадетов, летом 1917 года у него возникли резкие разногласия с другими членами ЦК по трем принципиальным вопросам. ЦК кадетов теперь выступал за введение частной собственности на землю, тогда как Букейхан был убежден, в случае получения казахами земли в собственность, за короткий срок они продадут ее русским крестьянам, по печальному примеру башкиров, и останутся ни с чем.

Кроме того, ЦК кадетов в решающий момент вдруг стал выступать против Автономии казахов и отделения религии от государства. В протест этого, Букейхан покинул ЦК кадетов и вышел из партии, сразу же приступив к организации партии «Алаш», о чем информировал Первый всеказахский съезд, проходивший 21-28 июля 1917 года в Оренбурге. Съезд утвердил список депутатов и кандидатов к ним от каждой области, всего 78 имен, из них 43 претендента были избраны в депутаты Учредительного собрания от партии «Алаш». Хотя, в силу быстро меняющейся ситуации как в Казахстане, так в целом по России, Учредительный съезд партии так и не состоялся, чтобы утвердить устав и программу партии, а также избрать ее лидера и руководящие органы. Проект программы партии был опубликован в газете «Қазақ».

Тем временем, в связи с вероломным захватом большевиками власти, ситуация в России поменялась коренным образом, о чем Букейхан, будучи председателем Автономии «Алаш-Орда», под-

робно изложил в докладной записке в Совет министров Сибирской автономии в июле 1918 года. Добиться признания и политической легализации своей Автономии на территориях 9 областей, Букевской орды Астраханской губернии и смежных казахских волостей Алтайской губернии, оказалось куда более сложной задачей, нежели ее провозглашение, особенно, когда одну самопровозглашенную всероссийскую власть сменяла другая каждые два-три месяца. И перед каждой новой всероссийской властью глава «Алаш-Орды» Алихан Букейхан упорно и аргументированно отстаивал право казахов именно на эти земли и территории, заявляя, что «Автономия «Алаш» объединяет шести миллионное казак-киргизское население Казакского Края, никогда не входившего в состав Сибири и Туркестанских областей; Автономия «Алаш» занимает территорию, имеющую форму почти круга, составляет крупную, с десяти миллионным населением политическую единицу».

Например, в результате переговоров с Комитетом членов всероссийского Учредительного собрания («Комуч»), лидеру «Алаш-Орды» удалось добиться, во-первых, «временного признания» Автономии «до утверждения Учредительным собранием положения о правах Автономной области «Алаш», а во-вторых – временного включения в состав «Алаш» «спорных участков и территорий».

Здесь важно подчеркнуть, что ни до Февральской революции, ни в период существования национально-территориальной Автономии «Алаш» в 1917–1920 годах и ни в годы строительства Казахского советского государства, Букейхан и его соратники по «Алаш-Орде» не преследовали и не добивались выселения русских крестьян-переселенцев, т. н. «немецких колонистов» и «хохлов» (как их называли сами переселенцы и царские чиновники. – *Прим. автора*), а также казаков и многих других с занятых ими земельных участков и угодий с дальнейшей депортацией в Россию. Во всех своих трудах, исследованиях, статьях и заметках, Алихан рассматривал все перечисленные категории переселенцев как жертв «бездумной колонизаторско-захватнической политики» царских властей. После падения самодержавия, будучи комиссаром Временного правительства, он не допускал самосуд казахов над переселенцами или насильственного выселения их с занятых

участков. Об этом свидетельствует его телеграмма от 19 мая 1917 года, отправленная им, будучи Тургайским областным комиссаром, из Оренбурга: «Если казахи аула № 2 Илекской волости, сидящие ныне на участке № 434, не согласны жить на условиях и на том месте, кои указаны в протоколе от 13 мая 1917 г., составленном председателем облуправы Ткаченко и товарищем председателя Кадырбаевым, то они будут силою выдворены. Русским будет проведена борозда – грань, за эту грань казахи скот пускать не должны, травить луга и посевы не должны. Прошу не ссориться с русскими, жить в ладу. В противном случае казахи будут наказаны. Тургайский областной комиссар А. Букейханов». Поскольку заселение казахских степей русскими переселенцами он признавал как свершившийся факт. По этому поводу накануне объявления Автономии «Алаш» Алихан написал следующее: «В Уральске, Акмолинске, Семипалатинске много мужиков (русские крестьяне-переселенцы) соседствуют с нами: в этих областях мужик и казах смешались. Если решим оставить этих казахов и отделиться, чтобы жить обособленно, то эти казахи останутся среди русских; если пытаться их переселить, то эти казахи вряд ли покинут земли предков, а если покинут – будет глупо.

Самые плодородные земли казахов там, где они живут вперемешку с мужиками. В случае объявления казахами своей автономии, есть надежда, что наши русские останутся с нами. Наша национальная автономия, в силу обстоятельств, станет не братской автономией, а территориальной. Похоже, что внутренние русские поддерживают это».

Позднее, если внимательно вчитаться в содержание постановления Второго всеказахского съезда от 5-13 декабря 1917 года, образовавшего Автономию «Алаш», то там нет ни слова о выселении переселенцев с занятых земель и депортации их во внутренние губернии России. Зато в этом постановлении, как и во всех последующих официальных документах «Алаш-Орды», а также в протоколах переговоров бывших лидеров «Алаш-Орды» с вождями советской власти, четко перечисляются все земли и территории, подлежащие немедленному возврату в собственность казахского народа, как, например, в постановлении Первого всеказахского



съезда от 21-28 июля 1917 года: 1. До полного переселения казахов в своих участках, казахские участки не должны быть населены никем. 2. ... Все следующие участки, отобранные у казахов, должны быть немедленно возвращены последним. Участки дворянские, скотоводческие, торгово-промышленные, курортные, монастырские, отрубы, оброчные статьи, участки, выданные частным лицам, показательные поля, но, в действительности, отданные гарнизонам и другим. 3. Прекратить запись в свободные участки и т. д.

Далее. В ходе же переговоров с Сибирской автономией о взаимном признании, состоявшихся 13-26 июля 1918 года в Омске, между А. Букейханом и лидерами Сибирской автономии возникли многочисленные разногласия, а порой и конфликты по поводу принадлежности Семипалатинской области, Кустанайского уезда и других районов, как это отмечает в сборнике документов составитель Н. Мартыненко. Эти переговоры завершились со взаимным признанием, но вскоре место Сибирской автономии заняло очередное Временное всероссийское правительство, образованное 23 сентября на государственном совещании в Уфе («Уфимская директория»), которое своим указом от 22 октября (4 ноября) 1918 года постановило «Правительство «Алаша» – «Алаш-Орду» считать прекратившим свое существование». Но реально свое существование прекратила сама «Уфимская директория» 18 ноября того же года. Она была разгромлена т. н. «Омским правительством» во главе с «Верховным правителем» адмиралом Колчаком, избранным в тот же день.

Даже после появления «Омского правительства» глава «Алаш-Орды» Букейхан так же твердо, упорно и с конкретными фактами на руках продолжал отстаивать право своего народа на автономию на территориях тех же областях и губерниях. Например, на заседании предварительной межведомственной комиссии Омского правительства по устройству казахского народа от 11 февраля 1919 года, лидер «Алаш-Орды» заявил о правах казахов на Петропавловский уезд Акмолинской области, акцентируя внимание комиссии на незаконной захватнической политике царской власти: «Политика переселенческого управления в наших областях была политикой завоевательной по преимуществу. Казакское население

ние постепенно вытеснялось из своих зимовок, у него отнимались мечети, в которых переселенцы держали телят... В 1911 году, на основании высочайше утвержденного мнения совета министров, участки земли можно было сдавать в аренду скотоводам на 36 лет. Переселенческое управление стало нарезать участки в 15 000 десятин, 10 000 и т. п. и раздавать их разным лицам. Таким получил громадный участок товарищ председателя Государственной Думы Варун-Секрет в Петропавловском уезде Акмолинской области, 15 000 десятин получил в аренду граф Потоцкий. Мнение совета министров, противоречащее закону, где сказано, что могут сдаваться в аренду участки не больше 25 десятин, создало совершенно ненормальное земельное отношение в степи. Казаки принуждены арендовать собственные земли. Мы требуем, чтобы... не повторять ошибок прошлого, не делать того, что делалось до Февральской революции. Мы просим вернуть земельный вопрос в то положение, в каком он был при Временном правительстве Львова-Керенского».

Кроме того, Букейхан с такой же решительностью стоял за право Автономии «Алаш» на создание собственной армии: «В вопросе о милиции вы меня не поняли. Милиция наша – это войско. Оно уже фактически существует: 700 наших джигитов находятся на фронте в Семиречье, 540 человек у Троицка, 2000 человек в Уральской области. Когда вы читаете сообщения об успехах на Семиреченском фронте, то знайте, что эти успехи достигнуты благодаря нашим отрядам... Армия должна быть организована наподобие казачьих войск, с самостоятельным войсковым управлением».

Алихан был реалистом: гибким и прагматичным политиком, дальновидным государственным деятелем. Для него, как главе юной национальной Автономии, было важнее всего сохранение этого автономного образования в пределах исконных казахских территорий и земель, во имя чего он был готов найти компромисс хоть с большевиками, несмотря на наличие непримиримых противоречий с их вождями, относительно формы государственного управления и подлинного народовластия, что ярко выразилось в памятке крестьянам, солдатам и рабочим от 1 декабря 1917 года.

После переезда Народного совета Автономии «Алаш-Орда» в город Алаш в марте 1918 года, А. Букейхан предпринял первую попытку вступить в переговоры с В. Лениным и И. Сталиным. Замечу, что это произошло еще задолго до начала переговоров с Комучем в июне того же года. По свидетельству С. Букейхана, младшего брата лидера «Алаш», на заседании правительства, состоявшемся в начале марта в доме казахского купца Жумеке Оразалина, Алихан Букейхан предложил своим соратникам признать власть большевиков и заключить с ними мир, заявив: «Мы слабые: у нас нет оружия и не достаточно сил, чтобы долго сопротивляться им». Тогда большинством голосов членов Народного совета это предложение был отвергнуто. К тому же, переговоры с В. Лениным и И. Сталиным по прямому проводу прервались из-за резкого ухудшения положения самой Красной армии в Сибири, северных и северо-западных областях Автономии «Алаш».

Осенью 1919 года, когда стало ясно неминуемое поражение армии адмирала Колчака, глава «Алаш-Орды» предпринял попытку возобновить переговоры с советской властью. Но в этот раз вожди большевиков имели все возможности диктовать условия присоединения Автономии «Алаш» к советской власти, нежели в марте 1918 года.

Здесь важно подчеркнуть, что право казахов на 9 областей, Букеевскую орду Астраханской губернии и смежные казахские волости Алтайской губернии, а также Петропавловский уезд Акмолинской области (ныне Северо-Казахстанская область) Букейхан упорно и последовательно отстаивал сперва перед Временным правительством, а затем и перед советскими вождями, как законную территорию Автономии «Алаш», исконные земли казахов, которые сегодня являются составной и неотъемлемой частью современного независимого Казахстана.

В завершении статьи можно добавить две малоизвестные страницы истории Казахстана 1919–1920-х годов, когда в Кремле шли непростые переговоры по определению границ между Казахской автономией и РСФСР. Первая история повествует о том, как 29-летнему Алимхану Ермекову удалось отстоять перед основателем и вождем советской власти В. Лениным тогда еще Гурьев-

скую, ныне нефтегазовую кладезь Казахстана – Атыраускую область. Небольшая цитата из его письменных воспоминаний была обнародована Жаиком Бектуровым в 1989 году в карагандинской областной газете «Орталық Қазақстан», в статье «Үш Әлекең». По сведениям ныне покойного Ж. Бектурова, рукопись этих воспоминаний хранится в архивах М. Ермекова, родного сына А. Ермекова, писателя Г. Мусрепова.

Вторая история, более известная, о том, как Ахмет Байтурсынулы одним письмом во ВЦИК СНК вернул Кустанайский уезд из состава Челябинской области России под юрисдикцию Автономной республики. Сегодня, как известно, Кустанайская область является житницей независимой страны, где ежегодно собирается урожай, по крайней мере, ¼ зерна Казахстана. Удалось бы А. Ермекову и А. Байтурсынулы отстоять и вернуть казахам эти области, если за ними не стояла мощная фигура лидера нации А. Букейхана, с его неоспоримыми научными и историческими фактами, аргументами и архивными документами, подтверждающими незаконный захват этих земель царскими колониальными властями?

Букейхан сам непосредственно участвовал в переговорах, точнее, на заседаниях Совета народных комиссаров РСФСР, в Кремле, во главе казахской делегации, когда обсуждался вопрос определения границ Казахстана и России. Но он, чаще всего, предпочитал находиться в тени своих коллег, но снабжая и вкладывая в уста своих, более молодых соратников, например, того же А. Ермекова, те или иные неоспоримые аргументы и факты.

Или другой пример. В своем письме с требованием возврата Кустанайского уезда, А. Байтурсынулы использовал не только факт своего рождения и работы учителем в этом уезде, но для пущей убедительности привел факты незаконного захвата казахских земель в уезде казаками и переселенцами, приведенные в статье А. Букейхана «Будущая пустыня» от 1908 года.

Факт участия Букейхана в обсуждениях границ в руководящей роли подтверждается воспоминаниями А. Ермекова, так и следующим архивным документом, предоставленным РГАСПИ. Это выписка из протокола заседания Политбюро ЦК РКП(б) от 8 марта 1920 года под пунктом 17 о вызове Букейханова на заседа-

ние Совнаркома, в котором его имя фигурирует как «члена Кирревкома». Это совершенно новое и действительно сенсационное сведение. Поскольку по официальной историографии Казахстана, из бывших членов правительства «Алаш-Орда» лишь один Ахмет Байтурсынулы входил в состав Казревкома.

В 1928 году Букейхан написал и опубликовал в журнале «Народное хозяйство Казахстана» небольшой, но очень ценный научный очерк под заголовком «Сельское хозяйство Кара-Калпакской области». До июля 1930 года Каракалпакская автономная область еще оставалась в составе Казахской АССР. Этот свой очерк лидер «Алаша» поспешил опубликовать из-за опасения планируемого переподчинения области непосредственно РСФСР или же чисто в научных целях, доподлинно неизвестно. Но Каракалпакская автономная область 20 июля 1930 года была выведена из состава Казахской АССР и переподчинена непосредственно РСФСР, а 5 декабря 1936 года – передана в состав Узбекской ССР, которая в 1930 году успела приобрести в качестве новой столицы еще и город Ташкент. Стоит ли напоминать, что в 1918–1924 годах Ташкент являлся столицей Туркестанской АССР под руководством Т. Рыскулова и С. Ходжанова и до 1930 года фактически оставался в составе Казахской АССР. В Ташкенте издавались газета «Ақ жол», журнал «Шолпан», казахской национальной интеллигенцией был открыт Среднеазиатский государственный университет – САГУ, на базе которого возник сегодняшний Ташкентский государственный университет – ТашГУ.

Еще раньше, в 1925 году, столица КазАССР была перенесена из Оренбурга в Кызыл-Орду, город Оренбург вместе с одноименной областью был включен в состав РСФСР. Но эти территориальные переделы происходили в отсутствие А. Букейхана не только в руководстве республики, но и вообще в пределах родных степей. С 1922 года лидер «Алаш-Орды» был заперт в «московскую клетку», из которой мог вырваться в родные края лишь изредка.

В заключение предлагаю внимательно изучить карту Казахстана до 1930 года, опубликованную в 1985 году исследователями из Общества изучения Центральной Азии Оксфордского университета. В ней нельзя не увидеть, что к этому моменту территория

Казахстана обрела форму «почти круга», очерченную лидером «Алаш-Орды» еще в 1918–1919 годах, когда упорно и последовательно отстаивал право казахов на эти территории перед всеми «всероссийскими» властями. По этой карте можно также убедиться в том, что вследствие отделения Оренбургской области и Каракалпакской автономной области, Казахстан «обрел» нынешнюю форму своих территории. Доживи А. Букейхан до сегодняшних дней, наверняка, повторил бы слова, сказанные накануне провозглашения Автономии «Алаш-Орда»: «Нам немало и этих земель, лишь бы их сохранить и освоить».







**Шәріп Амантай Жарылқасынұлы**  
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ  
әлеуметтік ғылымдар  
факультетінің деканы, филология  
ғылымдарының докторы

### ТАР МЕЗГІЛДІҢ ТАРПАҢ ТҮЛҒАСЫ

1921 жылы Мәскеуде Кеңестердің бүкілресейлік ІХ сиезі болып өтті. Түркістан аймағынан делегат ретінде қатысқан Сұлтанбек Қожанұлының осы жиында сөйлеген сөзіне революция көсемі В.И.Ленин күтпеген жерден назар аударып, үзіліс кезінде оны президиумға шақырып алады да: «Сіз ерекше қызу қанды әрі өте білімді қырғыз (қазақ дегені – А.Ш.) екенсіз», - дейді. Сонда Сұлтанбек оған: «Жоқ, Владимир Ильич, сіз сәл қателесіп тұрсыз. Мен соншалықты қызу қанды және айтарлықтай білімді қазақ емеспін. Олар әлі Ұлы Далада жайбарақат жүріп жатыр. Бірақ болашақта өздерін танытпай қоймайды», - деп жауап қайтарған екен.

Сөйтіп, өз халқын ардақ тұтқан, туған елінің келешегіне сенген қайраткер кейінірек жазған «Жаназа маршы» атты өлеңінде:

Зорлық, зұлым жығылар күндер келер,  
Азат, күшті, алып жұрт күтер, білер.  
Еске алып, босаған жұрт қабіріне кеп,  
Сендерді айтып адал көз жасын төгер, -  
деп тағы бір көрегендік байқатады.

Бүкіл саналы ғұмыры желдің өтінде, жардың шетінде өткен, есімі мен еңбегі - өзі дәл болжағандай - республикамыз тәуелсіздік



алған кезеңде ғана еленіп-ескеріле бастаған Сұлтанбек Қожанұлы 1894 жылғы қыркүйектің 10-ында қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданына қарасты Ақсұмбе елді мекенінде қоңыр төбел шаруаның отбасында дүниеге келген. Оның бастапқы тіршілік тәжірибесі сол дәуірдегі өзі құралпы оқыған қазақ жастарының өмір өткелдеріне ұқсас деуге болады. Бетпақдала мен Қаратаудың бір-біріне ұласқан жеріндегі жазық қойнауға қой бағып жүрген үлкен ұлы Сұлтанбектің зеректігін аңғарған көзі қарақты Қожан оны Түркістан қаласындағы төрт жылдық орыс-түзем мектебіне тапсырады. Зерделі бала алғашқы тәлім-тәрбие ордасын үздік тамамдап, ізінше үш сыныптық қалалық училищеге оқуға түседі. Сол уақытта Сұлтанбектің айнала-төңірегінен сабақ түйіп, сақа тартуына септескен мынадай жағдайлар болды: біріншіден, ол Сыр бойындағы ағартушылық мектептің Қалжан Қоңыратбайұлы, Қоңырқожа Қожықұлы, Ахмет ишан Оразайұлы, Ералы Қасымұлы, Садық Өтегенұлы, Серікбай Ақайұлы секілді белді өкілдерінен ақыл-кеңес тыңдап, оң-солын танитын хәлге жетті; екіншіден, 1912 жылы тағдырдың тәлкегімен Түркістан қаласына сапар шеккен Міржақып Дулатұлымен жолығып, соңынан әлденеше дүркін дидарласуы саяси таным-түсінігіне талай жаңалық бойлатты; үшіншіден, жергілікті жұрттың ортасында сыртқы түр-әлпетіне қарай «Ұзынсақал» атанып кеткен орыс тілінің оқытушысы, ойы оқшау ұстаз Иван Михайлович Яковлев ішкі Ресейдегі қоғамдық-әлеуметтік ахуалдан жан-жақты хабардар етіп, сауатын саралады. Міне, сол Ұзынсақал-Яковлев сүйікті шәкірті Сұлтанбекті Ташкенттегі мұғалімдер даярлайтын семинарияға қабылдату үшін көп жәрдем жасайды. Әйтпесе, айла-шарғыға жүйрік түркістандық миссионер П.Остроумовтың қарамағындағы бұл оқу орнының табалдырығын отар өлкенің талапкер жастары оңайлықпен аттай алмайтын. Жеме-жемге келгенде, жол байлайтын түрлі сылтаулар табыла кететін. Содан да шығар, Ташкент мұғалімдер семинариясын 25 жыл ішінде жергілікті жұрттардың арасынан небәрі 65 адам ғана бітірген: нақты айтқанда, олардың 11-і өзбек, түрікмен және татар ұлттарының өкілдері болса, 54-і қазақ пен қырғыздың ортасынан шыққан. Қысқасы, сол аз топтың ішінде Сұлтанбек те бар. Ол

1913 жылы бүкіл сынақ пен сұрыптаудан сүрінбей өтіп, студент қатарына ілігеді.

Жігерлі жас семинарияда оқып жүрген уақытында саясатқа шындап ден қояды. Сол мезгілде талай халықтың санасын билеген түрікшілдік және жәдидшілдік идеяларына көңілі елтіп, ықыласы ауады. Оның үстіне 1908 жылы Түркістанға сапар шегіп, талай мешітті, медреселі орындарға аялдап өткен атақты ойшыл Ысмағұлбек Гаспаралының соңынан шұбырған даңқты да дақпыртты әңгімелердің ізі әлі суымаған еді. «Туркестанская правда» газетінің қосымшасы – «Костры» журналында (1923 жыл, №3-4) жарық көрген өмірбаяндық деректеріне сүйенсек, Сұлтанбек Қожанұлы 1915 жылы жастардың «Кеңес» атты жасырын үйірмесін құрған. Оған мүшелікке кейіннен түрікменнің, өзбектің, тәжіктің ірі қайраткерлеріне айналған К.Бөриев, Х.Сахатмурадов, И.Теджибаев, А.Рахымбаев, т.с.с. өзімен бірге оқитын достары тартылған. Зерттеуші Асқар Мұстафиннің мәліметі бойынша, осы іске Мұстафа Шоқай мұрындық болып, идеялық жетекшілік жасаған («Ана тілі» газеті, 1991, 8 тамыз). Ұйым мүшелері ара-арасында тағы бір алаш ардақтысы Санжар Аспандияровтың әкесінің үйінде өздерінің құпия мәжілістерін өткізіп отырған. «Кеңес» атты қолжазба журнал шығарған.

Сұлтанбек семинарияны аяқтаған соң, Әндіжан уезіне барып бала оқытады. 1917 жылғы Ақпан төңкерісі туралы хабарды осында жүріп есітеді. Өзінің жорықтас жолдасы, түрікмен жігіті Күмішәли Бөриев екеуі Орынбордағы «Қазақ» газетінің басқармасына: «Қоқан-21/III. Мың басылыққа кісі керек болса, біз бармыз. - Сұлтанбек Қожанұлы, Күмішәли Бөриев», - деген мәтінмен жеделхат жолдап, ол аталған басылымның 1917 жылғы 24 наурызда шыққан санында жарық көреді.

Бостандық идеясының буына бой алдырған Сұлтанбектің алдында тың соқпақ, соны өріс жатқандай көрінеді. Уақытша үкімет заманында ол Түркістан аймағындағы саяси қозғалыстардың қайнаған шебінде жүреді. Ұлт азаттығының тағдыры талқыға салынған тұста жергілікті халықтың жолбасшылары түрлі-түрлі топқа, тарапқа, тармаққа бөлініп кеткен еді. Соның салдарынан қоғамдық-әлеуметтік бағыт-бағдар жөнінде жеке тұғыры, өзінше

түсінігі, бөгде талабы бар әлденеше ұлттық ұйым дүниеге келді. Мысалы, «Шуро-и-исламия» және «Шуро-и-улема» қоғамдары шариғат жолына шырағдан жағып, мемлекеттің мәртебесін мұсылманшылықтан іздеді. Бірақ, басқа түгілі, өз ара басы бірікпеді, жұлдызы жараспады. Сұлтанбек Қожанұлы мен Санжар Аспандияров бастаған топ болса, зайырлы жолды тұтынып, 1917 жылдың маусымында өлкедегі орыс жұмысшыларының одағымен терезе теңестіру ниетінде мұсылман жұмысшыларының мекемесін аяқтандырды. Олар өз ұйымының мақсат-мұраты туралы: «Келешекте орыстар мен мұсылмандардың арасында жаңаша қарым-қатынастар қалыптастыра аламыз ба деген үміттеміз, өйткені тек демократиялық ұйымдар ғана ортақ мәмілеге келмекші және жергілікті жұрттың орыстарға сенімсіздігін жоймақшы. Түркістан мұсылмандарының ішіндегі жұмысшы қозғалысының ізашарлары бола отырып, біз өз халқымыздың болашақта бостандық пен теңдікке жететініне зор сеніммен қарап, күрделі міндетімізге кірісеміз», - деп жазды.

Жұртшылық мүддесін жоқтаған Сұлтанбек Қожанұлы 1917 жылдың шілде айында Орынбор қаласында өткен бірінші жалпықазақ сиезіне делегат болып қатысты. Соның артынша – тамыздың басында өткізілген Түркістан аймағы қырғыз-қазақтарының жалпы жиылысында хатшылық жасап, Тұрар Рысқұлов, Ибраһим Қасымов, Ғалимұхамед Көтібаров, Иса Тоқтыбаев, Садық Өтегенов секілді азаматтармен бірге Сырдария облыстық қырғыз-қазақ комитетіне мүшелікке және Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына өкілдікке сайланды. Мұнан арғы қайраткерлік іс-қимылына тоқталсақ, Хасен Оралтайдың «Алаш» атты еңбегінде жазылғандай, Сұлтанбек Қожанұлы «Қоқан автономиясы» үкіметінің негізін қалаушылардың бірі болды. Осы саяси құрылымның жаршысына айналған «Бірлік туы» газетінің жауапты шығарушысы міндетін 1917 жылғы желтоқсанның 16-сынан бастап басылым жабылғанға дейін, яғни 1918 жылғы сәуірдің ортасына дейін атқарды. Газет жұмысына М.Дулатұлы, Х.Болғанбайұлы, А.Мәметұлы, Ш.Сарыбайұлы, Қ.Күлетұлы, Н.Кұлжанұлы, И.Тоқтыбайұлы белсене атсалысты. Мұстафа Шоқай бастаған өзінің саяси серіктері секілді, Сұлтанбек

Қожанұлы да Қазан төңкерісін қуана қарсы алған жоқ. Бұған «Бірлік туы» газетінде жарық көрген «Түркістанда орыс сиездері», т.б. мақалалары – айғақ. Ол сол сәтте «Қайтейін?» атты торығыс пен түңіліске толы өлең жазып:

Қу заман, ит тіршілік қорладың ғой,

Көрсем де қанша икемдеп, болмадың ғой.

Жете алмай дегенімнің жалғызына,

Талап көп, талайсыз боп сорладым ғой...

Келемін әурелікпен өткізіп жас,

Іс етпей, құр талаппен қатырып бас.

Табиғат, тағдыр, заман тізе қосып,

Болғандай маған қарсы ынтымақтас, -

деп сары уайымға да салынады (Бірлік туы, 1917 жыл, 25 қараша).

Қоқан автономиясы қан-жоса болып таратылған соң, Сұлтанбек Қожанұлы аз ғана уақыт саясаттан сырттаңқырап, қажыр-қуатын ағартушылық жұмысқа арнайды. Мұғалімдік мамандығына кірісіп, Түркістандағы халыққа білім беру бөлімінің инспекторы болып істейді. Сөйте жүріп, аштыққа ұшыраған қазақтарға жәрдем беру комитетін басқарады. Ташкентке барып, педагогикалық училище мен педагогикалық курстарда сабақ береді. Ұстаздық қызметіне ұйымдастырушылық қабілетін ұштастырып, Қазақ-қырғыз институтының қабырғасын қаласады. 1919 жылы қайтадан Түркістан қаласына ауыстырылып, уездік-қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне бекітіледі. Келесі, 1920 жылдың наурызында Алашорда қайраткерлеріне кешірім жарияланған шақта коммунистік партияның қатарына өтіп, көп ұзамай Сырдария облыстық революциялық комитетінің төрағасы лауазымына тағайындалады.

Сөйтіп, Сұлтанбек Қожанұлын ірі саяси-қоғамдық тұлға ретінде қалыптастырған – 1920-1924 жылдардың аралығын қамтитын – Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасындағы қайраткерлік кезеңі басталды.

Ол 1920 жылдың қыркүйек айында қазақтар С.Аспандияров, О.Жандосов, Н.Төреқұлов, түрікмен Қ.Атабаев, өзбектер С.Қасымқожаев, А.Бабажанов, Т.Оразбаев, тәжік А.Рахымбаевпен

бірге Түркістан коммунистік партиясы Орталық Комитетінің толық мүшелігіне енгізіліп, өлкедегі ықпалды партия және кеңес қызметкерлерінің қатарына қосылды. Бұдан кейінгі мерзім ішінде Түркістан Коммунистік партиясы V-VIII сиездерінің, Түркістан республикасы Кеңестері IX-XIII сиездерінің, Кеңес Одағы Коммунистік партиясы X, XIII, XIV сиездерінің делегаты болып сайланды.

Мұрағат құжаттарына жүгінсек, Сұлтанбек Қожанұлының жергілікті жерлерде Кеңес өкіметі қойған міндеттерді халық тұрмысына лайықтап шешу, республикалық бюджетті орталық ұйымдардың алдында тиесілі дәрежеде қорғау, комиссариаттардың басы артық әкімшілік құрылымдарын қысқарту, ауыл шаруашылығы кооперацияларын тиімді ұйымдастыру, оқу-ағарту мекемелерін есепке алу және қаржылық-материалдық жағдайын ойластыру, мұғалімдер даярлау сапасына көңіл бөлу, билер мен қазылар сотын қаржыландыруды ұмыт қалдырмау, аймақтық баспасөздің дамуына ықпал ету, көшпелі және жартылай көшпелі елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын бағдарлау, Түрікмен облысына, оның ішінде әсіресе жәуміттерге қатысты мәселелерді, сондай-ақ Ферғанадағы жер-су проблемаларын уақытылы талқыға салу, салық саясатын жүзеге асыру, бағаны реттеу, т.б. қыруар шаруамен қатар айналысқандығын көреміз. Ол кеңседе көп отырғанды қаламайтын, ел ішін аралап, жағдайды өз көзімен көргенді ұнататын басшы болды. Тапсырылған қай істі де абыроймен атқарып, білгірлігі мен тындырымдылығының арқасында қызметтес әріптестері мен қалың жұртшылықтың алдында зор бедел жинады.

Әлбетте, ең әуелі Түркістан республикасындағы шиеленісті ұлт мәселесі Сұлтанбек Қожанұлының назарынан тыс қалмады. Ол лениндік ұлт саясатының интернационалистік қағидаларына мүлде сенген жоқ десек, жалған айтқан болар едік. Бірақ бұл бағыттағы қисын мен шындықтың, сөз бен істің бір-біріне сәйкеспей жатқаны оның жанын ауыртқаны сөзсіз. Әсіресе, 1921-1922 жылдары Жетісудағы жер реформасын жүргізген комиссияны басқарып, қазақтың, өзбектің, қырғыздың қоныстарын аумалы-төкпелі заманда зорлықпен тартып алған келімсек жуан жұдырықтарды (кулактарды солай атаған – А.Ш.) өктемдігінен айыруды көздеген

кезінде ол бар-бара қатты кедергілерге жолықты. Мәскеудегі билік тарапынан «таптық емес, ұлттық тұғырды жоғары қойып, асыра сілтегендігі үшін» қысымға ұшырап, ресми сөгіс алды. Ақырында, Түркістан республикасындағы жер-су мәселесінде «отаршылдықтың қалдықтарын жою» деген ұран шала-шарпы жүзеге асырылып, жалаң күйінде қалып кетті. Алайда Сұлтанбек ұлт теңдігіне қатысты өзекті ойларын алға тартуды тоқтатпады. Ол әсіресе РК(б)П ОК ұлт республикалары мен облыстары жауапты қызметкерлерінің ІҮ Кеңесінде (1923 жыл, 9-12 маусым) сөйлеген сөзінде Түркістанда отарлық саясаттың көбесі сөгілмегенін, ұлттық проблемалардың ұлғайғандығын айтамын деп, Сталиннің сынына ілікті. Бас хатшы: «Меніңше, Қожанов жақсы сөйледі. Икрамов (өзбек қайраткері – А.Ш.) та жаман сөйлеген жоқ. Бірақ мен бұл жолдастардың сөздеріндегі ойға қалдыратын бір тұсты атап өтуге тиістімін. Олардың екеуі де бүгінгі Түркістан мен патшалық Түркістанның арасында ешқандай айырма жоқ, тек маңдайшадағы жазу ғана өзгерді, Түркістан патша тұсындағы бәз-баяғы қалпында қалды деді. Жолдастар, егер бұл кездейсоқ айтылмаған, кесіп-пішілген және бастан-аяқ саналы түрде сөйленген сөз болса, онда мұндай жағдайда басмашылардікі дұрыс, біздікі бұрыс деуіміз керек... Егер бұл рас болса, сіздердің неліктен басмашылардың жағына өтіп кетпегендеріңізді түсінбеймін», - деп тиісті. Тап осы басқосудың үстінде Сұлтанбекке «халықтар көсемі» мынадай мазмұндағы тілдей хат та жіберді: «Жолдас Қожанов! Бүгін Сіз жақсы сөйледіңіз. Егер Сіз жергілікті жерде дәл осылай жақсы жұмыс істеп жатқан болсаңыз (бұған менің көзім толық жетпейді), онда мен сізге дос-жолдас болуға әзірмін. И.Сталин». Міне, Сұлтанбек Қожанұлына біртіндеп «ұлтшылдық» жаласын жабу, «Ортаазиялық Шыңғысханға» теңеу, кейіннен «қожановшылдық» деген ат қойып, айдар тағу осындай «дос-жолдастық ескертпелерден» бастау алған болатын.

1924 жылы Орта Азия республикаларын ұлттық-территориялық жағынан межелеу жүргізіліп, Жетісу мен Сырдария облыстары Қазақстанға қаратылды. Түркі дүниесін дүр сілкіндерген бұл өзгерістің барысында талас-тартыс, қарама-қайшылық көп кездесті. Бөліну мен бірігу процестері қым-қиғаш жүріп жат-

ты. Тарихы мен тағдыры жақын ұлттардың арасына сына қағылды. Ал Сұлтанбек Қожанұлының сол мезгілдегі көзқарасында да басқалардан өзгешелік байқалды. 1924 жылғы наурыздың 10-ында Ташкентте өткізілген кеңесте Түркістан КП Орталық Комитетінің хатшысы А.Рахымбаев «Түркістанның ұлттық-территориялық межеленуі туралы» деген тақырыпта баяндама жасап, Орта Азияны ұлт республикаларына жіктеуді бірден-бір дұрыс жол деп бағалады. Оны Н.Айтақов, С.Аспандияров, Қ.Атабаев секілді қайраткерлер сөйлеген сөздерінде қолдады. Ал Ортаазиялық экономикалық кеңестің төрағасы М.Паскуцкий мен Сұлтанбек Қожанұлы екеуі межелену ісін мақұлдамады. Олар экономикалық және саяси-әкімшілік жағынан біртұтас Орта Азия Федерациясын құруды жақтады. Сұлтанбек «түркі тайпалары бірыңғай түркі тектес халықтарды құраған», «оларды жасанды түрде айыруға болмайды» деп дәлелдеп бақты. Бірақ Паскуцкий мен Қожанұлының жоспарлары жүзеге аспай, қолдаусыз қалдырылды. Орта Азия республикаларын межелеу жөніндегі Территориялық Комиссияның 1924 жылғы тамыздың 17-сіндегі пленумында да, одан кейін Түркістан республикасы басшы ұйымдарының сол жылғы қыркүйек айының 14-інде болған біріккен пленумында да Сұлтанбектің Орта Азия Федерациясы туралы талап-тілектеріне тойтарыс берілді. Кейінгі басқосуда РК(б)П ОК-і Орта Азия бюросының пікірін білдірген ТКП Орталық Комитетінің хатшысы И.Варейкис: «Қазір жұрттың бәрінің көңіл-күйі бірігуге емес, бөлінуге бейім тұр», - деп кесіп тастады. Сөз жоқ, мұнан кейін Сұлтанбек Қожанұлы қайраткер ретінде ең алдымен өз жұртының жайын қамдап, жоғын түгендеуді қолға алды. Ол сол тұста жазылған «Дау тоқтап, іс басталсын!» атты мақаласында: «Осы күнге дейін бір болып келген, шаруа жағынан жігі ашылмаған Түркістан енді тозып, төрт-бес мемлекет болып отыр. Басқалар Орта Азия шаруа бірлігін жасап, бірден бөлініп кетпестен, шаруа істерін бір жөнмен жүргізбек болып отырғанда, Орта Азиядан қазақ облыстары шықты саналып отыр. Жетісу мен Сырдария шаруа жағынан, әлі де болса, Қазақстаннан гөрі, Орта Азия мемлекеттеріне байланысты» (Ақ жол, 1924, 14 қараша), - деп, қазақ жұртының әрі-сәрі күй кешіп отырғандығына қамықты.

Сұлтанбек Қожанұлы 1924 жылғы қазанның 11-інде өткен РК(б)П ОК Саяси Бюросының мәжілісінде (бұл жиынға Қазақстаннан С.Мендешов те қатысқан) Қазақстанның КСРО құрамына шарттық негізде кіргізілуін және Қазөлкекомның Қазақстан Коммунистік партиясы болып өзгертілуін ұсыныс етіп енгізіпті. Бірақ мәжілісте мына мазмұндағы қаулы қабылданды: «Қырғыз (Қазақ) республикасының КСРО құрамына шарттық негізде кіргізілуіне негізінде қарсылық жоқ болғанымен, бұл мәселенің іс жүзіндегі шешімін Қырғыз (Қазақ) республикасының жаңа бастамалар мен жаңа шекаралар жағдайында жұмыс тәжірибесі айқындалғанға дейін шегере тұру қажет деп саналсын және Қазобкомға кеңес органдары арқылы осыған сәйкес қаулыны өткізу ұсынылсын. Қазобкомға бұл мәселені партия ұйымдарында да, партияда жоқ бұқараның арасында да әрі қарай талқылауға жол бермеу жүктелсін. Аталған мәселенің РК(б)П ОК-нің алдын-ала мақұлдауынсыз кеңес жолы арқылы талқыға түсуі мен шешілуіне мүлде тыйым салынатынын ескере отырып, бұл істің кеңес бағыты бойынша қалай өріс алып кеткендігі тексерілсін және кінәлілер партиялық тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылсын. Тап осы мезгілде РК(б)П-ның Қырғыз (қазақ) ұйымының атын Қырғыз (Қазақ) коммунистік партиясы деп өзгерту қисынсыз деп табылсын» (Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты, 62-қор, 2-тізбе, 80-іс, 216-парақ).

Осының бәріне қарамастан, 1924 жылғы қарашаның 27-сінде Сұлтанбек Қожанұлы Қазобкомның, ал 1925 жылғы ақпанның 19-ында Қазөлкекомның жауапты хатшысы (республикадағы екінші дәрежелі лауазым) болып тағайындалады. Ұлт қайраткерінің сол кездегі бір үлкен еңбегі – астананың Ақмешітке көшуіне мұрындық болуы. Ол Түркістан Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары болып тұрған уақытында – 1922 жылғы сәуірдің 12-сінде арнайы қаулы шығарып, өзі тарихи атауын қайтарып берген Ақмешіт қаласын ел кіндігі етуге күш салды. «Қазақтың астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан, қазақтың киіз аулында болса да, қазақ ұлты жұртшылығына жуық болуы керек. Қазақ ұлт мемлекетшілігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса өз ордасы болуы керек. Орын-



бордан көшпей, қазақ ұлтының ішкі тіршілігі оңдалып, қазақ еңбекшілерінің көпшілігінің қамына керекті шаралар іс жүзінде істелуі қиын», - деп жазды (Ақ жол, 1924 жыл, 12 қараша). Ол өз заманы үшін ең тиімді көрінген осы ойларын мәжіліс мінбелерінен сөйлеген сөздерінде де, баспасөз беттерінде де қайта-қайта қозғады. Сұлтанбектің тілегі қабыл болды. Астана Ақмешітке ауысты.

1925 жылғы сәуірдің 15-і мен 19-ы аралығында Қазақ Кеңестерінің Ү сиезі болып өтті. Оған төрағалық еткен Сұлтанбек Қожанұлы күн тәртібіне екі мәселе енгізді де, біріншіден, делегаттардың бірауызды шешімімен ұлтымыздың «қазақ» деген шын атауы қайтарылды, екіншіден, сол кісінің ұсынысы бойынша «Ақмешіт» қаласының аты «Қызылорда» болып өзгертілді.

Әрине, Сталин мен оның сенімді серіктерін Қазақстандағы мұндай ұлттық серпіліс пен сілкініс дереу елең еткізді. Алашшылдарды ауыздықтауға өз қандасы Нанейшвилидің қауқары жетпесін сезген «халықтар көсемі» оның орнына Қазөлкекомның біріншісі хатшысы етіп әккі де қатыгез басшы Филипп Исаевич Голощекинді аттандырды. 1925 жылдың күзінде республикаға басшы болып келген ол өзіне ә дегеннен ұнамаған Қызылорданың ойран-ботқасын шығарып, елге сыйлы қазақ қайраткерлерінің, оның ішінде Сұлтанбек Қожанұлының да соңына шырақ алып түсті. Оның түпкі мақсаты – Сұлтанбекті орталықтың қарауына жөнелту арқылы қазақ қоғамындағы «ұлтшылдық» тенденциясын тұншықтырып, содан соң өзіне бағынышты өлкеде ойындағыдай сайран салу еді. «Тәртіптілікке тәрбиелеу» үшін Мәскеуге қызметке жіберу тәжірибесінің жай-жапсарынан жақсы хабардар Қожанұлы бұл әрекетке қарсы табан тіреп қасарысып бақты. 1924 жылы сөйлеген сөздерінің бірінде ол: «Неге екенін қайдам, жолдастарымыздың көбі түптің түбінде жұмақты Мәскеуде орналасқан деп ойлайды және бәріміз сол жұмаққа жетуіміз қажет деп қате түсінеді», - деп айтқан еді. Қазақстаннан кеткісі келмегеніне қарамастан Қожанұлы партияның пәрменімен өзі жақтырмайтын «жұмаққа» жіберілді. Құтылғанына қуанған Голощекин оған: «ж.Қожанов – Орта Азия мен Қазақстан ұлттарының ішіндегі ең ірі қайраткерлердің бірі. Барлық уақытта да партия-

кеңес орындарында жауапты қызметтер атқарды және соңғы уақытта БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы болды. Саяси ой-өрісі зор қызметкер», - деп мінездеме берді. Қожановтың орнына болашақтағы «37-нің ұлы ұйымдастырушысы» - Ежов отырғызылды. Қожанұлы үшін Қазақстанға қайтар жол мәңгіге жабылды.

Өмірінің қалған бөлігінде Мәскеу мен Ташкентте партия-кеңес, шаруашылық, оқу-ағарту мекемелерінде қызмет істеген Сұлтанбек Қожанұлының соңынан «Қазақстан қазақтар үшін» ұранының жақтаушысы», «түрікшіл», «ұлтшыл», «жікшіл», т.б. айыптамалар борап жатты. Қазақстанда «қожановшылдықтың» елесімен күресіп жүрген кейбір белсенділер үшін Сұлтанбектің жұртшылық алдында жария түрде кешірім сұрағаны қажет еді. Ол талаптары да орындалды. Бұл мәселенің саяси жай-жапсары отандық тарихшыларымыздың еңбектерінде жиі жазылғандықтан, егжей-тегжейіне тоқталуды артық санадық. Қысқасы, 1928 жылдың күзінде Ораз Исаев Ташкентке барғанында Сұлтанбекке төрт мәселе төңірегінде сауалдар қойып, олардың жауабын алып келіп, «Еңбекші қазақ» газетінің сол жылғы қарашаның 2-сіндегі санында бастырады. Бұл жарияланым «Сұлтанбек Қожанұлы қателерін мойнына алды. Шынды жасыруға, партияны алдауға болмайды!» деген үлкен бас тақырыппен берілді. Қойылған сұрақтардың бәріне Сұлтанбек жалпылама жауаптар қайтарған. Мысалы, «Қазақстанда «қожановшылдық» болғанын мойныңызға аласыз ба?» деген сауалға ол: «... қожановшылдықтың болғанын мойынға алам. Қожановшылдар жігінің болғаны рас. Қожановшылдықтың саяси жолын тексергенде, жер мәселесінде, ұлт арасының мәселесінде, тағы басқа мәселелерде ұлтшылдық жолында болды. Орындарда іс жүзінде тап жолын жүргізуге аз көңіл бөлінген. Тап жолынан ұлтшылдық жолы үстем болған... Алашордашылармен күрескеміз жоқ. Баспасөз жүзіндегі, партия ішіндегі алашордашылардың әсері, салт-санасымен күресілмеді», - деген ыңғайдағы уәждер берген. Ал Сұлтанбектің жауаптарының соңына Сталиннің: «Қожанұлы ылғи да қазақ елінің өзгешелігін тым көпіртіп, ұлғайта айтады. Күншығыс ұлт республикалары мен Кеңес Одағындағы кәсібі күшті аудандардың тағдыры, тілегі бір

екенін ұмытады. Социалдық жұмыстарды ескермейді. Бар жұмысы – ұлт тілегін үстем қылу; соған лайықтап қана істейді. Бұл пікірдегі жолдастар ұлт ішіндегі, ұлт республикаларындағы істерге аз көңіл бөледі. Ісінің бұл жағын бұлар өз бетімен өше берсін деп біледі. Мұны үлкен жұмыс деп білмейді. Бұларша ең үлкен жұмыс – республиканың шегін кеңейту, «сыртқы» саясатпен шұғылдану – іргелес отырған республикаларамең айтысып, таласу. Көбірек жерін, елін өзіне қосып алу; сөйтіп, өз еліндегі байшылдарға, ұлтшылдарға жақсы кісі болып көріну. Бұл пікірдің аяғы келіп, мұндай коммунистерді социалшылдық тілектен – жолдан алыстатады. Мұндай коммунистер кәдімгі байшыл, ұлтшылдардың бірі болып шығады», - деген «саяси бағасы» басылған. Сөз жоқ, бұл жерде Сталин әбден құлаққа сіңісті болған «ұлтшылдықпен» айыптауға қоса, Орта Азияны межелеу науқаны кезінде Сұлтанбек Қожанұлының Ташкент қаласының қазаққа өткенін қалайтын пікірді ұстанғанын меңзеп, өзге ұлттардың алдындағы беделін төмендетуге ұмтылғаны және ақырында оны байшыл-ұлтшыл қайраткерлердің «тілеуқоры» есебінде ғана емес, нақ солардың өзінен айырмасы жоқ адам етіп көрсетуге тырысқаны анық.

Сол жылдың желтоқсан айында өткен Қазөлкекомның III пленумында сөйлеген сөзінде О.Исаев «осы хатынан кейін Қожанов Қазақстанға қайтып келе алады» дегенді айтты. Әбдірахман Байділдин болса, мойындаудың сұрақ-жауап түрінде болғандығына наразылығын білдіріп: «Қожанов жолдасты баспасөз бетінде «қожановшылдықты» өз сөзімен әшкерелеуге мәжбүр ету керек», - деді. Оның ойынша, Қожанұлы пен «қожановшылдық» - екі бөлек нәрсе. Сондықтан Қожанұлы қатесін мойындағанымен, «қожановшылдыққа» қарсы күресті тоқтатуға болмайды. Демек, «қожановшылдық» деген ұғым Қожанұлынан ара жігін ажыратып, дербес өмір сүруге көшті деген сөз еді бұл...

Мұнан соң Сұлтанбекке қарсы іс-қимылдар бір сәт те толас таппады.

Елдің есіл азаматы 1937 жылғы шілденің 16-сында қамауға алынып, 1938 жылғы ақпанның 10-ында атылып кетті.

Сұлтанбек Қожанұлының соңында қайраткерлігімен бірге, қаламгерлігін де танытатын мол мұра қалды.

1921 жылы толтырған анкеталарының біріндегі «Әдеби жұмысқа араластыңыз ба?» деген сауалға ол: «Қырғыз (қазақ – А.Ш.) газетіне редакторлық еттім және редакторлық етіп келемін», - деп жауап қайтарыпты. Оның «редакторлық еттім» дегені – «Бірлік туы», ал «редакторлық етіп келемін» деп айтып отырғаны – «Ақ жол» газеті. Сұлтанбектің қаламынан туған дүниелер негізінен осы екінші басылымның беттерінен табылады.

Сәбит Мұқанов өзінің «Есею жылдарында»: «Обкомдағы кабинетіне барған мені Сұлтанбек жылы шыраймен қарсы алып, шүйіркелесе, теңдесе сөйлесті. Оның да өлең жазатынын сонда ғана білдім. Ташкентте қазақ тілінде шығатын «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» журналындағы «Тоқпақ» және «Замандас» - соның псевдонимі екен. Ол жалпы әдебиетті, оның ішінде қазақ баспасөзін көп оқитын адам екен», - деп суреткерлікпен айналысқаны туралы сыр тарқатса, Әуелбек Қоңыратбаев «Керуен» атты естеліктер кітабында: «Ол - өткір тілді, тапқыр, кең тұлғалы кісі-тін. Қызыл тілге келгенде, мен ондай шешен адамды көрген емеспін. Ашуы жоқ, мінезі дарқан, сөздерін тастай етіп айтатын арыстан туған кемеңгер адам еді», - деп ауыз сөзге ақпалығын да айтады. Сұлтанбекті көзімен көріп, сөзін тыңдаған өзге де - Ғалым Ахмедов, Дүйсекұл Сарқұлов, Шафик Шокин, Айтжан Бутин секілді қадірменді азаматтардың естелік жазбаларындағы пікірлер де осы төңіректе тоғысады.

Сұлтанбектің публицистикалық және әдеби мақалалары, өлеңдері, аудармалары сол кездегі мерзімді басылымдардың беттерінде көбіне «Тоқпақ» және «Тарпаң» деген бүркеншек аттармен жарияланып тұрған. Оның көсемсөздік шығармаларында дәуірдің тынысы, қоғамның мұқтажы, елдің тілегі қапысыз бедерленсе, поэзиясына әлеуметтік әуезділік, азаматтық және адамгершілік ауан, пәлсапалық пайым тән. Ол орыстың А.Крайский, П.Арский, А.Безымянский, Д.Бедный секілді пролетарат ақындарымен қоса, орыс символизмінің көрнекті өкілдерінің бірі К.Бальмонттың өлеңін де қазақшалаған.

Сұлтанбек Қожанұлы – әдебиет пен мәдениеттің талғампаз жанашыры. Мысалы, ол Ахмет Байтұрсынұлына «тіл тазартуға тынбай еңбек қылып келе жатқан, амал мәселесін іс жүзінде

шешіп, тіл құралдарын жазып, қазақтың ұлт мектебіне негіз қалап, ұлт мәдениетінің түп қазығын мықтап қағуына еңбегімен себеп болған, қазақ ұлт мәдениетінің бірінші қайраткері» деп жоғары баға берген (Ақ жол, 1924 жыл, 3 сәуір). Ал Мағжанның кітабына жазған алғысөзінде: «М.Жұмабайұлының өлеңдері қазақ әдебиетінде үлкен орын алған деп санап басып отырмыз... М.Жұмабайұлының өлеңдері әдебиет тарихындағы соңғы 10-15 жылдағы ағымдарды тексеруге де жақсы құрал бола алады деп ойлаймыз... М.Жұмабайұлы өлеңдерінің тіл жағынан, әдебиет тану жағынан пайдасы көп болады деп сенеміз... Мағжан өлеңдерінің ішінде кез келетін марксизм дүние тануына ұйқаспайтын жерлерін оқушылар көре салып үрікпей, көркемдік жағына, сыршылдық жағына, суреттеу жағына көбірек көз салуы керек, тарихи мәнісіне жете түсінуі керек», - дейді. Олай болса, С.Мұқановтың Сұлтанбек туралы: «Совет өкіметіне қарсы өлең-жыр жазудан тынбай келе жатқан алашордашыл ақын – Мағжан Жұмабаевтың Қазақстанда бастыра алмаған өлең, поэмаларын 1923 жылы Ташкент қаласында бастырды да, өзі кіріспе сөз жазып, Мағжанды аспанға шығара мақтады; «Алаш» лидері Ахмет Байтұрсыновтың 1923 жылдың күзінде Орынборда құлаған 50 жылдық юбилейін Ташкентте өткізіп, Түркістан республикасының басқарушы газеті – «Ақ жолда» Байтұрсыновты мақтаған мақалалар бастырды, портретін жариялады...», - деп жазуында талай сырдың жатқаны белгілі.

Сұлтанбек Қожанұлының өзі де жоқтаусыз қалған жоқ. Әкесінің соңындағы мұрасының жарыққа шығуына жанын салып қызмет етіп, әрбір табылған дерекке балаша қуанып, өле-өлгенше бәйек болып өткен туған қызы - топырағы торқа болғыр Зиба апамыздың әңгімелерін есітудің сәті түсті. Сұлтанбектің есімі мен еңбегін жұртқа танытуда зайыбы Гүлэндам, профессорлар Ә.Тәкенов пен Т.Қожакеев, тарихшылар М.Қойгелдиев, Х.Тұрсын, жазушы Б.Қойшыбаев, журналистер Ж.Әлмашұлы мен А.Тасымбеков, директанушы Р.Сарғожин, өзбек ғалымы Р.Раджапова елеулі еңбек сіңірді. Сұлтанбектанушылардың қатары жылдан-жылға молайып келеді.

Ендеше, ұлтын ұлықтаған қайраткердің сөзі мен ісі халқымен бірге жасай беретініне еш шүбә келтірмейміз.



### **Қамзабекұлы Дихан**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ  
проректоры,  
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,  
филология ғылымдарының  
докторы, профессор

### **А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ:**

#### **ҚАЛАМ ҚУАТЫ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК**

«Жартылай шындық өтіріктен де жаман» дейді Батыс зиялылары. Жасырып не керек, біздің қаламгер ағайын аузын ашып қараған жұртқа ұзақ жыл «өтірікті шындай, ақсақты тындай» көрсетіп келді. Қайда Кремльді асқақтатқан жырлар? Қайда жалаң достықты жарқылдатқан туындылар? Қайда халықтың миын су қылған жалған зерттеулер? «Күресінде!» дей алмаймыз – кітапханада! Тұрсын сонда! Сабақ болып һәм күрделі кезеңнің қара жинағы болып...

Жалпы біз бүгінгінің бірсыпыра ақын-жазушысы қалам ұстауды – ар ұстау ретінде емес, жан бағу ретінде түсініп жүргендей. Тәуелсіздік тұсының қаламгері Ж.Аймауытұлының «Елес» әңгімесін оқымайтыны һәм оқыса түсінбейтіні қалай?..

Жазушы билікпен қалай сөйлесу керек? Ұлт мәдениетін қайтіп көрсете алуы қажет? Қазір азат елміз. Азат елдің қаламгері өзін-өзі қалай ұстау қажет? Осындай сұрақтар туындағанда, амалсыз тарихқа жүгінеміз. Әрине, салыстырсаңыз жағдай да, амал да басқа. Бірақ біраз мәселе қордаланып қалған...

Жаңа өкіметпен мәмілеге келу туралы алғашқы ойын Ахмет Байтұрсынұлы 1919 жылы 3 тамызда Мәскеуде шығатын

“Жизнь национальностей” газетінде жариялады. Мәмілегерлік ойды тиянақтаған “Төңкеріс және қазақтар” (“Революция и киргизы”) атты мақаласында қайраткер Алаш пен большевизм арасындағы күрделі түйінді шешпек болады. “Ақылға салайықшы, кімнікі дұрыс, кімнікі бұрыс?” деген ізгі ойын ашық жазады. “Большевиктер қазақ қайраткерлерінің қызметін заңсыз деп тауып, әрқайсысының басын алғанға 25 мың рубльге дейін ақша тағайындады. Алаш Орда Орталық өкіметпен тікелей байланысқа шығып, келіссөз жүргізбек болды. ...Жобаға жауап болмады. Ол жоба кеңес өкіметі жариялаған “Ресей халықтарының хұқы” Декларациясының шеңберінде жасалған еді. ...Біз әрі қарай не істерімізді білмедік”, -дейді Ахмет. Ағартушы сондай-ақ қазақ зиялылары қиын кезде әрқашан сарабдал ақылға иек артып, бейбіт шешім жағында болғандығын ескертеді.

Аталған мақаланың айрықша жеңісі – жаңа өкімет басшылығына (“Жизнь национальностей” газеті – ұлт істері комиссариатының үні) қазақ халқының төңкерісті қалай қабылдағанын дәлелді түрде жеткізуі және большевизмнің қағидаларындағы қателіктерді ұғындыруы дер едік. Осы орайда А.Байтұрсынұлы былай деп жазды: “Қазақтар ақпан өзгерісін зор қуанышпен, ал қазан төңкерісін зор қорқынышпен қарсы алды. Алғашқысының қуанышты болатын себебі: біріншіден, ол халықты патшалық езгі мен зорлықтан құтқарды, екіншіден, елдің ежелден келе жатқан өзін-өзі билеу арманын жүзеге асыруға деген үмітті бекем етті. Екіншісінің түсініксіз болатынын дәлелдеу оп-оңай: қазақта капитализм де, таптық жіктеліс те, жекеменшік те жоқ. Мұнда ел мүддесі ортақ, игілік ортақ. Теория жүзіндегі социализм мен коммунизм туралы біз ойланған емеспіз, өйткені тіпті патша өкіметі тұсында орыс текті жұмысшылар мен крестьяндар иеленген азаматтық хұқық қазақта іс жүзінде болған емес”.

Ахмет мақаласының түйіні мынау: 1. жаңа өкіметтің ұраны – ізгі, көздегені – теңдік болса, ол бәрін тең дәрежеде - шындықпен орайлас құрсын; 2. теория – тәжірибенің арқасында ғана теория, ол қатып-сембеуі керек, ендеше көп ұлтты мемлекет құру қисыны негізгі ұлттардың сұранымы мен мүддесін ескеруі қажет.

Біз алаш зиялыларының патша өкіметі мен большевизм тұсындағы тактикалық әрекетін - ұлттық мүдде принципі дей

аламыз. Төңкеріс пен Алаш арасындағы “Қытай қорғанын” соңғысының теңдігін, мүддесін сақтай отырып қалай алып тастауға болатынын талқылаған А.Байтұрсынұлының ендігі бір елеулі еңбегі “Қалам қайраткерлерінің жайынан” деп аталады. Ол 1922 жылдың 8 шілдесінде «Еңбекшіл қазақ» газетінде жарияланған. Бұл шақта Ахмет кеңестік биліктің мән-жайын өз көзімен көріп үлгерген еді.

Мақала мазмұнынан аңғарылатын жай: 1922 жылы маусым айында сол кездегі Қазақстан астанасы Орынборда жазушылар съезін өткізу көзделген. Бірақ белгіленген уақытта бар болғаны “үш-ақ кісі” келгендіктен, жиын өтпей қалған.

Әлбетте, бұл съезді жоспарлауға Алаш зиялылары мұрындық болған. Осылай деуге А.Байтұрсынұлының аталған мақаласы бұлтартпас дерек ұстатады. Тіпті осы еңбек съезде жасалынуға тиіс бас баяндаманың қысқартылған нұсқасы да болуы мүмкін. Өйткені мұнда бағдар алар ой, ағымдағы мәселелер туралы тұжырымдамалар бар.

Алғаш “съезд не үшін керек еді?” деген сұраққа жауап іздейік. Мәскеу жақтан соққан пролеткульттің құбыла соққан желі шағында ақын-жазушылардың басын қосып, негізгі бағыттарды анықтау және оны кеңес өкіметінің шындығына сай құру – маңызды іс болатын. Съезді шақыру осы қазақ әдебиетін қорғау мен қамқорлыққа алудың үлкен шарасы еді.

Бірақ осы игі іске, яки маңызды жиынға неге қаламгерлер жиналмады? Ахмет мақаласында ақын-жазушылардың келмеуінің төрт себебін төмендегіше анықтайды. “...Бір жағынан жол қаражатына қаржы жоқтығы себеп болған шығар; екінші жағынан Жүсіпбек жолдас сияқты “керексіз сиез” деушілік те себеп болған шығар; үшінші жағынан қазақ қайраткерлерінің Орынбор қаласынан қараңғы үйден жаман қашатындығы себеп болған шығар; төртінші жағынан өзгеріс уақытында қайрат жолы өзгеріп, қарқын беті қайтқаны себеп болған шығар”.

Ағартушы соңғы екі себеп (“шығар”) – шешуші себеп деген қорытынды жасайды. Бұлардан, Ә.Бөкейхан жазатындай, “қаламның ұшын мүжілткен” (цензураны сездіреді) ой да аңғарылады. Қаламгердің “Орынбор қаласынан “қараңғы үйден



жаман қашатындығы” дегені - ұғымды толықтырған нақыл ғана емес, белгілі бір мақсатты көздеген тұжырым. Яки, Орынбордың - қараңғы үй екені де рас, большевизм дүрбісімен қарағанда ұлтқа жанашыр жазушының - жаман екені шындық. Ахмет тұжырымы “жаманды” кінәлап тұрған жоқ, жағдайды түсіндіріп тұр.

А.Байтұрсынұлы – ағартушы күрескер. Сондықтан ол жаңа өкіметке және рухани мәселелерді саралауға қабілеті аз саясаткерлерге қазақ қаламгерлерінің қайдан және қайтіп шыққанын қарапайым тілмен, ретімен тәптіштеуді артық санамайды (ол шақта айрықша қазақша материалдар билік басындағы тілді білмейтіндерге аударылып берілген). Қайраткер былай деп жазады: “1. Қазақ қалам қайраткерлері орыстың қорлық көрген, таяқ жеген, орыстың табанында езілген жұрттан туған; 2. Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қиын-қыстау бар заман түсіп, үстін торлап, қайғы бұлты қаптаған шақта шыққан”.

Осы тезис – жоспарланған съезде Ахметтің мәселені қай тұрғыдан қарастырмақ болғанын айқын аңғартады. Бұған қарап, ағартушыны қиялшыл (утопист), немесе кеңес шындығына мүлде қайшы ой айтушы деу қисынсыз. Қазақтың өз тағдыры һәм тарихы бар, сондықтан рухани мәселелері соған сәйкес шешілуі қажет деген пайым, түптеп келгенде, марксизм іліміне кереғар емес еді. Осы жайды А.Байтұрсынұлы төмендегіше түсіндіреді: “Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауруын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес. Олай болмаған болса, онда табиғат заңынан тысқары, адамнан шошқа, шошқадан күшік туған сияқты болып шығады”.

Ахметтің мақалада баса көрсететін проблемасы – төңкеріс пен алаш жазушысының арасы. Қаламгер “әлімсақтан бері кәмөнест емес... қазақтың бауырмал қалам қайраткерін” төңкеріс неліктен дағдарғанын зерделейді. Дағдарысқа себепші – төтеннен басқа бағыттың басталуы екенін дәлелдейді. Осы ретте ол дағдарыс себебіне мән бермей, ұрандатуды қалаған шолақ белсенділердің жайын: “Қазақстанға ұлық болғандардың лағуы – төңкеріс болса, істің бәрі өзінен өзі өзгеріп кететіндей көруі. Қалыпты өзгертетін адамның ісі, яғни жұмсайтын күші, қайраты, ісі, білімі екендігін (олар) ойламады”, -деп сипаттайды. Қаламгердің пайымынша,

осындайлардың артынан ерсе, қазақ ел болудан қалады. Жаңа өкімет қазақты құрту үшін құрылмағаны рас болса, төңкерісті төңкеру деп түсінетін ұлықтар тек бауырмал алаш баласына ғана емес, кеңес билігінің өзіне де жау. Енді не істемекке керек? ...”Қазақтың көрген қорлығын, зорлығын айтатын адам болса, ауызға қағып сөйлетпейтіндей болды. “Қазақ өзгеріс үшін құрбан болса, несі құриды?” деуші болса, арқаға қағып, дұрыс пікір осы дейді. Солай болып тұрғанда қазақтың жұртшыл, ұлтшыл, бауырмал қалам қайраткерлері қалайша белсеніп, қалам қайратына кіріспек? Қалай қаламды қолға алуға көңілі шауып, ықыласы түспек?”-дейді Ахмет. Бұл - әрі сұрақ, әрі жауап.

Ағымдағы күрделі үдерістерді жанымен түсінген ағартушы: “Қалам қайраткері жолын тастап, көрінген жолаушыға ере беретін бұралқы ит емес. Бауырмал болып қалған қазақ қалам қайраткерлері, я бояумен түсін өзгертіп, я тілеумен түгін өзгертіп бибауырмал болмаса, нақ ішін өзгертіп бибауырмал үкіметтің ыңғайымен болып, қазақты басқалар пісіріп жесін, шикі жесін үндемей қарап отыру керек, не бауырмал деген сөзді басқалар ауыр мағынада айтса да, қазақ азаматтары ауырламай, қазақтың сөзін қаймықпай сөйлеуі керек”,-деп жазады.

Ағартушы билік басындағыларға мынаны ұсынады: **1.** қазақтың өз ішін теңестіру – елге “жік салу”, одан гөрі мәдениетін өзге ұлттармен теңестіру қажет; **2.** үкімет “мәдениеті жетілгенше қазақты басқалардың зорлығынан қорғауы” жөн; **3.** “қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады”; **4.** “үкімет міндеті - қазақ қаламгерлерін өзге жұмыстан алып, өз жұмысына салу”. Әрине, ағартушы бұларды билік тұтқасындағыларға ультиматум етіп қоймайды (жағдай мәлім). Ұсынысты жеткізу барысында “қазақтың жақсы болмағына сен де мүдделі болсаңшы” дейді...

Шүкір, қазір өз қолымыз өз аузымызға жетті. Алайда жаңа қоғамдағы тіл, діл, жалпы руханият мәселелерінің тәуелсіздік талабы деңгейінен көрінбей жатқаны қалай? Бұған кім кінәлі? Осының себебін тауып, халыққа талдап-таразылап көрсету, қисайғанды сөзбен болсын түзеу, ұлттық мәмле жолын дәйектеу – қалам ұстаған ағайынның абыройлы міндеті.



### **Сартқожаұлы Қаржаубай**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің  
жанындағы Түркітану, алтайтану  
ҒЗИ-нің директоры,  
филология ғылымдарының  
докторы, профессор, Халықаралық  
Шыңғысхан Академиясының  
академигі, Халықаралық Кемал  
Ататүрік атындағы Түрік Тарих  
Құрылтайының (академия) мүшесі,  
түркітанушы ғалым

### **АЛАШ АТАУЫ ХАҚЫНДА**

Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін «Алаш» атауына байланысты мақалалар ғылыми және көсемсөз басылымдарында көп орын алды. Өкініштісі, атаудың лингвистикалық және тарихи қабаттарына сараптама жасап ғылыми тұрғыда толық талдау жүрілмей келді.

«Алаш» атауына байланысты бұған дейін Ш. Құдайбердіұлы, Ә. Бөкейханов, Х. Досмұхамедов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, Н. Мыңжани, Ә. Хасенов, Б. Хасанов, Н. Уәли, Б. Кәрібаев, Т. Омаров, Х.М. Ғабжалилов, Ж. Артықбаев, А.Б. Дыбо және осы жолдардың авторы сияқты ондаған ғалымдар ой қозғап қалам тербепті.

«Алаш» атауына және оның тарихына байланысты тарихи түпнұсқаларда фрагмент деректер сақталған. Онда:

1. Б.з. III ғасырдағы қытай деректерінде (Дыбо. А.Б. 2008 с. 229).
2. Қытайдың б.з. VI ғ деректерінде (Ч.Ш. гл. 50. с. 10 а, в Таскин. 1984 с. 254).
3. Тан патшалығының дәуіріндегі қытай деректерінде (ТПХЮИ. гл. 199, с. 86, 5-да, 3);
4. Көне Хотон-сақ деректерінде (Emmerik-Skjaervo. I. 22-24; Б.з. VII ғасырға дейін).

5. Байырғы түрік Білге қаған мәтінінде (Қ. Сартқожаұлы 2003. б. 269-270; 2013. б. 98, 107-108).

6. М. Қашқари. Түрік сөздігі (В. Atlai аудармасы. 1935. 1986. т. I. 39; т. III. 205)

7. Б.з. X ғ будда дінінің уйғур шрифті мәтінінде (Muller. F.W.K. Uigurica. III).

8. Ш. Ш. Құдайбердіұлы. Түрік қазақ-қырғыз һәм хандар шежіресі. Алматы. 1991.

9. Мирхонд, Хондемирлердің жазбаларында (Марериалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. 1969. с. 209-210)

10. Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. Алматы 1999. с. 148.

11. М. Тынышпаев. История казахского народа. А-Л; 1993. с. 145-147.

12. Қ. Жалайыр. Шежірелер жинағы А., 1997. С-126.

13. Тарихи –и Абул-хайр-хани (МИКХ. 1969. 143, 145 б).

Бұл фрагмент деректердің сыртында түркі тілді, түркі тектес халықтардың біразының лексиконында «alaç / alaš» атауы сақталыпты.

Бізге жеткен осы құндылықтарды ғылыми айналымға түсіріп сараптама жасап көрелік.

Жыл санаудың (ж.с) X ғасырында санскрит тілінен байырғы түрік тіліне аударған будда дінінің судрасында (кітабында) мынадай сөйлем бар. Онда:

«braman körkin belgürtip qaryçantri teginniñ **alaçu** tususynta joryjurerkin = [Индра құдай] барамин кейіпіне (бейнесіне) құбылып, Харичантри ханзада ордасының (alaç) алдынан жүріп өтті (Uig. III. 62) ».

Неміс ғалымы ф. В. К. Мюллер мұндағы «alaçu» атауын «Шатёр» (асыр) деп 1922 жылы аударған. «Древнетюркий словарь» еңбекті жасаушылар 1969 жылы бұл аудармаға сынкөзбен қарамай көшіре салған. Патша ханзадасы көшпелі шатырда емес Ордада өмір сүретін болар. Ханзада Харичандри көшпелі түріктердің тұқымынан емес, отырықшы үнділердің әулеті екенін назарда ұстасак, оның өмір сүретін үйі асыр емес, Орда болар-ау! Мәтіннің мағынасы бұл арада «alaçu» атауы Орда екенін анық көрсетіп тұр.

1072-1074 жылдары жасаған М. Қашқаридың «Дивани Луғат-и Турки (Түркі сөздер сөздігі)» атты еңбекте «алаңи» атауы екі мәрте белгіленген. Бірінші томның 136 бетінде (В. Атлай) «alañu – alañuq; cadir (шатәр)» деп аударған болса III томда «alañulandy» сөзін «alacuk edinmek» (В. Атлай) = (поставить для себе шатәр (ДТС. 31) деп аударған. Мәтіндегі «er alañu landy» сөзін В. Атлай: «еркек адам асыр тікті» (МК. III. 205); Өзбек тілінде жарық көрген С. Муталлибов нұсқасында «Ер кичик чодирга, олачнққа эга бұлди (еркек кісі асырға, алачуққа ие болды)» (МК. III. 222) деп аударған. Ленинградта жарық көрген Байырғы түрік сөздігінде «Мужчина поставил себе шатер» деп тәржімелеген. С. Муталлибов «алачу» атауын В. Атлайға сүйеніп мағынасын «шатәр (асыр)» деп қойып алып, бұл аудармаға күмәнданып көне формасын «алаңиу» деп қатар белгілеген. М. Қашқаридің сөздігіндегі «алаңи» атауының мәтін түрк, өзбек, орыс тілінде берген авторлар көшпелілердің тұрған «киіз үй» деп аталатынын, ал шатәр (асыр) ден басқа дүние екенін, естен шығарған. Олар үшін бәрі «шатәр (асыр)». Көшпелілердің хандары, ханзадалары жаз маусымында керегесінің көгі алтыннан, желбауы жібектен, шаңырағы мен уығы небір оюлармен өрнектеліп 8-10 қанат ақ ордада отыратынын ұмытқан. Ал жоғарыдағы Харичандри ханзаданың тұрағы Орда екеніне күмәнданбасақ «алаңи (орда)», С. Муталлибов ұсынысы бойынша «алаңиу» «кіші орда» деп түсінгеніміз дұрыс сияқты.

Дәл осы «алаңи» формасында ж.с. XI-X-ғасырда байырғы уйғұр алфавитімен таңбаланған фрагментте де сақталған (Zieme. 1968. p. 56).

Бұл атау ертеорта ғасырдағы Хотон-сақ тілінің лексиканында «alañcā» (khcr 79) «ālañcyau Abl. Pl» түрінде сақталған екен (Emmerick – Skjaerr. 1982. т. I. 22-24).

Б.ж.с. VII ғасырында хотон-сақ тілінде жазылған санскрит, қытай, түрік (Уйғұр шрифтісімен жазылған) тілдеріне аударылған, әлемге әйгілі Suvarnaprabhasa (Суварнапрабхаса – Altun jarug – Алтын жарык) (Suv) сутрада «алаш» атауы осылайша екі мәрте белгіленіпті.

Хотан – сақ тіліндегі мәтінде:

«ttā rro rruīya kūñda u ttā rro hamtsa ālañcyau kñīrañā u ttu rro batu [k□i] ru»

Осы сөйлемнің санскрит тіліне аударылған мәтіні:

«*tān ca rāja-kulāni tāni ca nagarāni tāni ca rāṣṭrāni tāni ca viśayāni*»

Аудармасы: «Бұл әрі хан әулеті, бұл әрі онымен қатар алашқауай (Ордалы) Хандық, бұл кіші хандық» С. Конов (S. Konoв. 1941. s. 79; X. И. Бейли (H.W. Bailey. 1979. s. 24)) дер аударған.

H.W. Bailey осылайша аударма жасай отырып «алашқу» байырғы түрік тілінен хотон-сақ тіліне кірген атау деп көрсетіпті (Bailey. 1979. s. 510). Санскрит тіліндегі «*rāstra*, және *viśaya* атауларын хотон-сақ тіліне *ksīrañā* - хандық» деп аударған. «*hamtsa ālaśyau kṣīrañā* – онымен қатар «*ālaśyau* (алашы (ордасы) бар) хандық» деп түпкі мағынасын ұстай отырып тәржімасын берген. «*ālaśyau kṣīrañā* – ордалы хандық, әрі *batu kṣīra* – кіші хандық» екенін мәтінде айқын көрсеткен. *Batu* – кіші, *kṣīrañā* – хандық.

Б.ж.с. VII ғасырда жазылып хотон –сақ, санскрит тілінде сақталған осы дерек бойынша сол дәуірде кіші хандықтың (немесе тайпалық одақ) ордасын «Алаш» деп атағанына осылайша куә боламыз.

Үнділердің бір кішкентай хандығы Магадаха қаласын бір кездері «*viśaya*» деп атапты. Бұл Раджагирха қаласының бір атауы екен. Санскрит тілінде *Viśaya* (Вайшэ) – резиденция (орда) деген сөз. Раджагирха қаласын қазір Раджгир деп атайды. Осы қала қытай нұсқаларында *haloša-žī* деп аталады деген ақпаратты қытай тарихшысы Жапон ғалымы К. Ширатори «*haloša*» атауы санскрит тіліндегі «*Rāja*» (Бұл атау санскри транскрипциясы бойынша «*Rāstra*» болуы да мүмкін) (Shiratori K. 1956. p. 192).

Аталмыш атау көне қытай деректерінде де сақталған екен.

1. БЖС. III ғасырындағы қытай деректерінде:

廬舍 L(h)o –*ša* (karlgren 0069; 0048 a-b) «Керемет көрікті үй» бірінші иероглиф – «әлеуетті, дәулетті адамдардың керемет көрікті үйі» деген мағына береді. Ал екінші иероглиф «баспана, үй» деген мағына береді (Цихай. 2010-1007, 1381 беттер).

Қытай иероглифінде екі түрлі мағына болады.

а) Иероглифтік – құрылымдық мағынасы

б) Иероглиф – транскрипциясының мағынасы.

Жоғарыдағы L(h)o –*ša* сөзінің алғашқы иероглифі «үй» деген атауды білдірсе, екіншісі иероглиф «қонақ үй», «баспана»,

«жатақ» деген мағына береді. Бұл иероглиф транскрипциясының мағынасы болмақ. Ал, иероглифтік – құрылымдық мағынасы ағымдағы иероглиф транскрипциясының мағынасынан тереңдеп, сөздің ішкі мәнін, мәйегін иероглифтің қосымша сызықтары арқылы айқындап тұратын мәнін белгілейді. Жоғарыдағы бірінші иероглифте бұл жай бір қатардағы «үй» емес аса көрікті, салтанатты, әлде бір әлеуетті адамның үйі екенін иероглифтегі қосымша сызықтар арқылы білдірген. Ал екінші иероглиф ол баспана екенін қабат дәлелдеп көрсеткен. Өйтсе ж.с. III ғасырдағы қытай тілінің иероглифімен белгіленген l(h)o –ša (алаңи-алаш) атауы көшпелілердің алты қанат ақ ордасын сөз етіп тұрғаны түсінікті.

2. **賀邏施**  $h^a l(h)-\dot{s}i \sim hela\dot{s}i \sim ala\dot{s}i$  деп белгіленген дерек б.ж.с. 581 жылы Түргештің (Батыс түрік) Таспар қаған (Тобо қаған) қайтыс болғаннан кейін ресми мұрагер болушы Далабаяннан (Далобян) мұрагерлікті тартып алып Түргеш хандығының хан тағына отырған. Ышбара (Шаболо кэхань) қаған оң қанатқа бес тайпаны кіргізіп, тайпа басшыларына «чор» лауазымын береді. Сол қанатқа тағы да бес тайпаны енгізіп басшыларына іркін (сыңзинь) лауазымын береді. Түрік хандықтары мен қағанаттарында әр қашанда оң қанаттың дәрежесі, сол қанаттан биік болған. Қоғамдағы осы иерархияны Ышбара қаған қағида ретінде ұстанған. Сол кезде оң қанаттың бір тайпасы (аудан) көсеміне **突騎施賀邏施啜** «туциши хэлошчо» (түргеш алаш чоры) деген лауазым берген (СТШ. 215). Осы атауды белгілі қытайтанушы Б. Еженханұлы «алаш» деп жаңғыртқан (Б. Еженханұлы. 2006. -277, 305 бет. Түсініктеме №183).

Бұл тарихи дерекке логикалық талдау жасасақ Ышбара қаған еліне әкімшілік-территориялық бөлініс жасаған кезде оң қанаттың бас ордасы орналасқан ауданды Туциши хэлоши (Түргеш алашы) деп атаған сияқты.

3. Осылайша аудан, аймақтардың, тайпалардың орталықтанған ордасының атауымен атау дәстүрі Тан патшалығында да болған екен. Ж.с. 666 жылы бір ауданды (дуду) нэлан дуду **賀蘭都** деп атаған. Атау «Алаш» ауданы деген мағына береді. Тарихшы Лю Цзюньжэннің түсіндіруі бойынша Тан патшалығы дәуірінде көшпелілерді басқару үшін арнайы құрылған аудан. Орыны: бүгінгі

Ланьчжоу қаласының шығыс жағындағы Ганьсу провинциясының бас қаласы тұрған жер.

Қытай тарихшысы Яо Вэйюан бұл атау туралы былай дейді: «Һэлань – сюннудың (хунну) бір тайпасының атауы. Ту баста Иньшань (Дацин шань) тауының солтүстік бетінде мекен еткен. Кейін Алашань жотасына барып орын тепкен» деп көрсетеді. (Малявкин А.Г. 1981. с. 145-146. прим-175).

4. 744 жылы Көк Түрік қағанатын құлатқан байырқу, қарлұқ, басмылдардың тайпалық одақтар еді. Қағанатты құлатқан кезде Басмыл тайпалық одағының (хандық) көсемі Ашина Ши-ді жаңа орнаған қаған тағына отырғызып Хэла-пицзяь – хэкань деген хандық лауазым берген-ді. Синолог А.Г. Малявкин осы лауазым құрамындағы «Хэла (hela)», «Хэлань (helan)», «Хэлачжи (helaši)» атауларын «ala», «alakši» деп жаңғыртқан (Малявкин А.Г. 1989. с. 325. прим. 955) .

Сонымен қатар А.Г. Малявкин: «По сведениям источников, которым мы располагаем, слова «хэла / хэле» встречается только в двух титулах басмылского и тюргешского каганов, а также как наименование города. Если Чэнь Чжунмянь, о котором говорилось, что «хэла», и «хэле» являются различными иероглифическими транскрипциями одного и того же исходного слова не ошибка, то возникает вопрос, почему в титулах вождей двух столь далеких племен (тюргеш, басмыл- Қ.С) употреблено одно и то же слова. В аналогичных титулах, встречающихся в китайских источниках, слова, стоящие на первом месте, обычно рассматриваются как фамилии или имена, являющиеся иероглифическими транскрипциями родоплеменных наименований. Могли ли существовать у басмылов и тюргешей два рода с совпадающими названиями? А может быть, в основе этих транскрипций лежит другое слово, не имеющее отношения к этнонимке, или даже разные слова?» (Малявкин А.Г. 1989. с. 172. прим. 257) деген түсінік беріп, орынды сұрақ тастайды.

А.Г. Малявкин дұрыс айтады. Ол заманда бүгінгі, Үрімжі қаласының шығысындағы, Үрімжіден 250км қашықтықта орналасқан Жемсары қаласы орналасқан жерде көне Бесбалық қаласының қирандысы жатыр. Бесбалық қаласы ж.с. X ғасырына



дейін Басмылдардың бас қаласы (астанасы) болған. Осы алапта Басмылдар өмір сүрген. Ол заманда Түргештер Іле, Жетісу бойында мекен еткен. Бұл екі тайпа территориялық жағынан тым алыс емес. Шекарасы бір – біріне тиіп тұр. Ол заманда Түргештің он тайпасы да, басмылдарда тайпалық одақ дәрежесінде болған. Үлкен





жоғарыдағы мәтіндегі төрт әріпті жаңғыртқандай болдық. Онымен қатар бұрын жаңсақ көшірілген әріп кескіндерін орнына қойдық. Нәтижесін 2012 жылы жарық керген «Орхон мұралары» II-кітапқа енгіздік. Онда:

Түпнұсқасы:

𐰀𐰄𐰆𐰇𐰈𐰉𐰊𐰋𐰌𐰍𐰎𐰏𐰐𐰑𐰒𐰓𐰔𐰕𐰖𐰗𐰘𐰙𐰚𐰛𐰜𐰝𐰞𐰟𐰠𐰡𐰢𐰣𐰤𐰥𐰦𐰧𐰨𐰩𐰪𐰫𐰬𐰭𐰮𐰯𐰰𐰱𐰲𐰳𐰴𐰵𐰶𐰷𐰸𐰹𐰺𐰻𐰼𐰽𐰾𐰿𐱀𐱁𐱂𐱃𐱄𐱅𐱆𐱇𐱈𐱉𐱊𐱋𐱌𐱍𐱎𐱏𐱐𐱑𐱒𐱓𐱔𐱕𐱖𐱗𐱘𐱙𐱚𐱛𐱜𐱝𐱞𐱟𐱠𐱡𐱢𐱣𐱤𐱥𐱦𐱧𐱨𐱩𐱪𐱫𐱬𐱭𐱮𐱯𐱰𐱱𐱲𐱳𐱴𐱵𐱶𐱷𐱸𐱹𐱺𐱻𐱼𐱽𐱾𐱿𐲀𐲁𐲂𐲃𐲄𐲅𐲆𐲇𐲈𐲉𐲊𐲋𐲌𐲍𐲎𐲏𐲐𐲑𐲒𐲓𐲔𐲕𐲖𐲗𐲘𐲙𐲚𐲛𐲜𐲝𐲞𐲟𐲠𐲡𐲢𐲣𐲤𐲥𐲦𐲧𐲨𐲩𐲪𐲫𐲬𐲭𐲮𐲯𐲰𐲱𐲲𐲳𐲴𐲵𐲶𐲷𐲸𐲹𐲺𐲻𐲼𐲽𐲾𐲿𐳀𐳁𐳂𐳃𐳄𐳅𐳆𐳇𐳈𐳉𐳊𐳋𐳌𐳍𐳎𐳏𐳐𐳑𐳒𐳓𐳔𐳕𐳖𐳗𐳘𐳙𐳚𐳛𐳜𐳝𐳞𐳟𐳠𐳡𐳢𐳣𐳤𐳥𐳦𐳧𐳨𐳩𐳪𐳫𐳬𐳭𐳮𐳯𐳰𐳱𐳲𐳳𐳴𐳵𐳶𐳷𐳸𐳹𐳺𐳻𐳼𐳽𐳾𐳿𐴀𐴁𐴂𐴃𐴄𐴅𐴆𐴇𐴈𐴉𐴊𐴋𐴌𐴍𐴎𐴏𐴐𐴑𐴒𐴓𐴔𐴕𐴖𐴗𐴘𐴙𐴚𐴛𐴜𐴝𐴞𐴟𐴠𐴡𐴢𐴣𐴤𐴥𐴦𐴧𐴨𐴩𐴪𐴫𐴬𐴭𐴮𐴯𐴰𐴱𐴲𐴳𐴴𐴵𐴶𐴷𐴸𐴹𐴺𐴻𐴼𐴽𐴾𐴿𐵀𐵁𐵂𐵃𐵄𐵅𐵆𐵇𐵈𐵉𐵊𐵋𐵌𐵍𐵎𐵏𐵐𐵑𐵒𐵓𐵔𐵕𐵖𐵗𐵘𐵙𐵚𐵛𐵜𐵝𐵞𐵟𐵠𐵡𐵢𐵣𐵤𐵥𐵦𐵧𐵨𐵩𐵪𐵫𐵬𐵭𐵮𐵯𐵰𐵱𐵲𐵳𐵴𐵵𐵶𐵷𐵸𐵹𐵺𐵻𐵼𐵽𐵾𐵿𐶀𐶁𐶂𐶃𐶄𐶅𐶆𐶇𐶈𐶉𐶊𐶋𐶌𐶍𐶎𐶏𐶐𐶑𐶒𐶓𐶔𐶕𐶖𐶗𐶘𐶙𐶚𐶛𐶜𐶝𐶞𐶟𐶠𐶡𐶢𐶣𐶤𐶥𐶦𐶧𐶨𐶩𐶪𐶫𐶬𐶭𐶮𐶯𐶰𐶱𐶲𐶳𐶴𐶵𐶶𐶷𐶸𐶹𐶺𐶻𐶼𐶽𐶾𐶿𐷀𐷁𐷂𐷃𐷄𐷅𐷆𐷇𐷈𐷉𐷊𐷋𐷌𐷍𐷎𐷏𐷐𐷑𐷒𐷓𐷔𐷕𐷖𐷗𐷘𐷙𐷚𐷛𐷜𐷝𐷞𐷟𐷠𐷡𐷢𐷣𐷤𐷥𐷦𐷧𐷨𐷩𐷪𐷫𐷬𐷭𐷮𐷯𐷰𐷱𐷲𐷳𐷴𐷵𐷶𐷷𐷸𐷹𐷺𐷻𐷼𐷽𐷾𐷿𐸀𐸁𐸂𐸃𐸄𐸅𐸆𐸇𐸈𐸉𐸊𐸋𐸌𐸍𐸎𐸏𐸐𐸑𐸒𐸓𐸔𐸕𐸖𐸗𐸘𐸙𐸚𐸛𐸜𐸝𐸞𐸟𐸠𐸡𐸢𐸣𐸤𐸥𐸦𐸧𐸨𐸩𐸪𐸫𐸬𐸭𐸮𐸯𐸰𐸱𐸲𐸳𐸴𐸵𐸶𐸷𐸸𐸹𐸺𐸻𐸼𐸽𐸾𐸿𐹀𐹁𐹂𐹃𐹄𐹅𐹆𐹇𐹈𐹉𐹊𐹋𐹌𐹍𐹎𐹏𐹐𐹑𐹒𐹓𐹔𐹕𐹖𐹗𐹘𐹙𐹚𐹛𐹜𐹝𐹞𐹟𐹠𐹡𐹢𐹣𐹤𐹥𐹦𐹧𐹨𐹩𐹪𐹫𐹬𐹭𐹮𐹯𐹰𐹱𐹲𐹳𐹴𐹵𐹶𐹷𐹸𐹹𐹺𐹻𐹼𐹽𐹾𐹿𐺀𐺁𐺂𐺃𐺄𐺅𐺆𐺇𐺈𐺉𐺊𐺋𐺌𐺍𐺎𐺏𐺐𐺑𐺒𐺓𐺔𐺕𐺖𐺗𐺘𐺙𐺚𐺛𐺜𐺝𐺞𐺟𐺠𐺡𐺢𐺣𐺤𐺥𐺦𐺧𐺨𐺩𐺪𐺫𐺬𐺭𐺮𐺯𐺰𐺱𐺲𐺳𐺴𐺵𐺶𐺷𐺸𐺹𐺺𐺻𐺼𐺽𐺾𐺿𐻀𐻁𐻂𐻃𐻄𐻅𐻆𐻇𐻈𐻉𐻊𐻋𐻌𐻍𐻎𐻏𐻐𐻑𐻒𐻓𐻔𐻕𐻖𐻗𐻘𐻙𐻚𐻛𐻜𐻝𐻞𐻟𐻠𐻡𐻢𐻣𐻤𐻥𐻦𐻧𐻨𐻩𐻪𐻫𐻬𐻭𐻮𐻯𐻰𐻱𐻲𐻳𐻴𐻵𐻶𐻷𐻸𐻹𐻺𐻻𐻼𐻽𐻾𐻿𐼀𐼁𐼂𐼃𐼄𐼅𐼆𐼇𐼈𐼉𐼊𐼋𐼌𐼍𐼎𐼏𐼐𐼑𐼒𐼓𐼔𐼕𐼖𐼗𐼘𐼙𐼚𐼛𐼜𐼝𐼞𐼟𐼠𐼡𐼢𐼣𐼤𐼥𐼦𐼧𐼨𐼩𐼪𐼫𐼬𐼭𐼮𐼯𐼰𐼱𐼲𐼳𐼴𐼵𐼶𐼷𐼸𐼹𐼺𐼻𐼼𐼽𐼾𐼿𐽀𐽁𐽂𐽃𐽄𐽅𐽆𐽇𐽋𐽍𐽎𐽏𐽐𐽈𐽉𐽊𐽌𐽑𐽒𐽓𐽔𐽕𐽖𐽗𐽘𐽙𐽚𐽛𐽜𐽝𐽞𐽟𐽠𐽡𐽢𐽣𐽤𐽥𐽦𐽧𐽨𐽩𐽪𐽫𐽬𐽭𐽮𐽯𐽰𐽱𐽲𐽳𐽴𐽵𐽶𐽷𐽸𐽹𐽺𐽻𐽼𐽽𐽾𐽿𐾀𐾁𐾃𐾅𐾂𐾄𐾆𐾇𐾈𐾉𐾊𐾋𐾌𐾍𐾎𐾏𐾐𐾑𐾒𐾓𐾔𐾕𐾖𐾗𐾘𐾙𐾚𐾛𐾜𐾝𐾞𐾟𐾠𐾡𐾢𐾣𐾤𐾥𐾦𐾧𐾨𐾩𐾪𐾫𐾬𐾭𐾮𐾯𐾰𐾱𐾲𐾳𐾴𐾵𐾶𐾷𐾸𐾹𐾺𐾻𐾼𐾽𐾾𐾿𐿀𐿁𐿂𐿃𐿄𐿅𐿆𐿇𐿈𐿉𐿊𐿋𐿌𐿍𐿎𐿏𐿐𐿑𐿒𐿓𐿔𐿕𐿖𐿗𐿘𐿙𐿚𐿛𐿜𐿝𐿞𐿟𐿠𐿡𐿢𐿣𐿤𐿥𐿦𐿧𐿨𐿩𐿪𐿫𐿬𐿭𐿮𐿯𐿰𐿱𐿲𐿳𐿴𐿵𐿶𐿷𐿸𐿹𐿺𐿻𐿼𐿽𐿾𐿿

... 𐰀𐰄𐰆𐰇𐰈𐰉𐰊𐰋𐰌𐰍𐰎𐰏𐰐𐰑𐰒𐰓𐰔𐰕𐰖𐰗𐰘𐰙𐰚𐰛𐰜𐰝𐰞𐰟𐰠𐰡𐰢𐰣𐰤𐰥𐰦𐰧𐰨𐰩𐰪𐰫𐰬𐰭𐰮𐰯𐰰𐰱𐰲𐰳𐰴𐰵𐰶𐰷𐰸𐰹𐰺𐰻𐰼𐰽𐰾𐰿𐱀𐱁𐱂𐱃𐱄𐱅𐱆𐱇𐱈𐱉𐱊𐱋𐱌𐱍𐱎𐱏𐱐𐱑𐱒𐱓𐱔𐱕𐱖𐱗𐱘𐱙𐱚𐱛𐱜𐱝𐱞𐱟𐱠𐱡𐱢𐱣𐱤𐱥𐱦𐱧𐱨𐱩𐱪𐱫𐱬𐱭𐱮𐱯𐱰𐱱𐱲𐱳𐱴𐱵𐱶𐱷𐱸𐱹𐱺𐱻𐱼𐱽𐱾𐱿𐲀𐲁𐲂𐲃𐲄𐲅𐲆𐲇𐲈𐲉𐲊𐲋𐲌𐲍𐲎𐲏𐲐𐲑𐲒𐲓𐲔𐲕𐲖𐲗𐲘𐲙𐲚𐲛𐲜𐲝𐲞𐲟𐲠𐲡𐲢𐲣𐲤𐲥𐲦𐲧𐲨𐲩𐲪𐲫𐲬𐲭𐲮𐲯𐲰𐲱𐲲𐲳𐲴𐲵𐲶𐲷𐲸𐲹𐲺𐲻𐲼𐲽𐲾𐲿𐳀𐳁𐳂𐳃𐳄𐳅𐳆𐳇𐳈𐳉𐳊𐳋𐳌𐳍𐳎𐳏𐳐𐳑𐳒𐳓𐳔𐳕𐳖𐳗𐳘𐳙𐳚𐳛𐳜𐳝𐳞𐳟𐳠𐳡𐳢𐳣𐳤𐳥𐳦𐳧𐳨𐳩𐳪𐳫𐳬𐳭𐳮𐳯𐳰𐳱𐳲𐳳𐳴𐳵𐳶𐳷𐳸𐳹𐳺𐳻𐳼𐳽𐳾𐳿𐴀𐴁𐴂𐴃𐴄𐴅𐴆𐴇𐴈𐴉𐴊𐴋𐴌𐴍𐴎𐴏𐴐𐴑𐴒𐴓𐴔𐴕𐴖𐴗𐴘𐴙𐴚𐴛𐴜𐴝𐴞𐴟𐴠𐴡𐴢𐴣𐴤𐴥𐴦𐴧𐴨𐴩𐴪𐴫𐴬𐴭𐴮𐴯𐴰𐴱𐴲𐴳𐴴𐴵𐴶𐴷𐴸𐴹𐴺𐴻𐴼𐴽𐴾𐴿𐵀𐵁𐵂𐵃𐵄𐵅𐵆𐵇𐵈𐵉𐵊𐵋𐵌𐵍𐵎𐵏𐵐𐵑𐵒𐵓𐵔𐵕𐵖𐵗𐵘𐵙𐵚𐵛𐵜𐵝𐵞𐵟𐵠𐵡𐵢𐵣𐵤𐵥𐵦𐵧𐵨𐵩𐵪𐵫𐵬𐵭𐵮𐵯𐵰𐵱𐵲𐵳𐵴𐵵𐵶𐵷𐵸𐵹𐵺𐵻𐵼𐵽𐵾𐵿𐶀𐶁𐶂𐶃𐶄𐶅𐶆𐶇𐶈𐶉𐶊𐶋𐶌𐶍𐶎𐶏𐶐𐶑𐶒𐶓𐶔𐶕𐶖𐶗𐶘𐶙𐶚𐶛𐶜𐶝𐶞𐶟𐶠𐶡𐶢𐶣𐶤𐶥𐶦𐶧𐶨𐶩𐶪𐶫𐶬𐶭𐶮𐶯𐶰𐶱𐶲𐶳𐶴𐶵𐶶𐶷𐶸𐶹𐶺𐶻𐶼𐶽𐶾𐶿𐷀𐷁𐷂𐷃𐷄𐷅𐷆𐷇𐷈𐷉𐷊𐷋𐷌𐷍𐷎𐷏𐷐𐷑𐷒𐷓𐷔𐷕𐷖𐷗𐷘𐷙𐷚𐷛𐷜𐷝𐷞𐷟𐷠𐷡𐷢𐷣𐷤𐷥𐷦𐷧𐷨𐷩𐷪𐷫𐷬𐷭𐷮𐷯𐷰𐷱𐷲𐷳𐷴𐷵𐷶𐷷𐷸𐷹𐷺𐷻𐷼𐷽𐷾𐷿𐸀𐸁𐸂𐸃𐸄𐸅𐸆𐸇𐸈𐸉𐸊𐸋𐸌𐸍𐸎𐸏𐸐𐸑𐸒𐸓𐸔𐸕𐸖𐸗𐸘𐸙𐸚𐸛𐸜𐸝𐸞𐸟𐸠𐸡𐸢𐸣𐸤𐸥𐸦𐸧𐸨𐸩𐸪𐸫𐸬𐸭𐸮𐸯𐸰𐸱𐸲𐸳𐸴𐸵𐸶𐸷𐸸𐸹𐸺𐸻𐸼𐸽𐸾𐸿𐹀𐹁𐹂𐹃𐹄𐹅𐹆𐹇𐹈𐹉𐹊𐹋𐹌𐹍𐹎𐹏𐹐𐹑𐹒𐹓𐹔𐹕𐹖𐹗𐹘𐹙𐹚𐹛𐹜𐹝𐹞𐹟𐹠𐹡𐹢𐹣𐹤𐹥𐹦𐹧𐹨𐹩𐹪𐹫𐹬𐹭𐹮𐹯𐹰𐹱𐹲𐹳𐹴𐹵𐹶𐹷𐹸𐹹𐹺𐹻𐹼𐹽𐹾𐹿𐺀𐺁𐺂𐺃𐺄𐺅𐺆𐺇𐺈𐺉𐺊𐺋𐺌𐺍𐺎𐺏𐺐𐺑𐺒𐺓𐺔𐺕𐺖𐺗𐺘𐺙𐺚𐺛𐺜𐺝𐺞𐺟𐺠𐺡𐺢𐺣𐺤𐺥𐺦𐺧𐺨𐺩𐺪𐺫𐺬𐺭𐺮𐺯𐺰𐺱𐺲𐺳𐺴𐺵𐺶𐺷𐺸𐺹𐺺𐺻𐺼𐺽𐺾𐺿𐻀𐻁𐻂𐻃𐻄𐻅𐻆𐻇𐻈𐻉𐻊𐻋𐻌𐻍𐻎𐻏𐻐𐻑𐻒𐻓𐻔𐻕𐻖𐻗𐻘𐻙𐻚𐻛𐻜𐻝𐻞𐻟𐻠𐻡𐻢𐻣𐻤𐻥𐻦𐻧𐻨𐻩𐻪𐻫𐻬𐻭𐻮𐻯𐻰𐻱𐻲𐻳𐻴𐻵𐻶𐻷𐻸𐻹𐻺𐻻𐻼𐻽𐻾𐻿𐼀𐼁𐼂𐼃𐼄𐼅𐼆𐼇𐼈𐼉𐼊𐼋𐼌𐼍𐼎𐼏𐼐𐼑𐼒𐼓𐼔𐼕𐼖𐼗𐼘𐼙𐼚𐼛𐼜𐼝𐼞𐼟𐼠𐼡𐼢𐼣𐼤𐼥𐼦𐼧𐼨𐼩𐼪𐼫𐼬𐼭𐼮𐼯𐼰𐼱𐼲𐼳𐼴𐼵𐼶𐼷𐼸𐼹𐼺𐼻𐼼𐼽𐼾𐼿𐽀𐽁𐽂𐽃𐽄𐽅𐽆𐽇𐽋𐽍𐽎𐽏𐽐𐽈𐽉𐽊𐽌𐽑𐽒𐽓𐽔𐽕𐽖𐽗𐽘𐽙𐽚𐽛𐽜𐽝𐽞𐽟𐽠𐽡𐽢𐽣𐽤𐽥𐽦𐽧𐽨𐽩𐽪𐽫𐽬𐽭𐽮𐽯𐽰𐽱𐽲𐽳𐽴𐽵𐽶𐽷𐽸𐽹𐽺𐽻𐽼𐽽𐽾𐽿𐾀𐾁𐾃𐾅𐾂𐾄𐾆𐾇𐾈𐾉𐾊𐾋𐾌𐾍𐾎𐾏𐾐𐾑𐾒𐾓𐾔𐾕𐾖𐾗𐾘𐾙𐾚𐾛𐾜𐾝𐾞𐾟𐾠𐾡𐾢𐾣𐾤𐾥𐾦𐾧𐾨𐾩𐾪𐾫𐾬𐾭𐾮𐾯𐾰𐾱𐾲𐾳𐾴𐾵𐾶𐾷𐾸𐾹𐾺𐾻𐾼𐾽𐾾𐾿𐿀𐿁𐿂𐿃𐿄𐿅𐿆𐿇𐿈𐿉𐿊𐿋𐿌𐿍𐿎𐿏𐿐𐿑𐿒𐿓𐿔𐿕𐿖𐿗𐿘𐿙𐿚𐿛𐿜𐿝𐿞𐿟𐿠𐿡𐿢𐿣𐿤𐿥𐿦𐿧𐿨𐿩𐿪𐿫𐿬𐿭𐿮𐿯𐿰𐿱𐿲𐿳𐿴𐿵𐿶𐿷𐿸𐿹𐿺𐿻𐿼𐿽𐿾𐿿

Транскрипциясы:

...anta amty al[ač], [al]ty esir, toquz - o□uz kidiz kerekülig begler boduny .....

Аудармасы:

...бүгінгі алаш, алты тақ, тоғыз-оғыз киіз керегелі бектер халқы.

Сонымен бұл сөйлем В.В. Радлов, П.М. Мелиронский, С.Е. Малов оқылымдарынан мүлде басқаша болып шықты. Бұл авторларда эрозияға ұшыраған жолдарды жаңғырту мүмкіншілігі болған жоқ. Аз уақытпен, айнымалы климатты Моңғол жерінде жұмыс жасау оңай болмады. Соның салдарынан түпнұсқа ту баста дұрыс көшірілмеген. Біз бүгінгі ғылым мен техника және уақыт мүмкіншілігін өз дәрежемізде пайдалана алдық.

Нәтижесінде, Түрік қағанатын орнатушы қыпшақ тайпалық одағы алаш атанған алты тақ иесінің алты кіші орданың басын қосып әлемге әйгілі Түрік қағанатын (империя) орнату бақытына ие болды.

Білге қаған мәтініндегі «alaču», «alty esir» атауларына түсініктеме берелік.

Жоғарыда сараптама жасаған б.ж.с. III ғасырында жазылып сақталған қытай дерегіндегі «l(h)o –ša (alaču)», III ғасырда жазылған Хотон-сақ дерегінде «ālaṣyau (alaču)», атауы санскрит дерегінде «batu kṣīru (кіші орда)» деп аударылып сақталуы; және б.ж.с. 666 жылы құрылымдаған Гансудағы (аудан атауы); «хэлань (həlan)»-ның санскрит тіліндегі мағынасы «алаш» (орда) деген сөз екендігі; Батыс Түрік (түргеш) хандығының ордасы орналасқан ауданның (тайпаның) атауы «Түргеш алашы» болса оның көсемінің лауазымы «Түргеш алаш чор» болуы; Басмыл тайпалық одағының көсемі, Біріккен Түрік қағанатының (Ұйғур) алғашқы ханы Ашина

Ши «Һэлан-Пицзю-кэхань (Алаш Білге қаған)» лауазым алуы бізге «алаџи (алаш)» атауының алғашқы мағынасын айқындап беріп тұр. Аталмыш тарихи деректер ежелгі Сюнну (Хунну=ғұн) дәуірінен бастап «алаџи» деген атау болғанын, ол атау үлкен тайпалар немесе тайпалық одақ, кіші хандықтардың (княжество) ордасы екенін, әрі ол «кіші орда» деген мағына беретіндігін дәлелдейді.

Өйтсе Түрік қағанат дәуірінде жекеленген алты тайпалық одақ (хандық) тардың тағын «esir» (есір), ордасын «алаџи (алаш)» деп атағанына куә боламыз. Осы алаш (кіші орданың) басшылары бас қосып ынтамаққа келгенде түрік қағанатын (империя) құрып, Орталығын Орда деп атаған. Кезінде бұл алты тайпаға қыпшақ, тоғыз-оғыз, басмыл, қарлұқ, түргеш, отыз-оғыз тайпалық одақтар (алаштықтар – кіші ордалықтар) кірген сияқты.

Біздің жоғарыда сарапқа салған «алаџи» (алаш) атауының көне дәуірдегі атаудың алғашқы мәні. Нақтылап айтсақ атау мәтінің тереңдегі көне қабаты (слой).

Түрік қағанаты құлап, түркі халықтары ыдырап бас-басымен кетіп басқаларға бодан болып кеткен дәуірде «алаџи» атауы басқаша сипат алды.

Әлемнің қақ жартысына билік жүргізген Түрік қағанаты тарих саханасынан кетті. Түркілердің біразы қытайлардың, бір бөлігі парсылардың, енді бір қаншасы қытандардың қоластында еді. Біраз бөлігі қуыршақ хандық құрып өз күнін өзі көрді. Отыз-оғуз атанған түріктердің біразы Селжүк мемлекетін құрып кешікпей еуропаға аяқ тіреді. Түріктердің Тәңірлік дінінің орнын Ислам, елдері біразын будизім иеленді. Халықтың дүниетанымы өзгеріп, ұлттық менталитетке, ұлттық психологияға аса үлкен төңкеріс жасалды. Күлтегін мәтініндегі Білге қаған өсиетіндей «батысқа, шығысқа да бардық, барған жерден не таптық» дегендейін билігінен, бірлігінен түркілер өз ара алыстай бастады. Түркілер ортасына сынадай сығылып кірген жат дін – жат идеология түркі этносын бір-біріне жауластырды. Біріне – бірі жаттың көзімен қарайтын болды. Халық Қағанат құрған дәуірін, бірлігін, ынтымағын аңсап аһ ұрды.

X-XI ғасырда орта Азияда түркі тектес Дешті қыпшақ, Оғыз, Селжүк, Хорезм, Қарахан сияқты бір неше хандықтарға бөлініп

кетті. Соның ішінде бұрынғы Ұлы Түрік қағанатының тікелей ұрпақтары XI-XIII ғғ аралығында «Ел-бөрі» ақ сүйектер (золотая рода) тайпасы билік құрған Қыпшақ хандығы саяси тұрғыдан да, әскери күш қуаты жағынан да бір шама қуатты болды. Бұрынғы Көк Түрік империясымен салыстыра қарағанда, оның жұртына қайта өсіп шыққан шағын хандықтар еді. Өз ара бірлік береке болмады. Бұл хандықтар арасындағы соғыстар мен қақтығыстар қарапайым халықты ауыр жағдайға түсіріп отырды.

XIII ғасыр бастала салысымен Моңғолдардың ұлы жіңгір шабуылы басталып жарты әлемді қоластына қаратты. Моңғолдардың әлем тарихының сахнасына шығып келуі, түркі этносы үшін жаман болған жоқ. Шыңғыс хан 1196 жылы өзінің Меңгү – шівэйлерінің басын қосып Қамығ Меңгүлер хандығын құрды. 1206 жылға дейін түркі тектес жалайыр, қоңырат, найман, керей, оңғут (уақ), шығыс Түркістандық арсалан – ұйғұрларды қоластына алғаннан кейін орнатқан мемлекетін «киіз туырлықтылардың Моңғол ұлысы» деп атады (МҚШ ...). Бұл арада Шыңғыс хан «киіз туырлықтылар» деп көшпелі түркі, моңғол халқын айтып отыр. Бұл қағанат текқана бүгінгі моңғолдардың ата-бабасы меңгү – шівэйлерді ғана орнатқан Ұлысы емес бүкіл көшпелілердің, соның ішінде түркі моңғолдардың ортақ мемлекеті, ортақ жеңісі, ортақ ұлысы дегенді айтып отыр. Шыңғыс хан армиясының 5% ғана моңғолдар болды. Армиясының негізгі құрамы түркілер (керей, уақ, найман, жалайыр, қоңырат, қыпшақ, үйсін, дулат, кіші жүздің тайпалары) болды. Сонсоң жол-жөнекей жеңген елдердің ер-азаматтарын соғысқа уақытша пайдаланып отырды.

Әлемнің бес үлкен дінін (христиан, будизм, иудей, ислам, тәңіршілдік) бірдей құрметтеді. Бірінен бірін артық көрген жоқ. Барлығы да жаратушыны, жаратушы бір құдайды ұлықтайтын болғандықтан ол бір жаратушыға деген құрмет деп көрді. Өзінің бағындырған елін, жұртын, халқын бір ғана ұлы Йаса заңымен ұстауды бұйырды. Сөйтіп, әлемде тұңғыш мәрте жаһандану идеясын ұсынды. Нәтижесінде бір-бірінен алыстап кеткен түркі халқының басын қосты.

Жошы – қыпшақ ұлысының (Алтын орда) соңғы дәуірінде, нақтырақ айтсақ Тоқтамыс хан заманында қазақтың ұлы даласын-

да бір неше тайпалық одақтар пайда болып, Көк Түрік қағанаты орнар алдындағыдай өз-өз ордасын құра бастады. Олар тайпалық ордаларын «алаш» деп атай бастады. Моңғолстанда билік құрған Сұлтан Жүніс ханның екі ұлы екі кіші орда құрып алды. Бұл туралы Бабур өз еңбегінде атап өткен. Үлкені Сұлтан Махмудтан гөрі кішісі Сұлтан Ахмет ел ішінде беделді болған сияқты. Ол Моңғолстанның көшпелілер арасында 1487 -1504 жылдары хан болды. Мирхонд мен Хондемир Сұлтан Ахмет ханды «Алашы хан» деп атаған. Ол халмақ, моңғол тіліндегі «алач- бас кесер, кісі өлтіруші» хан деген сөз емес. Керісінше, өзі жеке кіші хандық құрып бұрынғы дәстүр бойынша ордасын «алаши» (алаш) деп атағандықтан «Алаш хан» атанған болу керек.

Сұлтан Ахмет хан жауға шапқанда «алаш, алаш» деп ұран салып атой салуы басқа аталас хандықтардың аруағын шақырып ұран тастағаны. Жеңіліп бара жатса, немесе шабуылы сәтсіздікке ұшырайтын болса басқа алаштықтар көмекке келеді. Бұл арада Сұлтан Ахмет «Алаш хан» атанып ұран боп тұрған жоқ, бабалар аруағын шақырып ұрандатып тұр. Бабур – намеде Сұлтан Ахметтің «Алаш» аталған себебін қалмақтар мен моңғол тілінде «өлтіруші», «бас кесер» деген мағына береді дегені де дұрыс. Өйткені қалмақтар мен моңғолдар тілінде түріктің «алаш» сөзі солай түсініледі. Ол өз түсінігімен солай қабылдаған. Сондықтан бұл мағынасындағы ұран емес көне түрік мағынасындағы алты алаштың аруағын шақырған ұран.

«Алаш мыңы» дегенге келсек ол дәуірде қазақ тілінде бірнеше кіші орда (алаштықтар) болды. Солардың жасақтаған мындығын «Алаш мыңы» деп атаған болу керек. Ал, үлкен хандық құрып, орда тіккен Бұрындықтардың мындығы, түмендігі ол басқаша аталады.

Қазақ тарихына қатысты деректердің ішінде ерекше мән беріп шұқшия зерттейтін бір дерек – Алаш баһадүрге байланысты әңгіме.

Масуд ибн Осман Кухистани дерегі бізді ерекше қызықтырды. Онда:

«...[Абу-л-Хайр] – сұлтан обладатель ангельских качеств, в негде на благополучие и счастье остоновиля юрте (может быть Орда-К.С) Алаша-баһадуру, калантара большого аймака. Алаша –

баһадур и прочие калантары того могущемтвенного султана, опоясались поясом искренной дружбы и служения и с утра до вечера беспрекослевно исполняли службу. .... Алаш – баһадур и его аймак ... проявивших услужение и усердное моление, одарил до-рогими халатами и такой царственной милостью, что невозможно представить больше этого, и оставил в его компетентом держании [право] распоряжения [своей] страной и имуществом ... » (тарих – и Абу-л-Харйр-хани. МИКХ. 1969. с. 143, 145).

1426 – жылдары Жұмадық хан мен Маңғыт әмірлері арасында болған соғыста хан қаза тауып 16 жастағы Әбілқайыр сұлтан қолға түседі. Оның Шыңғыс хан ұрпағы, билік әулетінен екендігін білген соң маңғыт әмірлері Әбілқайырға құрмет көрсетіп босатып жібереді. Жас сұлтан (жанында мықты, ақылды кеңесшілері болған болуы мүмкін) еш қайда бұрылмастан Қыпшақтың атақты батыры, әрі биі Алаш-баһадүр ордасына келіп паналайды. Ал, Әбілқайыр ханзада Шығыс әулетінің ақсүйектер тұқымынан.

Неліктен Әбілқайыр ханзада Алаш-баһадүрге барды? Алаш-баһадүр іспеттес ұлы далада ондаған батыр бағыландар тұрғанды, неге олай жасады? деген сұрақ туындайды. Жоғарыдағы сілтемеге қарағанда Алаш-баһадүр сияқты бір неше «Тантара»-лер, алаш ордалар бола тұра Алаш-баһадүрге келген.

Алаш-баһадүр XI – XIII ғасырларда хандық құрған Қыпшақ тайпалық одағаның тұқымы. Қыпшақ хандығының билік тайпасы Ел-бөрінің әулетінен болуы мүмкін. Оның сыртында бұл қыпшақтар бұрынғы Көк Түрік қағанатын құрушы тайпалық одақ. Атақты Күлтегін, Білге қаған, одан бұрынғы Бұмын, Іс-темі (Дизабул), Мухан қағандардың тұқымы. Нақтырақ айтсақ түрік этносының хан тұқымының алтын ұрпағы. Жошы басқарған Шыңғыс хан армиясы Орта Азияны қоластына алғаннан кейін бұл тайпаның бұрынғы әлеуеті төмендегенімен түркілердің алтын ұрпағы екеніне Шыңғыс ханның өзі үлкен мән беріп санасып отырған. Ұлы қағанның осы бір саясатына ғалымдар бүгінге дейін назар аударма алмай келеді.

Ұлы қаған 1224 жылы Жошы хандығын құрып, үлес жерін бөліп беріп, елін «Жошы-қыпшақ ұлысы» деп атауының өзі, бұл ұлыстың тілі қыпшақ тілі болуы, Шыңғыс ханның ұрпақтары

басқарған басқа ұлыстары (Шағатай, Өгедей, Тулуй т.б). соғыстан түскен пайданың белгілі мөлшерін Жошы-қыпшақ ұлысына бөліп беріп отыруы, бұрынғы Көк Түріктің хан әулетіне көрсетілген басымдық, аса үлкен артықшылық әрі құрмет еді. Сол Ұлы қаған Шыңғыстың ұрпағы басына күн туғанда бірден Қыпшақ тайпасына келіп бас сауғалауы орынды. Өйткені Түрік тектес қауымның, қалың түркілердің хан тұқымына жүгініп, соның көмегін алу саяси жағынан да, әлеуметтік жағынан да Әбілқайыр үшін пайдалы болады.

Жоғарыдағы Масуд ибн Осман Кухистан дерегінде Алаш-баһадүр, және басқа калантаралар «адал достықтың куәсі ретінде Әбілқайырға белбеу буындырып, қымбат шапан сыйға тартты, сый құрмет көрсетті» деген ақпарат қалдырған. Осман Кухистан бұл арада байырғы көшпелілердің билік жүйесіндегі дәстүр-салт, ритуалдарды түсінбегендігі байқалды.

Сонау хуннудан бастап Шыңғыс ханға дейін байырғы көшпелілердің хандары мен қағандарын хан көтергенде ханның жеті асыл, қасиетті символын белгілеп табыстайтын болған. Олар:

1. Аса таяқ, 2. Байрақ-ту, 3. Тәжі, 4. Хан белдігі, 5. Хандық камзол, 6. Хандық атағы (темужинге Шыңғыс хан атағы берілетіні сияқты), 7. Хан күлігі (аты).

Міне осы жеті символын байырғы Көк Түріктің алтын ұрпағы Алаш-баһадүр өз қолымен табыс етіп Әбілқайырды хан көтерген. Осман Кухистанның көзіне оттай басылып назарын аудартқан дүние хан белдігі мен хан камзолы болған. Сондықтан ол көшпелілердің басқа ритуалына мән бермей текқана белдігі қымбат бағалы шапанын (хан камзолы) ғана сөз еткен.

Ал, Алаш-баһадүр, Көк түріктерден жалғасқан «Алаш» атауын ұран ретінде көтеріп алып жүргендіктен Алаш-баһадүр атанған болу керек.

«Алаш» атауы ұранға айналған бұл кезең «Алаш» атауының мәні, мағынасы қоғамдағы міндет-мақсаты өзгерген мағыналық екінші қабатын (слой) көрсетеді.

Алаш атауының үшінші қабаты мүлдем басқаша өзгеріске түскен. Дыбысталу формасы «alažuq (алажық)», «alacūq (алачық)», «alazaıq (алажук)», «alacıq (алачук)», «alashuq (алашық)», «yлашуq



(ылашық)», «alaşuq (алашық)», «ulaşuq (уалашық)», «alaža (алажа)» т.т.с.с (ЭСТЯ. 1974. с. 130).

Мағынасы: сарай, баспана, үй, күрке, лашық.

«Aла̇ıcık» (алашуқ) сөзіне лингвистикалық талдау жасалық.

Aла+çиқ; Aла – ала, шұбар,. Ала – әр түрлі өңнен, әр түрлі тектен, әр түрлі заттан құралған заттың сыны. Aла̇ıу / ала̇ıуқ сөзінің алғашқы кездегі «ала» түбірінің мәні әртүрлі рулардан, тайпалардан құралған орталық баспананы білдіреді. Осы «ала» (ала) түбірге – çи / çиқ жалғауы жалғанған. –çи / çиқ жалғауы түбір сөзге (зат есім, сын есім, етістік жалғанып зат есім тудыратын көне жұрнақ (Brockelman OGM § 26).

– çи / çиқ, - жалғауындағы аталмыш затты кішірейтіп көрсететін мағына береді (Doerfer III02; ЭСТЯ. 1974. с. 132-133).

Біздің сөз етіп отырған «ала̇ıу», «ала̇ıуқ» атауларымыз әр түрлі ру, тайпалардан құралған кіші хандықтың, тайпалық одақтың ордасын белгілеп отыр. Осы әр түрлі тайпаның орталығы болған орда кіші орда екенін көрсету үшін – çи / - çиқ жалғаулығы жалғанған.

Қорытынды.

1. Ж.с. III – XII ғғ аралығында Алаш (ала̇ıу / ала̇ıуқ) атауы алақұла әртүрлі ру тайпаның басын қосып бір орталыққа бағындырған тайпа, тайпалық Одақ немесе «кіші хандықтың Ордасы» деген мағына берген. «Алаш» атауының бұл бірінші кезеңі (қабаты).

2. Ж.с. XII-дан бүгінге дейін қазақ ұлтын құраған тайпалардың ұраны болған. Бұл атаудың екінші кезеңі.

3. Атаудың алғашқы қабатының (кезеңінің) «кіші орда» деген мәні өзгеріп, қазіргі заманда «баспана», «үй», «күрке», «лашық» деген мағынада түркі халықтарының сөздік қорында сақталған.

4. XX ғасырда қазақ ұлтының балама атауына айналған. Бұл атаудың төртінші қабаты (кезеңі).

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Divanü Lûgat-it-türk tercümesi. Çerren B. Atlay. T. I. Ankara. 1986.
2. А. Б. Материальный быт ранних тюрок. Жилище // Природное окружение и материальная культура пратюркских народов. М. 2008. С. 219-272.
3. Жалайр Қ. Шежірелер жинағы. Алматы 1997.
4. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. Т. IV (Аударып

- түсініктемесін жасаған Б. Еженханұлы, Ж. Ошан) Алматы. 2006 ж.
5. Құдайбердіұлы Ш. Түрік қазақ-қырғыз һәм хандар шежіресі. Алматы. 1991.
  6. Малявкин А.Г. Историческая география Центральной Азии. Новосибирск. 1981.
  7. Малявкин А.Г. Танские хроники о государствах Центральной Азии. Новосибирск. 1989.
  8. Махмуд Кошгорий. Туркий сузлар девони (Девону луғотит турк) Таржимошы С. М. Муталибов. Тошкент. 1960.
  9. Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. Алматы 1969.
  10. Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. Алма-Ата. 1999.
  11. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. М., 1974.
  12. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары 1-кітап. Астана. 2003.
  13. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары 2-кітап. Алматы. 2012.
  14. Таскин В.С. Материалы по истории древних кочевых народов группы дунху. М., 1984.
  15. Тарих-и Абул-хайр-хани // Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII вв. А-А., 1969.
  16. Bailey A.W. Dictionary of Khotan Saka. Cambridge. 1979.
  17. Brockelmann C. Osttürkische Grammatik der islamischen Literatursprachen Mittelasiens. Leiden. 1954.
  18. Doerfer G. Türkische Elemente im Neupersischen. Alif bis. ta. Wiesbaden: 1965. Bd. II.
  19. Emmerick R.E.; Skjærvø P.O. Studies in the Vocabulary of Khotanese. Wien. I-1982; II-1987; III-1997.
  20. Konoy S. Khotansakische Grammatik. Leipzig. 1941.
  21. Zieme P. Die türkischen Yosipas-Fragmente. MIO. Bd. XW. Heft. 1. Berlin 1968.
  22. Цы хай (Сөз мұхиты: Энциклопедиялық сөздік). Бейжін. 2010.

### **Қысқарған атаулар**

ТПХЮЦ – Юэ Ши Тай-пин Хуаньюй цзи (Тай пин Син-гоның ел басқарған заманы (976-983 жж.) туралы белгілеу).

ЭСТЯ – Этимологический словарь тюркских языков.



### **Әбсадықов Алмасбек**

А. Байтұрсынов атындағы  
Қостанай мемлекеттік  
университетінің проректоры,  
филология ғылымдарының  
докторы, профессор

## **АЛАШ ҰРАНЫ ЖӘНЕ БӨРІ ТОТЕМІ!!!**

Түркі тектес халықтардың арасына кең тараған таным бойынша Алаш - ортақ ұран және түпкі баба. Ал бұл ұғымдар халықтың тотемдік наным-түсінігіне байланысты қалыптасатыны белгілі. Сондықтан «Алаштың» төркінін тотемдік түсініктерден іздеген жөн. Мұнда ә дегеннен ауызға ілінетін тотем – қасқыр. Көшпелі түркілер өздерінің шығу тегін қасқырдан (бөріден) таратқаны көпшілікке мәлім. Айталық, көне көк түркілердің билеуші әулеті өздерін «Ашина», яғни «қасқыр тектес ұрпақтарымыз» деп санаған. Түркі тектес башқұрт (бас+құрт(қасқыр)) халқының атауында да «қасқыр» ұғымы орын алған. Қазақтың Кіші жүзінде «Қызылқұрт» деген ру атауы бар. Сонымен қатар қазақтар ұрысқа шыққанда бөрі бедерленген байрақ көтеретін болған. ХІХ ғасырда өмір сүрген Сүйінбай ақын бөрілі байрақ туралы:

Бөрілі менің байрағым,

Бөрілі байрақ көтерілсе,

Қозып кетер қайдағым, - деп жырлған еді.

Ұранға айналып, байраққа бедерленген ұғымның көне бастауы тотемдік наным-сенімдерге тірелетіні сөзсіз. Өйткені жауға қарсы айбат көтеріп, рух шақыратын нышандарда кездейсоқ мағына бол-

майды және онда халықтың наным-сеніміне қатысты түсініктер мен ұғымдар орын алады. Соғыс немесе ұрыс үстінде жауласушы жақтар ұран сөзі арқылы өздеріне жәрдемге, көмекке келетін тотем бабасын, аруақ иелерін, сондай-ақ мұсылман әулие-әнбиелерді, пірлерді шақырады. Байрақ көтеру арқылы жауынгерлерді жігерлендіреді. «Қазақ халқының, - деп жазады Қ. Халид,- «ұран» дейтін сөзі бар. Қыздыру, жиналу, қайрат беру мағынасында айтылады. ...Әр рудың өзіне тән ұраны болады. Егер өзге тайпалармен ұрыс-қақтығыс бола қалса, «Алаш, Алаш» деп шақырады»[2, 72].

Алаш сөз жоқ, «өзге тайпалармен ұрыс-қақтығыста» шақырылатын ұран. Бұл - бір. Ал ұранға арғы ата-баба есімдері алынатыны мәлім. Мұны қазақ аңыздарының мазмұндары да айқындайды. «Алаш» деген атты ұранға қойып, жауға шапқанда «Алаш, алаш» деп шабындар. «Алаш, алаш» демегенді әкең де болса ұрып жық деп бата қылысыпты» [3, 153], - дейді қазақ аңыздары. ендігі бір тұста аңыздар: «Бұрын қазақ бөтен халықпен шектессе, біреуі «Алаш» деген ұранды шақырса, бәрі бірыңғай бо-



лып, тез жиылып, тілек қосып қалады екен» [4, 57]. Демек, Алаш ұраны әке орнынан да жоғары ұғым, яғни тотем баба екендігін және тілегі бір туысқандық ұғымда қолданылғанын байқаймыз. Біздің пайымдауымызша, Алаш - көшпелілердің бөрі тотемі. Ол қасқырды, яғни тотем бабаны тұспалдап атауынан қалыптасқан ұғым. Тотем бабаны тура атамай, тұспалдап атау көп халықтардың дүниетанымында сақталған. Мысалы, қазақтар сол қасқырдың өзін «бөрі», «ит-құс», «сырттан» деп те атайды.

Бұл мысалдардың логикалық қисыны біздерді бөрілі байрақ пен «Алаш» ұранын бірін-бірі толықтыратын ұғымдар қатарына жатқызуға жетелейді. Оның бірі сурет түріндегі белгі болса, екіншісі сол суретке «жан бітіретін» ұран сөз. Екеуі де көне рухтың бөрі ұғымының сипаты. Сурет ретінде сақталған байрақтағы бөрі бедерінің тотемдік сипаты анық болса, сөзбен жеткен «Алаш» ұранының түпкі мағынасы өте көмескі.

Түркілік «Алаш» ұранының көне мағынасын ашуға алғаш талпыныс жасағандардың қатарына қазақтың XX ғасыр басындағы Алаш зиялыларының атын атауға болады. Олар бұл сөзде халықтың көне дүние танымына қатысты ұғым бар екендігін дұрыс ұғынды, дәл болжады. Мысалы, көрнекті Алаш қайраткері Ә. Бөкейхан ұран туралы мынадай пікір білдірген еді: «...Ни один из этих родов не отказывается от подчинения, кроме своего родового частного «урана» (боевой клич), общенародному «алаш» обязывающему каждого киргиза беспрекословно идти на помощь обиженному собрату, забывая даже междоусобицы и хотя бы в виду сильного неприятеля и неминуемой от него смерти. Эта-то своеобразная и интересная жизнь киргизов отразилась, как в зеркале, в их разнообразной и богатой устной поэзии. Многие из этих произведений носят на себе следы глубокой древности и печать отдаленного прошлого жизни, быта и верований киргизов» [5, 319].

«Ажал кебінін киетін қауіпке қарамастан «Алаш» ұранының соңына еретін қазақтың» көне дүниетанымында «Алашқа» қатысты көмескі таным бар екендігін М. Дулатов та атап өтеді. Ол былай деп жазады: «Қазақтың не себептен алаш, не себептен қазақ, үш жүз атағанын баяндайтын бұлардан басқа да ертегілер бар... Бірақ мұндай ертегілер қазақтың аты, тегін зерттеушілерді ойға

қалдырарлық жері бар. Мәселен, қазақ, я алаш, қалай да болса, бір кісі-ру басы емес екені рас-ау, әйтпесе біріне-бірі қайшы келе берсе де, көптеген халық аузында сөйленіп ертегі болып жүргеніне қарағанда, «қазақ», «алаш» сөздерінің түбінде бір көмескілік бар ғой дегізетін. Тарихшылар мұндай ертегі сөздерді де ескерусіз қалдырмай, түбінде салыстыра, қорыта келе бір дәлелді мағына шығаруға болар деген үмітпен жинап жазады. Бірақ әлі күнге шейін ондай сөздерді қолданып бір нәтиже шығарған жоқ» [6, 318].

XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында Алаш зиялыларының тарапынан қойылған бұл мәселе әлі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Біздіңше, Алаш ұранын жалпы халықтық дүниетаныммен, атап айтқанда, түркі-моңғол кеңістігіндегі халықтардың тотемдік наным-сенімімен және көшпелілік таныммен байланыстыра зерттеген дұрыс. Өйткені «Алаш» - қырғыз, қарақалпақ, ноғай, өзбек сынды көшпелі түркі халықтарына да ортақ ұран [2, 72]. Г.Потанин айтуынша, «Алаш» ұранын моңғолдар да қолданады [7, 265]. Қазақ тарихшысы М. Тынышпаев қырғыз бен қарақалпақтар қазақтармен жүз арқылы емес, ортақ «Алаш» ұраны арқылы бірігетінін атап өтеді. Түркі-моңғолдық туысқан халықтарды Алаш ұғымы арқылы жақындатып тұрған басты нәрсенің бірі - тегі мен тілі бір туысқандық қана емес, көшпелі тұрмыс-тіршіліктен туындайтын дүниетанымның бірізділігі.

Дүниетанымның бірізділігі көшпелі халықтардың сыртқы жауға бірге тізе қосып күресу үміті мен тілегіне де сүйеу болады. Көшпелі түркі халықтарын, яғни «алашты» бір шаңырақ астына біріктіруге ұмтылу көрінісі қазақ тарихында бірнеше рет орын алған еді. Айталық, XVIII ғасырдың соңғы ширегінде хандық билік пен отаршылдық езгіге қарсы көтерілістің жетекшісі Сырым батыр көшпелі тіршілік ететін алты алаш халқын-қарақалпақ, сарт, өзбек, қазақ, түркмен, естектерді (башқұрт) орыс үкіметіне қарсы бірігіп күресуге шақырғандығы туралы аңыз сақталған. Ол: «Мы – каракалпаки, сарты, узбеки, казахи, туркмены и эстеки- все эти шесть народностей должны объединиться и выступить войною против русского царя, иначе он поодиночке разобьет каждого из нас» [8, 236],- деген үндеу тастаған.

Қазақтың соңғы ханы Кенесары да қырғыз халқын Ресейдің отарлау саясатына қарсы көтеруге ұмтылғаны тарихтан белгілі.

Олай болса, қазақтарда Алаш ұғымына қатысты дүниетаным өзге түркі тектес халықтарға қарағанда тереңірек сақталған және онда далалық өлкеде еркін көшіп-қонып жүрген тәуелсіз көшпелі тұрмыс ардақталатын сарын сақталған. Бұл сарын Мәшһүр Жүсіп жазбаларына тіркелген аңыздың мазмұнынан айқын көрінеді. Аңыздың қысқаша мазмұны мынадай: «Бұқара ханы (назар аударыңыз: отырықшы өлкенің ханы-А.Ә.) Қызыл Арыстанның анадан ала туғандықтан Сырдариядан әрі өткізіп (далалық өлкеге-А.Ә.) қуып жіберген баласы Алаша уақыт өте келе ел болып қатты күшейеді. Оны естіген хан Қотан, Қоғам, Қондыгер, Қобан, Майқы билерге елші жіберіп баласын қайтаруды сұрайды. Билер өз тарапынан жүз жігітті жіберіп қайтсын деген хан тілегін жеткізгенде Алаша хан маңындағылар:

«Аты бестісінде қартаятын,  
Жігіті жиырма бесінде қартаятын,  
Көк шөпті жұлғаннан басқа ісі жоқ,  
Еркегі ат болатын, ұрғашысы жат болатын,  
Тымақты тақияға айырбастайтын,  
Пышақты қасыққа айырбастайтын,  
Тары мен бидайдың нанын жегенге,  
Жаумен көженің суын ішкенге құтыратын,

Бөдененің бір санын жегенге күпті болатын сарттың жаз болса тұзын, қыс болса отыны мен көмірін тасығаннан басқа қызығы жоқ жерде не ақыларың бар?», - деп жауап қатып, отырықшы өмірді жақтырмайтынын жеткізеді. «Біз енді ел болғанымызды, жұрт болғанымызды жұрт көзіне түсірелік» деп Алашаны Ұлытаудың басында хан сайлайды»[3, 128-129]. Аңыздың соңы көшпелі қазақтарға билік құрған Алаша ханның тұсы халық тұрмысының бағы жанып, татулығы жарасқандығын мәтел сөзбен жеткізеді:

«Кеше Алаш, Алаш болғанда,  
Алаша хан болғанда,  
Үйіміз ағаш болғанда,  
Ұранымыз Алаш болғанда,  
Үш жүздің баласы қазақ емес пе едік?!»[3, 153]

Аңыздағы «үйіміз - ағаш» деген тіркес - көшпелі тұрмыстың басты символы кигіз үйдің бейнесі. Ал «Ұранымыз алаш болғанда//

Үш жүздің баласы қазақ емес пе едік» деген жолдар «Алаш» ұраны арқылы көшпелі қазақ руларының Үш жүз болып біріккендігінен хабар беріп тұр.

«Алаш» сөзінің қасқыр ұғымын беретін мағынасының түзілуіне көшпелі моңғол-түркі тектес халықтардың көне түсінігі арқау болған. Оған Шыңғыс ханның арғы шыққан тегін баяндайтын көне мифтік аңыздың тікелей әсері бар деп есептейміз. Ол - моңғол тектес тайпалардың шығу тегін баяндайтын Алаң-Қоға (сұлу) туралы көне миф.

Көне миф мазмұны моңғол тайпасын Бөрте Шынуа (бұл есім қасқыр деген мағына береді) мен Марал сұлудан таратады. Олар Көк Тәңірінің жебеуімен теңізден өтіп, Бұрхан Қалдын деген тауды мекен етеді. Бұлардан бес-алты ұрпақ өткеннен кейін Борықшын атты бала туады. Борықшыннан Дұба соқыр мен Добу мерген деген екі бала дүниге келеді. Добу мерген Алаң сұлу деген қызға үйленеді. Алаң сұлу Добу мергенге тиген соң Белкүнтей, Бекүнтей есімді екі ұл туады. Ал, Дуа соқырдың төрт баласы бар еді. Дұба соқыр өлген соң, оның балалары Добу мергенді көзге ілмей, келе-ке етіп, өз жөндеріне кетеді... Сөйтіп жүргенде, Бобу мерген ғайып болады. Добу мерген ғайып болғаннан кейін Алаң қоға ерсіз жүріп, Бұқа Қатығы, Бұқұчи Салчи, Боданшар Мұнқақ есімді үш ұл туады. Белкүнтей, Бекүнтей екі ұлы шешелерін мына ұлдарды қалай туды деп жасырын әңгіме етіп: «Ағайын-туыстарда өзі тұрғылас адам жоқ. Сонда бұл ұлдар кімдікі болды? Мына Мақалық Байғұдай адамы басшылық етеді. Соныкі шығар?!», - деп шүйіркелескенін Алаң қоға сезіп, көктемнің бір күні сүрленген қойдың етін асып, бес ұлын қасына шақырып, қатарластыра отырғызып бір-бір жебе ұстатып: «Ұлдарым, осы жебені сындырыңдар!», - дейді. Ұлдары сындырып тастайды. Және тағы да жебені біріктіріп ұстағанда, оны ешкім сындыра алмайды. Сонда шешесі Алаң Қоға бүй дейді: «Екі ұлым, сендер мына туған үш ұлды кімнің балалары болды деп күдіктенесіңдер! Күдіктенгендерің дұрыс! Әр түн сайын сары шегір адам келіп, құрсағымды сипап түңілік, маңдайшыдан сәуледей еніп, күн мен ай жарқырап шығар шақта сары ит болып, жаланып-жұқтанып шығып кететін еді. Соған қарап мен бұларды тәңірдің ұлдары ма деп ойлаймын! Қараша адамға теңеп, сөз етпей-ақ



қойындар! Күндердің күнінде қиырдың қағаны, ұлыстың иесі болған тұста, сонда ұғасындар, сендер! Қара басты кісілер емес. Әйтеуір, сен екеуің көлеңке-нөкерлерің болсын!» дейді. Екі ұлы үн қатпайды. Алаң қоға тағы да ұлдарына өсиет етіп:

«Сен – бес ұлым, бір құрсақтан тудыңдар,

Сен бесеуің тату болмасандар –

Жаңағы жалғыз жебедей оңай жеңілесіндер.

Жаңағы біріккен жебедей бірлікті болсандар –

Сендерді кім жеңе алар еді!», -дейді.

Содан кешікпей Алаң қоға ғайып болады» [9, 30-34].

Мифтің жалғасы Алаң сұлудың күйеусіз тапқан үш ұлының кенжесі Боданшардың ұрпағынан Шыңғыс ханның дүниеге келгені туралы баянға ұласады. Демек, Шыңғыстың арғы тегінде Көк Тәңірі қолдаған бөрі тотемінің ізі болса, бергі атасында иттің ізі бар. Қазақ ұғымы - үшін ит пен қасқыр бір тұқым. Қазақтар қасқырды кейде ит (ит-құс) деп те атайды. Сондықтан болар Алаң қоға туралы айтылатын мифтің қазақ арасындағы нұсқасында көктен түсетін сәуле қасқыр бейнесінде: «Дуюн – Баян имел сыновей от первой жены; потом он взял Алангу; умирая, он сказал своей жене Алангу, что он будет приходиться к ней в виде света, а уходить в виде волка. И он приходил, а уходя восклицал: «Чингис! Чингис!» У Алангу родился сын Чингис. Братья сказали: «Ребенок родился без отца! Значит он прижит от незаконного мужа». Они хотели убить Чингиса. Чингис, будучи еще мальчиком, бежал вверх по реке Курлен...» [10, 64].

Моңғол тілінде қасқыр деген ұғым «чино, шина, шоно» деген сөзбен беріледі. Алаң қоғаға сәуле болып келіп жүрген тотем, аруақ – қасқыр. Осыдан барып түркі-моңғол тектес көшпелілер өздерін Алаң мен «шононың» ұрпағымыз деп танығанға ұқсайды. «Алаң» мен «шынның» кіріге бірігуінен «Алаш» сөзі түзілген, «Алаш бабалары», «Алаш ұраны» сынды ұғымдар қалыптасқан.

«Чино» сөзі, яғни қасқыр Темучин, Шыңғыс есімдерінде де орын алған. Бұл орайда, «Ақсақ құлан-Жошы хан» аңызының бір нұсқасында Жошының әкесі Шыңғысты Алаша хан ауыстыратынын еске салғмыз келеді [11, 395-400]. Үш жүз қазақтың Кіші жүзі Алшын деген тайпа бірлестігінен тұрады. Осы атаудағы «шын»

сөзі қасқыр ұғымының моңғол тіліндегі баламасына жақын. Қазақ тарихшысы М.Тынышпаев «Алаш» ұранын негізінен Алтайды жайлаған Алшын тайпалары алып келген деп есептейді [12, 72-73].

Келтірілген мысалдар Алаш сөзіндегі «шын» (чин) ұғымының көне миф арқылы халық танымына орныққанын көмескі болса да байқатады. Ал сол кіріге біріккен сөздегі алғашқы сыңар «Алаң» атауы қайда деген сұрақ туары анық. Бұл тұста келтірілер мысал өте аз. Алаш сөзінің ұрандық сипатын ашатын ұғымдарды қазақ фольклоры мен жырау-жыршы шығармаларынан тани аламыз. Халықтың көне түсінігінен мол хабары бар жыраулардың бейнелі сөздерінен «Алаң» атауын немесе сол ұғымды беретін сөздерді кездестіруге болады.

Алдымен ХҮІ ғасырда өмір сүрген атақты жырау Қазтуғанның толғауынан үзінді келтіреміз. Оның «Еділмен қоштасу» атты толғауының бастауы «Алаң» деген сөзді бірнеше рет қайталаудан басталады:

Алаң да, алаң, алаң жұрт,

Ақ ала ордам қонған жұрт...

Осындағы «Алаң» сөзі көне аңыздағы Алаң қоға бейнесі. Толғауға бұл сөздің арқау болып отырғанының бірнеше себебі бар. Біріншіден, аңыздағы Алаң сұлу бес ұлының басын біріктіріп, бірлікті өсиет еткен болатын. Екіншіден, әкесіз туғандықтан елден қуылған Шыңғыс ханды Майқы би бастаған 12 би баланың шешесі Алаң сұлудың жөн сілтеуімен тауып алып, жұртқа әкеліп хан ететін [10, 64-65]. Толғау тілімен айтсақ, «ақ ала орда» тігеді. «Алаң жұрт» - бір анадан туған ұлдардың жұрты әрі бірліктің символы. Ал бірлігі мықты жұртқа ғана «орда» тігіледі. Орда – биліктің, яғни Шыңғыстық биліктің символы.

Алаң қоғаның бес ұлына берген өсиеті тұспалды бейнелі сөзбен Махамбеттің толғауында да айтылады:

Біз бір енеден бір едік,

Біз енеден екі едік.

Екеуіміз жүргенде,

Бір-бірімізге ес едік.

Бір енеден үш едік,

Үшеуіміз жүргенде,

Толып жатқан күш едік.

Бір енеден бес едік,

Бесеуіміз жүргенде,

Алашқа болман деуші едік.

Өтемістен туған он едік,

Онымыз атқа мінгенде,

Жер қайысқан қол едік.

Махамбеттің беске дейін санамалап отырған тұстары Алаң қоғаға қатысты айтылатын көне аңыздың көркем өлеңдегі көрінісі. Ақын «төрт» деген сөзді айтпайды. Өйткені аңызда төрт ұл деген дерек жоқ. Ақын Алаң қоғаның күйеуден тапқан екі ұлы мен күдіреттің қолдауымен дүниеге келтірген үш баланы қосып «бір енеден бес едік» деп аңыздағы бес баланы мегзейді. Ол өлеңде енеден туған бес балаға атадан (Өтемістен) туған он бала қосылып, «жер қайысқан қол едік» деп жырлайды.

Ақынның «Бесеуіміз жүргенде// Алашқа болман деуші едік» деген жолдағы сөздер – бірлікті насихаттау және Алаң сұлудың бес баласына бірлікті өсиет еткен қайта бір еске салу. Махамбет ақынның аталмыш толғауы бірлікті, тегеуіріні мықты күштілікті аңсаған тілектен туған.

Қорыта келгенде, көшпелілерге «Алаштың» ұран болып жүрген себебі бірнешеу. Біріншіден, ол - Еуразия кеңістігінде XIII ғасырдан бастап тұтас дүниетанымға айналған шыңғысизмнің бастау арнасы. Екіншіден, Алаш -бір ана мен тотем бабадан тараған ұғымның түсінігі. Үшіншіден, Алаш - бірліктің символы. Осындай жиынтық ұғымдардың негізінде «Алаш» көшпелілердің ұранына айналған. Біздің ата-бабаларымыздың рухы бедерленген азулы аң, дала көкжалы-бөрілі байраққа қаны қалай қызатын болса, «бөрінің ұрпағымыз» деген мағына білдіретін «Алаш» ұранына да солай қаны тулайтын болған.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сейдімбек А. «Алаш» атауы қазақ хандығын жасақтаудың антропонимиялық концепт тұрғысында //Мемлекеттілік және Ұлы дала: Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. Астана, 2006.-224 б.

2. Халид Құрбанғали Тауарих хамса (Бес тарих). Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. -Алматы: Қазақстан, 1992. -304 бет.
3. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 8 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006.-452 б.
4. Қазақ шежіресі // «Айқап» (Құрастырушылар: Ү. Субханбердина, С. Дәуітов. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. -367 бет), - дейді.
5. БөкейханӘ.Таңдамалы.Избранное.-Алматы:Қазақ энциклопедиясы, 1995.-478 б.
6. Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, қара сөздер, көсем сөз./Құрас. М. Әбсембетов, Г. Дулатова. Алғы сөзін жазған Ж. Ысмағұлов. –Алматы: «Жазушы», 1991.-384 б.
7. История Казахстана в русских источниках ХУІ-ХХ веков.Том УІІ. Потанин Г. Н. Исследования и материалы. / Составление тома и указателей, транскрипция текстов, историографический очерк К.Ш. Алимгазинова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. -600 с.
8. Вяткин М. Батыр Срым. Учебное издание. Алматы: «Санат», 2002.- 344 с.
9. Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. ІІ том. Лұбсанданзан. Ежелгі хандар негізін салған төрелік жосығының туындыларын құрастырып, түйіндеген Алтын тобчы (Алтын түйін) демек-дүр. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.- 305 б.
10. Казахский фольклор в собрании Г. Н. Потанина. (Архивные материалы и публикации). Алма-Ата, «Наука», 1972.- 382 с.
11. Алаша хан һәм оның баласы Жошы хан турасынан қазақ арасында бар сөз. //«Дала уалаятының газеті». -Алматы: Ғылым, 1990. -584 б.
12. Тынышпаев М. Великие бедствия... (Ақтабан-шубырынды). –Алма-Ата:Жалын, 1991.-152 с.

## КӨКБӨРИНІҢ ТАҢБАСЫ

Қазақ үні газеті, № 17 (626), 29 сәуір, 2014 жыл.

*Бір қазаннан ас ішкен бір атаның балалары түріктер  
жұмыр жердегі адамзат баласының алғашқы тарихымен  
бірге ғұмыр кеішіп келе жатыр. Олардың өмір тіршілігі ұлы  
оқиғаларға, рухани-мәдени сілкіністерге толы.  
(Бабалар өсиеті)*



Ресейдегі Санкт-Петербург Эрмитажында сақтаулы

Тарихи деректерге жүгінсек, қазіргі кең байтақ қазақ жерінде, ерте орта ғасырда (VI - IX ғ.ғ.) алғашқы ірі феодалдық мемлекеттердің бірі - Түрік қағанаты құрылды. Қағанаттың бірінші басшысы – қаған (*хандардың ханы*) жоғарғы билеуші және әскербасы саналды. Алтай тауларының бір шыңы төбесі шошақ бас киімге, қазақша «дулығаға» өте ұқсас еді, ал, дулығаның ежелгі түрікше атауы - «турик» болатынды. Ең маңыздысы түрік тайпалары түрік тілінде сөйлеп, көне түрік жазуымен жазған. 35 - әріптен тұратын көне түрік әліпбиі (*алфавиті*) түрік тайпаларының таңбалары негізінде жасалған «сына жазу» – түріктердің төл жазуы еді. Оның пайда болу мерзімі біздің жыл санауымыздан бұрынғы бірінші мыңжылдықтың ортасына жатады. Бұл кезеңді айғақтайтын түрік жазба мәдениетінің көне ескерткіштері –«Орхон - Енесай», «Құтлығ қаған», «Білге қаған», «Құлы- Шора», «Мойын- Шора», «Күлтегін» (*түркі қағанаты туралы сөз, авторы – Йоллығ тегін, тұңғыш тас кітапқа мемлекеттік трактат жазып қалдырған баба жазушы*), «Тоныкөк» және «Талас» жазулары түріктердің өркениеті мен рухани ой-санасының тамаша көрсеткіші - ренессанстық **«Ояну дәуірі»** деп айтуға әбден болады. Түркілер мәдениетінің рухын, тарихын, тілін, этногенезін, географиясын, әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрін, дүниетанымын айшықтайтын осы көне петроглифтерде салынған мыңдаған суреттер мен таңбалардың бірегейі–көктүріктердің (*жалпы түрік халықтарының жиынтық атауы*) әлемдік деңгейдегі елдік белгісі-көк түсті желек туды бейнеленген Көкбөрінің таңбасы болды, ол - «Бөрілі байрақ» деп аталады. Байрақ бүкіл әскердің, мемлекеттің қасиетті рәмізі саналған. Сыртқы пішімінде, мәнінде ұқсастық болғандықтан, қазіргі түркі тектес халықтар тілінде байрақ, ту, жалау атаулары бір-бірінің синонимі ретінде де қолданыла береді. Байрақ – қан қызыл, қоңыр және сары түстерден құралып, үш түстің әрқайсысы бір-бірінен жол - жол болып бөлінген, байрақтың жоғарғы тұсына, кейбір байрақтың ортадағы жолағы ішіне, бөрі басының бейнесі салынған, байрақтың ұзындығы 1 метрден кем болмаған. Түркілердің өмірінде байрақты көтеру, тігу, қадау, ұстау – үлкен рухани, әскери мәнге ие. Байрақты бейбіт кезде де аса зор құрметпен жеке үйде арнаулы сандықтың ішінде сақтап, тек жау-

гершілікте ғана көтеріп шыққан. Жорықтарда байрақты сақтаушы ретінде беделді сұлтандар мен батырлардың біреуі сайланатын. Байрақтан айырылу - өліммен бірдей еді. Онда әскердің киесі, күші бар деп түсінгендіктен, оның құлауы немесе жоғалуы жеңіліс саналып, жауынгердің жеңіске деген үмітін сөндіріп, жігерін мұқалтып, рухын жойған. Майдан даласындағы барлық қимылдар байрақтың көтеріліп, түсуіне байланысты өрбіген, оның үнемі жел-біреп тұруына күллі әскер мүдделі болған. Сарбаздардың көтерген байрақтарына және найза ұшының тұғырына алтыннан жасалған бөрінің бас суреті міндетті түрде бейнеленетін. «Бөрілі байрақ» біздің уақытымызға дейін ата-баба рухы секілді желеп-жебеуші күш ретінде танылып, қасиеттеліп келгендіктен, көне түркілердің тікелей ұрпағы - қазақ ішінде ұлы жүздің шапырашты руы туының аты және ұраны болып сақталып жетті. XIX – ғ. белгілі қазақ ақыны Сүйінбай Аронұлының «Бөрі басы - ұраным, Бөрілі менің байрағым, Бөрілі байрақ көтерсе, Қозады қай-қайдағым...» деп ата-бабаларымыздың ерлік дәстүрін жырлайтыны да сондықтан. Түркі әлеміне ортақ қазына, ұшан теңіз мол мұра боп саналатын мейірімді Көкбөрімен байланыстырылған этникалық ұғым, бейне – белгілер, және аңыздар мен ертегілер, жырлар, генеалогиялық әфсаналар өте көп. Асылтекті Көкбөрі - түркі мифологиясындағы киелі ұғымдардың бірі, түркі халықтарының тарихи жадындағы қасқырдың жағымды атауы. Көкбөрі анаға қатысты әңгімелер ежелгі үйсін, моңғол аңыздарында, қытай тіліндегі жылнамаларда сақталып қалған. Көкбөрінің тотемдік (*шығу тегі*) рөлінің түркі халықтарының танымындағы орны да ерекше. Олардың сенімдерінде, осынау киелі аңға тотемдік тұрғыдан қастерлі рухымыз, қамқоршымыз деп табынушылықтың өзіндік маңызды мәні де бар. Аңыз бойынша, бір шапқыншылық кезінде жетім қалған жас баланы (*Ашинаны, түркілердің алғашқы көсемі*) қалың шөптің арасына жасырып кеткен екен, ашығып қалған нәрестені Көк Тәңірінің қалауымен, Көкбөрі ана келіп емізіп, түркілердің ұрпағын құтқарып қалған. Сондықтан Ашина өзінің шыққан тегін білдіру үшін сарай қақпасының алдына бөрінің басы бейнеленген байрақ ілген. Бізге жеткен қолжазбаларда: «Ежелгі түркі билеушілері басқа елдің елшілерін осы бөрі басы бейнеленген байраққа

тізе бүгіп, құрмет көрсеткеннен кейін ғана қабылдайтын болған»- деп айтылады. Көкбөрі ана құтқарушы тотем ретінде Оғыз наме жырында, Ергенекон дастанында, татар халқының ақ қасқыр туралы әңгімелерінде көп кездеседі. Қазақтарда бөріге табынудың белгісі – оның қасқыр атын атамауы. Балаға, бәйге аттарға тіл - көз тимеу үшін бөрінің тырнақ, көз, тіл сияқты мүшелерінен кесіп алып, тағып қоятын болған. Тісі де қасиетті саналған. Қазақ халқы қазіргі күнге дейін де, ержүрек, батыл жігіттерді Көкбөріге теңеп, тарихи- әдеби еңбектерде, көркем шығармаларда батылдық пен батырлықтың символы ретінде бейнелейді. Көкбөрі - тұз тағысы, бірақ өте ақылды, аса сақ, қайсар, азулы жыртқыш, күшке көнбейтін өр мінезді еркін даланың батыры. Адам арыстанды да, жолбарысты да, аюды да таяқпен қорқытып, өзіне құл етті де, цирк аренасына шығарды. Ал, бөріні әлі күнге дейін ешкім бағындыра алмай келеді. Ол - айбындылықтың, еркіндік пен тәуелсіздіктің, бостандықтың символы. М. Әуезовте «Көксерек» әңгімесін жазу арқылы бүкіл түркі әлемінде осыны дәлелдеп берген, бөрі мен қазақтың табиғи үндестігі барын астарлап жеткізген. Кешегі ақ империя мен қызыл империядағы орыс шовинизмінің кесірінен, қалыптасқан қағидаларымыздан, ұлттық құндылықтарымыздан айырылып қала жаздадық. Қанша мәрте тағдырдың талқысына түсіп, өмірдің қақпа-соқпа торуыл тосқауылдарынан әбден сұрыпталып, шындалып шықтық. Ғасырлар бойы бодандықтың құрсауынан құтыла алмай жанталасқан қазақ халқы бүгінде азат ел болдық. Ұлт үшін азаттық дегеніміз – өз еңбегінің өзіне бұйырып, өз жүрегіндегіні жасқанбай айта алуы. Бұл салмақты сөздің байыбына бара алсақ, түп–төркінінен тағылым ала алсақ, күн түбіне бес дүркін жортып, «Ұлын –Ұрымға, Қызын- Қырымға» қондырған аталарымыздың жауынгерлік рухына бір табан жақындай түсер едік, бүкіл түркі жұртының күш-қуаты жұмылдырылған ортақ Елтаңбасы - Көкбөрінің таңбасын қайта жарыққа шығаруға күш салар едік. Бір кездері, Көкбөрінің таңбасын көтеріп, дүниенің шартарабын еркін жайлаған ержүрек бабаларымыз сол қуатынан қалай айырылып қалды, қандай қателік жіберді.....?

Тарихқа көз жүгіртсек, ататегіміздің рухын, салт- санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа үмітін, арман- тіле-



гін жеткізетін құнды белгі де, біріктіруші күші де – Көкбөрінің таңбасы болғаны анық. Жер шарының Азия, Африка, Еуропа, Америка сияқты құрлықтарына түгел тараған түркі халықтарының ортақ Елтаңбасы – Көкбөрінің таңбасын қайта жаңғыртса, рухани мәдениетіміздің тегершігі тектес дәстүр–дағдыға енгізсе, бүкіл түркілердің атамекені, тарихи отаны - қарашаңырақтың иесі болып отырған қазақ жеріндегі біз үшін ардақтап, мақтан тұтар, киелі де, құнды жәдігерге айналар еді.

### **Айдын ЫРЫСБЕКҰЛЫ**

«Ақ жол» ҚДП Орталық аппаратының  
идеология бөлімінің директоры  
Алаштанушы



*«Алаш арыстары - М.Әуезов» мұражайындағы «Дөңгелек үстел:  
Алаш ұғымы және Алаш ұлт - азаттық қозғалысы».*



*ШҚО Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығындағы Ашық есік  
күні: «Алаштың ресми құжаттары сыр шертеді....»*

3.	<i>Алаш ұғымы және Алаш ұлт - азаттық қозғалысы. (Дөңгелек үстел).</i>	«Алаш арыстары - М.Әуезов» мұражайы	6.12.2012 ж. сағ - 15.00	Директоры Ж.Әубәкір
4.	<i>Алаштың ресми құжаттары сыр шертеді.... (Ашық есік күні).</i>	«ШҚО Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы» ММ (архив)	7.12.2012 ж. сағ - 15.00	Директоры Г.Қасымова
5.	<i>Алаш автономиясының мемлекеттілігі. (кітап көрмесі).</i>	«Орталықтан-дырылған кітапхана жүйесі» КММ	8.12.2012 ж. сағ - 12.00	Директоры А.Шаймарданова
6.	<i>Алаш идеясы және бүгінгі Қазақстан. (Дөңгелек үстел).</i>	Семейдің мемлекеттік педагогикалық институтының №1 оқу ғимаратының конференция залы	9.12.2012 ж. сағ - 10.00	Ректоры М.Бектемесов
7.	<i>Алаш Орда үкіметінің қазақ тарихындағы алатын орны. (Ашық есік күні).</i>	Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы	10.12.2012ж. сағ - 14.00	Директоры Б.Теміров
8.	<i>«Алаш және Тәуелсіздік». (ақындар айтысы).</i>	Семей қалалық мәдениет үйінің концерт залы	11.12.2012ж. сағ - 11.00	Халықтық ақындар орталығының жетекшісі С.Молдабеков
9.	<i>Патриоттық әндер. (концерт).</i>	Семей қалалық мәдениет үйінің концерт залы	11.12.2012ж. сағ - 15.00	Директоры Н.Иманбаев
10.	<i>«Алаш идеясы қазақтың ұлттық идеясы». (ғылыми - практикалық конференция).</i>	Достық үйінің үлкен акт залы	12.12.2012ж. сағ - 14.00	Қр Халық ағарту ісінің үздігі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент М.Мұхамедиұлы
11.	<i>Алаш арыстарының соңғы тұяғы-Қайым Мұхамедханұлының ескерткішіне тағзым ету. (гүл шоғын қою, ақындар шеруі).</i>	Достық үйінің жаны	12.12.2012ж. сағ - 16.00	«Ақ жол» ҚДП-ның Семей қаласы бойынша үйлестірушісі О.Сәрсенбин
12.	<i>Алаш арыстарының рухына бағыштап «Құран қатым» түсіру, «Ас» беру.</i>	Әнет баба атындағы қос мұнаралы орталық мешіттің қатымханасы	13.12.2012ж. сағ - 12.00	Бас имам Е.Маямеров

**«АЛАШ ИДЕЯСЫ - ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ»**  
*атты ғылыми-тәжірибелік конференцияның бағдарламасы*

**Конференцияның өтетін күні, уақыты:** 12.12.2012 жыл, сағат 14.00. **Өткізілетін орны:** Семей қаласы, Ленин көшесі, 4, Достық үйінің үлкен акт залы.

**Қатысушылар:** Семей қаласының Құрметті азаматтары, зиялы қауым өкілдері, қоғамдық ұйым басшылары, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің магистранттары, студенттері және №38 мектеп-лицейдің мұғалімдері мен оқушылары.

**Мақсаты:** Алаштың 95 жылдығын ұлықтау.

**Жұмыс тәртібі:**

**Баяндамалар** - 7 мин.

**Жарыс сөз** - 3 мин.

**Модератор:** А.Ырысбекұлы «Шығыс Қазақстан облыстық Семей қалалық әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ инспекторы.

**Алаш маршы:** «Арғы атам-Ер Түрік, біз- Қазақ Еліміз!» -орындайтын М.Төлебаев атындағы музыкалық колледжінің хоры.

**Бағдарламада:**

**Құттықтау сөз:** Ақын әрі композитор, Алаштанушы Қ.Нұрқасым.

**Талқылауға ұсынылатын тақырыптар:**

1.«Алаш зиялылары-қазақ ұлтының толқұжаты»(М. Мұхамәдиұлы т.ғ.к. доцент).

2.«Алаш Орда үкіметінің Шығыс бөлімшесінің қызметі» («ШҚО Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы» ММ археографы Л.Қадырова).

3. «Алаш Орда азаттықтың алтын күні» (Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің магистранты Ш.Абдрасулова).

4.«Қазақ газеті және Ахмет Байтұрсынұлы» (Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің магистранты Е.Ахметова)

5.«Алаш қайраткерлері баспасөз беттерінде» (Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің магистранты А.Әдікеева).

6. «Алаш арыстарының тәуелсіз мемлекет құрудағы негізгі ұстанымдары» (Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің магистранты А.Оспанова).

7.«Алаш қозғалысының көсемі - Әлихан Бөкейханұлымен оның жақтастарының ұлттық өндірісті дамыту бағытындағы қызметі» (Н.Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімі, Алаштанушы Е.Шағимолдин).

**Жарыс сөзге шығатындар:**

1. «Алаш арыстары -М.Әуезов» мұражайының аға ғылыми қызметкері- Қ.Ибрагимова;

2. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің студенті -Ұ.Бақытжанұлы;

3. № 38 мектеп- лицейдің мұғалімі—Е.Мурумбаев;

4. «Ақылдастар» қоғамдық бірлестігінің төрағасы – С.Бейсенбаев;

5. «Ақ жол» ҚДП-ның Семей қаласы бойынша үйлестірушісі –О.Сәрсенбин.

**Қ.Нұрқасымның әні:** «Алаш-Семей»-орындайтын ҚР Мәдениет қайраткері Н.Көшеров.

**Ұйымдастыру комитеті**



*Семейдің мемлекеттік педагогикалық институтының №1 оқу ғимаратының қас бетіндегі Алаш ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы- Әлихан Бөкейханның ескерткішіне тағзым!*

## АЛАШ АПТАЛЫҒЫ

Бүкіл қазақ қоғамының көшбастаушысы болған, ұлттық-демократиялық сипатта өрбіген Алаш ұлт-азаттық қозғалысының, Алаш партиясының, Алаш Орда үкіметінің және Алаш автономиясының құрылғанына 95 жыл толуы құрметіне орай, «Ақ жол» ҚДП Семей филиалы мен «Туған қалам - Семейім» ҚҚ және Семей қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі бірлесіп, 2012 жылдың 5-13 желтоқсаны аралығында Қазақстан көлемінде тұңғыш рет «Алаш идеясы - қазақтың ұлттық идеясы» атты «Алаш апталығын» өткізді. Апталықтың соңғы күні - 13 желтоқсанның, тарихта қазақ ұлтының Тәуелсіздік мәселесін қараған II Жалпықазақ съезінің аяқталған, қазақ даласының түкпір-түкпірінен келген съезд делегаттарының тарқаған күні болғандықтан, Алаш арыстарының рухына бағыштап «Құран қатым» түсіріліп, «ас» берілді. (Алаштың көшбасшысы - Ә.Бөкейханнан бастап, Алаш арыстарының соңғы тұяғы - Қ.Мұхамедханұлына дейінгі Алаштың 82 азаматының аты- жөні жеке-жеке аталып отырылды). Апталыққа, Орынбордағы II Жалпықазақ съезінің өткен күндері 5-13 желтоқсанның алынған себебі, болашақта осы екі аралықты республика көлемінде дәстүрлі түрде атап өтілетін - «Алаш апталығына» айналдыру. Осы мақсатпен аталмыш апталықтың төмендегідей үлгі-нұсқасын назарларыңызға ұсынамыз!

### Апталықтың жұмыс жоспары:

№	Іс-шараның атауы	Өткізілетін орны	Өтетін уақыты	Жауапты адамдар
1.	<i>Алаш ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы – Әлихан Бөкейханның ескерткішіне тағзым ету. (гүл шоғын қою, ақындар шеруі).</i>	<i>Семейдің мемлекеттік педагогикалық институтының №1 оқу ғимаратының қас беті</i>	<i>5.12.2012 ж. сағ - 9.00</i>	<i>Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Қ.Нұрқасым.</i>
2.	<i>Алаштың 95 - жылдығын қалай атап өтеміз? (баспасөз-конференциясы).</i>	<i>Достық үйінің кіші акт залы</i>	<i>5.12.2012 ж. сағ - 10.00</i>	<i>«Туған қалам-Семейім!» ҚҚ президенті А.Брысбекұлы.</i>



*Орталық кітапханадағы кітап көрмесі:  
«Алаш автономиясының мемлекеттілігі»*



*Семей педагогикалық институтындағы «Дөңгелек үстел:  
Алаш идеясы және бүгінгі Қазақстан».*



*Қалалық мәдениет сарайындағы ақындар айтысы:  
«Алаш және Тәуелсіздік!».*



*Достық үйінің үлкен акт залында өткізілген ғылыми - тәжірибелік  
конференция: «Алаш идеясы - қазақтың ұлттық идеясы»*





*Достық үйінің жанындағы Алаш арыстарының соңғы тұяғы-  
Қайым Мұхамедханұлының ескерткішіне тағзым !*



*Әнет баба атындағы қос мұнаралы Орталық мешіттің  
қатымханасында: «Алаш арыстарының рухына бағыштап «Құран  
қатым» түсіріп, «Ас» беру рәсімдері»*



**Ырысбекұлы Айдын**  
«Ақ жол» ҚДП Орталық  
аппаратының идеология бөлімінің директоры,  
Алаштанушы

## АЛАШ МАРШЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ОРЫНДАУШЫСЫ – ФАББАС НҰРЫМОВ ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Алаш арысы Міржақып Дулатовтың қызы-Гүлнәр Міржақыпқызы Дулатова Елдес Омаров пен тұңғыш рет Алаш маршын орындаған Ғаббас Нұрымов жайлы «Өмір өткелдері» атты естелік кітабында тебірене жазады. Ғаббас Нұрымов – қазіргі Қостанай облысының Қарабалық өңірінде туып-өскен, Міржақып Дулатовтың үзеңгілес серіктерінің бірі. Гүлнар апай сөз болып отырған Алаш маршы жайында жоғарыдағы кітабында: «Торғайда төңкеріс қызу жүріп жатқан. Әлі есімде, тәтемдер елге келгенде, өлең-жыр ағылатын. Сонда Ғаббас Нұрымов бастап, қалғандары шырқай қостап, мына өлеңді айтып бара жатты: Ол «Арғы атам - ер Түрік, Біз - қазақ еліміз...» - деген жолдардан басталатынды деп тұжырымдайды. Әмбе, Міржақыптың құдай қосқан қосағы Ғайнижамалдың айтуынша, «Ғаббас Нұрымов сәнді киінетін, домбыра мен мандолинді құйқылжыта тартып, ән салатын», сегіз қырлы, бір сырлы өнерпаз жігіт болған екен.



**Солдан оңға қарай:** Ғайнижамал Дулатова, Гүлнар Дулатова, Міржақып Дулатов, Әзен Ақбердина, **Ғаббас Нұрымов**, Мариям Нұрым келіні. Тұрғандар (солдан оңға қарай): Ахметсафа Юсупов, Гүлшаһра Юсупова, Исламбек Ақбердин. Орынбор, 1924 жыл. (Сурет «Шындық шырағы» кітабынан алынған).

## АЛАШ МАРШЫ

### Ғаскер өлеңі

Өлеңі мен әнін жазған: Аймауытұлы Жүсіпбек

Батыл, салмақты (♩ = 110)

Ар- (ы)а-там ер тү-рік Біз қа-зақ е-лі-міз.  
Са-мал тау, шал-қар көл Са-р(ы)ар-қа же-рі-міз.

Арғы атам ер түрік	Ер түрік ежелден
Біз қазақ еліміз!	Оқ тескен етіміз!
Самал тау, шалқар көл	Қаймығып еш жаудан
Сарыарқа жеріміз.	Қайтпаған бетіміз.
Сай сайлап мал айдап,	Жаусын оқ, ақсын қан,
Сайрандап иен жайлап,	Шықсын жан, қорқу жоқ.
Ерке өскен арқаның,	Алаштың жолында
Еркесі серіміз!	Жан қимақ – ниетіміз!

Біз жүрген Алаштың	Біздерге сөз бе екен,
Шын кемеңгеріміз!	Жауыңның көп, азы!?
Егессек ел бермес,	Өлсек хақ шаһитпіз
Еңіреген еріміз.	Өлтірсек біз қазы.
Бұғаудан босаған,	Жол болып жау (хауіп)
Біз долы арыстан.	Сау қайтсақ боламыз,
Долданса болмайтын,	Қазақтың шын ұлы,
Жаңа дәу періміз!	Қаһарман сабазы!

Ат мінсек, жел болып,	Алаштың аруағы
Суылдап шабамыз.	Жебесін, қолдасын!
«Лап!» десек ерленіп,	Ақсақал тілей гөр,
Дуылдап жанамыз.	Сапарды ондасын!
Алаштың ақ туын	Жасаған жар болып,
Қолға алып, ақырып,	Қазақтың еліне
«Алаш!» деп шапқанда,	Жасатсын, сақтасын
Жауға ойран саламыз!	Алаштың ордасын!



**Алашорда әскерінің ұраны:  
«ЖАСАСЫҢ, ОТАННЫҢ АДАЛ ҰЛДАРЫ!»**

## ШҰРАН

Өлеңін жазған: Дулатұлы Міржақып  
Өлеңін жазған: Аймауытұлы Жүсіпбек

Қазағым, қақтықпа, қамалма!

Ел болар қамыңды амалда!

Кетті түн, атып таң, шығып күн

Сал малды, сал жанды аянба!

Мал баққан, жай жатқан ел едік,

Бейнетті көп тартқан ер едік,

Қаны жат, тілі жат, діні жат

Жат елден таяқты жеп едік.

Жатқа жем бай едік, кен едік,

Бағы жоқ биліктен кем едік,

Партия сұрқия, қым-қиғаш,

«Басы аман» көп надан сен едің.

Зарыққан, талыққан шағына

Тап болды бостандық бағына!

Ұйымдас, ұрандас, жағалас!

Сенде мін бабаңның тағына!

Құның жоқ, қорлықта өшіп ең,

Терезең төремен болды тең.

Намыстан, қайраттан қатарға ен,

Басқадан кем болған сенің нең?

Ұраным, қорғаным, сен Алаш!

Жолыңа құрмалдық мал мен бас!

Өнер тап, өрге шап, қару ат,

Аллалап алға бас, ал Алаш!!!

## АЛАШ ГИМНИ

Кер заман

*Өлеңін жазған: Дулатұлы Міржақып  
Әні: халық әні «Заман-ай» әуенінікі*

Кез болған соң кер заман біздің баққа,  
Жау жарағын асырып, міндік атқа.  
Ел бастайтын ерлерге бұл бір зор сын,  
Жаңа талап, жас ұлан, қарап жатпа.  
Заман-ай?

*Қайырмасы:*

Азаматы Алаштың  
Аттанатын күн туды.  
Тұлпар мініп, ту ұстап,  
Баптанатын күн туды.

Ел бастайтын қайдасың, көсемдерім?  
Сөз бастайтын қайдасың, шешендерім?  
Тәуекелге бел байлап, бастап топты  
Тигізбесін жұртқа жау кеселдерін.  
Заман-ай!

*Қайырмасы:*

Бай, қайдасың, ортаға малыңды сал,  
Азды-көпті аямай барыңды сал.  
Жаны тәтті жақсылар, қайдасындар?  
Мұсылманның жолына жаныңды сал.  
Заман-ай!

*Қайырмасы:*

Ел қорғайтын қайдасың, батырларым?  
Өлең, күйдің шебері ақындарым?  
Азаматтың міндеті елді қорғау,  
Төнгелі тұр басыңа күшті толғау.  
Заман-ай!

## АЛАШҚА

*Өлеңін жазған: Дулатұлы Міржақып*

Көкмайса бетегелі жерің қайда?  
Күмістей толқындаған көлің қайда?  
Ың-жың боп жер қайысқан төрт түлікпен,  
Жеңкіліп, көшіп-қонған елің қайда?  
Көтерген ақ киізге ханың қайда?  
Қиғаш қас, бидай өңді ханым қайда?  
Түнерген сыртқа айбынды іргең бүтін,  
Бір кезде басқа қонған бағың қайда?  
Қақ жарған қара қылды биің қайда?  
Ақ орда би түсетін үйің қайда?  
Салтанат Сарыарқада құрған қазақ,  
Толықсып жүрген кеше күнің қайда?  
Шаң жұтқан текежәуміт атың қайда?  
Қалдырмас жауға тастап жақын қайда?  
Ұшқыр ат, тұзу мылтық, болат найза,  
Киінген көк дулыға батыр қайда?  
Қамығып қанға толған жүрек қайда?  
Бүрк еткен бір ауыздан тілек қайда?  
Жаяуға ат, жалаңашқа киім болып,  
Қарасқан нашарыңа көмек қайда?  
Бермейтін ел намысын ерің қайда?  
Сүйенер қысылғанда белің қайда?  
Өйткені айтқаны екі болмайтұғын,  
Асыл зат артық туған бегің қайда?  
Шалдырмас топтан тура шешен қайда?  
Ұлықпен ел бастаған көсем қайда?  
Қазағым, қазақшылық қалпыңменен  
Даңғыл жол сайрап жатқан көшең қайда?  
Кемеңгер дұғалы ауыз кәрі қайда?  
Дертіңе шипа болар дәрі қайда?  
Масайрап кімге сеніп қарысасын,  
Жауап бер, осылардың бәрі қайда?  
Жауап сол: өткен дәурен қайта келмес,



Қаншама өксігенмен тағдыр көнбес.  
Бұл күнгі қарашыл қарт, парашыл би  
Өткендер келгенмен де орын бермес.  
Сөйткенмен, қазақ көшін оңға бастап,  
Жүруді өздігінен тағы білмес.  
Мейлің көн, мейлің, жыла соңғыларға,  
Қайтсын-ай, қамықты-ау деп, көзіне ілмес.  
«Ішкен мас, жеген тоқтың» заманы бұл:  
Ашыққан, ашынғаның түкке жүрмес.  
«Мал құмар, малдың қолы» деген ақын,  
Кім қақса «жемтігінен» соған күндес.  
Алашым, айтқанды алсаң, без бұлардан:  
Еш нәрсе тауып бермес, білгенге ермес.  
Қой бағып қасқыр қашан опа қылған,  
Көре бер өз бетіңмен күніңді өлмес.  
Қайраған қолдан келмес іске әуре боп,  
Қорлыққа, тілімді алсаң, болма кездес!

## АЛАШ ҰРАНЫ

*Өлеңін жазған: Торыайғырұлы Сұлтанмахмұт*

Алаш туы астында,  
Біз - Алаштың баласы.  
Күніміз туып көгерді,  
Сарыарқаның даласы.  
Құрт аурудай жайлаған,  
Құртпаққа бізді ойлаған,  
Қанымызға тоймаған,  
Қолымызды байлаған,  
Ерімізді айдаған,  
Елімізді лайлаған.  
Жерімізді шимайлаған,  
Өшті залым қарасы.  
Жасасын, Алаш, жасасын!

Алаш туы астында,  
Қолдайтын Алаш бабамыз.  
«Туысқандық», «теңдік» деп,  
Туын қолға ап шабамыз.  
Берілгенде тілектер,  
Жарылмай ма жүректер?!  
Заң жасайтын орынға,  
Жұртпен бірге барамыз!  
Қатардан орын аламыз!  
Жасасын, алаш, жасасын!

Алаш туы астында,  
Куә болсын арымыз.  
Көркейтуге Алашты,  
Құрбандық біздің жанымыз!  
Былай тұрсын малымыз,  
Алаш деген ел үшін,  
Сарыарқаның жері үшін,  
Бостандық берген ер үшін.

Төгілсін біздің қанымыз!  
Аялмасын жанымыз!  
Жасасын, Алаш, жасасын!

Алаш туы астында,  
Өлсек бірге өлдік біз.  
Не жақсылық, не қайғы,  
Көрсек бірге көрдік біз!  
Ішкі жанжал таласты,  
Күншілдікпен қарасты,  
Мына жерге көмдік біз!  
Жасасын, Алаш, жасасын!

Алаш туы астында,  
Күн сөнгенше сөнбейміз.  
Енді ешкімнің Алашты,  
Қорлығына бермейміз!  
Адамдықтың жолына,  
Бастаған ерлер соңында,  
Басқаға көңіл бөлмейміз,  
Қандай шайтан келсе де,  
Алдауына көнбейміз.  
Өлер жерден кеттік біз,  
Бұл заманға жеттік біз!  
Жасайды Алаш, өлмейміз!  
Жасасын, Алаш, жасасын

## АЛАШҚА

*Өлеңін жазған: Қарашұлы Ғұмар*

Ау, Алаш, көзінді бүгін ашар күнің!  
Қарманып ілгері аяқ басар күнің!  
Шығарып бір жеңнен қол, бір жерден сөз,  
Адымдап асқар белден асар күнің.  
Теңізім, телегейім – қайран елім,  
Кемерлеп толқын атып, тасар күнің!  
Ақ күміс, қызыл алтын жиғаныңды,  
Құрбан қып осы жолға шашар күнің!  
Терезең теңгеріліп қатар тұрса,  
Осы! - деп сонда жүрек басар күнің.  
Ау, Алаш, заман жайын білеміз бе?  
Құлаққа айтқан сөзді ілеміз бе?  
Заманның ыңғайынша амал қылып,  
Зырлаған желмаяға мінеміз бе?  
Өнерлі, білімдінің қылған ісі  
Майданда мұны байқап көреміз бе?  
Күш қосып, құралданып бас қорғаудың  
Жолына белді буып кіреміз бе?  
Болмаса күнде бір ел қырғын тауып,  
Жылаулап бастан-аяқ жүреміз бе?

## АЛАШ АЗАМАТТАРЫНА

Ақ жүрек азаматтар асқар күнің,  
Дұшпанды алдан байқап жасқар күнің.  
Дұрыстық ел қосында еткен істі,  
Қол соғып, қошеметтеп қостар күнің.  
Күш қосып, қол ұстасып сөз бекітіп,  
Арадан алалықты тастар күнің.  
Адасқан қойдай шулап ерген елді,  
Бұлтармай оң бағытқа бастар күнің.  
Аңқылдақ Алаш ұлы сеніп отыр.  
Орнынан шығып, соны растар күнің!

## АЛАШОРДАҒА

Наушабайұлы Нұржан 1918 жылы «Қазақ» газетіне «Алашордаға» деген өлеңін бастыртады. Бұл өлең тұтас емес, газетте осы үзінді түрінде ғана жарияланған.

«Бірлік қылсаң, Алашым,  
Ілгері қарай басасың.  
Қол ұстасып ұмтылсаң,  
Қатар жұрттан асасың.  
Атағың мәңгі қалдырып,  
Жасасын Алаш, жасасын!».

## АЛАШҚА СӘЛЕМ

*Өлеңін жазған: Мәметұлы Ахмет*

Иіліп сәлем бердім бүгін, алаш,  
Алдағы өзгеріске күтін, алаш.  
Бәйгеге осы қазір қосып тұрмыз,  
Жүйріктей жаратулы жұтын, алаш!

Жасқаншақ, жамандарша саспа, алаш,  
Бұрынғы қорқақтықты таста, алаш,  
Мінеки, бүгін елге ерік болды,  
Сұрай бер керегіңді бастап, алаш!

Жасқанып болмағайсың алаң, алаш,  
Келгенше ұмтыла бер шамаң алаш,  
Осы кез біле білсең өзінде ерік,  
Кеудеде болса азырақ санаң, алаш.

Тайсалма анау патша, мынау төре,  
Жүре бер жолбасшылар артына ере,  
Отанның бір баласы менмін десең,  
Далада тастай алмас көзі көре.

Ал, қазір халық күшті алды, алаш,  
Бұрынғы қыспа таяқ қалды, алаш,  
Құттықтап осы сәлем жаздым сізге,  
Ақ алаш , азат алаш, даңқты алаш!

## АЗАТТЫҚ КҮНІ

*Өлеңін жазған: Дөнентайұлы Сәбит*

Тілекті бүгін хақтың берген күні,  
Кел дария көздің жасын көрген күні,  
Талайдың тіршіліктен қол сермеген,  
Қайғысын тас-талқан қып бөлген күні.  
Жаз шығып, бір сағатта күркіреп күн,  
Тырбандап тайша-торпақ өрген күні.  
Құл болған екі аяқты айуандардың  
Қатарға адам болып енген күні.  
Ғаламға аузын ашқан айдаһардың  
Мерт болып мақсатының өлген күні.  
Ақ деп қан, шаһит деп жаң, өлсек енді,  
Шын басын әлеуметтің берген күні.  
Алланың «азат құлы» екеніңе  
Әркімнің көзі жетіп сенген күні.  
Теңдестік, адамшылдық, құрдастықтың  
Алдына мойынсұнып келген күні,  
Бостандық өмір сүріп, өшсін құлдық,  
Деп жұрттың мойын созып төнген күні.  
Ә, құдай! Ұзағыңнан жаза көр деп,  
Іркіліп көзге жастың келген күні.

## МАЗМҰНЫ

<b>Байдалы Сәбит АЛҒЫ СӨЗІ</b> .....	3
<b>Перуашев Азат</b> 2013 жылдың 13 желтоқсанында Астанада өткен Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының «ХХІ ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» атты Жалпыұлттық байқауының қорытындысын шығаруға арналған ғылыми-практикалық конференциясының ашылуындағы алғы сөзі .....	9
<b>Қамзабекұлы Диқан</b> АЛАШ ЖОЛЫ – МӘНГІ ЕЛДІҢ МАҢЫЗДЫ ЖОЛЫ .....	14
<b>«ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ</b> .....	21
<b>1-ші номинация: «АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРЫЛЫСЫНА ЖӘНЕ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА КӨЗҚАРАСЫ, ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ӨЗЕКТІЛІГІ»</b> .....	22
<b>«ВЗГЛЯДЫ ДЕЯТЕЛЕЙ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ НА ГОСУДАРСТВЕННОЕ СТРОИТЕЛЬСТВО И ДЕМОКРАТИЧЕСКИЕ ЦЕННОСТИ. ИХ АКТУАЛЬНОСТЬ ДЛЯ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА»</b> .....	22
<b>Қыдыралина Жанна</b> ОТ АЛАШ ОРДЫ К НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА: ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ИДЕЙ.....	23
<b>Дукенбаева Зада</b>	
<b>Талғатбек Манаш</b> ХХІ - ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ .....	37
<b>2-ші номинация:«АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ. ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ӨЗЕКТІЛІГІ»</b> .....	55
<b>Қайымов Мұқағали</b> АЛАШТЫҢ МҰРАТЫ .....	56
<b>Әлімжанова Арайлым</b> АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕ КӨТЕРГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....	65
<b>3-ші номинация: «АЛАШ» КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢҒЫРУЫ. ЕУРОПАЛЫҚ ЖОЛМЕН ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ӨЗЕКТІЛІГІ</b> .....	77
<b>Шаяхмет Ақылбек</b> ЕЛІМ ДЕП ЕҢІРЕП ӨТКЕН .....	78
<b>Елікбаев Көшкінбай</b> АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ КӨРЕГЕНДІГІ .....	92
<b>Базылбеков Маралбек</b> БІЗГЕ ҚҰМЫРСҚАША ӨРЕКЕТ ЕТУ КЕРЕК .....	104
<b>4-ші номинация: БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН ҮЗДІК ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР</b> .....	113
<b>Кенемолдин Мұратбек</b> АРХИВТЕН АЛЫНҒАН АЙҒАҚТАР: «ТУРАҒҰЛ АБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ АЛАШОРДА ҮКІМЕТІ», «БИЯШ ДЕП ЕЛІ ЕРКЕЛЕТКЕН», «АЛАШТЫҢ АХМЕТЖАНЫ» .....	114
<b>Әнес Ғарифолла</b>	
<b>Сейтімұлы Әбілхан</b> ХАЛЕЛ ТҮҒЫРЫ .....	145



«XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫНДА ЖҮЛДЕГЕ ІЛІНБЕГЕНІМЕН, НАЗАР АУДАРУҒА ТҰРАРЛЫҚ МАҚАЛАЛАР ТОПТАМАСЫ.....	151
<b>Сұлтанов Өмірзақ</b> ЭКОНОМИКАДАҒЫ ҰЛТ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ Ә.БӨКЕЙХАН ЕҢБЕКТЕРІНДЕ .....	152
<b>Совет Аяулым</b> ҚЫР БАЛАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ҚАҢҒЫП ҚАЛМАСҚА ҚЫЛҒАН ҚЫРУАР ҚЫЗМЕТІ .....	164
БАЙҚАУДЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ РӘСІМІ.....	169
<b>НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!!!</b> «XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ»ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫ .....	176
<b>ВНИМАНИЕ!!!</b> ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНЫЙ КОНКУРС «XXI - ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ» (Светлый путь Алаша в XXI-ом веке).....	179
«АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ХІ СЪЕЗІНДЕГІ АЛАШ ТАҚЫРЫБЫ (13 желтоқсан 2013 жыл).....	181
ҚР МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРЫН ТАПСЫРУ ТУРАЛЫ ХАТТАМА.....	182
<b>Иса Қазыбек</b> ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ ЖОЛЫНДАҒЫ ІСТЕРІМІЗДІ АРТТЫРУ ҚАЖЕТ .....	186
<b>Байдалы Сәбит</b> АЛАШ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ БІРІ – ҚАЗАҚ ЕЛІН ЕУРОПА ЖОЛЫМЕН ЖАҢҒЫRTУ БОЛҒАН .....	191
АЛАШ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ.....	195
<b>Перуашев Азат</b> АЛАШТЫҢ БИІК РУХЫ.....	196
«ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН: МАРКСИЗМНЕН ҰЛТТЫҚ АЛАШ ИДЕЯСЫНА ДЕЙІНГІ ЭВОЛЮЦИЈАЛЫҚ ЖОЛ» АТТЫ КОНФЕРЕНЦИЯДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМАЛАР .....	201
<b>Байдалы Сәбит</b> ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ .....	202
<b>Жүсіп Сұлтанхан</b> АЛИХАН БУКЕЙХАН: ДАЙТЕ ЖИТЬ НАРОДАМ НЕ ПО МАРКСУ, А ТАК. КАК ОНИ ЗАХОТЯТ! .....	207
<b>Дулатбеков Нұрлан</b> БІЛІМПАЗ Ә.БӨКЕЙХАН ХАҚЫНДА .....	226
<b>Қабылдинов Зиябек</b> АЛИХАН БУКЕЙХАН КАК ИССЛЕДОВАТЕЛЬ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА .....	235
<b>Ырысбекұлы Айдын</b> АСТАНАДАҒЫ ШАРА АЛАШ КӨСЕМІНЕ АРНАЛДЫ.....	240
<b>Ырысбекұлы Айдын</b> ТІЛ ҚАЙТСЕ ТҰҒЫРЛЫ БОЛАДЫ?.....	250
<b>Байдалы Сәбит</b> ТІЛ -МӘҢГІЛІК ТҰҒЫРЫ .....	256
<b>Сейхунн Қазыбек</b> ЕРЕЙМЕНТАУДАҒЫ ЕРЕКШЕ ШАРА .....	261

<b>Ырысбекұлы Айдын САПАР ЖАЙЛЫ ҮЗІК СЫР</b> .....	263
<b>АҚЖОЛДЫҢ ОЛЖАЛАРЫМЕН ЖАҢА ЖОБАЛАРЫ</b> .....	273
<b>Ырысбекұлы Айдын АЛАШ ПЬЕСАСЫ - «МҰРАТ ҮШІН МАЙДАН»</b> .....	274
<b>Байдалы Сәбит «МЕН ДЕ АМАН КЕЛЕРМІН.....»</b> .....	292
<b>Иса Қазыбек «МЕН ДЕ АМАН КЕЛЕРМІН.....»</b> .....	302
<b>Байдалы Сәбит НЕСЛОМЛЕННЫЙ</b> .....	304
<b>Әкімжанов Зейнолла СҮҢҚАР</b> .....	313
<b>Ырысбекұлы Айдын АЛАШТЫҢ ҚҰНЫН ҚАЛАЙ ҚАЙТАРАМЫЗ?</b> .....	315
<b>Ырысбекұлы Айдын АЛАШ ТАҒЫЛЫМДАРЫ</b> .....	322
<b>Жүсіп Сұлтанхан СОБИРАТЕЛЬ КАЗАХСКИХ ЗЕМЕЛЬ</b> .....	323
<b>Шәріп Амантай ТАР МЕЗГІЛДІҢ ТАРПАҢ ТҮЛФАСЫ</b> .....	365
<b>Қамзабекұлы Діқан А.БАЙТҰРСЫНУЛЫ: ҚАЛАМ ҚУАТЫ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК</b> .....	379
<b>Сартқожаұлы Қаржаубай АЛАШ АТАУЫ ХАҚЫНДА</b> .....	384
<b>Әбсадықов Алмасбек АЛАШ ҰРАНЫ ЖӘНЕ БӨРІ ТОТЕМІ</b> .....	400
<b>Ырысбекұлы Айдын КӨКБӨРІНІҢ ТАҢБАСЫ</b> .....	410
<b>Ырысбекұлы Айдын АЛАШ АПТАЛЫҒЫ</b> .....	415
<b>Міржакыпқызы Гүлнар</b> ( <i>Өмірбаяндық естеліктері</i> ) <b>АЛАШ МАРШЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ОРЫНДАУШЫСЫ – ҒАББАС НҰРЫМОВ ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ</b> .....	424
<b>Аймауытұлы Жүсіпбек АЛАШ МАРШЫ-«АРҒЫ АТАМ – ЕР ТҮРІК, БІЗ – ҚАЗАҚ ЕЛІМІЗ!»</b> .....	425
<b>Аймауытұлы Жүсіпбек ҰРАН</b> .....	427
<b>Дулатұлы Міржакып АЛАШ ГИМНІ</b> .....	428
<b>Дулатұлы Міржакып АЛАШҚА</b> .....	429
<b>Торыайғырұлы Сұлтанмахмұт АЛАШ ҰРАНЫ</b> .....	431
<b>Қарашұлы Ғұмар АЛАШҚА</b> .....	433
<b>Қарашұлы Ғұмар АЛАШ АЗАМАТТАРЫНА</b> .....	433
<b>Наушабайұлы Нұржан АЛАШОРДАҒА</b> .....	434
<b>Мәметұлы Ахмет АЛАШҚА СӘЛЕМ</b> .....	435
<b>Дөнентайұлы Сәбит АЗАТТЫҚ КҮНІ</b> .....	436

## **XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ**

**Техникалық редакторы: Асылхан Қожахметов**  
**Дизайнері: Ерлан Әмірбеков**  
**Компьютерде беттеген: Ақиқат Ақылова**

Басуға 27.10.2014 ж. Пішімі 60×84<sup>1/16</sup>.  
Баспа табағы 27,25. Шартты баспа табағы 25,34.  
Есептік баспа табағы 20,71. Офсеттік басылым.  
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс №3/145-14.

«Экономика» Баспасы» ЖШС  
050063, Алматы қаласы, Сайын көшесі, 81-үй.

ISBN 978-601-225-675-8



9 786012 256758



FNFR<XPH+ISCYETBMQIFNFR<X

FNFR<XPH+ISCYETBMQIFNFR<X